



Казақтың 100 романы

1 2010  
27 411к

Зейін ШАШКИН

ДОКТОР  
ДАРХАНОВ







1 2010/24466 к

Қазақтың **100** романы

**Зейін ШАШКИН**

**ДОКТОР  
ДАРХАНОВ**



ИЗДАТЕЛЬСТВО Алматы  
**ӨНЕР** 2010  
БАСПАСЫ

УДК 821.512  
ББК 84 Қаз 7-44  
Ш 32

*Казақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шыгарылды*

*Жобаның жетекшісі  
ҚР ҰҒА академигі*

**Рымғали Нұрғали**

**Редакциялық алқа:**

Әлібек Аскаров	Гүлжан Мұзафарова
Төлең Әбдік	(жсауапты редактор)
Рахманқұл Бердібаев	Есенғали Раушанов
Аскар Жұмағалиев	Әкім Тарази
Әшірбек Көпішев	Ербол Шаймерден
Мұхтар Құл-Мұхаммед	Берік Шаханов

**Шашкин З.**

**Ш 32 Доктор Дарханов: Роман.** — Алматы, “Өнер”,  
2010. — 336 бет. — “Қазақтың 100 романы” сериясы.

ISBN 978-601-209-127-4

ХХ ғасырдың скінші жартысындағы қазак прозасының көрнекті бір оқілі — Зейін Шашкиннің кезендік әрі дәрігерлер өмірі туралы туғызын роман ретінде орынды бағаланған осы туындысы қазак әдебиетіндегі “хрущевтік жылымықтан” кейін іле-шала дүниеге келген шығармалар көшін бастаған еді. Өзі де ұзак жылдар бойы сталиндік жазалашу лагерінде азап шеккен автор аталмыш романында сол заман ақыратын доктор Дарханов бейнесі арқылы береді.

УДК 821.512  
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-209-127-4

© “Өнер”, 2010

## **ӨМІРЛІК ШЫҒАРМА ӨЗЕГІ**

Зейін Шашкин прозасының үздік табысы интеллигентия өкілдерінің образын жасауында, әсіресе дәрігерлер өмірін білгірлікпен суреттеуінде екенін мойында маска лаж жоқ. Қазақ әдебиетінде дәрігерлер өмірін жан-жакты тереңдеп, зор білгірлікпен, шеберлікпен суреттеу жөнінде З.Шашкинмен иყқасар жазушы әзірге болмағанын атап айту ләзім. Бұл тұрғыдан алғанда, З.Шашкинді орыс әдебиетіндегі А.П.Чеховқа ғана ұқсатуға болады.

Дәрігердің міндеті — ауруды емдеу ғана емес, ауруды болдырмауға қамқорлық жасау, кайткенде халық денсаулығын жақсарта түсуге күш салу, дәрігер өз ісінің білікті маманы болып қана коймай, ар-ожданы таза, адамгершілік қасиеті зор азamat болуға тиіс дейтін идеялар З.Шашкин шығармаларының өзегі болып табылады.

З.Шашкин әйгілі «Доктор Дарханов» романында ғана емес, басқа да үлкенді-кішілі бірсызыра шығармаларында, хикаяттары мен әңгімелерінде, пьесаларында, макалаларында дәрігерлер өміріне жиі қайырылады.

З.Шашкиннің «Доктор Дарханов» романындағы Нияз, «Сенім» романындағы Айжан, «Темірқазық» повесіндегі Райхан, «Дәрігер қатесі» әңгімесіндегі Алма тұлғалары — жазушының қазақ әдебиетіндегі дәрігерлер образын жасау жөніндегі елеулі табыстары.

Шашкиннің «Доктор Дарханов» романы — мазмұны жөнінде ғана емес, жазылу формасы жағынан да казақ әдебиетінде оқшау туынды. Оқшау болатын себебі ол қазақ әдебиетінің тарихында дәрігерлер өміріне арналған тұнтыш роман еді. Алайда бұл тек дәрігерлер өмірі жайын-

дағы шығарма емес, шындығына келгенде, ол — қазіргі заман тақырыбын қозғайтын, бүгінгі замандастар өмірінің алуан салаларын қамтитын кең тынысты шығарма. Географиялық жағынан алғанда, оқиға Көкшетау облысындағы «Бармашы» санаторийінде болады. Бірақ роман арнасы санаторий өмірімен ғана шектелмейді, сол өнірде жапсарлас жатқан колхозды ауыл алкабына да шығады, бірде Павлодар өніріне, бірде Москваға, бірде Қырымға, енді бірде Алматыға апарады. Окушы роман кейіпкерлерімен бірге аталған жерлердің тіршілік тынысынан хабар алып қана коймайды, сол өнірлердің табиғат ерекшеліктерімен де танысады.

Жазушы бұл шығармасына дәрігерлер өмірін арқау етіп ала отырып, өміріміздің алуан-алуан салаларына үңіледі, біrsызыра көкейтесті проблемаларын қозғайды. Фылым-білімді насиҳаттау, адамдар санасындағы және тұрмыстағы ескілік қалдықтарына қарсы курес, жаңа, озық дәстүрлерді тарату жөнінде итеплигенцияның рөлі, дәрігердің қоғам алдындағы парызы, басшы қызметкердің адамдар арасында дұрыс қарым-қатынасы, өзара сенім, достық, коллектившілдік рухын қалыптастырудагы жетекшілік өнегесі, әйелге көзкарасы, әйелдің семьядағы орны және басқа да көптеген мәселелер «Доктор Дарханов» романының өзекті идеялық арқауы болып табылады.

Романның басты қаһарманы — дәрігер Нияз Дарханов. Барлық оқиға сол Дарханов төңірегінде құрылған. Ол Бұрабайдағы «Бармашы» санаторийінде дәрігер болып қызмет істейді.

Романның басты жетістігі дәрігерлердің қын да күрделі қызметінің шынайы картиналарын жасай білгенінде. Жазушы дәрігерді көп жағдайларда жұмыс үстінде, іс үстінде, толғаныс-тебіреніс, тайталас-тартыс аясында көрсетеді.

**Сапар БАЙЖАНОВ.**

# РОМАЖ

## БІРІНШІ БӨЛІМ

Доктор Дарханов Шортанды көлінің жиегінде ойға шомып, ұзак уақыт отырып қалғанын байқамады. Құн батқалы қашан... Міне, ымырт та жабылды. Тұп-тұнық айна көл, келді қапсыра құшаққа алған көкшіл тау, мұлгіген жасыл орман — бірі көзіне ілінбеді.

Күлше жілтің ұшынан андаусызда тартып қалсан, таркатаула бермей ме, сол сияқты санаторийге емделуге келген аққұба қызды бұрын қайда кездестіргенін есіне түсірем деп. Дарханов өткен өмірінің қызықты да сәнді шағын, «әттеген-ай» дегізген өкініш-арманды кезендерін біртіндеп көз алдынан өткеріп отыр.

...Қайда көрдім? Мөлдіреген осы бір бота көз таныс се-кілді, шырамытам. Қайда көрдім? Адам зейіні көзіне көрінген-ді басып алатын фотография немесе естігенін жазып алатын магнитофон неге болмады еken? Міне, енді қай жерде көргенін есіне түсіре алмай әлек. Ап-айқын жақындалап кеп, бірде сағымдай қайта алыстайды.

Осынау талдырмаш, жұқа өнді аққұба қыз менің өмірімде жалт етіл көрініп, ағып түскен жүлдyz болар ма, тегі. Әлденеге асыға аландалап, не бірдемеге қысылып жүргендे көзіме түсіп, назар аудара алмадым ба, кім білсін... Жоқ, әлде осы қызың қос жанары менің бұрынғы әйелімнің көзіне келіңкірей ме... «Қарасайшы маған» деп мөлтілдеп түрған сияқты емес пе.

«Әй, Нияз-ай, осы сен алжып, аузыңа келгенді айтатын болғансың ба деймін... Ол әйелдің көзіне карай-қарай тапкан «махаббатың» не қүйге ұшырады, білесің бе».

Бұл — кекетіп, қарсы дау айтып отырған ішкі әзәзілім. Кейде оған да құлақ қойып, санааспасаң болмайтын көрінеді.

Канша дегенмен, ішкі ой-сырды салмақтап өлшеп отыратын таразы да сол. Шынында, жаңағы ішкі әзәйлдің кекесіні тегін емес, мәні бар: ол әйел мені тастап кеткен. Бұрын ауылда еркекті әйел тастаса, қорлық көріп, бүкіл ел намысқа қызып, қайтсе де кетірмеу әрекетін жасайтын. Біздің заманда, қайта, әйел кетсе, қуанатындар да аз емес. «Нелер сұлу әйелдер ерсіз бос жүр, бірі болмаса, бірі дайын, ертең-ақ төсек жаңғыртам» деги ойлайды. Әйтсе де, мешкей деген жақсы атақ па... Сол әйелдің мені неге тастап кеткеніне түсінбеймін де, таңқалам. Есіме түссе, ұзак түн сарыла жауап іздеп, дөңбекшіп жатып алам. Бұл — жүректегі бітпейтін шиедей жара. Кейде бетін тырналап, қанын да ағызып қоям. Қаншама ұмытайын десем де, елеусіз бір нәрседен ойыма сақ ете түседі. Содан кейін жер лирмен сиякты айнала береді, айнала береді. Дәл қазір соны еске алушың қажеті жоқ-ақ еді, жаңағы бота көз қыз себеп болғандай. Өзіме өзім дәрігер көзімен қарасам, ауруға ұшыраған тәріздімін. Бұл менің соныма түсіп алған ой, біреуді аңдып жүрген тыншыдай, басқан қадамынды бақылайды. Ұқастау бір ой кеп қалса, оны өзіне тартып, жетегіне ала кояды. Атакты Павлов мұны доминанто деп атайды: магнит тектес күшті ой басқа әлсіз ойларды өзіне қарай икемдеп алатын көрінеді.

Әлгі орыс мәтелі айтпакшы, «Лиха беда начало»<sup>1</sup> деп, енді бір басталғасын, несіне күйбектей тартынам, мұны да ортага сала кетейін. Кім біледі, осы бір таныс көзді сол бір күндері кездестірген шығармын.

Мен дәрігермін. Алматының медицина институтын соғыс аяқталған жылы бітірsem де, Қыыр Шығыста солдаттардың арасында дәрігер бол әскери міндетімді атқардым. Одан 1949 жылы оралып, өзімнің туған қалам Павлодарға келіп, емханада күлак-көмекей-мұрын ауруларын емдейтін дәрігер болып істедім. Келесі жылы үйленіп ем, бір жыл өткен соң, ол әйел мені тастап, баска бір жігітке тиіп кетті. Мен де сол жылдары Павлодардан Бурабайға ауыстым. Қазір де сол Бурабайда дәрігермін. Анкета толтырғанда мен осылай жазам. Сырт қараған адамға кәдімгі бүгінгі өз замандастарымның өмір тарихы. Ешқандай айырмасы жок.

<sup>1</sup> Басталуы-ак мұн.

Анкетада адам тағдыры баяндалмайды. Әдettte, анкетаға қарап, бастық:

«Әскерде болған... Павлодарда емханада істеген... шет елге қашқан жоқ, таза адам» деп тастай береді. Ал сол жылдардың менің өміріме салған дағы — тыртық біткен жарасы өзіме ғана мәлім. Жасынан ата-ананың тәрбиесін көргендер ой-пікірін темір қанаттандырып, қабыргасы қатып, бұғанасты бекіп, тал-түйнақтай боп ашады өмір есігін. Ал енді біреулер киннен-қаперсіз кіріп барады да, қайсысына жармасарын білмей, есі кетеді: қатеден қате туып, сәтсіздікке ұшырайды. Салғаннан өмір шоктығынан ұстаудың орнына, үзенгісіне жабысып, дірдек қағып, таңы айрылғанша жүгіреді... Баланы өмірге әзірлеу — ата-анаға парыз. Құс екеш құс та балапаның ұядан қияға ұшырып үйретеді. Жастай еңбекке баулу, ақыл айту, өмірдің тар жол, тайғақ кешеүінде жасымай, кайрат шегу — бәрі де ата-анаға байланысты екенін қайсы біріміз кейінірек білдік.

Менің әкем Ертіс пароходствосынын жүк таситын жұмыскері еді. Революцияның алғашкы жылдары коммунист партиясына мүше болды да, кешегі өзіне корлық көрсеткен байлармен айқасып шыға келді. Төменнен көтерілді. Өсті. Округтің партия комитетінде істеп жүргенде бай-құлактардың қолынан қаза тапты. Мен ол кезде он жасар бала едім. Осы күнге дейін жадымда сақтап қалғаным — әкеммен акырғы қоштасқан түнім...

...Терезені біреу тарсылдатып ұрып жатыр екен, шошып ояндым. Шешем бұйығы, салмақты адам болатын, көйлегін киіп, щәлісін жамылғанша «кімсін» деп сұрамады. Шешемнің орнына мен айғай салдым:

— Бұ кім, әй?

Әкемнің елде командировкада жүргені есімде. Бірақ о кісі бұлай еліре терезе қақпайтын.

Мен де сұрап үлгіредім, ар жағынан жуан дауыс:

— Аш, тезірек, аш!.. Дархан жарапанды!.. — деді. Койлекшең қалай жүгіріп шықканымды білмеймін, сақылдаған қантардың аязына қарамастан, қақпаны ашып жіберсем. шананың үстінде сұлап біреу жатыр. Әкем екенін қалың кара мұртынан таныдым. Шынғырып бассалдым.

Қасындағы екі жігіт үйге алып кірді. Басын таңып тас-

таған, аумаган жаулық киген әйел сиякты. Ерні кезерген, көзің үніретіп батып кеткен. Бізбен тек қоштасуға ғана әлі келді.

«Жаным балам, — деді маған мұнды қозін аударып, — ата жолын күшпі, партияға түс... Коммунист болсан, бақыттысың!» — Осы сөзді айтуға ғана шамасы келді, іле жантәсілім берді. Шешем екеуіміз сорлап, жетім боп қала бердік.

Әкемнің қалай жараланғанын бертін келе шешемнен естідім: түнде ұйықтап жатқан жерінде кулактар келіп үстінен басады, жиырма бес пүттүү ииғына салғанда қаңбақ құрлы көрмейтін жұмыскер, онай қолға түспеген сиякты. Олардың бір-екеуін ұрып жығады. Ақыры бес-алтауы жабылып пышактап жатқан жерінен селоның коммунистері біліп қап, айырып алады.

Мен институтка түскен жылы шешем қайтыс болды. Сөйтіп, жетім өстім. Шешемнің тірі кезінде елдегі туыстары келіп-кетіп жүруші еді, кейінгі жылдары олар да қатынаспай койды.

«Өмір деген осындай: ашық жатқан қора емес, қуыс-қалтарысы көп, шым-шытырық күмбезді сарай, аяғынды байқап бас, адасып кетіп журме!» деп не әкемнен, не шешемнен ести алмадым. Өмірге жолдама алмай, даландап бейқам кіріп бармасым бар ма!

Маған жұрттын бәрі дос, бәрі жақсы көрінді. Құшакты аша, жүрегімді ұсына, «ой, бауырымдап!» анқылдап қарсы алдым. Эйтсе де жас кездегі бейқамдық, салдыры-салактық әсерін тигізбей коймады. Аздан сон-ак сүріне бастадым. Кейде сүрініп мұрным қанап, кейде басымнан мәүти алдырып, өз сыбағамнан құр қала бердім. Студент күнде кім болса да анғырт, бейқам келеді ғой, ған мән берген мен жок, шұқшия оқып, алдыңғы қатарда бітірдім. Кей студенттей қыздарға көз сап, сауық кешіне көбірек барып, емтихан кезінде ғана колына кітап алатын әдет менде болған емес. Арымды сақтап, ынта-жігерімді жұмсал бактым: ертеден-кеш адам мүшелелерінің латынша аттарын, аурулардың диагнозын, дәрі-дәрмектің дозасын жаттаумен болдым. Одан қалған уақытымды театрға, киноға арнап, көркем өнермен әуестендім.

Медицинаның салалары көп. Соның ішінде аса зер салып, қызыға шұғылданғаным: адамның көзге ілінбейтін қауіпті

жауы — микроб болатын. Менің «микробпен» әуестеніп жүргенімді микробиологияның профессоры аңғарып қалса керек:

— Е, жігітім, сені өз қасыма алам, институтта қалдырам!  
— деп уәде беріп, мені іш тартып жүретінді. Оқу бітіп, студенттерді дәл бөлер кезде, ол кісі командировкаға кетіп, мені әскерге алып қойды.

Институтты орташалау бітірген біреу менің орныма қалды. «Тамыр-таныс» дегеннің «күшін» сонда бірінші рет сезініп, ренжігенім бар. Одан кейін іле тағы да бір сүрініп, өмірден таяқ жедім: әскерде бас дәрігер мені ларинголог боласың деп бұйрық берді. Медицина мамандығының ішінде ең жек көріп, ұнатпайтыным осы құлақ-мұрын аурулары еді. Сонымды біліп, тағдыр әдейі келемеж еткендей. Эрине, сырт кісіге мұның бәрі адамның өсу жолындағы қайшылықтары, өмірдің ұсақ-түйегі сияқты. Бірақ менің алған бақытты турға тарткан даңғыл жолға ұқсамады. Бұлтарысы көп, ирек-ирек соқпакқа айналғанда бастады. Орыс тілінде «Родился в сороках», киімшеш туды деген мәтел бар. Бұлай деп өмірден өзінін орнын салғаннан тауып, жанаса кеткен бақытты адамды айтады. Мен анамнан ондай киімшеш туған көрінбеймін. Торғайдай өзі келіп алақаныма конған бақыттан көрер көзге айрылып қалдым. Әскерде жүргенде маған: «Партияға енбейсің бе?» деп офицер достарым талай айтты. Бірақ соған батылым жетпеді. Коммунист ең акжүрек, адал, батыл да іскер, адамгершіліктің, ар-намыстың ең биік дәрежесінде тұрған таза жан деп ұғам. Жұртты білмеймін, әкемнің өзіме өмір бойына сіңірген ұғымы осылай, сондыктан да мен ете жауапты қарап, аттың жалы, түйенін комында шеше алмадым. «Маған әлі ерте» деген түйінге келдім. Әкемнің өсіетін орындауға мүмкіншілік туса да, «Ленин партиясына түсуге тап-түйінактай даярмын» деп айтуға аузым бармады.

Сөйтіп, мен ойда-жоқта ларинголог болып, табаны күректей төрт жыл істедім де, әскерден қайткан соң Павлодарға келіп, емханада сол мамандықпен қызметке орналастым: эрине. бұл кезде ларингологияға бойымды үйретіп, менгеріп алғам. енді баяғы олқы көніл жок, қайта бұдан қызық та артық мамандық таба алмайтын секілдімін.

Терапиядан гөрі мұның бір артық ерекшелігі — бәрі коз алдында, көзбен көріп отырып диагноз коясын, эрине, салған-

нан кандай ауру екенін таба алмай қалатын кезің де болып отырады. Әйтсе де дәл терапевт сияқты «қолмен сипалап, құлакпен тындал» және науқас адамның өзінен сұрастырып барып не ауру екенін айтудан аулақсың...

Жә, осы бір қарақат көз студент күнімде, не әскерде жүргенде кездеспеген тәрізді. Ендеше, осымен ойымды бір түйіп тастап, енді Павлодардағы өміріме көшейін. Өйткені менің басыма «қара бұлттың» төңген жылдары да, қайғы-қасіретке душар боп, шытырман оқиғаны басымнан кешіруім де сол қалада басталған-ды. Сол бір күндері, мүмкін, оны елемей өте шықтым ба?

Павлодар — менің туған қалам. Бала шағым, сәби күндерім осы қалада өтті. Сондыктан да мен оны жан-жүрегіммен жақсы да көрем, қадірлеймін. Менің жас шағымда қазақтар оны Кереку деп атایтын. Баянауыл, Ерейментау маңындағы қыр қазақтары қала шығып, керек-жарагын тауып алатындықтан Кереку деп атایтын болар деп топшылаушы ем, бертін келе байқасам: олай емес, Коряков деген біреу кеп алғаш Ертіс жиегіне үй салған екен де, сол адамның атымен аталған көрінеді. Бірінші басқыш мектепті мен сол Коряков атындағы мектепте бітірдім. Ол Ертіс жиегіне салынған әдемі ақ тас үй еді.

Қаланың тұрған жері дөнес, жарқабақ, өзеннің арғы жақ жиегі ойпаң да тоғай. Жазда қайықка мініп арғы бетке өтіп, қалаға көз салсаң: көк жібек мұнараға оранған екі-үш қабат ақ тас үйлер, мешіттің мұнарасы, шіркеудің күмбезі қиялынмен жарысып, ертедегі жұмбақ сарайға ұксайды. Әсіресе қала коркі пристань болатын. Аппак пароходтар аккудай жүзіп кеп пристаньға токтағанда, бөтен бір ел көшіп келгендей, бұрын көрмеген әлем дүниесін сезінесін. Бірі келіп, бірі кетіп жатқан сан-сапалак жолаушылар, телеграф сымына қаз-қатар конған құстай палубада катарласа тұрып, тамашалай қараған матростар — бәрі сәнді де қызықты. Бүкіл қала жастары да сонда жиналып, әзіл-күлкі, ән-гармонь, дырду-думанды шегіне жеткізе шарықтатып, пароходты шығарып салады.

Қала көшелері оқтай тұзу — бір жақ шетінен қарағанда екінші жағында келе жатқан адам көзге түсетін. Жаңағы топ сай-сайдан құйған қөктемегі судай осы бір көшелермен ағылыш тарап жатады...

Павлодарға жазды күні июнь айында келдім, қаланың си бір жақсы шағы екен: күн жылы, қызыл бораны, аңызак желі басылған, ауасы тап-таза. Трамвай, автобустардың айғайшы естілмейді, жаның ракат тауып, тыныштық нервінің емдәрісіне айналғандай. Азанда қызметке барам, қайтып кеп кітап оқымын, інірде кешке қыдырам. Тұні бойы тұяқ серіппей ұйықтаймын. Жаным жадырап, сая тапқандай.

Күндер зымырап өтіп жатты. Қалаға үйрендім. Пәтер алдым. Емханада өзіммен бірге істейтін дәрігер жолдасымды жоғарылатып, Алматыға қызметке шакырды да, ол үйін маған тастап кетті.

Қаланың қақ ортасында — екі этажды көк үй, бірінші этажы жартылай жер астында. Осы үйдің сол жақ қанаты маған тиді. Ұрпактарына арнап бір татар саудагері салдырған үй екен, бір жерінің сыры кетіп бұлінбекен, сол қалпы. Әрине, талай жөндеп, сырлап-сылаған да болар, бірақ пәтерге тұрушуылар қандай ұқыпты десенші! Есіктен кіргенде: кен дәліз бар, одан өтіп, онға бұрылсан, бірінші бөлме — қонақ үй де, сол жақтағы екінші бөлме — жатар үй; сатымен түскенде төменде ас пісіретін, қонақ жокта ас іше салуға жарайтын тағы бір кен бөлме бар. Ойда-жокта кездескен бұл пәтерді сәті түскен іс деп ұқтым. «Е, бақыт енді оралайын деген-ау. Көп жылдар маңына дарытпай, желкесін көрсетіп аулактау жүруші еді» деп түйдім іштей.

Ендігі уайымым — сол пәтердің ішіне керекті бұйым жинау. Үй саңғырап бос тұр; ен акыры астымда кереуетім де жок.

«Үй керек, нәрсе керек» деген бұрын өнім түгіл, түсіме де кірді дейсін бе, салдыр-салак, өмір ағымымен жүре беріппін: дәл сол үйді алғанға дейін менің кажетім «білім» болды да, бойыма соны жинадым, менің байлығым да, табысым да сол еді; оки бердім, оки бердім. Миымда қалғаны қалды да, қалмағанына өкінішім және жок. Әйтеуір, ен жақын досым кітаптар. Киім, тамак дегендерге де құмартып көңіл қоймадым: жастық шақта адам өзін денсаулығына ақау түспейтін мықты санай ма, кім білсін, тамак талғамай, аузыма не түссе. соны жеп жүре беретінмін. Киімге де солай салақ қарадым --- бой түзеп, әсемдік іздемедім.

Іле, осы бір оңай табылған үй арқылы маған бір ғана сезім — жеке меншік сезімі пайды бола бастады: жаңа үй мені бір-

жола өзіне бағындырып, арман-тілегім соның үстіне ауды. Соған бар ықылас-ынтамды салдым. Күнде қызметтен келісімен шешініп жіберіп, еденді жуып, төсек-орынды жинаймын, үйдің ішін тап-тұйнақтай ғып, тілмен жалағандай жылтыратам да қоям. Баяғы ұйқы, есінеп керілу, ерінудің бірі жоқ. Арманым — үйімнің ішіне керекті мұлік жинау. Кілем, шифонер, радиоқабылдағыш... Тағы-тағы сондай керек заттардың бірін тапсам, бірін таба алмаймын. Соғыстың зардабынан болар, магазинде ондай қымбат дұниені көзің көрмейді. Бар тапқаным радиоқабылдағыш пен үй шаруасына керекті түрлі жабдық қана.

«Қазак байыса, қатын алады» демекші, ендігі тілек — жақсы біреу кез келіп үйлену. Менің әйелге қоятын талабым өте каталды. Талай қыздардың ұнамағаны өзіме аян: не киген киімінен, не жүріс-тұрысынан, не сөзінен бір мін тапсам, қайтып манайламай қоятынмын. Өзім кербез болмағаныммен, талғамым күшті еді. Иә, өмірде мен сиякты адамдар болатын көрінеді... Осы бір қайшылық жағын түсінбейтін дос-жарандарым «Сухарь», «Книжник»<sup>1</sup> деп ат қойғанын тағы білем. Бірак ойымның түбінде жаткан нелер ашы сөздер, әзіл-мысқылдардан олардың хабары жокты, әуелгі кезде ол өзгешелігімді жүрттан жасырып, ретін тауып қолдана алмай жүрдім, тек анда-санда шыдай алмағанда шағып ап, қарап отыратын едім.

Көбіне өзіммен өзім әлекпін, кейде сырымды жиһанкездің картасындағы алдыма жайып салып, қараймын да отырам. Жүрек сол картаны қалай оқып, қалай түсінді — ішкі камертон арқылы білем. Соның үніне құлақ қойып, қисық-тұзу екенинен хабар алып, дер кезінде өзіме тоқтау сап, басып қоям.

Сонымен, шырт ұйқыдан оянып, жүрек қағып аңсайтын арман да табылды, ол — «жар тауып, үйленсем-ау» деген арман. Иә, қандай кез келеді? Кім ол мені тосып жүрген? Күнде көшеде келе жатып қарсы жолыққан қыздың бетіне, «сен смеспісің?» дегендей, тесіле бір қараймын. Жоқ! Бірінің аяғы, бірінің көзі ұнамай, өтіп кете барам. «Ол емес. Оған ұксамайды» деп сактандырып кояды іштей бір үн... Ол өзі қандай болу керек? Түс-сымбатын, қылыш-мінезін көз алдыңа елестетіп көрдің бе?

<sup>1</sup> «Қатығез», «кітапшыл» деген мағынада.

Кей түндері ұйықтай алмай дөңбекшіп жатып, қиялды аттай ерттеп мініп бара берем, шаба берем: сонда, бота көзді талдырмаш аккұба қыз елестеп, «Сіз екенсіз ғой?» дегендей, қою қара қасын доғаша иіп, тандана қарайтын... Күндіз сол қызыбен әне кездесем, міне кездесем деп елеңдеп сак жүрем, сауық кешіне, конақта барғанда о да келмес пе еken деп күтіп отырам.

Әрине, бұл — қиял, ойдан жасалған бейне: оны өмірде таба алмайтынымды аздан соң өзім де түсіндім... Бірак біржола күдер үзбедім. Жолдастарым: «Қашан үйленесін? Осылай жүре беруші ме ең?» — деп дікілдеп маза бермей барады. Осындај жақын адамдар сөзінің әсері ме, әйтеуір, жалғыз отырғанымда тамағымнан ас өтпейтін халге де ұшырадым.

Жақын дейтін менде жақын да жоқ. Әкемнің жақын туыстары, сонау Ерейментау түбінен естіп, келіп те кеткен. Сырттай тілеулес, момын адамдар — совхозда жұмыс істейді.

Бір күні емханада наукас адамдарды қабылдан отыр едім, саңқылдаған дауыспен «рұксат» сұрап, домаланған қараторы қыз кіріп келді. Бет-пішіні кішірек, дөңгелектеу, томпақ көзді қыз еken, әуелгіде онша көніл қойғам жоқ, басынан аяғына дейін көзіммен селсоқ бір шолып өтіп, «отырыңыз» деп тұқырайып, қағазымды жаза бердім. Соның алдында ғана шығып кеткен науқастың ауруын, оған жазып берген дәрі-дәрмекті карточкаға<sup>1</sup> түсіріп, басымды көтерсем, қыз менен көзін алмай жымия қарап қапты, әлгідей емес, ажары өзгеріп, жүзіне кісі тартарлық сүйкімді нұр пайда болған секілді.

— Мені танымайсыз ба? — дейді ол.

— Жоқ, айналдым.

— Көршінізбін ғой...

Есіме жаңа түскені. Көк үйдің екінші жақ бөлегінде қызметкер қазақ тұратын-ды, соның үйіне бір қыз бала кіріп-шығып жүретін-ді, сол еken. Оны мен не алтынши, не жетінші класта оқитын шәкірт бала ма деп жобалағам. Карточкасына қарасам: жасы жиырма үште, музикалық техникум бітірген, облыстық ансамбльдің әншісі.

Көз тоқтатып тағы да қарадым: кеудесі жұп-жұмыр, бұл-тиған екі алмасы көзге ерекше ілінеді, өзіне лайықтап тігіл-

<sup>1</sup> Карточка — аурудың тарихын, емін жазған қағаз.

ген жеңсіз ақсүр желеткесі белін қып, бойын бұрыннан да берег аласартып тұрғандай.

— Иә, құлақ па, мұрын ба?

— Даусым қарлығып жүргені...

Даусына құлақ түріп байқасам, қарлықканы шамалы. Маңдайымдағы рефлекторды түзеп, қызды қарама-қарсы отырғызып, қолына салфетка ұстадтым.

— Мына салфеткамен тілінді ұста да, тарт, — дедім мен оған, жасы кіші болған соң «сен» деп еркін сөйлеп.

— Тілімді жұлып ап жүрсем... — сылқ-сылқ құледі. Құлкісі жайлы да тартымды.

— Онда орнына өз тілімді салам.

— Агатай, мен үшін сақау боп қайтесіз... — Бетіне үніле қарадым, не қылған өткір де ашық жан. Енді ол мені іірім судай доңгелетіп әкетіп барады.

— Сен сияқты ақжарқын қарындас үшін сақау болсам, арманым жок.

— Сізді сақау ғып мұрадыма жете алмаспын. Осындай жақсы сөз айтатын тіл өзінізде-ақ тұрсын. — Қыз тағы жымиды.

Әзіл әрі созылмады, медсестра кеп киіп кетті; менің әлі ысылмаған кезімде әйелмен қалжындауды қол жетпейтін өре көрем. Түйткілсіз қөңіл тіл тиегін ағытты ма, әйтеуір, өзімді еркін ұстап, еркін әзілдестім.

Сестра спирт құйған шамды жакты, мен көмей көретін айнаны қыздырып, енді қыздың аузына апара бергенімде, атып тұрды:

— Қорқам!.. Күйіп қап жүрсе...

— Әлгінде келістік қой, күйіп қалса, мен өз көмекейімді берем!

Қайта отырды,

— Аш аузынды!.. А-а де!

Қыз тілін тартып тұрып, көмейімен «А-а!» деп үн катып еді, айыр көмейінің суреті айнаға тұсті: жіп-жінішке, аппақ, домбыраның ішегіндей қатарласа дір-дір етеді. Сап-сая! Суық тиise, сң болмаса, шет жағы ептеп қызарап еді.

— Көмейің сая, ешбір өзгеріссіз, — дедім құлімсіреп.

— Азанда тамағым құрғап, даусым өзгеріп шыққаны.

— Үй ыстық болған ғой, ештеңе етпейді!.. Дәрі жазып берсейін, сонымен жатарда көмейінді шайып жүр, құрғамайды,

— деп қолына рецепті ұстатып қоя бердім. Қыз есік алдына бара беріп, бұрылыш:

— Енді қашан келейін? — деді.

— Қашан дейсің бе?.. Үй арасы жақын ғой, хабарласарсың, мұнда келіп әуре болып қайтесін... — Сөзіме мән бермей айта салғаным бар ма! Бірақ бұл сөздің астары бар-ау деп сол жолы қыз үғып қалса керек-ті. Күлімдеп кете барды. «Рақметтен!» соң есік те жабылды. Мен де қыз сонынан телміре қарап отырып қалдым.

«Рашитова Сағила. Әнші. Қөрші. Үй арасында үй жок. Жабырқап жалғыз жүргенше, Нияз-ау, неге таныспайсың? Өзенде қайық теуіп, ар жакқа аралға шығып, уақыт өткізбеймісін? Мүмкін, жақсы-жақсы күрбылары да бар шығар... Өзі де тақымыңа тар келмес, көнсе...» деп өзіме-өзім әзілдеп, іштен мырс-мырс күлдім.

Ертеңінде тұс ауа үйге келдім де, шешініп жіберіп, трусищең еден жуып жатыр едім, біреу есік қақты. Қолымда суы тамшылаған шуберек, есік тиегін ағытып жіберсем — ар жағында қалтиып тұрған Сағила. Менің сиқымды көріп, «ах!» деп ол кейін шегінді.

— Кір, кіре бер, Сағила! — дедім шуберекті тастай беріп, екінші бөлмеге еніп бара жатып.

Есік шиқылдап, тарс жабылды. «Ұялып, кетіп қалды-ау осы» деп артыма бұрылсам: күлкіге булықкан қыз, аузын алақанымен басып, бері аттай алмай босағада тұр.

— Кірсөнші бері!.. Мен казір, — дедім де, тұпкі үйге еніп кетіп, пижамымды киіп, қайта оралдым. Үріккен маралдаі секіп, қырындан тұрған Сағиланы қолынан жетектеп диванға отырғыздым.

— Мен кеше... өзіңіз хабарлас деген соң келіп ем... — Қыздың даусы баяу, сәл именіп сөйлейді. Бірақ бұл алғашкы беташары екен, іле сырсындан, сөзге қонақ бермей, сөйлей берді. Ашық даусы сұнқылдап, үйді басына көтерді.

— О, үйіңіз қандай таза!.. Еденді ыңғай өзіңіз жуасыз ба?.. Тамаша!.. — Сағила екінші бөлмеге кіріп, оны да қызықтаған басын шайқады. — Мамам сізді «жалғыз тұрмайды» дейді. Мен айтам: сол үйдің есігін ашқан әйел көргем жоқ дейім... Жолдасыңыз да дәрігер ме?

— Бойдақпын. Әлі үйленгем жоқ.

— Элі үйленгем жоқ?! — Сағила таңдана бетіме қарайды.

— Немене, ерсі көрінді ме?

— Жоқ... Мүмкін, айырылысқан боларсыз? Мен басымды шайқадым.

— Сенбей тұрсын-ау... «Көктүқылдың әлі күнге үйленбегені несі» деп таңданасын-ау?

Сағила күлді:

— Өзінізді шалдар қатарына қосқыныз келеді екен ғой.

— Әлбетте. Таптың.

— Шал? Ха-ха! — Сағила төргі үйге кірді, кереует алдындағы түмбочкада бірге оқыған қыздың рамкада суреті тұрушы еді, соны қолына ап, сығырая қарады. — Бұл кім?

— Бұл менің жас күнімдегі ғашығым, — дедім әдейі.

— Ғашығым?.. Қалындығыдыз болар?

— Сөз байласып жүргенде қайтыс болған.

— Қайғы-қасіреттің көленкесі тұр көзінде, көрдініз бе?..

— деді де, сөзді кенет бұрды: — Доктор, мына қабырғаның ар жағында мен жатам!

— Солай ма? — дедім, шын таңқалған дауыспен. — Кейде түні бойы аунап дөнбекшіп шығам, кереуетім сықыр-сықыр етіп, үйқы бермейтін болар-ау.

— Кейде түн ортасында біреумен сөйлесіп жатасыз...

— Түсімде сөйлемейтін ем... дауыстап кітап оқымасам?

— Үйге қонақ келуші ме еді? — Қыздың көзі сұқтанып, өнменімнен өтіп барады.

Езу тартып жымидым.

— Жоқ, Сағилаш, күндіз де, түнде де жалғызыбын! Сағила ауызғы белмеге қайта оралып, әр затты тамашалап көріп, люктен астынғы этажға түсті.

— О, біздің ас үйден мынау үлкен бе дейім?

— Айырбастайық, егер ұнаса...

— Айырбастамаңыз, сыйлаңыз маған!

— Ала ғой.

Екеуіміз қатар жарыса күлдік.

— Сағыш! — деймін сынау үшін даусымды жорта қүйкүлжытып құмарта сөйлей. Еріккен, жалғызыраған жігітке осы бір шақ ермек сияқты. О да құлағын түре, әрі қарай тағы да жылы сөз естігісі келгендей, елегізе тындаиды. — Сағыш, тамағың жазылды ма? — дедім, ойымды кенет бұрып.

Сағиланың қылған қасы заматта бір түйілді де, қайтадан жадырап маған жалт қарады. Мен де одан көзімді алмай, осы бір мезет біраз сырды аңғарғандай болдым: «Ағатай, сен деп соғар жүрегім бар, егер оны ұқсан, әурелеме!» дегендей. Бірак осы бір жалынышты ойды іштей қинала толғатса да, үлбірекен қып-қызыл түркі ерні, желбезегі діріл қақкан тәмпіш мұрны, нұрланған қоңырқай көзі: «Жігіт болсан, кел де құш мені, сүй!» деп шақыргандай.

Қыздың ең алғашқы ерсілеу көрінген томпақ көзі, шығыңқы жағы енді онша өрескел көрінбей, ұнай бастады — өзіне жарасты да ұнамды ма деп қалдым. Кейінрек, біраз жылдар өткеннен соң барып ұқтый: электрдің қуатындаі көз нұрымыз шағылысып, махабbat оттары үшкындал, бірімізді біріміз құмартқан сәт екен ол. Енді менін де жүрегіме қуаныш пайда болп, үй ішінде безек қактым: жалма-жан электр плитаға шай қайнатып, стол үстіне тамақ жасап, қалбалактап күле бердім. Көптен бері кереует астында жататын бір шөлмек қызыл шарап болушы еді, есіме түсіп, оның да тығынын аштым.

— Бірінші тосты менің үйіме сенің келгеніңе көтерейік, жарай ма?

Сағила көзін төңкере тастап, басын шүлғыды. Мен де, о да бір-бір ұрттап, қайта қойдық.

— Енді екеуіміздің осы үйде күнде кездесіп тұруымызға көтерейік!

Қыз бұл жолы бокал түбін қаға ішті. Ол не істесе, мен де соны істеп, ілесіп қана отырмын. Шарапты тағы шыпылдата құйып қоям.

— Енді екеуіміздің өміріміз сәнді болуына көтерейік, оған қалай қарайсын?

— Сәнді?

— Ие, сәнді!.. Менің өмірім жүдеу, көнілсіз екенін көріп отырсын ғой...

Бұған да ішіп қойдық.

— Енді сенің әнінді есту үшін...

Сағила түрегеп ән салды. Машықтанып алған оп-онды даусы бар екен, өзі де, құрғыр, құйқылжыта, нәшіне келтіре айтты.

«Осы әнің үшін!» деп тағы да бір ішкіздім. Бұдан кейін радиоқабылдағышты ойнатып, екеуіміз билеп, сол биіміз

үшін тағы да бокал қағыстырыңық. Тостың санын сылтау тауып көбейте бердім.

— Сағыш, сенің әдемі ернің үшін бір тост көтергім кеп тұр, оған қалай қарайсың?

Кыз шаттана құлді...

— Енді бар ғой! — дедім аздан соң, — сол ерніңнен сую үшін...

Кыз әбден балқыды. Үйдің ішінде қызара бөртіп дөңгеленіп жүр. Енді қыз менің уысыма түсті. Не істесем де еркімде. Бірақ миымның арғы түбінен біреу: «Байқа, ұятқа қалып журме! Көршің ғой!» — дейді.

Тостарымнан есі кеткен қыз, маған бұрынғыдан да бетер телміре көз тастайды, сак-сак құліп, арбап, құмарымды арттыра түседі. Әйтсе де сезім тізгінін бекем ұстап, тежей бердім. Үйдің ар жақ қабырғасында қыздың әке-шешесі біздің дырдушымызға құлақтарын тігіп, «баламыз қашан кайтады?» деп тосып та отырған болар. Сағатыма қарасам, он екіге жақын қалған. Сагиланы есігінің алдына апарып сап, қоштасып, үйіме қайтып оралдым. Сүйкімді де қылықты бұл қыз жерден шықты ма, көктен түсті ме? Әлде бағыма, әлде сорыма кез келді ме? Ертеңінде кешке жақын Сагиланың үйіне өзім бардым. Өткен түні билеп жүріп, тумбочкиның үстінде жатқан кітапқа көзі түсіп: «Оқып жатқаныңыз нендей кітап, авторы кім?» — деп сұрап білген соң, «маған да беріңізші!» деп тілек еткен-ді.

Сол кітапты қолтығыма қысып, сылтауратып ала бардым.

Барсам, Сағила жоқ, сол күні Затонның клубында сауық кештері бар екен, соған кетсе керек. Сағила болмаған соң, кеткім кеп, босағадан эрі аттамай тұрып қап ем, әке-шешесі қарапайым, меймандос адамдар көрінді, жік-жапар болып, қоярда-коймай төрге шығарды.

— Қарағым, жоғары шық, бөтен кісі емессің! — деп әкесі, семсер кара мұрты бар, көзілдірікті, егде тартқан кісі орындық ұсынды.

Қызы шешесіне тартыпты: дөңгелек бет, тәпелтек қара әйел сыпсындаі сөйлеп, дедек қағып, самаурынға жармасты. Іштей налып мен отырмын: «Апыр-ай, бекер келдім-аяу? Кеше уәделесіп алмай, салып жетіп баруым ынғайсыз болды».

— Ақсақал, қайда істейсіз? — дедім, қарап отырғанша таныса берейін деген ниетпен.

Сөзді созып, ырғалып сөйлейтін кісі екен, аспай-саспай:

— Е, қарағым, осында, әлгі сауда орнында есеп-кисап жағында жүрмін, — деді.

Бұл сөзінің бастамасы екен, бұдан әрі баяу қоныр дауыспен сөйлей берді: сауда қызметкерінің дау-жанжалы көп болатынын, «құлқыны құрғырдың» байқамай жеп коя беретінін де сөз қылды. Аздан соң пыс-пыс еткен, иесінің өзі сиякты домалақ сары самаурынды көтеріп Сағиланың шешесі келді де: «Мылжындал, баланың басын ауыртып, қайдағыны айтасын, одан да сырқырап жатқызбайтын буыныңың ауруын сұрасайшы?» — деп күйеуіне зекіп таstadtы. Зайыбы қожа ма деп қалдым. Осы бір сәл нәрседен жасаған топшылауым кейін дұрысқа да шықты...

Шай ішіп аяқтай бергенде, кып-кызыл нарттай боп, әлденеден құр қалғандай, екпіндегі басып Сағила кірді. Мені көріп сасып қалса да, артынан көңілі орнына түсті ме, құлім-деп әуелі маған тіл қатты:

— Нияз Базілевич?.. Вот, тамаша, — деп маған қолын беріп амандасты да, өз бөлмесіне кіріп кетті.

— Айналайын, еркетайым, — деді қыз соңынан тамсанып, қызыға қараған анасы.

Әкесі мұртынан жымындал:

— Жалғызым ғой... — деп бір қойды.

Мен де іштей өзіме-өзім ризамын: кешегі алданбағаным қандай жақсы болды. Көрдің бе, Нияз? Біреудің алаканына сап әлпештеп отырған жалғызы... Нәпсіге сақ бол, ұятқа қалдырады дедім, өзімді-өзім мыскылдан.

Киімін ауыстырып, иіс-майын бұркыратып қыз шықты. кешегіден бүгін тартымды да сүйкімді. Устінде жылан терісі сиякты сұр шұбар халат, шашын бұйралап алған, әкесі мен шешесінің ортасына кеп отыра қалды. Екі көзі қарама-қарсы отырған менде.

— Доктор, жүрек ауырса, қандай дәрі ішу керек? — Элдебір шашшуды ауырсынған кісідей қабағын шытып қойды. Шешесі шұркырап қыздың үстінен түсе кетті:

— Жүрегім!.. Шын айтып отырсың ба, күнім? Әкесі оны қостады:

— Осы бір ансамбль дегенді қайдан тауып алғанынды, айттым ғой, баяғыда таста деп.

Іштей күлкім келіп мен отырмын: жалғызыым десе, жанын қиған, ауыздағысын жырып берген қайран ата-ананың мейірін айтсаншы. Қыз сөзінің астарына олар қайдан түсінсін. Қыздың ерні мен қабағы жасырса да, күлмің қаққан көзі, дірдір еткен танауының желбезегі куланып отырғанын сездіріп тұр..

— Жүрек ауырса, тыңдал қарайық!.. Емдейік!

— Ие, ие, айналайын, өзіміздің дәрігер ғой. Тыңдасын, ұялма! — деді, менің аузымдағы сөзімді жұлып ап шешесі.

— Қарағым, біз де тірі жанбыз, жақсылығынды ұмытпаспаз, — деді әкесі сөзін соза сөйлеп.

Қыз атып тұрды:

— Кәне, қазір тыңдайсыз ба, доктор?

— Статоскопім үйде қалып қойып еді...

— Онда сол сіздің үйге барайық...

— Ие, ие, айналайын, барындар, барындар! — деді тағы да шешесі жеделдетіп.

Қыз дегеніне жетті. Оны ертіп үйіме алып бардым. Жаздың қоңыр салқын түні. Аспандағы жұлдыздар жымындал, маған көзін қыскандай: «Байқа, мынау қыз қу екен!» деп ескерткен тәрізді. Ай-ай, менің ішкі камертоным да осы бір ойды қолдағандай. Сағила екеуіміз табиғат суретіне сүйсіне қарап, басқышта аз тұрып қалдық. Дене салқындал, бой тоңази бастады. Екеуіміз де аспаннан бір жоқ іздегендей шалқая жоғары қарап тұрмызы.

— Анау қай жұлдыз? — дейді ол тас төбеде жалт-жұлт еткен окшаулау жұлдызды иегімен нұсқап.

— Ол сенің жұлдызың!.. Әр адамның өз жұлдызы боладымыс.

— Менің жұлдызыым екенін қайдан білдініз?

— Әдемі де жарық. Сен бақытты да көрікті жігітке тиесің.

— Солай ма? Ха-ха... Сіздің жұлдызыңыз қайсы?

— Менің жұлдызыым әлі туған жоқ.

— Неге?

— Тегі, кешірек үйленетін сияқтымын.

— Сонда не... Күйеуге ерте шығатын мен бе?

— Жұлдызың солай дейді.

— Әлде ол сіздің жұлдызыңыз болар?

— Ол сенің жұлдызың екеніне шұбән болмасын, Сағыш! Жұлдыз кімнің оң жағында тұрса — сонықі. Білмеуші ме ең?

Қыздың бойы тоңазып, дірілдей бастады. Мен жаным ашыған бол, бауырыма икемдеп қысып көріп ем, қымсынбай, пиджагімнің бір өнірін жамылып, құшағым астына ене берді. Мен бойымды аулактау ұстап, салқын құшақтап, үйге алып кірдім.

— Кәне, қай жерін ауырады?

Қыз менің бетіме таңдана карады да, мырс етіп теріс айналды.

— Мені шын ауыртқыныз келе ме? — деді де, терезе алдында тұрған радиоқабылдағышты ойнатты.

— Жоқ, жоқ, Құдай сақтасын. Саған ауру тілеп, мені кім деп ұғасың, Сағыш? — Қыздың ишарасын ұқпаған кісіге ұқсадым. Эке-шешесін алдап, мені үйіме ала жөнелгеніне де түсінem. Бірақ қыздың мені неге қытықтап жүргеніне түсінбедім: жастық шактағы ерке міnez бе, не шын берілген көніл ме?..

Осы бір кештен бастап екеуіміз әке-шешеден де, көрші-қолаңнан да сескенбей кино-театрға, серуенге ашық кететінді шығардық.

Қызық күндер зымырап өте берді. Менін де қызға деген ынталанып күннен-күнге қүшійе берді. Сағила күнара клубка. мектептерге концертке барады, мен ере барып, ертіп қайтам. Үйге қайтқан соң тұн ортасына дейін билеп, ән сап, мәз-мейрам боламыз. Өстіп жүргенде, бір күні, жакын аудандарға гастрольге шықпасы бар ма Сағиланын.

Тағы да баяғы құлазыған жалғыздық енсемді көтертпей. иығымнан басты. Күннің көзі баяғыдай шақыраймай, құңгірт тартып, айналамдағы табиғат сұрғылт бояуға бөленді. Мен Сағиланы сағынып, тұн баласы дөңбекшіп ұйықтай алмайтын әдетке душар болдым. Кейде оның мөлдір көзі құлім қағып: «Доктор, жүрегімді тындаши, соғысы өзгерген бе дейім? Неліктен, ә?» деген даусы да құлағыма келеді. «Шынымен сағынамын ба... Сағыну үшін сюю керек. Олай болса, Сағиланы сүйгенім де? Әуелде ұнамаушы еді, о қалай?» деді де, іле іштеп бір дауыс мысқылдап: «Қайтесің. «Біреу керісімен сүйеді, енді біреу жүре сүйеді» демеп пе еді ертедегі Римде...» Жоқ. жүректі шын елжіретіп, есті алатын махабbatқа ұқсамайды

бұл, қызығып, таңсық еткендеймін. Жастық шіркін әуесқой, жылтыраған көрсө қызығып, соған құштар болатын әдеті ғой. Өзімнің ішкі сезімінді шимай-шатық хат секілді жөнді түсіне алмасам керек. Әлде жалғыздық аяғымды арқандаған аттай тұсап, үй маңынан ұзап шығармай көзіме түскені де, жүргегіме әсер еткені де сол Сагила ғана болғаны ма, кім білсін... әйтпесе, Сагиланы жоқтап, айналамды сипалай берер ме едім?

Бар ермегім үйім, үйдің жиһазы. Қызметтен қайтысымен жуып, жинап, әуре-сарсаңға түсіп жүргенде, кеш те батады. Одан магазиндерге барып, тамақ сатып әкеп, ас істеп ішіп, медицина жайында шығатын түрлі журнал, газетті қарап шыққанша, жататын мезгіл де болады. Сөйтіп, өмір календарымның тағы бір күнін аударам.

Жүректің арғы түбінен еміс-еміс ренішті дауыс та естіліп қалады: «Ей, доктор, сенің іздең гүлің осы ма еді?». Бірақ мен оны елемеймін. Қолды бір-ақ сілтеп, сол сәтте естен шығарып жіберем.

Дәл осы ренішті дауысты емхананың бас дәрігері естіп койғандай, сол бір күндері шақырып ап, бірер жайды ескертпесі бар ма:

— Доктор Даражанов, бізде қызмет істегелі біраз уақыт өтті. Эрине, қызметінізден осалдық таптаймыз. Жақсы істейсіз. Бірақ жеке жүресіз, емхана өміріне кіріспейсіз, оныңыз қалай?

— Кіріскең деген сөзді ұға алмадым, — дедім. Менің мұндайда тыжырая қалатын әдетім.

— Кіріскенде... Қоғам жұмысы бар. Мысалы, сізді кәсіп-одақ бастығы жиналыс екеш жиналысқа да қатынаспайды дейді...

Мен күлдім.

— Қымбатты коллега, осыны да сөз деп айтып отырсыз ба?

Бас дәрігердің көзі бадырайып, «мынау ұрып жіберуден тайынбас өзі!» дегендей, кейін қарай шалқая берді. Бұрын ешкім мұндай сөзді бетіне айтпаған адам, не дерін білмей, жактырмай басын шайқады:

— Неге олай дейсіз?

Мен иығымды көтеріп, тыжынырып, кекесін дауыспен жауап қайырдым:

— Өмірде қоғам жұмысын істеп жүріп жақсы емдеген дәрігерді көрген емеспін.

— Қателесесіз.

— Жоқ, сіз кателесесіз. Қоғам жұмысын атқарып жүрген дәрігерлерді бақылап караңызы: күніне бес сағат қызмет істеуі керек болса, соның төрт сағатын емге жұмсайды да, аз дегенде бір сағатын қоғам жұмысына жібереді. Бес сағаттан тыс қалып ол қоғам жұмысын өлсе іstemейді. Сонда кім ұтылады?.. Емделуге келген сырқат адамдар. Асығып-үсігіп, шала-шарпы қараған боп жөнелте береді. Ең ақыры аурудың диагнозын да түзу қоймайды. — Енді не дейсін дегендей, сот-қар балаша бетіне одырая қарадым.

— Сондықтан... Қорытындыңыз не? Не демексіз?

— Дәрігерлерді қоғам жұмысына жек, жекпе, нәтиже шыкпайды.

— Біздің заманың дәрігері айтатын сөз бе бұл!

— Осы заманың адамы болмағанда, XIX ғасырдан келді деп отырсыз ба?.. Жоқ, шекарадан өткен қашқын дейсіз бе? — Креслоның арқасына басымды салып, шалқая түсіп сылқ-сылқ күлдім.

— Өзіңіз келмегенізбен, кей сөздерінізден со жақтың лебі еседі. Байқаңыз, коллега, ұнамайсыз маған! — деді бас дәрігер түсін суытып.

— Қорқытасыз ба?

— Жоқ, сақтандырам!

— Немене? Мен үкіметке қарсы үгіт жүргізіп отырмын ба?

— Жүргізбегенмен, ішкі сарайыныздан бір ыңғайсыз иіс келеді. Ишіңізде шіріп жатқан бір ісік бар ма деймін.

— Ауырғам жоқ әлі, Құдайға шүкір. Тазамын!.. Менің сөзіме түсінбей, таңба ала жүгірген өзіңіз. Баяғыда ауылда жоғалып кетпесін деп, асау тайға шыжылдатып таңба басатын. Сіз қазір сол таңбаны маған ала ұмтылғыңыз келіп отыр ма деймін.

Бас дәрігер қайтып тіл қатпады. Түнеріп орнынан тұрды да, халатын шеше бастады. Мен де қоштасып, өз жөніме кеттім. Бірақ бас дәрігерге қисық жауап бергенімді, оның кек сақтаң қалғанын кейін ұтындым. Арасына үш күн салмай, облыстық денсаулық бөлімі шақырып ап, Ертіс бойындағы бір қазак ауданына командировкаға жіберді. Амал қанша, бас тарту

қын, үйімді құлыштап, көршіме тапсырдым да, жүк таситын машинаға мініп, алыс ауылға сапар шектім. Менің тексеретін колхозым ауданың жанында он бес шакырымдай жерде екен. Аудан орталығына сокпастан, тұра бардым.

Соғыс кезінде жүдеп қалған колхозшылар қыстан тәлті-ректер шыққан малдай жерден басын көтермейді: таңның атысы, күннің батысы егін басында қыбырлайды да жүреді. Құлкі, әзіл, ән кымбатқа түсетін сияқты. Әңгіме «астық, норма, бригада, трактор» деген сөздердің ғана маңында. Көптен ел аралап көрмеген маған бәрі таңсық. Сол колхоздың бірнеше үйін аралап, тұрмыс-халімен таныстым. Ең алдымен менің көзімे ілінгені тазалық жағы. Ежелгі қазақтың әдет-салты: жерге отыру, сулық, майлық, қолмен ет жеу... Балалардың үстібасы қотыр. Әбден танысып болып, колхоз кеңесіне кірсем, бастық, төртбақ кара қазақ, кеңесінде отыр екен. Аңқылдаған ашық адам секілді, салғанинан шүйіркелесе кетті:

— Облыстық денсаулық бөліміне шағым түсіргенім шын. Өзің көрдің ғой?

— Көрдім.

— Не дейсін, төрелігін өзің айтшы?!. Қотыр бүкіл ауылға жайылып барады. Емдемейді. Жарты жылдан асты қақсағалы, жок, ойларына кіріп те шықпайды!.. Ауданда денсаулық бөлімінің бастығы бір бұка бар. Таңертеңнен кешке дейін андитыны қызыл желеқ.

— Неге емдемейді? Дәлелі не?

— Дәлелі көп... Соңғы кезде бұл жұқпалы қотыр емес, кірден болған дегенді тапты.

— Түсінікті. Бірақ тазалық жағы кемшін екені анық. Оған не дейсіз?

Бастық күлді:

— Е, маған енді картайғанда, колхозшылардың қолдарына су құйып, шомылдыр дейсің бе?

— Су құйманыз, жиылдықса сап, беттеріне баса айтыныз, оған көнбесе, әкімшілік шара қолданыңыз!

— Әкімшілік шара қолдандырып, мені соттатып жібергің кеп отыр-ау, ә, балам?

— Халқына жаны ашитын ақылды бастық бір есебін табады да!

Бастық қарқылдалап күлді:

— Бұл — сендердің, дәрігерлердің, жұмысы, қарағым. Қала берді, ауылдағы анау мұғалімнің жұмысы!.. Мені қажап қайтесің, өзім егінімді орып алсам да, соған шүкіршілік де!

Сөз бітті. Мен үндемедім. Сол күні кешке ауданға келіп, денсаулық бөлімінің менгерушісін үйінен кеңесіне шақыртып алдым. Еңгезердей, қой қоз, сары кіріп келді. «Мұрның ұшы қып-қызыл, дәу де болса, арақаның құдығы шығарсың. Эй, колхоз бастығының сөзі тегін емес-ау» дедім іштей. Артынан білдім, «дәрігерден мен көп білем» дейтін карт фельдшердің бірі екен. Екеуіміз салғанинан айқаса кеттік:

— Коллега, бұл қалай, бір колхоз тегіс қотыр, сіз қол кусырып қарап отырсыз?

— Лас, кірдің салдары! — деді тыжырынып ол.

— Өзіңіз дәрігер бола тұра, жұқпалы қотыр мен кірден түскен жай қышыманы айыра алмағаныңыз ба?

— Сіз құрлы айыра алам!

— Гапу етініз, коллега, олай десеніз, сіз надан екенсіз! Акт жасаймын!

— Қолыңнан бір келсе, екі қыл!

— Сіздің мұныңыз — қастық. Емдеу емес, келемеждеу!

— Э, қастық! Жаңың ашып тұр ма! Білдік, желдің қайдан соққанын! — деп қарсы дау сап түрегелді.

Мен акт жасадым. Ол қолын қоймады. Қалаға қайта оралсам, облыстық денсаулық бөлімінің менгерушісі баяғыдай емес, өзгеріп қалыпты. Қызыл мұрын телефоннан «бұлбұлдай сайраса» керек, ұн-тұн жоқ тындады да, актыны алып қап, коя берді. Қызметке шықкан күннің ертеңінде жергілікті комитеттің мәжілісіне шақырып ап, талқыға салмасын ба кеп. «Көмек бер деп жіберсек, карт фельдшерге тілін тигізіп, бүкіл ауданға масқара қылды. Онымен қоймай, ұлт араздығын қоздырды. Осы Дарханов кім өзі?» — деп бірінен сон бірі шығып, ал сөк.

Бас дәрігер әнеугі: «Қоғам жұмысына жек, жекпе, дәрігерлерден нәтиже шықпайды» деген сезімді ұстап ап, «Міне сол теорияның нәтижесі!» деп бетіме басып, ұрып-ұрып коя берді. Бірақ қатты шара қолданбады. Шынын-да, о жолы өзім туралы айтылған сөз емес, кейбір дәрігерлердің ісінен жасалған қорытынды да. Ақкөңіл, бейқам басым, ұрылыш қалдым.

Ақыры, «сенімсіз, қауілті адам» деген атаққа іліндім. Бір күні апарып... жауып та қоюы ықтимал-ау? Масқара-ай!..

Алматыға барып, аспирантураға түсіп, диссертация қорғасам ба екен? Жоқ, колхозға барып, дәрігер бол ауыл ағайындарының таз-қотырын, өкпе ауруын емдесем бе екен? Әнеугі қызыл мұрын сияқты біреу кездессе, дұрыс қызмет істетер саған!.. Тірідей жеп қойсын... Жә, Нияз ақымақ па, жасаулы үйін тастап колхозға баратын...

Өстіп, қайтерімді білмей дал бол, сөзге ілініп, шатасып жүргенде, бір ай шамасында Сағила да қайта оралды. Кеште мұңайып отырғам, біреу есік қағады. Бейсауат адам келмеуші еді деп таңырқай есік ашсам, ар жағында күлімдеп Сағила тұр. Үстіндегі қан қызыл көйлектің әсері ме, қыздың жүзі де қызыл шырайланып, бал-бұл жайнайды. Томпайған ерні сәл ашылып, ар жағынан маржандай ұсақ ақ тістері көрінеді.

— Сағилаш!

О да маған қарай ұмтыла берді. Мен құшағымды бұрын жайып, бауырима қыстым да, енкейіп ерніне төндім. Ол бетін менің кеудеме басты. Бірімізді біріміз қатты аңсап, сағынсақ керек-ті, хал-жайды тілсіз, ыстық құшақпен ғана ұғыстық. Қүнге күйген, өзі қонырқай адам, одан да бетер қарайған: шамалы толған денесі жұмырланып, көйлегіне сыймай, тырсылдап сыртқа тебеді.

— Нияз, сіз жүдегенсіз бе? Ауырдыңыз ба?

— Жоқ-жоқ. Қашан келдің?

— Әлгібір әзірде... — Сағила жан-жағына қарап: — сол калпы, өзгеріс білінбейді, — деді.

— Қандай өзгеріс күтіп ең, Сағыш?

— Мен бе? Кім білсін, дәрігер мен дәрігер оңай тіл табысады дей ме?

— Жоқ, Сағыш, олай десен — мені ұқпағаның. Сенен басқа адаммен маған тіл табысу кын.

Сағыш сак-сак күлді. Менің жауабыма риза сықылды. Радиокабылдағыштың қасына барып, шамын жағып, Москванды үстады. Би музыкасын беріп жатыр екен, Сағила мені құшақтай ап, дөңгелей берді... Аздан соң шешесі келіп, қызын шакырып экетті, көnlім жабырқап қалды. Осы жүрісі не? Бұл қызы, үстіп жүргенде, бір актерге тиіп кетуі мүмкін. Сонда мен не істеймін? Жоқ, Нияз, сен шын сүйесің бе? Сүймей қалай

үйленесін? Ертең калай тұрмыс құрасын? Ең ұзаса бір-ак жыл өмір сүресіндер, содан соң екеуін екі жастыкты құшақтап, екі жаққа жүгірмейсіндер ме? Асықпа, әуелі өз жүргегінді сына: Сафила деп, құмарта, салмакты соға ма, жок, бір тұннен кейін дір етіп басылатын «дәлдір» соғыс па? Ойлан! Үйлену жас жігіттің өміріндегі ең биік белесі, өз жүргегінің алдында ғана жауап бермейді ол, бүкіл ұрпағың, келешегін де осы қадамға байланысты!

Осылай тұні бойы өзіммен өзім егесіп, айтыстым да жаттым. Сағат тұнгі он екіден асқан кезде ар жақ қабырғаны біреу ақырын тықылдатты. Құлағымды тіктім: Сағыш болу керек, «кел, менің қасыма» деп шақырғандай, әлде менің дөңбекшіп жатқанымды сезіп, «ұйықтасаңшы» дегеніме, кім білсін...

Баяғыда, елде қыз оятады дейтін, сондай мен де ұрланып барып, терезеден түссем бе?.. Терезенің топсасын Сафила өзі ашпаса, түсе алам ба? Түх, адам ойына қайдағы қайдан келеді осы... Е, таптым! Ең төтесі — Бұл қызben Морзе, не Бестужевтің тілімен неге сөйлеспеймін?.. Бір кезде тарихты оқығанда. Бестужевтің тілімен таныстырғаны қайда?

Ертесінде кітапханаға барып, бүкіл тарихи кітаптарды актарып, іздемесім бар ма? Ақыры жарты қунімді жіберіп, зорға дегенде тауып, көшіріп алдым. Келесі күні сол «тілді» Сағилаға да үйреттім. Екеуіміз бір кеште жаңағы Бестужевтің әліп-бін жаттап алдық та, тұнде жатып ап қабырғаны тықылдастып сөйлесетін болдық. Екеуіміздің бұл тықылымызды Сағиланың шешесі естіп қалыпты да, күйеуіне: «Біздің үйдің астынан ылғи бір тықыл естіледі, біреу қазып жатқаннан сау ма?» депті. Күйеуінің көзі шарасынан шығып, үш тұн ұйықтамай андиды, әр қабырғаға құлағын бір тосып айыра алмай қояды. Бір күні Сағиланы концерттен ертерек алып қайтып, аулаға кіре беріп ек, алдымыздан қалтиып әкесі шыға келді. Аманда-сып бол:

— Негып тұрсыз? — дедім.

— Сені күтіп тұрмын!

— Иә?

— Осында тұні бойы үйдің астынан тықыл естіледі. Біреу қазып жатқан жоқ па?

Сағила мырс етіп құліп жіберді де, аузын баса қойды. Әкесі

оған адырая қарады. Мен де күлкіден бұлығып, ернімді тістеп теріс айналды.

— Папа, ол бөтен кісі емес, мына Нияз шеге қағатын! — деді Сағила.

Қыздың талқырлығына сүйсініп, қоштай кеттім:

— Ойбай, ол мен едім. Фапу етініз! Үйге керек-жарап заттарды сатып алмай, көбін қолдан жасаушы едім. Мазаңзызы алсам, кешірініз. Тастаны!

— Жоқ-жоқ! Неге... Истей бер, балам! Біздікі әйтеуір сақтық та.

Осымен бұдан да құтылдық. Сағила екеуіміз үйге кеп, ішек-сілеміз қатқанша құлдік.

— Шынымен сенгені ме? — дедім Сағилаға.

— Сенбегендеге ше? Біздің әкей аңқау...

Әкесінің анқау екенін көп ұзамай мен де аңғардым, осы оқиғаның өртөнінде, тұнде Сағиламен әдеттегідей қабырға арқылы қоштасып, «жақсы үйқы, жайлыш төсек» тілеп, аяқтай бергенімде:

— Үйықтай алмай жатырмын, — деді Сағила.

— Неге?

— Ж... — ар жағын ақырын оқысам да сениңкіремедім.

— Қайталап айтшы! — деймін тағы да тақылдатып.

— «Жалғызырап» деген сөзді түсінбейсің бе? — деді ол.

— Келе ғой қасыма! — дедім әзілдеп.

— Қазір! — деді.

Жүргім тулап, алқымыма тығылды, жата алмадым, атып тұрдым да, есіктің тиегін ағытып қойдым, мынау не деген өжет қыз! Жә, әзілдегені шығар, әке-шешесі біліп қоймай ма?

Қайтадан төсегімे жатып, тына қалдым. Қөрші үйдің есігі сәл ашылғандай ма, қалай. Бұл келісті қалай ұғуым керек? Ойым өрістемей үзілді. Есік ашылды. Сағила жетіп келді де, сып етіп қойныма кірді. Қараңғыда құшағымыз үнсіз айқасып, аймаластық та қалдық...

Осы бір түнде өз арымның алдында кешірілмейтін күнә жасадым. Сезім құрғыр ұшқалақ та соқыр, көбелектей отқа түсіп, қанатын құйдіріп алатын әдеті. Мас адамдай еліріп жатып, Сағиланың: «Мені қайтесің енді? Масқара болдым ғой!» деген сөзіне: «Үйленем!» деппін. Ол «қашан» десе, мен «он күннен соң!» деппін. Осы сөзді айтарын айтсам да, ұмытып

кеткен екем, бір күні қызметтен келсем, Сағила шешесі екеуі менің үйімде жүр; төсек-орны, киім-кешегін алып, біржолата көшіп келген. Үйді жинап, стол үстіне тұрлі тағам толтырған, мені мен әкесін тосып отырган көрінеді.

Не дерімді білмей, есік алдына сілейіп тұрып қаппын. Тұсім өзгеріп кетсе керек, Сағила жүгіріп кеп, мойнынан құшып:

— Ниязка, уәдені орындаым! — деді бетіме бетін тақап. Мен қайтерімді білмей, дел-сал бол, самарқау шешіндім. Шешесі менің күйімді түсінгендей, маған жалтақтай қарап, «бұл не, шырақтарым-ау?» дегендей, сол қолына иегін төсеп, көзін менен алмайды. Сағила да сезгенімен, рай бермеді, сыпылдай сөйлеп, стол үстін реттей бастады.

— Қазір папам келеді. Соңсоң өзіміз отырамыз... — деп билеп-төстеп, басқарып әкетті. Баяғы бір айта салған қапы сөз енді есіме түсті: уәделі күн өткен, менің тарапымнан қайран болмаған соң, Сағила өзі шешкен. Ал сонда қызды қалай түсінуге болады: не айлалы ку қыз да, не әдет-ғұрып, жөн-жобадан ада, өмірге киімшен қелген қыз. Жә, ол қыз білмей-ак қойсын, шешесі неге ақыл айтпайды?.. Байқаймын, қыз бен шешесі де жайдары жүзбен көтеріңкі сөйлеп, кимылдай бастады.

— Сағышжан, мен әлгі бәлішті әкелейін! — деді ол сатыдан төмен түсіп бара жатып, маған тағы да бір көз тастап.

«Черт с ним! Болар іс болды, бояуы сінді. Бұл қызды енді үйден қуып шыға алмаспын! Не болса да көрдім!» — деп іштей буынып-түйініп, женді сыбанып жіберіп, мен де кірістім.

Іле әкесі келді. О да білген екен.

Сол түні әке-шешесінің батасын алып, ертеңінде ЗАГС-ке барып, тіркеліп те үлгердік.

\* \* \*

Үйленгеннен кейін бірінші ай — орыстар айтқан «медовый месяц» — балдай тәтті ай есімде мәңгі сақталды. Бірер сағат көрмесем, аңсан, есіл-дертім сол Сағила болады. Көзімнен таса қылғым келмейді. Қызмет ақырын асыға күтем. Күн ұзақ, түн қысқа сияқты. Қызметтен келе құшақтасып, сүйісеміз, содан таң ата бір-ак ұйықтаймыз. Кей түнде ас ішуді де ұмытып кетеміз, кей күндері Сағила қызметке де бармай

калады. Ансамбльдің бастығы үйге кеп, реніш те білдірді. «Концерттің болмай қалғанына сен айыптысың!» — деп, азы сөзге де барды... Оны тыңдаған біз жоқ, ертеңінде баяғы әуенге кайта басамыз...

Сөйтіп бір айдан аса бере ес жинадық.

Сағила тіршілікті алдымен үйден бастады: сән түзеп, же тіспейтін заттарды саудагерлерден іздең, базар аралады. «Үйленсем» деп сактаған азын-аулақ қорым бар еді, кілем деді ме, комод деді ме, қалтамның түбін тақырлай қақты. Оны елең қылған мен жоқ, игілікке жиған ақша, игілікке жұмсады, несі бар?..

Көңілді Сағила үйдің ішін бұрынғыдан да жиһаздан жинады, кірсөң шыққысыз! Бірлі-жарым келіп-кеткен құрбы-құрдастары таң қалды. «Апыра-ай, Сағыш бақытты, көрдің бе, ілездे үй бол шыға келгенін! Пәлен жыл өмір сұрсек те мұндаидай дүниеміз жоқ!» — деп женгелері де сыйыр-сыйыр етеді. Үйден үйге балаша секіріп, әндептің жүрген Сағилаға қарап мен де куанам: «бақытты түрмис құрдым-ау осы» деп іштей өзіме риза да болам. Орыстың бір әзіл өлені де есіме түседі: «Үйің болса, үйді ұстайтын ұқыпты эйелің болса, ертемен жадырап тاماқ ішіп, қызметіне барсан — одан артық не керек?

Я, осы бір әзіл түп-тура маған арнап айтылған сиякты... Терезе алдынан зымырап өткен поездай күн артынан күндер өтті. Мен ерте қызметке барам да, сағат үште үйге кайтам: түскі асты ішіп, бірер сағат ұйыктап тұрысымен, қара-қурен шай ішем де, көшеге шығам. Бұл кезде Сағила кешкі концерт өткізіп жатады, аяндал алып қайтам, біз үйге кеп жеткенше түнгі он екі болады. Тыныш та ракат өмір. Айнаға жиі қарап, өзіме-өзім ризалық білдірем: кере қарыс маңдай, кішілеу келген қыр мұрын, құлімдеген әдемі қара көз жігіт! Бұғағы шыға бастаған... Бұрын оқып жүргенде талдырмаш, нәзік едім, енді карным қампиып, жыл сайын денем толып келеді. Бас дәрігер әлі де сұқтанып қояды, бірак соктықпай, қызметімді тып-тыныш атқарып, бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүре бердім...

Адамда нысалп жоқ. Бір күні төсекте жатып Сағила:

— Ниязка, үстімде киімім жоғын білесің бе? — деді, даусынан бұрын сезілмеген олқылық тапқандай болдым.

— Жоқ... Расында киімің жоқ па еді?

— Құдай адамға көзді неге бітірген? Көрмейсің бе?.. Мен әзіл ғой деп, бұл сөзіне мән бермедім.

— Не киім керек?

— Доктордың әйелі сүмірейіп жүдемей, жарқырап көзге түсіп жүргені келісті... Тұлкі жаға драп пальто... Ақ боты... Панбарқыт көйлек... Алтын жұзік... Алқа... Алтын сағат... — Ар жағын шұбырытып айта берер дегендей, сөзін бөліп жібердім.

— Ойбай-ау, ондай ақшаны қайдан алам?

— Доктор кісі ақша таппай ма? Тіс салатын көрші дәрігер қалай жақсы тұрады. Көрмейсің бе?.. Жақында екінші үй салып алды! Сен де істе: үйге шақырып, «прием» жаса...

Мен шошып кеттім.

— Сагышжан, мен «прием» жасап, үйде «емхана» аша алмаймын. Ол менің арыма сыймайды.

— Арыңа сыймаса, отыр осылай, бұғағынды түсіріп. Бұл сөзі маған жаман батты. Бірақ жанжал шығып кете ме деп үндемедім. Ол күнгі сөз осымен бітті. Мен де, о да бұл тақырыпка қайтып оралмадық. Ертеңінде қызметте жайлы орнығып отыра алмадым. Қыскы даланың ақ қар бұрқасыныңдай әлсін-әлсін бұрқаған ой көнілді аландата берді. «Ақша тап!». Қайдан табам?

Бас дәрігердің кабинетіне кірсем, жалғыз отыр екен. Я сәт, оңаша сырласып, бір тіл табыссам!

— Я, доктор жолдас, қалай, үйленді деп естідім бе? — деп ол күлімсіреді. Баяғы ызғары білінбейді, жылыған секілді.

— Бір жыл бол кеткен істі жаңғыртасызыз-ау... Жақында балам да болады!

— Біз әлі тойды тосып жүрсек... Уакасы жоқ, екі тойды бір қосып жасарсызыз... — деп күлді ол.

Өзімді дара ұстап, жекеленуімнің кате екенін сезініп, ұялып:

— Элбетте, элбетте... — дей бердім.

— Шаруанды айта отыр, коллега.

— Айтсам, ақша жетпеуге айналды. Семьяның аты семья!

Бас дәрігер сәл ойланып:

— Басы артық қазір орын жоқ, — деді. — Мүмкін, сен теміржолға баарсың. Әнеукүні солар бізге үш сағатқа ларинголог керек деген-ді. Одан бері кісі алып коймаса... Мен біліп қояйын, ертең хабарлас!

Куанып, үйіме қайттым. Басы артық қалада ларинголог жок. Қайдан оңай таба койды дейсін. Бас дәрігер бұл жолы маған мейірімді, ақкөніл, адал адам сияқты көрінді, тегі, мен өзім бе, түсінісе алмай жүрген, кім білсін...

Бірақ бұл куанышым су сепкендей басылды. Сағыш шырай бермеді. Күндеңідей алдыннан шықпады, мойныннан құшпады. Сыпайы, салқын асты столға жасап берді де, өзі қызметіне кетіп калды.

Жалғыз адамның тамағынан ас өте ме! Шала-шарпы іштім де, теміржолшылар емханасына барып, түстен кейін үш сағат істейтін боп келісіп, аяңдал Ертістің жиегіне бардым.

Павлодар — Қазақстанның ешбір қаласына ұқсамайтын ерекше қала. Қаланың құрылышы, үй салысы — архитектурасы емес, халқының мінез-құлқы бөлек. Айрықша көзге түсетін бір қасиеті енбексүйгіш, үлкен-кіші демей, ертеден кеш не заводта, не пристаньда жұмыс істейді, жұмыстан оралған соң, күн батқанша қала шетіндегі немесе ауласындағы бакшасын күтіп, бағады. Біріне-бірі жиі араласып, айғай сап сапырылысып және жатпайды. Жай күнде мас боп жүрген бейсауат бір адамды көрмейсін. Тәртібі өте күшті. Қас қарай қақпа, терезені жауып, үй шаруасына кіріседі. Бақшадан қолы босаған жастар Ертіс жиегіне барып, қайық теуіп, ән салады. Тұн ортасы ауғанша үй-үйдің алдында құбір-құбір сөз, махабbat жырын шертетін қыз берін жігіт. Осындай тәртіпті де салмакты халықты мейрамдарда көрсөн: қаланың астана-кестенін шығарады. Думан-шу, ән-күй қаланы басына көтеріп, Ертістің ар жағындағы орманды жаңғыртады.

Осы бір ойдың жібін тарқатып өзен жиегіне келсем, бір топ адам паромға мініп жатыр. Әзіл-құлкі. Сол думанның арасынан Сағиланың даусы жекеленіп, «мен мұндалап» шашырып тұр. Өз құлағыма өзім сенбедім — елес болар! Ықылас сала құлағымды тағы да тіктім: сақылдан ұзақ құлетін әдеті де. Сол, Сағиланың құлкісі. Әне бір көк ала жемпір киіп, домаланып жүрген сол емес пе?

Бұл қайда барады? Маған неге айтпайды? Жүрегім дүрсіл қағып, ашу керней бастады. Жанына жетіп барып, жанжал шығарып, үйге алып қайтсам ба? «Жә, Нияз-ая, балалық мінезден арылатын уақыт жеткен жоқ па? Қызғану — тағы адамға тән, көзі ашиқ, білімді азаматқа ондай қылық қорлық

екенін білесің бе. Егер де сені алдап жүргеніне көзің жетсе, үн-тұн жоқ айырылыс та кете бер». — Өзіммен іштей кенесіп, тоқтау салып, үйіме оралдым.

Тұн ортасында Сағила қайтты. Екі беті дуылдап, көзі мөлтілдеп, үйге рухтана кірді.

— Я, қайда жүрсің, достым? — Мен өзімді баса алмай, сыр білдіріп алдым: даусым сәл дірілдеп шықты. Сағила шап беріп мойнымнан құшып, шөп еткізіп сүйіп алды.

— Сен мені іздеп театрға бардың ба?

— Бардым.

— Ие не деді?

— Өзің айт қайда болғаныңды. Біреудің не дегенінде нен бар.

— Біз Ертістің ар жағына өтіп, жетінші ауылға концерт беріп қайттық. Асығыс болып, саған айта алмай кеттім. Айтпады ма вахтер?..

Көнілім орнына түсіп, бұлты ыдыраған күндей жадырай бердім. Қосалқы қызмет істемек болғанымды айттым. Сағила қуанғаннан шөп еткізіп тағы да бір сүйіп алды...

Екі жерде істеу оңайға түспеді. Бірін бітіре сап, кез келген асханадан женіл-желпі тамақ жеп, дірдек қағып, қаланың шетіне қарай екінші емханаға жүгірем. Одан қалжырап, иығым салбырап, үйге жеткенше тұн болады. Алғашқы кезде үйрене алмай, киналып, жаман жүдедім. Шертиіп шыға бастаған қарын тартылып, көп ұзамай бәйге атындај жарадым. Өзімді өзім айнада көріп шошып кеттім: өнім күп-ку, жас шағымда бетімде аздаған секпіл болушы еді, сол қайта шыққан, көзім бұрын кара сияқты еді, енді түсін өзгерктендей: қоңыр ма, немене, танымай да қалдым.

Мұнша неге жүдедім?

Сағила бір күні төсекте жатып:

— Ниязка, мен екіқабат бол қалыптын... — деп еңкілдеп жылап жібергені. Мен жалмажан қуанғанымнан бетін, көзін, ернін сүйе бердім.

— Айналайын, неге жылайсың?

Әдетте, әйел қуанып, күйеуіне үлкен сыр ғып жеткізуши еді, бұл не қылық? Жоқ, әйел қуанғанда Сағила сияқты бұртиып, жек көре, итермелеп, жыламайтын болар.

— Айтшы, күнім, не істеймін?

- Мен бала таба алмаймын...
- Неге?
- Кішкентаймын...
- Мен дәрігермін ғой, бір жолын табармын.
- Жоқ, баланың әзірге керегі жоқ.
- Түсінбеймін, Сағыш...

Осы түннен бастап екеуіміз тағы да ерегестік. Ол «алдырып тастаймын» деді, мен көнбедім. Ақыры мен жендім. Заң мен жағында да, ол, «сотталып кетесің» деген соң, «бабекаларға» бара алмады. Бірақ менің мінезімнің шет жағын сезіп қалды: бір қисайсам, сіресіп, айтқанымнан қайтпайтыным оған ұнамағандай. Іштей сыр түйіп, бұрынғыдай ашылмай, сақтанып та жүретінді шығарды. Дәл босанардан екі күн бұрын ол маған:

- Егер осыдан өліп кетсем, кінәлі сенсің! — деді.
- Неге, Сағыш? — дептін сасқанымнан.
- Анада ескерткем, енді көлгрісіме!
- Мен сені өлімге берем бе, Сағышжан?
- Сен Құдай емессің!

Шынында, бұл неге үрейленіп, корка береді? Акушер дәрігерге барып, ақылдасып ем, ол бұрын Сағиланы көрсе керек, біледі еken. «Бірінші босанатын әйелдің бәріне тән қауіп. Ал Сағиланың үрейленуі заңды. Себебі сүйекті әйел емес, денесі құшық, баланың жатқан жері тар, сак болайық», — деп ақыл салды. Я, бұл жағын ойламасам керек, осы сөзден кейін жаңым қалмады. «Толғак қысып кетіп, тез жеткізе алмай, әуре болам ба» деп те үрейленем.

Сағила аман-есен босанды. Қызы бала тапты. Сағилаға ұқсас болсын деп, атын Сәбила қойдық. Алты айға жетпей, емшектен шығарып, шешесінің колына берді. Сөйтіп, баламды өз үйімде әлпештеп, қызықтай алмай, күнде қайын атамның үйіне барып, телміріп отыратынды шығардым. Тек бар медеуім: «Өсіп, ес білген соң, колыма алармын» болды...

Сағила бала тапқан соң, бұрынғыдан бетер құлпырып, әсемденіп алды. Мүше-мүшелері сараланып, сымбат-тұлғасы көзге ілінді. Екі жерде істеген соң ақша да жинала берді. Сағышты судай жаңа киіндірдім. Жаз болса: үстіндегі ғұлді жібек көйлек, қолда ақ биялай, аяқта сүт түстес туфли; қыс болса кигені: тұлқі салған қаракөл пальто, аяқта ақ боты. Тіле-

гін орындағым. Оның қабағы өз үйімнің аяу райын көрсетіп тұратын барометріне<sup>1</sup> айналды. Ол ашуланса, ренжіп, мұңайса, үйімнің берекесі кетіл, өзім пұшайман боламын; ол құндері тамақ, та әзірленбей, қалған-құтқанды жеп, қисая кету әдетке айналды. Ол тұні Сағила кеш қайтады. Тегі, менің нервіме ойнап, әдейі жанымды қинай ма деймін. Мен де үйықтамай тосып жатам, келісімен бас сап құшактап, аймалап, күйіп-жанам. Ол: «Шаршап келдім, қойши, пожалуйста!» деп қеудемнен итереді. Мен қарсы дау айта алам ба? «Рас, рас, ұзак қүнге бір дамыл алмайды!» деп іштей аяп та қоям.

Сағыштың мінезі құбылмалы, дәл күзгі құнгі Баян тауының басындағы бұлт тәрізді. Құтпеген жерден жанжал шығарып, көз жасын оп-онай сығып алады, сонда не үшін сөз көтерді десен, — ұсак-түйек, кәкір-шүкір. Үй болған соң, бірде тамақ уақытында піспей қалады, енді бірде примус жағатын керосин таусылып қалады, соған ескерту жасасан, шу көтереді, жылайды, ақыры жауапты мен боп шығамын. «Тегі, нерві тозған көрінеді, жазда курортқа жібермесем болмас» деп өзіме өзім ақыл салам. Баяғыдай екеуіміз сыр шертісіп, сылқ-сылқ құліп, тұн ортасына дейін болашақ өмірге киял жүтіртуден қалдық. Көбіне, ол теріс қарап үйыктайды. Өміріміздің сиқы осылай келіспей жүрген кезде, аға дәрігер шақырып ап, маған: «Москваға білім жоғарылататын алты айлық дәрігерлік курсқа бар, профессор Преображенскийдің клиникасына бір орын берді» дегені гой. Жармаса тұстім. «Сағила жеке қап бір ойлансын, жалғыздықтың дәмін татып, толқымалы мінезін сабасына түсірсін. Соңсоң ретін тауып, Москваға алдыртайын да, театрларға апарып тамаша қызық көрсетейін» деген ой сол минутта жер әлемін аралаған ракетадай миымды бір аралап шықты...

Әрине, бұл жоспарымды Сағилаға айтқаным жоқ. Тек:

— Мен ертең Москваға жүрем, — дедім.

Сағила шарайнаның алдында бұйра шашын тараң тұр еді, бар денесімен бұрылды:

— Москваға? — Таңдана да қуана қарады бетіме.

— Алты айға.

— Алты айға?

<sup>1</sup> Аяу райын өлшегіш.

Мен басымды изедім. Ол ар жағын тәптіштеп сұрамады. «Неге барасың, мені ала кет» деп те айтқан жок, үйден әндете балаша секіріп шықты да кетті. Бұл неге куанады... «Нияз барса, мен де барам, несіне қазір ауыз ауыртайын» дегені ме? Осы үйғарымың дұрыс па деп қалдым. Бұрынғысындағы наздаңып, саусағымен шашымды тарап, құмарлығы артты да қалды.

- Мен сағынбаймын ба?
- Өзің білесің.
- Сен ше?
- Мен... сағынамын.
- Сонда сен қалай жүресің?
- Сені алдырам!..

Осылайша жас балаша шолжаңдап сөйлеп, мені шығарып салды. Поезға мініп ап, Москваға қарай зымырадым...

\*\*\*

Орысша айтқанда, мен бір «скучный» — көңілсіз адаммын. Карты, преферанс, шахмат сияқтыларға аса құштар емеспін.

Бір кезде картаны талай ойнап, талай ұтылдым да, ақыры койып кеткем. Себебі қол шықпайды. Карты құмар ойыншылар не дейтінін білмеймін, менің топшылауымша, «кол шықпайтын» адам, тегінде, болатын секілді. Бірде ұтыш, бірде ұтылсан қызық қой, бірынғай ұтыла берген соң, адамның тауы шағылады екен... Сол сияқты, шахматты да екі жыл ұдайы ойнап, кисын-теориясына дейін оқып, түрлі гамбиттердің<sup>1</sup> жүрісін жатқа да үйреніп алғам. Ақыры одан да зеріктім. Менің көп жолдастарым бос уакыт табылса, не преферанс, не шахмат ойнайды. Әсіреле, жол жүргенде терлеп-тепшіп, қызыл кенірдек бол, ертелі-кеш даурығып отырғаны... Жоқ, мен кітап оқығаннан, біреумен әңгімелескеннен асар рақатты білмеймін.

Москваға келе жатқан купедегі жолдастарым карты ойнайық деп шакырып еді, бармадым. Іштей дүдәмал боп, байыбына жете алмай жүрген ойларым барды. Оңашада соның жібін тарқатып, қайтадан ширата ескім келді.

Сағила маған неге өзгерді? Өзгерді деуге талассыз дәлелім қандай? Осы бір сұрақтарды карта ашқан сыйғандардай

<sup>1</sup> Шахмат ойынының бастапкы жүрістерінің бір тәсілі.

алдыма жайып сап, жауап іздедім. Бұл жолы өзіме өзім батыл бол, іштегі бүкпе сырды актарғым келді. Оған әділдігім, батылдығым жетсе.

Сағила өзгергені сөзсіз. Әуелі баста сонша назды да жібек мінезді жан еді. Мен дегенде үзіліп тұратын. Енді ол ашуланшак та қатал. Кейде қытымырланып, маңына жуытпайды. Андаусызыда бір сөз айттым дегенише, пәлеге қалғаның — жылап, айғай сап, есінді шығарады. Бала дегенді біржола ұмытып, шешесіне беріп құтылды. Ең болмаса күніне бір барып, бетінен де сүйіп тұрсайшы. Ол жоқ. Бала таппаған адам секілді. Үй аңырап тұр, сәні кеткен. Тіптен мен болмасам, былығып, қоқсығы ауызынан шығатын салақ әйелдің тап өзі: ер киімі үқаланып әр жерде жатады... Қолы тимейтін болар десен, күніне бір рет тамақ істегеннен басқа, үй шаруасына бұрылмайды. Репетиция бар, концертім бар деп сылтау тауып, кетеді де қалады...

Әлде Сағила өзгермеген болар? Үйінде осындағы «еркек шора» бол өскен кыз, маған бойы үйренген соң, бұрынғы әуеніне басқан-ды.

«Жоқ, бұлай қара бояумен Сағила мінезін тым қарайта суреттеу, кеміту Нияздың арына жата ма? Жан дегенде жалғыз жары... я, ойлан, Нияз! — деді іштей андушым қарсы дауласып. — Біреудің ерке өскен жалғыз баласы, тұрмыстың аңы дәмін татлаған асай, әлі үйренер де, ақылы жүре толысар. Асығыс тұжырым жасап, кейін ұялып қалма!». «Жақсы, жақсы, солай-ақ болсын! Олай десен, мен жүрерде неге қуанды ол? Сонда бір «құпия» жоқ па?».

Басымды жастықтан кенет көтеріп алдым. «Мүмкін бе? Әлде ол айнып, басқа біреуді сүйіп кетсе ше?...».

Осы бір ой тікендей қадалып, мазаны ала берді де, Москваға жеткенше әуре-сарсан қылды. Келесі бір станциядан түсіп қап, Павлодарға қайтып барсам... Біреумен құшактасып жатқанда, дәл үстінен шықсам...

Тісімді шықырлатып, жұдырығымды түйіп атып тұрып, купеден шығып кеттім. Толық келген, ақсары, мыс түстес бұйранған шашы бар, мен құралыптас әйел шылым тартып тұр екен. Тұрім өзгеріп кеткен бе, маған таңырқай қарады. Мен де арқамды беріп, теріс айналдым: терезенің сұық шынысына

бетімді тақап, поезбен катарласа жарысқан орманнан көзімді алмай тұра бердім.

— Гапу етініз, әлгіде купеде медицина тақырыбын сөз ғып жатыр едініз, дәрігер емессіз бе?

— Иә, дәрігермін, — дедім селқос жауап қатып.

— О, коллега екенбіз ғой. Доктор Сусанна Михайловна Потоцкая, — деп танысты. Демалысқа Москваға бара жатқан дәрігер екен, Бурабайда бір санаторийде өкпе ауруның маманы көрінеді. Ашық, жайдары адам ба деп жобаладым, жатырқау жок, бауырына тартып, әкетіп барады. Дауылдай үйіткыған көңіл толастап, Сусанна Михайловнаның сөзіне жас балаша үйи бердім. О да менің көңілімде ақау барын сезгендей, әр жерінді бір басып түртпектеп, тіл тиегін ағытқысы келеді. Мен де оны сынап, қадала қараймын. Ысылған мәдениетті әйел екені жүріс-тұрысынан, сөз орамынан, киген киімінен білініп-ақ тұр. Москваға жақындағанда медицина тақырыбын тастап, әрқайсымыз өз мұнымызды шертіп, бірімізден біріміз ақыл да сұрастық.

— Нияз Базілевич, сіз сүю дегенді қалай түсінесіз? — деді ол.

Екеуіміз тағы да тамбурда жеке тұрмыз. Мен жымидым.

— Мәңгі ескірмейтін жана тақырып... Шынын айтсам, бұл мәселеге шорқақпын, доктор. Бір қыз ұнап еді, үйлендім. Артынан соған өзім ғашық бол қалсам керек.

Сусанна Михайловна да күлді.

— Е, ертеде Рим ақыны Катулл айтқан көрінеді: «Үйленген соң ғашық болма! Ғашық болып үйленбе!» деп...

— Міне, осыны білсем ғой, ат-тонымды ала қашам...

— Ғашық болғаныңызды қайдан білесіз? Мүмкін...

— Айтқанын істеймін. Қарсы келмейім. Қызметтен қайтуын асыға күтем... Құмартам да отырам! Бұрын қыз қүнінде олай құмартқам жоқ-ты.

— Егер ол жазықсыз күйдірсе, қайтер едініз?

— Ақыл айтып, түсіндірер ем.

— Ұрысар ма едініз, егер ол сізді тастап кетсе?..

— Атамаңыз!.. — деп шошынып, кейін шалқая бердім.

— Мысалы дейім... Қайтер едініз? Не істер едініз? Не атылып, не асылып өлер ме едініз?

— Жоқ!

— Жақсы. Егер ол сіздің көзінізге шөп салса ше? Мен сәл кідіріп, ойланып қалдым. Кешеден бері қиналып жауап таба алмай жүрген сұрағым тағы да алдынан шықты. Ал ақылды болсан, жауап қайыр! Тайсалма!

— Мен бе?..

— Я, сіз! — Сусанна Михайловна менің көзіме тесіле қарап, ауыз айтпаған сөзді көзімнен тапқысы келгендей.

— Айту қын. Ашу алдында...

— Жақсы. Енді мен айтайын, сіз оны сүймейсіз! Мен қарқ-қарқ құлдім.

— Құлменіз! — деді Сусанна Михайловна. — Алты ай өткен соң, осы сөзімді есінізге түсіріңіз! Кім оң болар екен, сонда сойлесейік. Әзірге айтарым: ұнау бар, сүю бар — екеуі екі басқа ұфым, достым. Адам сүйгенін қызғыштай қорғайды, әлпештеп, қадірлейді, ең жақсы да, ең жақын да, басқадан артық та сол!..

— Қызық екен! Ал ұнату деген не?

— Көп адам ұнатып үйленеді де, артынан соған үйренеді. Мысалы, бүгінгі жастардың көпшілігі осылай өмір сүретін сияқты. Бір-біріне бойы үйреніп алса, адам сыйласудан қалады. Сыйласпаса, келісім жок, келісім жок жерде сенім бола ма?

— Гапу етініз, коллега, осы айтқаныныз өз сөзініз бе, жок, біреуден оқып алдыныз ба?

Сусанна Михайловна «кекесін емес пе» дегендей сынай көз таstadtы.

— Мұны өмір тәжірибесінен шыққан қисын деп ұғыныз, коллега! Гапу етініз, сізге бір сұрақ: әйеліңіз сізге ұқсай ма?

— Мінезі ме, тұрі ме?

— Тұрі.

— Жоқ... Оны неге сұрадыныз?

— Меніңше, ерлі-зайыпты екеуі бір-біріне ұқсас болуы керек.

— Қызық екен. Осы бір жайды менің де байқағаным бар, көп адамның әйелі еріне ұқсас, соны не деп ұғасыз?

— Тұрлері, бет әлпеті ұқсас келгендердің семьясы да тұрақты. Тегі, мінездері де бара-бара ұқсаса, егізденіп кете ме дейім. Өзіне ұқсап тұрған адамды, бәлкім, орасан жақсы көретін де болар...

Сусанна Михайловна өте ақылды әйел көрінді маған. Москваға барған соң да хабарласып, театрға, паркке бірге барайық деп уәде байластық.

Москвада профессор Преображенскийдің клиникасында құлак, тамақ, мұрынға операция жасауды үйрендім. Күнде сағат тоғызда барып, күндізгі екі-үшке дейін лекция тыңдал, түрлі операция жасап, көзді қандырып, қолды шеберлікке жаттықтыра бердім. Әсіреле кенірдек, көмекей операциялары маған қыынға тиді. Бұрын дәрігер деген атым болмаса, көп жайдан хабарым жоқ екеніне қатты өкіндім. Өзім қатарлы құбылас дәрігерлердің колы анағұрлым епті де батыл. Мен кейде аурудың диагнозын да қоя алмадым. Студент күнімде бір-екі наукас адамның көмейіне үнілдіріп, «мынау рак», «мынау фиброма» деп шала-шарпы қөрсеткені барды. Ол есте қалмаса керек. Әскерде қызмет істеп жүргенде, ондай ауыр сырқаттар кездеспеді. Әдетте, солдаттардың денсаулығы мықты келеді, олардың арасында не құлакқа сұық тиіп ісініп, артынан ірің ағады да, не тамаққа сұық тиіп қарлығып жазылады, не мұрнынан су ағып, тымауратып барып түзеледі. Осыдан басқа ауру жоқтың касы. Әрине, мұндай тәжірибемен жақсы дәрігер болмайсын, ермек әншейін. Білімінді жаңғыртып, газет-журнал оқып отырмасаң, институтта алған білімің тотығып, қарайып қалуың да онай.

Мен өзімнің медицина ғылымына жетілмеген шорқақ, сорлы екенімді профессордың сөзін естігенімде анық аңғардым. Кейде мүлдем бейтаныс, жат терминдер де ұшырасып, артынан жолдастардан сұрастырып немесе сөз жүйесінен андаған кездерім де болды.

Бір күні, өзіме өзім ыза болып, киналып, жатақханаға қайтсам, Сусанна Михайловнадан ашық хат жатыр. «Кешкі сағат 6-ға дейін пәлендей нөмірге телефон соғыңыз» депті.

Астыңғы автоматтан айтқан нөмірді тердім. Тосып отыр екен, телефон құлағын өзі алды.

— Нияз Базілевич, қалайсыз?.. Мен бүгін Үлкен театрға билет алдым. Жүрініз, «Князь Игорьді» тыңдал қайтайық! — деді ол.

Көнілім әр тарапқа бөлініп, жүдеп жүрген кісі — жабыса кеттім. Қандай ақылды әйел, шіркін! Жалма-жан киініп, таранып, көшеге шықтым.

Дүниеде ең бір жаксы көретінім — кешкі Москва! Москвандың кешкі көрінісі таңғажайып керемет. Оның сол көркін көрген де арманда, көрмеген де арманда! Жалт-жұлт етіп электр отына безенген зәулім қала қиялмен жарасып, адамға ерекше әсер бітіреді. Тамашалап көзінді суарып жүре бергін, жүре бергін келеді. Сендей соғылысып ағылып жатқан халық, тасқын сияқты жаңқадай үйіріп, ағызып алып кетеді. Қала гүлдеп, жер теңселіп тұрғандай. Не алдағы, не қатардағы пардың сөзін естіп болмайды. Тек көзбен ғана шамалап, «сөйлесіп барады-ау» деп түйесін.

Магазин, театр, ресторан алдындағы көк, қызыл, сап-сары, жап-жасыл жазулар бір сөніп, бір жанып сан құбылып, «мені оқы, мені оқы» дегендей бәсекелесе жарысып тұрғаны. Бірінің артынан бірі шынжырдай тізбектелген машиналар, халық тобын кейде жарып, кейде өте алмай, кептеліп қалады...

Біздің жатақхана «Көтеріліс» алаңында еді. Асықпай жаяу жүріп отырып, Арбатқа бардым да, метроға тұстім. Жыландаидар ирелендеген экскалатор жылжып апарып поезға төгіп жіберді, поезд көзді ашып-жұмғанша лақ еткізіп «Свердлов» алаңына құя салды. Ертелі-кеш құмырсқаның ұясындағы алаңда құжынаған халық арасынан сыйтылып өтіп, Үлкен театрдың алдына жақын бардым. Сусанна Михайловна театр алдында тосып тұр екен, анадайдан таныдым. О да мені көріп, кең басқыштан тәмен түсіп, қарсы жүрді.

— Менің де келгенім осы, — деді ол ілгері бастап жүріп. Сусанна Михайловнаның киген киімін әуелгі кезде байкамап ем, жарық залға кіргесін еріксіз ілінді көзіме: бакайына түсіп, сүйретіліп жатқан пан-барқыт койлек, белі қылдырықтай, мыс түстес шашын кошқар мүйізденеп дәл төбесіне түйген, бүкіл сол театрдағы эйелдердің алды сияқты көрінді маған. Қолтықтастып фойені бір айналып шығуға ғана мұршамыз келді, қонырау қағылды. Орнымыз партердің алдыңғы қатарында екен. Отырар-отырмaston, увертюра ойналды. Кейде қайғылы да, кейде шат-шадыман толқынды музыка менің де ой-сырыма үндес шығып, баурап алды. Қасымда отырған Сусанна Михайловна Сағилаға айналды. Қолын қысып, өкпе-назымды сол музыкамен жеткізіп те бақтым. Аздан соң өзіме көңілім толмай, әлденені уайымдадым. Медицинадан артта қалып қойғаным,

өмірім болса өтіп бара жатқаны есіме түсіп, кінәні Сағилаға арттым...

«Я, Сағыш, мені «мешәндүк» өмірдің шырмауына іліктірген сен!» деп күбір-күбір етіп отыр екем, Сусанна Михайловна құлағыма сыбырлап:

— Не дейсіз? — дегенде барып есімді жинадым. Сусанна Михайловна екі беті дүүлдап, маған таңдана қарап отыр екен, бойымды сәл жинақтап, тартына қалдым. Бірақ оның хош иісі, тығыршықтай жас денесі елтітіп, жанымды қинай бастады.

«Қой, аулақ!.. Сағиланың көзіне шөп салмақпсызың, ұялсаншы!» деді тағы да іштей бір дауыс.

Жолшыбай қайтып келе жатып, музықадан алған әсерімді, оның арман-қиялымды оятып, болашағымды есіме түсіргенін Сусаннага сырғып айттым.

— Менің өз топшылауымша, — деді Сусанна Михайловна, — көп дәрігердің бірі боп, өмірдің көленке жағымен сіз де ықтап журе берген сияқтысыз. Бұл жалғыз сіздің басыңыздары кінәрат емес, қайталап айтам, көп дәрігерлердің басындары кінәрат. Институт бітірісімен баяғы жаттап алған рецептімен емдейді. Өзіміздегі, шет елдердегі жетістіктермен таныспайды... Солардың бірі — мен өзім!

Иә, Сусанна Михайловна, бұл сөзіңіздің жаны бар шығар, өйткенмен, өз басымды ерекше атағым келеді. Кей әйел дәрігерлер семьялы болған соң, газет-журнал оқуға қолы тимей кетеді. Ал кей еркек дәрігерлер басқадай себебі болып, мысалы, әкімшілік қызметте жүріп, кешендеу қалады, ал мен өз басымды арашалап алатын дәлел тапладым. Мұрнымнан шашылып, таусыла қызмет істеген күнім және шамалы, қолым көбіне бос болды... Осы бір жайды іштей таласа, қатар ойласам да, Сусанна Михайловнаға басқаша айттым.

— Эрине, бірсыптыра жағдайда біздің еміміз шипа болмайтыны, өзімізде күн болмайтыны осыдан!.. Салқын-салак емдейміз, жанымызды сап ынта-ықыласпен емдеу аз, — деп Сусаннаның сөзін қолдай салдым.

— Неге салқын-салак емдейміз? Осыған көз жібердіңіз бе? — деді Сусанна мені ықтиярсыз әнгімеге араластырып.

— Еңбекақыны ай сайын үкімет қалтаға салып беріп

отырса, жан ауыртып қайтеді. Ақыны науқас төлесе, онда көрер ем, қалай емдегенін...

Сусанна Михайловна күлді:

— Адамды жақсы жұмыс істететін тек ақша ғана болғаны ма? Ар-ұят, ұждан қайда?

— Соның бізде аз болғаны да. Үкімет бес жыл ақша беріп оқытады, істе деп енбекақы төлейді, сонда да біз науқас адам келсе, шатынап, қыр көрсетіп, бәлденіп бағамыз, кейде зекіп, сөгіп те аламыз!

Сусанна Михайловнаны қолтықтап Горький көшесімен жүріп келеміз. Ағылған халық.

— Меніңше, көбіміздің медицинаға қабілетіміз жоқ, қызығып түстік те оқып қалдық. Дәрмен шамалы, — деді Сусанна маған жабысып.

Мен «мүмкін» дей салдым да, тағы да өз ойыма көштім. Қасымдағы Сусанна Сагилаға айналып, іштей соның сұраптарына жауап бере бастадым.

Сусанна Михайловна үйіне жеткенше көсіліп сол такырыптың ұршық жібін тарқата берді. Кей сөзін тыңдал, кейде өз ойыма ауысып, оның ой түйінін ұстай алмай да қалдым.

— Қазір жаңа ашылған антибиотика<sup>1</sup> медицинада революция жасап отыр... Жақында өкпе ауруына керемет күшті стрептомицин дейтін дәрі табылды... Осының бәрі біздің дәрігерлерге өте ауыр жүк артады... Бірақ бірыңғай жаңа деп, өз кезіндегі «kreazot» рөлін ұмытуға жарай ма? Оны да тастамайық!

Сусанна Михайловнаның кейбір сөздері мені таң қалдырады: біресе «антибиотика медицинада революция жасады» дейді де, біресе «kreazotты ұмытпайық» дейді! Өзіне-өзі қайшы кеп, қабыспай жатқан бір дүние.

Мен үндемедім. Сусанна Михайловна да сейлеп-сойлеп қалжырады да, біргіндеп даусы бәсендеп барып тоқтады. Үйінің алдына да келген екенбіз, жоғарғы үшінші этажда от жанған терезені иегімен нұсқады:

— Мені тосып отыр!

— Кім?

— Апам... О да дәрігер, күйеуі атақты профессор-геолог.

<sup>1</sup> Жаңадан ашылған бір топ дәрінің аты.

— Сіздің бұғынгі құрметіңді немен ақтай алам деп қысылышп тұрмын, Сусанна Михайловна. — Осы минут шын пейілмен алғыс айтқым келеді.

Сусанна Михайловна сөзімнің астарын түсінді ме, жынып:

— Сізден ақы тілемеспін... Қарымын қайтару мойныңыздада! — деп, қолымды бір қысты да, күлген бойы үйге кіріп кетті.

Мен не дерімді білмей, сонынан қарап тұрып қалдым: қарымын немен қайтарам?.. Мен де билет сатып ап, театрға аппаратын шыгармын, басқа не дейсін? Қылышынан сөзі артық, сөзінен көзі артық, не қылған жан еді бұл?

«Қой, Нияз, өйтіп лепірме, сениң елде тосып отырған жарың бар...».

«Жар болса қайтем: екі ауыз сөздің басын құрап айта алмайды, түнде төсекте жатқанда айттыны «ақша, киім, мода», одан басқа білетіні жоқ. Не медицинадан, не басқа ғылымнан титімдей хабары болса, бұйырмасын!..».

«Қойныңдағы әйел білімді емес, назды болсын!».

«Бұл — тоғышарлардың тілегі, біздің заманда ондай әйел серік болмайды!» деп өзіммен өзім егесіп, жатақханаға қалай жеткенімді де білмей қалдым.

Бірақ Сусанна Михайловнаның қарымын қайыра алмадым. Менің мойнымда қарыз боп кете барды. Әне-мине деп жексенбіні күтіп жүргенде, санаторийдің бас дәрігері тығыз телеграмма беріп, Сусанна Михайловнаны шақыртып әкетті. Менің әлімнің келгені: поезға шығарып сап, қоштасып, Бурabayға демалысқа келмекші болып уәде бердім...

Енді менің алаңдайтын кісім де жоқ. Ертеден кеш клиникадан шықпай, медицинаның бүкіл «қара жұмысын» істедім: науқастарды күтуден бастап, қыын-қыын операцияға дейін өз қолиммен атқардым. Баяғы институтта алған білімім бастаушы ғана екен, дәрігерлік өнерді сонда үйрендім деп айтудың өзі киянат сияқты. Көмей, құлак-шеке, кенсірікке операция жасау қызықты да қыын екен. Жүрексінбей, бірінен соң бірін жасап, үйреніп алдым.

Профессор арқамнан қағып: «Сенен бірдеме шығады!» деп маған үміт те артады. Бесінші айға аяқ басқанда: «Сен осы клиникада қалсан қайтеді, адам қылайын!» деп профессор ой салды. «Адам қылайын» дегені — ғылымға бағыштайын

дегені. Эрине, бұл бақыт. Атакты профессордың қол астында істеп, диссертация корғау — әр дәрігердің арманы. Қалай бас тартайын! Елге барып, қызмет орнынан рұксат алғып, әйелімді көндіріп, күзге қарсы оралуды макұл көрдім. Мүмкін, әйелім көнбес? Оған қызмет табыла ма? Сонсоң, Москвада ең қыныны — пәтер. Қайда тұрамыз?

Профессордың ықыласына рақмет, бірақ тұрмыс жағын ойлаған да жөн. Осы ойымды айтып, мен Сағилаға толық хат жаздым. «Профессор Преображенский — дүние жүзіне аты шыққан ғалым. Медицина ғылымында оның үлесі де көп, енді сол кісі мені өз қасында қалдырығысы кеп отыр. Бұдан артық бақыт бар ма?..» деп мактана жазып, хат ақырында: «Көшіп келу жағын ойлан» деп салмақты өзіне арттым... Бір ай тостым, жауап жоқ. Я, келгелі хатқа екі жағымыз да салақсып, кейде арасы үзіліп қап жүрді, бірақ оған маңыз бермедім. «Гастрольге кеткен болар, қайтем уайымдап, маған дәл бүгін Москвада керегі білім!..» деп өзімді өзім жұбатып, жеңіп алдым. Баяғы студент күнгі білімге құмарлығым, күш-жігерім қайта оралды. Елдегі бұйыры мінез қалды. Салмақты болам деп ыңырана сөйлеп, самарқау қозғалатын әдет өзінен-өзі жоғалды, не істесем де шапшаң, жылдам қимылдаймын. Жүріс-тұрысым да пысып, ебден ширап алдым. Анда-санда айнаға қарап, өзіме өзім таңданып та қоям, екі бетім ұшы қызырып, көзімнен нұр оты шашырайды. Бір рух пайда болғандай. Әлбетте, күтімім жоқ, аздап жүдедім де, баяғы студент күнгі нәзік, талдырмаш қалпыма қайта келдім... Бір күні жатақханаға кеш оралдым, бір науқасқа бронхоскопия<sup>1</sup> жасап, кеңірдегінің бас сабағынан туберкулез таптым. Қолдың әлі де ысылмағандығы ма, операция өте қын болып, шаршап қайтқан ем, стол үстінде хат жатыр еken. Куанып, жалма-жан ашып жіберсем, Сағиланың колы емес. Бөтен, танымайтын біреудің хаты:

«Сізге жаным ашып, осы хатты әдейі арнап жаздым. Сөзім аңың шықса, кешірім сұраймын, — деп бастапты хатын. Бұл кім еken? Жүргім соғып, бір сүмдикты сезе бастадым. Алдымен хаттың аяғына көз жіберіп ем, атын қоймалты. Анонимка<sup>2</sup> — домалақ хат. Так, бұл азамат маған не қыл дейді?

<sup>1</sup> Кеңірдекті дүrbімен карау.

<sup>2</sup> Ат қоймай жазатын жасырын сез.

...Сіз жокта Сағила өзгерді. Сіздің арыңызға қол сұқты, еркектік намысынызды корлады. Сізді жақсы көргендіктен, шыдай алмай, ойда-жоқта қолыма түскен осы бір дәптерді жеткізуді өзіме борыш деп ұқтым».

Көзім қарауытып, басым айналып, ұзак отырып қалыппын. Апрай, бұл не сұмдық? Жалған біреу арамызға от тастап, жорта жазды ма? Су ішіп, аздал есімді жинап, дәптерді ашсам, бұз да танымайтын бөтен қол, Сағила мен Мергенбай дейтін біреудің күнделік өмірін қөзben көргендей, көк сиямен қағазға түсірген де отырған.

«...Бұгін ансамбль судың ар жағына шығып, алтыншы ауылда концерт берді». Бұгіні қашан? Датасына қарасам, бір жыл бұрын — мен ол күндері елде екем, әлі жолаушы жүрмеппін. Сонда... Е, бір күні «алтыншы ауылға бардық, концерт койдық» деп келіп еді-ау. Я, кетіп бара жатқанын өзім де көргем жоқ па!.. Эр жолына түсіндірме бермей-ақ, бастан-аяқ әуелі оқып шығайын да, сонсоң қорытынды бір-ақ жасайын.

«...Мергенбай сол ауылға кеп, зерттеу жүргізіп жатқанды. Кешке колхоз клубында сауық кеші болады деген соң, о да барған. Ең алдыңғы қатарға барды да, қасқая отырды. Бастан-аяқ тыннады. Сағила шыққанда жымындал, қолын қайтакайта соға берді. Концерт аяқталған соң, Мергенбай сахнаға көтеріліп, Сағиланың қолын кысып, мақтап, екеуі мәз-мейрам болды да қалды. Әншілер киініп, колхоз бастығының үйіне қарай аяннады. Сонда ет пісіріліп жатқан-ды. Жүрт артынан керенаулау Сағила мен Мергенбай шықты. Екеуінің арасындағы болған сөз:

— Сіздің даусынызды естіп, көрсем-ау деп талай құмартып едім. Көрдім, енді мен бақыттымын.

Сағила сылқ-сылқ күледі:

— Рақмет!..

— Мұндай дауыс тек Барсова мен Күләшта ғана бар.

— Азыра мақтадыңыз-ау!

— Шындықты жақсы көрем, қарында!..

Осы арада Мергенбай Сағиланың қолынан ұстап, сипап тұрып:

— Шіркін-ай, қолыңыз қандай жұп-жұмсақ! Сүйер ме еді!.. Рұқсат етсеніз... — деп еңкейіп сүйіп алды. Сағила қолын

тартқан жоқ, күліп, масаттанып қалды. — Сағила, қалада жолығып, бір сыр айтайын деп ем сізге!..

Екеуі колхоз бастығының үйінде бірге рюмка түйістіріп арақ ішті... Мергенбай қапсағай денелі, талпак мұрын, бадырақ көз ірі жігіт, күлмей отырғанда түсі өте сұық. Сағила оның қасында түйенің жетегіне байлаған тоқтыдай...

Екі күн өткен соң, кешке жақын репетициядан ерте шықты да, Сағила салып ұрып кинотеатрдың алдына барды. Сол арада Мергенбай тосып тұрған еді, екеуі киноға кірді... Қайтарда Мергенбай үйіне дейін апарып салды.

Сөйлескен сөздері мынау:

— Сағилаш, сенің күйеуің кім осы?

— Дәрігер.

— Қайдан келді ол?

— Қызы Шығыстан, әскерден.

— Э... Біреулер пленнен қайтқан десіп, қауесст таратып жүруші еді, сол ма?

— Пленнен?.. О жағын білгем жоқ, менен жасырып жүрмесе.

— Сезіктеніп сұрап қалма, қайтесің... Кім қайдан қайтпай жатыр.

— Жоқ, әшейін айтам. Менің не жұмысым бар. Екеуі көшениң дәл мүйісіне келіп айрылды.

— Сағыш, ертең мен звандайын ба?

— Өзіңіз білініз... Тағы да қолын сүйеді...»

Ар жағын окуға дәтім шыдамады, қолым дірілдеп, көзім буалдырланып, ұшып тұрдым. Дәптерді кереует үстіне лақтырып жібердім. Ай-ай, бұдан асқан зұлымдық болар ма!.. Қөріне көзге біреудің семьясын бұзу, бұзуы былай тұрсын, ер-азаматты қорлап, жала жабу... Екі қолымды шашыма көміп жіберіп, жұлқылап отыра бердім... Біраз уақыт өтсе керек, әлден соң есімді жинап, дәптерді қайтадан қолыма ап, эрі қарай тағы оқыдым... Екеуінің қай жерде, қалай кездескенін, не сөйлескенін тәптіштеп күн санап жаза берген. Дәптердің жиырма төрт бетін түгел шимайлаған. Соның ішінде ен соңғы беттері есімде қалыпты:

«...Бұғін Мергенбай Сағиланың үйіне бірінші рет қонаққа барды. Екеуі арақ ішіп, қызды, Сағила ән салды. Мергенбай

орнынан тұрып, еңкейіп, екі бүктеліп оның аузынан сүйді... Шіреніп, диванға жатып, шылым тартты да, былай деді:

— Сағыш, осы байың сені тұсінбейді ғой деймін!

— Оны қайдан білесің?

— Дәрігерлер адам денесін ұстап-ұстап әбден еті үйреніп, сезінбей кете ме деймін!..

— О да мүмкін. Осы мен соның «жаным, күнім» деген бір сөзін естіп көргем жоқ!..

Осы сөзді оқығанда, «Ах, айуан!» деп айғайлап жіберсем керек, қасымдағы бірге жатқан жолдасым кіріп келіп: «Немене, не болды?» деп сасып қалды. Мен оған: «Жәй әншейін» дедім де, теріс айналдым. Қорланғаным сонша, көзіме жас іркіліп, қалш-қалш етіп, отыра алмай, көшеге шықтым.

«Тезірек Павлодарға жетіп, ол қатынның көзін жой да, кегінді ал!» деді іштегі әзәзілім тұртпектеп. Я, күйеуінің көзіне шөп сап, ар-намысын аяғымен басып жүрген зұлым қатынға нендей жаза қолданса да обал жоқ!

Көшеде халық саябырлаған, машина аз, салқындал жүріп келем, Смольный алаңына дейін барып, кері қайттым.

Опасыздыққа шек бар ма екен бұл дүниеде?!

Жоқ, әлдебіреу арамызға әдейі ши жүгіртіп ашпақ па? Мүмкін емес, бұл дәптерді ойдан шығарып жазды деуге болмайды, ақылға салсан, ішінде шындықпен қабысып жатқан факті бар, және де қарапайым адам көркем шығармадай қалай жымдастырып киуюын табады. Бұл дәптер — біреудің сырттай аңдып жүріп, көрген-білгенін жазып отырған күнделігі. Жазған адам соларға таныс, ішінде бірге жүрген кісі — неге андиidy? Әлде Сағила алдан кеткен біреу ме, өшін алып отырған?

Не істесем екен?.. Бәсе, соңғы кездерде Сағиланың мінезі кенет өзгеріп еді, «киім, ақша», — түрлі себептер табылып, көңілді сұыта, алыстата бастауының да себебі осы екен ғой... Ол өз арының алдында маған тапқан кінәсі. Ақымақ мен өзім! Өліп-өшіп, айтқанын екі қылмай, колын жылы суға малдым да қойдым. Жалғыз бала анау, шешесінің колына апарып тастанап, ең ақыры көзінің қырын да салмайды. Осында женілtek, үшқалақ әйел семьяға тірек бола алушы ма еді? Оны білсөн, о баста неге үйленді? «Назды, қылықты» деп ынтызар болған өзің емес пе? Иә, мұның бері тұрмыстан хабары жоқ, сұр бойдақ дәрігердің ойынан шығарып алған арманы көрінеді.

Мен кереуетіме шаршап, талығып жығылдым. Тұнде бір оянып, бір ұйықтап, әрі-сәріде қиналдым да жаттым...

«Не істесем екен?» Осы сұрақты жарты айдай толғатып, қолайлы түйін таба алмадым.

Хат жазып, «мен келгенше, кет!» десем... Жұзі қараны қайта барып көргенде маған не түседі?.. Жоқ, онан да өзім барып тұнде үстінен түсіп, қуып жібермесем, үйімді тонап кетер... Түү, мұның бәрі жігерсіз, талапсыз адамның ақылынан шыққан жасық ойлар. Егер әкемнің өсиеті бойынша коммунист болсам, қайтер едім?

Рас-аяу, менің орнымда коммунист болса, не істер еді? Я, коммунистер де мен құсан, қысылғанда жол таба алмай, абдырап қала ма? Олар тапқыр да батыл, олар күрескер, киынга төзімді дейтіні қайда? Коммунист болсам, мені солай тәрбиеlep, үйретпей ме? Әкемнің өсиеті орындалмай қалғанының зардабы әкеп осыған сокты десем, артық айтпайым ба? Әкем сияқты коммунист алдымен Сағила сияқты мешанкаға үйленер ме еді, үйленсе, тезге сап, үйретіп алмас па еді?.. Жоқ, ештен кеш жақсы. Мен де өзімді сол коммунистер катарына койып, шешім ізделп көрсем қайтеді? Осы ойға тоқтап, барынта-жігерімді окуға салдым. Жүдедім, тұн ортасына дейін дөңбекшіп, ұйықтай алмай, «веропал», «люминалдарды» да ішіп бақтым, іше беру тағы да пайдасыз... Не де болса шыдадым.

Осындай қысылып жүргенімде, өмірдің екінші бір толқыны теңселте тағы сокты. «Медицинский работник» газетінде күн сайын ана жерден бір жау, мына жерден бір жау табылып, «ашық ауыз» деген термин де пайда болды. Газеттің емеурініне қарағанда, қасымызда жүрген дәрігердің біріне сенуге болмайды. «Аптырмай, бұл қалай, ә?» деген таңғажайып сұрақ белі құмырсқаша иіліп, әрқайсымыздың алдымызда тұрды да алды. Уш адам бас қосса, ашық сейлесуден қалды. Екі-екіден, онаша күбірлесіп қана қояды. Менің қасымда жатқан дәрігер, Москва тубінің бір ауданынан еді, қалада дос-жарандары көп, күнде жоғалып кетіп, бір қапшық сөз теріп әкеледі. Ол ұйықтап жатқан мені оятып ап:

— Нияз Базилевич! — дейді сыйырлап. Көзімді тырмалап атып тұрам.

— Тсс. Шошыма! Мен ғой. Жаңалық бар! Бүгін профессор

пәленді... жауып қойыпты! — Мен бір тал сіріңкені алғып, қабыргаға тағы да бір сзызық сымам.

— Нешеу болды? — дейді ол.

— Біреу, екеу... бесеу... тоғыз... он!.. Бұл оныншы профессор! Бір айдың ішінде...

— Коллега, осылардың бәрі жау дегенге сенесің бе? — дейді ол менің көзіме тұра қарап.

— Жоқ! — деймін де, іштей осы дәрігердің өзінен сескем, көзіне қадалып, арамдық тапқым келеді. Не үшін сұрайсын? Әлде, әдейі тамырымды басуға салды ма сені? Дәрігерімнің басы салбырап, тұқырайып, маған қарамайды. Бәсе, ары шыдамай, қиналып отырған сияқты.

— Эй! — даусым қатаң шықты. — Сен менің жаңағы сөзімді жеткізем деп зуре болма, есінде болсын, күәң жоқ!

Дәрігер қанын ішіне тартып, сұрланып, маған кенет бұрылды:

— Не дейсің? — Маған жиіркене қарап: — Дурак! — деді де, орнынан тұрып кетті. Жердің тесігі болса, кіріп кетуім ықтимал-ды, қып-қызыл бол, екі бетім дуылдан, сасқанымнан теріс қарап, бетімді жастыққа тыға қойдым. Ой-бу, Құдай-ай, бұл не деген корқактық! Қоян жүрек, сорлы, бүйтіп жер басудың қажеті қанша? Екі көз бірін-бірі атқан деген осы-ау? Жанындағы жолдасына сенбе, сонда өзіне сенесің бе? Міне, өзіңе де сенбейтін заман осы... Не бол барады бұл дүние?

Жолдасым әрлі-берлі толқып жүр, басқан қадамы соншалық ауыр, мені басқа тепкендей, кереуетім солқ-солқ етеді.

— Кешір, айналайын! — Қиналып, қасына бардым: — нерві құрғыр кейде бой бермейді!

Жолдасымның қабағы шытынқы, ерні қисайған, шылымды бұркыратып тарта береді.

— Мұның аты — психоз? Бұл — ауру, кінәлі емессін, достым! — деді қатал үнмен.

— Доктор, осы уакиғаны Сталин жолдас білмейтін болар, тегі! — Кінәмді жуғандай енді сырымды актара ашыла сөйлемдім.

— Неге білмесін, үкіметтің басында отырған адам білмейді деуге бола ма?!

— Білсе, неге рұқсат береді?

— Жау деп есептейді де.

— Сеніңше, қалай, осы профессорлар шын жау болғаны ма? Совет өкіметі орнағаннан бері адал қызмет істеп келеді, өзі сияқты талай мамандар даярлады. Не үшін олар жау болады?

— Мен осыған өзім де жауап бере алмадым.

— Тұсінбеймін.

Терезеден тұнгі Москваға көз жіберсем, ара ұсындаған гүлдеген қала тынышталып, ұйқыға шомған кез екен. Көшे тым-тырыс. Анда-санда терезе түбінен жүгіре басып біреулер өтеді.

— Осының барлығы қолдан жасаған жау болмаса дейім.

— Онда қандай мақсат бар?

— Кім білсін...

Енді әрі сузуға болмай қалды, сөз шегіне жеттік.

Күніге ертемен киоскаға жүгіреміз, алдымен «Медицинский работникті» сатып ап, ашып жіберіп, «жау» іздейміз: кай институтта, қай лабораторияда жау табылды екен? Одан табылмаса, клиникаға кіріп, құлак түріп, ауызша жаңалықтарды естіміз. Қаланың әр бұрышында тұратын дәрігерлер, әжесінің ауыл балаларына таратқан ірімшігі тәрізді, уыс-уыс хабар үлестіреді. Клиникаға кіре бергенімде-ак, киім іліп тұратын әйел:

— Профессорды бүгін түнде жауып қойыпты! — деді.

— Білеміз! — деді жолдасым, басқаға жорып.

— Білсөң, сол, қайтып жүре бер. Бүгін клиника жабық.

— Не деп тұрсың, бабуся? — абыржығаным сонша, қолынан ұстай алып, өзіме бұрдым.

— Дегенім сол!.. Бейшара, кішкентай күнінен бастап, әкесінің соңынан еріп, осы клиникада өсті...

— Кім?

— Мифұла, айтып тұргам жоқ па, профессор Преображенский.

Бұл бізге ашық күнгі нажағайдай естілді. Аң-тан, не дерімізді білмей, тіліміз күрмеліп қалды. Бірімізге біріміз қарап, сөзсіз түсіндік. Халат киіп, кабинетке кірдік те, дәрігерлермен солғын амандастып, ісімізге кірістік.

Аздан соң оку бітті. Қалтада диплом, елге қарай мен де зымырадым. Іш алай-дүлей, көніл жабыңқы. Кім деп барам? Қайда барам?

Тегі, маған Павлодардан басқа бір қалаға ауысу керек

шығар. Әлде Алматыға барып, ғылыммен айналыссам ба? Сағила тұншықтырып, шала-жансар ғып тастаған арманым қайта тірілді. Өмірдің ең жақсы қасиеті де, тіршіліктің мәні де — өнер. Қолдан келсе, өнерінді көрсетіп бақ, істе, бұл дүниеге келгесін, бос кетпе!

«Жақсы адамның аты өлмейді» дейді қазак, ол — жақсы адам артына үлгі қалдырган болар, әйтпесе, несімен жақсы атанады. Жақсы дәрігер болу өнерге байланысты. Ал ол өнер менің бойымда болса, тысқа шығармай, неге өлі сақтайым?

Кеше үйлендім. Бүгін сол әйел менің ар-намысымды аяғына басып, тастап кетті, не қалды артымда? Не бала, не семья жоқ, сока басым!

Поезд Павлодарға жақындаған сайын, жүрегім дөңгелекпен қатар жарыса дүрсілдеп, алып қашады. Енді аздан соң поезд кеп станцияға тоқтайды... чемоданымды сүйретіп мен де түстім. Жұрт улап-шулап, жақындарын тосып ап жатады, мені тосқан тірі пенде болмайды, сүмірейіп, жалғыз өзім автобусқа мініп қалаға тартам... Мен түскенде қас қарайды. Қарсы кеп қалмаса, ешкім танымайды... Ақырын басып үйімнің алдына барам. Терезеден сығалаймын. Екеуі төсекте құшақтасып жатады!.. Ах, сволочтар! Құш-салмағымды сап, есікті итеріп қалам, тиегі атып кетеді, кіріп барам, Сағила «ах!» деп есінен танып жығылады. Мен анаған: «Шық, мынауынды көтеріп ала шық!» деп жирене ақырам. Ол дірілдеп, кайтерін білмей, сасқалақтай береді...

Ойлағандай, кас қарай үйіме келсем, есікте қос жұдырықтай қара құлып салулы тұр. Чемоданымды баспалдаққа коя сап, қайын атамның үйіне кірдім. Баламның тілі шығып қапты, былдырлап жүгіріп жүр екен, мені көріп, тұра қашты.

— Айналайын, келе ғой, мен папаңмын! — деп қолымды созып ем, бетіме қарап тұрды да, «мамалап» кейін қашты. Астыңғы ас үйден сатымен жоғары көтеріліп келе жатқан енем, мені көріп, сасқалақтап, қолындағы тарелкасын түсіріп алды.

— Сені де көретін күн бар екен-ау, қарағым!

— Е, немене, Тескентау өтіп кетті деп пе едіңіз? — дедім қыңыр сейлем.

— Жоқ, балам!.. Осында сені Москвада ұстал әкетіпті деген лақап тарап...

— «Ұстап әкеткені» қалай?

— Абақтыға жауып қойыпты дескен. Мен езу тартып, мырс еттім.

— Сол еken ғой, үйіме қара құлып сап, бекітіп тастағандарыңыз?

— Енді қайтеміз, үйде кісі жоқ болған соң.

— Сағила қайда?

Енем, «әлі естімеп пе ең?» дегендей, бетіме тандана қарайды.

— Естімеп пе ең, Сағила басқа үйге шығып кеткен.

— Шыққаны қалай?

— Ойбай-ау, саған жаздым дегені қайда?.. Бетім-ау, не деп тұрмын? Жоғары шық, балам!

— Жоқ, апай, кілтті берініз! Әуелі үйіме барып, чемоданымды қойып, шешініп келейін!

Қара құлыпты ашып, үйіме кіріп барсам, нәрсемнің бір де біріне тимеген, жинаулы, сол қалпы... Тек төсек-орнын, киім-кешегін ғана алышп кеткен.

Жуынып, киімінді ауыстырып, енемнің үйіне қайта бардым. Қайын атам да қызметтен келген еken, амандықтан басқа сөзге бармай, қипақтап, ауыр халде отырды. Ас үстінде сөзді өзім бастадым:

— Сағила әуелде де онай жолмен үйіме кіріп еді, сол онай жолмен үйімнен шыққан көрінеді, уақасы жоқ! — Енем мен атама тіксіне қарап, кекете сөйлемдім. Байқаймын, атам жердің тесігі болса кіруге әзір. Өні қашып, зорға отыр, ерні салбырап, қабағын түйе түседі. Енем сып-сындалп көп сөйлейтін жеңіл әйел еді:

— Дәм-тұздың таусылғаны осы да, қайтесін, қарағым... — деп күрсінген болды.

— Дәм-тұзды тағдыр тауысты деп отырсыз ба, апай? Әлпештеп, бетінен қақпай өсірген қызыңыз да!.. Менің нем ұнамай қалты? — деп әлгі бір әзірдегі мыскыл-кекесін қалыптан жаңылып, қатал-дірілдек үнмен сөйлей бастағанымды өзім де аңғардым.

— Біз де осы сөзді айттық, балам! — деді енем тағы да күрсініп.

— Тіл алмайтын, бейбастақ қып өсірген өзіңіз де! Осы бір сөлекет іске алдымен сіз жауаптысыз, еней!

Қайын атамда үн жоқ. Енемнің екі көзінен жасы парлап, кемсендеп:

— Құдай енді осы сөзді де естіртті ме! — деп шәлісінің ұшымен көзін басты.

Осы кезде есік ашылып, әдейілеп шақырғандай Сағила мен еңгезердей шойын қара ерек кіріп келді. Мен атып тұрғанда, столды қағып жіберсем керек, табак төңкеріліп, ет-метімен жерге құлап тұсті. Сағиланың әке-шешесі де сасқалақтан, өре түрегелді.

Сағила жалған күлкіге сап, шешесі мен әкесінің кезек-кезек бетінен сүйді де, маган қолын берді.

— Доктор жолдас, сәлеметсіз бе?

Мен қолын алғам жоқ. Жиіркене қарап, қолымды артыма тыға қойдым.

— Мергеш, — деп Сағила «енді не болар еken?» деп сақтана күткен шойын қараға бұрылды. — Жоғары шық!.. Таныс, мына кісі Доктор Дарханов!

Шойын қараға мен жақын барып, бетіне бетім тақап, көзіммен көзін атып, арбасып тұрып қалдым. Көртік танау, бадырак көз, кен мандайлы ерек еken, о да маган «ссенсін бе?» дегендегі тесіле қарайды. Жас шамасы менен үлкен болмаса, кіші емес, денесі қалыптан құйып шығарғандай, тіп-тік, екі иығына екі кісі мінгендей, атан жілік жігіт еken. Палуан денесіне қараған мен жоқ, не тіл катып, не бір қимыл жасаса, шықшыттан қондыруға әзірмін. Енді Сағила да сасайын деді. Жүгіріп арамызыға тұstі.

— Мергеш, қолынды бер! Бер! — деді күйеуіне. Ол ұсынып еді, қолын алмадым... Кереуетте ұйықтал жатқан баламды көтеріп ап, жөнеле бергенде, енем бақырып жармаса кетті:

— Тиме балаға! — Бұл кезде шошып оянған бала бақырып, үйді басына көтерді. Баланы тастай беріп, салым суға кетіп, сүмірейіп үйден шықтым...

Женді бұлар!.. Буыным бекіп, бұғанам қатпағанын осы жолы анық аңғардым. Қын жағдайда айла-тәсіл, өткір сөз таба алмадым. Өрісім тар, адымым қысқа, ойым шолақ еkenін білгізіп алдым. Қап, осылай оқыс кездесіп қалғанда «не деу керек, өзімді қалай ұстая керек» еkenін құн бұрын неге ойламадым?

Кекесін-мысқыл, әжұа-тәлкек осындайда табылмайтын ең

өткір құрал емес пе? Жаңағыдай дөрекі мінез, топас сөзден гөрі жанына батыра мысқыл сөзбен неге кекемедім?

Үйге келдім де, керуеуетке етпетімнен құладым. Сол жатқаннан ертенгі сағат жетіде бір-ақ түрдым; осыдан кейін аңғарғаным: шарайнаның алдына барғанда, самайымнан бір тал ақ шаш таптым. Бүгін таңда ағарды ма, жоқ, жолшыбай ағарды ма, әйтеуір, іштегі қасіреттің таңба, белгісі-ау деп ұқтым...

«Адам өмірінде жылға бергісіз күн болады» деуші еді әкем марқұм, сол күнді мен басымнан өткіздім. Сол күні кексе адамдай ақыл-ойым толып, мінезім қалыптасып, өзгергенім өзіме мәлім. Сол күннен бастап ұзак сапарға шыққандай белді бекем буынып, өзімді жинақы ұстай бастадым. Кеткен әйелдің қасіретіне құйініп, тіршіліктен қалуға бола ма?.. Кеше қол бермей, жиіркенішті көз тастағаның ерен тапқырылық. Түсінген кісіге одан артық қорлық жоқ!.. Тек, бір кемістік болды, ол — шығып бара жатқанда кеудені керіп, басты шалқайта шығудын орнына, бүкірейіп, сүмірейе шықтың, Нияз! Осы арасы ғана келіспеді... Айналайын-ау, босқа кайғырып, өзінді өзің жегенде не түседі? Енді ол кез келсе, үйленбеген, бірге тұрмаған кісідей бол! Ажуалап-кекеп, әуре қыл өзін!.. Негұрлым дүрдиіп, ашу білдірсөн, соғұрлым оның мерейі өсіп, жайнай береді, «е, жақсы тастан кеткем, өйтпегендеге, мынадаймен күн көруін де қиын» деп, әлдеқандай болуы ықтимал. Бұл — іштегі әзәзілдің азғырынды сөзі.

Емханадағы дәрігерлер де менің жай-жапсарымды естіген сияқты, бәрі жылы жүзben қарсы алып, қолымды қысып, «каман оралғанымды» құттықтап жатты. Әдемі дәрігер келіншектер қылмындал, жымия қарай бастады. Әсіресе, менімен қатардағы кабинетте науқас қабылдайтын ұзын бойлы, қараторы, арықша келген Генриетта Марковна дейтін терапевті барды, сол үйіне қайта-қайта қонаққа шақырып, салған бетте мені иемденіп алды. Күнде сыланып-сипанып, кербез киініп, құлпыра түседі. Қызметіне ертерек келіп, сөз арасында байқамаған кісідей сүйкеніп, жалынды көз де тастайды. Әуелгі кезде дәрігердің бұл мінезі өзіме оғаш, өрескел көрінсе де, артынан бойым үйреніп, мен берілдім.

Ақыры үйіне қонаққа бардым. Екі үлкен бөлме. Іші толған жасау. Өзінен басқа үш жасар қызы бар екен, күндіз оны қаланың басқа шетіндегі шешесінің қолына апарып тастан,

қызметтен шықкан соң алып қайтатын көрінеді... Полковник күйеуі соғыста қайтыс болыпты.

Екеуіміз шарап ішіп отырып, біраз сыр актарыстық. Ол өзінің өмірін жыр қылса, мен Москвада көрген-білгенімді айттым.

— Осы Москвада атакты профессорларды жауып қойды дегені рас па? — деді ол бір мезгілде.

— Сіздер де естіп қалдыныздар ма?

— Естімей... Газетке жазып жатқан жоқ па!.. Ондай хабарларды күн сайын сапырылысып жатқан халық газеттен бұрын жеткізеді.

— Иә... — Аз ойланып: — Түсінбеймін! — дедім.

— Сонда, оларды сіз жау емес дейсіз бе?

— Жау деп айтуға тілім бармайды. Совет өкіметімен бірге жасасып келе жатқан ғалымдар... Ах, керегі не соның! — деп қолды бір-ақ сілтеп, орныман тұрып кетіп, радиокабылдағыштың құлағын бұрадым... Сол бір тұнді енді есіме түсірсем, баяғы «Мың бір тұндегі» «жұмбақ тұннің» бірі боп шықты. «Сонда... оларды сіз жау емес дейсіз бе?» деген сұрақта көп сыр бар екен.

Екі күн өткен соң, «Соғыс комиссариаты шақырып жатыр» деп, әлгі дәрігер сұранып кетіп еді, қызметтің аяқ шенінде өң жоқ, тұс жоқ, қайта оралды. «Саған не болды?» деп ем, «Жәй, әншейін, шаршап келдім» дей салды... Бірақ мен оған сене қоймадым. Жүргінің түбінде тырналып жатқан кара мысықтың барын сезіндім. «Бұғін үйіне ертіп барайын ба?» деп ептең сөз тартып едім, көнбеді, күрсініп, қоштасып кете барды.

Москваға барып оқып келгенім маған қанат бітірді. Аз уақыт ішінде бүкіл облыс қолеміне данқым жайыла бастады. Данқымның жайылуына себеп болған бір мұғалім:

— Доктор, — деді ол мұләйімсіп, сыйырлап, — міне, үш жыл қызметсіз жүрмін. Бала-шағам бар. Пенсиям жетпейді, — деп қынжылып, көзіне жас алды. Шынында, халі аянышты екен. Жасы қырықтар шамасында, бірақ шашына ақ кіріп, картайып қалты.

— Даусыңызды қалай жоғалтып алдыңыз?

— Әуелде сұық тиді, содан қырылданап қалдым. Тегі, бір ісік бар ма, немене, кейде тұнде құрғап шығады.

— Ауыра ма?

— Жоқ!

Мұғалімді қарама-қарсы отырғызып қойып, айнамен көмекейін қарадым. Айыр көмекейінің түсі — сол қалпы, өзгерісі жоқ. Дыбыс бергенде ғана екеуінің арасы сәл қосылмайды, алшақтау. Не болды екен? Менің ойланып қалғанымды сездіме, тесіле қарады:

— Доктор, не де болса, адалын ала айтыңыз, бар дүниемалымды сатып, Москваға барып қаралайын!

Мен жынысып, иығынан қақтым:

— Бүгін ешбір уайым жемей, үйге қайтыңыз, ертең даусындызы шығарып берем!

Мұғалім сенбеді. Иығын қиқаңдатып:

— Қайтесіз мені әурелеп... — деді.

— Әурелегені несі?.. Шын айтам! Ертең бір ем жасайын, содан кейін даусың шығады.

— Сыбырлауды қоям ба?

— Әлбетте. Оған сіз екі де екі төрттей сеніңіз! Қайтарып жіберіп, тұні бойы оку құралдарын аудара төңкеріп, ем іздендім. Таба алмадым. Тапқаным: медицина ғылымында дауысты емдеу жайында енбек аз жазылған. Енді қайттім? Кітаптарды лақтырып тастап, ойға шомдым. Әдетте, айыр көмекей бірінебірі тиіп, жабыса қалады, ал бұл кісінің айыр көмекейі талтаяшып, қабыспайды? Неге? Егер ісініп-домбықса, қызарар еді, олай емес, аппақ! Ендеше, нервке байланысты болғаны да... Айыр көмекейді басқарып тұратын нерв бұзылған, дұрыс істемейді. Ол неліктен? Тегі, әуелгі кезде сұық тиіп ісінген де, артынан, «кійпир-ау, даусым шықпай қала ма?» деп қорқып, әйеншектеніп, біржола дағдыға айналдырып, үнін өшіріп алған.

Бұған ем бар ма?

Нервті емдейтін нендей ем бар екен? Дәл қазір нерв қызметін дұрыс атқармай, арындаған аттай бұзылып тұр. Гипноз жасаса, қайтер еді? Сөзбен жеткізе айтып, нандырса... «даусың жоғалған жоқ, катты айғай салсан, шығады» деп сендіріп, миына құйып иландыру керек!..

Он шакты дос-жарандары ере кепті. Емхананың іші күбір-күбір сөз. «Ойбай, Дарханов операция жасап, біреудің жоғалған

даусын шығармақ!» деп алдымды орап, түрлі саққа жүгірте бастаганы және байқалады.

— Ал, дайындал, қазір даусынды шығарам! — деп ұлken операция жасайтында қолымды жуып, білегімді сыбана бастадым. Мұғалімнің екі көзі шарасынан шығып барады, өні бозарып кеткен:

— Кеспейсіз бе? — деді.

— Жоқ!.. Көмекейіңе дәрі жағам!.. Тек менімен бірге айғай сала бер!.. — Ол жадырап, үнсіз басын изеді. Қарсы отырғызып қойып, тамағын аштырып, зондты апара беріп (алдында сестраға да айтып қойғам), екеуіміз қатарласа «а-а» деп айғай салдық. Мұғалім біздің айғайға еріп, өз даусын ажырата алмаса керек, біз тына қалғандаған, өз даусын өзі естіп, куанғаннан атып тұрды.

— Кел, тағы да! — деп қатарласа, қайтадан айғайлattым. Ақыры, екеуіміз косылып «әү-ой, дегенің» деп әнге бастық. Сенер-сенбесін білмей, үнін қайтадан жоғалтып алам ба дегендей, тағы да бір-екі рет айғай салып, құлімдеп жан-жағына қарады. Оның көз ізіне ілесе мен де есік жаққа қарасам: қаптап кеткен дәрігерлер, еуелде «бұл не айғай» деп шошып жиналса, енді тамашалап құледі. Ішінде менің дос бол жүрген терапевт дәрігерім бар, біреулері сүйсіне құлсе, енді біреулері жақтырмай, тыжырына қабак шытады: «Емхананы балағанға айналдыры ма!» дегенін сынайларынан сезіндім. Кейін соңай деп айтты да. Маған о кезде ем жасамайтын емханадан, мұғалімнің даусын шығарған балаған артық көрінгені рас!

Осыдан былай менің даңқым жайыла берді.

Ел арасындағы «сыбыс» радионың хабарынан да кем түспейтініне көзім сонда жеткен. Науқастар қаптап кетті. Бірі тамақ іше алмаса, енді бірі саңырау, құлағы естімейді... Ертеден-кеш емханада мені ғана атап, «Доктор Дархановқа жазыңыз, соған көрінем!» дегендер сыймайды, тіпті менің мамандығыма қатынасы жок сырқаттар да сұранып, мазалайтынды шығарды. Оған коллега-дәрігерлер намыстынып, қыңырайып, «арзан атақ» деген сөздің шет жағасын таратады.

Осы бір күндері облыстық Совет атқару комитетінің жауапты қызметкері кеп: «Аздан бері даусым қырылдан жүр!» — деп шағым жасады. Қарап жіберсем: айыр көмекейі-

нің сол жақ сыңары қызара бөртіп ісіп кеткен. Бұл не? Папиллома ма, жоқ, рак па?

Әуелі диагноз кой, соңсөн емде!..

Диагнозды кім жақсы қойса, жақсы емдейтін де сол!.. Екі күн әлкеніп, биопсия жасадым: жаңағы айыр көмекейдегі ісіктің бір шетінен кесіп ап, лабораторияға жібердім. Олар тексеріп, «папиллома» деп корытынды жасапты. Әрине, рак болмағаны жақсы да. Әй, әйткенмен, іштей сенбедім... Күндер өте берді, куанып науқас та кете барды.

Енді бір ай өткен соң, әлгі науқас тағы да келді, құр сүлдері қалған. Қыр-қыр етеді. Қарап жіберсем, тамырын жайып, далия өсіп жатқан рактың тап өзі. Алда тәнір-ай!.. Бармағымды тістедім. «Москваға бар, Алматыға бар, кайда барсан онда бар, әйтеүір емдел! Менің қолымнан келмейді!» — деп шынымды айттым. Науқас реніш білдірді: «Ең алғаш келгенде солай десеніз, бір сәрі... Енді кеш қалдым-ay!» — деді. Мен не дейін? Лаборатория қисық тексерді дегенде не түседі? Өз қолымнан түк келмейтін пенде екенімді сонда бір-ак сезіндім. Егер менен басқа дәрігер болса, тірі алып қалар ма еді? Лабораторияға сенбеуге бола ма? Кеше ғана атағым жер жарған «көмекей ауруының құдайы» емес пе едім, кезінде диагнозын неге дәл қойып, ауруын неге таппадым? Салақ қарадым-ay, тегі... Осы бір құдігімді, жақын досым деп Генриетта Марковнаға әнгіме қылдым: Ол: «Әй, тәйір, сөз бе екен сол!.. Дәрігердің қатесі көп болады, соның бірі де!» — деп жұбата салды...

Генриеттаның үйіне сирек барам, көбіне қол тимейді, ол өзі де басқа күнде шақырмайды, тек жексенбі күні ғана кездесіп, сырды ақтарысып, шер тарқатып аламыз... Дәл осы кезде мен жүдеп, ауыра бастадым. Мазам қашып ұйықтай алмайтын күйге ұшырадым. Кей түндері танды көзіммен атқызам, басыма мақта тығып қойғандай мен-зен боп қызметке барам. Нервім катты бұраған домбыраның ішегіндей, тиіп кетсен, дың ете түседі. Қошеде біреу артынан андып келе жатқан сияқты болады, кенет жалт бұрылсам — ешкім жоқ. Ұйықтай алмай шықкан түндері көбіне кітап оқып жатам, сонда біреу тереземнің түбінде жүреді де кояды. Қорықканға қос көрінеді, елес болар. Жоқ, елес емес, біреудің андып жүргеніне ойда жокта көзім жеткені. Сенбі күні кешке бірінші рет Генриеттаны үйіме

шакырдым. Ол менің пәтерімді көріп, тамашалап, жылы-жылы сөздер айтып, «ұқыпты еркектердің» қатарына қосып, көнілімді көтерді. Екеуіміз шарап іштік. Радиодан би музыкасын ұстап биледік те...

— Нияз Базілевич, естідің бе?.. Әнеугі тамағынан рак тапқан кісін өліп қапты ғой.

— Не дейді? Шын ба?

— Шын. Ешқайда бара алмапты. Үйінде жатып өліпті.

— Қайғыдан өлген болар... Әйтпесе, әлі де біраз өмір сүретін халі бар еді.

— Солай ұқса жақсы ғой, сен өлтірді деп өсек таратыпты біреу.

Мен сескеніп қалдым.

— Оны кім айтады?

— Әлгі биопсияны тексерген лаборантка менің құрбым еді. — Генриетта жан-жағына қарап сыйырлап: — Соны шакырып ап, анау үй сұрапты, — деді.

— Ие, ол не депті?

— Не десін, шынын айтқан. Сен туралы да сөз тартса керек... Байқа!

Ім. Бір сұмдық тақалған де!? Жок, өзімнің кінэм болмаса, адал еңбек етсем, менде несі бар? Біреу жала жапса, тексермей ме, ағына көз жеткізбей ме?..

Сол туні Генриеттаны үйіне шығарып салайын деп көшеге шықсам, терезе алдындағы жалғыз еменнің түбінде жабысып біреу тұр. Менен бұрын Генриетта көріп, тұртіп қалды:

— Көрдің бе?

— Нени? — деп мен жан-жағыма қарап, алақтап ем.

— Ақырын!.. Әне, ағаш түбінде біреу қарайады, — деді. Түн қаранғы еді, біздің даусымызды естіп қойды ма, жылжып, үйді айналып жоқ болды.

— Бұл кім-әй? — дедім мен айғай сап. Кім болса да, аңдып жүрген біреу.

— Қусақ қайтеді?

— Қайтесіз...

Генриеттаны апарып сап, үй маңында ұзақ жүрдім, келер деп аңдып байқадым да, қайтып ол көрінбеді. Кім еken бұл? Әлде Сагиланың әкесі ме? Ол неге аңдиды? Бұл не тонайын деп жүрген ұры, не... жоқ-жоқ! Атама! Олардың менде несі

бар? Манағы Генриеттаның сөзіне қарағанда, лаборантка әйел бірдеме деп шатастырды ма, кім білсін!..

Осы жорамалым дәл келді. Екі күн өткен соң Генриетта маған жылап келді:

— Лаборантканы жауып қойыпты! — деді. Терезеден жарқырап түсіп тұрған күннің көзін бұлт басып, кабинетімнің іші кара көленжеленіп, отырған орным ойылып, бір шыңырауға құлап бара жатқандай сезіндім. Жүргім лоблып, аузыма тығыла берді. Тек:

— Шын ба? — дей беріппін.

Генриеттаның өні құп-қу, дірілдеп, менен көзін алмайды.

— Саспа, отыр!.. Не болды?

Менің сөзімді тыңдаған Генриетта жоқ, әлденеден опық жегендей, қинала ойланып, маған бір сыр айтқысы келгендей оқтала түсіп, кетіп қалды...

Кешінде емханадан үйге қайтайын деп, халатымды енді ғана шешіп, іліп жатыр ем, сестра кеп:

— Сізді телефонға шақырады, — деді.

Барсам, жуан қоңыр дауыс: «Қазір бізге келіп кетіңіз!» — деді. Телефон құлағын тастап жібердім. «Бізге?!» Ол «бізді» білем. Қаланың орта шеніндегі сұр тас үй! Бұрын қасынан талай өткем.

Есіктен кіре бергенде, Сағиланың қара шойыны қарсы алдыннан кез бола кетті. Я, ол осында істейтін еді-ау! Ескі жолдастай құлімсіреп:

— Э, сіз.. ие... мұнда жүріңіз! — деді де, ұзын дәлізben ала жөнелді. Етігін сықырлатып, адымдай басып, түкпір жактағы кабинетке алып барды. Терезесі аулаға шығатын кішірек кабинет екен, маған есік алдындағы бос орындықты ұсынды да, өзі столына барып, жайлана отырды. Папкаға салған бірнеше қағаздарды аударыстырып, бірдеме оқыған болды.

— Сіз Москваға барып қайттыңыз ба?

Іштей ойланып қалдым. «Сволоч, біледі, әдейі сұрайды!»

— Мен Москвада жүрмесем, сен катынымды азғырып әкete алмас едің. — Құліп, әжуалай жауап қайырдым. Кейін білдім, менің жанымды алып қалған осы әдіс екен.

— Шатаспай, тура жауап бер! — деді ол даусын қатайтып.

— Осы жауабымды протоколға жаз, айтқанымнан қайтпаймын!

Шойын қараның жақ еті жыбыр-жыбыр етті. Тістеніп тісін сындырып алар ма екен?

— Сенің фамилияң Дарқанбаев емес пе?

— «Байды» косып отырған сен. Әкем Затонның жұмыскері.

— Түсінікті... Сен 43-жылы Львов түбіндегі лагерьде, пленде болдың ғой!.. Есінде ме? Мұстафа Шоқаев келіп, сені босатып алғаны?

«Үріпсің!» дедім іштей. Мұндай адамға дұрыс жауап беру — күнә.

— Сенің ағаңмен екеуімізді бірге әкеткен.

«Бұл кім өзі?» деп өмір тарихымен танысып жүргенде, бір қазақтан естігенім бар-ды: «Ағасы соғыста жоқ болды» деп, соны алдына тарттым.

Тергеушім шошып кетті білем, маған ажырая қарап:

— Қырық бесінші жылы институт бітірсөн, пленде қайдан боласын? — деді өзін-өзі ұстап беріп.

— Айтып отырған мен емес, сен!

— Тексеріс деген болмай ма? — деді даусы бәсендер, қырысынып.

— Мені сен тексермей-ақ қой. Таза, адал адамның ғана құқы бар тексеруге!

Тергеушім столды сарт еткізіп салып қалды.

— Не оттап отырсын?

— Олай десөн, мен саған жауап бермеймін! — дедім кисайып.

— Бокмұрын, шикі өкпе! — деді ол ызаланып орнынан тұрып. — Осы мінезіңмен не бітірем деп отырсың? Ал ертең менің үстімнен арыз жаз. Көрейін, не бітіргеніңді!.. Сен де бір, ана қабырғада жорғалап бара жатқан шыбын да бір: басып қалсам, жоқ боласың, бейшара!

— Қылмысым болса!

— Іздеген кісі табады. Профессор Преображенскийді білесін ғой?

— Білем.

— Міне, соның өзі-ақ жетіп жатыр түбіңе!.. Облаткомның хатшысын емдедің бе? Емдедің! Өлтірдің бе, өлтірдің!

— Жалған! — Айғай сап атып тұрдым.

— Отыр, отыр! — деді ол салмақпен. — Сен менің жұм-

сам — жұдырығымда, жазсам — алақанымдасың. Ұысымды қыссам — жаңын шығады. Ыңқ етуге шамаң келмейді.

Осы кезде телефон шылдыр ете түсті.

— Я, мен!.. Қазір, бес минуттан соң! — деп телефон құлағын қайта ілді де, алдында жатқан бір қағазды алғып, жазып-жазып столдың жәшігіне салды да, маған едіре耶 қарады: — Әзірге жүре бер. Вообще, тіліңе ие бол!

Мен қол қойдым да, қалпағымды алғып, ай-түйге қарамастаң тұра жөнелдім.

«Тіліңе сақ бол!» Маған жаңы ашығаны ма, жок, өз басын қорғағаны ма, түсініп қара!

Зымырап келем. Жан-жағыма қарауға да мұршам жок. Мұнымды кімге барып шағайын? Кім мені қорғап алады? Облыстық денсаулық сактау бөліміне, аға дәрігерге барсам: сонау бір кезден жақтырмай жүретін адамдар суға батыруға өздері көмектеспесе, жақсылық қылар ма? Бірақ әлгі тергеүші: «Колхозға барып, ұлтшылдық сөз сөйлепсің» деп бетіме баспады ғой, естісе, аянар ма еді?

Облыстық партия комитетіне барып, бұлардың істеп отырған қорлығын айтып, мұнымды шақсам, маған ара түсер мегеді?

Мен коммунист емеспін, қалай ара түсіп қорғай алады. Әкем марқұмның өсietін орындасам, бұл болмас та еді. Коммунист болсам, обкомфа барып, табан тіреп отырып сөйлеспейім бе?

Тоқта, достым, кеше ол: «Бар, үстімнен менің шағым жаса, түк қылмайсың?» дегені қайда? Обкомның хатшысы соларға сене ме, маған сене ме?

«Пленнен келген» десе — бітті, сені обкомның маңына жуытпас. Артынан бұл «жала, мен болған жоқпын» деп қуып, дәлелдеп көр!

Үйге қалай жеткенімді де білмеймін. Екі өкпемді қолыма алғып зытсам керек-ті. Жалма-жан есіктің тиегін сап, «уұ!» деп сылқ өтіп отыра кеттім.

Кім бұл шойын қара? Кім бұл менің соңыма түсіп жүрген? Әйелімді тартып алады, өзімді қуғындейдыш...

«Берілме, Нияз, жол тап!» дейді іштей бір ой демеп, қайрап. Қысылғанда жол табу! — Я, бұдан артық ер жігітті көркейтетін нендей қасиет бар? Кімге ақылдассам екен? Генриет-

таға барсам ба? Адамға сену киын-ау өзі. Сол Генриетта әнеугіден кейін жоғалып, көрінбей кетгі. Үйінде ауырып жатыр деген соң барсам, есігінде құлып тұр. Көршісі «әкесінің үйіне кеткен» деді... Әкесінің қайда тұратынын Нияз біле ме? Бұл неге қашып жүр менен? Е, мұны да мен жайында шақырып ап, қысқан ғой, сонсоң есі шығып кеткен болар бишараның...

Міне, ет жақын туыс адамның керегі осындайда! Әкең болса, бірге туысқан не аға, не інің болса, біреуі бір ақыл айтар еді.

Тұн. Жаңбыр сабалап құйып тұр. Шатырдан акқан су біреу краннан ағызғандай сарқырайды. Анда-санда нажағай жарқ етіп, қаранды үйдің ішін аппақ қып жарқыратып жібереді. Ерте жатсам да үйқым келмейді. Әлденеге елегізіп, мазам қашулы, Бір кездे біреу есік тырмалайды, тарс-тарс қакқан секілді. Келіп-ақ қалған екен!..

Атып тұрып, шам жағып, киіне бастадым. Қап, брезент етік, плащ әзірлеп қоймағанымды қараши.

— Бұл кім? — дедім ақырын.

— Мен! Аш. Тезірек! — деді сыбырлап әйел даусы. Апырмаяу, Сағиланың даусы ғой? Бұл неғып жүр?.. Қүйеуі қуып жіберді ме? Жүрегім дүрсілдеп, есік тиегін ағытып жіберіп, өзім кейін шегіндім.

Үстіндегі плащының сұзы сорғалап, Сағила кіріп келді. Байқаймын: әлденеге тарықкан адамның бет әлпеті. Есікті ұқыпташ жалты да, қасыма жақын кеп:

— Нияз! — деді көзіме көзін қадап. — Сені бүтін тұнде ұстайды. Қаш! Аз да болса дәмдес бол едік, қимадым... Ар жағын сұрама.

Мен мырс-мырс құліп, кекей сөйлемдім:

— Жаның ашығанына «рақмет!»

— Өзің білесін!.. — деп Сағила плащын қымтай киіп, есікке қарай беттеді.

— Токта! — Мен де есіктің алдына көлденең тұра қалдым. — Нендей кінә тағады екен, білесің бе?

— Бір дәрігер әйел арыз жазыпты. Мені итеріп жіберіп, шығып жүре берді.

Анырып есік алдында әлі тұрмын. «Қаш!» деген Сағиланың даусы құлағымнан кетпейді. Қаш дейді? Неге қашам?..

Ие, ол мені апарып жапсын, жауап алсын, тексерсін... Арыз дәлелденбесе, шығарып қоя бермей ме?.. Кім білсін.

Есің барда елің тап, кетейін! Енді тұра беруге болмас, уақыт тапшы. Апыр-топыр жинала бастадым: документ, ақшамды қалтама әрен тығып, қосалқы ішкім, жаңа костюмымды чемоданға салдым да, үйдің ішін көзіммен шола қоштасып, тысқа шықтым.

Жаңбыр төпелеп құйып тұр. Ой-бой, баламмен де қоштаспадым-ау!.. Жок, не де болса, бетінен бір сүйіп кетейін, сонғы құндері өзіме үйреніп қап еді. Қолыма алсам ба деп арман етуші ем. Қап... Қөршімнің есігін қақтым. Әлі жатқан жок екен, Сағиланың шешесі есік ашты.

— Тұнделетіп жүргенің не, балам?

— Қатты сырқат адамға шақырып, колхозға жүріп барам!.. Екі-үш қунде оралам. Біреу іздеп келсе, солай деңіз... Бөпем ұйықтап қалды ма?

— Ұйықтағалы қашан.

Мен чемоданымды босағаға қоя сап, екінші бөлмеге кіріп бардым. Шал теріс қарап, пыс-пыс етіп жатыр екен, оған қараған мен жоқ, кереуетте жаткан балама төндім: құыршақ сияқты титтей сәби, жарқын жүзі бал-бұл жанып ұйықтап жатыр екен. Сүйсем, оянып кете ме, сүймесем, «әттеген-ай» дейтін өкініш бола ма деп те қиналдым. Не де болса, еңкейіп иіскедім де, Сағиланың шешесіне:

— Тұбі, осы баланы сіздің қолыныздан алармын. Күтініз, апа!.. Ер мойнында қарызыныз кетпес! — дедім. Ол сөзімнің астарына түсінбей:

— Е, о не дегенің, шырағым, ермегім ғой!.. — деді.

Мейлі ертен түсіне жатар...

Чемоданымды көтеріп, қап-қаранды тұнде вокзалға қарай бет алдым. Көше саз, батпақ, былш-былш басып, сүріне-қабынып жаяу жүріп келем. Ең болмаса, не бір машина, не бір ат-арба кездессейші!..

Ие, қайда барам осы мен?.. Неге қашам? Өз елім, өз жерінен қашам ба? Бір ауыз қисық сөз айтып реніш білдірсем бір сәрі...

Мен кіммін осы?

«Қашқын, корқақ!.. Қыындыққа шыдамай, қайда тентіреп барасың? Қайт кейін», — деді іштей бір кекесін үн.

«Қаш!» — деді қайрап Сағиланың даусы.

Ойым екі жарылып, өзіммен өзім тайталасып, айтысып вокзалға жеттім. Бұл уақытта түнгі сағат он екіден асып, бірге қарай ауысқан мезгіл еді.

Вокзал басы қара-топыр. Іркес-тіркес, біріне-бірі сүйеніп, пыр-пыр ұйықтап, поезд тосып жаткан халық. Аラларынан із қуған тазыдай бұлталақтап өтіп, кассаның аузына жақын бардым. Поезд ертеңгі сағат алтыда жүреді екен. Мен енді оған дейін қайда паналаймын. Біреу көріп кеп, ұстап алса... Вокзал басында қашып бара жатып қолға түсу кінәм бар деп мойындаумен бірдей емес пе? Қайтсе де, есебін тауып, бұл түнді алдан өткізу керек!

Зал түкпіріне барып, тығылып отырсам, бір қызыл жаға жолаушыларды баса-көктеп аралап жүр екен. Үрейім ұшты. Жетіп кеп: «Сен кімсін?» — десе. Ие, «тамаша өмір» сонда басталады. Бүйтіп бұғып-бүрісіп сүрген өмірің күрысын!.. Жоқ, мен өзімді өзім бұлай ұстап бермейін, қайта еркін жүрейін.

«Қайда бара жатырсын?» десе, манағы кемпірге айтқан сөзді неге айтпайым? «Бакыт дегенің — карта. Батыл да жайдары адамға қол шығады» деп баяғыда әкей марқұм айтпап па еді... Жолаушының серігі — Қыдыр ата, өзі сақтар! Тәуекел!.. Милиционердің қасына барып, қол беріп амандастып, сөз бастадым:

— Жүрініз, буфетке барып шай ішіп, ұйқы ашайық! — дедім іс-міс жоқ. Ол маған танырқай қарады да, тегі, бір үлкен қызметкер деп ұқты ма, басын изеп, буфетке еріп барды. Буфеттегілер саудасын тоқтатып, өздері тамактанып жатса керек. Милиционер барған соң, сөзге келмesten, төрт шөлмек сыра, кепкен екі балықты ұстата берді.

Біз шеткерірек столға барып отырдық. Стаканға сыранны шыптылдата құйып, милиционердің алдына қойдым.

— Кәне, менің жолым болу үшін! — деп соғыстырып, қағып салдық. Бір-екі стакан ішкесін, оның тіл тиегі ағытылды:

— Сізге билет керек пе?

— Элбетте... Халық көп, жәрдем етерсіз.

— Қайда барушы едініз?

Рас, қайда барам? Қайда баратынымды әлі шешпеппін!

— Ақмолаға! — дедім аузыма бірінші келген қаланың

атын атайды сап. — Тұыстарымда демалысқа барамын. — Анда-санда есік жаққа көз сап қоям. Бір кезде шойын қара сияқты еңгезердей біреу кіріп келді. Бойым түршігіп, жүргегім су ете түсті. Қорықканға қос көрінеді. Басқа біреу де. Тағы да қарадым. Желке жағынан аумаған сол! Құрыдым!.. Иә, батыл да жайдары бол! Арқамды беріп, сәл бұрылып отырдым. Милиционердің де көзі оны біраз жерге шығарып салды.

— О кім? — дедім мен білмеген боп.

— Әй, бір таныс жігіт... Осында қоймада істейді! — деді милиционер.

Сонда барып жүргегім орнына түсті. Сағат бескес дейін милиционерді сыраға сілейтіп, алтыда билет алышп, аман-есен поезға міндім.

\* \* \*

Сөйтіп, мен қашып кеттім.

Қылмысы бар адам жазадан қашушы еді, ак адамның қашып пана іздеуі, сылк-сылк күлем. Өзімді өзім кекетемін. Күпеде жалғыз өзім. Егер бөтен біреу болғанда таңырқап: «Есі дұрыс па, қарадан-қарап неге күледі?» дер еді... Қайтсе де бүгін жолым болды: торға түспей, аман-есен құтылып кету бақыт емес пе!

Әзірge бақытym бар сияқты. Бұдан былай, кім біледі, бір жерде тағы да бір шойын қара көз кеп, алқымнан алышп жүрмese... Олар жоқ жер бар ма еken осы өнірде? Сонау Ерей-ментауына, еліме барып, әкемнің туыстарына тығылсам. Ел ішінде сорайып бірден көзге түсермін. Шойын қараның бірі келе қалса, қорықканнан ағайындарымның өздері-ак ұстап берер. Болмаса, Алматыға барып, профессор жолдастарымның үйіне түссем. «О, жақсы келдің, достым» деп алғашқы күн арап ішіп, ет жерміз. Сонсоң ертеңінде мені ертіл ап, институтқа апарар, ол айтқан қызметке қалдыrap. Сонсоң бір күні... «Бұл кім өзі?» деген сұрақ туса, профессор достың өзі-ак әмір беріп қуып жіберер. Мен үшін атақ, абыронына иұқсан келтіріп есуас па ол! Я, мініп-мініп кеп, жүгенін сыптырып ап, сауырға бір салған атқа ұқсан кете баарымын. Жоқ, Алматыға барудың жөні жоқ, өздері қырық пышақ бол жатқанда сені кім сақтар дейсің.

«Енді қайда барам?».

«Ешкім білмейтін, танымайтын Сібірдің бір қаласына барсам?».

«Бар! Бірақ ақырғы істеген жеріңнен мінездемен жоқ, қызметке ала ма?».

«Я, бұл жағын ойламаппын...».

Өзіммен өзім егесіп, купенің бір бүрышында тығылып, жанымды жеп отырмын. Кімім бар менің? «Жұз сом ақшаш болғанша, жұз досың болсын» деген сөзді енді үқтym. Өзіммен бірге оқыған достардың көбінен кол үзіп алғам. Қыздары күйеуге тиген; ерек балалардың әрқайсысы әр жерде; салақсып, хат жазбай сұып кеткен өзім. Әйтсе де біреуіне барсам, кол ұшын созар еді... Айтқандай, Бурабайға әнеугі Сусанна Михайловнаға барсам қайтеді?..

Поезд Бурабай станциясына тұнде келді. Чемоданымды ұстап секіріп мен де тұстім. Курортқа емделуге келіп-кетіп жатқан халық иін тіреседі, бірі жаңа көрісіп, енді бірі қоштасып, станцияны басына көтереді.

Онда менің не жұмысым бар, чемоданымды зат сақтайтын камераға апарып қойдым да, өзім буфетке барып бір стакан ыстық кофе ішіп, ұйқымды ашып, қайтадан тыска шықтym. Құлан иектен таң атып келе жатыр. Станция іші жым-жырт, у-шу басылған. Есік алдын сыпырып бір шал жүр, содан «Бармашы» санаторийіне қалай барудың жолын сұрап біліп, жаяу тарттым.

Қаланың шетіне такағанда, дәл аяқ астынан жарқырап айдын көл көрінді. Мәп-мәлдір, тұп-тұнық, неткен ғажап көл! Мен көзімді ала алмай тамашалап тұра бердім. Көлдің қақ ортасында шоп-шошақ тақия тәріздес арал, аралмен тұстас, он жақ жиекте тізбектелген қайықтар, су станциясы көзіме ілінді... Санаторийді орман ішіне жасырып қойғандай, жіті қараған адам көк-қызыл шатырлардың төбелерін ғана байқап қалады.

Әсіресе, күн шығып келе жатқандағы көлдің суреті осы күнге дейін есімде. Алтын арай күн сәулесін аспаннан біреу шүмектеп құйып түрғандай, көлдің беті түрлі түске боялып, дір-дір етеді. Шешініп, шәйі тұстес суды оранып малтыса, шіркін! Көлді жағалап отырып, жарты сағатта санаторийге де жетуге болатындай, бірақ осылай жолаушылап барғаным қалай, ұтымды ма?

Сүмірейіп, кір-кір қүйде жетіп барғаным өрескел көрініп жүрмесе? Сезіктеніп, бұл өзі кім деп, әркім бір үңіліп ізіме

түсіп алса... «Жоқ, әрқашан да өмірдің думан ортасында батыл жүрсөн, сыйлайды жұрт, «кім» деп және сезіктенбейді» деді әжептәуір ысылып қалған іштегі әзәзілім. Киіміңе қарап карсы алады, ақылыңа қарап шығарып салады!.. Ие, бүгіннен бастап мен артистпін, өмір — үлкен сахна, сонда ойнауым керек! Ендігі менің рөлім — өмірді онша қадір тұтпайтын, батыл да сері жігіт, адамнан жаңын аямайтын жақсы дәрігер. Ой-қиял — серігім, мысқыл-кекесін сөз — құралым. Өмірде осы рөлді ойнауға талантым жете ме?.. Тәуекел!

Станция басына қайта оралып, мейманханадан орын алдып, қырынып-жуынып, костюмінді ауыстырып, сағат онда таксимен зыр етіп санаторийге жетіп бардым. Демалушы екі қыз құшақтасып ағаш ішінде келеді екен, қара жолда машинаны тоқтатып:

— Сусанна Михайловна Патоцкая деген дәрігерді білесіздер ме? — дедім.

— Білгенде қандай... Біздің отделениенің бастығы. Үйі төменде. Өзі қазір корпуста жүр.

— Егер қиналмасаңыздар, ғапу етініздер, біреуіңіз біздің машинаға отырып, үйіне апарсаңыз, екіншіңіз өзіне хабар берсөніз...

— Болады! Болады! Пожалуйста! — деді екеуі де жарыса сөйлеп.

— Ой, ракмет!.. Кәне, отырыңыз! — дедім алдыңғы ұзын бойлы қызға.

— Сонда кім келді деп айтайық? — деді тапалдау екінші қыз құлімсіреп.

— Доктор Дарханов дегейсіз.

Біз машинаны кейін бұрып, санаторийді айналдық та, көл жиегіндегі қара жолға түсіп, Сусанна Михайловнаның үйіне оралдық. Келсек, үйінің алдында құлімдеп бізді тосып тұр, қасында жаңағы біз жіберген қыз. Асыққаны сонша, халатын да шешпелті, машинадан шыға келген мені жақын адамындағы бас салды. Менің сүйісерміз деген ойымда жоқ-ты. Ол ыңғайланғанда, мен ернімді тоса бердім.

Әрине, мұнысы қулық екенін кейін түсіндім: жаңағы тұрған екі қыз осы уақығаны табанда бүкіл санаторийге жайған. «Сусанна Михайловнаның жігіті кепті, бұрын екеуі бірге оқыса керек-ті» деп өздерінше жорамалдалап, сол санаторийге келуімді

менен бұрын дәлелдеп қойған, содан былай Сусаннамен келе жатсам, «бұл кім?» деп көздеріме атылаң, орайымнан баша-йыма дейін арбай қарамайтын болды, маған «керегі» де сол.

Сусанна Михайловна Москвада маған жүдеу де жабынқы сиякты еді, қазір уылжыған жап-жас келіншек, бетінен қаны тамғандай қып-қызыл, нарттай, қара көк көзі Арқаның тұнгі аспанындағы тұнғынық терен. Қарап отырсаң, шашы анада мыс түстес еді, бүгін маған сары алтын тәрізді елестеді. Жүрістұрысы, қимылы шапшаң да батыл, мені салғаннан икемдеп, баурап алды. Киімімді шешіндіріп, өзі іліп, «жолдан келдің ғой» деп, душқа жіберіп те алды.

Жуынып, еңсем көтеріліп, қайта оралсаң, стол үсті толған тағам, шарап. Үстіне кигені қызыл жапырақты жібек көйлек, денесімен дene ғып жабыстыра тіккен, тығыршықтай бұлшық еттері сыртқа теуіп, бұлт-бұлт етеді.

Әуелі ол маған қымыз берді:

— Демалушыларға бізде қымыз береді... Иш! Бұрын ішіп көріп пе ең?

— Бала күнімде ішкем.

— Қазақ емес екенсің ғой. — Күлді де, көзіме қадалып:

— Неге жүдеусін? — деді.

— Білмеймін, әдейі саған келдім, емдер деп... Сусанна Михайловна басын шайқады:

— Өңің онша емес!.. Ие, уақасы жоқ, ауырсан, өзім емдеп жазып алам!.. Қәне, қымыз ба, жоқ, шарап ішеміз бе?

Араластыра іштік. Қызынқырадық. Әңгіме кенерелі арнаға түсіп, өзен суындағы сылдырап аға берді.

— Менің байқауымша, сенде бір сыр бар. Дәл қазір кемесі суға кеткен капитанға ұқсайсың, — деді ол жымып!

Мен көнілімे тік алып, жиырыла қалдым. Айнаға қарағандай бәрін көріп отырғанын?.. Жоқ, сен менің жан дүниеме қол сұқпа. Оңай ала алмайсың оны, Сусанна!

— Сен мені түсінбепсің, доктор!.. Мен капитан емеспін, балық аулап жүріп жайын ұстаған балықшыға ұқсаймын!

Жайыным Сусаннаның өзі екенін ол түсінді. Сол бір сәт көзінің қарашибынан «мұны неге айттын» деген сұрақты да аңғардым.

— Жайын ұстаған — ерлік. Көбіне «жайын жұтып қойды» деп естуші ек. Ұстасан, айрылма! Ол бақыт шығар?!

«Бақыттың» кім екенін мен де түсіндім.

— Қолымнан келсе...

— Талаптанып көр!..

Кешке жақын рентген кабинетке алып барып, Сусанна Михайловна менің өкпемді қарады.

— Жөтөлмейсің бе? — деді ол айнаға қарап жатып.

— Аздап.

— Тез шаршайсың ба?

— Ие... — «Біліп тұрмын, доктор, оның бәрін неге сұрапанынды?» — іштей таласып, жақтырмай тұрмын.

— Доктор, сол жақ өкпенде бұрын қатқан очагтың орны бар ма еді?

— Естігем жок.

— Ендеше, сол қатқан очагтың қазір айналасы ісе бастаған.

Шам жағылды. Мен киіндім. Сусанна Михайловна маған құлімсіреп, сұқтана көз тастады.

— Қорқып қалғаның қай жағысын?.. Рентгенограмма жасатам ертең!.. Дәрігер деп шынымды айтсам... Мұндай жеңіл-желпі ауру — біздің санаторийде сұлып алғандай жазылады. Ренжіме!

Сөйлем келеді. Менде үн жок. Өкпем ауырса, ауырған да болар, соңғы кездегі қайғы-қасірет, уайымның зардабы да... Бәсе, неге жүдеп, арықтай берем десем?..

Денсаулығымды жойып алғаным менің аяғыма тұсау болғанын, кезінде мән берменгениммен, кейін ұқтый. Ауру кісіні әйеншек, корқақ қылады. Серпіліп өмір сүре алмайсың... жастық шақпен қоштасуға тұра келгені ме?

Менің көңілім жабырқап, басқа қалаға кеткім кеп толқи бергенімді Сусанна Михайловна сезді де, бір күні үйіне қонаққа шақырды. Ағылшын коттеджінің стилімен салынған екі этажды ағаш үйдің астында толық бір секцияда тұрады Сусанна Михайловна. Бірінен-біріне кіретін екі бөлме; екеуі де кен, жарық; ауызғы бөлмеде — плита-пеш. Дәрігерлер үйінде тамақ іstemейді, санаторийдің асханасында арнайы әзірлеп береді.

Стол үсті тағамға толы, мойнын сорайтып бір графин спирт те орнықты... Іле қонақтар да жиналды. Ішінде санаторийдің бас дәрігері бар, шашына ақ кіре бастаған, сырлы кетсе де сыны

кетпеген айбынды ерек. Салғаннан мені өзіне бастап, тең құрбы деп танып, жетегіне ала сөйледі. Оған ілесіп, жаңадағана сол санаторийге шаруашылық жағынан орынбасар бол ауданнан келген тапалтак, жуан қазақ Шортанбаев бірге келді. Дабырлап, дәйексіз сөйлейтін кісі еken. Сөзін күлкімен аяқтап, көзін маған кадай берді. Тағы да бірнеше әйел дәрігерлер келді. Олар өзара құнқілдесіп, үш еркектің сөзіне араласпай, онашалау бір топ құрды.

Бірінші тосты Сусанна Михайловнаның өзі көтеріп, жұртқа мені таныстыруды.

— Доктор Дарханов Нияз Базілевич, менің жақсы досым, маған демалысқа келіп жатыр, соның құрметіне! — деді маған көзін төңкере қарап құлімдеп.

Бокал екінші рет толтырылғанда, Шортанбаев дабырлап түрегелді.

— Доктор Дарханов менің інім еken... — деп келе жатыр еді, бас дәрігер оны женінен тартып, нұқып отырғызып қойды.

— Әкеңнен бұрын тұзаққа мойныңды сұқпа! — деді. Әйелдер дуылдап шаттана күлді. Бас дәрігердің ылғи қолданатын сөзінің бірі еken. Әйелдер біріне-бірі сыйырлап, «Жұмыртқа тауықты үйретпейді» деп бас дәрігердің екінші мәтелін айтып, тағы да күлді.

Сусанна Михайловна:

— Бас дәрігеріміз Алексей Иванович Кравцов... — деп келе жатыр еді, оған да ол:

— Тоқта, жұмыртқа тауықты үйретпейді! — деді. Ендігі күлкі бүкіл үйді басына көтерді, дәрігерлердің ішек-сілесі қатып мәз-мейрам болды. Кравцов кулана сөйлейтін, ақжарқын адам еken. Мен бас дәрігермін деп панданып, біреудің сөзін, біреудің өзін жақтырмай, сыздап отыратындар дәрігерлер арасында аз емес. Мына кісі одан аулақ, бұқарашибіл, көпті көрғен-ау деп түйін жасадым. Аздан соң маған:

— Сен бізде қал!.. Құс сүтінен басқасын тауып берем! Өзіне не керек! — деді ол.

Мен иығымды көтеріп, не дерімді білмедім.

— Әйелің бар ма?

— Жоқ. Бойдақпын.

Сагиламен айрылысып кеткенімді Сусанна Михайловна әлі естімеген-ді, әзілдеп отыр ма деп, мән бермеді.

— Үйінен он қадам шыққан еркектің қайсысының болсын әйелі жоқ! — деді күліп ол.

— Ehe, бойдақ болсан, мына осы отырған дәрігер әйелдердің ішінен таңдағаныңды ал! — деді тағы да бас дәрігер әзілдеп.

Әйелдердің біреуі сыйырлап:

— Сусанна ешкімге бере қоймас! — деді, мен ол сөзді естіп қалып, Сусаннаға көз қызығымды тастап ем, «рас, сені ешкімге бермейім!» дегендей, маған сүйсіне де телміре қарап қалыпты.

— Сусанна Михайловнаның айтуы бойынша, денсаулығың да онша емес көрінеді, қайда баrasың? — дегені бар ма қызып алған бас дәрігердің.

Мен жоқ жерде Сусаннаның қызмет жайында сөйлескенін, осы қонақты әдейі келісіп ұйымдастырығанын енді сездім. Сусанна Михайловнаға жактырмаған пішінмен қарадым. О да ұялып, қызырып, көзін төмен қадады.

— Сен, доктор, Сусанна Михайловнаға олай қарама, «денсаулығың жайында» ол маған бір ауыз сөз айтқан емес, мен өзім оспақтап отырған, — деді Алексей Иванович иығымнан қағып.

Тараарда Кравцов екеуіміз дос боп айрылдық. Бірақ Шортанбаевқа мен ұнамай қалған сияқтымын. Неге екені белгісіз, мүмкін, Алексей Ивановичқа көнілімді көбірек аударып жібердім бе, әйтеуір, томсырайып, салқын қоштасты. Қонақтар тарады. Сусанна Михайловна екеуіміз онаша қалдық. Төсек салды. Ол кереуетке, мен диванға жаттым. Шам сөнді. Менде де, онда да үн жоқ. Бұл әйел алды-артымды орап, шырман алды. Менен сыр тартпай тұрып, ойымды білмей тұрып, жар жиегіне әкеп тіреп қоюы мұндайдан бір рет бұрын опық жеген маған ұнаған жоқ. Ақылды әйелдің бағасы да, құны да сәл төмен түскендей.

Денені күйдірген құмарлық оты бәсенсіп, бойымды кең салып, не де болса, кезекті өзіне бердім...

Ол тұні мені ол да тосқан секілді. Бірақ ертеңінде бірімізге біріміз сыр бермей, күлімдеп түрегелдік.

\* \* \*

Бір апта өтпей серуен құрдық. Қайыққа мініп, аралға да өттік, Бурабайға барып, табиғаттың «Жұмбақтас», «Оқжет-

пес», «Көкбүғаз», «Ақбура» сияқты аса шебер жасаған мұсін-суреттерін де көрдік. Жүректі уландырған уайым уыты біргіндеп қайта бастады. Сағила да, Генриеттаның да тұлғалары көмескіленіп, кейін сырыла берді... Кей күндері біздін топқа бас дәрігер де қосылып қап, бой сергітіп жүрді. Ақыры, Сусанна екеуі екі жақтап қоймай жүріп, қызметке тұратын ғып көндірді.

Мен әуелі бұлданып, көнбей көріп ем, артынан денсаулығымды еске алғып, уәде бердім.

«Демалыста жүр» деген қауесетпен соңғы қызмет орнынан куәлік қағаз да сұрамады, көмекей ауруын емдейтін ларинголог дәрігердің жоқтығынан құшағын ашып, құлдық ұрды.

Арада аз күн өтсе де, қызметті сағынып қалсам керек, женімді сыбана кірістім. Бас дәрігердің ықыласы түсіп, салған бетте жақсы жағдай туғызды. Сусанна тұрған үйдің үстінен балконы бар, үлкен бір бөлмені, кереуетте төсек-орнымен таптұйнактай қып сайлап берді. Не ішем десем, соны «дайында бер» деп, шефповарға тапсырды... Енді өкпе, көмекей туберкулезі жайында кітаптар оқып, білімді жетілдіруге тұра келді. Сусанна Михайловна тәжірибелі де білімді дәрігер екен, көп жайды содан үйрендім. «Өкпе ауруының әрбір маманы рентгенді жақсы білу керек» деген қисынды жақтайды екен, маған да бірден «рентгенді үйрен!» деп, өзі алғып барып, рентген сәулесінің біраз сырын ашты. Күнде түстен кейін рентген кабинетке келіп, науқас адамдарды кезек-кезек шақырып ап, өкпесін карадык.

Сусанна Михайловна:

— Мына бір сақинадай дөп-дөңгелек тесік каверна — жарылған жара, кейбіреуде үлкендігі білеziкте болады... — деп айнаға түскен суреттерді қолымен нұсқайды. Мен айнаға төнгенде, екеуіміздің басымыз түйісп қалады, есті кетіріп, елтітетін хош иісі мұрныма кеп, жанымды қинайды. Өзімді өзім тізгіндеп, тағы да құлақ тігем. — Ал сол жақтағы өкпе мен он жақ бірдей ме?

— Жоқ, сол жақ өкпенің тен жартысы қап-қара ісік, мұны лобит дейді. Айнаға бұл неге карайып түседі? Оның себебі бұл — бітеу жара, әлі жарылған жоқ. Рентген сәулесі ісіктен әрі өте алмайды... Сол сияқты. Жолдас Башилов, сіз тұрыңыз.

Я, сіз бара беріңіз! — деп сөзін бөліп, бір науқастың орнына екіншісін тұрғызады да, сөзін қайта сабактайды. — Міне, көріп қой: екі өкпенің екеуі де бүршақ еккендей шұп-шұбар, мұның атын балалаған очагтар дейді. Жаңағы тесіктен гөрі, аурудың бұл түрі тез жазылады да, тез қозғыш келеді...

Күндегіміз осы. Кеш бата екеуіміз қыдырып, көл жағасына барамыз.

Мен күндіз не істеп, не қойғанымды оның алдына тартам да, ол мені сынап-мінеп, өз бағасын алдыма тартады.

— Біз осы көмекей ауруын дұрыс емдемей жүрміз-ау, — деп күдігімді айттым бір күні.

Сусанна Михайловнаның мінезінің бір қыры бар, ол, «сенікі дұрыс» деп бір қоштамайды, қашанда дау айтады. Екеуіміз таласа кетеміз. Медицинаның беделді ғалымдарының атын атап, әрқайсымыз содан демеу алып, өз пікірімізде қаламыз. Келісім жоқ. Бүгін де сол әдетінше:

— Неге? — деді.

— Өкпедегі ауру мен көмекей ауруының тікелей байланысы бар. Қазір менің қолыма түскен науқастардың өкпесінде қандай өзгеріс болса, көмекейінде де сондай өзгеріс. Мен соны аңғардым.

Сусанна Михайловна мырс етіп күлді де, ойнакы дауыспен:

— Есінде ме «Вени, види, вици келді, көрді, женді»<sup>1</sup> деген? Келмей жатып, өзін жаңалық аша бастадың ба? — деп бір басып қойды.

— Павлов қазір мода ғой. Не десен, о де, мен оған әбден иланам: адамның мүшесін бірінен-бірін боліп ап, жеке-дара емдеуге болмайды; денеге қан таратып, нерв арқылы билеп, әмір беретін де ми! Емді біз сол ми арқылы неге жүргізбейміз?

— Павлов жайындағы кешегі мақаланы оқып, сайрап тұрсын-ау!

— Оқығаным рас. Бірақ ол мақала менің жүргегімде жүрген сырды айтқан!..

— Кәне, ықылас сала тыңдайын, айтшы, қалай емде дейсін?

— Алдымен адамның рухани күйіне, ішкі сезіміне, бір

<sup>1</sup> Латын мәтелі.

сөзбен айтқанда, психологиясына әсер ететіндей ем қолдану керек.

— Оған немен әсер етесің? — Қасындағы қарағайға басын иіп, еңкейіп тұрған қызық ағаштың беліне Сусанна секіріп мініп отырып алды, қасына келіп мен де отырдым.

Әркеш-әркеш тау арқасына тығылған күн біржола жоғалды. Тау қөлеңкесі су бетіне қара паранжыдай жабылды.

— Оған немен әсер етесің дейді? Сөзбен?

— Бұз да Павловтың идеясы.

— «Ауруды емдеме, адамды емде» десем ше?

— Бұл сөзді Мудров айтқан. Сен өз идеяңды айт! Сусанна Михайловнамен салмақты, байыпты тілмен сөйлесуге болмайтынына көзім жетті. Енді мен де өз құралын өзіне жұмсадым. Әзіл-сықақ, кекесін-мысқылға көштім.

— Мен кіммін?.. Медицинада еңбектеген баламын. Сізбен салыстырғанда не білуші ем?

— Баламын десен, Алексей Иванович айтқандай, тауыққа жұмыртқа неге үйретеді?

Екеуіміз жарыса күлдік. Алексей Ивановичтің мәтелі сөзімізге жан берді.

— Талай жұмыртқалаған тауыкты этеш қана үйрете алады. Мен медицина балапанымын, менің сөзімді кім тыңдайды! — Мұным кекесін сияқты шықкан. Сусанна Михайловна анғарды да, үндемеді, үйге кайтты.

Бірақ сол күні тыныш үйқы көрмедім. Әзілдесе де, Сусанна шын айтты: туберкулез клиникасынан мен не білем? Баяғыда институтта өткен жалпы курстан басқа, өз пікірім боларлықтай білім жок менде.

Осы ойымды ертеңінде бас дәрігердің алдына тарттым.

— Егер де мені жақсы дәрігер болсын десеніз, көмекей туберкулезін емдейтін клиникаға бір алты айға жіберіп алышыз, — дедім. Ол қарсы болмады.

Қазіргі күндері стрептомицин дейтін керемет күшті дәрі табылды, әсіресе көмекей туберкулезіне мың да бір дауа. Бірақ дұрыс қолданбаса, туберкулез құртының бойы үйреніп ап, көнбей қоятын сықылды... Сондықтан, барып біраз тәжірибе алып, — қайту табылған ақыл деп, бас дәрігер де мені қостап, пікір түйді. Куанып, Сусанна Михайловнаға кеп:

— Мен жақында жүрем, — дедім. Оның көзі шарасынан шыға жаздады:

— Қайда?

— Әлі белгілегеміз жок, шамасы, көмей туберкулезін емдейтін клиникасы бар Ялтаға барапмын!

Сусанна Михайловнаның өні сұрланып, қанын ішіне тартып алды, көзінің оты жарқ етіп, жазып отырған қағазына төнді... Мен түсінбей, абыржып қалдым да, жаңағы сөзімді қайтадан есіме түсірдім: бөтен бірдене айтып қойғам жок па?

— Сусанна Михайловна, менің баруыма қарсысың ба? — деп даусымды жұмсартып, елжірей сөйлемдім.

Сусанна Михайловна өте нәзік те ұстамды адам, тез түсініп, дер кезінде өзін-өзі тежеп, баса қойды.

— Жоқ-жок, қайта құттықтаймын!.. Менің нервіме тиген бас дәрігердің қылышы. Откен жылы мен екі рет сұрандым, манына дарытпады. Сен барып ең, сөзге келместен, «Мә, барағой!» деп елпілдеуі-ақ батып отыр, — деді наздана жымышп.

— Е, ондай ойың болса, сен бар, мен кейін...

— Тағы да түсінбедің, Нияз Базілевич!.. Менің барғым кеп отырған жок. Бас дәрігердің өзіме деген көзқарасы ғой айтып отырғаным!..

Екеуінің арасында бұрын қандай уақыға болғанын мен білмеймін, ал мен келгеннен бері ондай теріс пікір сезбегем, қайта бас дәрігер Сусанна Михайловнаны көп білетін кісі, тәжірибелі дәрігер деп мақтап, сый-құрметпен атап отырғанын талай естігем. Әйел заты кейде түймедейді түйедей өсіріп тұратын әдеті еді, сондай ма, кім білсін...

Іле Ялтаға жүріп кеттім.

\* \* \*

Жолшыбай бір күн Москвада болып, өзім оқыған клиникаға барып, асистенттерден сыйырлап «профессордың халжайын» сұрап едім: «Ұзын хабарға қарағанда, әлі тексеріп жатса керек» деп, қысқа ғана жауап қайырды. Ол жайында әңгімелескісі келмеді, бас тартты. «Әй, қойшы!» деп, қолды бірақ сілтеп, теріс айналып жүре бергендері де табылды. Қайтсін, әдейі сұрап тұр ма деп сактанатын да болар... Жүрттың бәрі мендей ашық ауыз дейсің бе, кім көрінгенге сенетін? Сонда жанындағы жолдасында сенбей күн көруге бола ма? Сенгенің

сол ма, Преображенскийдің клиникасында тәжірибе алғаныңды айып қылып, қуғындал отыр. Нияздың Преображенский клиникасында оқығанын шойын қара қайдан біле қойды? Кім жеткізді? Нияз Генриеттадан басқа тірі жанмен бұл жайында сырласқан емес. Ендеше, сенген Генриеттаң кім боп шықты?..

Нияз тап осы арада азғырғанға көнбейді, Генриетта?!

Тоқтай тұр, достым, өткенге ой жіберіп қарашы өзің, бір күні ол военкомат шақырды деп кетіп қалды да, өні қашып, үрейі ұшып келмеп пе еді? Содан бастап ол Нияздан бойын аулақтата бергені қайда?.. Артынан қайта неге үйірліді? Дәл қашатын күні бірдеме айтпақ боп толқып, талай оқталды... Лаборантканы ұстағанда жылап, тағы да қиналды.

«Лаборантканың адал екенін білетін болар, онда не тұр?.. Папилло мен рак клеткасын айыру кейде қыын екенін эрбір дәрігер жақсы біледі, ондайға жазалай берсе, дәрігер қала ма?.. Генриетта соны біліп, озырылышқа шыдамай жылаған да. Шойын қара шақырып сұрасын-ак, сонда ол не айта алады? Преображенскийдің қол астында істеді деген қылмыс болып табыла ма?!».

Осылай бір өзім екіудай боп таласып, Симферопольға жеттім. Аппақ мәрмәрдай ак тастан салынған зәулім вокзал. Аппақ ак киім киген халық, вокзал басы құмырсқаның ұясындай қыбырлайды. Жендеріне қызыл шүберек байладап, айғай сап жүрген әр санаторийдің өкілдері. Әрқайсысы өздеріне келген демалушыларды жиып, автобусқа отырғызып жөнелтіп жатты. Мен демалуға келгем жоқ, чемоданымды көтеріп, такси іздедім.

Симферополь — Қырым аралығына кіретін қақпа. Жыландаі ирелендеген тас жол Ялтаға осы қаладан шығады. Мен серік іздең, таба алмадым. Кез келген машинаны жалдап, тартып отырдым. «Победа» сумандап, тау жотасын белбеудей бұған асфальт жолмен сыр-сыр етіп сырғанап келеді; ағызып қарсы кеп қалған машина қағып кетсе, төменде шалқып жатқан дарияға күмп беруі шәксіз. Шоферлардың жаны неткен мықты, күні-түні қыл үстімен жүргенде бір талмайды-ая! Аңғар асуының дәл төбесіне кеп, «Перевал» ресторанынан бір сусыннадық. Ресторан маңы толған машиналар, бірі келіп, бірі кетіп жатыр. Ыстық күнде сусындал сыр-шарап ішіп, әрі қарай жөнеліп жатқан мен сықылды жолаушылар.

Қара мұрт армянин шашлықты отка қақтап, ісін аңқытып мұрныңды жыбырлатады, бірақ ыстық күнде ет жетін кісі, әй, шамалы!.. «Массандра» заводы шығарған ақ мускаттан бір стақан жұтып ап, қайтадан машинаға отырдым.

Асудан төмен құлай бере, Дмирджи тауына жабысқан Алуштаны көрдім. Алуштаның сол жағы тау да, оң жағы теңіз. Жол қаланы қақ жарып, пристаньды басып өтеді. Кейбіреулер автобуспен Алуштаға кеп, әрі қарай Ялтаға пароходка мініп те кетіп жатады. Шофер машинаның майын толтыра құйып алды, енді Ялтаға дейін қайтып бөгелмейтін болдық. Таудың қабырғасын үңгірлеп салған жол Ялтаға жеткенше біресе теңізден алыстап, біресе жақын кеп, ширатылды да отырды. Киіз үйдегі дөңгелек тас үстіндегі арқардың мұсіні машина мен жарысып барып қала берді. Аздан соң Ай-Тодор мүйісі, Ай-Петри тауы сол жақтан адырайып, «мен мұндалап» қарсы алдымыздан шыға келді. Көп ұзамай теңіз жиегіне салынған Ялта қаласы да көрініп, койнын ашты.

Ялтаның ауасы да, сипаты да бөлек. Көк торғын жібек мұнарға оранған қала да көгілдендірленіп, теңіздің кара көк толқынымен ұштасады. Жүргімді қуаныш кернеп, жан-жағыма таңдана, тамашалай қараймын. Сөйткенше болмады, такси де ығы-жығы, тар көшелер мүйісінде кенет жалтарып, «Оңтүстік» атты қонақ үйге алып барды.

Таң қалдырыған сәнді қаланың көркіне құмартып, жүре бергім, көре бергім келеді. Өзімді өзім тежеймін, елігіп, саяхатпен уақыт өткізуге жарай ма? «Аяз би, әлінді біл!». Серуен-ді кейінгіге қалдырып, ертеңінде клиниканы іздедім.

Профессор кабинетінің алдында егде тарткан әйел кез келе кетті.

— Сізге кім керек? — деді жуан еркек дауыспен.

— Профессор Штокин!

— Мифодий Сергеевич қазір бос емес. Тоса тұрыңыз, міне, мұнда отырыңыз! — деп профессор кабинетінің алдында дөңгелектеу келген кішірек вестибюльге алып барды.

«Профессор — білім қазынасы» деген ұғым жастай бойға сіңген, жолықпай тұрып толқи бастадым. «Не білесің?» деп сұрап қап, жауап бере алмасам, тірі өлім-ау! Профессорлар біліміңде қарап, келешегіне де, ісіне де баға береді. Тәжірибе

жүзінде қаншама жақсы істегеніңмен, білімің жоқ болса, езіңе немкұрайды қарауы тағы айқын.

Есік ашылып, әуелі көзілдіркіті, шоқша сақал, кораш шал көрінді, оның артынан ак шашты, сымбатты ерек шықты. Екеуінің де үстінде ак халат. Мұның қайсысы профессор Штокин?

Шоқша сақал қолын ербендетіп, ак шаштының біресе о жағына, біресе бұжырағына шығып, дамыл таптай сөйлеп жүр, ал ак шашты тапжылмайды, үнсіз тыңдайды, тұлғасы да бөлек, екі иығына екі кісі мінгендей денелі, тіп-тік, тек қырау шалған қабағы ғана түюлі, «бар, бар, тыңдамайым сезінді» деген кісінің пішіні.

Мені байқап қалды да, шалды тастап, қасыма келді ол. Қол беріп, жылы амандасты:

— Мені тосып отырысыз ба?

— Ие, профессор... — дей беріп ем, ар жағын айтқызбай, көлтықтап кабинетіне алып барды. Есікті жаба беріп, сілейіп тұрып қалған шоқша сақалға:

— Біздің дауымыз — бітпес дау, ертенге дейін тағы да оралармыз! Хош! — деді де, орнына отырды. — Ал айта бер, кайдан келдің?

— Қазақстаннан. Бурабай курортынан, сізге жіберді, — деп жолдама қағазымды ұсындым. Оқып болып, күлімдеп, бұрынғы бір таныс досындаған бауырына тарта сөйледі. Қайда оқыдым, қайда істедім — тәптіштей тегіс сұрап, әбден таныскасын:

— Көмекей туберкулезіне өз еркінмен бардың ба? — деді қоңыр қөзін қадап.

— Өз еркіммен.

— Қауіпті екенін білесің бе?

— Білем!

— Ертең ауырып қалсан, өкінбейсің бе?

— Сіз өзіңіз, қалай, ауырмайсыз ба? — Мен де бейнелеп сөз таstadtым. Түсіне қойды.

— Саумын. Ауырғам жоқ.

— Мүмкін, мен де өзімді сақтап қарапмын. Профессор жымиып, сыпайы күлді. Кейбіреулердей қарқылдалаң немесе теке сықылды бақ-бақ етіп ерсі күлмеді.

— Сөзіңе қарағанда, сенен ғалым шығуы да мүмкін.

Біздің жастардың көбі қорқады, бұл мамандыққа бармайды, барғандары өзін-өзі сақтай алмай, ауырып, азапқа ұшырайды. Медицинаның қара жұмысынан жиренбей, ерінбей істесе ғана ғалым туады. Павловтың осы сөзі есінде ме?

— Әлбетте, профессор!

— Ендеше, — деді ол, салалы әдемі саусақтарын бір жазып, бір жұмып, — ергенмен бастап күнде келіп, медицинаның сол қара жұмысымен айналыс.

Мифодий Сергеевичтің салмақты жүріс-тұрысына, қымыл-қозғалысына қызығып, еліге қараймын. Ол сабырлы да әдепті. Не бір орашолақ қымыл жасап, не бір бейсаут сез шықпайды аузынан. Біртіндеп Мифодий Сергеевичтің өмірімен таныстым. Тұып-өскен жері — Ленинград. Сонда осыдан жиырма жыл бұрын институт бітіреді, Павловтың «бейсенбілігіне» қатынасып, сол қалада диссертация корғайды... Сонда үйленеді.

Ялтаға ауысып, көмекей туберкулезімен шұғылданады. Талай емді, талай дәріні қолданып, күшін сынап та көреді.

— Соғыстан бұрын, — деді бір күні теңіз жағалап қызметтен қайтып келе жатқанда, — бір емді қолдана бастап ем, соғыс киіп кетіп, қалып қойған еді... Соғыста армия госпиталында істей жүріп, шіркін, сол емімді аяктатсам-ау деп арман етуші ем. — Профессордың көзі сонау байтак теніздің өрінде ұшқан шағалада, мұмкін, арманы да сондай шарықтап алақанына қонбай жүр ме екен? Сөзінің ар жағын жуыр манда сабактамай қоя ма деп, мен де шыдамай, профессорды тұртпектеп сұрап бердім:

— Енді неге аяқтамайсыз?

Профессор менің асығыс сұрағанымды сезді де, езу тартып жымиды:

— Неге, аяқтаймын. Қазіргі өмірімнің сәні де, мәні де сол. Бірақ біліп қой: жаңалық дүниеге онай келмейді!

— Сонда кедергі не?

— Ленинградта профессор Неменовтың қол астында жүргендеге біраз істегенім бар-ды. Профессор Неменовты білесін бе?

— Естуім бар.

— Ол — совет елінде рентгеннің ең білімпазы. Көбіне рентген ғылымын Павловтың нервизм теориясымен байланыстыра

зерттең, тыңдан жол ашқан ғалым. Соның идеясы әсер етіп, көмекей ауруын рентген сәулесімен емдедім.

— Ие?..

— Балық басынан шіриді. Алдымен институт директоры қарсы болды. Сенбейді. Және де рентген сәулесінен қорқып, ат-тонын ала қашады...

«Неге қорқады?». Ол түсін ашып айтпады да, мен сұрамадым. Бірақ кейін мұны профессор өзі толық түсіндірді.

Мен клиникада, әуелі, профессордың ауруды тексеру әдісіне зер салдым да, емдеу жағымен кешірек айналыстым. Мифодий Сергеевичтің рентген жайындағы сыры маған қамшы бол тиді. Сол күннің ертеңінде клиникадағы рентген кабинетіне барып, емдеу әдісімен таныстым. Менің бұған құмар екенімді ұнатқан профессор уакытын бөліп, өзі үйрете бастады. Палатадан бірнеше науқасты алдырып, көмекейін қаратты. Біреуінің тамағынан ас өтпей, үні бітіп қалған екен. Қазір кезге ілінер-ілінбес жараның орнын ғана таптық.

— Көрдің ғой? — деді профессор, науқасты қайтарып жіберіп.

— Көрдім.

— Мен осыған он сеанс рентген сәулесі мен он мысқал стрептомицин бердім.

— Мүмкін, ол стрептомициннен жазылған болар?

— Жоқ, стрептомицинмен емдең жазу үшін ең аз дегендे 25 мысқал керек. Және жараның орны шодыр бол бітеді...

— Стрептомицин неге керек? Рентген сәулесін жеке неге бермейсіз?

— Рентген сәулесі өте күшті, ауруды қоздырып, асқындырып та жібереді, оны қоздырмай, басып отыру үшін стрептомицин менің сақшым... Маған қарсы дау айтушылар да жанағы сенің сұрағынды кояды. «Мүмкін, табиғаттың әсері» бар шығар деп күдік те қылады... Рентген сәулесі көп берілсе, адамды улатып немесе ауруға шалдықтырып өлтіріп жіберуі де ықтимал. Ал аз дозамен аз-аздан шағындал берсе, ол нервті уламайды. Қанды жақсы таратады, қан нервке әл, күш береді, сөйтіп, нерв нығаяды. Нерв нығайса, организм ауруға қарсы төтеп бере алады. Рентген сәулесінің осы өзгешелігін Неменов та байқаган екен... Рентген сәулесінен сақ болатын тағы да бір жағдай бар: оның қуаты адам денесінен тез шыға

қоймайды, біріне-бірі қосылып, жинала береді... Сонсоң бір күні ойда жокта қалпақтай түсіреді... Сеанс арасына уақыт салуымның мәнісі осы... Рентген сәулесі шу деп табылған кезде, оған мән бермей, көп дәрігерлер уланып, аяқ астында қаза тапқан... Қазір де осы жағын еске алып, біразы қорқып, рентген десе, зыр-зыры етіп жолатпайтыны содан...

Профессордың сөзі де, емнің нәтижесі де мені қызықтырып, қиялым қанат бітірді. Осы емді Бурабайда неге колданбаймын? Осы ойға аттай жегіліп, рентген сәулесі жайындағы кітаптарды күні-түні оқып карулана бастадым.

Аз уақыт ішінде клиниканың өмірімен танысып, өз қызметкерлерінің біріндегі лайықты орын алдым, профессордың қол астында істейтін доцент, ассистенттері еңбек сүйгіш, момын, кішіпейіл адамдар екен, ертеден-кеш клиникадан шыкпайды, бірдеме сұрай барсан, түсіндіріп, көрсетіп, жаны қалмайды, мұны да профессордың ықпалы ма деп ұқтым. Олай дейтінім, Мифодий Сергеевич десе, барлығы жанын салады, «профессор былай деген жоқ па?» деп, кейде өз-өзі керісіп те алады. Кейде бірауыздан мадактап, шашпауын көтереді.

Сол күндері менің есімде қалғандай бір уақиға болды. Ертемен клиникаға келсем, қызметкерлердің еңсесі түскен, өзара құңқіл сөз. Ақырын құлағым тіксем, профессордың үстінен арыз түсіпті.

— Немене? — деп шошына сұрадым бір ассистентінен. Баяғы Москвадағы уақиғадан аузым күйіп қалған басым, елеңдеп, сұктана бастадым.

— «Көз бояғыш, жұртты алдайтын алаяқ. Стрептомицин сатады» дейтін көрінеді.

Мен жағамды ұстадым. Алаяқ десін, емін жокқа шығарсын, бірақ «стрептомицин сатты» дегені сүмдік екен! Әдейі беделін түсіріп, халық алдында жексүрін ғып көрсету. Кім осыны істеп жүрген?

— Арызды кімге берілті? Кім екен?

— Кім екенін айта ма... Әйтеуір, директор шақырып сұрап, тексеріп жатса керек-ті, — деді әлгі ассистент. Профессор әлі келменті, халатымды шешіп, тыска шықтым да, келетін жолын тостым. Клиника мен институт арасында бейіттебе бар, соқпақ жол төбешік үстіндегі бейітті қақ жарып өтеді. Бейіт ішін аралаған боп, сол төбешікке бардым.

Қабір басына қойылған құлпытастардың жазуын оқып, аралап жүр едім, үстінде ақ костюм, таяғын серпе тастап, адымдай басып келе жатқан профессорды анадайдан таныдым. Менімен қатарласа беріп:

— Немене, Дарханов, туыстарынды іздел жүрсің бе... Тұқымында өкпесі ауырып, Қырымға келген біреу бар ма еді, — деді жүрісін бәсендетіп.

— Жоқ, жоқ, сізді тосып тұрғаным!

— Бірдеме айтайын деп пе ең?

Құс қанатындағы бұтактары төмен салбыраған көрі платанның түбіндегі орындыққа отырды профессор.

— Мифодий Сергеевич, сізді стрептомицин сатты деп өсек қып жүрген сияқты...

Профессор бетіме таңырқай қарады.

— Оны кім айтты саған?

— Естідім.

— Айта берсін. Ит үреді, керуен көшеді.

— Жоқ. Мифодий Сергеевич, олай деменіз. Мұның аяғы насырға шаппасын. Қөрмейсіз бе, медицинаның нендей нәндері кім боп шығып жатқанын? Осындаидан ушығады... Осы сияқты уақыға менің өз басымда да болды... әуелі «пленнен келді» деген өсек таратты, артынан соңыма түсіп, ұстауға айналды... Дер кезінде қашып құтылдым.

Профессор жымында, менен көзін алмай:

— Сонда маған қаш демексің бе? — Арқамнан құшақтан жүріп келеді. — Мен сен емеспін, қайда сиям... Жоқ, қашу қорқаққа тән, не істесе де көндім!..

Мен бетіне аңырая қарадым.

— Мені қорқақ дегениңіз бе? Профессор күлді де:

— Сен қорқақ емессің, жассың! — деп арқамнан қақты. Осымен сөз бітті. Профессор саспайды, баяғы жайдары қалпы, рентген сәулесімен емдеудің әдісін жақтап дирекциямен күнде бір салғыласып, бокстен шекесін ісіріп қайтқан баладай таяқ жеп оралады.

Байқауымша, профессор жасып, сескенудің орнына тайсалмай, ширай береді. Борандата буырқанып келе жатқан қара дауылға қарсы тұрғандай.

Институттың ғылыми кенесінде клиника есеп берді. Әйттеүір, іске татыр деген қызметкерлер түгел барды.

Біреулер «жібермейді, есік жабық» деп бөгесе де, ешкім қалмады.

Директордың кең кабинеті, екі жақ қабырғада көк мауытпен жапқан ұзын стол. Директор столының екі жақ қанаты тәрізді. Есік жақтағы сол жақ қабырғада бос орындықтар бар екен, мен соның біріне барып отырдым. Мифодий Сергеевич директордың оң жағында түрған тапал мінбеге қағазын қойды. Доценті художниктердің мольберті сияқты қара тақтаға көмекейдің, өкпенің түрлі суреттерін ілді.

Директор ғылыми кеңесті ашып, профессор Штокинге сөз берді.

Мифодий Сергеевич сабырмен салмақты сөйледі. Клиника соңғы жарты жылда қанша адам емдең, жазып шығарды, нендей ем қолданды, ғылыми қандай тақырыптарды зерттеп жатыр, бірін қалдырмай баяндады. Ақ бас шалдарда үн жок. Бірі қолымен басын тіреп, енді бірі қалғып-шұлғып, көнілсіз де салқын тыңдайды... «Тәйір, осы да жаңалық болып па? Талай естігеміз» деп не менсінбеген, не мезі болған кісінің кескіні. Шалдардың ішінде тыным таппай жыбырлап отырған энеугі мен келген күнгі көзілдірікті тапал; біресе қағазына үніліп, жазған боп, біресе көршісіне алақанын қалқалай сыйырлап, мазасызданып отырғаны бел-белгілі.

— Біздің клиниканың соңғы кездегі ғылыми тақырыбын бәріңіз де білесіз. Ол — көмекей туберкулезін рентген сәулесімен емдеу... Әсіресе стрептомицин дәрісі табылғаннан бері рентген сәулесі күшті емге айналды, — дегенде, көзілдірікті тапал Мифодий Сергеевичтің сөзін бөліп, жарыса сұрақ қойды.

— Сіз осы тезисті ана жылы да айтқансыз. Дәлелдемейсіз бе, коллега? — деді еңкейе қопаңдал.

Ілуі түрған суреттерді Мифодий Сергеевич қолындағы шыбықлен нұсқап:

— Дәлелім мынау! — деді.

— Бұл ғылыми дәлел емес. Рұқсат етсеңіз, біз бұған сенбейміз. Мүмкін, стрептомициннің әсері шығар, ә? — деп жан-жағына қарап, демеу іздеді. Бірақ басқалары үндемеді.

— Осы сұрақты ана жолы да қойғансыз, сонда-ақ жауап бергенім қайда, ұмытып қалдының ба? — Мифодий Сергеевич мысқылдағандай мырс етті. Қалғып-шұлғып отырған шалдар

көздерін ашып-ашып алды. Бірі көзілдірігін сұртіп, көршісіне сыйырлап, көзін қайта жұмды, енді бірі жымындал, «қызық енді басталды» дегендей, тарғыл қанат кәрі бүркітше қомданып алды. Профессордың да даусы ширай бастады: көтерінкі, ойнақы.

— Сіздердің алдарыңызда екі сурет ілулі: бірі — жеке стрептомицинмен емделген де, екінші — рентген сәулесіне қоса аз дозада стрептомицин алғандар. Айырмасы бар ма?

— Бар! Бар! — дестік біз есік жақтан дауыс қосып.

— Ақырын, тәртіп сақтандар! — деді директор қонырауын қағып.

— Тағы да айтам, бұл дәлел емес. Өр адамның организмі әртүрлі, бұл — бір. Екінші — рентген сәулесінің адам клеткасына, қан тарайтын тамырына, нервісіне әсері қандай, соны алақанымызға салмайынша, біз сенбейміз, — деді көзілдірікті дызалақтай жармасып.

— Теория тәжірибеден туады. Әуелі теория тауып, соған орай тәжірибе жасау ұтымды емес. Өмір тәжірибесі белгілі бір жүйені табады. Біз де сол тәжірибеде байқап көрдік, енді экспериментально<sup>1</sup> көжек арқылы сынаймыз. Бұл — үлкен істің беташары.

— Әуелде сол көжектен бастау керек еді ғой!

Бұл кім еken сөз жарыстырып отырған деп қарасам, директордың өзі еken.

— Сол көжекті сатып алуға ақша бермей қойған кім еken?

— деді кекесін аралас Мифодий Сергеевич.

— Үкіметтен сұраңыз! Менің қалтамда оған деген ақша жок!

— Үкімет өкілі кім, содан сұрайым да... Маған көп ақшаның керегі де жок. Жарайды, мен өз ақшама-ақ сатып ап, тек серейін, сарандық қылсаныз. Не «жоқ», не «бар» деген сөзді сізден ести алмай бәнгі болғам жоқ па? Ғапу етіңіздер, — деді Мифодий Сергеевич жүртқа қарап, — бұл біздің күндері дауымыз! Егер біз қорғанбай, батыл кіріссек, рентген сәулесі өкпе туберкулезіне үлкен ем сияқты. Қазірде көмекейге арнап берілген рентген сәулесі өкпеге де шипа екеніне сан рет күә болдық.

<sup>1</sup> Тәжірибе жүзінде.

Мифодий Сергеевич бұдан әрі Павловтың қисынына түсті де, адамның дене құрылышы бірімен-бірі нерв арқылы шымшытырық байланысып жататынын, мидаң оған әмір етіп жүргізіп тұратын орталық аппарат екенін, осыған орай адамның бір мүшеге арналған емінің екінші мүшеге әсер беретініне тоқтап, соны сөз қылды...

Мәжіліс аяғы даumen тарады. Дауды манағы көзілдірікті тапал бастады. Ол шешен екен, тоқтау жок, сөзді пулеметтің оғындаіт қыладады:

— Ақша-қаражат жағында біздің шаруамыз аз, рентген сәулесі туберкулезді емдейді дегенге әзір сенбейміз. Біздің алақанымызға салдым деп көрсетіп отырғаныңыз ғылым емес, тек жорамал... — деп тісін баса сөйледі.

Мен таң қалдым. Ғалым адамдар да осындаі ашы сөзге барғаны несі?.. Оның артынан іле ақ бас шалдардың тағы да бір-екеуі сөйледі: бірі көзілдірікті тапалды костаса, енді бірі Мифодий Сергеевичті сүйеп: «Профессор Штокин айтқандай болса, келешегі алда, зер сап, зерттеу лайық!» — деп ой түйді.

Директор қорытқанда, Мифодий Сергеевичке батыра-батыра айтты:

— Қымбатты коллега, — деді ол, — ғылым жорамал, гипотез емес, фактыға сүйенеді. Әсіресе медицинада мұндай гипотезден сақ болған жөн. Көжек асырамаймыз, адам бағып, адам өмірі үшін құресеміз. Өзініз тірек қып, сүйсініп отырған Павлов адам денесін сағатқа тенеген жоқ па... Дәрігер ісмер, ең алдымен өз ісіне мұқият болу керек, әйтпесе, бұлдіріп ап, сағатты жүргізбей тастаса, ондай дәрігердің құны бір-ақ тиын.

Мифодий Сергеевич ұшып тұрды. Сөзін жібермеді:

— Сағатты түзеуші ісмердің қолында әуелі лупасы, түрлі құрал-сайманы болуға тиіс... Қанша білімпаз болса да, құр қол не істейді?.. Сағатшыны жалдап отырған иесі ақша бермесе, ылғи ала көзімен атып жүрсе, ол ісмерде қанша куат болады?

— директор қызарапад, Мифодий Сергеевичтің қағытқан сөзін өрі айтқызбай, баса бастады. Бірақ профессор Штокин ойын аяқтап та үлгерді: — Мен сол ісмерге ұқсаймын!

Жүрт ду күлді...

Мәжілістен кейін Мифодий Сергеевич екеуіміз бірге қайттық. Мен оған көз қызығымды тастап қарап қоям. Жоқ,

қажымаған адам сыйылды, тың, өзінен-өзі жымындалп, әлдекімнің сөзін есіне түсіріп келе жатқандай.

— Директордың сөзі маған ұнамады, Мифодий Сергеевич. Тапалды қойшы, ол ішіне шынтақ айналмайтын қызғашақтардың бірі... Бірақ директор қара қылды қақ жаратын әділ төреші емес пе? — дедім мен.

Профессор мырс-мырс күледі:

— Айтсын, айтқаны жақсы. Бұлардың сөзінің бір ұтымды жері — менің ісімнің экспериментальдық жағы нашар.

— Ол сізден бе? Өздері емес пе ақша бермеген.

— Оған қараудың қажеті шамалы. Қалай да қаражат таппай іс өнбейді.

— Ақшаны үкімет бермесе, қайдан аласыз, қын-ау табу!

— Қыындыққа төз, кедергі болса, қасқайып қарсы тұр...

— Мұның бәрі нақыл сөз, профессор, бірақ сіздің клиниканы бүгін неге тыңдады? Соған көзіңізді жеткіздіңіз бе?

— Неге тыңдады деп ойлайсын?

— Осы әнеуті өзінің туралы тараған лақаппен сабактас емес пе екен?

Мифодий Сергеевич ойланып қалды:

— Бұл арасын ойламап ем.

— Неге олай дейсіз ғой: естуімше, сіздің клиниканың тақырыбын бұдан бұрын бір рет тыңдапты ғой. Олай болса, бүгін неге тыңдайды? Біреу-міреуге ғылыми советтің қаулысы керек болған жоқ па екен?

— Я, сенің ойынның жаны бар-ау, осы...

Мен одан әрі терендептіп сөз қозғамадым, есіне салдым, осы да жетер деп түйдім. Бірақ сол ойымды іштей өрі соза бердім: профессорды айналдыра бастаған. Кім екен леп беруші? Қап... қолға түсер ме еді ол? Ойым түрлі саққа жүгіріп, айналсоқтап Штокиннің маңынан шықпаймын. Еркекті ерек жақсы көріп, сүйсіне билетініне, адал жүрекпен беріле, түсіне билетініне мениң көзім сонда жетті. Мен профессордың көлеңкесіне айналдым. Ол да маған үйреніп ап, тенденс адамдай менимен сырласатын болды.

Профессордың эйелі де ғылым кандидаты, сонда бір салынорийдің бөлімшесін баскарады. Жексенбі күні еді. Мен үйіне келсем, жападан-жалғыз жүдеп отыр. Мені көріп, қуанып қалды.

— Мифодий Сергеевич теңіз жағасына кетті... Бүгін ауырып тұрды, «жүргегім» дейді. Соңғы кезде сағы сынық... — Олар жағын күмілжіп айтпады, мен табанда бір шешім таптым:

— Келгелі Қырым түбегін аралаған жоқ едім, күн жақсы екен, катерге отырып, теңізде серуен құрсақ қайтеді... Қалай көресіз?

Ол кісі «рақмет» айтып:

— Барса, Мифодий Сергеевичті сейілтіп қайтыңыз, онда да көп жүрменіздер, — деп қалып қойды.

Мен аяңдап теңіз жағасына бардым. Ойға шомып, екі көзін теңіз өріне қадап қалған профессор алғашқыда мені елемеді. Үнсіз қасында тұра бердім.

Енді мен де зер сап, Қара теңізді тамашалай қарадым. Қара десе — қара, ұшы-қиырсыз қара көк теңіз бұлдыраған кекжиекте өзі түстес қара көк аспанмен ұштасқан, бірінен-бірін айыра алмайсың, аспан айналып жерге түскендей. Теңіз ортасында жүзіп бара жатқан кеме алыстан суға қонған шағаладай...

Ялта қаласы орнаған теңіз жағасының формасы бүйрек тәрізді, бүйректің бүріскең ішкі күйесінде қаз-қатар тізіп қойған катер мен пароходтар. Катер пыс-пыс етіп түтін атып, әр минутта бірінің артынан бірі әр тарапқа кетіп жатады.

— Нияз Базілевич, сен қалай дейсің, осы теңіз адамға ұқсамай ма. Міне, бүгін түнеріп, қабағын түйіп, әлденені уайымдал, қамығып жатқан адам сиякты. Әлде менің жүрек күйіме үндес пе?.. Жоқ-жоқ, жалғыз бүгін ғана емес, әрдайым осылай: ашуланып, аузынан көбік ағып, бұлқынып, өзіңе карсы ұмтылады, енді бірде тып-тыныш сәби баладай қалтқысыз ұйыктап жатады... Кейбір күндері көктемгі жас сұлудай құшағын ашып, құлімсіреп, құлпырып-сылаңдаپ, «Па, шіркін, кандай ғажап!» дегізіп, еріксіз өзіне тартады, — деді профессор теңізді көзімен аймалап шолып.

— Рас, жақсы айттыңыз, Мифодий Сергеевич. Теңіздің жаңы бар секілді. Толқын күні жиектен әрі қарай қадам бассан, белінен құшақтап ап, ілгері тартып әкетеді.

— Талай адамды жұтқан теңіз... Қазір қабағын түйіп, томсырайып жатыр ғой, аздан соң ішін тартып, қаһарына мініп, бұлқына бастайды.

— Келгелі теңізде жұзіп көргенім жоқ... — дедім теңіздің бұзыла бастағанына шын өкініп.

— Жоқ, әлі ерте, теңіз не түнде, не таң ата бұзылады, сырды маған белгілі. Осы арада глиссер мен Қырым түбегі — Семиезге дейін барып қайтса да болар еді.

— Барсақ қайтеді, профессор? Мифодий Сергеевич сәл мұдіріп:

— Жүр! — деді.

Біз пристаньға келіп едік, сапырылысқан халық жол беретін емес.

— Мұнда кісі көп. Серуенді біз Массандрадан бастайық, содан Никитин бағына барып, категре сол арадан мінейік, — деді профессор.

Қаланың тау жақ шетіне салынған Массандраға таксимен бардық. Завод биік тас дуалмен қоршалған да, батыс жағында шығыс үлгісімен салынған үлкен қақпасы бар. Біз сол қақпадан өттік. Завод мастері профессорды таниды екен, сөзге келген жоқ, рұқсат етіп, өзі аралатты.

— Қазір Массандрада екі завод бар, соның біріншісі осыдан екі жұз елу жыл бұрын салынған. Жер астында дүние жүзінде жоқ қымбат шараптар сақталады, — деді ол жолшыбай сатымен төмөн түсіп бара жатып таныстырып.

— Сонда неше жылдан бері шараптар бар сіздерде? — дедім мен.

— 200 жыл тұрған шараптар да аз емес. XVIII ғасырдың дәмі де табылады.

Мәрмәрлы ақ сатымен жүріп отырып, кең бөлмеге кеп кірдік. Жарқыраған электр шамы құндізгідей жап-жарық. Тұстұс жаққа қолдың саласындағы қатарласа қазылған туннельдер өнештей үнірейеді.

— Мұнда жеті туннель бар, ұзындығы 150 метр де, тереніндегі 53 метр.

— Соларға қанша шарап сияды?

— Бір миллион шөлмек, яғни 400 мың бөшке сияды.

— Ал енді солардың дәмін татқызбайсыз ба? Мына доктор Қазақстаннан келген қонақ, — деді профессор күлімсіреп. Қасындағы халат киген, бетінен қаны тамған жас жігітке мастер бұйрық берді.

— Аш... Қонақтан аяғанымыз су бол ағып кетсін, — деді

маған көзін қысып. Әдемі-әдемі томпиган сырлы бөшкелердің әрқайсысының шүмегінен бір жұз грамнан шарап ағызып, ұсина берді, мен дәмін алғып, тамсанып, ішे бердім. Профессор тандап, бұрын сирек кездескен шараптарының ғана дәмін татып тұрды.

— Мынау Қырымның атақты мускаты... Тәтті емес пе? Мынау токай деген. Бұл шараптардың дәмі қышқылдау. Ал мына бір қара құрен шараптар пиногри, мадера, херес, бордо. Ал алтын түстес мына шараптар шасля, чауш, каталон дейтіндер жұзімнен жасалады, — деп әлі құйып беріп жур. Бірақ ең ақырына жетер-жетпесте буыным босап, тізем дірілдей бастады. Менің сиқымды сезген профессор оған:

— Жетеді! — деді.

Мен тыска тәлтіректеп шықsam да, таза ауа жұтқан соң есімді жинадым... Сол бетпен кез келген таксиді ұстап, Никитиннің ботаника бағына бардық.

Мифодий Сергеевич бақтың тарихын да жақсы біледі екен, жетекшісіз-ақ мені ертіп, әр ағаштың тұсына бір тоқтады.

— Бұл бақтың аумағы 15 километрдей, қабат-қабат, мұны түгелдей аралап шығу үшін кемі бір күн керек. Сондыктан қажет жерлеріне тоқтап қана өтем. — Профессор адымдай басып жөнелді. — Жеті мыннан аса ағаштың түрлері бар мұнда. Дүние жүзінде шығатын ағаштың бір де бірін екпей қалдырмаған. Өсіреле хұрма, индір, миндалъ сияқты ыстық жақта өсетін өте нәзік өсімдіктердің тұқымы сұық жакта өмір сүреді.

Профессор лекция оқып келеді, мен үнсіз тыңдайым. Әлі де болса, басым айналып, шараптың қызуы басылмаған сияқты.

Айнадай жарқыраған төрт бұрышты бассейннің екі жағы толған пальма, желкілдеген жапырақтары дәл үшар басына өскен де, денесі сидиган, жап-жалаңаш, жұндеген түйедей.

— Осы бак орнағанда еккен ағашты қөрсетейін бе қазір саған?

— Көрсетініз!

— Міне, мынау Италия қарағайына 140 жыл болған. Италияда өсетін қарағайдың Бурабай қарағайынан не айырмасы бар екен? Ікылас сала қараймын: мұның да бұтқастары ағаштың бас жағына шыққан, қолшатырдай дөп-дөңгелек.

— Ал мынау Ливан кедрі, биіктігі он сегіз метр де, жуандығы бір метр... ал мына көксүр кедрді әлгімен ағайында деп

кім айтар? Үп-ұзын, жіп-жіңішке бұтақтары жерге басын иіп, салбырап түр, жапырақтары қадап қойған ине тәріздес. — Бұл, — деді профессор, — біздің Қырым бағандарының қолдан өсірген түрі.

Жоғары қарасан, бас киімің түсетін жетпіс бес жастағы зәулім секвойяні, биіктігі 37 метр мамонт ағашын, қытай барбарисін, нумидияның пихтасын, кипаристерді таңдана қарап ете шықтық та, юққ, магнolia, самшит, платон сияқты бұрын мен білмеген, Қазақстанда өспейтін ағаштарды көрсетіп, Примор паркіне қарай алып жүрді...

«Шіркін, осы ағаштар біздің Алматыда немесе Жамбыл, Шымкентте өссе!.. Неге өсірмейді екен?» — деймін іштей.

Пристань басындағы кафеден тамақтанып ап, катерге отырдық та, Ялтаға соқпастан, Қырым түбегі — Семиезге бара жатып, Ай-Тодор мүйісінің сәні — «Қарлығаш ұясына» тоқтадық. Түп жағын теніз толқыны үнгірлеген биік құз, адам мұрнына ұксас, теңізге жалбырап түр, сол құзға құс ұясындај жабыстырып «Қарлығаш ұясын» салған.

Революциядан бұрын осы жерде патшаның бала-шағасы демалған деседі, бірақ соңғы жылдары музей сияқты, ешкім тұрмайды, бос. Шынжыр арқанмен белінен таңып, кейін қарай тартып, қазыққа байлап қойған. Қай күні құлайтының кім білсін... Қырым түбінде маған әсер еткен тас үстінде бөлесін құшактап судан шығып бара жатқан «пері қызының» мүсіні. Бұл жайындағы анызды да баяндап өтті Мифодий Сергеевич...

Көп жерді аралап, қалжырап, Ялтаға қайттық. Профессордың шыны ма, жоқ, мені сынау үшін айтты ма, автобусқа мініп жатқанда:

— Ай-Петри тауының басына барып түнемейінше, Қырымда болдым, араладым деп ауыз толтыруға келмейді... Соның басына барып түнеуге қалай қарайсын? — деді.

Мен құлдім:

— Жоқ, Мифодий Сергеевич, құр сұлдем қалды. Елге қайтарда барып қоштасармын Қырыммен.

— Онда макұл!

Біз Ялтаға оралғанда қас қарайып, қалада шам жағылды. Автобус Исар қорғаны тұрған қыраттың үстінен шыға келгенде, ойда жатқан Ялта алақанға салғандай бір-ақ уысқа сыйды.

Электр шамына брезенген қаланың айқыш-ұйқыш көшелел-

pi, ағылған машиналар, теңіз жиегінде тоғысқан халық, би-  
нокльмен көргендей ап-айқын. Жар жиегіндегі электр шамда-  
ры қыз қамзолының өніріне қадалған моншақтай жалтырап  
көз тартады. Төмен зыраған машинаға қала қойнын аша  
берді.

«Ақылды адам кішіпейіл келеді» дейді ескі латын мәтелі.  
Мифодий Сергеевичтің қасына еріп жүріп, қорытқан пікірім  
осы. Профессордың телегей-теңіз біліміне, шешендігіне қы-  
зығып қана қоймадым, кішіпейіл, жұмсақ мінезіне сүйсініп,  
еліктегім де келді.

Менің бойымдағы жетіспейтін мінездің бірі осы — кіші-  
пейілділік пе дейім. Қоян-қолтық араласып, сырын алмаған  
адамға аса ашыла қоймаймын, қабак шытып, салқын аманда-  
сам. Эрине, бұл менің басыма іштен туа бітпеген мінез, жас-  
тай инабатты, әдепті адамдардың ортасында жүріп, тәлім-тәр-  
бие алмағандық. Атақты профессор, шашына ақ кірген егде  
адам басымен жасты кіслерге иіліп, шын ықыласымен аман-  
дасып жатқанда, менің кекиіп, осқыра қарауым лайық па!..  
Күлімдеп киіп-жарып, неге танысып кетпейім? Соған қырым  
болмаған соң қайтсін... Бір күнін киып, аралатпаған жері қал-  
мады, сонда профессор мені кім деп дәріптеп жүр? Қарапайым  
дәрігерлердің бірімін. Ең болмаса, қолымда тұрмыс кілті тұр-  
са екен, жалынышты болатын. Қайта, профессордың өзіне  
мен жалыныштымын. Масылмын... Осы бір ойды шахмат ойы-  
нының эншпиліндегі алдымға жайып қойып, шешімін іздеп  
акыры таптым. Профессорда адамгершілік ар басым, осыған  
орай Отанына, еліне жаны ашиды, соның келешегін, мемлекет  
камын ойлады.

Қазақстанның қарапайым дәрігері көрсін, үйренсін, ертең  
ол білімін еліне апарады, игілік іске жаратады. Жақсыдан ша-  
рапат, жақсыдан із қалады деген осы. Шіркін, осындай адад  
адамды қаралағысы кеп жүрген кім екен?.. Әлде менің соны-  
ма түскен шойын қара сияқты біреулер мұнда да бар ма?..

Көніл күйін бұзған осы бір мазасыз ойда жүріп, дәл кетер  
кезде, Мифодий Сергеевич ақылын алып, Ай-Петри тауының  
басына түнедім. Қырым таңының атқанын көрмей, еліме қайта  
алмадым. Самолетке алып қойған билетімді әдейі қайырып  
беріп, бір топ демалушыларға еріп, қоңыр салқын барқыт  
түнде Қара теңізben сырластым. Теңіз аспанның серігі тәрізді,

аспанды қара бұлт басқанда, жел тұрып, теңіздің де рені бұзыла бастайды. Сол бір кеш теңіздің беті ойнақшып, ақ көбік атты да, аздан соң толқын мен толқын соғысып, Қара теңіз шулады да қалды. Құлағымды тігіп, сол шудың тілін ұққым келеді. Мен келгелі тап бүгінгідей теңіз шуылын көргем жоқ. Қарашы, Ай-Петриге қолын созып, мені бауырына тартып алмақ. Шамаң келмес, қара дүлей! Адамның саған көнгенін білесің бе? Тарихта да жоқ. Ең ақыры, сенің түбіне батып бара жатып, қолын көтеріп, жарқыраған күнмен қоштасып та үлгірмей ме? Ертең сенің түбінде тығулы жатқан керемет қазына байлыққа ие — мына біз. Халық анызында теңіз түбіндегі інжу, меруерт, алтын, гауһар асыл тастарды жігіттің жігіті тауып алып шықкан. Сол жігіт мына мен. Менің құрбы-құрдастарым...

Теңізben іштей ерегісіп, көзімді алмай, тау басында етпеп-теп жатырмын. Серіктерім пырылдап әлдеқашан ұйықтап та қалды. Өстіп жатып мен де қалғып кетілпін...

Қап, серіктерімді оятам деп уәде беріп ем, ұят болды-ау. Атып тұрсаң, айнала тым-тырыс, теңіз шуылы басылған, таң құлан иектеніп белгі бере бастаған. Өмірде мұндай ғажайып сурет көргенім жоқ. Көкжиек қызыл-сары, көкшіл нұрға бөле-ніп, аспан төмен түсіп, теңіз үстіне құлағандай. Таңданып, көзімді ашып-жұмғанша таң шапағы жарқырап, ұлкейе-ұлкейе аспанды теп-тегіс өртей бастады. Іле, теңізге тығып қойғандай, судан басын қылтитып күн де шыкты. Күн сәулесі бүкіл Қырым түбегіне салынған қалаларды ертегідегі киялдай көз алдымға алыш келмесі бар ма. Пай-пай, Қара теңіздің доғадай иілген жағасына қаз-қатар салған қалалардың зәулім сарайлары, көк тіреген шпильдері, жарқыраған күмбездері, бау-бакшалары, жап-жасыл күз-тастары, теңізге аппаратын мәрмәр баспалдак жолдары да алтынмен аптағандай жарқырайды...

Бұлт айығып, жарқырап атқан күнді мен де өз өміріме ырым қылдым. Бүгін кешке жол жүрем, еліме қайтам. Менің де өміріме бұдан былай қара бұлттың көленкесі түспей, таны ата берер деп үміт еттім.

\* \* \*

Бурабайға алақаныма түкіріп, кіжіне келдім. Келе рентген сәулесімен емдеуді қолға алдым. Бас дәрігер өзі рентгенді жөнді түсінбесе де, маған сенді, және профессор Штокиннің

кейбір еңбектерін ала келгем, соларға сүйеніп, ақыры көндердім. Санаторийде жана, жақсы ем жүргізілсе, өзіне бедел екенін Алексей Иванович та түсінді... Байқаймын, біраз жолдас дәрігерлер менің бұл бастамамды жактырмай, тыжырына қарады да, бара-бара тілтеп елемей қойды. Алдымен елемей қойғаның бірі — Сусанна Михайловна. Мен оны өзімше жорыдым: Ялтада жүргендеге не бары екі-ақ рет хат жазғам, соған өкпелеп, өшін алғысы келеді. Енді бір қырындастын себебі — азанғы дәрігерлік конференцияларда жүрттан бұрын пікір айтып, үстемдік құрып отыратын-ды; Қырымнан қайтқаннан бері, білімім жетілді ме, мен де қарап қалмай, өз ойымды қатар жарыстыра өткізетін болдым. Сусанна Михайловнаның кейде ағат айтқанын басқалардан бұрын анғартып, сыпайы түрде қақпалап, түзейтін болдым.

Осы екі жәйт Сусанна Михайловнаның қытығына тигендей: мені уысынан шығармай, қысуға айналды. Өз асыраған күшігім өз басыма секірді демек пе? Ендеше, ер жеттің, «кушік» деген атақ азамат басына жараса ма? Мен арымды корғадым. Күннен-күнге Сусанна мінезінің қатыгез, өзімшіл екенін сезген сайын, бұлқынып, уысынан босанғым келеді. Негұрлым мен бұлқынсам, соғұрлым ол қаттырак қысып, тырнағын батыра береді... Әуел баста, мен елемей, күліп, әзілге жатқызып бағып ем, өршелене берді. Сонсон, корғану әдісімді өзгертіп, мысыл, кекесін аралас аңы сөздерге көштім. Әйтсе де, Сусанна Михайловнадан біржола алыстап кете алмадым. Сол күндері менің басыма кара бұлт төніп, тағы да жалғызырып, сырлас адам іздедім.

Қырымнан келген сэтте, Ялта санаторийлерімен салыстыра қарап, өзіміздің санаторияның біраз кемістігін ертенгі конференцияларда батыра айтқам. Әсіресе бас дәрігердің шаруашылық жағын басқаратын Шортанбаевты қаттырак сыйнағам.

Осы өзіме кесел боп тиді. Шортанбаев арасына апта салмай-ак, маған қарсы шабуылын бастады. Көрінген жиналыста, мәжілісте менің атымды атап, соныма жарық алып түсті... Дәрігерлердің аудандық мәжілісі болып, соған Сусанна Михайловна барып еді, зәресі ұшып, жүрегін ұстап келді.

— Шортанбаев мінбеге шығып ап, түссейші... Ал сілкіле, ал сілкіле сені... Бет-аузы қисаймастан: «Санаторийде Дарханов

деген біреу пайда болды. Оның ақ дегені алғыс, кара дегені қарғыс. Ерке-тотай!» деп қарап тұр. Сонсоң мен шыдамадым, айқай сап: «Не жамандығын көрдініз, жұмбақтамай, ашық айтсаңызың» деп ем, одан бетер өршеленіп кетті дейсін...

— Айыбы не тағатын?

— Айыбы: «Жат адам сиякты, сенбеймін» дейді, — Сусанна Михайловна әлдене есіне түскендей, маған құле қарайды, — сениң осы Павлодарда ондай-мұндай шатағың жоқ па еді?

Мен сезіктеніп, сескене қалдып.

— Оны неге сұрадың?

— Біз қайтып келе жатқанда, автобустың ішінде Шортанбаевқа Алексей Иванович қатты-қатты сөз айтты: «Бейбастақ сөз абырой бермейді, Дарханов туралы нендей дәлелін бар?» деп ұрысқанда, ол: «Павлодардан қашып кетіпті. Тірі болсам, талай былығын ашам!» деп кіжініп келді. Мен өзім қорқып қалдым. — Сусанна Михайловна айтарын айтса да, есігін мықтап жауып, терезенің пердесін түсіріп, сақтанған мінез сездірді.

Іс насырға шапқанын енді түсіндім. «Тілім менің — жауым менің» деген осы екен. Сынаймын деп пәлеге ұшырадым. Нем бар еді... кіріспі, тыныш журмей!..

Менің қашқанымды Шортанбаев қайдан біледі? Оның Павлодарда таныстары бар ма екен? Әлгі шойын кара, мүмкін, туыстары шығар, өздері ұқсас тәрізді?

— Шортанбаев қай жердікі, білмейсің бе, Сусанна Михайловна?

— Осы маңнан... Көрші ауданда жауапты қызметте болған. Колхозға қол сұғып, жей берген соң, куып жіберіпті деседі. Оны неге сұрадың? — Сусанна Михайловна аппақ, жұп-жұмыр білектерін маған көрсеткісі келгендей сипалай береді.

— Менің кім екенімді ол қайдан біледі?

— Сен кім едің? — Бұл жолы Сусанна Михайловна үрейлене сұрады.

— Мен бе?.. Қашқынмын.

— Қашқын? Өтірік айтасың!..

— Шортанбаев білсе, шын да. Сен мені жақсы адам деп жүр ме едің?

— Нияз, сен әзілді таста! Бірақ ондай-мұндай құнәң болса,

барып өздеріне айт, кешіреді. Тығылып жүріп өмір сүре аласын ба?

Өйдөйт деген, шіркіннің ақылын-ай... Үн-тұн жоқ кете бардым. Жоғары қотеріліп, өз үйіме кірдім де, шешінбестен кереуетке құладым.

Арқада март — қыс айы. Ұдайымен апта бойы ақ боран соғып, басылмады. Ағаштардың басы суылдап, терезені сабалады да тұрды...

Осы бір күндері ак боран құладуз далада, Қекшениң бауырында ғана сокқан жоқ, менің ішім де алай-дүлей, уайым-қайғы бораннан бетер тұншықтырып, денемді қалтыратып, құтымды қашыра бастады.

Адам ұдайы үреймен жүріп өмір сүре ала ма?.. Не бір күні жүрек жарылып, не есінен ауысып, өлмей ме?.. Сусаннаның айтқаны дұрыс: «мен пәлен» едім деп барып, өзімді неге әшкерелемейім? Өз елімде, өз үкіметіме өгей бала болғаным қалай? Жоқ, «мен пәлен» едім деп барудың өзі қылмыс жасап, соны мойындау емес пе? Мен қылмыс жасадым ба?.. Ендеше, не деп барам? Бармайым, не қылса, о қылсын, еркінде. Әлде алдын ала қам жасап, Москваға хат жазып жіберсем бе?

Өстіп жатып ұйыктап кетсем керек, әлден уақытта жүрегім қағып, қуанып ояндым. Қандай гажап тұс. Тағы да қайталар ма еді, көзімді жұмсам...

Биік таудың басында аң аулап жалғыз жүр екем, карсы алдыннан шынырау шатқал кез болды. Енді қалай өтем? Біздің қала осы шатқалдан өтсем жап-жақын. Қиналып, уайымдап аландалп тұрганда, ар жағымнан біреу жетіп кеп, қолын созды.

— Бер қолынды! — деді. Қарасам, Ленин. Үстінде қара көк костюм, басында кепка. Көзін шүйіріп, тесіле қарайды. — Эне бір тақтай жатыр, содан жүріп өтесің.

— Тақтай сынып кетпей ме, Владимир Ильич? — дейім.

— Жоқ, қорықпа, батыл жүріп өте бер. Тақтайға аяғынды басысымен, маған қолынды ұсын, өзім тартып алам! — дейді коныр даусымен әдетінше тез-тез сөйлеп.

Мен тақтайды бір-екі баса бергенде, сықырлап, майыса бастады. Ойпыр-ау, кеткенім бе құлап шыныраудың түбіне.

Мандаіымнан сұық тер бұрқ ете түсті, буыным босап, ая-

ғым дірілдеп бір-екі басқан кезде, Владимир Ильич менің колымнан шап беріп ұстап ап, өзіне қарай тартып алды.

— Мен жас шағымда Швейцарияда қашып жүргенде, осындай шатқалдан секіріп өтетінім бар. Жасына жетпей, жасығаның қалай? — деді сақылдай күліп.

— Тай қуған жылқышыдай қуып-қуып, мойныма талай бұғалық тастап, талай омақата құлатып, жасқаншак, қып алса керек, Владимир Ильич!

— Қарулы ер жігіт соған көне ме екен?

— Көнбекенде, басқа түссе — баспақшыл.

— Қүрес!

— Кіммен қүресейін, Владимир Ильич? Сіз патшамен күрестіңіз, мақсатыңыз айқын, жолыңыз ашық болды. Мен кіммен қүресемін? — дедім жыламсырап.

— Әлгі, сені куып жүрген жылқышы кім? Сонымен қүрес!

Владимир Ильич иғыма қолын артып, мәндайымнан сипай бергенде... оянып кеткенім. Қап, әрі қарай неге созылмады бұл түс?!

«Қүрес!» деді-ау маған. Мені бағып жүрген жылқышы кім? Шортанбаев па, жоқ, әйелімді тартып алған шойын қара ма? Қайтып ұбықтай алмай, ертемен корпұска бардым. Бүгін рентген сәулесімен емдеуді бастайтын күнім, жата алмадым. Иә, іске сәт!.. Кім біледі, қандай киындықтар кездесетінін. Бұда уайым үстіне уайым жамап, мойныма тағы бір жүк артты.

Рентген аппараты түзу істей ме? Истемей қалса, артық доза беріп қалып, адамды апатка ұшыратып алмаймын ба деген күдік кинайды. Техникпен сөйлесіп, аппаратты тексеріп, кімге канша доза, кай мүшесінің тұсынан бару керек, соны анықтап, тапсырып келе жатқан ем, бас дәрігер кездесе кетті.

— Ну, доктор, қалайсың, әзірсің бе? — деді ол әдетінше жүгіре басып келе құшақтап.

— Әзірмін, Алексей Иванович! Мен жайындағы әңгімені естіп жүрсіз ғой...

— Білем. «Ит үреді, керуен көшеді» демей ме қазақ? Мен күлкім келмесе де құлдім.

— Ит талап жатса, жылама деп жұбатқаныңыз ба?

— Оны айтақтап отырған қожасы бар, түсінбейсің бе? Мен анырып, не дерімді білмей, тұрып қалдым. Ол кабинетіне кіріп кетті. Сонда «қожасы кім болғаны?»

\* \* \*

Сол күні рентген емінің бірінші дозасын өз кезімше бергізіп, түстен кейін үйіме оралдым да, пижамымды киіп, жанағана демалайын деп жатқанда, контордың үй сыйырушы эйелі келіп: «Телефонға шақырады» деді.

Қалада танысым жоқ еді, кім екен бұл? Ойым түрлі сакқа жүгіріп, алаңдап барсам:

— Доктор Дархановпышын? — дейді бөтен дауыс.

— Иә, бұл кім?

— Біз ғой... Ауданға бүгін келіп кет! — деді, зәрем ұшып, телефонды тастай бердім. Баяғы «біз», баяғы шойын кара тағы да із кескен екен!..

Жалғыз сырласым — Сусанна Михайловна, ентіге басып, көзім бадырайып соған бардым.

— Тағы да шақырып жатыр!

— Кой?!

— Рас... Енді кайтем... Бармай қойсам бола ма?

— Қайдам...

Ақыры «бару керек!» деген түйін жасадық. Бірақ жалғыз бармай, қасыма Сусанна Михайловнаны ерте бардым.

Бір аптадай соққан боран бүгін түсте толастаған еді, эйтсе де Қекшениң басында сұрғылт бұлт дөнгеленіп, жел көтеріле бастады. Қырышық қар аралас ызырық жел бетті карып, қойны-қоншынды тінтіп, сұық саусақтары дене тітіркентеді.

Қаланың қак оргасындағы қызыл тас үйдің жанына кеп, екеуіміз бірімізге біріміз қарадық. Мен «кірейін бе?» дейім көзіммен, ол маған «кірмесен қайтеді?» деп жалынады. Түсінем, бірақ енді кірмей қалай кетерсің, терезеден қарап та тұрған болар? Ақыры екеуіміз келісіп, мен үрейлене есіктін тұтқасын ұстадым.

Дембелше қараторы жігіт, мені тосып тұрғандай кіреберіс ауызда тап болды да, таныс адамдай шұрқырап амандаса кетті. Ертіп, кабинетіне алып барды. Арт жағымда тасада тұрған Сусаннаны көрмеді ме, жоқ, елемеді ме, босағада қала берді.

— Иә, сіз Қырымда едіңіз ғой?

Іштей кекеп, зығырданым қайнай бастады: «Қайда жүргеніме дейін біліп, жаны ашып отырғанын көрдің бе, «тыысқан» ғой!...»

— Кеткенімді білгенмен, келгенімді білмей қалғаныңыз

қалай? — деуін десем де, жаман өкіндім. Басым бата алмай жүріп, кекесін сөзде нем бар? «Тышқанға — өлім, мысыққа ойын керек» деген осы-ау!».

Тергеуші маған ажырая қарады да, менің тітіркеніп, кірпідей жиырылып отырғанымды сезгендей, табандада өзгеріп, өнін жылы ұшыратып:

— Сіз осы қайдан келдіңіз Бурабайға? — деді.

— Білмей отырмысың? — Егес-қияс сөздің аузынан қалай шыққанын тағы да сезбей қалдым.

— Өз аузынан естігім келеді! — деді ол даусын қатайтып.

Байқаймын, мойынға құрықты тастап жіберіп, бұрап-бұрап жібергендей.

— Павлодардан!

— Одан неге кеттің?

— Өкпем ауырып, жаныма тыныш орын іздегендегі түрім ғой.

— Семьяң жоқ па еді?

— Болған. Бірақ әйелімді сіз сияқты біреу тартып алған.

— Тартып алғаны қалай?

— Кәдімгідей тапа тал түсте, қолынан жетектеп, үйімнен алды да кетті.

Үндемеді. Не ойлап отыр, Құдай білсін... Осы кезде Сусанна Михайловна шыдай алмай, есікті ашып, басын сұғып, мені шақырды.

— Тез боласың ба, доктор, аяғым мұздап барады.

— Қазір, — дедім қасақана, не дер еken деп.

— Бұл кісі кім?

— Дәрігер ғой, қалаға магазинге кеп еді.

— Ә... Онда жарайды, қайта беріңіз. Тағы да кездесерміз. Айтқандай, Қырымда курс бітіріп келгеніңе документің бар ма?

— Бар, — деп қалтамнан дипломымды суырып алдым. Ол аударыстыра қарап, қайтып берді.

Жолшыбай осының бәрін Сусанна Михайловнаға айттым. Ол танданып, басын шайқады.

— Біреу арыз берген сияқты.

— О да мүмкін...

Осы жорамал дәл шыққандай. Санаторийге оралсақ, клубта

мәжіліс болып жатыр екен. Сусанна Михайловна кіре кетейік деп, болмай алып барды. Ауыз үйден кіре бере өз фамилияды естідім. Сәурік қуған айғырдай тісін сауырыма басып жатқан баяғы Шортанбаев.

— Арызың іесі! — деді Сусанна шынтағымен тұртіп қап, Шортанбаевты иегімен нұсқап.

— Тоқта, тыңдал алайық!

— Дарханов деген кім ол? Қашқын, жат адам. Кеудемізге жұмыртқа салған сүр жылан... Москваға, Қырымға неге барғанын білеміз. Санаторийден қуудың орнына, біз оны дәріптеп, «жаңашыл дәрігер» деп шашбауын көтереміз. Бұл — қырағылықты жоюмен пара-пар саяси соқырлық! — деді Шортанбаев, қолды сілтеп тастап, өндіршектеп.

Аяғым астындағы жер ойылып, шынырау түбіне құлап бара жатқан секілдімін. Сусанна Михайловнаға сүйене бердім. Көзіммен Алексей Ивановичті іздесем, төрде президиумда отыр екен, қабағын шытқан, ерні бір жағына қисайып, төмен салбырап түсіп кеткен. Ол кісінің «талатып отырған қожасы бар» деген кешегі сөзі есіме түсті. Қожасының кім екеніне енді түсінгендеймін: жаңағы өзім барып келген үйде.

— Сөйле! — деді Сусанна Михайловна. — Эйтпесе, жер басып жүруің қын...

Осы бір сөз мені сергітіп, демегендей әл берді. Салым суға кетіп, мелшиіп тұр едім, енді қанатын қомдаған каршығадай жігерленіп шешіне бастадым. Қашып-пысып жүрген өмірі құрысын!.. Неден қорқам? Неге бұғам? Еліме, халқыма пайдалан басқа тигізген не зияным бар? Арым таза, жаным адап! Жок, жағаласып, күресіп өлем!.. Халықты итермелеп, алға қарай ұмтылып, алдыңғы қатарға жетіп барғанымда, Шортанбаев сасып, сөйлей алмай, алақтап президиумге қарады, тегі, мені тез қайтады деп ойламағандай. Клубта иін тіресе отырған халық электр қуаты соққандай селк етіп, көздерін маған қадады. Енді не болады дегендей асыға күтеді.

Мінбенің алдына қарай барып, жұртқа бұрылып:

— Жолдастар! — дедім айғайлап.

Мәжілісті басқарған жергілікті комитет бастығы ұшып тұрып:

— Сөзін бітірсін де мынау! — деді.

— Жолдастар, — дедім мен оны тыңдамай, — бұл сықылды,

— Шортанбаевты қолыммен нұсқадым. — қызыл-ауыз, жалақор, кеше ғана колхозды жебірдей жеп қуылған алаяқ-сүм кімге мән айтып, кімге жөн сілтейді? Мен кім? Бұл кім?..

— Бұл не өзі, жиылыс па, мазақ па? — деп Шортанбаев президиумге сасқалактай қарады.

Залдан біреу: «Сөйле! Оған осы керек», — деп мені жақтады. «Шортанбаевқа тиісемін деп өледі-ау, бейшара!» — деп алдыңғы қатардағы біреулер өзара құнқілдесіп те жатты. Мен сәл бәсекесіп, қайта көтерілдім.

— Адал адамды нақақ күйдіріп, «жау» деп атак беретін де осылар? Бұлар сықылды ел бұлдіргіш, арандатқыштардан сақ болындар! Сөзіне ермендер! — дедім де, шығып кете бердім. Мейлі, енді не десе, о десін...

\* \* \*

Сусанна Михайловна қалып қойып еді, менен кейінгі болған уақығаны сол айтып келді: мен кетісімен зал іші ұсын бұзған арадай азан-казан боп, жұрт қақ жарылып, бірі тәртіп жоқ, бұл жиналыс емес деген дау шығарып, Шортанбаевты қолдаса, енді бірі мені қолдап, өре түре келіседі. Бой бермей, жамырай сөйлейді. Іштен тынып, булығып отырған халық бой бермей, өзара дауласып, айтысып кетеді.

— Жетеді енді, Шортанбаевтардың қорлық, мазағы! Қашанғы бұға береміз! Кім өзі бұл, дәрігерлерді айыптаң, үкім шығаратын?

— Қымс етсе, «жау»... Қашан құриды бұл «жау»?

— «Жау» іздемей, тыныш өмір сүретін күн туа ма, жоқ па!? Ақырында мінбеге бас дәрігердің өзі көтеріліп, у-шуды басып, тоқтау сөз айтады:

— Айғай-шудан түсетін пайда аз. Ақылды орнына түсірейік, жарандар!.. Шортанбаев бұл аудан, облыс көлемінде қызмет істеп үйреніп қалған белсенді, құлаш сермесі де бөлек, сондықтан бұған басқаша талап қойған жөн... Егер облыс көлемінде пәлен жұз кісі болса, оның бәрін біле бермейсің ғой. Көп адамның ішінде жауы да, досы да бар дегендей... Ал алақанның аумағындағы санаторий көз алдымында, қандай адам бар, не істеп отыр, — бәрі белгілі... — дейді бейнелеп. Эркім өзінше түсінеді де, қасқыр да тоқ, қой да аман, жұрт тарайды...

— Иә, доктор, сенің халің мүшкіл. — Сусанна Михайловна жаны ашып жүдеп, қамығады. — Сені айналдыра бастаған. Шортанбаевты біреу айтқатап отыр, әйтпесе, өз бетімен айтысарлық онда дәрмен жок.

Сусанна Михайловнаның сөзі менің қекейімдегі сез — ізімді кесіп, қақпан құрған, соған қарай мені қақпалап қуалай бастағаны ап-айқын. Тағы да орын ауыстырсаң ба екен? Жоқ, енді не де болса, мойныммен көтеріп алдым.

Екі-үш күннен бері жөнді ұйықтай алмай жүргенім есімде, бүгін де шым-шытырық түс көріп киналады да деген сақтықпен люминал ішіп, таң атқанша түяқ серіппестен ұйықтап, танертең түмбочка үстіндегі радиоқабылдағышты бұрадым.

«...Кеше Иосиф Виссарионович Сталинның миына қан құйылып, ессіз...» деген сөзді естігенде, төсектен атып тұрдым. Сол-ақ екен, астыңғы қатардағы бөлмелердің есіктері бір ашылып, бір жабылып, тарс-тұрс жүріс, бакырған әйелдің даусы естілді... Қейлек-дамбалашаң, жалаң аяқ еденде сілейіп тұрмын. Иә, бұл бір керемет күйзелісті хабар.

Бытырай қашқан үркек ойдың әркайсысының соңынан бір қуып, делсал боп тұрғанымда, Сусанна Михайловна жүгіріп кіріп, құшактай ап, тұмсығын кеудеме тықты. Шошып кеттім. Есінен адасқан ба, сорлы?

— Не болды саған? — дедім мен, иегінен ұстап, басын көтеріп.

— Не болғаны несі, естімедің бе?

— Естідім.

— Енді қалай күн көреміз, — Сусанна кемсендеп, көзін сұрте бастады.

Бас дәрігердің кабинетіне келсек, дәрігерлер жиналған, көздері бұлаудай, радиоқабылдағыштың алдында ентелеп хабар қүтіп отыр. Ұшқан шыбынның ызыңы естілгендей тымтырыс, қоңыраулай соққан Кремль куранты ғана өзінің дыбыс-үнін, ырғак-жүрісін өзгертуеген сиякты...

Кеудені кернеген жұмбақ сырдың шешімін әр дәрігердің бет әлпетінен тапқым келіп, көзіммен жағалай сүзіп шықтым. Алексей Иванович буынның қатайта ұстап, әлденеге бекінгендей терезеге қадала қарап терен ойда жүр. Өмірдің ауыр жүгі иығынан қанша басса да әлі еңкеймеген, тіп-тік; ауыр жылдардың ізін ағарған самай шаштан ғана табуға болады...

Оның оң жағын ала, бұрышта бүрісіп біреу түр екен, назар аударсам — Шортанбаев. Құты қашқан, кемсөндеп, аят оқыған кісідей ерні жыбыр-жыбыр етеді. Одан да құр емес шығар.

Менің жиіркене қарағанымды сезді ме, кішірейіп, бүрісе түсті. Бір-екі жас дәрігердің көзінен мөлтілдеген жасты да байқап қалдым...

Сағат тоғызды соқты. Диктор тағы да Сталин ауруының бюллетенін жариялады — «ауруы үдел, халі нашарлап барады» десімен-ак Шортанбаев басын шенгелдеп ұстап, өкіріп отыра кетті... Оған елігіп, бір-екі дәрігер әйел еңқілдеп жылап жіберді.

Алексей Иванович жалт бұрылып, мені көрді де, басын изеп, амандық білдіріп, кабинетінен шығып жүре берді, мен де сонынан ердім.

Дала жап-жарық. Бір апта бойы аспанда тұтасқан қара бұлт тарап, күннің көзі жарқырап, алтын арай сәулесін аппақ қарға моншақтай шашады. Айнала құлпырып, жаңа түрге енгендей, дауыл үрпіткен қарағайдың бұтактары құстай сілкініп, тіріліп қапты. Шатыр мұздары тамшылап ери бастаған. Көкшенің жотасынан соқкан коңыр желден көктем лебі білінеді.

— Көктем келді деген осы, достым! — деді Алексей Иванович, аспанға тоят іздең кыранша қарап.

— Иә, қатты қыс та өтті... — деп аз мұдірдім де, бетіне үңілдім. — Алексей Иванович, енді не болады?

— Не болғаны қалай?

— Кім басқарады елді дегенім ғой.

— Партия тірі ғой, достым, саспа! — деп аяғын қатты-қатты басып, арқадан төмен түсіп кете барды.

Мен сонынан, «партия» деп қайталай айтып, корпустың алдында тұратын Сталиннің екі метр биік ескерткішіне қарадым. Зәулім қарағайдың желден теңселген бұтактары мүсіннің жүзін бүркеп көрсетпейді, күнде бір уыс қар жуытпай, тазалап сыптырып жүретін шал да бүгін көзге түспейді.

Иә. «Так проходит слава мира»<sup>1</sup> деген латынның мәтелі есіме түсіп, соны дауыстап айттым да, біреу естіп қалды ма дегендей, тағы да артыма қарадым...

<sup>1</sup> Данқ, атак, дүниеден осылайша өткен.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### 1

Күн батып, ымырт әбден жабылған соң кезегін өтеуге корпұсқа келген Нияз тұні бойы да үйқы қөрмеді, бастаң кешкен ауыр құндерін көз алдынан өткізіп жата берді... Бірақ өмірінің сол бір тар жол, тайғақ кешуінде бота көз, акқұба қызы кездеспегеніне анық сенді.

Енді қайда көрді екен? Манағы көз — сырлас, достас болған таныс та жақын көз...

Нияз сол үйықтамаған қалпы, әдетінше ерте тұрды да, көлдің жиегіне барып қайыққа мініп, аралға өтті. Шешініп, женілденіп, гимнастика жасады. Артынан жүгіріп, аралды бір орап шықты да, тәбешік басындағы сандық тасқа отырып, суға түсер алдында аздап тер кептірді. Жан-жағына көз жіберді. Доктор Дархановтың құндерінің кәсібі осы — таңғажайып табиғат суретіне қызыға қарайды, ол — бояуын тауып сурет салатын суреткер де, сөз қисынын келтіріп жазатын жазушы да емес, табиғат сүйгіш, сұлулыққа құмар жан.

Мөп-мөлдір жарқыраған айдын көл. Тұп-тұнық. Бетінде бір әжім жоқ, суға қарасаң, көлдің түбі көрінеді, лактырған құміс табылғандай: мұлгіген өркеш-өркеш тауды да, көлді жағалай өскен қалың орманды да көл түбінен табасын. Әне, көкжиектен иек артып шығып келе жатқан күн сәулесі көл бетіне моншақ шашып, жалт-жұлт етеді. Суға қарап Нияз шашын тарайды. Қисық айнадан түрін көргендей өзіне-өзі күледі, кере қарыс мандайы, екі-ақ елі, кішірек келген тұзу мұрны да шағаланың тұмсығындей, ұп-ұзын, жұқалау қара мұрты тебіндең жана қылтиған түк сияқты, көзге ілінбейді. «Бурабайға сен келгелі біраз жыл өтті, картаюдың орнына жасарып келесің, әлі де болса үйленбей қоя тұр, ерніңдегі мұрт емес, жана тебіндең шыға бастаған түк, көрмейсің бе анау судан», — деп, табиғат екеш табиғат та әзілдеп, әжұа қылғандай.

Иә, Нияздың өмірі баяғы ұлы шешесі сияқты, «уақыт жолбарысына» мініп, ызғытып тартып келеді, не кәріліктен, не семьядан ой жоқ. Бір күні кенет құлайды да, өмір өкінішін сонда бір-ақ біледі. Әкесі марқұм айтатын: «Е, Ниязжан, біздің тұқым ауру-сырқау дегенді білмейді, жүріп-жүріп, бір күні

төсек тартып құлайды, сол құлаған күні шашы да ағарады, жантәсілім де береді» деп. Сонда «неге олай?» деп сұрағанда: «Ей, балам-ай, біздің тұқымға солай жазған өзі о баста. Ұлы шешенниң үлгісі» дейтін. Нияз ол кезде бала, жөнді зер салып тыңдамайтын, бертін келе ой жүгіртсе, ол сөзде мән бар екен.

Нияздың әжесі Қоржынкел бауырындағы бір аңшының жалғыз қызы көрінеді. Кейде әкесімен аңға шығып, талай қекжал қасқырлармен айқаскан батыр екен. Бір күні қызды ұзатып, той жасайды. Қасында құрбысы, тұс ауа қыз шапан жамылып түзге барады. Ескі ауылда қыздар түзге шыққанда қырқа асады. Әндер да сол дағдымен ауыл сыртындағы көл жиегіне барып, түзге отырып жатқанда, бірдеме қалындықтың алдына топ етіп секіріп түседі. Қараса — жолбарыс. Арт жағынан секіргенде, дәл баспай, сәл озық түседі... Қалындықтың көзі шарасынан шығады. Енді не істейді? Қашса, тарпа бассалады. Жан-жағына қараса, тірі жан жоқ, қасындағы құрбысы есінен айрылып, құлап жатыр. Жалма-жан иығындағы шапанын лақтырып тастап, жолбарыстың үстіне міне түседі де, екі құлақтан мықтап, баса ұстайды. Өзі адам үстіне қонбақ бол секірген жолбарыс зәресі ұшып ағыза жөнеледі. Сол қашқаннан жолбарыс каша береді, каша береді. Қыз да жан ұшырып үстінен түспей бағады. Есken желден, қамыс-тобылғыдан киімі жыртылады, шашы дударланып, ертегінің албастысына ұқсан кете барады. Мұны көрген жолшыбайғы ел «Сайтан келді!» деп дүрліге қашады. Осы бетпен жолбарыс сол күні түні бойы қашып, таң ата Бозша көл маңына келгенде, өкпесі өшіп құлайды. Ауыл адамдары келсе, қыз тірі, қолы қарысып қалған, жолбарыс құлағынан ажырата алмайды.

Сонда бір түнде төрт жұз шақырым жер жүрген қыздың шашы аппақ бол шыға келеді. Өні жас, шашы ақ, «барысқа мінген батыр қызы» сол ауылда қалып қойып, Дархан деген жігітке тиген деседі ел анызы.

Әкесінің Ниязға: «Біздің тұқым бір күнде-ақ қартаяды» дейтіні осыдан екен.

Нияз терін кептіріп ап, танертеңгі сұық суға күмп беріп қойды да кетті. Бір-екі сұңгіп, қайта шықты да, денесін орамалмен ысқылап-ысқылап, киініп, қайтадан қайыққа отырды. Жиекке жете бере санаторийде емделіп жатқан кісілер де тарақандай өріп, алдынан шықты.

Нияз сағатына қарады: сегізге таянып қалған. Күнде бұл кезде корпустарды аралап, қатты аурулар палатасына кіріп те шығатын мезгілі. Топтың арт жағын ала келе жатқан — кешегі бота көз, акқұба қыздың ағасы Асқар Сағатовты Нияз салғаннан таныды. Нияздан сәл биіктеу, орта бойлы, сүйекті, толықтау келген, самай шашына ақ түссе де, өнін бермеген, әлі жап-жас. Бұл да дәрігер. Институтты отызыншы жылдын аяқ шенінде бітірсе керек-ті, Нияздың жақсы көретін профессор ағалары шамалас па деп те топшылады. Кеше аз сейлесті. Үйіне апарып, өзінің орнына жатқызды да, Нияз көл жиегінде жүріп-жүріп, түнде корпусқа барып, кабинетіне құлай кеткен-ді.

Нияз анадайдан сәлем берді.

— Қалай үйықтадыныз?

— Бұл араның ауасы үйқы дәрісінен артық па деп қалдым, тұяқ серіппедім... Кешегі баладан хабарыныз бар ма? — деді ол Ниязды қолтығынан алып, көлге қарай, сөйлесе жүрейік дегендей икемдеп.

— Қасында күзетіп шыққан сестраны ертемен көріп ем, жақсы үйықтады деді.

— Нияз Базілевич, сізге тапсырма. Жалғыз қарындасым еді. Қайғы-қасірет шегіп, жаңа ғана жақсы өмір сүре бастағанда, осы бір дертке ұшырады.

— Тұқым қуалаған ауру ма, жоқ, кенет жабысқан дерт пе?

— Нияз, «жасына келмей, не қылған қайғы-қасірет» дей жаздап, өз өмірі есіне түсіп, аузына келген бірінші сұракты ірікпей айта салды.

— Сіз, немене, туберкулез тұқым қуалайды дейсіз бе? — деді ол.

— Балаға не өкеден, не шешеден жұғады. Тұқым қуалау деп соны айтамыз...

— Соғыстан кейін ел ішінде көбейіп кеткен көрінеді. Сен өзің осы маңайдағы ауылдарды аралап көрдің бе?

— Жөнді аралай алмай журмін, қол тимейді. Асқар басын шайқады.

— Қате, коллега. Осы елді аралап лекция оқып, аурудан қалай сақтанудың әдісін үйрету сенің міндетің, — деді Асқар көлдің жиегіне кеп шешініп жатып. Нияз езу тартып, мырс етіп күліп жіберді:

— Жалғыз адам майданда жауынгер бола ма?

— Болғанда қандай... Бір дәрігерді бір полк деп сана. Дәрігердің сөзі, емі туберкулез жауын артиллеријамен атқандай. Мен өзім қазір өндірісті жерде істеймін, кеше айттым ғой, Теміртауда деп, сейтсе де қалада алдын ала сактандыру жағын жолға қойдық. Ат аунаған жерге түк қалмай ма. Революциядан бұрынғы «Земский врач»<sup>1</sup> атанған дәрігерлерден үйрену керек. — Суға күмп беріп түсіп кетіп, бір сұңгіп қайта шыкты. — Ух, сұын қандай сұық.

— Ақыл үйрете келген дәрігерлердің қызынын басып, денесін мұздатып, ақылын орнына түсіреді! — Нияз мысқылдап құлді.

— Торғын су деп осыны айт, шіркін! — Асқар орамалмен етін сұртіп, киініп жатып, үзілген әңгімені қайта жалғады: — Сен ақыл айтты деп шамданба? Бұл — біздің медицинадағы принцип, бұдан тайсак, дәрігер деген атақ алдып, адам емдеудің қажеті де жок. Мен өзім солай түсінem... Қазақ ауылының әдел-ғүрпyn көріп отырып, дәрігер адамның ары қалай шыдайтынына таңым бар...

— Не болып қалыпты сонша жан түршігетіндей? — Нияз шамдана сұрады.

— «Не болып қалыпты?»... Шын айтасың ба?.. Қой, қалқам, сен мысқылды жақсы көретін жігіт көрінесін, әзілің өзіне, шын сұрасаң, мен сенімен айтысу түгіл, шешініп төбелесуге бармын.

Нияз көніліне секем алдып, әлдене боп қалды дегендей, қобалжи бастады.

— Қылшы мойным талша. Айтыңыз!

— Айтсам, қашанға дейін жерге отырып, қолмен тамақ ішіп, майлышпен қол сұртпек бұл ауыл? Қашанғы шыдай береміз?...

Иә, Нияздың бойы түршігіп, жаман хабар естігендей томсырайып қалды. Жерде отырып ас ішу, бір жағынан, дәстүр сиякты, медицинаға қатынасы жоқ бөгде адамға сөз қылудың өзі ерсі, ал дәрігер адамға бұл — Кох<sup>2</sup> құртының үясы.

<sup>1</sup> Россияның ең түкпір жерлеріне барып, халық арасында қызмет істеген дәрігерлер.

<sup>2</sup> Кох — туберкулез құртын ашкан ғалым. Туберкулез құртын соның атымен атайды.

— Мен жақында Теміртаудың ар жағында бір қазақ ауылына барып, колхоз бастығының үйіне тунедім. Әлгі ауыл шаруашылық институтты бітірген жігіт дөнгелек столды жерге жасап, етті қолмен жегізді. Ауылға мәдениет орнататын бастықтың өзі солардың ортасына кіріп кетіп, ой аумағынан шыға алмай қойған. Мен медицина тақырыбына әнгіме ғып біраз сыр айттып ем, екі көзі шарасынан шығып, жағасын ұстады, — қараңғы, өмірге ең қажетті деректерді білмейді.

— Біздін Алматыдағы Денсаулық министрі, баспаҳаналар не дейді? Халықтың сана-сезімін тазалыққа, мәдениетке жетелейтіндей бір әрекет жасамай ма?

— Туу, Ниязжан-ай, өзінің отырған орнына мәз, содан қайтсем айрылмаймын деп жүрген күн көргіштер емес пе, түге, әйтпесе, осы күнге дейін бір шара қолданбай ма. Жаны ашымайды.

Аңыз!.. Жүрек түбінен қайнап шықкан сыр, мұн екенін Нияз аңғарғандай...

Осы ой бұдан бұрын Нияздың есіне неге келмеген? Сумен аққан жаңқадай өмір ағысымен жылжып аға берген бе? Бұк-пантайлап, өз басының қамын ойлап қана күн көру деген сүмдүк-ау!

— Қазақ арасында істеген дәрігердің міндеті өзгеше екенин, қарағым, сен де түсінбейсің бе деймін, — Аскар тоқпак-пен қарақұстан ұрғылағандай өзі опық жеп келе жатқан Ниязды онан да бетер тұқырта берді. — Емдеумен қатар сақтандыру жағын қоса алыш жүрмесе, еңбегі еш олардың. Бір жағынан емдеп жатса, екінші жағынан ауырып жатады, дәрігерлік намысқа тимей ме осы?.. Халықтың дәрігерлерге кейде сенбей, теріс қарайтыны да осыдан!

Осы кездे жылдамырақ басқан біреудің жүрісі естілді де, іле ағаш арасынан өзі де шыға келді. Ақ халат киген санитарка екенін Нияз тани кетті. Тағы да не боп қалды?!

— Кешегі түскен науқас қыз қан құсып жатыр. Сізді іздетіп жіберді.

— Ә? — деді Аскар да шошып, көзі шарасынан шығып.  
— Кім дейсің?

— Кезекші дәрігер біле ме?

— Басы-қасында өзі отыр, жіберген сол! — деді сани-

тарка. Нияз бен Асқар сүрініп-қабынып, қолдары ауаны есектей есіп, адымдаш келеді.

— Бұрын да профузный<sup>1</sup> болып па еді?

— Осыдан бір жұма бұрын.

— Қате істегенсіз. Біраз емдеп барып әкелуіңіз керек еді. Ауыр жол, байтаныс жер, үйренбекен климат әсер етпей қоймайды.

Көл мен санаторийдің арасы үш қат жер. Ең биік дөңесі

— бірінші қат, онда санаторий. Арқадан тас сатымен төмен түскенде, санаторийдің түрлі мекемелері — бухгалтерия, монша, қоймалары салынған дөңес — екінші қат. Одан төмен үшінші қат — көл жағасы. Тегі, жыл сайын көл сұзы азайып, орта түсे беретін тәрізді. Бір кезде қазіргі санаторий тұрған бірінші қат көлдің қабағы көрінеді.

Нияз ортекедей секіріп, соқпақ жолмен көтеріліп кете барды, Асқар ентігіп, қалып қойды, ере алмады. Нияз кабинетіне кіріп барып, халатын киер-кимес, наукас жатқан палатаға асықты. Асқар да ілулі тұрған бос халатты иығына іле сап, Нияздың соңынан жүгірді.

Кереует үстінде сұлық жатқан Дәмеште өң-тұс жок. Кірпігі зорға қимылдайды. Бірі мұз жегізіп, бірі білек тамырдан кальций жіберіп — бәрі қарбалас. Қыз Нияз бен ағасын көріп, жымиды да, көзін қайта жұмды.

— Қанша? — Нияз кезекші дәрігерге еңкейіп сыйырлап сұрады. Ол кереуеттің астына тығып жіберген шылапашынды аяғымен тартып бере шығарды да, иегімен қанды нұскады.

Иә, бірсыныра кеткен екен!..

Нияз қыздың қасына барып, тамырын ұстады. Қалтасынан стетоскопын алып, жүрек соғысын, өкпенің демалысын тыңдады. Сол жақ өкпенің басы, үшінші қабырганың тұсы жатқан қардың үстімен жүргендей күтір-күтір дыбыс естіледі, осы тұста каверна да болуы ықтимал.

Қыздың әлсіреп қалғанын байқады Нияз. Денесіндегі он литр қанның біразын жоғалтқандай. Қол-аяғын қозғалтпақ түгіл, бір ауыз сөз айтуда шамасы жок, жаңа бұлар келгенде жымиюының өзі — сол әлсіздіктің нышаны. Қайтсе тірілтеді?

<sup>1</sup> Лакылдатып кан құсу.

— Глюкоза құйылды ма? — Нияз кезекші дәрігерге бұрылды.

— Берілді.

— Камфора?

— Жасалды.

— Витамин «к»?

— О да...

— Қан құю керек! — Нияз Асқарға қарады.

— Нешінші группа қан керек? — Кезекші дәрігер де Асқарға бұрылды.

— Бірінші! — деді Асқар Дәмештің қасына жақындал.

— Қанды қайдан табамыз? — Кім қанын береді дегендей, Нияз жан-жағына қарады.

— Қалаға донорға жібермесек, кешігеміз... — деді кезекші дәрігер.

— Мен берер ем, қаным жарамайды, өзім де ауру адаммын, — деді Асқар мұнайып.

— Мен берем! — деді алты айлық тәжірибеде жүрген студент, бұйра шаш, қара торы, дембелше жігіт палатаға кіре беріп:

— Денің сау ғой? — деді кезекші дәрігер.

— Бетінен қаны тамып тұрған жок па, көрмейсің бе? — Нияз студенттің иығынан қақты.

— Онда тездетіңдер! — Асқар сыйылып шығып, Дәмештің қасына барды. Тамырын ұстап, мандайынан сипады. Дәмештағы да кірпігін зорға ашып, ағасына жалына көз тастады да, бірдеме дегісі келіп оқталып еді, даусы шықпады. Ерні ғана жыбырлады.

— Дәмеш! Шира! Берілме!.. Нияз сені жазам деп уәде берді.

Асқардың қызы еңсесін көтеріп айтқан осы бір сөзі Ниязға зор міндет артқандай. «Құрес? Бұл қызды қалай қиясын өлімге?!» дегендей бір ой мидын әрірек бір катпарында сигнал беріп тұрған электр шамындај жарк-жүрк етіп Нияздың мазасын алады.

Палатада кезекші дәрігерді қалдырып, Нияз Асқарды кабинетіне ертіп барды. Үрейі ұшқан Асқар сылқ етіп отыра кетті де, диван арқасына басын салып, көзін жұмып, ауыр күрсінді. Әлгі бір кезде Нияз екеуі көл басында әңгімелесіп тұрған-

да, өні жас секілді еді, қазір сол өні куарып, жағы суалып, қартая қалды...

Нияз да үндемеді, жаны ашыды. Бейшара, жалғыз қарындасынан айрылып жүре ме? Осындаі кезде, медицина тәлтіректеп аяғын жаңа басқан ғылым-ау деген күдік туады. Өліммен бетпе-бет келгенде тайқақтап кейін шегінеді. Өмірді сағат сияқты жөндей салатын халге жетсе адам, Дәмештің өкпесі орнына өкпе сала қояр еді. Жоқ бұл кате жол, инженерге лайық пікір. Медицина емдеудің басқа бір жолын тапқан жоқ па? Ол жол — індетті ауруды құрту. Адамды дертке шалдыртпай, организмді тоздырмай ұстаса, өмір ұзармай ма, 150 жасқа келген кісілер бар, сол жас жетпей ме?

Ол үшін аурудың сыр-сипатын, айла-тәсілін жақсылап ұғып, алдын орап отырса ғана женеді оны. Алдын орау деген сөз — зерттеу. Атом, сутегі бомбаларына шығарған қаражатты адам өмірін ұзартуға жұмысаса... Эх!

Нияз қолындағы стетоскопты лақтырып жіберді. Аскар селт етіп, атып тұрды.

— Фапу ет, коллега. Бір мазасыз ой миымды шағып, әуре қылғаны! — Нияз әдепсіз қылышын сезінген баладай құлағына дейін қызырып, кабинеттен шықты да, палатаға барды.

Дәмештің әлгі әзірде қуқыл тартқан түсі өзгеріп, өні кіре бастаған. Ұйықтап кеткен тәрізді, сирек те жайлы дем алады. Қасында газет оқып отырган кезекші дәрігерді ымдалап, дәлізге шакырды Нияз.

— Қалай?

— Не деуге болады? Ертеңге дейін қайталамаса, өмірі тағы да біраз күнге ұзарады!..

— Өкпесіне жел жіберіп, қыссак қайтеді?.. — Нияз кезекші дәрігермен ақылдасып, ой салды.

— Рентгенге қарамай болар ма екен?

Нияз үндемеді. Кабинетіне барып, санитарканы рентген-техникке жіберді де, дел-сал боп дағдарып отырган Аскарды, «шай ішіп, біраздан соң орал» деп, пәтерге кайтарды.

Техник келген соң, Нияз женіл кол рентген аппаратын палатаға апарып орнатып, Дәмештің өкпесін көрді: екі жақ өкпесі толған ұсак-ұсак очагтар да, сол жақ өкпенің басы карайып ісінген; енді осы инфильтрат тесіліп, қан содан кетіп жатқанға ұксайды. Не амал бар? Екі өкпеге бірдей ауа жіберіп,

қысуға бола ма? Болады. Әуелі біреуін, сонынан екіншісін. Қек ет өкпеге жабысып қап, ауа бармаған күнде не істейді? Енді бір қауіп — қан жартылай өкпенің ішінде қалып қойса, пневмония бермей ме?..

Не істесе еken Нияз? Кабинеттің есігінен төрге дейін төсеген алашаның көлдененеңін өлшегендей Нияз ерсілі-қарсылы адымдап аттайды. Кезекші дәрігер де солдат сияқты әмір күтіп алдында тұр ғой. Біраз өтті.

— Жұсіп Хакимович!

— Тындалап тұрмын сізді! — Кезекші дәрігердің қоңырқай жүзі сазарып, іштей: «Әй сені ме?» деп кіжініп тұрған кісінің кескіні. Оны Нияз сезіп, айттар сөзін әдейі созып, ыңыранып, төзімін шакқандай. Медицина қызметінің бабын дәл осы бір сәт жақсы пайдаланып тұрғанын Нияз өзі де сезбейді. «Сузанна Михайловнаның қолтығына кіріп ап, маған қарсы жік жасап жүрген «достын» бірісің, сез тегеурінімді» дегендей.

— Жұсіп Хакимович!

— Құлағым сізде!

— Қазір аптекаға жібер де, стрептомицин алдыр... Рецептке қол қойып берейін... Сагатоваға бір грамнан ектір.

— Құп! — деді Жұсіп бұрыла беріп.

Түні бойы көзінің шырымын алмаған Нияз үйдің ауасына булығып, тыска шықса, күн найза бойы көтерілген. Мұнар басқан Көкшеден қоңыр салқын самал соғады. Аспанда қалқыған бірен-саран ақша бұлт.

Санаторий іші жым-жырт. Кербез орман да хош иісін бұрқыратып, «маған кел!» дегендей койнын ашып шакырады. Кейде осындаі еңсөң түсіп тұрғанда, кекжасыл орманды аралап, мауқынды бассаң, бір жасар едің! Соған қол тие ме?

Әне, қан құсып, өліммен алысып ғаріп боп жатыр, оны қыып қалай тастап кетерсің? Өлім — жау, дәрігер — қолбасшы, қүрес тактикасын жақсы білген дәрігер ғана жеңе алады. Майданда қолбасшының бір ауыз сөзі бүйрық, әмір ғана емес, күш, жігер, қайрат емес пе? Сол секілді дәрігердің де бір ауыз сөзі — ем, шипа, дауа. Қазірде де Нияздың сөзі науқас қызға ем, күтуші кісілерге жігер бермек. Сондықтан Нияз ынта салмай, селсоқ қарауға қақысы жок, ол әскерін тастап, майданнан қашқан қолбасшы қылышымен бірдей...

Дәмешке қазір стрептомицин егіп, кешке жақын ауа жібе-

ріп, өкпесін қысып көруі керек. Егер ауа бармай қойса, дәрідәрмекпен емдейді, амал нешік.

Жұсіп кеше: «Ауырлап қалған науқас көрінеді, санаторийде қайтыс бол жүрсе қайтеміз?» — деп қынқылдаپ, қарсылық білдірген. Осы сөздің өзін айтуға ұялсайшы дәрігерсімақ. Санаторийде қайтыс болады деп, әл үстінде жатқан адамды алмай, пәлен жүз шақырым жерге қайтару қылмыс емес пе? Жолшыбай поездада қайтыс болса, кім кінәлі? Кеше ғана институт бітірген жап-жас жігіт, есеппен өмір сүруді қайдан үйренген? Әрине, емделіп жазылам деп келіп қаза табу санаторийге жақсы атак емес, оны Нияз өзі де түсінеді. Бірак дәрігер алдымен өлімді ойламай, тірлікті, өмірді ойлауы қажет.

Іә, сонғы кезде Жұсіп Ниязға ұнамай барады. Сусанна Михайловнаның қолтығына кіріп ап, Ниязды қақпайлап, шетке шығармак. Сусаннаның неге үйтетіні белгілі. Ол ашулы. «Үйленбейсің!» дейді. Қалай үйленеді Нияз? Жасы болса үлкен, жарайды о да кедергі емес, Сусанна сияқты өзін-өзі ұстай билетін әйел жуыр манда картаймайды. Мінезі қатал, қызғаншак. Осы жылдың бас шамасы. Нияз өзін-өзі азғырып, көндірген болатын: «Сусанна Михайловнамен пәлен жыл отасып, ауыр күндерді бірге өткіздім, қайтемін ренжітіп, соған тұрактап, өмірге ұя салсам...» деп толқып жүргенінде, жаңадан қызметке алынған медсестра барды, соны мақтадың деп жанжал шығарып, Ниязды жазықсыз күйдірген. «Ойында түйткіл жок еркекті әйелі екінші біреуге таңып, жазықсыз жазғырса, соған итермелеп, қыздыра түсті де. Егер ереккөте әйелін жазықсыз қызғанса, о да сол адамға солай құмарта түседі», — деп Мәшіһүр Жұсіп айтты деген аңыз бар еді, сол рас секілді.

Әлгі әнгімeden кейін, медсестраға басқаша қарап, түр-әлпеті мен тұлғасынан Нияз, шынында, жақсылық таба бастады. Бір кеш екеудің корпус алдында әнгімелесіп тұрган еді, Сусанна Михайловна жетіп кеп:

— Сізбен, доктор, онаша әнгімем бар еді! — деп үйіне қарай алып жүрді. Тенденс, бастас дәрігер шақырған сон, бармауға бола ма, медсестрамен қоштасып, еріп жүре берді...

Жолшыбай Сусаннада үн жок, терісіне сыймай, қаһарын тігіп келе жатқанын Нияз да байқады. Жүзін көлеңке басқандай қонырқайланып, кабағы түсіп, аяғын тез-тез басады.

— Сен кім екенінді білесің бе өзін? — деді үйіне кірер-кірмес.

— Мен бе, мен дәрігермін! — деді Нияз ежелгідей мыс-қыл аралас құлімсіреп.

— Анау кім?.. Жаңағы сөйлесіп тұрғаның?

— Медсестра!

— Сенің теңің бе ол?

— Гапу ет, Сусанна Михайловна, не деп отырсың, біздің совет елінде адамның бәрі бірдей, артық-кемдігі жоқ.

Сусанна Нияз сезін бөліп, қызыарандап:

— Жақсылықты білмейтін, адам бағасын арзан санайтын көрсекзызар екенінді білсем, жолар ма едім?! — деп теріс қарап, көзін сүртті.

Нияз есікті тарс жауып, шығып жүре берді. Үйленбей жа-тып қылышы мынау, ертеңгі күні не болғаны? Өмір бақи мой-нына өз еркімен қамыт киетін ақымақ па? Ондай тұрмыска Нияз көне ала ма? Бір күні тас-талқан боп бүлініп, айырылып жүрсе!

Әдепкі сыпайы да нәзік, адал да кен жан сиякты еді, барабара мінезінің осы бір қырын Сусанна көрсетіп алды да, Нияз тартына қалды. Мүмкін, қазір ойдағысы орындалмай, көнілі толқып, өзін-өзі ұстай алмай да жүргені болар? Әй, қайдам, үйленбей тұрғанда мойныңа мынадай қамыт кигізгесін, үй-леңген соң қайтып бұрылтпас!

Кім өзін жек көреді дейсің. Жақсы-ак көрсін, Нияз бұған да назар аудармаушы еді, соңғы бір қылышы көнілін біржола қалдырды. Жүсіп арқылы Шортанбаевпен байланысып, енді сол сұмды Ниязға қарсы салғысы келеді. Аз да болса өмір-дің ашы-тұшы дәмін татты Нияз, кімнің не ойлап отырғанын көзінен, ернінің емеурінен танитын халге жетті. Бұл тәсілі, орман ішінде күған андай, өзінің күрган торына Ниязды ту-сірмек, «жалғызырап, өзінен-өзі кеп, бауырыма тығылады» деу. Бірақ қазір баяғы бір адамның басына табынған заман емес, кеңшілік, әділдік заман. Нияз Шортанбаевтан қорқа қой-майды. Бұрын, заман өзгермей тұрғанда, Ниязды ұстатьп, ай-датып жіберуі мүмкін еді Шортанбаевтың. Құрыкты салып, бұрай бастағаны да мәлім.

Иә, Шортанбаев әлі өзгерген жоқ. Жиырмасыншы съездін

каратын оқымаған кісідей, Сталин туралы бір ауыз сын айтсан, қарсы дауласады:

Егер де Сталин туралы сын сөз айтуға болмаса, жеке басқа табынудың зардабы жайында жиырмасыншы съезде қаулы алғып керегі не еді? Осы Шортанбаевпен бетпе-бет бір айтысса, сілкілессе жұрт қөзінше... Күннің қөзі арқасын күйдіріп бара жатыр екен. Нияз атып тұрып, корпусқа кірді.

## II

Сусанна Михайловна күнде ерте тұрып моншаға барып, душқа шомылады. Одан қайтып кеп, айна алдында сыланып-сипанып жарты сағаттай отырады: шашын тарайды, бетіне массаж жасайды, аздап ернін қызартып, опа-далап жағады, таза кәйлегінің бірін киеді. Содан соң бір тілім нанға май жағып жейді де, бір стакан кофе іshedі. Күндегі жеке басының қамы осыдан басталады... Өзін-өзі күтіп, өзінің тәнін де, жанын да ерекше қадірлейді. Әсіресе зәресі ұшатыны — әжім. Ерте оянысымен түмбочка үстінде жатқан айнаға қолын созады. Әжім іздейді. Кей түні қиял құрғыр, әзәзіл сайтандай азғырып, апармайтын жері, көрсетпейтін қатері жок, әбден діңке-сін құртып, ұйқы бермей кояды. Аунақшып-аунақшып, дәрі ішіп барып қозі әрең ілінеді. Ертеңінде қөзінің айналасына әжім тұскен секілді болады да тұрады. Іле суға тұсіп, массаж жасап, жоғалтып барып, көнілі тыныстайды.

Сусанна Михайловна дәл жатарда да тыр жалаңаш шешініп, денесіне қарап, салбыраған бос тері іздел, әр жерін шымшылап ұстап көріп, көнілі жай табады. Денесі тығыршықтай жап-жас, көл жағасында бірге суға тұскен әйелдер талай қызығатын... Осыдан екі жыл бұрын Нияз екеуі араздаспай жақын жүргенде, о да қызығып, қөзінше мактайтын. Ақымак десейші... Сусанна Михайловнаның картайғысы келмейді, қорқады. Нияз екеуінің бас араздылығы да осыдан басталғанды. Жақында оку бітіріп, бір медсестра келе калмасын ба!.. Үйлжиған жас, үріп ауызға салғандай... Еркек сокканың қозі тұспей жүретін күні бола ма, Сусаннаның алдында жатып тұрып мақтасын әлгіні. «Шіркін, жастық-ай!» деп астарлап, Сусаннаны іліп-қағып, қытығыпа тиді. Я, Сусанна елемейтін де еді, соның алдында бірер күн бұрын төсекте жатып: «Нияз-ка, осылай “зансыз” жүре береміз бе?» — деп емеурін біл-

діргенде. Ол: «Қартайғанда заң арқанымен қосақталып қайтеміз», — деп қарап отыр. Онысы енді түсінікті: «Сен көрісің, мына сестра сияқты жас қызды алам» дегені. Сол күннен бастап Нияз екеуінің арасы шиеленісе берді: біріне-бірі қалжың аралас талай сөздерді де айттысып та алды. Өткен түні тағы да дөңбекшіп, жөнді ұйықтамай шықты. Бүгін, міне, тесіле айнаға қарайды: сол көзінің асты қалталанып қалған сияқты ау?..

Есік қағып, Жүсіп Хакимович кіріп келді.

— Жайлы жатып, жақсы тұрдыңыз ба, Сусанна Михайловна? — деді ол табалдырықтан бері аттамай.

Жаңа ғана сыланып-сипанып, кемеліне кеп, енді тұрайын деп отырған-ды. Келуі мезгілсіз көрінді. Жүсіп әдепсіздеу, жөн-жобаны нәзік түсіне қоймайды. Басы бос, бойдақ әйелдің үйіне ерек адамның ертемен жетіп келуін жарамсыз деп ұфына ма екен өзі? Сөз күшпі, әркімнің басқан қадамын аңдитын өсекшілер санаторийде аз емес.

— Отрыңыз, доктор! — Аздан соң, сәл мұдіріп, ойын аякташ барып, Сусанна Михайловна сөзін жалғады. — Таң атпай қайдан жүрсіз?

— Күзеттен келем!

— Иә, тыныштық па?

— Кеше әл үстіндегі бір науқасты алдық. Алмайын деп ем, Нияз Базілевич ықтиярсыз алдырыды... Түні бойы... Ар жағын сыйырлап, құпия сыр құсатып айтты.

— Қай отделениеге салдыңыз?

— Өзіне алды!..

Бұдан әрі тәптіштеп, түнде болған уақиғаны Жүсіп түгел жеткізді, кей жерінде өз пікірін қоса отырып, ши жүгірте сөйлемді... «Доктор Дағханов, мүмкін, жаңа емін қолданып, құлан-таза жазар. Хе-хе», — деп бір күліп алды. Бұл Сусанна Михайловна үшін айттылған сөз екенін түсіне қалды... Иә, Сусаннаның Нияз десе тыжырынып, міnez көрсетіп қалатынын сезеді де, әдейі итермелейді. Осындаі сәл нәрседен пайдалысы келетіні-ай, осы еркектердің. Жағынып, мәймәнкеlep, жүрегіңе кілт іздейді. Соның бірі — осы Жүсіп. Мұның да құны белгілі, арзан. Көзінді бір төңкеріп, екі ауыз жылы сөз айтсан болғаны, бұзауша томпаңдал сонынан ере береді. Сусаннаның саясаты — Жүсіпті бауырына тартып, Ниязды

қызықтырып, намысына тиу, мүмкін қызғанып, қайта оралар, егер ертең Нияз біржола қайрылмай кеткен күнде карсы жұмсар каруы да осы.

Жұсіп ұрда-жық, сөзге ергіш жігіт. Ойынды айтпай-ак, емеурініңнен біліп, ар жағын өзі аяктайды. Сөзге ергіш адаммен әңгімелесу де женіл... Сөзіңе қарауыл қойып, томсырайған қытымыр адамнан без. Тіл табу қын, жанынды қажап, әуре-сарсан қылады.

Иә, Жұсіп, жаңағы сөзіне жауап күткен болар-ау, не десе екен?.. Жарайды, оған жауапты қазір конференцияда естір...

Екеуі үйден шығып, бас дәрігердің кабинетіне қарай аяндады.

Сусанна Михайловна жүргенде көйлегінің етегі жел құғандай дөңгеленіп көлеңдеп отырады. Сырт қараған кісіге сәнді де ерекше жүріс... Жұсіп аяғын алшаң басып, кейде озып алдына шығып, кейде соқпақ артына түседі, иесінің сонынан ерген күшік тәрізді. Бұл жөнінде Нияздың айткан мысқал сөзі Сусаннаның да құлағына тиген-ді. «Біздің Жұсіп Алматыда барыс еді, Бурабайға кеп күшік болты. Шіркін, әйелдің күшіай, лезде қалай үйретеді?» — деп сылқ-сылқ құлсе керек-ті... Дәл қазір келе жатып Сусаннаның есіне осы сөз түсіп, іштей өзі де мырс етті.

— Жұсіп Хакимович, сіз доктор Дархановтың біз туралы анекдотын естідіңіз бе? — Жұсіптің бұл жанына тиетін жері екен. Біреу тырнап, яки қытықтағандай ыршып түсті.

— «Тілім менің — жауым менің!» деп... Мынасын қоймаса, тартар сазайын, — деді Жұсіп кіжініп.

Бас дәрігердің кабинеті екі корпустың ортасына ат тағасы тәрізді иile салынған ағаш үйде. Кең де жарық бөлме. Маңдайшасы дөңгелене келген сопақтау терезе ылғи ашық, жазда бір жабылмайды; қарағай майының іісі үйдің ішін алып, кіріп келгенде қолқаны атады. Терезе алдында кара дермантинмен тыстаған диван тұратын-ды. Сусанна Михайловна ыңғай соған барып отырады. Жұсіп те қалыспай, сол диванға жармасады. Жаңа ғана Сусанна ескерткен еді, ой-ай десенші! Нияздың анекдотын аузына тегін алған жоқ, содан түсінбей ме!.. Сусанна іштей толқыса да білдіртпеуге тырысып, жүрттың бәріне бас иіп амандасып, жан-жағына көз жіберді. Бас дәрігер қасындағы Нияздың ерні мысқыл тартып, Сусаннаға қарап қапты.

Тегі, сөз тастағысы кеп онтайланған адам тәрізді. Оның қасындағы студент жымың-жымың етіп, Жүсіптен көзін алмайды. Оған не жок? Нияздың құйыршығы. Іле дәрігерлер түгел жиналды да, Алексей Иванович түнде күзетте болған Жүсіп Хакимовичке сөз берді.

Тұнгі күзеттің калай өткенін, қандай уакиға болғанын баяндай келіп, Дәмештің халін баса айтты: «Бұл күйінде санаторийде қалдыруға лайық болар ма екен?» — деп ой да тастайды.

— Санаторийге жатпайтын сыркаты қатты адамды неге алдыңыз? Жауапты өзініз емес пе? — Әдейі түртпектеп, қажай сұрады Сусанна.

— Алған мен емес, доктор Дарханов! — деді Жүсіп бөгелмestен, осы сөзді күтіп отырғандай.

— Кезекші дәрігер Дарханов емес кой! — деді Алексей Иванович қабағын түйіп.

— Емес. Бірақ отделение бастығы ғой, — деді Жүсіп ұтысын жібермей. — Орындармай гөр бұйрығын!

Бәсе, тісі шығып қапты. Бәлекет!

Сусанна көз қыығын Кравцовка аударды. Алексей Иванович жасы бірсызыраға келсе де, әлі де өнін бермеген, көрікті әсем кісі, орақ тұмсық, ашық мандалай, бет сүйегі шығынды келген, орыстан гөрі кавказ халқына ұқсас. Қызмет дәрежесінің бабын жақсы түсінетін де адам. Сусанна Михайловна талай сынап байқаған: басынан асыра сөз айтып жатса да кейпін бір бұзбайды, бірақ ол сөздің есесін кейін кайтарады. Дәл қазірде де Ниязға сұстана бұрылыш, үнсіз жауап күткендей.

— Иә, алғызған мен... Путевка берген біз сиякты дәрігер. Егер ылғи бірынғай сау адамды алатын болсак, санаторий демей, «демалыс үйі» дейік!

Студент мырс етіп күліп жіберді.

— Әдепсіз! Осы күлетін сөз бе? — Сусанна бетіне ажырая карады. Студент қымсынып, төмен түқырайды.

— Қандай науқасты емдеу керек, путевканың ережесі бар, оны біз бұза аламыз ба? — Сусанна Михайловна айтарын айтса да, қызара бөртіп, тығылыш қалғанын өзі де сезді.

— Жатпайды десеніз, емханаға айналдырыңыз.. Санаторийдің кімді емдейтіні жөнінде, мүмкін, Алексей Иванович,

сіз түсінік берерсіз? — Сусанна Михайловна Ниязбен екеуін ерегістіріп қойып, үнсіз отырган бас дәрігерге жабысты.

— Қалай безектесендер де, ойланып істеген іс емес. Мұны орысша «Купить кота в мешке» дейді... — Алексей Ивановичтің әзіл араластыра сөйлейтін әдеті. Нияз Алексей Ивановичке денесімен бұрылып, бақырая қарап, таңдана сұрады:

— Шын сезініз бе, жоқ, әзілініз бе?

— Шыным!.. Тегі, үйіне қайтаруға тұра келер, — деді Алексей Иванович шімірікпестен.

— Сонда неден қорқасыз? Санаторийде қайтыс бол кетсе деген қауіп пе? — Нияз да өзеуреп қоймады.

— Орман ішінде қаскыр жүреді, кісі жейді деп баланы корқытатын баяғыда. Алпысқа келген мені ешкім қорқыта алмайды! — деді Алексей Иванович мысқыл аралас. Біреулер: «Ә, бәлем, алдыңдар сыбағанды» дегендей сылқ-сылқ құліп те алды. Оны елеген Нияз жоқ, мысқылына қарай о да кекеп жауап қайырды:

— Сіз-ақ батыр болыңыз. Таласпаймын! Тек қайтарудың себебін айтыңызышы.

— Министр бекіткен ережені сен бұзарсың, менің бұзуга шамам жоқ. Қолымнан келмейді!

— Ім. Зан әрпі адам өмірінен бағалы болды ма?

— Қалай ұқсан, солай үк.

Нияз әрі салғыласпады, ернін тістеп, түсі бұзылып, қояқойды. Элде санаторий қызметкерлері арасында тараған «Бас дәрігер айтады, айтқанынан қайтпайды!» деген мәтел сөз есіне түсті ме? Алексей Ивановичтің бұл мінезіне Сусанна Михайловна өзі талай күә болған-ды. Мүмкін, бүтін Дархановтың кезегі келген болар, танысын кім екенін!

### III

Алексей Иванович Ниязбен бірде бұге, бірде шіге: тілге келсе, Нияз ұзаққа жібермей, матап, шідерлеп алады; әйткенмен, Нияздың айтқанына көніп тағы жүре бермейді, біреу бірдеме десе-ақ, бұзылып, Ниязға қырындай бастайды. Бас дәрігердің өйтүіне екі себебі бар, оны Нияз іштей сезінеді: Нияздың біліміне, іс-тәжірибесіне ден қойып санасса, Нияздың өткен өмірін соңынан ерген қөлеңке сияқты әркім бір есіне түсіріп қоятындей. «Білесің бе, кім еді ол кеше? Тізгінді

беріп жүрме. Ертең кара дауыл қайта соқса, кім араша ба-  
сына?» десе жетеді, Алексей Ивановичтің көңіл шырқы бұ-  
зылып, Ниязға кекиіп қалады. Нияз осылай жориды, әйтпесе,  
жап-жақсы бол жүріп, құрт өзгеруіне не себеп?.. Міне, кон-  
ференция артынан екеуі тағы да шекісіп алды.

Жұрт тараған сон, Алексей Ивановичтің қасына барып  
Нияз қолымен столды тақылдатып тұра берді. О да рай бермеді,  
елемеген кісі бол, алдында жатқан рецептілерге қол қойып  
жатты. Кім бұрын сөз бастар екен деп, бірін-бірі аңдып бакты.

— Иә... — деді әлден уақытта Алексей Иванович бұтакты  
бурыл қабағын жазып, шырайы өзгеріп. Осы кезде бас сест-  
ра кіріп кеп, улы дәрілердің рецептісін ұсынды. Бас дәрігер:  
«Мына дәрі кімге, мына дәрі кай отделениеге» деп сұрап  
отырған, бір кезде:

— Сағатова? Стрептомицин? Бұ кім еді? — деп таңдана,  
қатал үнмен сұрады.

— Жаңағы диспансерге жібермек болған науқас қыз! —  
Нияз «жібермек болған» деген сөзді нәштеп даусын көлде-  
ненмен қосыла құбылта айтты. Алексей Иванович: «Сен әлі  
мұнда ма едің?» дегендей бетіне үнілді. Нияз да: «Иә, мен!»  
деп іштей тайталаса, көзін алмай қарады. Бірімен-бірі арба-  
сып алды.

— Санаторийдің диспансерден айырмасы бар ма? — де-  
ді, Нияздың не айтқысы келгенін түсініп, бас дәрігер.

— Жоқ деп айтқан жерім бар ма?

— Айтпасаң, — бас дәрігер қасындағы бас сестрага бұ-  
рылып, — қазір диспансермен хабарлас та, бір орын сұра!

— Алексей Иванович!.. — Нияз енді өзін-өзі билей алмай,  
есімін қаттырақ атады.

— Мен елу сегіз жыл бойы Алексей Ивановичпін!

— Мен кіммін осы?

— Сен бе? Сен отделение бастығысың!

— Отделение басқарсам, науқас үшін жауап бере алам ба?

— Бересің!

— Берсем, науқасты өзім емдеп, соның өміріне неге жауап  
бермеймін?

— Қияңқы болма! Алдымен жауап беретін мен!

— Олай болса, отделение бастығы да өзініз болыңыз,  
әйтпесе, сөзі өтпейтін біреуді тауып алыңыз!

Нияз есікті каттырақ серпи жауып, шыға жөнелді. Черт возьми!.. Бас дәрігер өзінің оң қолына сенбесе, бірігіп қызмет істеп не керек? Алексей Иванович бұрын да осындай, кісіге сенбейтін сезікті, қорықканға қос көрінетін адам ба еді?

Міне, екеуі бірге істегелі бірнеше жыл!.. Содан бері талай сөзге кеп, талай егесетін-ді, бірақ артынан екеуі келісімге кеп, шешім табатын-ды. Мұндай қытымыр емес еді Алексей Иванович... Екеуі бірін-бірі іліп-қағып, мысқылдай сөйлесіп, артынан ұғысатын-ды... Егер қазбалай берсе, осы санаторияда Алексей Ивановичке қарайлап, қалып қойған жоқ па Нияз? Жүдеп-жадап келгенде, экесіндей жақсылық істеп, қолының ұшын созған да осы кісі. Енді не болды?

Алексей Иванович — Азамат соғысының тұсында Дмитрий Фурмановпен Солтүстік Кавказда, Жетісуда бірге болған, солардан ақыл ауысқан, ұлғі алған қарт коммунистің бірі. Шыныққан, аңы мен тұщының дәмін бірдей татқан Алексей Иванович адам қадірін неге түсінбейді, неге арындар калды? Әлде әдейі қаһарын тігіп отыр ма Ниязға?

Нияз түсінбейді!.. Корпусқа бармастан, тұра үйіне оралды да, бастан-аяқ Аскарға жеткізді.

— Енді өзің бар! Біздің Алексей Иванович бір қисайса, көнбейді. — Аскарды алыш барып, бас дәрігердің кабинетіне кіргізіп жіберді де, халатын киіп Дәмеш жатқан палатаға барды.

Кешегі куқыл тартқан жүзіне кан жүгіріп, бүгін өңі кіріп, Дәмеш: «Мені алқымдаған ажалдан шын күтқардының ба?» деп жалына жақсылық күткендей. Қызы көрікті де нәзік. Сәл жымышп ерке мінезбен қолын созып, амандық білдірді. Нияз толқып, қызы жүзінен көзін алмай отырып қалды. Тамырдың соғысын санады...

Осынау мәлдіреген каракат көзді, апыр-ай, қайда көрді? Жоқ, өткен тұнгі «Махаббат» аралында кездескен талдырмаш қыздың көзі емес пе?.. Түсі екен-ау? Жоқ, тұс емес! Өні. Нияздың өмір бойы таба алмай, шарқ ұрып іздел, ансаған көзі осы!.. Есінде ме, Нияз, бала шағында Павлодарда он жылдық мектепте оқып жүргенінде, бір орыс әйелі сіздің үйде пәтерде тұрғаны? Я, я, ендеше, сол бір күні: «Қалындығынды көргін келе ме?» деп сенің көзінді талдыра айнаға қаратқаны қайда? Сонда көзінді алмай бір сағат қарағанда, көгілдір сағымда

оранған жас қыз айнадан шыға келіп, жақындай беріп қайта жоғалғаны қайда? Сол қыз осы емес пе? Сондағы мөлдірекен қара көзге ұқсамай ма? Содан бері, Нияз-ау, сол қызды іздең талай күткен жок па едін? Әне кездеседі, міне кездеседі деп, үмітінді үзбей келген жоксың ба?». Әлде ол қыз сенің киялышында жасап алған сұлулықтың мөлшері болар, одан басқа қыздардың мұсін-келбеті саған ұнамай, осы күнге дейін бойдак жүргенін соның себебі ме, кім білсін...

— Доктор, менің білек тамырымды таба алмай отырғаның қай жағындасты? — деді құлімсіреп Дәмеш.

Қолынан ұстап алған ұрыдай Нияз абыржып, құліп жіберді.

— Жүрек те біледі кім деп соғарын. Менің орнымда біреу отырса, көрер ем тамырдың қалай туларын, — Нияз қалжындал жауап қайырды.

— Берілген жүрек тек қана тулай бере ме?

Қыз да сөзден есесін жіберер емес, көрдің бе Ниязды қалай түйрекенін?

— Сізше, қалай?

— «Талмаурап», «үзіліп», «талыш» деген сөздерді ақындар босқа қолданбаған, тегі. Дәрігерсіз ғой, мүмкін, сол талмаураған кезде жүректің қалай соғатының байкаған да боларсыз? — Сөзге дес бермеймін деп жүрген кісінің бірі Нияз еді, апрай, тілі күрмеліп, сөз таба алмай қалды-ау...

— Мен женілдім, жүректі әлі білмейтін доктор екем, — Нияз құліп, палатадан көнілді шыкты. Осы бір әңгіме Ниязға небір жайды анғартқандай. Әсіресе Дәмештің сөз саптасы, жан тербетер құлкісі, ашық мінезі Ниязға біраз ой салды. Осы бір сэт көз жанына құмартып, содан сусын іздегендей. Өмір бақи жалғызырап жүрген олқы көнілі: «Шіркін, осы болар маеді серігім» дегендей елегізе түсті.

Нияздың айтуымен бас дәрігердің кабинетіне Асқар кіріп барса, ол жасы келсе де, өнін бермеген келбетті, аксары әйелмен оңаша әңгімелесіп отыр екен, бөтен адамды көрген соң, екеуі де сөздерін доғарып, бұған назар аударды.

Асқар әйелге қол беріп жатып, «Сағатов» деп фамилиясын атады. Әйел бетіне ақырая қарап:

— Доктор Сағатов!.. Шынымен сіzsіz бе?.. — деп тілі күрмелгендей, ар жағын айта алмай, таңданып қалды. Асқар да

ықыласын сала анықтай қарады. Тоқта, қайда көрді?.. Е, бұл баяғы Алматыда клиникада істейтін дәрігер ғой!

— Доктор Патоцкая?

— Неше жыл өтті?

— Фапу етіңіз... — Асқар Сусаннаның сөзін бөліп, бас дәрігерге кол беріп, жылы амандасты.

— Ие, отырыңыз, пожалуйста! — Бас дәрігер қолымен диванды көрсөтті.

— Неше жыл өтті дейсіз? — Асқар Сусанна Михайловнаның үзілген ойын жалғады.

— Сіз соғысқа кеттіңіз... Содан кейін көріскеніміз осы шығар-ау?

— Фамилияңыз кім дейсіз? — деді бұлардың сөзін бөліп бас дәрігер.

— Сағатов!.. — деді Асқардан бұрын Сусанна. — Ұмыт-пасам, Асқар Жунусович.

— Мен де бір Сағатовты білуші едім... Бір кезде ЦК партияда жауапты қызметте болған.

— О, онда сол кісінің інісімін, — Асқар күліп, танимын ба дегендей, Алексей Ивановичқа жіті көз таставды. Жок, көрмеген кісісі. Енді үшеуі шүйіркелесіп, ортақ әнгімеге көшті. Алексей Иванович өткен өмірін есіне алған кезде, кімге болса да сөз бермей, көсіле жөнелетін әдеті. Жиырмасынышы жылдары Алматыда Дмитрий Фурмановпен бірге болғанын, одан актардың көтеріліс күндері, Кіші Алматыдағы қорғанда әскер ішінде іріткі салғанын үзак әнгіме қылды. Бұл аздай екінші Жетісу полкының фельдшері Алексей Иванович деп өзін сыпайыгершілікпен атап, азамат соғысы басылғасын, окуфа қалай түсіп, институтты қалай бітіргенін, дәрігерлік дипломды қалай алғанын, содан бері ылғи облыстық көлемде жауапты қызмет атқарып келе жатқанын түгелдей баяндағы.

— Міне, сөйтіп, я сделал, что мог, пусть те, что могут сделают лучше! — деп Алексей Иванович күрсінді де, латын мәтелін өзі аударды: «Әлімнен келгенше істедім. Колдарынан келсе, басқалар менен де жақсы істесін».

— Дұрыс айтасыз: «Платон мне друг, но истина мне дороже» — Сусанна да қалыспай, латын мәтелімен жауап қайырып, бұл да артынан өзі аударды: — «Платон менің досым, бірақ шындық одан да қымбат!».

Алексей Иванович латын мақалын неге есіне түсірді, Сусанна оны неге қолдады, екеуіне де Асқар түсінді: «Мен асарымды асап, жасарымды жасадым, еңбегім сінді, кәне, жастар, көрейік сендердің өнерінді!» десе, екіншісі: «Макұл айтасыз, шындық сөз!» деп қоштап, көпшік қойғаны. Тілінің ұшына: «Айналсоктап өткен күнге үңіле бермейік, алға қарайық!» деген сез оралып еді, сұрай келген адам қашанда мұсәпір, әділін біліп қана отырмай ма! Жанағы Сусаннаның мәтелін іштей керісінше айтуға тұра келді: «Шындық маған дос, бірақ Дәмеш одан да жақын!»... Асқар езу тартып жымиды.

— Неге жымиясыз, доктор, менің латыным ұнамай ма? Леп дыбысын кейде орысша дұрыс қоймайтыным бар, — деді Алексей Иванович, Асқардың жымиганын өз адресіне жорып.

— Жоқ-жоқ! — Асқар қызырып, қысылып қалды. — Баяғыда Алматыда Сусанна Михайловнамен қалай танысқаным есіме түсті.

Әңгімені өзінен бұрып жіберді.

— Иә, мен ұмытып кетіппін. О, ол бір ғажап күндер... Алексей Иванович, иә, Асқар Жунусович екеуіміз бір күнде, бір отделениеге қызметкес алындық...

Сусанна Михайловна әңгіменің ұзак сонарына түскенін сезген бас дәрігер сөзді бөліп, Асқарға тікелей сұрап қойды.

— Коллега, кешегі катты науқас адамды әкелген сіз бе едіңіз?

Сусанна Михайловна қосарлана:

— Доктор Дағхановтың ара түсіп жургені сіз үшін бе еді? — деді.

— Ие, менің қарындастым еді.

— Қарындастым?!?

Сусанна Михайловна неліктен екені белгісіз, таңдана сұрады. Әлде, Асқардың қалындығы ма деп топышылады ма?

— Иә, Алексей Иванович, ескі досыңыз Сақа Сағатовтың қызы ол!

— Вот те на юрьев день<sup>1</sup> — Алексей Иванович басын изеп, «енді түсінікті» дегендей түс білдірді. — Ар жағын айтпасаң да белгілі: жата берсін! Өзіміз емдең жазамыз!..

Асқар мен Сусанна Михайловна бас дәрігердің кабине-

<sup>1</sup> Мә, саған Юрьевтің күні.

тінен бірге шықты. Тұс кезі. Күздің айы болса да әлі күн жылы. Көлден соққан самал қарағай бұтағын тербетіп, сыйдыры «күз, күз келді!» деп ескертіп тұрған тәрізді.

Сусанна Михайловна Аскарды үйіне ертіп барып, қонақ қылды. Санаторийдің асханасынан тамақ алдырып, шарап ішіп, өткен-кеткенді кеңінен әңгімеледі.

Сусанна Михайловна осыдан он сегіз жыл бұрын жиырма төрт-жиырма бестегі жас дәрігер де, бүгінде кемеліне кеп толған, ақыл-айласы тең түскен, жақсы-жаманың жігін айыра билетін келісті әйел болған. Ең артық шанышқыны ұстаудың өзіне мән беріп, әр кимылды бағып сынай қарайды. Жүресінен отырған екі қытайдың суреті бар қызыл ала тарелканы Аскардың алдына қойып, майға қуырған шортанды үйемелей салды.

— Осы Шортанды көлінің балығы, жеңіз!.. Мана сатып ап, беріп кетіп ем білгендей, көрдіңіз бе? — деді сәл езу тартып.

— Е, онда бұйырған дәм!.. — Аскар әуелі қолымен сүйегін аршып алды да, шанышқымен бір кесегін түйреп ап, аузына тастап жіберді.

— Балықты қолмен де жеуге рұқсат... Әсіресе шортан сүйекті балық! — деп бір қойды Сусанна.

— Семья жағдайыңыз қандай? — Эрине, жалғыз әйелге мұндай сұрап беру — қытығына тиу. Әйтсе де өзі ашық сөйлескеннен сон, Аскар тартынбады.

— Семья дейсің бе? — Сусанна Михайловна мұнайып, даусы өзгеріп, сыр беріп алды. — Соғыс кімнің семьясын құртпады...

Сол соғыс басталардың алдында Сусанна Михайловна бір актерге қүйеуге шықкан. Ол 42-жылы әскерге алынып, сол бетімен хабарсыз кеткен. Жалғыз апасы бар еді, қүйеуі профессор, Москвада тұрады. Одан тұган ересек жиені соғыста қаза тапты. Аскар өзі біледі: Сусанна Михайловна 39-жылға дейін Батыс Белоруссияда, Польша жерінде туып-өсті, ет жақын туыстары болмаса да, жақын ағайындары әлі де сол Польшада, барып қайтам ба деген ниеті бар, бірақ біржола кетуге бұл жақта сіңіспін алды, қайда барады?

— Соғыс жылдары осы санаторийдің орнында госпиталь болған. Сонда істедім!.. Орын ауыстыруға да болушы еді,

түрлі себеппен тұрып жатқан жай бар, — деп сөзін аяктағы Сусанна.

— Иә, Нияз да айтып еді өзің жайында... — Асқар Ниязбен екеуінің арасын байқау үшін, әдейі сөз тастады.

— Нияз? — Сусанна қызарапдан, тағы да сыр беріп алды. Асқардан көзін алмай: — Не деп?

— Жәй, әшейін, сөз ретінде: «Жақсы дәрігер... Заман жақсарды, үлкен қалаға кетіп қалса, санаторийдің жүдеуі сөзсіз» дегендеге емеурін білдірді...

Сусанна сенбеген кісідей, мыскылдап езу тартып, әдетінше салалы саусактарына тамашалай қарады.

— Ниязды қайдан білесіз?

— Осында таныстым! Маған қатты ұнады.

— Эркімнің талғамы әр кілі, шынын айтсам, Асқар Жунусович, жерлесінің маған ұнамайды!

— Иә? Мінезі байсалды, жұғымсыз адам сиякты емес. Қайдам...

— Оның нерві мықты. Ол — эгоист. Өзін жақсы көреді.

— Дәріптейтін мінез емес! — Асқар күлді. Эйел жынысана «сенікі қисық, мынауың теріс, шыныбылай!» деп дау айту да киын. Басқа айтса да, дәл Асқардың өз басы «дұрыс, дұрыс» деп құтыла салатын тәсілі. Қазір де сол бипаз мінезіне сап, күле берді. Сусанна жүрек кернеген сырын тірі жанға шерте алмай, қысылып жүрсе керек, бастауы-ақ мұн екен, Ниязды анатомдай мүше-мүшеге бөліп, ішек-қарнына дейін ақтарып, тамтығын қалдырмады.

— Асқар Жунусович, рентген сәулесінің өкпе ауруына қандай әсері бар, түсінігінің бар ма?

— Жоқ!

— Осы «жоқты» Нияз Базілевич «бар» деп, бүкіл медицинада революция жасағысы келеді.

— Иә? Ол жайында маған ештеңе демеп еді...

— Демесе, сол — демегені... Екеуіміздің бас араздығымыз да осыдан басталды.

— Үйдесе тәуір ғой, бұл кісінің өзінше миға қонбайтын дәлел айтады... Нерв дей ме, Павловқа еліктеу мода болды ғой бұл күнде, әйттеір, іліп алар ішінде түйіні жоқ сылдыр су...

Асқар Сусаннаның сөзіне мәз болып, тағы да күлді.

— Нерв...

— Жерлесіңіз бұлдіріп жатыр. Жақында бір науқасты рентген сәулесімен емде, көрер көзге...

Асқар манадан бері өзара дәрігерлік мысқыл ма деп бей-кам отырған, енді «көрер көзге» деп ар жағын айтпай, тына қалған соң, елегізіп, зейінін сала тыңдағысы келді.

— Иә?

— Эй, қайтесіз... — Сусанна тыжырынып, қолын сілтеді.

— Қалай емдесен, олай емде, тек адамға опыт жасама!..

Сусаннаның сөзіне сенерін де, сенбесін де білмей, екі ойлы боп шыққан Асқар Ниязды іздеді. Тұскі тамақтан кейін демалушыларды жатқызып, ол үйіне кешірек оралды. Асқар тосып-тосып, келмеген соң, көлге барып қайтайын деп, есіктің тұтқасын ұстай бергенде, ар жағынан о да кіріп келді.

— Сізді іздең шарқ ұрып жүрсем... Ас іштіңіз бе?.. — де-ді Нияз.

— Ішкенде қандай... Сусанна Михайловна лық тойғызды.

— Сусанна Михайловна? — Екеуі біріне-бірі таңыркай карай аяңдады.

— Сусанна өкпелі көрінеді. Ренжітіп алған сияқтысын ба, жігітім?

— Сөз саптауыңызға қарағанда, таныс көрінесіз. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме дейін деп ем.

— Сен, тегі, сыртынан жүррем деп, мертіккен адамсың-ау?

— Шылқита тепкенде, екі күрек тісім бірдей омырылып түсті! — Екеуі сылқ-сылқ күліп, әзілді әрі жалғай берді.

— Қайдам... Ондай асау емес еді, үркітіп алмасаң?

— Иә, бір көруге әйелдің қайсысы болсын жақсы-ақ. Қазактың мақалы есінде ме: «Қыз күнінде қыздардың бәрі жақсы, жаман қатын болады қайдан пайда?». Сол сияқты... Әйелден көп таяқ жеген қазактың бірі менмін, ол жағын менен үйренініз.

Асқар масайрай күлді. Екеуі қайыққа мініп, аралға қарай жүзді. Кекшенің өркеш-өркеш арқасынан сығалаған күн тұ-нық көлге алтын моншақты сәулесін себелей шашады. Көлдің аргы қабағына орнаған пионер лагерінен естілген балалардың бақытты күлкісі тауды жаңғыртады.

Нияз шешіле сейледі: өткен өмірінің пердесін сырып тас-тап, өз басынан кешкен бір кезеңді алдына тартты. «Әйелден мен көп таяқ жегем» деген сөзді Нияз Асқарға мақтан үшін

айткан жоқ... Бір күндерде Нияз: «Өмірдің қызығы да әйел, әйелсіз өмірдің сәні жоқ, жетім өмір» деп достарына шын наным ұжданын уағыздайтын. Әйел жайында циниктер<sup>1</sup> ашы сөз айтса, даусы қарлыққанша дауласып, керілдесіп, әйел қасиетін дәріппе, қызылшеke болатын. Трамвайда, көшеде әйелді біреу ренжітіп жатса, болысып, арасына түсіп, кір жуытпай қекке көтеретін-ді. Сейткен Нияз таяқты әйелден өзі жеп, қорлық көрді. Тағдырың келемежі деген осы! Әйелін тергеуші тар-тып алып, өзін «жау» деп айыптамақшы болғанын, қалай қашып құтылғанын сырғып Асқарға баяндап берді.

— Жақында бір туысымнан хат алып едім. Менің сол үйімді үй ғып, дуниемді дүние ғып, солар тұрса керек-ті. — Нияз аралдың жиегіне қайық тартып койды да, Асқарды бастап, төбенің үстіндегі сандық тастың қасына алып барды.

— Жан-жаққа көзіңізді салынышы! Салыстыруға теңеу таба алмай тұрмын.

— Табиғаттан шебер художник бар дейсің бе? — деді Асқар Көкшенің кешкі ғажайып суретін тамашалап.

Міне, айнала құлакка ұрған танадай, тып-тынық, көл де тау да мұлгіп, осы бір сәт демін ішіне тартып тына қалғандай. Дөп-дөңгелек мөлдіреген айна көл, тұп-тұнық, сызық түспейді бетіне, көлді жағалаған сап-сарала алтын орманның бір жапырағы тербелсейші! Көк мұнараға оралған Көкшенің шыңы да құлазыған шексіз даланың күбіріне құлағын тіге, катып қалған.

Ниязда да, Асқарда да үн жоқ, сол тыныштықка бой ұсынып, жан-тәнімен сезінеді.

— Айғайлағым келеді... А-у-у! — Нияз бала құсан кеудесін керіп, бар даусымен айғай салды. «А-у-у!» деген жаңғырық көлдің үстінен атқан зенбірек даусындаид құтір-құтір етіп, орманнның ішін шулатып, Көкшенің басына қарай өрлеп барып жоғалды.

— Тым-тырыс!.. Жым-жырт!.. Тып-тыныш!.. — деп теңеуге сөз таба алмай, есі кете құмарта қарап, Асқар тұра берді.

— Сөз бөлініп кетті. Менің осы құнге дейін түсінбей жүрген бір нәрсем бар: сол түні: «Сені ұстайды, қаш!» деп шын

<sup>1</sup> Арсыз адам.

жаны ашып айтты ма екен, жоқ, дүниемді иемденіп алғып алу үшін жасалған құлық па?

— Егер сені жауып койса, дүниене ол әйел ие бола алмай ма? — Асқар сандық тасқа отырып, жатқан шыбықты алғып, жерді шұқылады.

— Дүние менікі ғой.

— Ә, онда түсінікті. Сен сотталғанша ол дүниеге ешкім тимейді. Және қаттап, есепке алады. Біріне тигізбейді. Ал мынау оңай дүние. Тастан кетті, кімнің жұмысы бар.

— Ол занды қайдан білесіз? — Нияз құлді.

— Солар сияқты зұлымдардың арқасында сен сотталмай, күғынға ұшырасан, мен сотталып, күғындалған қазақпын, — деді Асқар, жүргегінің жарасына тигендей қынжылып.

— Е, сіздің де сырыңыз белгілі енді... Жақында осы Бурабайда Тайфун сияқты бір құйын-дауыл соғып өтті. Көлдің әне бір қабағын көрдіңiz бе? Қолымның ұшына тұра қараңыз..

— Нияз орманның шетіне қарай қолын созды. — Сол дауыл көлдің суын аспанға атып, орман ішін алай-дүлей ғып, занғар биік қайың мен қарағайдың талайын сындырып кеткен-ді.

— Жеке адамның басына табыну дегенде, менің есіме сол бір дауыл түседі.

— Орман өсер-ау, тек жетілуіне уақыт керек. Өмір де сол. Бәрінен қымбат уақыт. Революциядан кейінгі қаулап өсіп келе жатқан іскер де білімді азаматтардың талайын шалғындей қырықты. Мәдениетті халық болу үшін, жақсы әдет, үлгі, тарих керек. — Асқар аз мұдіріп, ойын жинақтап, әңгімесін қайта сабактады: — Науқас Дәмештің әке-шешесі де сол жылдары табынушылықтың құрбаны боп кеткен. Ауруы да сонын зардабы. Әке-шешесіз өскен жетім бала уақытымен тамақ ішіп, дұрыс өмір сүрді дейсің бе?

Сырлас-мұндастар деп ұқты ма, жоқ, замандас дәрігер деді ме, әйтеуір, Нияз шешіле сөйлеп, кез келгенге айтылмайтын сырын актара берді.

Әкесінің қатесін баласы түзейді. Орындалмай кеткен арманын әкесі баласына өсиет етеді. Сталин қатесін Орталық партия комитеті түзеп, акты қара деп кетсе, ол ағартып, әділдік-адалдықты өмір таразысы қып отырған жоқ па? Осыдан үш жыл бұрын Ниязды қудалап, жар жиегіне тіреп қойып,

Шортанбаев енді итеріп, құлатайын деп тұрғанда, кенет өмір өзгерді. Шортанбаев сескеніп, кейін шегінді.

Сол бір күндер қаншама басына қара бұлт төнсө де, Нияз сол адамға құдайдай табынып, әкесіндей сенді. Пәле-караны Шортанбаевқа, Керекудегі шойын қарага жалты, шаш ал десе, бас алып жүрген солар деп ұқты. Ал, міне, бүгінде соның бәрі кімнің емеурінімен, кімнің демеуімен істелгені айқындалып отыр. Москва түбінде тұратын дәрігер досынан Нияз жақында хат алды. Ол: «Екеуіміз сабак алатын атақты профессор Преображенский тұрмеден қайта оралды. Қазір өзінің клиникасын басқарады» депті.

Өмір түзелді. Әділдік женді. Шындық өз сабасына түсті деген осы. Әрине, бойға сіңген әдет бір күнде кете кала ма! Жұртқа «айдар» тағып, соны қасіп қып, мансап сатысымен жоғары өрлем қалғандар, қымс етсе, «сен пәленсін» деп, бет қаратпай, шоқпар ала жүгіретін әпербакан жала-қорлар әлі де болса кешегі бір күндерді қоксейді. Сол күн қайта айналса деп үміт те етеді. Сол жылдары жүрегі шайылып, жасқаншак бол қалғандар әлі қүнге дейін жалакордың көлөңкесінен сескенеді, олар қырындаса, арыз әкелсе, бетін қайтарып тастаудың орнына, басын изеп, үнсіз макұлдайтындар да табылады, — деп бір тынды да, Нияз Аскардың құптау сөзін тыңдамай-ақ, әнгіме желісін бұрып жіберді. — Иә, бір кеншілік, жақсы заман туды!.. Сіз өзінің қазір қайда істейсіз?

— Мен Теміртауда шойын, болат құюшыларды емдеймін. Қазір диссертация жазуға материал жинап жүрмін...

— Адам өмірін қөгертетін де, сәні де, шіркін, еңбек кой, — Нияз қайығын итеріп, суға түсірді.

— Сусаннаның айтуына қарағанда, өзін де бір еңбекті айналдырып жүрген көрінесің ғой?

— Эй, Сусанна Михайловна айта салады. Айтқанына ақы сұрамайды. — Нияз ескегін құлаштай сермен, қайығын ытқытып жіберді.

— Аузың қүйгендіктен әйел атаулыға қассың ба деймін?

— Аскардың ерні жыбырлап, құлуге ынғайлана бергенін Нияз да сезді.

— Жоқ-жоқ. Олай деменіз. Әлі де сыйлаймын. Бар әйелдің жаны сол актрисаға ұқсайды дейсің бе?

— Сусанна Михайловнаның жаны, әрине, басқа... —

Манағы Сусаннаның сөзін Нияз айттар ма екен деп, Асқар тағы да итермеледі.

— Сусаннаны қандайлық білетініңіз маған белгісіз. Бірақ мен өзім біраз жыл жақсы жолдас болдым, білем деп айтуға аузым да барады.

Асқар Нияздың көзіне көзін қадап, сырын ұққысы келді:

— Қай жағынан дейсін?

— Жақсы адам. Адамгершілігі мол. Бірақ екі кемшілігі тағы бар: қолына түскен еркекті бағындырып құл ғып алғысы келеді.

Асқар шаттана құлді:

— Қолына түсіп барып, құтылған адамша сөйлейсің, тегі...

— Әрине, бота құсан жетектесе ере беретін ерек те бар. Бірақ еркектік қасиетін бойына сактаған ерек ондайға көне ме? Бұл — бір кемістігі.

— Екіншісі?

— Ол «өзім білем» дейді. Оның айтқаны заңмен бірдей. Дау айтып, пікір таластырсан, қас боп шыға келесің.

— Мен түсінбедім: бұл айтқаныңа қарағанда, адамгершілігі қалай мол болғаны?

— Жоқ, жақсы мінездері көп. Жасыруға болмайды. Әркімнің бір осал жері болмай ма?

Жиекке кеп токтағанда да, Нияз суға қарғып түсіп, қайықты сүйретіп шығарып, Асқарға қолын созды.

#### IV

Кешке таман Асқар корпуска барып, Дәмештің қасында біраз отырып, көңілін көтерді. Дәмеш кешегідей емес, таза ауа, күтім әл беріп, ширап қапты; өмірді қызықтап, көзбен емес, қолмен ұстағысы келеді. Ағатайлап сылдыраған күміс даусы Асқардың жанын тербетіп, қуанышқа бөледі. Қайғы-қасірет шегіп, іштей қоштасып, кеше ғана үміт үзген Дәмеш мынау, гүл-гүл жайнайды: жүзінде нұр, көзінде от, бұлдіршіндей жас жанның бейнесі. Қуануға әлі ерте шығар, әйтсе де бір күн болса да келген сапарына риза. Ауырғаннан бері көңілденіп, қасіретін ұмытқан минуты осы.

— Дәмеш, саған бір қолқа салайын, бересің бе? — Асқар қасына отыра беріп, терезені шалқайта ашты.

— Әуелі, айт! — деді Дәмеш құліп.

- Жоқ. — Асқар басын шайқады. — Өуелі, уәденді бер...  
Қызығы сонда!
- Жарайды, ендеше, бердім.
- Мен ертең жүрем!.. Құлан-таза сауығып қайтуға уәденді бересің бе?
- О, ол менің қолымда ма екен?
- Әрине, сенің қолында!.. Аяғы жоқ Мересьев есінде ме?
- Ол — аяқ, бұл — өкпе! — Дәмеш олқы дауыспен айтқанын Асқар сезіп қалды.
- Айырмасы шамалы. Түйіні — сенімде!.. Өмір қындығын сенімі күшті адам ғана жеңеді.
- Жақсы... Бердім, сонда мені кімге сеніп тастап бара-сың? — деді Дәмеш.
- Доктор Дархановқа!
- Мен ол кісіні білмеймін ғой... Дәрігер — дәрігер, бірақ кім өзі ол?.. Өзің соған сенесің бе?
- Асқар енді тұтылғандай: шын-ау, қалай білем деп айта алады? Жә, екіұшты жауап беріп, сенімсіздік тудыруға жарай ма?
- Сенбесем, тастайым ба?
- Дәмеш күлімдеп, ағасының қолын қысты.
- Доктор Дарханов емес, Бурабайдың ауасына сенген боларсың.
- Бұл жолы Асқар күлді. Жасырған ойын тінтіп тауып алды.
- Нияз — жақсы дәрігер, білімі көп, зерделі, мінезі...
- Айта беріңіз! — деді ағасының сөзін андыған Дәмеш.
- Мінезі? Соның мінезі қандай екен осы? — Дәмеш сақ-сақ күлді.
- Білем дейсіз, соған сеніп, мені тастап кетем дейсіз... Сусанна Михайловна: «Эгоист, өзін ғана жақсы көреді, өзінен басқа адам да, дәрігер де жоқ» деген бір сөздің ұшығын ақшаның шетін көрсеткен саудагер сияқты жылтындағып еді... Бірақ Нияздың айтуына қарағанда, оның өзі тәкаппар көрінеді. Қайсысының айтқанына сенесің?
- Досының мінезін өзі де түсінгісі келді ме, Асқар Дәмешке Нияздың сырын айтты. Нияз қысылып, арып-тозып келгенде, қолының ұшын созып, бауырына қыскан осы Сусанна Михайловна екен... Кәне, көз алдына елестетіп байқашы!
- ...Көкшетаудың шексіз даласынан білдірмей келіп мысық-

ша бас салған қара тұн, жас дәрігердің үрейін ап, көңіліне күдік тудырды. Осы басқан қадамы шалыс емес пе? Неге келді танымайтын бөтен жерге?.. Шортанды көлінің жиегінде жалғыз отырған Нияз жан-жағына аландай береді. Бір ауыз жылы сөз айтып, ақыл ауысар кісі кездессе, шіркін! Көлдің түсі сүйк, қап-қара тұнғиық су. «Бері келші, құшағыма алайын!» деп шақырып та қояды.

Енді не істейді?

Дәрігер қалтасына қолын салады, не анықтама қағазы жоқ, соқа басы, қашқын!.. Айнала тым-тырыс. Қарағайдан қарағайға секіріп сайран құрған әне бір тиін құрлы болмады.

Осы кезде санаторий жактан бір топ адам көл жағасына келіп қайыққа мінеді, серуен құрады. Гитара ойнап, ән сап, көлді жаңғырықтырады... Сол топтың ішінен бір әйел қалып қояды. Әйел тұнғиық қара судан көзін алмайды, терең ойға шомған. Өзін-өзі тастайын деп тұрған кісінің кескіні. Дәрігер қасына барды.

— Ғапу етіңіз... — дейді дәрігер.

Көрікті жас әйел жалт бұрылышып, танимын ба дегендей, бетіне үңіледі:

— Пожалуйста, айта беріңіз!

— Мен адасып жүрген дәрігер едім! Әйел әзілдей күлді:

— Адасып?.. Тапа-тал түсте ме?

— Мына Шортанды қаласына қонаққа кеп ем... Қайтып жол таба алмай тұрмын, соған сенесіз бе?

— Сен десеңіз, сенейін...

— Тауып айттыңыз. Сөзіңізге құлдық!.. Іздеп жүргенім сіздей жан еді.

— Түсіндім. Романтикаға жаны құмар, асқақ жанның бірімін деңіз? Ондай адамды көрмегелі көп жыл боп еді, қайдан жүрсіз?

— Мен айтпайын, сіз сұрамаңыз!

— Жұмбақ болғыңыз келе ме?

— Шешуімді тапқан адамға басымды ием!

Екеуі катар күледі, осы күлкі екеуінің арасына дәнекер боп, содан бастап үйір боп, тіл табысады...

— Миңе, Нияздың өмірі санаторийде осылай бастала-  
ды! — Асқар Дәмешке қарады, «Енді сенесің бе, жоқ па?»

деген сұрағын айтпаса да, қыз да сезді білем, жымып, басын шайқады.

— Ертегі ме?

Асқар сыр бермей, даусын қатайтып:

— Ертегісі несі? Нанбасаң, сұра! — деді.

— Біздің заманның геройлары. — Дәмеш іліп, кекесе де, іштей таңдана, ынтық бол қалғанын оның ойлы көзінен сезді Асқар.

— Осындай жұмбак дәрігерлердің қасында болып, біраз емделудің өзі неге тұрады... «Кімге сеніп тастайсың» деп ернінді бұртитасын, эх! — Асқар қарындастының салалы жінішке саусактарын сүйіп, бетіне басты.

— Жарайды, ондай ерекше туған адам болса, мен көндім...

— Жас кезіндегі ерке мінезің әлі қалмаған, біреуге тұзак құрғың кеп отыр-ау, ә? Байқа, Қайырдың мінезі тоңмойындау көрінеді, көnlін қалдырып ап жүрме! — Асқар орынсыз әзілдеді.

Қайырдың атын атағанда, Дәмештің әдемі ұзын кірпігі жыпқытап, ұшы сәл көтерінкі қырлы мұрнының желбезегі дір-дір етті.

Жақтырмай қалғанын сезген Асқар қайтып ләм-мим демей шығып жүре берді, бірақ Дәмештің көз алдына соңғы бір жұманың ішінде басынан кешкен өмірі кинодағыдай тізбектеліп өтті де жатты.

Ертең той!..

Дәмеш шар айнаның алдына барып, қызыл барқытпен тысталған түмбаға отырды да, шашын тарады. Айнаның ар жағынан тесіле караған акқұба қыздың сағы неге сынық? Тұні бойы кірпік қақпай шыққан адамның сиқы: қабағы шытынкы, көзі кіртиген, ерні кезерген... «Ертең той» деп гүл-гүл жайнап, жүректе қуаныш күйі ойнайды десе, бетінің ұшы қызарған, опа жаққан тәрізді, онысы несі? Дәмеш таңданып, қолымен бетін сипайды. Сөйтіп, мен-зен бол отыра берді.

«Жә, жетеді, тойға қамданбайсың ба?» дейді бір ой ар жағынан түртпектеп. Иә, түнде тыныш үйықтамағанның салдары. Әй, Дәмеш-ай, әдетің-ау, киялды ерттеп мініп алсан, айды қалқалай таң атқанша шаба беретін!

Өмірге ұя сап, ерлі-зайыпты болып, сөреде құс құсап қатар қонақтау оңай ма? Қын сапар! Өзінің ғана қамынды

жемей, қасындағы құрдай жорғалап, көк кептердей шыр айналған жарына да көніл бөлесің. Толқыған жүрек сырын, реніш-қайғысын қасы мен қабағынан сезініп, дер кезінде демеу де сенің міндетің! Тілсіз көзбен сөйлесу, сыр ұғысу зердені, зейінді тағы керек қылады... «Өзім» деп жеке-дара өскен, «өзім» деп ерке өскен Дәмеш ертең сол өмірге үйренетініне көзі жетті ме? Жок... Онда сөзін неге қайтып алмайды? Мейлі, енді неге болса да көнді. Сөз берілді. Халық хабарланды. Ертен ағайын-жегжат, дос-жарандар жиналады. Ақ торғын көйлек киіп, ақ жібек орамал салып, столдың бір басында Қайыр мен Дәмеш қатар отырады. У-ду, думан-шаттық қызғанда, орыс әдетінше «Горъко! Горъко!» деп айғай салса, Қайыр иіліп, Дәмештің ернінен сүйеді... Конактар тарқайды. Қайыр мен Дәмеш оңаша қалады. Ұзак жылдар дінкесі құрып, құмартып жүрген бейшара жанына жатысымен-ақ құшактап, иемденіп, өзіне карай икемдей бастайды. Өйтүге оның қақысы бар... Дәмеш соған көніп, жан-тәнімен беріле ала ма?

Күн бүгін қалай тымык! Дәмештің тынысы тарылышп, дем ала алмай отырғанын көрдің бе? Арканың қыратында асыр салған аңызак жел қос емшек таудың шатқал жыңғылынан өтіп, Самарқанд қөлінің суын лайлап, көшени шандатып, Дәмеш үйінің терезесін жұлқына ашады, нәрселердің астан-кестенің шығарып, айна алдында отырған Дәмештің тарап койған шашына жармасып, дударлап, кеудесіне сүк қолын салады. Жап-жаңа тұндық ауадан тұншығып, мазасызданған Дәмеш, ауаны қабына жұтам деп, тамағы жыбырлап, жөтеле бастайды. Соңғы күндері пайда болған осы бір тық-тық жөтел басылмай-ақ койды. Түү, берекесін кетіруін-ай! Айша апай болар ма еді, телефон соғып, дәрі жаздырып ала қоятын... Әлгі, Қайыр да жоғалып кетті. Совнархоздан келген комиссия заводтың астан-кестенің шығарып жатса керек, сонымен басы қатып жүр ме, директордың күні сол ғой!.. Дәмеш құлағына алыстан гүріл шу естілгендей. Өзеннің тасқыны сияқты ма? Іле сабалап жаңбыр қўйды. Дәмештің де жөтелі үдең, су ішпек боп, тұра бергенде, жып-жылы жылымшы татыған бірдемеге аузы толды. Тұкіріп қалса... Бұл не сүмдүк? Қан ғой мынау!

Дәмештің зәресі ұшып, шегіншектеп отыра кетті.

«Дәрігер!» деген сөзді қысылғаннан айғайлап айтты. Бірак ести қоятында маңында жан жок: көршілес құрбысы Ліда

қызметінде, оның әкесі Иван Иванович таң атпай көлде балық аулайды. Аскар ағасы соңғы кездері біржола Магниткаға көшіп алған, сирек катынасады.

— Қайыр! Қайыр! — Дәмеш тағы да айғай салды. Қайда жүр? Бүгін таң атқалы әлі көрінген де жоқ.

Құрсын! Тірі қалудың жолы — дәрігерге тезірек жету! Үрейі ұшқан Дәмеш телефон құлағына жармаса беріп, құлап түсті, буындары әлсіреп, қолы дірілдеп, жетел қысып, қан түкіре берді.

Аз кідірсе — жан тапсырады. Сөз жоқ оған! Қайтсе жаны қалады? Ұш қадам жерде тұрған телефонға қолы жетпеді-ау...

Осындай бос па едін, Дәмеш?.. Ажал алдында кол кусырып, оп-оңай берілгенің бе?.. Дәмеш шынтағымен басын тіреп, телефонға қарай сырғи бастады. Жөтел, жөтел! Таусылмайтын не қылған жөтел! Я сәт, есік алдына машина кеп токтады білем. Есік кенет ашылып, Қайыр кіріп келді.

Аузы-мұрны қып-қызыл ала қан, еденде сілейіп жатқан Дәмешті қөрді, шошып кеткен бе, құп-ку боп, босағада сілейіп тұрып қалды ол. Тіл қатуға үні шықпады.

Дәмеш көзінен «Қайыржан, неғып тұрсын, жетсейші, тезірек дәрігерге!» деген ойын ұқты ма, қорықты ма, — жалт бұрылып, қаша жөнелді. Бейшараның есі шығып кеткен бе, Дәмештің қасына кеп, бір ауыз сөз айтуга жарамады-ау! Телефон неге сокпады емханаға? Барғаннан гөрі жылдамырақ емес пе?

Дәмештің ойында бәрі сайрап-ақ тұрғандай. Тек кимылдауға дәрмен жоқ! Қан кетіп жатыр, кетіп жатыр!

Дәмештің көзі өзінен-өзі жабылып, ұйқысы келгендей маужырай бастады... Аздан соң көзін ашып еді, біреу келіп, біреу кетіп жатқан сықылды, кім екенін де анғара алмайды, жалғыз-ақ сөніп бара жатқан ми түбінде бір ой ғана жылтырайды: «Ертең той!». Осы бір екі ауыз сөз өмірге, тіршілікке шақырғандай қуат беріп, нәр алады.

Ақ халат киген әйелдер, Аскар тәрізді еркектер буылдырыланып, алыстал, не істеп жүргендерінін мәнісіне түсінбесе де, күбір-күбір сөздерін құлағы шалады. Иә, Аскар ағасының даусы. Ағатайы жеткен екен! Енді Дәмеш тірі қалады. Оған сенімі толық!..

Ұйықтап кеткен бе, Дәмеш көзін ашса, Аскар ағасы

қасында тамырын ұстап отыр. Көзін алмайды, қуанған адамдай күлімдеп:

— Қалайсың, жаным? — дейді.

— Жақсы, ағатай! Сол кезде:

— Ал алып жүріндер! — деді бір еркек даусы. Асқар орнынан тұрып, жол берді, зембілге салған.

Дәмешті көтеріп ала жөнелді. Емханаға апара жатқанын түсінді. Үйінен шығып бара жатқанда, төрдегі ілулі тұрған ақ торғын көйлегі, оқалы тақиясы, ақ орамалы көзіне оттай басылды. Бірін кие алмай, шынымен арманда кеткені ме?!

Емханадағы күндері тұс секілді біріне-бірі ұқсас, шымшытырық бірдеме: ак халат киген сестралардың бірі кеп укол жасап дәрі ексе, енді бірі дәрі ішкізіп, ыстығын өлшейді. Қимыл, жүрісі, келбет-тұсі, сөз саптасы бірінен-бірі аумайды. Қасына не Қайыр, не ағасы келсе, еңсесі көтеріліп, сол бір қыска мерзім ғана есінде қалғандай.

Той бұзылды. Енді қайтып ол той жасала ма? Жасаса, дұман-қызық шарықтап, шегіне жетіп, түйткілсіз көніл жауыннан кейінгі күндей жарқырап ма?.. Мына алдында отырған Қайырдың да ойы осымен сабактас. Екі күнде сүлік сорғандай бозарып біткен. Көзін алмай жаутандап қарай береді. Дәмештің жігерін қайрап, келешек өмірдің үмітін жағады десе, жасып, құтын қашырып алған. Әрине, Қайырга да кінә артуға келе ме? Бақыт қайығына мініп, өмір дариясымен ертенгі күн кешпек боп тұрғанда, қайығы сынып, аралда жалғыз қалған жок па? Бес жыл тосып, енді ертен той деген күні, көрдің бе, тағдырдың мазағына ұшырағанын... «Бес жыл тосқандағы күткен күнім осы ма?» деп киналып отыр ма жігіт...

— Қайрош, сен не ойлап отырысың? — Андаусызда айтылған Дәмештің осы бір сөзі Қайырдың ұстіне сүйк су құйып жібергендей тиді. Сасқалақтап: «Жәй, әншнейін!» — дей берді. Баяғы пан да батыл, өз күшіне өзі мығым, табанымен шірепне жер басатын Қайыр емес, жасқаншак, жасық, жуас тайлақ. Бір күнде адамды өмір терідей илең, жұп-жұмсақ қып жібергені ме? Тегеуріні қандай қатты еді өмірдің? Жок, әлде жаратылсында жасық па?

Дәмеш өз ойының әуеніне ілесе беріп, Қайырдың не деп жауап қайырғанын елемей де қалды. Көзі мөлтілдеп, қыздың колын сипай береді.

— Қайыр! — деді тағы да нәзік дауыспен Дәмеш, сәл ки-  
мыл жасап, қолын өзіне қарай тартып алды. — Сен: бұзылған  
тойды ойлап отырсың ба?

Қайыр жымып, жалына көз тастады:

— Той жасала жатар, өзің тірі болшы!

— Сен өкінбейсің бе?.. Мен өзім өкінем! Эй, іштей өкі-  
ніп отырған боларсың...

Шынында, Дәмештің тілегені, күткені өмірден осы ма еді?  
Теренірек ойласа, өкініш уыты денеге жайылып, орындал-  
маған арман жүрек қысады. Жастай жетім өсті... Қайыр-касі-  
рет шекті, ең артық күн көзінің өзі тапшы болған кезендерін  
басынан өткізді. Енді күн сәулесі жарқырата түскенде, куаны-  
шы қойнына сыймай, өмірге ұя салам дегенде мерт болғаны  
мынау!

Дәмеш өмірден түнілді. Өзінің бақытсыз екеніне көзі жет-  
ті. Кейбіреудей іштен тұа асығы алшысынан тұрмады. Басқан  
қадамы — он, сөзі — макұл, ісі — жемісті болмады...

Аздан соң Дәмеш көзін ашса, Қайырдың орнында Асқар  
отыр.

Қарындастының өмірі қыл үстінде тұрғанын естігенде Ас-  
қар науқас кісінің ішін жарып, соқыр ішегін сылып ап, көк  
етін қайта тігіп жатқанды, көз жұмып жасайтын операция-  
ның үйреншікті жібек түйінін түйе алмай, колы дірілдеп,  
ассистентіне қарап ым қакты да, кохерді<sup>1</sup> колына ұстата  
көйді. Халатының түймелерін жүре ағытып, қарсы келген  
дәліздегі санитаркаға бере салды да, есік алдындағы машинаға  
ұмтылды.

Құлағына сыбырлаған сестра жаңа не деді? «Дәмеш әл  
үстінде» деген жоқ па? Апыр-ай, тағы да қандай бақытсыз-  
дыққа ұшырады? «Той-той» деп асығып журіп машинаның  
астына түсіп қалды ма? Жаңа ғана талпынып, көзімді аштым  
ба деп, өмір сүре бастағанда, тағы неге тап болып еді? Ба-  
қытсыздық адамның соңына түсіп бір қудаласа, түбіне жетпей  
қоймайтын әдеті. Аз ба еді мазағы?

Машинадан секіріп түсіп, үйге кіріп барса, «Жедел жәр-  
дем» машинасы да кеп үлгірген. Дәл кеше көктемгі гүлдей  
құлпырған Дәмештің жағы суалып, мұрны пістіп, көзі

<sup>1</sup> Ет қысатын қысқыш.

шүнірейіп кеткен. О дүниеге сапар шегуге айналған адамның сиқы. Асқардың жүргегі қысып, буыны босап, Дәмештің қасына зорға жетті. Талай өлімді басынан кешірген дәрігер, тап сол бір минут жасып, өзін тежеп ұстай алмады. Асқар өмірінің ең қымбаттысы да, жалғызы да — Дәмеш. Қырық беске келгенде сопайып жалғыз қалу оңай түспес, «күрес, күрес!» деген ми түбінен берілген сигнал бүкіл денесіне құшкуат жинағандай.

Осы бір сәт, Асқар да бар қайратын шақырып, белін бекем буды...

Ертеңінде өкпе ауруының мамандарымен ақылдасып, күрестің тәсілін іздеді. Ендігі жауы, көзге көрінбейді, колға ілінбейді, кай жағынан кеп ұрғанын сезбей де қаласың. Адам баласының ең қауіпті де күшті жауы осы! Дәрігерлердің пікірі екі жарылды: бірі — Қарағанды алып барып емдеуді, енді бірі Бурабайға, санаторийге апарып, сол арада емдеуді лайықтады. Тәжірибесі мол карт дәрігерлер: «Өкпе ауруының бұл түрін санаторийге алмас, тек әуре боларсыз» дегенді де ескертті.

Басы қатып, дел-сал боп тұрғанда, сол жақтан емделіп келген бір қазак: «Қорғашақтамай, алып барып, сол жерде емдетініз! Дарханов деген дәрігер жана бір ем тапқан дейді, мүмкін, сол жазар!» деді.

Асқар Қарағанды барды. Жалынып-жалпайып, Бурабай санаторийіне бір путевка алып қайтты.

Енді, міне, сол путевка қалтасында, Дәмеш жатқан пала-таға кіріп барды. Кешегідей емес, Дәмештің өңі кіріп қалған, бота көзі мөлдіреп, бұрынғыдан күлім қағады. Конфет сұраған балаша әдемі жіңішке саусақтарын созып:

— Ағатай, келдің бе? — дейді.

— Келдім, жаным!.. Қалайсың? — қыздың қолына жармасып, тамырының соғысын санайды Асқар.

— Ағатай, мен жазылам ба?

— Жазыласың, қалқам!

— Кім емдейді?

— Мен өзім! Сонсоң... — тіл ұшына манағы қазақ айтқан Дархановтың есімі оралса да, бөгеліп, айта алмады, білмейтін кісісі.

— Сонсоң кім дейсіз? — Дәмеш қоймады.

— Бурабайда бір жақсы дәрігер бар дейді.

— Кім деген?

— Доктор Дарханов!..

Емханадан шыққан беті, Аскар аяңдап Дәмештің пәтеріне барды. Сірінкениң корабына жер құрттарын сап, балық аулауға қамданып жатқан есік алдындағы үй иесі шалға көзі түсті. О да мұны көріп, «Дәмеш қалай?» деп қалбалактап, ниетін білдіріп, сөзге шакырса да, Аскар селкос жауап беріп, үйге кірді.

Дәмештің өзі жинап кеткен калпы, санғыраған бос бөлме. Жиһазы, кереуеті, тартып жүрген роялі, тараңып-сыланатын айнасы жетімсіреп, иесін көксеп тұрғандай. Әсіресе, әне бір қабырғадағы ілулі ак торғын көйлегі адыра қалғандай көрінді көзіне.

Аскардың көнілі босап, рояль алдындағы дөңгелек орындыққа сылқ етіп отыра кетті де, басын қос қолымен шенгелдеп ұстап, өксіп жылап жіберді.

Дәмештің қайғы-қасіреті дәрігер болған соң, Аскарға ғана батады. Тумаса да, бірге туғандай Ораз, күйеу жігіт Қайыр, өздерінше шолақ ұғынар да, «мүмкін, ертең жазылар» деп үміттенер де. Бірақ бұл аурудың Дәмеш өміріне келтірген зиянына олардың көзі жетпейді. Уылжыған пәк жанды, бұлдіршіндей қыршын жасты Аскар өлімге қалай қияды? Дәрігер емессің бе, антұрған-ау, бір ем таппайсың ба? Пәлен жыл оқып, талай адамды емдең, себінді тигізгенде, жалғыз қарындасынды өлім құшағына қалай бере аласың?

Аскар бұл аурудың маманы да емес, емдең көрген де жок, соңғы кезде ем табылды деп жүр еді, осынша неге таусылады?.. Аскардың мұнда екенін білмей, андаусызыда кіріп келген Қайыр сасып қалды. Бейшара бала, сен сокқан балыктай, дельсал.

— Отыр, неге тұрсың? — Аскардың үні аянышты шықты. Пісіп тұрған алманың аузыңа тұспеуі — аузыңың салуы жоктығы. Қаншама уайымдаپ, қапа боп жүрсе де, Қайыр дәрігердің дауыс ырғағын аңғарған тәрізді, жүдеген күйі босағада жауап катпай тұра берді. Аскар аяйды: бес жылдай ғашық болып, күні-түні қиялышында мәпелеп, толғағын жеткізген ынтызары ертең той дегендеге өлім халінде жатуы — қандай мықты болсаң да қинар, достым! Есінен ауысып кетпесе жарады!.. Осы тұрғанда бұл бейкүнә, күйзелген жан не ойлайды екен?

Тіршілігіне лағнат айтып, бұл дүниеден безіп тұрған кісінің сиқы. Қараши, әлденеден жиіркеніп, әлдекімді әжуалап тұрғандай, мыскылдан езу тартты.

Кеш қарайып, тұннің дыбыссыз ұрланып үйге кіргенін де сезебепті Аскар. Бәсе, Қайырдың жүзін көлеңке басып, күнгірт тарта бастағаны сол екен-ау?

— Отыр! — Бұл жолы түсін сұытып, даусын қаттырақ шығарды Аскар.

Қайыр бағынып, қасына кеп отырар-отырмaston:

— Жазыла ма? — деді, Аскарға қарамайды, қолындағы кек мауыт шляпасын умаждай береді.

— Жазылады!.. Неге жазылmasын! — Өзі сенетін кісідей айтты. Қайыр, «шын ба, ағатай» дегендей, басын кенет көтепіріп, сұқтана қарайды.

— Дәмеш айығу үшін не істейін? — деді аздан соң ол.

— Ол үшін, сен шира, мына қалпынмен сау адамды көрге түсірерсің!.. Кеше сіздің үйге кіріп шығып ем: шешен жатыр домалап бір бұрышта, қарындасың жүр ботадай боздап. Ораз да қара бұлттай тұнерген. Құрышпай шалдың жоғы жақсы болар ма? Ол үйдегі тіс қаққан бас көтерері сен бе десем, буының қатпаған бала екенсің ғой, жарқыным!

— Дәмештің жауы қолыма түсер ме еді, әттен!.. — деді Қайыр. Аскардың сөзі құлағына кіріп те шықпаған. Тұс-тұсыйнан қамалап, қоршап алған қаралы ойлардан құтыла алмай әлек. Аскар сезді де, орнынан көтеріліп, Қайырдың иығынан қаттырақ қыса ұстап, үйқыдан оятқандай, сәл тербел-козғап, көзін көзіне қадады.

— Сен не дедің, білесің бе?

— Не дедім?

— Дәмеш жауын көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайды, шырағым, және ол жалғыз Дәмеш пен сенің жауың емес. Бүкіл қазақ халқының жауы! Білесің бе оны?

Қайырда үн жок.

— Әрине, сен білмейсің... Бұл өте айлалы, қатыгез жау! Қалай женеміз... — Аскардың соңғы сөзі күбірге айналып, өзіне арналғандай шықты. Осы бір сәт құлағын түріп, дәрігердің әр сөзін мысықша аңдып отырған Қайыр дауыс ырғағынан күдік лебін аңғарған сыйылды.

— Қалай женетінін сіз де білмейсіз бе?

Асқар күліп, анқау айтылған сөзін жуып-шайды:

— Женетін біз!.. Дәрігерлер!.. Ол біздін жұмыс. Сен құрышыңды құя бер! Тек, бір-ақ нәрсеге мұқият болайық: Дәмешті бір минут естен шығармай, қалайда соның өмірін сақтап қалуға атсалысайық. Уәде осы болсын!

Екеуі осы түйінге тоқталғандай, аяктарын ширақ басып үйден шықты.

Арканың күзгі жаңбыры долы әйелдің ашуындай, бір жауса, көпкө дейін басылмайды. Сіркіреп жауған жаңбыр екі-үш күннен соң себелеп құйып, ақыры бұршақ карға айналып барып тынады. Құрғак та ашық күн, Дәмештің ауруын күтіп тұрғандай, шырт етіп бұзылды да, ашылмай қойды; жаңбыр Темірлі таудың басына қайта үйірліп, еселеп жауды да тұрды. Жаңбыр толастамай ма деп, бірер күн жолға шықпай, Дәмеш пен Асқар аялдан та қарады, бірак ашылмады. Путевканың күні босқа өле беретін болған соң, Дәмеш ағасына ақыл қосып, тәуекел деп жолға аттанды. Асқар: «Қын болар, жол ауыр», — деп қиқақтап көріп еді, Дәмеш: «Өлім біреу, ажалдан құтылған адамды естігем жок!» — деп келте қайырды.

Ағайын-туыстар жылап-сықтап, Қарағандыға дейін шығарып сап, поезға мінгізіп жіберді. Бір қобди дәрі-дәрмек алып, Асқар да аттанды. Ниеті — өзі апарып, дәрігерлерге өз аузынан тапсырмак.

Поезд ырғалып жүре бергенде, Дәмештің көзі терезеден телміріп жыламсырап тұрған Қайырға түсті. Қайыр көзіндегі мөлт-мөлт еткен жасын Дәмеш қазір сүйіп құрғатар еді, амал не... Хош, жаксы дос!.. Енді қайтып Дәмешті көресің бе, жок па?

Дәмеш қолын бұлғап, ақырғы рет Қайыр тұлғасын көз алдына елестетіп тұра берді... Қайыр жаңа қоштасарда Дәмештің ернін сүймей, қолын сүйгені несі? Әлде ауруы жұғады деп қорықты ма екен? Жайсыз осы бір кылыш тап қазір Дәмеш жүргегін улап, көз алдында тұрған Қайырдың тұлғасын алыстата берді. Әлде Асқардан ұлды ма? Асқар бұрынғының адамы ма еді, әдел сақтайтын. Ертең той қылайын деп отырған қалыңдығы, заң алдында, адам алдында да басы ашық... Тегі, сол бірінші жорамал дұрыс шығар. Иә, бүгін ауырмай жатып безген Қайыр, ертең бірге тұрып, қатар жүріп, бір тілім нанды бөліп жей ала ма?..

Осы бір қайғының көленкесі Дәмештің бетіне түсіп, реніш басып, жүрегі ауырды. Енді терезе алдында жалғыз тұра алмай, Асқардың қасына кеп, көңілін жұбатты.

— Қараши, Дәмеш, Қарағанды — үлкен шаңырак та, әр баласына әр шахтадан отау тіккен тәрізді. — Поезден қатар жарысқан қаланы, бөлек салынған шахталарды, әр шахтаның басындағы үйілген тау-тау көмірді Асқар иегімен нұскады.

Ағасының осы бір сөзі, баланың көңілін аулаған ойыншыктай, Дәмештің ауыр ойын бөліп, назарын қалаға аударды:

— Әр шахта — Үлкен Қарағандының отау шығарған баласы: әр шахтаның маңында туған кішірек-кішірек қалалар; өзінің клубы мен магазині, емханасы мен мектебі, балалар бақшасы және бар.

— Бұл — өмірдің өзгерісі туғызған бала қалалар, — деп бір қойды да, Асқар Қарағандының өмір тарихын сөз ғып, бір кезде ағылшын байларының қожа болғанына дейін тоқталды. Дәмештің талай естіген әңгімесі. Құрыштай шал қымс етсе: «Бұрын ағылшын қожа болса, енді біз, жұмыскерлер ие!» деп жаттамалы сөзін айта салатын. Әлбетте, Дәмеш Қарағанды тарихын білмейді деп сөз кылып тұр дейсін бе Асқар. Әшенин, сөз таба алмай, Дәмештің көңілін жұбатып, жол қысқарту үшін айтқан әңгімесі де. Оны Демеш сезеді. Әне, акырын көз қығын тастап, сынап та кояды. Ішкі сарайға үніле беру зиян деп дәрігер айтпап па еді? Қайғы-қасірет ішін улап, денесіне уытын жаяды да, содан адам дертке шалдығады демеп не еді?

Жарайды, Дәмеш ағасының сөзіне араласып байқаса, кім біледі, алданар.

— Бурабайға қашан жетеміз?

— Түнде ұйықтап шықсан, азанда Бурабайда боламыз.

— Бурабайда бұрын болдың ба?

— Жоқ. Әдемі дейді... — Аз мұдіріп, Асқар қалтасынан орамалын алып, вагон терезесінің шынысын сипап қап еді, бір елі кір сұртті.

Тазалық жоқ жерге ауру үйір! Қашан құтыламыз осы лас өмірден! Темір жолда істейтін дәрігерлер өте салак. Қадағалап штраф салып тұрса, мұндай кір болмас та еді вагонда. Асқар әлдене ойына түскендей:

— Мечниковты естуің бар ма? — деді тағы да Дәмештің ойын бөліп, өз сөзіне бейімдеп.

— Әлгі микробпен күресетін бе? — Дәмеш жымып, үмітіне медеу болғандай, көтеріліп ширай сөйлейді.

— Е, біледі екенсің гой... Сол кісі бір күні магазинге барса, сатушы әйел қолымен ұстап конфет сатып тұрса керек-ті, Мечников екі қадақ конфет өлшетеді: бірін қолымен салдырады да, енді бірін калақпен салдырады... Лабораториясына кеп, микроскоппен қарап жіберсе, қолымен салған конфетте микроб екі есе көп!..

— Не айтпақшысыз?

— Қолда кір көп. Ал кір — микробтың ұясы...

— Бұл атам заманнан белгілі ақырат!..

— Кей ауылда әлі де қолды жұмсамайтын жерге жұмсайды. Қолмен тамақ ішеді.

— Қолдарын жумай ма?

— Қалай жуады, шая салады. Сабындал бірнеше рет суды ауыстырып жуса, бір сәрі. Жуғаннан кейін қолды немен сұртеді?

— Орамалмен!

— Дәмешжан, сен мені шамдандыру үшін әдейі сөз тастап отырған боларсың, салақ әйелдің майлыш, сулығы баттасқан кір екенін білесің бе? Қатты айтсан, өз намысын тиеді, әйтпесе, женгейлердің осы бір әдеттері балаларының өмірін қысқартып, ауруға шалдықтырып жүрген жок па?

Күрк-күрк жөтеліп, туберкулез құртын түкірігімен бірге таратып жүрген надан адамдар табактас болып, қолын салып жіберіп, бірге ет жейді. Сен ауырмағанда, кім ауырады?.. Мұны осы күнге дейін кейбіреулер ұқпайды. Айтсан, көніліне ауыр алады.

— Тоқта!.. Сөйтіп, мен де сол қолымды өз орнына жұмсамағаннан ауырған болам ба?

— Жок... Сенде одан емес... Сенің жұқа организмің цехтың ыстық-суығына шыдай алмаған. Терлеп-тепшіп тысқа жиі шыққансың да, сұық ұстай алған. Сұық адамның денесіне біргінде жинала береді. Мен саған бір қызық айтайын: баяғыда ауылда бақсылар тыр жалаңаш қарға аунап зыр қағатын. Сонда сұық неге тимейді десен, үйреніп алған етке түк өтпейді екен.

Дәмеш бұл жауапқа риза сиякты емес, көзін шүйіріп, іштен шалатын тағы да бір сұрағын әзірлей бастағандай.

— Жақсы, менің сұрауыма дәлел таптыңыз? Бұл ауру жастар арасында неге жиі кездеседі?

— Оны қайдан білесің?

— Емханада көрдім.

— Мен өзім бұл сырқатпен айналыспаған дәрігермін... Эйтсе де сен айтқандай болса, оған үш дәлел бар: бірінші — атақты Павловтың кисынына қарағанда, адамның организмі, дene құрылышы жас басынан белгілі бір жағдайға үйренеді. Қандай тұрмыста өсті, нендей тамак жеді, қандай киім киді, ауа райы — міне осылар. Өскенде де адамның денсаулығы осы «жағдайға» көндігіп, соған үйреніп алады. — Аскар ойын әрі созбақ боп, аузын аша беріп еді, Дәмеш кейістік білдірді:

— Сонда ауыл тұрмысына үйренген балалар қалаға келгенде жүдеп, көпке дейін үйрене алмайды демексіз бе?

— Бұғанасы қатып, буыны бекімеген жас организм, бақылат жүрмесе, әлсіз келеді, ауру тез жүгады.

— Жақсы. Екінші дәлелініз?

Дәмешті қолтығынан ұстап, купеге алып кірді, мұнысы — «ұзак тұруға болмайды, жатып, тынық» дегені. Кек түсті электр шам купенің ішін көк буалдыр мұнарға бөлеп, ширата тартылған нервті босатып, ұқыға, жан ракатына шакыргандай. Дәмештің басын биіктетіп отырғызды да, Аскар сезін әрі созды:

— Екінші дәлел — ауылда медицина әлі революция жасай алмай, шалдардың, дүмше молдалардың көленкесінде қалған соң, жаңағы мен айтқан «кол» бейбастақтық жасап, ауру жұқтырып жатқан жоқ па? Үшінші дәлелім — жақында ауылдан келген малшы жігіт көп сырдың бетін ашты... Ол жакта өсімдік, витамин әлі де өгей ас көрінеді. Соңсaң сүт пен ет беретін малдың денсаулығы жиі-жиі тексеріле ме екен?

Дәмеш наздана күлді. Бұл күлкі Дәмеш кеудесіне қонақтамай жүрген құс еді, енді қайтып оралғанына Аскар куанып, себебін білмесе де, костай күлді.

— Сіз бір күнде медицина революция жасасын дейсіз, оған ғасыр бойы жасаған әдет онай көне ме?.. Революция жасау үшін, алдымен революционер дәрігер керек! Ол жеткілікті ме?

— Казакстанда төрт қалада медицина институты бар, соларды бітірген қазактар қайда?

— Қалаға сіңісп қалып кояды да, шет аудандарға бармайды!.. Біз, инженерлер, агрономдар неге барамыз, олар неге қашады? — Дәмеш біртіндеп әңгімеге қызу араласа бастады. Кезек енді келді: темірді қызған кездे соқ! Асқар да қөнілденіп, әңгіме желісін ширата есті. Анда-санда айгайлап «мен мұндалап» келе жатқан паровоздың даусы ғана айналадағы тіршіліктен хабар беріп қояды.

— Неге қашады деген сұраққа былай жауап берер ем: дәрігерлік этиканың жоқтығы. Бұрын ескі медицинада, ең алдымен, дәрігер болу үшін ант беретін: «Адамды сүйіп, адамға жәрдем беруге өмірімді сарп етемін» деп... Сол антты бүгін де бере ме?.. Бұрын Россияда «Земские врачи» дегендер болған. Солардың ғажайып ерлік өмірімен бүтінгі жастар танысып, соған еліктей ме екен?.. Боран-дауыл, жауын-шашын демей, сол дәрігерлер қысы-жазы жаяу жүріп, халыкты емдел, Отаны үшін қалтқысыз еңбек еткен... Институтты жаңа бітірген жас қазак дәрігерлер солар сияқты ауылға неге бармайды, революция неге жасамайды? Қазак медицинаны білмейді, ауылда емнен қашады деген қисық ұғым бар. — Оған Асқардың өз басы қосылмайды. — Мүмкін, жүйеге түсken ғылым бұрын болмаса да, сүйек сынып, яки шығып кетсе, салатын сынықшылар, түрлі ісіктерді сylaitын хирургтар, халық емін жасайтын балгерлер ел арасында аз болмаған. Ешбір мектеп көрмеген, әліпті таяқ деп білмеген сауатсыз адам санасының зерттігінен, қолының шеберлігінен сынықшы атанаип, қолдан-қолға түсірмей, ауыл жағалатып алып кетіп, алты ай жаздың төрт айы ел қыдырып, сынық салумен жүрген Омар дегенді осы күнге дейін елде аңыз қылады. Сонда ол емдегеніне еңбекақы тағы алмайды, біреу сыйлап берсе — алады, бермесе — өкпелеп қабак та шытпайды. Сүйектің сынып шатынағынын, не шығып кеткенін өнерлі қолы қатесіз таба білген: сынса — таңып, шықса — орнына салып, осы күнгі медицинаның емін жасаған.

Асқар сөзі Дәмешке үлкен ой салды: «Әркім өз мамандығын қадірлейді, әйтсе де медицина ғылымы — кең жүректі, ақындық шабытты талап ететін ғылым. Алдына келген ауруды селқос тындал, дәрі-дәрмек жаза сап, үйіне қайтарып,

жалақы алу әркімнің-ақ қолынан келеді. Бірақ кісіні емдең, аурудан құтқару әр дәрігердің қолынан келе бермейді. Диплом — ауру адамды емдеуге берілген рұқсат қағаз ғана, ал оның шын дәрігерлігі екіталай». — Дәмеш осы ойын Асқарға сол қалпында жеткізді.

— Таптың, жаным! — деп Асқар масаттана құлді. — Адамға жаны ашымайтын кісі дәрігер бола алмайды!..

Поезд зырлап, Арқа жазығының апшысын қуырып келеді. Поезд донғалағына оралған жел матадай жыртылып, дырылдап, рельс бойына десте-десте боп төсөліп жатты. Қекжиекті сырғи көсілген қара тұн қанатын жайып, далада жатып алады.

Рельс үстінде зыр ойнаған дөңгелектің дүңкілі Дәмеш жүргегінің соғысына айналып, көңіл шырайын бұзды. Ми туғанда тайталасқан өлім мен өмір сұрағы алдына кеп жүгінісіп, тағы да мазасын алды.

...Бурабайға жетпей, таң ата Дәмеш лақ-лақ қан құсып, көп ұзамай жан тәсілім береді де, іле касына мамасы келеді. Баяғы жас кезіндегі қалпы, жудемеген, үстінде ақ жібек көйлек, басында ақ торғын орамал, аяғында ақ туфли... Апыр-ай, өлген адамды ақыретке орайды деуші еді Құрышпай атасы, сол екен-ау ақ кигені. Мамасы жылап, бас сап сүйе береді, сүйе береді. «Көзімнің қарашығы, жалғызыым!» деп қүйқа тамыр шымырлататын, дене балқытатын нелер ыстық сөздерді айтып, аймалады да қалды. О, сорлы ана!.. Әбден сағынған екен. «Мама, енді қайтып сені көрмеймін ғой деп опық жеуші ем, көрдім бе?». Апырай, о дүние бар дегені рас болғаны ма?.. Дәмеш қайта тіріліп, Асқар ағасына айттар ма еді: тез жет, мұнда бәріміз тосып отырмыз десек, бәлкім, о да, асығар!

Ананың иісі қандай тамаша! Бейіш иісі, тегі, жұпар иісінен де артық-ау, кетпеші, мама, тағы да іискейін! Сүйткенше болмады, алыстан бір шынғырған дауыс келді құлағына. «Бұл кім екен шынғырып жатқан, тамұқта біреуді қинап жатыр ма екен», — деп Дәмеш үрейленіп еді, шешесі: «Қалқам, бұл ракетаның сигналы, қазір бізді көкке алып ұшады, тез киін!» — деп асықтыра бастады.

Дәмеш жалма-жан ұшып тұрып, алдымен әнеугі тойға тіккізген ақ көйлегін іздеді. Табылсыншы, адыра қалғыр! Қа-

йыр тығып қойған да, уай, сараң жігіт-ай, соны да көпсінді ме екен Дәмешке!..

Дәмеш күбженде, чемоданын ақтара бергенде, шешесі қолынан жұлқылап, асығып тысқа алғып шықты. Айдалада, анадай жерде бас жағы сұп-сүйір, сәукеле тәріздес бірдеме ағарады. Тегі, ракета сол болар деп топшылады Дәмеш. Бұлар жақын барғанда біреу есігін ашты да, сатымен жоғары шығара бастады. Дәмештің жүрегі лоблып, басы айналғандай қорқады. Өлген адам ракетаға мініл айға ұшады деп естімеп еді, көрдің бе техниканың қайда шырқаганын?!

«Мама, о дүниеде ракета көптен бар ма?»

«Жоқ, қалқам!.. Бұрын періштеге мінуші едік, бұл күнде ол бишаралар қартайды. Өз бастарын әрең-әрең ғана алғып жүр... Мынау ракета күнге ұшырыған совет ракетасы емес пе, жолшыбай ұстап ап, өлген кісіні таситын қып қойды».

«Сонда қазір күнге ұшып барамыз ба?»

«Әрине».

«Күйіп кетпейміз бе?»

«Өлген адамда дене жоқ, жан күймейді!..».

Осы кезде ракета тағы да шыңғырып айғай салды.

«Мініңдер тезірек!» — деп, есік аузында қанаты бар біреу жүр, сөйтсе, ол періште екен. Кіп-кішкентай, әп-әдемі, ергежайлі сияқты. Періште зор бола ма десе... Мынадан кім қорқады? Жауапты қалай алады бұл?

Ракетаға бұлар да мінді, о да сусылдап ала жөнелді. Іші қандай тамаша: алтын жалатқан, жарқ-жұрқ етеді. Қөзің той-майды, ең акыры, орындығына дейін гауһар тастан жасалған. Жердің әсерінен шыққан соң, адам салмағын жоғалтып, шыбындей шыр көбелек айналады деуші ме еді?

Шешесінің:

«Ал көзінді жұм, қазір күнге қонамыз!» — деуі-ақ мұн екен, бірдене сарт ете түсіп, жарқ етті.

Дәмеш ояна келсе, Асқар тысқа шығып жатып, купенің есігін жапқанда жарқырап атқан күннің сәулесі бүркіп жіберген судай купеге шашылған екен.

Дәмеш түсіне таңданып, жалғыз өзі жатып сақ-сақ құлді. Тыстан оралған Асқар қарындастының күлкісін естіп, есінен ауысқан ба деп шошып, бажырая қарайды.

— Ағатай, мен бір қызық түс көрдім!.. Новелла!.. Аскар «уň!» деп енді демін алғандай:

— Түс? Зәремді алғаның... — Бұл сөздің артында не тұрғанын Дәмеш те сезді.

— Түсте өлген адамды көрсе, не болады?

— Қазақ ауа райы өзгереді дейді.

— Жақсы, ракетаға мініп күнге жетсе ше?

— Бұл түстегі жаңалық. Бұрынғы түстер тізімінде ракета деген болмайтын. Биікке ұшу, әсіресе күнді көру, ол — бақыт. Жазылып, арманына жетесің!

— Сіз түске шын сенесіз бе?

— Жоқ!

— Онда мені неге сендіресіз?

— Қазақтың түсті қалай жоритынын айтып отыргам жоқ па? Екеуі қосыла күлді.

Ертегі күлкі Дәмеш жүрегіне үміт отын маздата жаққандай бойы серіп, вагон дәлізінے көнілді шықты. Күн де найза бойы көтеріліп, айналаға жарқырата сәулесін шаша бастаған екен...

Үміт шоғы Дәмеште әлі сөнгөн жоқ, енді оны үрлеп, қызарта жандырған жұқа өнді, самай шашына ақ түсken, талдырмаш дәрігер. Мүмкін, ол жаңағы Аскар ағасы есіне түсірген «Земский врачтар» сияқты немесе зерек туған қазақ сынықшыларындаид адамды ардақтай біletін қасиетті дәрігер шығар? Әйтпесе, басқалардай үлкен қалаларда қолын жылы суға малып қойып, акша неге таппайды ол?

Колы қандай жұмысқ еді. Нияз қасына кеп, тамырын ұстағанда, Дәмештің еңсесі көтеріліп, бір сауығып қалады, бұрын көрген таныс адамдай. «Мені неге танымайсың» дегендей наздана қарайды.

Кеше Аскар ағасы Сусанна Михайловнамен екеуінің арасында шәлкестік бар деп пе еді осы? Сусаннасы қандай әйел екен?

## V

Санаторийдің кешкі мезгілі Сусанна Михайловнаға ерекше әсер ететін әдеті. Жылы да тымық кеште көніл шіркін жалғызысырап, өткен қызықты шалқыма өмірі есіне түсіп, өзін қоярға жер таба алмай, ансай береді. Мұлгіген орман, ашық

аспанда эстрада ойнаған музыка, билеп мәз-мейрам болған жастар, қолдың саласында тарам-тарам аллеяда екеу-екеу қызырып, шаттана күлген қыз бен жігіт, ең акыры, қарағай түбінде шылым тартып, күбір-күбір әңгімелескен қариялар екеш, қариялар да өзіне лайық орнын тапқандай. Әрқайсысы өз кешін өзінше өткізеді. Өзіне орын таба алмай зыр қағатын Сусанна. Кешке жақын корпусты бір аралап шыккан соң, не істерін білмей, дағдарыска ұшырайды. Қөлге барып, кас қарайғанша сонда отырады. Ниязбен екеуінің арасы алыстаған сайын, құлазыған жалғыздық торына шырмала береді. Қалай десен де, Ниязға үйренген көніл аңсап, жүдей береді! Өткен жылы екеуі осылай біраз араздасып жүріп, қайта табысқанды. Кім білсін, мүмкін қайта оралар?.. Жоқ, Нияздың жаны басқаға көмескі болса да, Сусанна Михайловнаға аян: «тәкаппар да менменшіл ол!».

Ертеңгі күнім не болады деп үрейленіп, мыштай бол жүргенде, ол көндімбай жұмсақ еді. Кейін өмір өзгеріп, аяғын мығым басқан сайын белен алыш, тәкаппар бола бастады. Әлде Сусанна теріс міnez білдіріп, үркітіп алды ма? Иә, актарыла ойлаши, Сусанна, мұның өзінді актау үшін тапкан дәлелің емес пе?

Актарса, Сусаннаның Ниязды шын сүйгені жалған ба? Сусанна өзі өз болып, еркекті жан-тәнімен беріле, мұнданың құмарта сүйіп көрген емес. Түү, сүйгенде не түр, кімді кім сүймейді. Махаббатты қадір тұтқан жан бар ма? Одан Сусанна не тапты? Жүрегін текке жаралап, мүгедек бол қалды. Иә, Сусаннаны ол түсінбейді, сезімі тайыз, ақылы қысқа жігіт, әйтпесе, Сусаннаның мөлдір де терең махаббатын лайлар ма еді, тұраксыз еркек? Қөл қорыған шағаладай қызғанышын, ыстық лебіз-пейілін бостандығыма күрған қақпан деп ұқты ол... Кейде Сусанна махаббат деген жоқ, тек бездің қанды қоздырыуы ма деп ұғады. Аш адам, арық адам сүйе ме? Махаббат орнына нанды ойламай ма? Кеше Нияз аш күнінде Сусаннаның үстіндегі кейлегі, аяғындағы туфлиі сияқты еді, енді ол тойынып алған соң, уылжыған жасты іздейді. Семіргеннің белгісі емес пе екен? Әлде еркек менсінбей кеткен әйелдің бәрі осындағы қинала ма екен?..

Сусанна Михайловна арқадан басталатын мәрмәр сатымен төмен түсіп, қөл жиегіне қарай бұрылды. Дәл бұрылышта

екі кария шылым тартып, өзара дәрігерлерді сөз ғып отыр екен, Сусаннаны байқамай қалды: өтіп бара жатып, сөздерінің шет жағасын құлағы шалды.

— ...Дәрігерлердің ішінде ықылас сала емдейтіні де, білімдісі де Дарханов деседі... — деді біреуі ойын аяқтап. — Қазір жаңадан ем тауып, өкпе ауруын құлан-таза емдең жатса керек, бізге неге қолданбайды соны?.. Біздің отделениенің бастығы сары шаш әйел, қолын қалтасына сап, бос жүре мәдеймін.

— Палатада шылым тартпа, карта ойнама деп зекіп-ұрсығана келеді оның қолынан!.. — деді екіншісі. «Қолынан» деген сөзді айтып үлгіре алмады. Кенет тына қалды. Сусаннаны байқап қалған сиякты...

Иә, мұндай әңгімені кеше де естіді. Демалушыларды маңайына топтап алған екі қыз бірін-бірі киіп, жарыса мақтанды. Біреуі: «Өкпем құлан-таза жазылды!» десе, енді бірі оның ойын жалғап: «Кім десейші жазған? Біздің доктор Дарханов» дегені ғой...

Шынында, доктордың осы емдеу әдісі дұрыс па? Әлде арзанқол мадак па?.. Рентген сәулесі өкпе ауруына зиян демеуші ме еді? Түсінбеймін. Медицинаны саудаға айналдырып бара ма осы? Егер де бұл емдеу тәсілі, Алматы, Москвада бекісе, санаторий көлемінде неге қолданбайды?.. Арзанқол атақтың нәтижесі — санаторийде адал енбек етіп жүрген дәрігерлердің беделін түсіру емес пе? Жанағы екі шал не деп ділмәрсиді, Сусанна өз құлағымен естіген жоқ па? Қызғаныш-талас ойлар ұясы бұзылған арадай ызындал, жабыла түсіп, шаға бастады... Қыздардың сөзін кеше бас дәрігерге жеткізіп жатқанда, Асқар Жұнісович келіп бөліп жіберді. Әйтсе де көнілдегісін айтып үлгерді: «Бұл — адамға опыт жасау, оны қойдырмасаңыз, ақыры насырға шабады» дегенде, Алексей Иванович мырс етіп, үйреншікті ертегіге көшті. Мәселе шешкісі келмегендеге ертегі айтатын әдеті. «Баяғыда, азамат соғысының тұсында біздің полкта пәлен деген солдат болған» деп шұбыртып ала жөнелді, қайтып тоқтату қын. «Ақылдасам» деп сыйлап келгенде, мазаң кетіп, құтылғанша асық боласын... өзі бір тип!

Өзен жағасына жетпей, сайтандай Жұсіп Хакимович тал болды.

— Аңдып жүргенниң қай жағындасын?

Жұсіп ұзын ақ тістерін ақсита күліп, қымсынып:

— Аңдығаным жоқ. Іздегенім шын! — деді.

— Иә, тағы да Нияз Базілевич пе? — Сусанна іштей мысқылдап: «Қазір соның атын атамаса, мені кісі таниды де-ме!» деп өзімен-өзі егеседі.

— Оны қайдан білдіңіз?

— Әркімнің аңдыған бір жауы бар. Екі қазақ сыйыспауға айналдындар-ау?

Бұл сөз — қынжылу, бітім сөз емес, айтак сөз: соңынан тілін салақтатқан күшікше ерген Жұсіптен Сусаннаның күткені осы. Жұсіптің ойы үстінен дәл түскеніне өзі де риза, осылай қолтығына су бүркіп айтактай берсе, бір күні шаптан алыш жармай ма?

Сусанна сөзінің астарына түсінбей қалған Жұсіп, «неге жактырмады бұл» дегендей, жаутандап қарай береді. Сусанна онан бетер сұстанып, айбат шекті: ернін жымқырып, қабағын шытып, тоқтамай жүре берді, Жұсіп сүмендең соңынан қалмады — тағы бірдеме демек! Жоқ, дәл қазір Сусаннаның демегені қолайлы. Мұндай жасық еркекті қайыстай әбден иін қандырып, соңсоң керегіне жаратады... Сусаннаның аузынан шыққан сөзін ол сонда ғана бұлжытпай орындастын болады. Жұсіп қазірдің өзінде-ақ өзір. Бірақ қысылтаяң кезде тайқып кетуі ықтимал. Сусанна кенірек ойласа, Нияз жайындағы бас қатесі осыдан басталмай ма? Иін қандырмай, беріліп қалды да, ол шымыр да жылпос екен, бұлқынып, уысынан шығып кете барды. Енді, міне, соның бір ауыз сөзіне Сусаннаның өзі зар. Қайта айналып құшағына кірер ме еді, жүрек құрғыр ансайды да тұрады?..

Сусанна кейде өзін-өзі түсінбейді. Осы Жұсіп сол Нияздан артық болмаса, кем емес. Жас десең — жас, келісті, әйел сүйетін еркектің келбеті. Емеурін білдірсе-ақ, жігіт «өліпталып» аяғын құшып жатқан жоқ па? Жас жігіттің сака әйелге ынтық болатын әдеті емес пе?

Бірақ қолына оңай түсетін, сымдай иілгіш жасық еркекті Сусанна ұнатпайды. Жанын қажап, күйдіріп құштар қыла алмайды, жонын сипалап еркелеткен мысықтай ғана әсері бар, Сусанна ол сезімнің әйелі емес, ондай махаббаттан іші пысады.

Жүсіп қатар жүріп келе жатып Сусаннаға тағы да телміре қарап:

— Элгі тамағы іскен науқастың ыстығы бүгін 39 градус-ка барды, — деді сөз таба алмағандай.

Сусаннада ұн жоқ, әлі айбат шегіп келеді.

— Стрептомицин екпеуші ме еді?

— Бұрын көп ексе керек... Анада өзініз қоя тұр дегенсіз. Дәл бүгін оның ыстығы өкпедегі процестен емес, қомекейіне рентген сәулесін бергендіктен.

Сусанна басқа ұрғандай тұра қалды.

— Кім беріпті?

— Доктор Дарханов!.. Басқа кім дейсіз?

— Неге рұқсат бердің?

— Бермеске амалым қанша?.. Қомекей ауруын ол емдесе...

— Маған неге айтпадың?

— Рентген сәулесімен емдейді деп мен ойлаппын ба?

— Оқымайсың ба, не ем бергенін, «ауру тарихы» қолында! Алдымен сен жауап бересің ол сенің палатаңда жатыр!

Жүсіп қысылып қалған тәрізді, ұн жоқ, бірақ аздан соң:

— Кеше бірсызыра медицина кітаптарын қарадым, туберкулезге рентген сәулесі ем дегенді кездестіре алмадым. Қайта зиян ба, қалай?..

— Жаңа білдің бе? — деді.

— Жаңа білдім!

— Көзің жетсе, дәлелдеп бақ!..

Екеуі көл жағасына кеп тоқтады. Кол саласында жиі өсken тоғай ішінде, жуан қарағайдың бір бұтағы тамырлас серіктерінен қашып, бұра тартып, қатарғы қарағайға жармаскан. «Мен сендердің, мен сені сүйемін!» деп жалынып, белін айқара құшақтап алғандай. Көлденең өскен сол бұтақты «Көпір қарағай» деп атайды. Бұл «Көпір қарағайда» отырган адамдар, үстіне тап болмасаң, көрінбейді, қалтарыста. Бұл — Сусаннаның жаксы көріп, рақаттана дем алатын жері.

Қазір де дуалға шығып, аяктарын салбыратып жіберген балалардай «Көпір қарағайдың» үстіне шықты екеуі.

— Дәлелдесем, дәлелдеймін!.. Мен тек сіздің көңілінізге ғана қарап жүргем! — Жүсіп үзіліп қалған әңгімені қайта жалғайды.

— О не дегенің?

— Бір кездे жақсы дос едініздер...

— Әлі де доспыз, көріп жүрсің ғой, өзі? Қойсайшы, Жұсіп, жасырынбақ ойнауды!.. Мені алдай алмайсың. Онан да айт: «Сізден жәрдем күтіп жүрмін» де?

— Рас... Тіл құрғыр көне бермейді екен... Шыны сол, тауып айттыңыз.

Сусанна қайтып бұл жайында сөз қозғамады, әңгімені басқа аринаға аударуға тырысты:

— Жұсіп, осы сенің әйелің көрінбейді... Қайда? Бір жақка кеткен бе?

Жұсіп әуелі қысыла қызырып, мұдіріп қалды, артынан ой жүгіртсе, үлкен мәні бар сұрақ. Сусанна сияқты әйел еркектің тілін таба біледі. Мұнысы — Жұсіптің аузына сөз салу. Жұсіп талай оқталып, жүрек сырын ақтарғысы келгенде, дәті шыдамай, «кейін кейін» деп, келесі бір жолға қалдыра беретін-ді. Енді өзі итермелеп отыр. Қимылда, Жұсіп!

— Алматыға үйіне жібергем!

Сусанна биязы да салмақты пішінде Жұсіпке бұрылды.

— «Жібергем?..». Үйіне барып, мауқын бассын деген боларсың?

Жұсіп қысылды. «Сіз үшін жібердім!» деп айтуға аузы бармайды. Әлде: «Сусанна, мен бақытсызыбын, өзіме тең дос таба алмадым. Ол әйелді қойшы, жарасы жеңіл... Бірак менің жүргегімнің ансан, іздейтіні сіз» деп бастаса, жеңіл де тиер мебі, сыпайы да сықылды.

— Сусанна Михайловна... оны қойшы... — Жұсіп өз жүрегінің соғысын өзі естіді. — Бұл араны жерсінбейді. Алматыға үйренген... «Жаздай сонда болам, келмеймін» деп кетті... — Жайбарақат сырын актара салды.

— Ә... — деді Сусанна.

О не дегені? Жұсіп үқпады. Ашық ауыз! Тілдің ұшындағы сөзді айта алмай, ұтылып қалғанынды сезесің бе?

Өзін-өзі зекіп, қиналышп отырғанда, Сусанна Михайловна, іс-міс жоқ, Жұсіптің әйелін мақтады.

— Көзі қандай, қап-қара тостағандай, мөлдірейді де тұрады. Иіліп, құлімсіреп, еркек түгіл, әйелді де өзіне тартып, құмарынды арттырады... Ондай жары бар Жұсіп бақытты... Ұйғыр қыздары ынғай осындей назды келе ме? — деп, әдейі Жұсіптен бойын аулақтата береді.

Жоқ, ойбай, Жүсіптің есі-дерті өзінде, сөзге келмей, құшағыңа кіреді, басқа әйелді мақтап қайтесің... Бұйырып, әмір беретін, үкім жүргізіп отыратын адуын, тәкаппар әйелді жаны сүйеді Жүсіптің. Енесінің соңынан ерген ботадай соның соңынан еруге бар... Осы бір ойды дауыстап неге айтпайды? Айтады. Қазір... Арт жақтарында, ағаш сыйбырлап, біреудің келе жатқаны сезілді. Жүсіп елегізіп құлағын тікті. Сол бір сәт иығында арқалаған ауы бар, қастарынан Нияз өте берді. Бұларды көріп қап, мысқылдан:

— Құстай қонақтаған екі жас кім десем?.. — деді ол.

— Мысықтай ұрланып аңдып жүрген кім десем?.. — деді Нияздың дауыс ырғағына сап Сусанна.

Жүсіп Сусанна жауабына риза, қатырды! Бәсе...

— Кімді аңдырын мысық та білер, торғайдың балапаны болмаса, сауыскан сияқты даусы аңы да зор құста несі бар...

— деді сөз есесін жібермейтін Нияз тоқтай қалып.

Сусанна емес, Жүсіп қызарды. Тілі қандай улы еді. «Даусы аңы да зор құс» деуін? Шіркін, ыңғайлыш, орамды сөз тілінің ұшына оралса, Жүсіп айтып-ак тастанар еді. Сусаннаның алдында көзге түсіп қалатын.

— Иә, тышқан аулауға жаралған бейшара мысықтың өрекі белгілі, шарықтауға Құдай жазбаған!..

Е, Жүсіптің айтқысы келген сөзі осы. Топастық па, сөз үйренбегендік пе, қаншама қүшенсе де, таба алмады. Әне, женілді доктор Дарханов. Тұра жөнелді... Бәсе... Жоқ, қайта бұрылды.

Күлімсіреп:

— Сусанна Михайловна, сөзден жеңілейін деп едім, тілі құрғыр адамның жауы емес пе, тілім ұшына оралып, қадам бастырмады, — деді ол көзін Сусаннадан алмай.

— Шамаң келсе, аяма!

— Айтпайын деп-ак едім, болмадың: ұя бұзар сауысканнан тышқан аңдыған мысық адал... Хош!

Нияз тұра жөнелді. Сусанна Михайловна көлгірсі күліп:

— Қайдам, әркімнің терезесінен аңдыған ұры мысық адал болмас.

Сусаннаны ең болмаса күлкіммен қолдайын дегендей, Жүсіп көлді жаңғырықтыра саңқылдан күлді. Көкшетау жотасын ала шалқалай туған жана ай жарқырап шыға келгенде, Жүсіп

Сусаннаның көзінде моншактай мәлдіреген жасты байқай қойды...

Бұл кеш Сусаннаға өз жүргегін ұғындырам деуден тыйылды. Нияз сөзінен көнілі бұзылып, жабырқап қалған әйел Жүсіпті тілдеп тастауы да ықтимал... Тағы да бір реті келер...

Сусанна Михайловнаны шығарып сап, өз үйіне оралған Жүсіп есік алдыңда демалып отырған көршісіне тап болды. Ағылшын коттеджілерінің стилімен салынған ағаш үйдің бір жағында Жүсіп, екінші жартысында Шортанбаев тұратын-ды. Үстінде қызыл ала пижама, басында сол түстес тация, шылымды бұрқырата тартып, жемтік іздеген қаракұстай верандада отыр екен, Жүсіпті көріп қап:

— Эй! — деді саусағын шошайтып. — Эй, дәрігер, келін жоқ болған соң, өзің үйден бездің-ау! Бәлем, келген соң, сазайынды тартқызармын! Ха-ха!

Жүсіп сескеніп қалды да, алдап-сулап аузын алмак ниетпен қасына барды:

— Ағасы, келінің қалжың қөтермейді, шын деп ұғынып, басыма әңгір таяқ ойнатып жүрмесін! — Жүсіп қолын шылымға созды.

— Тарт қолынды!.. Тартпайсың, қайтесің бұлдіріп!..

— Бір шылымның құнын төлеуге ақшам жетеді, ағасы.

— Қой, бала, әуелі ауыз бастырық бер... Басқаны мен білмейім!

Көжек Шортанбаев кім, Жүсіп біле ме? Міне, екі жылдай көрші тұрса да, бірінің үйіне бірі барып қонақ болмақ түгіл, ең ақыры оңашада еркектерше өзара бас косып, жартылық ішіп, сыр алысты ма екен? Жоқ!.. Мұның отырған жеріне от тастайтын қылыш құйрық қызыл көздің өзі емесіне кім күә?!

— Ағай, жүрініз біздің үйге, ауыз бастырық берейін! — Жүсіп Көжекенің қолтығынан ұстап, демеп көріп еді, зілдей, қозғалар емес.

— Сенің үйінде не бар дейсін?

— Тірі жанбыз ғой, табылар бірдеме!

Жүсіп қонақтан бұрын үйіне алдымен өзі кіріп, электр шамды жақты да, Көжекене орындық ұсынды. Буфеттен бір бетелке ақ арақ, кепкен балық, наң, колбаса алып, столға қойды да, стаканға шыпылдата арақ құйып, Көжекене ұстата берді.

О кісі сөзге келмей, мұртын бір сипап ап, стақанды қағып салды. Содан соң-ақ жадырап сөйлей жөнелді.

— Слушай, осы сендердің Дархановтарың кім өзі? — деді ол, Жүсіпке едіре耶 төніп. Сырын білмеген аттың сыртынан журме, Жүсіп әуелі сыр бермей, тартына, қысқа жауап қайырды. Кім біледі, ертең шу көтеріп жүрсе...

— Кімі қалай? Дәрігер?

— Дәрігер емес, бюрократ!..

Жүсіп күлді. Тегі, Нияздың қырына кеп қап, Көжекенді жамбасқа алыш, күрс еткізе соққан тәрізді.

— Дәрігер бюрократ болмайды.

— Мә, болмайды саған! — Шортанбай қолын шығарып, оның танауына иіскетті. Бұрын мұндай қылықты көрмеген Жүсіп селк етіп, шошынып, кейін шалқайды. — Өйдейтінім бар ғой, кеше «оттегі жоқ, станциядан неге алдырмадың» деп бүкіл дәрігерлердің көзінше айғай салғаны бар ма?.. Кім өзі ол? Неге сонша тайтандатып жібердіндер, ә?..

Шортанбаев екінші стақанды қағып сап, аюдай ақыра бастады:

— Ана бір дәрігерлерді ұстаған жылдары тығыларға тесік таба алмай, әркімге бір жалпақтап жүруші еді. Көрдің бе, арқасы кеніп, басынып алғаны!

Енді Жүсіп те үлесін жібермеді, Шортанбаевты шапқа тұртіп, Дархановтың қолданып жүрген жаңа емдеу әдісін іске алғысыз сынады.

— Рентген дейсің бе! Бәсе, осында бір пәле бар дедім ғой... Біздің Алексей Иванович қалай қарайды еken оған? — Көжектің көзі қызырып, астыңғы ерні салпия түсті. Есіре бастиғанын сезген Жүсіп енді құтылуға асықты. Түрегелді.

— Алексей Иванович қалай қарайды деп ойлайсыз? Досынды ең болмаса даусыңмен деме демей ме? Досына неге ара түспесін? — Артық айттым ба дегендей, Жүсіп ойын аяқтамай, тына қалды. Көжек тұра қоймады:

— Отыршы өзің, елеңдемей!.. Маған факті керек! Сол кеселің осы пәлесін көп жылдан бері қолданып келе жатқан жоқ па?

— Бірінші жылдар ол көмекей ауруын ғана емдейтін, өкпеге кейінгі жылдар көшті.

— Бәсе, рентген-рентген деп әлдеқандай боп, ауыз

толтырып жүргелі біраз жыл болды. Қап...— деп әлденеге өкінішін білдірді.

Шөлмек түбін қақпай кетпейтінін Жұсіп білді де, ақырғы қалдығын стақанға сарқа құйып, Көжекке ұсынды.

— Осыны бұдан былай сырлас дос болу үшін көтерсек деймін! — Жұсіп араққа құмар емес те, осы жолы да тартынып, орта стақанды үш бөліп ішіп, тауыса алмай-ақ қойды.

— Жұсіп, сен тәуір екенсің, бұрын білмей жүр екем... Кел! Екеуі стақандарын қаттырақ соғыстырып, жоғары көтеріп, біріне-бірі жымындақ қаасты.

## VI

Андып тұрып андаусызда ұрған ұры сияқты ауру Дәмешті есенгіретіп тастаса керек, санаторийге келген соң дәрі-дәрмектің күшімен есін зорға жинады. Жанталасып жүріп, чемоданға умалап тыға салған киімдерін үтіктетіп, опасын, сүрмесін жағып, әтірдің хош иісін бұрқыратып, бірінші рет тыска шықканда, бүкіл санаторий таң қалды, бірі тірі калған адамның өмірін қызықтап қуанса, енді бірі қыздың көріксымбатына қызығып соңынан қалмады...

Әдетте, санаторийде демалған адамдар бірімен-бірі бауырмал. Қыз-келіншектер Дәмешті жатырқамай, көптен бергі құрбы-сырласындақ құшақ жая карсы алды. Сауыскандай шықылықтап мәз-майрам болып, санаторийдің сәнін кіргізді. Некен-саяқ қыздар көрінсе, қағып әкеткісі кеп жаландап жүрген жігіттер де сол мәнды тори бастады. Қамыс калпағын шалқайта киіп, қолына гитарын ап, баяғы қазақ аулындағы салжігіттің мәнерімен өлең айтқандар да табылып, куса да кетпей, сөзге араласып бақты. Жаңа ғана жауып өткен кою қара бұлт Көкшенің шынында қарақұстай қалқиды. Құн жылы. Ауа таза да дымқыл. Дәмеш айналасына қуана елегізіп көз салады. Дүниеге жаңа келгендей, бәрі қызықты да қадірлі. Арқаның сұрғылт күзі бүтін көктемнен бетер ыстық, ағашы да, шөбі де көк түске боялған. Мұнарга бөленген тау да, етегіндеңі көл де көкпеңбек... Жерге түсіп жатқан сары жапырақ Дәмеш аяғының астына төсеген кілемдей жұп-жұмсақ... Я, эне бір ағаш көленкесінде карта ойнаған бір топ адам тамашалай қарайды. Олар да дүниеге келген олжа адам деп ұға маекен?..

Бұл күні Дәмеш санаторийді аралап, ұңғыл-шұңғылымен тегіс танысты. Бүкіл демалушылардың жиналатын жері асханаға да алғашқы рет барып, ас ішті. Стол басында Дәмештен басқа үш кісі: екі ерек, бір әйел; шал Қарағандының шахтері де, қасындағы жас жігіт тың жерге орнаған совхоздың комбайнери. Дәмешпен қатарғы палатада ұшып-конып жүретін домалақ қара келіншек тұратын-ды. Әйел сол болып шықты. Салғаннан қоян-қолтық араласып, шүйіркелесіп кетті. Демалушылар әдепкіде әнгімені өздерінің ауруы жайында сөз қылатын әдеті. Сөзді қарт шахтер бастады:

— Қарағым, бұрын көрінбеп ең...

— Палатада жатқан, ағай! — деді сыпсындарап домалақ келіншек Дәмештің аузындағы сөзін жұлышпап.

— Маған ем жасауды қойды, «сауықтың» дейді, өзіме айыға қоймаған сияқтымын, қайдам! — деді шахтер мұнайып.

— Басқа біреуіне сұрансам ба деп жүрмін.

— Сені емдейтін Жұсіп дейтін жылтыр кара емес пе?.. Одан ракым күтіп жүрген сен де... — деді комбайнер тақымы толмай, мұрнын тыжырды.

— Біздің дәрігерді айтсаңшы, шіркін!.. Маған құлан-таза жазыласың деп отыр! — Домалақ келіншек қошемет күткендей Дәмешке қарап қойды.

— О кім? — Комбайнер қынжыла сұрайды. — Сенің дәрігерің кім еді?

— Дарханов.

— Маған, міне, бес рет рентген сәулесін жіберді, құр атка мінгендеймін. Кеше рентгенде қарап: «Өкпен жазылып қапты!» — деді. — Келіншек сөзге дес бермей, түйдек-түйдек тастайды. — Айтпақшы, Дәмеш! Сен де сол кісіде емделмейсің бе? Жазылам десен, рентген сәулесін сұра!

— Мен де естігем. Осында мақтаушылар аз емес көрінеді... «Маған берсе, қайтеді?» деп жағалап көріп ем, дәрігерім: «Сізге жарамайды!» деп сұлық жауап қайырды. — Комбайнер алдындағы бос тәрелкені қомсынғандай итере салды.

— Сен босқа уақыт өткізбе!.. Айттым ғой, біздің дәрігерге кеп сөйлес. Сұран! Алады, — деді домалақ келіншек ақыл қосып.

Дәмеш бұлардың сөзін көніліне түйіп ап, не де болса Ниязға тілегін білдіруді мақұл көрді...

Нияз күніне екі рет соғады: таңертең бір, кешке бір. Дәмештің хал-ахуалын сұрап, кейде қызық әңгіме айтып, көнілін көтеріп кетеді. Сүйкімді кісі. Және сөз қадірін түсініп, жөн-жосықты айыра біледі. Дәмеш оған біртіндел үйрене бастады. Міне, бүгін кешкі киноға бармай, палатада тағы тосып отыр. Қыз-келіншектерге: «Дәрігерден рұқсат сұрайын, бүгін сендер жүре беріндер!» — деп зорға құтылды.

Сағат жылжып өтіп жатты. Нияз әлі жоқ, күндегі келетін мезгілі болып еді, кайда жүр екен?..

Әлде... Эрине, бойдақ еркек, жүргегін мазалайтын әйел де табылатын болар... Расында, ұзак күнге корпуста қызмет істейді, қай кездे тынышып, демалатынын?

Дәмеш шыдай алмай, тыска шықты, жазғы эстрадада жан тербетер нәзік музыка ойнап: «Жабырқама, қызыым, серме қанатынды қуаныштың өріне!» — деп еліктіргендей. Дәмеш ауырғаннан бері жаксы көріп, ықыласын сала ойнайтын музыкасын да ұмытқаны-ау!.. Қазір, міне, қиялына қанат бітіріп, шарықтатып алға жетелейді. Даусы кандай әдемі еді. Ән салып байқаса қайтеді, мүмкін, даусын жоғалткан да болар?

Дәмеш орамалын ишіна салып, аллеяны бойлап қалың орман ішіне қарай жүрді. Орманға кірген соң, той алдындағы күндердей, қүйқылжыта шырқаса, Қайырға жетер ме еді? Алғашқыда ыңылдан баяу бастаса да, үйреніп қалған әдеті, шыдай алмай, бар даусымен шырқатып әкетті:

«...Тоқташи, өмір, зымырамай сағаттай,  
Бұрамасан, токтар бір күн сағат та!  
Жаспын әлі, өмірге мен жерікпін,  
Жарды аңсап, сүйем десsem, ағат па?..»

Бүкіл орман ішін жаңғыртып, аспанда шарықтаған қырандай жоғары көтеріле берді, көтеріле берді. Ақырғы шұмағын айттып үлгермеді, біреу арт жағынан кеп, қолын ұстай алды. Ән кенет үзілді. Дәмеш селк етіп, жалт қараса — Нияз! Екеуі інір қаранғысында біріне-бірі таңырқай қарады.

— Дәмеш! — деді аздан соң Нияз, Дәмештің қолын босатпай қысып.

— ...Доктор! — Дәмеш назданып, осы бір сөзге өзгеше мән бере атады.

— Қайдан жүрсін түнде? Кешкі салқында?

- Сіз қайдан жүрсіз?
- Мен бе?.. Мен... Дәмеш сөзін бөліп жіберді:
- Ар жағын айтпай-ақ койыңыз... Мен тереуеші емеспін.
- Нияз Дәмеш даусынан әлдебір назды, өкпені аңғарғандай.
- Кешкі обходка келе алмай қалғаным: поселкеде бір жолдас ауырып қап, соған шақырып... Салқын емес пе?
- Жоқ!
- Онда азырақ демалып отырайық! — Нияз пенжагін шешіп, жерге төседі.
- Нияз Базілевич, менің сізге өтінішім бар.
- Айт, Дәмеш Сахиевна!.. Адамның хайуанаттан артық та жоғары қасиеті — тіл, сөйлеу. Сөз арқылы ұғысып, қофам бол өмір сүреді. — Нияз күлді. — Шешен емеспін бе?
- Сөйлегініз кеп отыр екен? — Дәмеш те еліктей күлді. Осы бір құлкісіне өзінің ерке қылғыны, назын сыйдырып бақты. Қалай ұқса, олай ұксын, мейлі...
- Рас, Дәмеш, жаңымды ұғынар адам табылмай, адасып жүр ем, кез болдың, қадамың сәтті болсын! Сұра! — Дәмеш өмірін толығырақ білгісі келсе де, ол ниетін кейін шегіндіріп, басқа бір жанама ойға ауыса қойды.
- Рентген сәүлесімен мені емдейсіз бе?
- Рентген сәүлесі дейсің бе? — Нияз аз мұдіріп, ойланып қалды. — Оны кімнен естідің?
- Е, осындағы демалушылар арасындағы әңгіме — сіздің жаңа емініз. Біреулері құлан-таза жазылдым деп те айтады.
- Рас.
- Рас болса, маған колданбайсыз ба?.. Нияз Базілевич, егерде мені емдеп жазсаныз, өзімнің екінші әкем деп табынар едім сізге! Менің трагедиямды естідіңіз гой?
- Бұл маған оңайға түсіп жатқан жоқ... Қарсылық жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай құннен-құнгеге өсіп жатыр.
- Сонда қарсы болатын кім? Дәрігерлер ме?
- Эрине, серіктерім!.. Білімді, тәжірибесі мол дейтін дәрігерлердің өздері міnez білдірді. Шын солай ұға ма, жоқ әлде опасыздық па? Кім білсін... — Екеуі әр тақырыпты бір тұртқілеп, үлкен әңгіменің арнасына көше алмады.
- Салқын түсті. Сен женіл киініспің, қайтайық! — деп Нияз Дәмештің қолтығынан алып, корпусқа қарай аяндады.
- Ертеңінде Дәмеш Қайырдан хат алды. Хатты дем алмастан

сыдыртып оқып шықты да, қанағаттанбай, түмбочкасының үстіне лақтырып таstadtы. Тойы бұзылған, арманда қалған ғашық жардың хаты емес, Қазақ металлургия заводының директоры, инженер Қайырдың хаты. Үhилеп-күрсінген қасіреті де, жүрек жарған арман лебі де, не үміт күткен ертеңгі күннің сағынышы және сезілмейді. Жұмыс жайындағы акпар. Қайырдан күткен хаты осы ма еді? Не қatal, сұық ерек те, немесе жүрек сырын сездіре алмайтын толас тіл. Екінің бірі.

Жалғызсыратпай жаңын аймалайтын, көңіліне демеу беретін жар іздейді Дәмеш. Сымбатты, тіл-тік, шашы толқыған сүйкімді Қайыр, бес жыл тосқан адап Қайыр бүгін тұтығып, күмілжіп, қысылғанда сөз таба алмағаны қалай? Баяғыда Дәмеш Алматыда оқығанда, ол бұрын бітіріп, Теміртауда істеді, сонда ол жүрек тербетер талай хат жазбал па еді? Сондағы жазғандары да осы тектес болып жүрмесін? Кәне, қайта оқып шықшы, түсінбеген боларсың, Дәмеш?

«...Завод жылдық жоспарды артығымен орындалады. Алда келе жатқан сенің цехың — мартен цехи. «Дәмеш — Ораз әдісі» аталған құрыш құюдың жаңа тәсілі жақсы табыска жеткізді. Қазір жалғыз Ораз Құрышпаевтың бригадасы емес, басқа бригадалар да осы тәсілмен құя баstadtы.

Жуырда Қарағанды халық шаруашылық Советінің бастығы келіп, завод ісімен танысқанда, бұл тәсілді бүкіл Совет еліне тарату керек деген пікірін айтты. Әттен, сенің болмағаның! Ол кісі Мұслім Мусиновичтің орнына сені тағайын-дамақ боп келген екен.

Мұсекен тәбелестен женіліп шықкан кораzdай жүні жығылған, демалыс алып, Айшаның сонынан Алматы бармақ; женгей онда мединституттың клиникасына орналасыпты, «ағамызга» келмесін де көрінбесін деп жатқан көрінеді.

Жақында «Дәмеш неге хат жазбайды?» деген Құрышпай атайдан хат алдық; біз «ауырып қалды» деп айтқамыз жок, өзің «демалып жатырмын» деп, бірдеме сызып алдай сал!..

Барлық жаңалық осы. Я, тағы да бір өзгеріс: сенің суретінді «Құрмет тақтасына» ілдік, үлкен ғып түсіріп, ең ортасына қойдырдым.

Өзің қалайсың? Аскар ағайдан «жаксы» деген хабар естіп, қуанып қалдым. Хош! Бүкіл коллективтен сәлем!..».

Ал өзің айтшы, осы ғашық болған Қайырдың жазатын ха-

ты деуге келе ме? Дәмеш отыра қалып, сол хаттың ізінше салқын да қысқа жауап жазды. Мейлі, қалай ұқса, солай ұқсын!..

Дәмеш әдемі киініп, таранып-сыланып, жұрт қатарлы сайрандалып тысқа шықты да, қолындағы конвертін жәшігіне салып, жүре бергенде, біреу тап қасынан:

— Сәләметсіз бе! — деді. Дәмеш биязы қимылымен артына бұрылса, энеугі өзіне қанын берген студент.

— Ә, бауырм екенсің ғой! — Дәмеш құлімсіреп қолын ұсынды. Дәмештің көзінен осы бір сөзді қай мағынада айтқанын ұққысы келгендей ол жымия үніледі.

— Көрінбей кеткениңіз, о қалай?

— Бауыр бауырын ұмыта ма?.. Өз кемеліне келсін деп күтіп жатқаным!

— Өзінмен туыс болғаннан бері, менің мінезім де өзгере бастады... Жок-жоқ, сен құлме!.. Мен бұрын ширақ та жылдам едім, қазір байсалды, баяу боп барам. Сіз өзіңіз сондай маедініз?

Студент рақаттана күлді:

— Дәмеш Сахиевна, менің қанымның әсері демекшімісіз? Менің мінезімді олай деп ұқсаныз, кателесесіз!

Бұл екеуінің үстіне Нияз келді. Оның да ертенгі конференцияға бара жатқан беті.

— Дәмеш Сахиевна... Жақсы ұйықтадың ба?.. Мына жігіт не қыл деп түр? Бұған сенбе, құлімдеген көзінен қорық! Алдан кетеді!

Студент пен Дәмеш дәрігердің әзіл сөзіне мәз боп, жарыса күлді:

— Қалай сенбейін, өзіңіз маған туыс қып қойдыңыз.

— Туыс қылуға мен құштар болды дейсің бе, қалқам... Неге жабыса қалды десем, құны бар екен ғой даулайтын!..

— Нияз Базілевич, сіз олай неге теріске жорисыз? — Дәмеш, әзіл болса да, шын айтып тұрған жоқ па деп қауіптене бастады.

— Айналайын Дәмешжан-ау, қазіргі жастардың кейбірі іштен туар-тумас қулық-сұмдықты үйреніп, әке-шешесін зарқақсатып жүрген жоқ па?

Әзілің жарасса, атанмен ойна дегендей, студент те қосарлана сөзге араласты:

— Доктор, сол жастардың бірі мына Дәмеш? Бұл кісі қалай көрер екен сіздің бағанызы?

— Дәмеш соғыс кезінде жоқшылық-таршылық көріп өсken, мен айтқандардың қатарына бұл косылмайды... Менің үрсып тұрғандарым соғыстан кейінгілер, әсіресе қалалы жerde, әке-шешесі әлпештеп өсірген бота тірсек, дударбастар... Білмейтіні жер астында, қеудемен соғады!.. Жақындалап ақтара-тексерсең, іші бос қуыс...

— Нияз Базилевич, оған менің інім Әмір жатпайды! — Дәмеш Нияздың түпкі ойын әлі түсінбейді. Студентке неге түйілді?.. Әлде... шынында студенттің бір қисық мінезін байқап қалды ма?

— Бәсе, Дәмеш Сахиевна, мені сіз арашаламасаңыз, доктор бүгін қаһарын тігіп тұр, не жазығым барын?..

Нияз Әмірдің иығына колын артып, бетіне ұнілді:

— Мен, — деді даусы жұмсарып, — Әмірді түстеп айтып тұрғам жоқ. Бұл адап да таза жан. Бірақ мұның маған ұнамайтын бір қыры бар: ол — тұйық. Жүрегін ашпайды, сырласпайды. Ал жүрек катпарында не жатыр?.. Ол, Дәмеш, маған да, саған да қаранғы. Тұйық адам сырын білмеген ат сиякты, үркіп, бір жерде жығып кетуі мүмкін... Мен өшігіп, қаһар тігіп тұрғаным Әмірдің замандастары! Откен жылы солардың бірекеуі осы санаторийге кеп қызмет істеп, тәжірибе алды. Жаңағы мен айтқан нағыз бота тірсек, дударбастар. Бұлдіріп кетті!..

Дәмеш құлді:

— Нені бұлдірді дейсіз... Сіз тым катты сынамаңыз!

— Сынайым!.. Мен осылардай кезімде арак ішкем жоқ, қыз алдағам жоқ, карта ойнап, ақша тапқам жоқ... Мен... яғни біз ғылымның биік шыңына Маркс айтқан қиядағы қын соқпақпен еңбектедік... Сонда «Мен білем» деп қеудемізді және қақпадық!

Бұлардың қасына Сусанна Михайлова келді де, әңгіме өрістемей қалды. Соңғы күндері Дәмештің ойын бөліп, сырттай аңсан жүрген Сусаннаға танырқай қарады. Алдымен көзіне ілінгені шашы болды. Жұп-жұмсақ толқыған мыс түстес сарғыш шаш өнін жасартып, бет-әлпетіне ерекше көрік беріп тұрғандай. Шашының сол қасиетін өзі де сезетіндей, қолымен түзеп қойып, даусын құйқылжыта, Ниязға еркелей сөйледі:

— Соңғы кезді қолға түсіру қыынға айналды-ау... —  
Дәмеш көз киығын Ниязға аударып еді, ол мысқыл аралас:

— Эрине, қолға үйренбекен тағы құс қайтып тұғырына  
кона ма? — деді.

Дәмеш ернін тістеді. Нияздың тілі аңы екенін енді сезді.  
Ашуландырып алды-ау... Жоқ, Сусанна Михайловна езу тартып  
мырс-мырс күледі, елемейді.

— Құс жайын құсбегінің баласы сіз білетін боларсыз,  
әйткенмен, адам құс емес!.. Сіз Павловтың шәкіртісіз, мидың  
екінші қабаты адамда ғана болатынын қайтіп білмейсіз?

Сусанна Михайловна Нияздың дауыс ырғағына салып ке-  
лемеждеп тұр. Егес-қияс сөзді әрі өршіткісі келмеді ме, Нияз  
әнгіме желісін бұрып жіберді:

— Сусанна Михайловна, әнеугі сіз қарсы боп, алдыrmай-  
тын науқас қыз осы! Қазір қандай?

Нияз кейін шегініп, Дәмешті алға шығарды. Сусанна Ми-  
хайловна Дәмеш алдында өзін кінәлі кісідей қымсынып:

— Құттықтаймын... Мен оны, латын тілімен айтқанда, экс  
оффицио, яғни қызмет бабымен, міндет ретінде айтқам!.. —  
деді.

Дәмештің өзі де осы сөзді ыңғайсыз көріп, қызарападап  
қалды. Қандай тіке айтатын кісілер?

— Гапу етініздер, мені асханада серіктерім тосып отыр,  
менсіз тамақ ішпейді, — Дәмеш қаздандай басып, аллеяны  
бойлай асханаға тартты.

Қыз сонынан қарап қалған Сусанна Михайловна басын  
шайқап:

— Я, бұл айтысуға тұрарлық қыз екен!.. Тез көтерілетін-  
дей немен емдел жібердіңіз?.. Мүмкін, рентген сәулесінің  
әсері болар? — деді кекетіп.

Нияз түсінді.

— Кум грано салис<sup>1</sup> — білемін әзілінізде бір түйір дән  
жататынын, коллега! Рентген сәулесімен емдеуім сөзсіз!

Софан әзірлік есебінде қазір стрептомицин ектіріп жүр-  
мін, — Нияз әдейі мактанғандай тамағын кеней қойды.

Ежелгі кекесін сөздері болар дегені ме, Әмір жылдамы-  
рак аяңдал, ілгері озды.

<sup>1</sup> Сөзіне тұз сеуіп, яғни мысқылдан деген мағынада.

— Білеміз неге жан салып жүргеніңді. Тұпкі ниет оңаша орманға апарып ән салдыру ғой!

Қайдан біле қалған?.. О, Тәңірім!.. Енді түрлі сакка жүгіртіп, «үйлендірмесіне» кім кепіл?

— Оны өз көзіңізбен көрдіңіз бе?

— Кім көргенін қайтесің! Егер кім жеткізгені қажет болса, біздің үйге кел кешке, тауып берейін!.. Тегі, жақсылап сөйлесу керек бізге! — деді Сусанна қарсы дау айтқызбай, қатал үнмен.

— Жақсы, барайын!..

Бұлар келгенде дәрігерлердің ертеңгі конференциясы басталған еді.

## VII

Нияздың өзіне көңілі толмайды. Риза емес. Рентген сәуле сін жолға қоя алмай, бүкіл санаторий көлемінде ғылыми тәртіппен жүргізе алмай келеді: бірсеке бас дәрігердің өзі тартыншактап, бөгде адамдардың сөзіне ереді, оны көндірсе, түрлі керек-жарақ, дәрі-дәрмек жетіспейді. Кедергіден кедергі.

Ақыл қосып, демеу беріп отыратып дос және жоқ. Әлде Нияз өзімшіл боп, дараланып, көвшіліктен қол үзіп кетті ме?

Досының бірі — бас дәрігер. Бірак ол медицина жайында сөйлесуді жактырмайды, әңгімесінің тақырыбы азamat соғысы, құрылыс, дәмді тамақ, түрлі шарап... төнірегінен аспайды.

Нияздың қол астында істейтін бір топ жас дәрігерлер білім салыстырып, жақ-жак бол жатпайды. Отделение бастығы не айтса — оларға заң, солдат пен офицер арасындағы біріне-бірі бағынышты. Кейде бірі «мынадай ем жасасақ қайтеді?» деп күбірлегені болмаса, табан тіреп, нық басып, өз пікірін өткізуге және тырыспайды. Ниязға сенеді де сыйлайды. Екінші отделение бастығы Сусанна Михайловна мен Нияз ертеңгі конференцияда айтысып қалғанда, дауыс қосатын берік серіктері де осылар.

Жастардың ішінде медицинаны әжептәуір түсінетін — Жүсіп Хакимович. Кейбір мәселеде ілесіп отырып, терең талдау беріп те салатын күйі бар. Жалғыз-ак ұнамайтын бір жері — мақтаншак, оған салсан, өзінен басқа медицинаны жақсы түсінетін бұл өнірде дәрігер жоқ. «Әуел бастан осылай артық жаралғам, тек бақ қонбай кететін кісі едім!» деген сөзі

санаторийге тараған. Бұл сөзден кейін не айтуға болады? Көбіне Сусанна Михайловнаның қолтығынан шықпайды. Ниязға бетпе-бет келмей, қырындап жүреді.

Дәрігерлердің ішінде сыр шертіп әңгімелесе алатын да, пікір таластырып айтыса алатын да — Сусанна. Бірақ күннен-күнге кионы қашқан есіктей екеуінің аралары ашылып барады.

Мүмкін, кале Ниязда болған шығар: о баста жақын беріліп, құшағын кең ашты да, енді кеудесінен итермелеп, сытылып шыққысы келеді, үйреніп, бауыр басып қалған Сусанна оған көне ме? Көнбекенде қайтеді: екеуінің мінезі екі басқа, жақын кеп түйісетін қыры сезілмейді. Сыйлап, қадірлесе, басқаша ұгады. «Екеуіміздің от тұтатып үй болып тұруымыз екіталай, ертең у-шу боп, жұрт алдында күлкіге айналғанша, осы бастан жабулы қазан жабулы қоя қояйық», — деп Нияз бір рет ашық айтқан еді, соны ұққысы келмейді.

Бүгін тағы шақырды. «Кел, әңгімелесейік!» дейді. Иә, Нияз барған күнде, достық сезімін білдіріп, жақын тартса, ол қалай ұгады? Ұқпаса, не істейді?.. Шортанбаев сықылдылардың қолшокпары болғанда не табады?

Ұясын бұзған арадай тұс-тұс жағынан ызындаған ойлардан құтыла алмай келген Нияз Сусанна үйінің есігін ашты.

Сусанна терезе алдында шылым тартып отыр екен, қуанып, ұшып түрегеп, қарсы жүрді. Көзінің оты жарқырап, беті шабыт нұрына бөленіп, күлім қағады. Араларында егес-қактығыс, өкпе-реніш болмаған сықылды. Нияз қадамын ілгері бір басса, Сусаннаның құлағына еріксіз ілінбек. Бойын тежеп, орнында қозғалмай тұрып қалды.

— Келдік, шақырған соң! — Сықақ-әзілге баса сөз тастады.

Сусанна да тұсінбегендей: бұлт тасасына кірген күндей лезде өзгеріп, уайым көлеңкесі басты жүзін.

— Келсөң, жоғары шық! — деді о да өзгеріп қатал үнмен. Нияз келіп терезе алдындағы қызыл барқытпен тысталған креслоға отыра бергенде:

— Қонағым, бұл менің орным, сен мына орындыққа отырсан да дәрежең кемімейді, — деді.

— Гапу етіңіз, Сусанна Михайловна, мен байқамаппын!.. Бұрын бұлай қатал емес едіңіз.

— Әркімнің қылығына қарай сыйлық көрсест деген. Ұзак

жылғы еңбегінің нәтижесі осы ғана шығар. Бұған да шүкірлік қыл.

— Еңбекті дұрыс бағалай білмесе, көретін күнің осы да!

— Нияз күлді.

— Кімге кімнің еңбегі көп сінгенін, Нияз Базілевич, Құдай біледі.

Нияз сөзді өзіне тигізіп алғанын сезді де, есесін қайтару қамына кірісті. Бір тұқыртса, бас көтере алмайтынын біледі.

— «Менің еңбегім сіңіп еді» деп бетке басу — акы сурағанмен бірдей емес пе, о жағын ойладыныз ба?

— Біздің заманда еңбек сатулы.

— Ә, қарыздар екенімді білем. Ақысына не сұрайсыз?

— Оның құнын мен айтқам, төлей алмай жүрген өзін! Нияздың аузына құм құйылды, не дерін білмей, сұрланып төмен қарады. Осыдан артық не дейді ол? Күнәлі өзін, женілtek Нияз? Бұл ақырғы сөз, енді қайтып сөз қозғаудың мәні жок. Не қазір үн-тұн жоқ шығып кету керек, өйтпесе, бір жол тауып, әнгіме желісін бұрып жібермесе, халі киынға айналды... Енді оқтала бергенде, Сусанна екінші бір әнгіменің тиегін және ағытты:

— Нияз Базілевич, сен осы рентген сәулесімен адамға опыт жасауды қоясын ба, жоқ па? — деді даусы бұрынғыдан да бетер қатайып.

Жалт бұрылып, рентген сәулесіне көше қойғанына Нияз әуелі таңданса да, артынан өзінше топшылады: асау аттай маңайына дарытпай тұрған Нияздың бетін қайтарып, ықтатып алмақ.

— Опыт емес, ем деңіз!

Сусанна Михайловна басын шайқады:

— Осы күнге дейін көрсем де көрмеген бол келдім, енді төзөр халім жоқ, яғни арым шыдамайды.

— Арынызға тиерлік зиянын көре алмадым.

— Көре алмадым! Сенің бұл сөзіне қарағанда, не сен дәрігер емессің, медицинадан хабарың жоқ, не арзан қол, атак құмар, оңай олжаның жолын қуып жүрген адамсың!

— Қате айтқан жоқсыз ба, Сусанна Михайловна? — Эйелдің даусы қатайған сайын, Нияз да даусын жұмсартып бақты.

— Басқа жерде бұдан да қатты айтуға болушы еді, тек арамызыдағы ескі достық бөгет жасағандай.

— Сонда, сіздің ойыңызша, рентген сәулесін қолдануға жарамайды, солай ғой?

— Әрине, зиян екені атам заманнан белгілі. Ең алғаш рентген сәулесін ашқаннан бері талай дәрігерлер уланып, қаза тапқаны бәрімізге мәлім.

— Жоқ, Сусанна Михайловна, сіз рентген сәулесінің биологиялық жағын үстірт білесіз. Ол дозаға байланысты. Аз дозаның әсері бір басқа.

— Аз доза деген кисыныңыз рентген сәулесіне журе қояр ма екен? Рентген сәулесі адам денесінен тез шығып кетпей, біріне-бірі қосыла беріп, көбейіп, уландыратыны қайда?

— Арасына уақыт салып беріп жүргеміз жоқ па?

— Дәл бұл жолы уланбағанымен, оның тұқымына тиетін әсерін неге есептемейсің?

— Аз доза екі-ак күнде организмнен шығып біtedі. Сусанна Михайловна басын шайқады:

— Жеңіл ұғынасың!

Екеуі ұзақ айтысып, бір түйінге келе алмады. Нияз қоштасып, «корпусқа баратын шаруа бар еді» деп, сыйылып шығып кете барды.

Бірақ Сусанна Михайловнаның сөзі құлағынан әлі кетпейді. Жүрек түбінен ақтарыла шыққан адал ниеті ме, жоқ, ерекесіп, әдейі араларын шиеленістіре бастаған құлық тәсіл ме? Жоқ, Сусанна Михайловнаның бұл шын сөзі, адал ниеті. Вирхов мектебінен шыққан, ана сүтімен бірге енген ұғым, өзгермейді, бұл соның салдары. Иә, дәл бүгін атом ғасырында Вирхов позициясын жактау өзіне-өзі сенбеумен бірдей...

«Таңбалы атомды» тамырға жіберіп, қан жүйесін, ми қызметін зерттеп жатқан медицинаның табысын неге көрмейді Сусанна? Кеудеге операция жасап, жүректі пластмассамен жамап, организмнің басқадай мүшелерін жаңартып, жұтқыншақ, жілік жалғап жатқан медицинаны неге көрмейді ол? Медицинаның техника әдістері және сол қалпында тұрған жоқ кой? Адамды шала өлтіріп, сүйкқа катырып, миға, жүрекке нелер кын операциялар жасау, осыған орай, операция жасағанда тамыр тігетін аппарат, ми, жүрек қызметін есептеп, бақылайтын машина кешегі Вирхов заманында болып па еді? Ендеше, Сусанна Михайловна ескі ұғымның шенберінен неге түйін жасайды?.. Рентген сәулесінің өзгешелігін тапқан Нияз

ба екен? Профессор Штокин. Нияз соның әдісін қолданды. «Қара дүрсін, әурешілік» деп атак тағу достың қылығы ма?

Нияз үйіне оралса, почта тасуши есіктің құлағына хат қыстырып кетіпті. Үлкен қалалардан, мәдениет орталығынан шеттеу жүргенде хат көніл көтеруші де сергітуші. Нияз хаттың кімнен екеніне назар аударды:

«Ялта қаласы, Мифодий Сергеевич Штокин» деп ірі де әдемі әріппен жазылған профессордың қолы. Конвертті тез-тез жыртып, босағадан әрі аспай оки берді:

«...Адам баласының санасы сағат тәрізді, бұзылса, түзеп, жүргізетін халге жетсек, өсек, қиянат, жалған бұл дүниеде аза-йып, өмір сұру онша қынға түспес еді. Бір рет қиянат жасаған адамның санасын таңбалы атоммен қарап тауып ап, «шегесі босаса, мықтап бұрап», түзейтін күн туар ма екен? Мына шал мүлде қартайған екен деп, мүмкін, іштей мазактарсың да, әйтсе де кейде ызаң келеді, сенің жақын тартып жүрген ға-лымың өзінді «закот» қып кетеді.

Рентген сәулесімен шүғылдану үстінде, адам жанын баяғы анатомияның оку құралында пысықтағанда, мынадай түйінге келдім: біздің медицина ғылымында енбек етіп жүргендердің санасы тезірек бұзылып, түзетуді жиі керек кылатын сияқты. Бұл сөзді артық айтсам, кешір!.. Адам өмірі бір бұзылса, оны түзеу, қалпына қайта келтіру онайға түспейді. Не бір шегесі, не бір бұрандасы ескірсе, алып тастап, жаңадан салатын сағат емес, адам денесінің өзінен іздеуіміз керек. Табиғаттың өзі асқан шебер, о баста жаратқанда көп мүшени екі-екіден, қос-қосымен жасаған: екі көз, екі бүйрек, біреуі іsten шықса, екіншісімен өмір сүреді; бір құлак болса, ести бересін, бір көз болса, көре бересін, бірі істен шықса, екіншісі бар. Ал ми ше? Осы миға келгенде, мен де қол көтерем. Ми ішіне шықкан жара ісікті сылып тастауға болады, бірақ жа-ралы санаға ем табылар ма?

Бүгін мен саған ашына жаздым, оны өзің байқаған да боларсың. Оған себеп, жоғарыда жаздым ғой, менің серіктерім, ғалымдар көрер көзге қиянат жасап, көмекей клиникасын жабу керек деп мәселе қозғап жүр. Неге? Осылан жауап беру үшін, өткен бір кезеңдерді еске алайын, ғапу ет, ұзак сейлеп мылжындарап кетсем.

Институтты бітірісімен құлак-көмекей-мұрын аурулары-

мен шұғылданып, соның белгілі маманы атасып, көп жылдар еңбек сінірдім. Бірақ ол маған сайраған данғыл жол сиякты көрінді: бәрі белгілі, таныс, бұрын талайлар күш жұмсан, із қалдырыған. Мен ғылымның жұрт журмелеген соқпағы, қия жартасын іздедім. Ялтаға келген соң, іле ол соқпақ та табылды. Ең ауыр да, ең қын ауру — көмекей туберкулезі жастарды қиратып, отап барады. Ем жоқ. Дәрігерлер үміт үзіп, өлім алдында қол қусырып, тәжім етеді. Көмекей ісіп, ауа жетпей тұншығып жатқан адамды көргенде, төбе шашың тік тұрады. Сен ол науқастарды кездестірген де боларсын.

Көмекей дәрігері деген атым бар, бір күні мені жақын жолдасым өз үйіне шакырып апарды. Он үш жасар қызы баласы хал үстінде жатыр: екі көзі шарасынан шыққан, судан алған балық құсан, ауа жетпей, жан ұшырып, екі қолын ербендетіп, жалына қарайды. Еніреп жылап шешесі отыр қасында. Көз жасынан басқа о бейшараның қолынан не келсін. Экесі сорлы, «дәрігерсің ғой, бірдеме жасасайшы» дегендей, жаутандап менен көзін алмайды. Не келеді менің қолымнан? Я, баланы ажалдан қайтсем алып қала алам? Қысылып, амал іздел мен тұрмын! Қолында ешбір ем жокта дәрігердің көрген күні құрысын. Балаға ауа жетпей, көгеріп, тұншыға бастады.

— Қымбатты дәрігер, күнің болайын, бір ем жасасайшы! — дейді сорлы ана зар қағып. Терлеп-тепшіп, қысылып, дел-сал бол мен тұрмын. Осы кезде бір ой сап ете түскені. Ах, болары болды! Жалма-жан білегімді сыйбанып жіберіп, қолымды сабындал жуып, өзіммен бірге алып келген қол жәшігімді аштым да, ланцетті<sup>1</sup> тауып ап, спиртпен жақсылап сұрттім. Қызды шалқасынан жатқызып, басын шалқайтып қойып, жұтқыншақтың асты, кенірдектің тұсы осы-ау деп, ланцетті тығып жіберіп, бармағымды сұға қойдым. Асығып жүріп конюльді<sup>2</sup> әзірлеуді де ұмытсам керек, бір қолыммен жәшікті ашып, конюльді алдым да, кенірдектің тесігіне салдым. Өліммен алышып, ауа жетпей, көгеріп жатқан қызы жаңағы конюль арқылы тез-тез дем ала бастады. Есінен айрылған қыздың сондағы тіріле бастаганын көрсөн...

Сол күннен бастап өзіме өзім ант беріп, көмекей

<sup>1</sup> Дәрігерлердің пышағы.

<sup>2</sup> Дем алатын күйс темір.

туберкулезімен куресіп, ем іздедім... Мүмкін, албырт жастық, қайтпаған бет болар ант бергенім?!

Осы бағытта жүріп рентген сәулесіне назар аудардым. Өзіңе айтқан Ленинград ғалымы Неменов рентген сәулесінің өзгешелігін ашып, жақсы нәтиже алған кезі еді. «Рентген сәулесінің аз дозасы нервке жайлы тиеді, шипа» деген Неменовтың тұжырымы менің ойымда дымқыл да шым жерге селкен бидайдай көгеріп шыға келмесі бар ма? Осы бір проблемаға он бес жыл өмірінді сарп еттім. Адамзат бақытына стрептомицин табылды да, рентген сәулесіне қосылып, біржола көмекей туберкулезінен адам баласын құтқарды... Өзіңе белгілі, рентген сәулесімен көмекейді емдең жүргенде өкпеге де әсері бар екенін байқап кал, сол өкпе ауруына колдана бастағам жоқ па? Адам санасын сағат сияқты түзеуге бола ма деген ащи сөзім енді осы арадан туады. Кеше мен көмекей туберкулезінен емдең жазғанда клиника керек еді, енді бүгін өкпені де емдей бастағанда қажеті аз, жабу керек деп қарап отыр.

Карсы боп жүргендерді өзің білесің, бір кезде мені құртпақ та ойлары болғандар, енді заман өзгерді, колдарынан ол келмейтінін білген соң, клиниканы жауып, мені құр қол қалдырмак. Біреуі медицина ғылымына еңбегі сінген атақты ғалым. Ол іштен тұа күншіл, қызғаншақ, өзімнен басқа адам жер басып жүрмесе екен дейді. Менің жолым тұзу екенін білсе де, әдейі алдымды кеседі. Енді біреуі надан. Ол жөнді ештеңе түсінбейді, білім, ой шенбері тар. Баяғы мектептен алған бір түсінігі ғана бар, соның аумағынан шыға алмай әлек. Мұндаилар: ілдабайлап қорғап алғандар, сол атақпен пәлен жыл босқа наң жеп келеді. Дарынсыз, қүшеншек ғалымсымактар? Үлардың өз бітіретіндері шамалы, қолынан іс келгендерді жақтырмайды, сырттан балағаттап киянат сөз айтып, ғайбат пікір таратады. Міне, біздің арамызда осындаі адамдар күн көреді, кедергі болады, қашан арыламыз үлардан...».

Нияз хатты төрт бүктеп столының тартпасына салды да, костюмін шешіп, пижамасын киген соң, диванға жатып ойға шомды. Жақсы, кейде ғалымдардың кезіне «қан толып», өз кемшілігін көрмей кететін кездері аз ба? «Іштен шыккан шұбар жылан», шаң жуытпайтын міnez кімге болса да тән, бірақ рентген сәулесінің қасиетіне Нияздың көзі жеткендей. сондықтан Штокиннің сөзіне сенеді. Иә, бұл қылыш Ниязға

таңсық па? Дәл бүгінгі Сусанна Михайловна мен екеуінің арасындағы сөздің жалғасы емес деп кім айтар? «Мейлі, жүрт не десе, о десін, сен өз жолыңмен жүре бер!» деп кім айтып еді осы?

Дәмеш те рентген сәулесін естісе керек, кеше «мені қашан емдейсіз» деп өзі тіленді. Боткин: «Ауруды емдеме, адамды емде!» деген, өзін-өзі көндіріп, үйрете бергені — емнің алды. Құніне бір рет Дәмешті көрмесе, әлденесі жетпегендей көнілі олкы тұрады. Сыпайы да биязы, нәзік те назды Дәмеш Нияз өмірінің мәні мен сәніне айналып бара жатқан жоқ па екен?

## VIII

Дәмеш те тәуір бола бастаған сайын Ниязға бойы үйренип, үйіріле берді; кейде, кешкі обходқа келмей қалған күндері, кабинетіне өзі іздел баратынды шығарды: жұз көріспіл, бірбіріне жылы сөз айтпаса, көнілдері көншімейді. Дені сау кезінде Дәмеш мұндай күйрек болмайтын, сезімін тежей ұстап, еркек нәсіліне әмірін жүргізіп, әр сөзі түгіл, күлкісіне де қарауыл қойып, аяғын байқап басушы еді.

Нияздың көркі келісті, қылыштары сыпайы, сөздері өткір де терең мағыналы, еріксіз қызықтырады Дәмешті. Жүрек түбіне тұмардай қадаған Қайыр тұлғасын ылғи кейін сырыйп, салыстыра азғырып, өзіне қарай икемдей береді. Бүгін таңсәріден оянды. Оянса, әлі ерте, корпус шырт үйқыда. Дәмеш көзін қайта жұмды. Бір қалғып, бір оянып жатып, аққан судай шым-шытырық бір уакиғаға ілесіп кете барды, түсі екенін, өні екенін өзі де айыра алмады.

Қайыр ашулы қабағын түйіп, Дәмешке:

— Үәдені бұздың ба? Хат неге жазбайсын? — десе, екеуінің арасына Нияз түсіп:

— Жазбайды, неге жазады?.. Сен кетерде сүйдің бе? Сескендің... Өз жанынды артық көрдің. Қорқақ! — дейді. Дәмеш киналышпак болып тұра ұмтылды, сонда Нияз жібермей, Қайырдан бұрын қағып әкетіп, бауырына қысты...

Міне, таза ауада, қарағай түбінде отырып, сол түсін есіне алдып, ақыл таразысына салса, өткен күнгі Қайырдың хатынан туған ой көленкесі. Я, өкпелемесін Қайыр! Оның өкпелейтін жөні жоқ. Шын сүйсе, өзі айтқандай, «Дәмешсіз өмірдің сәні

болмаса», Қарағанды осы тұрған жер, бір келіп кетпей ме?.. Қызметі ауыр, жылдың аяғы десе де, бір аптаға демалыс алса, завод тоқтап қалмас...

Завод! Осы бір сөзді атаганда, инженердің жүрегі лұпілдеп соғып-соғып кетеді.

Бұл завод — ұя салған мекені, өскен ортасы, үмітінің ұшар қанаты. Дәмеш қалай қамықпасын, құмартса істеген ісін, тапқан жаңалығын, жолдас-жорасын, ең жақын туыс-ағайындарын тастап, танымайтын адамдардың ортасында, ағаш ішінде, міне, қайғырып жалғыз жүр. Болғалы тұрған той бұзылды. Үміт үзілді... Я, Қайыр өзіне жар табар; жастай қатар өскен, іні орнына іні, аға орнына аға болған Ораздың да өз семьясы бар, өз бақыты өзіне, Дәмештің жайы екі-ақ адамға батады: бірі — Асқар да, екіншісі — Құрышпай. Шал әлі естімеген көрінеді, оның Алматыдан Дәмешке арнап жазған хатын Ораз конвертке салып, Бурабайға жіберіпті...

Асханада, стол басында бірге отыратын комбайнер балақасына келіп, ойын бөліп жіберді:

— Дәмеш, женіл отырсың ғой!

Күн бұлыңғырланып, Қекшениң үстінде қара бұлт дөнгелене үйіріледі. Орман іші гуілдеп, қарағай жанырактары ба-лаға қадаған моншақ секілді дір-дір етеді. Күздің қара сұық желі ағаш-ағаштың арасымен жыландай сумандап, Дәмештің мойнына оралып, арқасын құшады. Тітіркентеді.

— Рас, күн сұып барады! — Дәмеш комбайнеге карады.

— Дәмеш, жемпірінді әкеп берейін! — Комбайнер жүгіре жөнелді.

— Әшімжан, мен тоңбаймын... Әуре болма!

— Жоқ, салқын тиіп, плеврит алып қаларсың... Әшімнің мінезі Дәмешке ұнамайды, соңғы кезде жекеленіп түнереді де жүреді, қабағын ашып жадырай бір күлген емес. Стол басында бірге отыратын қара келіншек сұып-сұып етіп, Әшіммен әзілдесе беруші еді, соңғы бір-екі күнде о да аузына күм құйғандай үндеңей қапты. Екеуінің арасынан қара мысық жүгіріп өткендей.

Әшім Дәмештің көк жемпірін алып кеп, иығына жалты.

— Рақмет, Әшімжан, өзің жақын отыршы касыма! — Әшім отырды. — Сен мені сүйер ме едің? Бөгелмей айт!

Әшім біреу маңдайдан салып жібергендей селк етіп, кейін

шегінді. Сол бір сәт қыз көзінен әзіл үшқынын тапқандай күлімсіреп:

— Жоқ! — деді.

— Жоқ?.. Енді түсіндім. Разияны сүйеді екенсің фой. — Жігіт күреңтіп, тұқырая төмен қарайды. Қытығына тиіп отырғанын Дәмеш сезді. — Мұңайып, жүдеп жүргенім сол де?

— Жоқ! — деді тағы да Әшім тоңқ етіп.

— Енді не болды? — Жігіт үндемейді. — Менің жасым үлкен, саған апа сияқтымын. Неге жасырасың?..

— Дәмеш сөзі комбайнердің жүргегін жылжытты ма, қауын-дай жарылып, ішін актара салды.

— О да шығар... Негізі, өкпемнен қорқам!

— Әнеу күні: «Сұранып барғаным қарай, жазыла бастадым, доктор Дағханов емдеді!» деп мактанаң жүргенің қайда?

— Олай болмай шықты. Негізі, сол рентгеннің сәулесі зиян ба, қалай? Күн санап жүдей бастадым. — Әшім қолындағы кепкесін үқалай, өңі қашып, толқи бастады.

— Жүдей бастағанынды қайдан білдің?

— Үйқым жок... Негізі, көзім жұмсам, шым-шытырық бір шатак дүниеге кездесем. Соңсaн, біздің отделениенің бастығы Сусанна Михайловнаның айтуынша, рентген сәулесінен адам мүгедек боп, іске жарамай қалатын көрінеді.

— Мүгедек болғаны қалай?

— Сізге айтуға аузым бармайды... Оның үстіне, елімнен хат алып, көңілім және бұзылды, биыл егін керемет деседі... Негізі, жолдастарым үлгіре алмай жатса керек. «Қашан келесін» деп шақырады. Дәмеш, әрине, білмейсің, биыл герой атағын алушы ем, не керек, бақытсыздық деген осы!

— Әуелі жазылып ал, геройлық қашпас!

— Егер жазылсам!.. Негізі, жазылудың ауылы алыс болар.

— Әшім мұңайып, көзіне жас мөлтілден, теріс айналды.

— Жазыласың! Менің халім сенен төмен, сөйтсе де «жазылам» деп өзіме өзім сенем. Күн сайын ертемен өзіме өзім сендеруге уәде берем.

Әшім күлді:

— Сонда жазыла ма екен?

— Жазылады! Менің ағам үлкен дәрігер. Өзінді өзің сендерсен, ауруды жеңіп шығасың дейді ол.

Әшім: шыны ма дегендей Дәмешке үңіле қарап:

— E-he-he... — деп сылқ-сылқ күледі. Бірақ күлкісі ұзакқа созылмады, кенет үзілді. Түрегеліп, қайтып тіл қатпастан кете барды.

Жігіт үлкен күйзелісте, оған дау жоқ. Мұның ішкі сырына кім араласа алады?.. Сусанна Михайловна ондай ағат сөзді не-ге айтады?

Дәмеш корпусқа келіп, «Көмекей ауруының кабинетін» ашса, ак халат киген бес-алты дәрігер, ішінде Нияз да бар, науқастың кенірдегіне бронхоскопия жасап жатыр екен, есікті жаба қойды. Дәмеш палатасына келіп, жемпірін шешіп, айнаға қарап, шашын түзеді, окуға мойны жар бермей, оны таставды. Әшімнің рентген сәулесі жайында айтқан сөзі миына шегедей қадалды да түрдү. Дәмеш өзі де осы емді алсам ба деп үміт қып жүрсе?

Ойы толқып, көнілі аландал, бір отырып, бір журді.

Мана Дәмештің есік ашқанын көрген Нияз, операция бітісімен, қолын жуып, палатаға оралды.

— Мені іздедін бе, Дәмеш?

— ...Әшейін... — Дәмеш әуелі өсек бол кете ме деп қымсына бастаса да, артынан Әшімнің сөзін түгелдей жеткізді.. Нияз ызаланғанын қаншама сездірмей бақса да, Дәмеш аңғарып қалды: кою кара касы дір ете түсіп, сол көзі шүйірліе қадалды. Аз мұдіріп, бір ойға тірелгендей, кайта жадырап, Дәмештің қолын қысты:

— Бурабайға барып, көріп қайтсак, қалай дейсің? Сен әлі көрген жоксың ғой... Барсан, машина алайын.

Дәмеш күлімсіреп басын изеді.

Бурабай — қазақ даласының ен әдемі де қасиетті жерінің бірі. Сол маңайдағы қазақ елі «Жер жұмағы» десе, журналист білгіштер Швейцарияға теңеп мақтан етеді. Нияз осы сөздерді екшеп, електен өткізгенде, тапқан бір мыскал алтын шындығы: қазақ даласы — халықтың бай «қазынасы». Ол қандай байлық? Кейбіреулер дала дегенді көлбеп жатқан құла дүз, жусаннан басқа өсімдік, суырдан басқа жәндік жоқ, ку такыр деп ойлайды. Қазақстан жерінде тау-төбе, өзен-көл, такыр-құр, сызат-саз, ойпан-жазық, қырат-адыр, орман-тоғай да бар. Үш Франция жеріне парапар Қазақстан — түсті, асыл кендердің қазынасы, астықтың қоймасы, мыңғырған малдың өрісі. Міне, Нияз өмір сүрген қазақ жерінің бір бұрышының ауасы дертке

шипа, талай адамды өлімнен құтқарған касиетті жер. Бұл атақты Бурабайға жұрт совет елінің тұс-тұсынан кеп демалып, өмірін ұзартады. Қандай суретші болса да, бояуын тауып Бурабай табиғатын кенепке түсіре алмас. Арканың айдаласында доғадай иілген өркеш-өркеш тау, тау іші қалың орман; тау етегі жағалай шынжыр сияқты тізбектелген Шортанды, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Майбалық атанған көлдер. Таудың оң қанатының астына салынған станциядан тақтайдай қара жол шығады да, қалың орманды қақ жарып, Бурабай келеді. Таудың дала жақ ашық бетінде орман бітіп, Қекшетау жазығы басталатын жерде, жаз болса, құс мекені Қотыркөл бар.

Шортанды көлінің шығыс жақ қабағына салынған «Бармашы» санаторийінен шыққан автобус он сегіз шақырым жердегі Бурабай көліне тақтайдай қара жолмен зымырап келеді. Автобус даусынан оянған қол саласындағы қалың орман зуылдап, мазасы кеткендей. Кейбір шалдуар карағай жол жиегіне тұра қап, автобус донғалағына кесе-көлденен бұтағын төсеп, машина сыртын тырналап, езіліп қала береді. Нияз көзін автобус терезесінен алмай, Бурабай жайында білгенін әнгімелеп келеді, Дәмеш үнсіз тыңдайды. Автобуста екеуі ғана...

Жакында Дәмеш осы санаторийдің кітапханасынан биыл басылып шыққан «Қекшетау» атты поэманды оқыды. Соның ішінде акын сөз өнерін жұмсап баққан. Нияз оқыды ма, жоқ па, қазір акынның жазған жерлеріне барғанда сынауға болады.

Дәмештің тыңдамай, өз ойы төнірегінде қонақтап отырғанын Нияз сезді ме, кім білсін, Бурабайды мактауын доғарып, басқа бір әнгімеге көшті.

— Дәмеш, кешегі сен айтқан жігіттің сырын білдім! — деді Нияз.

— Әшімнің бе?.. Шын ба екен? — Дәмеш ықылас сала, ынтыға сұрайды.

— Сусанна Михайловнаның айтқаны рас көрінеді. Содан ол жігіт іштей толқып: «Қап, бекер келісім бердім-ау... Рентген сәулесі күшімді алса, қайтем?» деп корқа бастаған.

— Сонда «рентген сәулесі адамның күшін алады» деп неден айтқан?

— Қате. Мұны медицина тілінде «ятрогенная болезнь» дейді. Бұл дәрігердің қате сөзінен туған аурудың бір түрі.

— Рентген сәулесінің зияны бары рас қой?

Нияз сәл ойланған қарады. Дәмеш те сол көздің түбінде жатқан терен сырдан «рас» деген сөзді ұққандай.

Көк мәлдір Бурабай көлінің жиегін жағалап, машина зырлап келеді.

Нияз Дәмеш сұрағына жауап қайырудың орнына, ыңылдан:

— ...Мәп-мәлдір Бурабайдың сұзы күміс,

Көргенде шаршаған жан алар тыныс.

Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай

Қарағай, қайың менен қалың жыныс...

Ақ көбік көпіреді күміс судан,

Сан сұлу сол көбікпен бетін жуған...

Сол көбікпен бетін жуған сұлудың бірі енді, Дәмеш, сен боласың, — деді Нияз әзілдеп.

— Қандай әдемі көл! Бейне бір көкмаріз салған кеседегі су тәрізді. — Дәмеш қызығып, суға түскісі келеді. Ниязға: — Көбікпен бетін жуғанның бірі болсам, суға шомылайын ба? — деп қалжындаиды.

Ол азар да безер, су маңына жуытпайды, сұық тиеді деп корқады. Ақыры, машинаны алға жіберіп, екеуі «билеп жатқан орманды» жаяу аралады. Бұл «қарағайлардың ортасына көшіп кеп қонған бір ауыл қайын» дейді казактар. Шынында да, бір топ қайынды қарағайлар жан-жағынан коршап, «тұтқынға» алған, қалың қол қарағайдың қоршауын бұзып шыға алмаған бір шок қайын: «Өлсек те, той жасап, билеп өлейік» дегендей. Сырт қараған көзге билеп жүрген адамға ұқсайды: бірі тізесін бүгіп, чечеткені, енді бірі құшақтасып, вальсті билеген тәрізді.

— Мына бір қайың жігітті биге шакырған қыздан айнымайды, қолын созып, іліл түрғанын қараши!.. Шашы иығына төгілген, — деп Дәмеш киялына Нияз қанат бітіреді. Дәмеш куана күледі, мәз.

— Шашын қайдан көріп тұрсыз?..

— Төгілген бұтақ жапырағы шаш емес пе?

— Ақын болам деп бола алмай қалғансыз-ау, тегі?

— Айналайын, дәл үстінен түстің... Жас шағымда өлең де жазғам.

Сол бір шоқ қайынды қақ жарып, Сиыртастың түбіндегі «Су станциясына» барды екеуі. Сәулет өнерінің ең асқан суреткер шебері — табиғат. Сиырды тастан қалай қиып салған? «Аусыл атаға» салған ескерткіш секілді. Қашап-қашап жалпақ тастардан қалаған биік тұғырдың үстіне шығарып, суға қаратып күйсетіп қойған. Анда-санда құйрығын шолтандатып, шыбын қағады... Дәмеш Сиыртастың о жак, бұжырақтың оң жағына бір шығып, тамашалап жүргенде, Нияз қайық жалдап, енді екеуі көлдің арғы қабағына, Көкбүғазға қарай жүзді. Су бетінде бықыған қайық: бірі балық ауласа, енді бірі сайран құрган. Алыста, Жұмбақтастың маңында, гармоňға қосылып әлдекім ән де шырқайды. Көлдің беті мөп-мөлдір, тұп-тұнық! Қайық сырғанап жылжып келеді. Басы адам, бексе жағы хайуан тек-тес Жұмбақтас, шешуімді тап дегендей, көл ортасынан айбат шегіп түрегелді.

— Мынау сфинкс ғой... Қолдан жасамады деп айта аласыз ба?

— Бұны қазақ Жұмбақтас дейді... Табиғат-шебердің су толқынымен қашап жасағаны...

Жұмбақтас бейне арыстан шөгіп жатқан,  
Айбатты жалбыр жалын төгіп жатқан.  
Маңқылы Оқжетпеске қырын қарап,  
Суына Бурабайдың бөгіп жатқан... —

деді Нияз өлеңдетіп.

Қайық Жұмбақтаска жақын барғанда, Дәмеш еркелеп қолын созды.

— Тек! — деді Нияз үрейлене. Дәмеш қолын тартып ала қойды. — Қолынды тістеп алады!

Алғашында шын көріп, сескеніп қалған Дәмеш, әзілге ту-сініп, шаттана күлді:

— Түу, сіз болмасаңыз, қолымды тістеп алады екен!

— Ілғи менің тілімді алып жүрсөң, қауіп-қатерден сақ жүресін.

— Ол үшін ылғи сізді ертіп жүруім керек қой.

— Әлбетте!

— Санаторийден кеткен соң, сіз менің қолымма түсесіз бе?

— Ол сенің еркінде!

— Оны қалай ұқтық?

— Ойлан... Бір лажы табылар.

Қайық Көкбұғаздың арасымен жүзіп, Оқжетпестің түбіне жақын барды. Дәмеш жоғары қарады, басындағы орамалы сырғып иығына түсті. Қазак қыздарының ерте заманда киетін сәукеlesі сияқты бас жағы ұшталып келген көлдің қак ортасындағы биік таудың шың-құзы бұлтпен тілдескендей.

— Биік пе? — дейді Нияз есүін тоқтатып, ескегін алдына алып.

— Ух, қандай биік! Мынаның басына кісі шығып көрді ме еken, естідініз бе?

Нияз ыңылдалап, өлеңмен жауап қайырды:

— Басына атсаңдағы оғың жетпес,  
Иіліп ешбір тауға тәжім етпес.  
Сол шыңға жан шықпаған ұя салып,  
Шаңқылдалап қаршыға мен бүркіт кетпес!

Баяғыда Абылай хан қалмакты жеңіп, ен көрікті сұлу қызын тұтқындалап алып келгенде, осы таудың түбінде: «Таңда, қыз! — дейді батырларын көрсетіп. — Қай ұнағанына күйеуге берем!». Сонда қыз: «Қай мергені осы таудың құзына садағының оғын жеткізсе, соған беріңіз!» дейді. Батырлар кезек-кезек оқ атады, тау құзына бірінің садағының оғы жетпей, орта жолда қала береді. Содан Оқжетпес деп атап кеткен. Қайтайдық, Дәмеш, біз қалдырып кеткен машина көлді жағалап келіп тосып тұр, әне! — деді Нияз, қайықты көлдің жиегіне қарай есіп.

— Үңгір... және бір Буратас дейтіні кайда?

— Кейін, кейін. Сен шаршадың! Жазатайым бірдемеге ұшырап қалсан, білесің бе өзің, менің халім не болатынын?

Дәмеш қайықтан түссе бергенде, Нияз қолынан тартып көтеріп алды. «Доктор, мұныңыз не?» дегендей, Дәмеш бетіне таңдана қарайды. Ол түсінеді.

— Саған қазір секіруге жарамайды, оны білесің бе? — Күлім қаққан доктор көзінен көзін алмай, Дәмеш үnsіз басын изейді; Нияздың көзі от шашып, құмарта кадалды, ерні жыбырлап, төне берді.

— Әне, шофер қарап тұр!

Есін жинаған Нияз біреу жактан салып жібергендей ба-

сын шайқап, Дәмешті жерге түсірді де, қайықты тартып жиекке шығарды.

— Қайықты қайтесіз?

— Келіскем. Өзі алып кетеді.

Көл жағалай ызғытып келе жатқан машина курорт қаласына жақындағанда, жүрісін бәсендете бастады. Бурабай көлі мен Үлкен Шабакты көлі арасындағы іркес-тіркес төбелердің бектеріне жapsыра салған құс ұясы тәрізді, ығы-жығы, кат-қабат үйлер... Қала ортасындағы бақшада ойнаған музыка. Бықыған халық.

— Біздің санаторийден гөрі мұнда көнілді де сәнді ме дейім! — Дәмеш шын қызықты.

— Ем жағына келгенде, біздің санаторий артық. Кісісі де аз, у-шу жоқ, тыныш!

— Эркім өзі шыққан тәбесін биік дейтін еді! Дәмештің бұл сөзін-өзінше ұқты да, Нияз пікір таластырды. Бурабайдың ауа райын сөз қып, біраз жерге апарып таstadtы. Бұл, тегі, тыңдаушы табылса, ойын ортаға сап, мауқын басатын Нияз мінезінің өзгешелігі көрінеді, Дәмеш талай аңғарған: сөйлеп кетсе, дес бермейді, кейде қиялышындағы адамды сөзге шақырып, айттысып та алады. Дәмеш құлақ сап тыңдалап, өзіне керекті жерін ғана сактайды.

...Көкшетау өлкесінің басқа аудандарына қарағанда, Бурабайдың ауа райы өзгеше. Батыс жақтан соққан даланың аңызақ қызыл желін аттың тағасындаі дөңгелене қоршаған тау бөгейді, шығыс жақтан ескен дауыл-құйын қалың орманнан аса алмайды. Тау қойнындағы орманның іші тынық, қысы-жазы мүлгіп тұратыны содан. Қарағай майының иісі, көлдің сұзы сол ауаны жұмсартып, дауага айналдырады.

Ауасы дертке дауа, жұпар иісін,  
Көкірек, қанша жұтсан, тоясың ба? —

деп ақын тегін айтпаған.

Бурабайдың, әсіресе Дәмеш тұрган санаторийдің ауасы өте таза, озоны<sup>1</sup> көп, ешбір шан-тозан жоқ, дем алғанда оттегі де, озон да қанды денеге жақсы таратады. Қан жақсы тараса, ауру да тез жазылады.

<sup>1</sup> Оттегінен де таза ауа.

Адам денесін, бұлшық ет тарамдарын қан ылғи жуып-шайып, істен шыккан керексіз заттарды ағын судай ысырып шығарып тастанды да, өмірге кажетті түрлі коректерді оттегімен тасып беріп отырады. Организм жауы — микробпен де құресетін сол қан. Қанның ішіндегі лейкоциттер — организмді түрлі аурудан корғаушы, жауынгер әскері, олардың жалпы саны 50 миллиардқа жуық. Лейкоциттердің бір ғажап сырьы — адамның қайбір мүшесіне микроб түсіп ауырта бастаса болды, соған тұра карсы ұмтылады. Өзенге ағызған сал сиякты қанның ағымымен жылжып барады да, дәл аурудын тұсына келгендे тоқтап, қан тамырынан өтіп, ісікті тауып алады. Микроб түскен адамның мүшесі, әдетте, ісіп кетпей ме? Сол ісіктің іші толған жау — микроб. Жанағы жетіп келген лейкоциттер дереу сол микробтармен соғыс ашады. Қиян-кескі шайкас басталады. Осы соғыста микробтар да, лейкоциттер де — екі жақ бірдей орасан қырылады. Егер лейкоциттер жеңе алмаса, лек-легімен ағылып көмекші күштер келіп жатады. Женсе — ісік басылып, ауру жазылады. Жене алмаса — ауру күшіне береді.

Жанағы лейкоциттер микробты бас сап жұтады да, өзі де бірге өледі. Бұлардың аты — нетрофиль. Ал бұлардың артынан бір тобы жүріп, өліктерді жинайды. Олардың аты — лимфоциты. Бұлар әскердегі санитарлардың рөлін атқарады. Науқас адамның қанын алып карап, лейкоциттер көбейіп шыға келсе, дәрігер алдымен әскер көбейіп, денеде бір соғыс жүріп жатқанын аңғарады, онан соң күрестін түрін байқайды: үлкенірек пе, кішігірім бе? Нейтрофиль көбейсе — қырғын соғыс болып, организмнің жақсы құресіп жатқаны.

— Үқтың ба? — дейді Нияз сөзін аяқтап.

— Сіз көзбен көріп, қолмен қойғандай айтасыз, — Дәмеш күліп, сөзін аяқтайды. — Қызық екен!

— Сенің тез түзеле бастауына да осы таза ауа себеп болды, оны білесің бе? Таза ауа лейкоцит отрядын өкпедегі ісікке тезірек жеткізді де, жау әлсіреп, кейін шегінді...

— Оның өзін қолдан өсірсе кайтер еді?

— Әзірge организм өзі ғана өсіріп, өзі жұмсап тұр ғой, Дәмеш, бір рет би билеуге рұқсат берем! — деді ол, машина алаң тұсына таман келгенде.

— Тек өзіңізben!

— Мен көптен билемеп ем...

— Үақасы жоқ, өзім үйретем.

Би аланың демалушылар алқа-қотан қоршап алған, бірі күліп, бірі — сөз қосып, әрқайсысы әрқилы сезініп, биді тамашалап тұр. Ортада екі-екіден дөңгеленіп жүрген өңшең қыз берін жігіт. Бұл екеуі де киіп-жарып, билеушілердің орташенінен қосыла кетті. Тұрған жұрт бұларға назарын аударып, өткір мысқыл сөзбен сондарынан атқылап жатты, оны елең қылған Дәмеш жоқ.

Дәмештің қасында билеп жүрген Нияз селк ете тұсті. Дәмеш жалт қараса, Нияздың көзі қарсы жақта жекелеу тұрған кішірек келген томпақ көз әйел мен сом денелі, қаращұбар ереккек қадала қапты:

— О кім, доктор! — Дәмеш Нияздың құлағына сыйырлап, анау екеуін иегімен көрсетті.

— Бұлар баяғы менің павлодарлық «достарым!» — деді Нияз тесіле, жиіркене қарап, олар Ниязды байқаған жоқ.

— Қаращұбардың жүні жығынқы көрінеді, тегі, күні қаран ба деймін?

— Эйел де бол-боз, сырқат болар.

— Ах, черт с ними. Тағы бір айналайық, — деді Нияз әдейі соларға қыр көрсеткендей. Нияз дөңгелене биледі. Нияздың қарайып қалғаны шын сиякты, кейде ілесе алмай, кешендей береді, сейтсе де бір рет айналған соң жөнделіп, музыка ырғағына лезде үйлесіп алды. Аланды екі рет айналғанда, жиңінілған жұрт арасынан күбір-күбір сөз де шықты: «Бұлар кім, бұрын көрмел едік?» деп, бірінен-бірі сұрап жатты.

— Қазір барып, екеуіне тиіссем қайтеді? — деді Нияз, биге тәселеіп алған соң.

— Қайтесіз... — Дәмеш тоқтау сала берді. Нияздың тұсі өзгеріп, колы Дәмештің белін қыса бастады, толқып жүргені белгілі болды.

Аланды үшінші рет айналғанда, оркестр де вальсін аяқтады.

Нияз да:

— Жетеді енді! — деп Дәмешті қолтықтап алды да шықты, окшаулау барып, Дәмеш те Нияз көзінің ізімен әлгі екеуін іздеп еді, таба алмады, бұларды көріп, зытқан тәрізді...

Шаршап кайтса да, ол тұні Дәмеш үйыктай алмай, дөңбекши берді. Көз алдынан Нияз кетпей-ақ қойды.

Бурабайға неге апарды? Манағы «ол өзіңнің еркінде!» деген сөзін қалай ұғады Дәмеш? Шынымен... Жок-жок ондай ойды ойлаудың өзі обал. Нияз өз сезіне Дәмеш ойлағандай мән беріп айтпаған да шығар. Эйел жынысы киялшыл келеді, Дәмештің өзі емес пе соған жорып келе жатқан! Дәмештің Қайыры бар, оны Нияз және біледі!..

\* \* \*

Осы бір сұраққа сол тұні Нияз да жауап іздеді. Ол тұні шеше алмай, ертенінде қызметте де аяғына оралғы болып, сүріне берді. Сәл қолы босаса, екі аттап терезе алдына барады да, Көкшениң шыңынан көзін алмай, ойға шомады. Сондағысы кешегі Дәмеш екеуінің Бурабайға саяхатынан алған әсері. Осы бір саяхат Нияз өмірінің әліпбі болмаса игі еді? Иә, бұл артық айтылған сөз емес, Нияздың жаңа өмір сүре бастағаны шын. Соңғы он жылды өмірден өшіріп тастауы керек, ол — тұс пен өнінің екі арасындағы «шала жансар хал». Иван Петровичтің клиникасында жиырма жылдай алып үйқымен үйықтап тұратын баяғы граф сиякты. Патша заманында үйықтап, Совет өкіметі кезінде тірілсе керек-ті... Нияз да сол тәрізді, өмірге қайта туып, аяғын тәй-тәй жаңа ғана басып жүрген жоқ па? Жұрт қатарлы кылшылдаған жастығын басынан өткізіп, дәурен де сүре алмады, қашып-пысып құнелтті. Жиырма мен отыз арасындағы қайран жастық шақты — басынан кешпей қалған дәуренін қайта бастап отыр дегеніне кім нанады? Керек десе, Дәмештің өзі сенер ме еken? Егер Нияз: «Қыршын жаспын, әлі де өмірге құштармын, құш-қуатым мол» десе? Сенбейді! «Өне, қарашы, самайын қырау басып, мандайына айқыш-үйкыш әжім түскен» деп қолымен көрсетіп, күлуі де мүмкін. Бірак күлген адам — надан: физиканың «Закон сохранения энергии»<sup>1</sup> деген занын білмейтін болғаны. Нияз өзін жаспын деп санайды, егер Дәмеш сүйсে... Жок-жок, бұл сөзді аузына алуға ары бармайды. Дәмеш — аспандагы жүлдyz, киялдағы арман. Нияз өміrbаки тап осы Дәмешті іздең, ансаған, тұсі түгіл, өнінде әрбір көшеде, ұзақ сапарда, поездада іздең, «осы сол-

<sup>1</sup> Куатты сақтау заны.

ау!» деп, оқталып барған жерінде ол болмай, жүргегі ауырып, кайта шегінетін-ді. Дәмеш екеуінің өмір жолы айқыш-ұйқыш түсіп, кейде бірінің өкшесін бірі басып, бір трамвайда, бір автобуста бірге жүрген күндері де болған шығар. Шіркін, ерте неге кездеспеді екен?.. Иә, кешеден бері осы қыз ойына үстемдік құрып, өзіне бағындырып алды. Көзін жұмса кешегі қыз көз алдына келеді, билеп жүріп қысқан қыздың қыпша белі, кеудесін түртпектей, электр отындай жанып күйдірген қыздың тіп-тік қос алмасы, Нияз иығына арта салған қыздың жұп-жұмыр ақ білегі көз алдына төніп, «мені сүйші!» деп қызықтыра шақырған қыздың аппак ұзын мойны шықпайды-ау есінен, шықпайды!

Бүгін Нияз тағы да ерте тұрып, корпусқа барды. Үйреншікті кабинет — таза да жарық. Еденге төселген текше-текше сарғылт линолиум паркет сияқты жылт-жылт етеді, ақ сырмен боялған стол, орындықтар, медицинаның түрлі аспаптары жылтырап көз тартады.

Күздің қара сұғына карамастан, Нияз форточкины ашып, кабинет ішін салқын ауаға кеулетіп жіберді. Столын, сия дәуітін, ең ақыры, терезе жактауларына дейін саусағымен бір-бір сипап, шаң-тозаң іздеді... казір сағат тоғызды соқканда, некен-саяқ ойды кейін сырғытып тастап, қызметке шұғыл кіріседі. Сол қалыптан тапжылмастан науқастарды үш сағат қабылдайды. Үш сағат өткен сон, не бір минут кеш, не бір минут бұрын емес, дәл кезінде Нияз орнынан тұрады да, терезе алдына барып, таза ауа жұтып, ойын жинақтап дем алады, сонан соң отделениені аралайды, науқастардың көңілін сұрап, палаталардың тазалығын тексереді, асханаға барып, тамағының дәмін татып көреді. Түстен кейін науқастар дем алып болған соң, күн еңкейе жұмысын қайта бастайды... Нияздың күндеғі өмірі осы. Бұл — әдетке айналған жұмыс ырғағы...

Сол қызмет ырғағы бұзылғалы, міне, екі күн: жұмысқа көnlі жар бермейді, селсок. Бар ынтызыры — Дәмеш. Қасында көмек беріп тұрған медсестра Варвара Платоновна да көnlінің тұрактамай аласұрғанын сезгендей, жалтақ-жалтақ қарайды. Сонда Ниязға жаны ашып, аяй ма, жоқ, біреудің көмекейіне ыстық айнаны басып ап, күйдіріп тастай ма деп қауіптене ме?

Осы бір сестрамен Нияз бірнеше жыл бірге қызмет іс-

тейді. Ұстаған жерінен айрылмайтын бір пәле... Тұлғасы қандай төртпақ шымыр келсе ойы да сондай салмақты, іште жатқаныңды айтпай біледі. Нияз талай бетін қайтарып та бақты: «Мені сен бақылама, өз жайынмен жүр!» деп зекіді де, шыбын шаққан құрлы көрсө бұйырмасын.

«Доктор, халатыныздың түймесін салыңыз!», «Бір сағат өтті, жетеді, демалыңыз!» деп ызындаиды да тұрады немесе: «Докторда жан жоқ па, ертең кел, бүгін жұмыс сағаты бітті!» деп шаңқылдап жатқаны. Нияздың не шешесі, не бірге туысқан қарындасы сияқты Варвара Платоновна... «Бұл не бейбастақтық, ауруы жоқ болса, келе ме, неге жібермейсіз?» деп Нияз ренжісе: «Санаторийде екі ай жатады, уакыты бар әлі, ертең келсін!» деп, есікті тарс еткізіп қаттырақ жабады...

Халатының қалтасына қолын салып, терезе алдында сілейіп тұрған Ниязға:

— Науқас күтіп отыр ғой, доктор! — дейді сестра есіне салып.

— Ә, солай ма?..

— Қызы келмеді, пәле келді ғой бұл... — дейді сестра өзінен-өзі күбірлеп.

— Не дедің, Варвара Платоновна?

— Жәй, әншейін...

Науқастың көмекейін қарап жіберген соң, Нияз есікті өзі жауып, орнына оралды да, сестраның иығына қолын салып, бетіне үнілді:

— Жаңағы не дегенің, түсіндірші?!

— Пәле... Пәле емес, сиқыршы, басыңды айналдырды...

— Ойының дәл үстінен түскен соң, Нияз күліп жіберді. Қайдан біледі бұл?

## IX

Нияз Дәмешті ертіп Бурабайға барған күні ертеңінде көл жиегінде, корпус маңында өсек сөз жауыннан кейінгі мөлдіреп піскен жүзімдей өсе берді, оны теріп ап, бас дәрігердің алдына тарта берген Сусанна. Осы әнгіменің тұсында Сусанна өзіне кімнің қас, кімнің дос екенін де білді. Қасы аузын кере, ушықтыра, жандандыра айтып, айызы қанса, енді бірінің Ниязға жаны ашып, құдіктене қарағаны да бар. Соның бірі — Варвара Платоновна. Дәрігерінің басын өсек-аяннан араша-

лап алып қалмак. Өсекті әдемілеп айта бастағанда тойтарыс беріп, «тэйт әрі» деп ауыздан қағып, зекіп тастағанын Сусанна өз құлағымен де естіді. «Оған не жоқ екен, о тәйір деген? Сиқы анау ерек жиіркенетін: қораш, бет-аузы бір уыс, сүрекнелік, маймақ күс сияқты екі аяғын шалыс басқан. Қомекей кабинетінде Нияз алдында құрдай жорғалағаннан басқа не қасиеті бар оның? Қараши, ақылгөй, ділмар бол алғанын? Сусаннаның палатасында емделетін комбайнер Әшім барса: «Неге ерте келмедің, шошқа бақтын ба» деп зекиді. О да ақысын жіберетін жігіт емес, дәрігердің еміне риза болмай өшігіп жүргені және бар, беттен ала түседі: «Қызбен Бурабайға баруға дәрігердің уақыты бар да, бізге жоқ, ә?» дегендеге? ол: «Дәрігердің еміне араласпа! Саяхат құру, — емнің бір түрі» дейді. Ха-ха! Бурабайға апарып, қай тастың түбінде емдеді екен...

Дәрігерлік этика бар, оны бұзу — медицина ғылымына, емге нұқсан келтіру. Женілтек, үшқалақ дәрігер өз нәпсісіне бола санаторий дәрігерлерінің беделін түсірді... Мүмкін, Сусанна бас араздықтың салдарынан әдейі өсек таратып жүр деп те ұғар, оған да көнді, мұндай қылышқты көріп отырып үндемеуге Сусаннаның ары жібермейді... Я, осы бір кезең — тізгінде жуасытып алатын кезең! Енді аздан соң ол мұлдем бой бермей кетуі де ықтимал...»

Сусанна Михайловна осы түйінге келді де, Жүсіпті ізденді. Қаранғы кеш, суылдаған орман, Сусанна жүгіре басып Жүсіп үйінің алдынан өтті. Терезеден от шығады. Үйінде-ау, шамасы.

Есігін қақты.

Әлдебіреу отырса ше? Бүгін комбайнердің ыстығы тағы көтеріліп қалған, соны сылтаурагтар...

Жүсіп ар жағынан шыға кеп, Сусаннаны көріп сасып қалды, қайдан жүр түнделетіп дегендей:

— Жалғызбысың?

— Кіріңіз, кіріңіз... Ғапу етіңіз, ыстықтап, киімімді шешіп тастап ем, — деп Жүсіп кейін шегінді. Жалаңаш, трусишаңғана түр екен: бұлшық еттері бұлтиған, тарам-тарам, кеудесі қап-қара түк. Сусанна әрі жас та, әрі шиыршық атқан келісті мүсінге қызыға көз тастаса да, әдеп сақтап, табалдырықтан бері аттамады. Жүсіп есікті жаба қойды да, халатты иығына

іле сап, қайта оралды. Есікті шалқайта ашып, үйге шақырды. Әйелі жок болса да, екі бөлменің екеуі де тап-таза, әр зат өз орнында; шағын дүние, әдетте, көзге ілінбейді ғой, дәл қазір аз да болса үйдің сәнін келтіріп тұр. Жоғарғы бөлменің есігі ашық екен, төбедегі көк шамнан түскен жарық көк мұнарға бөлеп, жан рақатына, маужыраған бейқам өмірге шакырғандай. Терезе алдындағы патефон ұзак ойналатын пластинканы тартта бастады. Ауызғы бөлмесі кең де жарық. Еденде ескірген масаты кілем. Ортада дөңгелек стол. Бұрышта диван. Диванда томпиган-томпиган кішірек көшпіктер... Көзге ілінетін басқадай зат жоқ. Тек есік жақтағы бұрышта бір буфет тұр.

Сусанна Михайловна үйді көзімен аралап шығып, іштей баға берді. Ұқыпты еркек екен. Қазактар «қатын басшы, қазан-ошақпен айналысады, асты өзі пісіреді, еденді өзі жуады» деп мазақтап, келеке қылатын-ды. Мүмкін, қазак жігітгеріне ерсі көрінгенмен, тап қазір Сусаннаға бұл ұқыптылық әбден ұнады. Осындай ері бар әйелдің арманы не?.. Жүсіп бүтін өзгеріп кеткендей ме, қалай? Құндегі сүмірейген, болбыр Жүсіпке ұқсамайды, ширак та келісті.

Сусаннаның сынап-мінеп тұрғанын ол өзі де сезгендей, жымып, қасына кеп, қолтықтап диванға отырғызыды.

— Мен қазір лағман әзірлеймін... Сіз менің қолымнан лағман жеп көрген жоқсыз. Өзіңіз Нияз Базілевичтен сұраңызшы! Ол талай сүйсіне жеген...

— Ракмет! Менің асты былапыт ішпейтінімді білесін ғой. Жүсіп басын изеді.

— Музыкаға шарап қосса, көңіл сонда шалқымай ма? Ақынның:

Глухие тайны мне поручены,  
Мне чье-то солнце вручено.  
И все души моей излучины  
Пронзило крепкое вино, —

дегені есіңізде ме? Қазір... — деп Жүсіп «Қазакстан» атты қанкүрең шарап пен алтын белдеулі бокалдарды буфеттен алып, столға қойды.

— Осы бір өленді тағы біреудің аузынан естіп ем... — Сусанна күлімсіреп, Жүсіпке қарайды. Ол қызаңданап:

— Бір кезде соның шәкірті боп, еліктегенім де шын. Тегі, жүккан да!.. — дейді.

— Я, жанына жар таба алмай, шарапқа иманын сатып жүргендеге айтатын жыры, бұғінде оның өлеңі шарап емес, қыз... Кеше Бурабайға алып барып, емдесе де керек... — Сусаннаның сылқ-сылқ сиқырлы құлкісі бір-екі бокал шараптан кейін Жүсіпті музыгадай елтіте бастады.

— Ашқан жаңа емі осы болар?

— Павловтың теориясына сүйеніп, ауру емес адамды емдегендегісі.

Екеуі қосыла қатар құлді. Қанқүрең шарапты Сусанна көзін жұмып, ракаттана ұрттап ішеді. Аздан соң бокалды итеп ріп тастап, шапшаң қимылмен ұшып тұрды да, сақылдан құліп, диванға құлай кетті.

— Адамды сен неге емдемейсің?.. Ә?

Әуелі сасып қалған Жүсіп, іле оның қимылынан жүрек сиррын ұқты да, жалма-жан қасына жетіп барып, айқара құшақтап, ұзак сүйді. Құтырған без қан ішінде асыр салып, сезімді түртпектей, шараптан да бетер қыздырды. Әлден уақытта есін жинаған Сусанна Михайловна үйпа-түйпа болған шашын түзеп, ішілмей қалған шарапқа қайта төнді. Әрқайсысы өз сезімін талдап, біріне-бірі үн катпай отыра берді. Сусанна өзін іштей аңыз сөзben кекеп-мұқап, келемеж қылады: Бір бокал шарапқа басы айналып есін алдырғаны несі? Елікпе жас, көрсө қызар қыз емес, тіс қаққан, әккі әйел бүйте ме екен! Көрерінен көргені көп... Кешегі етегіне жармасып, бір ауыз сөзіне зар боп жүрген Жүсіп Сусаннаның махаббатына тати ма? Қадірін біліп, түсіне ме? Оны келешек көрсетер, тап қазір жас жігіттін албырт та анқау махаббаты Сусаннаның жанын аймалай ала ма, соны айтсам ше?»

Өмір бакытына қолы жеткендей, куанышы бойын кернеген Жүсіп ертенінде қызметті де еңсере істеді. Бұрын «әне бір жерім, міне бір жерім ауырады!» деп шағымды жиі айтатын науқастарға «ештеңе етпейді, кояды» деп мән бермейтін Жүсіп, бұғін әрқайсысына жеке-жеке арнайы тоқталып, ауырады деген мүшесін қолымен басып көріп, қайсыбіrine дәрі-дәрімек те бергізді. Біреулерін иықтан қағып: «Құлан таза жазыласын!» деп көнілін де көтерді, науқасқа сирек құлетін дәрігер, жиі ырсыып, азанғы обходтың қалай өткенін өзі де сезбей

калды; бұрын кейбір палатаға кіргісі келмей, қыжырланып, зорға баратын-ды. Ми түбіндегі лепірген асығыс ой: «Тездет, кеш төзірек батсын!.. Сусаннаға төзірек жет!» деп қамшылап, асықтырды да отырды. Аспандағы жұлдыздай жымыңдан, жүрегіне үміт отын тұтаткан кербез де сұлу, асқақ та назды әйел Жұсіпке көніл бөлсе, махаббатын сыйласа, арман не!

Міне, Жұсіп отыздың ішінде, есті алатын құшті шарап сияқты мұндай махаббатты әлі күнгे татып көрген жоқ. Сусанна ешбір әйелге ұқсамайды!..

Өстіп батар кешкे зорға жеткен Жұсіп ентіге басып Сусаннаның үйіне келерін келсе де, кіре алмады. Кеше екеуінің арасында жакындықтын ешбір белгісі болмағандай, келіншек ызғарлана қарсы алып, қабағын шытты, «басым ауырып отыр» деп, үйге кіргізбей, босағадан қайтарып жіберді. Жұсіп сүмірейіп үйіне оралды да, сылқ етіп кереуетке жата кетті. Түкке түсінсе, бұйырмасын! Басы ауырған күнде де, колын сипап, жылы-жылы сөз айтып, көнілін аулауға болушы еді, жақын адамның жаны аштын да кезеңі осы. Әлде? Нияз екеуі татуласып қап, соны тосып, кедергі болады деп қуды ма еken?.. Бірақ Ниязben ол күндіз кездесетіндей болған жоқ. Сусанна өз отделениесінен сыртқары бір қадам баспады, түске дейін ол дәрігерлерді кезек-кезек шакырып, диагнозы дау-талас тудырған науқастарды тексеріп, консультация берді. Түстен кейін бір науқастың жұтқыншағынан ас өтпей жатыр деп, Ниязды Бурабайға шақырып әкеткен.

Енді не болды? Неге өзгерді? Әлде кеше қызып отырып, ернін тоса салған ба? Я, Жұсіп сияқты аузынан сөзі, қалтасынан ақшасы түскен дәрігер табылмап па асқақ жанға? Кім еді осы: ақылды еркектің ақылы әйелді сиқыр жасағандай бағындырып алады деген?

Эрине, «акылым жоқ» деп өзін кім кемітсін. Жұсіп те өзін біреуден кем санамайды; жалғыз-ақ, әйел десе, ұялشاқ, жармаса түсер «шап етер» емес, ондай еркекті өзі де жек көреді. «Жоқ, Жұсіп өзінің кім екенін танытады әлі Сусаннаға! Ақылын да, талап-жігерін де танытады! Мұмкін, Сусанна Нияздың арбауынан арыла алмай, екі жакты, дел-сал болып жүрмесін? Сонда Нияз Базілевичтің мактанарлық қандай артықшылығы бар? Мұсін жағына келсек, Жұсіп оның жанында Қажымұқандай, жас жағын ауызға алудың қажеті және жоқ,

қырау басқан самай шашты қайда тығады ол? Ал ақыл жағы ше?.. Көргені, оқығаны көп болса да, білімі және артық емес. Бірақ ақыл деген білімге ғана құл емес қой, оқымаған адамның ішінде де ақылдылары болады. Эйтсе де Жүсіптің ақылы он есе орап алады! Я, ендеше, сол ақылын Жүсіп жүрт алдына неге салмайды? Салады!».

Осы бір тұжырымға келген Жүсіп аздан соң Шортанбаевтың үйіне барды. Қасында қаланың бір кызметкер қазағы бар. Аракты сіміріп алған Шортанбаев балпылдан, сезге қонақ бермей отыр екен. Жүсіпті көріп, құшағын жая, тұра ұмтылып, арқадан қағып: «Келешекте осы санаторийде бас дәрігер боп, емнің кілтін қолына ұстайтын сенсін!» деп қарқ-қарқ құлді. Жүсіп құлімдеп, босағадан әрі аттамап еді, Шортанбаев итермелеп стол басына алып барды да, қолына бір рюмка ақ аракты ұстата койды. Шығыстың бір философиның сөзі Жүсіптің есіне түсіп, іштей мырс етті. «Мас адам төрт кезенді басынан кешеді-мыс. Ең алғашқысы — ол тоты құсқа ұқсайды; көрікті де шешен көрінгісі келіп, мактанып, қанатын тарай береді; аздан соң маймылға ұқсап қылжақтап, құліп, әркімді бір құшып, сүйе бастайды. Содан енді бір екі-үш рюмке қағып тастаған соң, арыстандай күжілдеп, айбат шегіп, жүртты корқытып, үрейді алады; сонсоң ақыры ес-түсін білмей, құсып... шошқа сияқтанып көрінген жерге аунайды...».

Дәл казір Шортанбаев Жүсіпті құшып, қылжақтауына қарағанда, маймылдың қатарына жетіп қалған шамасы бар. Тегі, көп ұзамай зытқан жөн, арыстандай ақырып, тап беріп жүрер... Кебежедей мына қарынның астына бір түссе, сыйылып шығу да қыын!

— Мен кеше райкомда хатшы жолдасқа: «Біздің Алексей Иванович қартайды. Жүсіпті бас дәрігер қою керек» десем, ол: «Партияда бар ма өзі?» дейді. Сонда барып бір-ақ білдім, сенің партияда жоқ екенінді... Эй, сен неге түспейсін, ә? Жатсын ба?..

Жүсіп сықылықтап құле береді. Қасындағы қазак:

— Көмекей ауруын емдейтін атакты дәрігер осы кісі ме?  
— деп қалды.

— Түү, сен өзің миғұласың ба, қалай? Бұл — Жүсіп! Көмекейді емдейтін басқа, ол — сүйық адам... Біздің бәрімізді

жек көреді, анада маған: «Сен өзің кімсін?» дейді. Мәссаған, керек болса. «Кімсін?». Шортанбаевты кім білмейді?..

Аздан соң ауданнан келген жігіт қайтып кетті де, Көжек пен Жұсіп оңаша қалды. Әңгіме қызды. Көжек жүндес, быртық саусақтарымен бокалды қапсыра қысып, тістеніп те қояды. Жұсіп дем берсе, Көжекең өршеленіп, Нияздың атын атап, боғауыз сөзбен аяマイ сыйбап, қаһарына мініп отыр.

— Сен оның қайдан келгенін білесің бе өзің?.. Кеше кірерге ін таба алмай, әркімнің аузына жаутаңдай қараған ит, бүгін адам бола қалыпты. Көрерсің, бірер жылдан кейін таз кепешін қайта киеді әл!

Нияздың біраз жазықсыз күғын көргенін Жұсіп естіген-ді, оған онша мән де бермейтін, аралары жақсы кезде Нияздың өз аузынан естіп, қайта аяп, өкініш те білдірген. Дәл қазір сөнген қоламтаны бүркүрата қопарған Көжекті құптай қоймады, алдындағы рюмкасын шыр айналдырып, Жұсіп тәмен тұқырды. Мақұлдалап отыр деп ұққан Шортанбаев сырды актара әрі тереңдей берді. Өзінің осылай жүрген күйіне риза болмай, іштей күйінетініне дейін шақты.

— Мен бір кезде кім едім? Ана бір жылдары ағымыз — ак, қара дегеніміз кара еді. Енді көрдің бе, пенде ғып қойғанын...

Шортанбаевтың қолы дірілдеп, шөлмектегі арак сарқынын рюмкаға төңкере құйды.

— Аға, сіз кім боп істеп едіңіз бұрын?

— Ей, қарағым-ай, қайтесін, тәуір-ак ұлыктың бірі едік. Бір санаторий тұтіл, бір аудан аузымызға қараған күндер енді көзімізден бұлбұл ұшты... — Көжекен рюмканы қағып сап, қолының сыртымен аузын сұртті де, Жұсіпке ежіре耶 қалды. «Осы сенде де бір пәле жок па» дегендей. Жұсіп басын шайқап. Тандана қарайды: «Қабақ шытпастан қалай-қалай жұтады! Арак артынан тамақ жеп, ауыздан ашы дәмін кетіруге асығушы еді. ол жоқ, қайта тамсанып ернін жалайды, жарымай қалған кісі сияқты. Я, осы «ақ суға» көбірек үйір болғандықтан, жауапты қызметтөн қуылды деген қауесет бар еді, тегі, шын болғаны-ау. Мына жұтысына қарағанда, кенірдегі санаторийді тұтасымен қылғыса да бұйым көре қоймас».

Жұсіп сенерін де, сенбесін де білмей, көзін жыпылықтатып, аузын аша тамсана тыңдайды. «Әйтеүір, бір үлкен қызметте болғаны анық, кездескені де рас кой, шамасы, өтірік

айтып ақы алайын деп отырмаған болар. Мына шашы терідей жидіп тегін түсті дейсін бе! Жауапты қызмет, бас қатырған ой... уақытымен ас ішпейді, ұйқы және аз... Эрине, талай тоқайды көрген де қазақ шығар».

Шортанбаевтың түйсікіз өтірігін сезген Жұсіп еріксіз күлді. Шортанбаев өзі күлген жок. Шөлмек түбіндегі көз жасында жұғындыны тағы да бір қағып сап, рюмкасын құрғатқан соң, мұңайып, сыйырға көшті:

— Жүке, екеуіміз қол қойып арыз жазайық... Сен медицина жағына бас, шаруашылық жағына мен басайын. Сөйтіп, екі жарты — бір бүтін... Сонсон Кравцов тоңқалаң асады, сені... — Көжек тамағын кенеді. — Сені бас дәрігер коямын!.. — Екеуінің арасындағы сыйыр көпке дейін басылмады. Санаторий шырт үйқыға кіріп, қораз бірінші шақырғанша бұлар жатпады...

Жұсіп пен бас дәрігердің арасы бірде алысталп, бірде жақындаپ, сабырмен аққан өзен суындаі бір арнаға түсе алмай, бұлтарыс-бұрмаларға қарай қырын ағып жүрген күндері көпті. «Бас дәрігер ақкөніл, аңқылдаған адал адам, іштей бұкпесі жок, тілінің ұшына оралған сөзді жалтармай, терісін теріс, дұрысын дұрыс деп айта салады. Сабырлы да салмақты, сәл нәрсеге қүйіп-пісіп, шақылдастып және жатпайды, ұнамаған сөз құлағына кірмейді, естімеген сияқты, басқа бір әңгімеге көшіп отыра береді!» дейтін Нияз Жұсіп қызметке ең алғашқы кірген кезде. «Шын айта ма» дегендей, Жұсіп те өзінше сынай қарап, бас дәрігер мінезінің жаксы қырларын тапқан. Алексей Иванович дәрігерлерге тыишисты емес, анда-санда құлағынан тартқан әкедей зекіп, ұрсып койғаны болмаса, жамандыққа бармайды. Жұсіп жас болса да, бас дәрігер мінезінің осы бір жағын ерте түсініп, қарсыласып сөзге келмейтін, үн-түн жоқ жүре беретін.

Эрине, Жұсіп бас дәрігердің кемістік жағын да таразыға сап салмақтап, есепке алады.

Алексей Иванович Ниязбен, Сусаннамен қатты санасады, тыңдаса, сол екеуін тыңдаپ, икемге келеді, әйтпесе, ол басқа дәрігерлермен есептеспейді, өз айтқаны — зан. Мұнысын Жұсіп жарға апарып соғатын тоңмойындық деп жориды. Осыған орай, ол әлгі екеуінін бірімен қырғиқабақ бол қалған күні солардың маңында жүрген қызметкерлерге де рай бермей, салқын қарайтын тәрізді... Жұсіп оны өз басынан талай

кешкен. Ниязбен екеуі шекісіп қалғанда, Жұсіпке де ызбарлана тіл қататын. Содан Жұсіп Нияздан іргесін аулактатып, Сусаннамен үйір болды... Бұл кезде бас дәрігер мен Сусанна арасы дүмбіледзеу еді. Содан ба, әйтеуір, біраздан бері Жұсіпті Кравцов елемейді. Орыс мәтелі айтқандай, «Не везет»<sup>1</sup>, қоян-қолтық сәті түспей-ак жүргені.

Шортанбаевтың түндегі әнгімесінен кейін, Кравцовтың ықыласы Жұсіпке әбден керек-ак, ертең, өзі кеткенде, «міне, басқара алатын осы бала» десе!.. Ол үміт жанбаған күннің өзінде, жақын боп алып, Ниязга қарсы сап, шапка түртіп отырса... Бұл тәсілге Сусанна да риза боп, Жұсіптің акылын қоштар еді.

Осы бір ойды шиыршық атқыза есіп-есіп, Жұсіп ертеңінде дәрігерлік конференциядан соң онаша қалып, Алексей Ивановичтен сыр тартып, өзіне қарай икемдеуге бел байлады.

Бас дәрігер тұғырдағы бүркіттей елегізіп, шешімді тез қабылдап, әлденеге асығып отырды. Мұны анғарған Жұсіп қобалжи бастады: айтса ма, жоқ па? Жүре сейлесіп, әнгіменің маңызын кетіріп алса, қайтып оралу да киын. Ұзак түнде үйкі бермей, санасын улаған бір ауыз сөз тіс арасынан шықпай қалса, дерктек айналуы және ықтимал.

Дәрігерлер бірінін артынан бірі топырладап шығып жатты, Жұсіп Алексей Ивановичтің қасына барып, үнсіз тұра берді. Ол елеген де жоқ, колы босасымен телефон құлағына жармасты, аупарткомды шакырып, біреумен тұспалдалап сөйлесе берді. Жұсіп ұғам ба деп сонша зер сала тыңдаса да, әккі шораяқ маңына дарытпады. Алексей Иванович анда-санда екі-ак ауыз сөз айтады, сөйлеп жатқан ар жағындағы. Жарты сағат ішіндең сөзден анғарғаны — әнгіме санаторий жайында.

— Жақсы, мен қазір барам! — деді де, телефонды іліп, Жұсіпке қарады, өңінде: «Сен әлі осында тұр ма едін?» деген сұрақ бар.

— Алексей Иванович, науқастардың арасында тараған өсекті естідіңіз бе? — Жұсіп мәймәнкелеп, жағына сөйлегенін өзі де сезбей қалды.

— Қандай? — Алексей Иванович қабағын түйіп, жақтырмаған шырай білдірді.

---

<sup>1</sup> Сәтсіздік.

— Доктор Дарханов әнеугі науқас қызды Бурабайға апартып, жаңа бір әдіспен емдепті деседі...

— Тағы нең бар?

Жұсіп сәл сескеніп қалды. «Тағы да» деген сөз каталдау үнмен айтылғандай ма, қалай?

— Рентген сәулесі жайында... Бурабайдағы дәрігерлер шу көтеріп жатса керек, адамға опыт жасау деген не сүмдыш деп...

Алексей Ивановичтің бұтақты бурыл қабағы дір ете түскенін Жұсіп байқап қалды.

— Былышы! — деді, Жұсіптің бетіне жеп қоятында үніліп.

— Совет мектебін бітірген жас дәрігерсін, өзіннің коллеган жайында осындаі сөз таратуға ұлсайшы? Эх! — деді басын шайқап.

Кравцовтан мұндай қылышты күтпеген Жұсіп әуелі әзілдеп тұр ма деп, ыржия қарады. Өні қашқан Кравцов:

— Бар! Жүре бер қызметіңе! — деді.

Толқыған қан Жұсіптің бетіне шапты, көзі қарауытып, тізесі дірлдей бастады. Бұдан да өлгені артық!.. Кравцовтың мұндай мінезін бұрын сезбеуші еді, тоңмойын, дөрекі екен-ау өзі?

— Сіздің абыройыңызға нұқсан келе ме деп жаным ашып айтқан сөзім, теріс ұқсаныз — қателескеніңіз! — Басқадай сөз айтуға Жұсіптің дәті шыдамады, кабинеттен шығып жүре берді.

Артынан қарап тұрып калған Алексей Иванович соңынан бір-ақ ауыз сөз таstadtы:

— Хайуан! Осындаи «жер құрты» қайдан пайда болады?

— Машина әзір! — деді есіктен кірген шофер.

— Қазір! — стол үстінде жатқан стетоскопты қалтасына сап, шапшаң басып кабинеттен шықты да, машинаға отырып, қалаға тартты.

Алексей Иванович бас дәрігер бол істегелі талай жылдар өтті, содан бері, оқта-текте болмаса, науқас тыңдал, өз қолымен емдемейді, сондықтан стетоскоптың да қажеті шамалы оған. Әйтсе де ынғай қалтасында жүретін әдеті, жиылыш-мәжілістерде қолына алып біреке дөңгелетіп, біреке құлағына тосып, ойыншық тәрізді ермек қылады. Қазірде сол стетоскоптың құлаққа тосатын қалпағын сабынан жұлып ап, екеуін екі қалтасына салды, аздан соң қайта суырып алды.

Іштегі құйындағы ұйтқыған реніш булықтырып, мазалап келеді. Осы дәрігерлерге не жетпейді екен? Қызғаныш, өсек-аян, егес-қияс осылардың арасында. Ертеде Нияз бен Жүсіп араптарынан қыл өтпейтін дос еді, енді бір ауладағы әтештердей, тарпа бас сап айдарларынан жұлып жатқаны мынау!

Аупарткомның шакыруы да осылардың дауы. Арыз берген қайсысы екен?

Аупартком секретары да бірсыпыра жасқа келген, талайды бастан кешкен азулы кісі. Алексей Иванович екеудің бірінің сырына бірі қанық, көптен аңдысып, ала алмай жүр: кейде бююрода мысқыл сөзбен бірін-бірі түйреп өтіп, кейде білек сыйбанып сынасып та қалады. Алексей Иванович: «Кешегі Азамат соғысының геройымын, бір жағынан, маманмын, менімен санаң, басымнан сөз асырмаймын!» дегенді сездірсе, секретарь: «Сен алдымен коммунистің, сениң еңбектерін содан соң еске алынады; кеуде қақпа, бізге бағынып, айтқанымды сөзсіз орындаисын!» дегенді сөзбен айтпаса да, ишара білдіріп, іштей айтысқалы қашан! Бұғын Кравцовтың қыжырланып, желкесінен тартып, зорға баруы да содан. Осыған орай әлгіде аупарткомның бір қызметкері шет-жағасын телефонмен сездіріп те қойған.

Секретарь мұртынан күліп: «Уысыма түстің бе, бәлем?» деп қарсы алғандай, шегір көзі күлімдеп, өңменінен өтіп барады. Шоқша қара сақалып уыстай ұстап, ұшын қайырып аузына сап, тістелеп отыр. Қазақстанда сақал жіберген бірінші секретарь осы болар, көрдің бе, өзінің оғаш манерін...

— Санаторийде не жаналық бар?.. Келіп ақылдасу дегенді білмейсің-ау! Ыңғай екінші біреу арқылы естуге тұра келеді, — деді секретарь әлденені ишаралап.

— Мен дегенде құлағың түрік екенін білемін! — Кравцов та тайынбай, қигаш сөйледі.

— Жамандықтың сирағы ұзын да жүрдек, бұрын жетеді. Құлағымды мақтамен тығып кой дейсіз бе?

— Бізде жамандық қана емес, жақсылық та бар, ауруларды құлан-таза жазып жатырмыз, оны неге естімейсің?

— Естідім, құлан-таза қалай жазып жатқандарынды... — деді, аупартком секретары кекеткендей. — Сол емдеріне шұбә келтірсек, қайтер едің?

— Кім, сен бе? Сен қалай шұбә келтіресін, дәрігер емессің?

— Дәрігер болмасақ та, консультация жасап білуге боладығой, шырақ?

— Консультация жасайтын беделді комиссияны бұл өнірден таба алмайсың. Сондықтан сенің сөзіңе сенбеуіме рұқсат ет!

— Адамға «копыт» жасауға болмайтынын, сендердей ғалым болмаса да, медицинаның әліпбійн түсінетін кісінің өзіңдік айта алады.

— «Опытты» кім жасапты?

— Пушкин болар, тегі...

Алексей Иванович қалтасынан стетоскопын суырып алғып, алақанына ұра бастады. Сөзден есесін жібермеу керек, сәл іркіліп, жауап таба алмай қалса, секретарьдың мерейі үстем болатындаі, әр сөзін торғай аңдыған мысықтай күтеді. Қандай кінә таппак?

— Ашығырақ неге айтпайсың, қандай айып тағатыныңды?

— Өкпе ауруын рентген сәулесімен емдеу деген не? Бүкіл Совет Одағында іске аспай қалған әдісті қайдан тауып алдың? «Ә, енді не деп жауап қайырап екенсін» дегендей секретарь қадала қадайды көзін.

— Ә, белгілі болды. Манадан бері дәл баспай, айналсоқтап отырғаның осы рентген сәулесі ме еді?.. Бұрын бөлінбейді дейтін атомның өзі қазір бөлініп жатыр, секретарь жолдас. Фылымда шек жоқ. Бір кезде рентген сәулесін олай десе, бүгінде басқа да өзгешелігі табылды. Оның не айыбы бар?

— Енді Алексей Иванович көзін шұқшита қадады. — Әділ болсан, әуелі қолынды соз, көмек бер, жолдас секретарь! Кім еken саған кеп ой сап жүрген?

— Дарханов санаторийден бұрын қайда істеген? — деді секретарь. Әңгіменің түйіскен тұсын кенет бұрып, керісті тоқтатқысы келген адамдай. Кравцов секретарьдың жүзінен көзін алмайды.

— Дархановтың қайда істегенін қайтесін? Ол адад еңбек ете ме деп сұрасаңшы?

— Қайда істегенін неге сұрамайын, егер ол бұрын фашистердің қолына түссе, Гитлер құрған Түркістан легионында... біздің қас жауымыздың қатарында істесе...

Енді Алексей Иванович жымып, қалтасынан стетоскопын қайта суырып ап, дүрбі құсатып көзіне ұстап секретарьға қарады, ол «не істейін деп отыр мынау» дегендей сескене, таңдана қарады.

— Жиырмасыншы съезден кейін адал адамға сезіктене қарau ескіліктің қалдығы емес пе еken, секретарь жолdas?

— Арам адам біr басқа, ақ адам біr басқа.

— Егер... арам деп отырганың адал адам болса?

— Қызықсың сен!.. Егер коммунист келіп, саған алақаңыңа салып, арам деп отырса, қайтер едің?

— Сол коммунистің өзі қандай, сен соған көз жібердің бе?

— Ол ауданда көптен істеп келе жатқан белсендінің біrі.

— Ол белсендінің күні кеше талайды қан қақсатып, жазықсыз қиянат жасаса?

Секретарь желкесін қасыды:

— Кеше кімдер қателеспеді?

— Қатесін мойнына алсын, түзетсін! Сол коммунистің бұрынғы пікірінен қайтпай, баяғы әдіспен кудаласа, не шара қолданар едің?

— Ақыл айтып, қойдыру керек.

— Менімше, ақыл айту аз, куу керек партиядан!

— Атыңның басын ақырын бұр, біr жерде құлатып кетпесін! — Секретарь күлді. — Әуелі, сол коммунистің таққан айбынан өзінді актап ал!

— Тапқан екенсің білгіш кісіні!

— Олай десен, Кравцов жолdas, бұл жайында сенің пікірінді обкомға жеткізіп, ақылдасам, бірақ жауапты өзің бересін. Хош! — деп телефон құлағына жармасып, облысты сұрады.

Алексей Иванович есікті аша бергенде, секретарь сонынан:

— Біr ауыз сөз, Кравцов жолdas! — деді. — Қамсыз болма, комиссия шығарып, тексертеміз!

— Қамқорлығына ракмет! — Бірақ Кравцов іштей бас дәрігердің өз басына құрған тор деп ұқты.

Тысқа шықса, жаңбыр құйып тұр. Зып етіп машинаға мінді де, санаторийге тартты...

Шынында, осы Алексей Иванович Дархановқа көбірек сеніп кеткен жоқ па? Секретарь алдында жаңа әдейі сыр бермелі, біраздан бері екеуі сайысқа түсken жігіттей бірін-бірі ала алмай жүргені өзіне мәлім, әйтпесе, мән берерлік сөз. «Емдеу-

дің бұл әдісі әлі етек алып жайылып кеткен де жоқ, бүлдірген және ештемесі білінбейді. Соңғы кезде Сусанна Михайловнасың да «қалай болады» деп безектей бастауы тегін болмас. Қалай десең де, ол билетін дерігер, шет елде оқыған, тегі, дәлелі де болар». Алексей Ивановичтің ойы машинамен қатар жарысып, кейде озып, кейде кейін қалып, аупарткомға қайта оралады.

Лезде қара бұлттар тұтасып, тау шыңын қоршап алды. Орман іші қөлеңке тартып, күздін қоныр құні сұыта берді. Ағаш бұтактары майысып, қанатын жайған құстай төмен жалпиды...

Тақтайдай қара жолмен зырлап келе жатқан машина үстінен өткінші жауын дабыл қаққан пионердей дамылсыз сабалайды. «Расында, Дарханов көп жайды ақылдаспай, ауа жайылып бара жатқан сиякты ма, қалай өзі? Бас дәрігермен келіспейді, кімді қалай емдегенін айтпайды, мұнысы басынғандық! Эне бір кезде «Шортанбаев пен Кравцовтың айырмасы — соңғысының қалтасында дипломы бар» деп жұр дейтін, сол расқа шықпаса игі еді?

Әй, мүмкін емес, ойдеп айтатын жеңілtek, ұшқалақ жігіт Дарханов емес, Алексей Ивановичпен сыйлас, аралас, ақылын түйіп талай ортаға салғаны қайда?.. Рентген сәулесі жайында талай келіскең, азғырғанға ермеу керек, Кравцов жолдас!».

Осы сөзді Кравцовқа кім жеткізіп еді? Есінде де жоқ. «Сусанна Михайловна болмасын? Токта, токта!.. Шөптің басы тегін қимылдамайды. Табан асты ойдан шығарып айту киын. Бірдеме деген шығар да, Сусанна құрыққа сырық жалғап, ар жағын өзі жамап әкетуі де ықтимал-ау?

Шортанбаевпен қатар қоюы жанға тиетін-ақ сөз. Бір сөздің ретінде кеше: «Бас дәрігерлер әмір ету үшін жаралған ғой!» деп әзілдегені бар еді...

Өзін-өзі аттай қамышылап қыздырған бас дәрігер машинаны бірінші корпустың алдына тоқтатты. Екі бүктеліп машинадан түсті. Сағат әлі екі, түскі астың мезгілі, сейтсе де дәрігерлер кете қоймаған болар...

Нияз кабинетінде «ауру тарихын» толтырып жазып отыр екен. Алексей Ивановичті көріп, орнынан тұрып, сый-құрметпен қарсы алды. Осындай әдепті, сыйпайы кісі біреудің үстінен келемеждеп лақап таратады дегенге кім сенеді? Жүсіп сияқтылар орнынан тұрмак түгіл, жөндеп сәлем де бере алмайды.

— Міне халат! — Нияз ілулі халатты беріп, орындық ұсынды. — Отырыңыз!.. Мен сізді іздең барсам ба деп, қайтерімді білмей отырғам.

Тілінің майдасын! Кравцов Ниязға сенерін де, сенбесін де білмей, ойы толқып, түрлі сақта жүгірді. Сом денесін тар халатқа сыйдыра алмай, олай бір жұлқылады, бұлай бір жұлқылады, ақыры лактырып жіберді.

— Келемеж бе, баланың халатын беріп?.. Нияз сақылдаң сарқыла күлді.

— Сенің бойыңа шақтап пішкен де!

— Тігуші келешекті ойлаған да, Алексей Иванович?! Сагнаторийде ірі денелі бір-ак дәрігер бар, оның өзі ертең ауысып кетіп, орнына мен сияқты қораштау біреу келсе, текке шығын болмасын деген де!

Алексей Ивановичтің шамына тиіп тұрғанын көрдің бе? Тілі шаяндай шағады.. Жарайды, қарымын қайырап...

— Е, менің кеткеніме асығып жұр ме едің? Әлде өзін болмақ шығарсың бас дәрігер? — Даусы құрғыр қалтырап, іштегі ызгарды сездіріп алды.

— Бас дәрігер түгіл, жай дәрігерліктің өзін сізге тапсырып, осы арадан тайсам ба деген ойым бар.

— Не боп қалды, астыңнан су шықты ма?

— Шықты! Сіздің құйған суыңыз көлкіп, үйіме де отырғызар емес!

— Құйған мен бе?

— Я, сіз!

— Қателестің, доктор!.. Саған жаным ашып, жаңа ғана төбелесіп кеп отырмын! Сенің енбегінді бір адам бағаласа, ол — мына мен! Баяғыда қашып жүргенінде қол ұшын берген де мен едім... Сонда сенің кім екенінді мен білмеді деп ойлайсын ба? Білгем! Бірақ сені одан адал енбегін үшін қорғап қалғам.

— Теріс айналып, терезенің алдына барған Кравцовтың желкесінен оның көзі өтіп барады. Алексей Иванович кен де қоңыр даусымен жер-жебіріне жете тағы сөйлемді: — Сенің жақсы атыңды жайып, жұмысыңа жағдай туғыздым!..

— Қымбатты Алексей Иванович! Осынша неге таусыла сейлейсіз? Мен не бүлдіріппін!

— Бүлдірдің... Рентген сәулесі деген бірдемені шығарып.

сөзге іліктірдің. Бүкіл аудан шулайды. Аупартком секретары жаңа обкомға жеткізем деп қалды. Ертең Алматы біледі...

Нияз шыдамады, атып тұрып, қолындағы бір папка қағазды столға бір соғып, халатын шешті де, есікке қарай тұра жөнелді.

Есік тұтқасын ол ұстай бергенде, Алексей Иванович ақырып:

— Дарханов! — деді. Қатаң дауыс әсер еткен тәрізді. Ол қалт тұра қалды. — Шатақ шығарма!

— Жоқ, менің төзімім таусылды... Хош! Медицинаның қара жұмысын істейтін жер табылар маған да!

Алексей Иванович касына келіп, есікті иығымен тіреп, жібермеді. Нияз, аша алмайтынын білген соң, кейін қайтты:

— Немене, мені құштеп ұстайсыз ба?

— Керек болса, күш те жұмсаймын... Сен өзің тікірейген тік мінез екенсің ғой? — Алексей Иванович енді даусын жұмсартып өзілге көшті.

— Жана білдіңіз бе?

— Бұрын сезсем...

— Бұрын сезсеніз, бәлкім, жақсылық іstemеген болар едініз. Менің өмірімнің бақытсыз бір кезеңін әркім әртүрлі пайдаланғысы келеді. О, ғажап-ай! Біреуі атаққа ие бол, мақсат сатысына өрлемек те, енді бірі мұрнымды тесіп, тайлақтай жетектеп жүрмек. Революцияны кеше өз қолымен орнатыскандардың бірі, адал да таза жан деп Құдайдай ұйып жүрген сіз де мені табаламақсыз! — Нияздың сөзі сүйегіне жеткендей, Алексей Ивановичтің көңілі бұзылып, иығынан құшактады.

— Полноте<sup>1</sup>... Мүмкін, байқамай, жаңсақ сөз шығып кетсе, кешірерсің.

Нияздың өні қуарып, танауы делдиіп, булықтырған ызасын баса алмай ентігеді.

— Аудандық партия комитетінде болып қайтқан бетім осы. Біреу «адамға опыт жасап жатыр» деп арыз берген көрінеді.

— Соған қорқып қалдыңыз ба?

— Қорқып?.. Бұл дүниеде тек қатыннынан ғана қорқам!

Нияз күліп жіберді.

<sup>1</sup> Жетеді.

— Ол арада менің не дегенімді сен естіген жоқсын, — деп бір тынды да, ойын тағы да әзіл араластыра жалғады. — Жас кезімде біздің деревняда бір қуақы шал болған-ды. Сол айтатын: «Досыңың қасына досынды жамандап келіп, сен үшін мен ұрыстым десен, нанады да, ертең сол есек қайта айналып өзіне жеткенде, ол сенбейді» дейтін... Сол сияқты мен сені қоса жамандағам жоқ, шын ерегестік!

— Тексерсін, күні бұрын несіне абыржисыз?

— Менің сол арада іштей налығаным: сол емнің жайжапсарын кезінде неге айтпағансың?.. Санаторийде не бол жатқанын білмесем, бас дәрігер болып керегім не?.. Менен жоғары орын сұрайды, жана қақпаға кіре коймаған қой сияқты таңырқап, аузымды ашам! Саған ашу шақырған себебім де осы!

— Кімнің аузына қақпак қоя аласыз, не десе, о десін... Шындық жеңеді! Өмір үшін құрескен дәрігердің іci ақ! — Дәлізде дабыр-дұбыр сөз, тасыр-тұсыр журіс біліне бастады — дем алушылардың асханадан қайтқаны бел-белгілі.

Кравцов сағатына қарады: манадан бері бір сағаттай уақыт өткен. Соңда қандай түйінге келді?

## УШИНШІ БӨЛІМ

### I

Твоє лицо мне так знакомо,  
Как будто ты жила со мной...

Нияз күбірлеп, ақынның осы бір екі жол өлеңін қайта-қайта айта береді. Нияздың жүрек шерін ақын біліп жазған сыйылды. Дәмешті бұрын көрдім дейін десе, қай жерде, қалай көргенін есіне түсіре алмайды, көрмедім десе — таныс. Дәл кеше фана бір үйде бірге қонақта болғандай.

Кейде тіпті қонақта да емес, туғалы қатар есіп, өмірдің ашы-тұшы дәмін бірге татысқан адамдай сырласқысы, мауқын басқысы кеп аңсайды да тұрады; кей түнде құшақтап сүйсем, арманым болмас еді деп қиялыштың қырандай шарықтайды.

— Дәмеш, осы сені мен қайда көрдім? — деп әзіл тастап, өзінен сұрап та қояды. Қыз үлбіреген ернін сәл ашыңқырап, меруерттей тістерін ақсита күледі:

— Қайдам?.. Откен жылы Қырымда болғам.

— Откен жылы?.. Июль айында, иә?.. Ендеше, сонда көрдім. — Сәл кідіріп, тағы бір дәлел тапқандай, Нияз шашаңдата сөйлейді:

— Жок-жоқ!.. Мен сені Қырымда көрсем, қасына барып, тіл қатпай тұра алармын ба? Көргенім жоқ! Көзім көре алмасада, «Әне, Дәмеш!» деп, жаным сезінер еді...

— Қартайғанда шынымен-ақ осы қызыға ғашық боп қалғаны ма? Кешігіп оралған махаббат ыстық бола ма екен? Жоқ-жоқ, атама, Дәмеш өзінің емдеп жүрген науқасы, оны сүюге, оған ғашық болуға ары қалай шыдайды?

Өзі инженер... Өзі жас... Өзі біреудің жары... Доктор Даражановтың міндеті — ажалмен жекпе-жек куресте жеңіп, қызды қатарға қосу, содан кейінгісін Дәмеш өзі біледі... Ажалдың араны ашылып, әдет қып алған: не көрікті, не ақылды жас көрсе, өмірге құттайтпай, бассалады.

«Ертең той» деп Дәмеш қуаныш қанатына мініп, өмірдің көкпенбек бұлтсыз аспанында шарықтап жүргенінде түйіндей ағып кеп, топшысынан қағып түсіруі — аяусыздық. Міне, содан бері, әлі жаралы. Я, Дәмешке ғашықын деп Нияз өзін-

өзі сендеруіне болмайды, тыйылуы керек. Ондай арсыз, ұры тілек өсіп-әрбіп тармақтана берсе, бүкіл қан тамырын қуалап, жарға жығар, одан қасірет тұңғиғы және алыс емес. «Дүниедегі күшті адам — өз нәпсісіне тыйым сала білген адам!» деп айтқан кім еді?

Нияздың қолындағы қармағы бұлқ-бұлқ тартады, білінер-білінбес, алақан жыбырлаткан тәрізді. Қармақ манындағы көкпеңбек, мөп-мөлдір су дірілдеп, шенбер-шенбер сзықтар түсіп, жан-жағына тармақтана тараалып өшіп жатты. Шамасы, балық қармақты қаппай, бірін-бірі шырқ айнала қуып жүргендей. Ұзаққа бармас, қабар!

Бір апта бойы жауған қар толастап, күннің көзі мазақ қылғандай жарқ ете түсіп, қайтадан бұлт астына жасырынды. Көкшениң шыңынан соқкан сұық ызғар орманның басын шалып қырауытады. Мұз қатқалы Нияздың көл басына балық аулауға келгені осы. Кім білсін, Шортан көлінің балығы қыста су астына терең түсіп кетеді дейтін, тап осы манда аз ба, Нияз қанша отырса да жарытып балық ұстай алмады, қармағына ілінбеді. Қарны ашып, түсте қайтып келе жатса, көл жағасында Дәмеш тосып тұр.

— Дәмешжан, — Нияз «жан» деп бірінші рет еркелете атады, — сұықта жападан-жалғыз неғып тұрсын?

— Сізді тосып тұрғаным.

— Соншама не қылған асығыс іс?

— Хат әкелдім. Табыңызшы кімнен екенін?

— Асқардан болар.

— Егер қыз жазса ше?

— Маған хат жазатын қыздардың бәрінің басы байлаулы.

— Біреуін таптыңыз: мына хат ағамнан, ал мынау менен, оны үйінзеге барғасын, кейін оқырсыз.

— Осы хатындағы сөзді ауызша айтуға болмай ма?

— Оқығыңыз келмесе, бері берініз, қайта алып-ақ кетейін!

— Өкпелегенің бе?

— Намыстанғаным!..

Нияз қоңыр дауыспен баяулатып:

— Твои шаги звенят за мною... — дей бергенде, Дәмеш ар жағын қағып әкетіп:

— Куда я ни войду ты там демекшісіз бе? — деді.

— Бұл өленді сен қайдан білесін?

— Мен өлең оқымайды деп пе едініз?

Екеуі қосыла күліп, орман ішіне кірді. Аяқ астында ақ кілемдей тәселген ұлпек қар жұп-жұмсақ, бассан, былқ-былқ етеді.

— Асекен не жазыпты өзіңе?

— Жақында менің жігітім келеді.

— Жігітім?

— Неге таңдандыныз? Нияз ұн демеді.

Дәмеш сөз астарына түсінді.

Асханаға қатарласа бергенде, Дәмеш тұскі асқа қалып қойды да, Нияз үйіне кеп шешініп, пижамын киіп, Дәмештің хатын оқыды:

«Менің дәрігерім ылғи:

Твое лицо мне так знакомо,

Как будто ты жила со мной... —

деп ынылдал өлең айтады. Осы өлеңді ақ күмісше алақаныма сап, алмастыра қарап, сол кісінің ой түйінін мен де лайыкта-дым: «Жүзің сенің әбден таныс, бұрын бірге болған жоқ па екеміз?» деп менің де сұрағым келеді.

Күні-түні ойлап-ойлап, акыры осыған өзім де жауап таптым, мен ол кезде он екіде едім. Теміртау қаласының Са-марканд көлінде коньки теуіп жүріп, бірінші рет көріппін! Ақ свитері, көк шалбары бар талдырмаш бала алдыымды орап, ылғи жеткізбей, әмсө озық отыратын. Тал шыбықтай бұралған денесі, күйіндай дөңгеленген вираж таңқалдырып, мені ал-ға жетектейтін де отыратын. Кей күндері түрін көргім кеп, қаншама қусам да жете алмай, үйге қайтатын едім де, сол түні мен оны түсімде көретінмін. Толқыған жұмсақ қара шашы, кере қарыс мәндайы, күлімдеген қоңыр көзі жылы да жақын көрініп, еркелеп қолымды созсам, ұстай алып, мұзда ұзақ билетіп еді. Қандай тамаша тұс!.. Неге ояндым деп өкінетін ем...

Сол бала қиялымның еркесі жастығымның арманына ай-налды. Көшеде кез кеп қалса деп жан-жағыма қарайтынмын. Пионер лагерінде, топ жиында да: «Әне бір тұрған сол емес пе?» деп әлдекімді ұқсатып, артынан ол болмай шығатын.

Сөйтіп жүргенде, бір үйде катар есken Ораз дейтін бала арамызға түсіп, көңілімді аулап, қиялымның қанатын кесіп, шарықтатпай да қойған.

Бірақ Алматыға барған соң, мен ол аты жоқ баланы тағы іздедім. Институтта, театрда: «Әне бір қызбен күліп сөйлесіп тұрған сол емес пе?» деп қалың жиын арасынан сыйтылып өтіп барғанымда, маған жөнді қарамай, қызын құшактай теріс айналып кеткені де бар. Мен оны кейде трамвайда көріп, қасына барып тіл қатсам деп ұмтылғанымша, ол түсіп те кететін...

Артынан Қайыр дейтін балаға кез бол, сонымен танысып-сырласып жүргеннің өзінде де, әлгі бала жүрегімнің бір түбіне жетіп: «Мені ұмытпа!» деп ескертіп қоятын тәрізді еді. Екеуін қатар салыстырғанымда, ол, әрине, артық, қол жетпейтін аспандағы жұлдыз. Ойласам, жүрегім тыныс таппай, лұпіл-деп соға бастайтын. Қайтейін, баяғыда ақсақ құланды қуған жігіттей жете бергенімде: «Сол бала ең болмаса ақсақ құлан болмады-ау?» деп көңіл шырқын бұзған кезім де аз емес... Сөйтіп, арманымды жүктеп, о дүниеге аттанбақ бол, копактап тұрғанымда, осы санаторийде сол балаға тағы кездестім. Марқайып бірталай жасқа келген: оның самайын өмір қырауы шалғанда, менің өмірім құзгі гүлдей сола бастағанда, кешірек кездестік!

Жүрегімнің лұпілін, тамырымның соғысын, қанымның ағысын, дәрігер болғандыктан, өзіңіз ғана түсінер деп жаздым!.. Арманым алдымда бір-ақ кадамдай жерде. Қолымды созсам, соған жеткелі тұр. Соған созсам ба, жоқ па деп қиналам. Ортамызда сөз берген жігітім және тұр. Одан калай өтем?.. Өтіп бардым, сонда осы арманым баяғы ертедегі сағым бол шықса қайтем? Менің тағдырым қазір соның қолында. Маған ол жан бітірді, қанат жалғады, киял аспанында қайтадан шарықтап, өмірді бұрынғыдан да ғөрі жақсы көрдім.

Мен өліп, қайта тірілген адам емеспін бе. Бір кезде бәрінен түніліп, безгем. Сонда көзіме ілінген — жалғыз ғана әлгі самай шашы ағарған адам.

Ақыл-кенесі, адал енбегі, шын ықыласымен өзімді ажалдан бір құтқаруын құтқарды. Мүмкін, мен өз құтқарушыма сол ажалдан қорқып қол созған болармын? Жоқ, сол қыын күндерде көзіме жылы ұшырап, үміт сияқты жылтырап, өмірге шақырған сол ғана. Бұл арада мен адалмын.

Біраздан бері осы ой толқып, маған ұйқы бермей жүр, калай шешейін?

Ол екеуіміздің арамызда тұрған жігітті кемсінбеймін. Кей

жайда артық та болар. Сымбатты, көрікті, ұстамды азамат, ол көп қыздардың арманы. Бірақ... «жур!» десе, ынтызарым құрып, сөз айтпастан, соңынан еріп кете алмайым, ақыл женеді...».

Нияз қайта-қайта оқып, шешім іздеді. Самайына ақ кірген отыздың ішіндегі жігіт, әрине, өзі. Я, кеше ғана Нияз осыны өзі ойлап, түйін таба алмай, тұйыққа тіреліп қойған жоқ па еді? Нияздың ойы радиодай оған жетіп, о да толқып, сол тұндері жазған болар бұл хатты, әлі ойланар және Нияз оның дәрігері, ондай арманы болған күнде де, шет жағасын білдіруге қысыны жоқ...

Сол күні бас дәрігер шакырып: «Қотыркөлдің жиегіндегі «Мәдениет» колхозының председателі қатты сырқат, сені ау-партком арқылы арнайы тілеп отыр, керек аппаратынды алып барып, өзің көріп қайт!» дегенде, құптай жабыса тусуінің бір себебі де осы. Арасына күн салып, Дәмешті сынау: жас шакта адам мінезі лапылдақ, ұшқары келеді. Ұзак түнде жалғыз шарықтаған қиял да ұшқыр, соның әсерімен жазып қалса, сүиды, басылады...

Күпті қылған осы оймен кас қарада Нияз колхозға да жетті.

Көл жиегіне жапатармағай салынған колхоз ауылы будақтарған түтін, үрген ит, жылаған баланың даусы — жас шағында көрген ауылдың бейнесін есіне түсірді.

Машина келіп, колхоз председателі үйі алдына тоқтай калды, үйден екі жас жігіт жүгіре шығып, сәлем берді.

Нияз өзімен бірге ала шыққан рентгеннің кол аппаратын, көмекей көретін бір жәшік сайдандарын ала түсіп еді, жігіттің бірі қолынан қағып алып, үйге көтеріп кірді де, екіншісі есік ашты.

Колхоз председателі Жоғарғы Советтің депутаты, халқына енбегі сіңген қадірлі адам екенін жолшыбай шофер аңғартып келген; сәлем беріп, қасына отырған соң жылы өнінен, сөз саптасынан көпті көрген ақыл иесі адам екендігіне Нияз шек келтірmedі.

Салғаннан науқас адамның тамырын ұстайтын дәрігерлердің әдеті. Нияз да тамырына жармасып, санап көріп еді, жүзден аса соғады, ыстығы да болуы мүмкін. Лезде жиналышп қалған ауыл адамдары дәрігерден көзін алмай самсал, жылы сөзді асыға күткендей.

Бұрын ауылда жұмыс істеп көрмеген дәрігер алғашында

қысылып, не істерін білмеді. Үйдің іші тар, терезеде форточка жоқ, өзі аз ауаны жиылған жұрт науқасқа қимай, өздері жұтып тұрганға ұксайды. Науқасты былай қойғанда, Нияздың өзіне ауа жетпеуге айналды. Үй ыстық, сұық тие ме деп қалың свитрін киे шыққан Нияз пысынай бастады.

Жаным-ау, біреуі неге айтпайды тараңдар деп?! Өмірі дәрігер көрмеп пе, не бар таңыркайтын?

— Көптен сырқатсыз ба? — Нияз председательдің халін білу үшін сөз қозғады.

- Төсек тартқалы, міне, бес күн!
- Ауданға барып неге көрінбедіңіз?
- Шамамды келтірді ме?..
- Колхозда дәрігер, емхана бар ма?
- Бар, фельдшер істейді.

— Сол-а-й! — Нияз сәл кідіріп, ой жүгіртті де, жиылған топқа көз тоқтатты: — Жігіттер, сіздер енді тараңыздар. Науқас адамға таза ауа, тыныштық керек. Әрқашан да осыны ұмытпаңыздар!.. Біреуіңіз маған фельдшерді шакырып берсеңіздер болғаны.

Жақтырмаған пішінде, қыңыр қарап, топ тарай бастады.

Қазақтың осы бір әдетін Нияз жек кореді: біреуі ауырса, жанын алып қалатында, топталып, маңынан шықпай, үйірлен алады. Көніл сұрау — сый-күрмет, бірақ үстіне кіруге бола ма деп, біргіндеп үй иесі, емдеуші дәрігер арқылы білу керек емес пе?

Жұрт тарап, фельдшер келгенше, Нияз науқасты шешін-діріп, өкпесін, журегін тыңдады.

Сол жақ өкпе дем алмайды, көк ет пен өкпе арасына су құйып қойғандай сылдыр-сылдыр етеді. Бұл не? Плеврит пе?

Фельдшер жақында мектеп бітірген, тәжірибесі шамалы жас қызы екен, Ниязға мұнын шақты, қазақ тілін білмеген соң, қызмет істеу ауыр екенін, шалдардың күле қарап, құлақ қоймайтынын сыр қылды. Үйде иін тіресе толып кеткен жаңағылар кіммен санассын! Пәлен жыл істеген дәрігердің сезін қыңыр тыңдал, үйден зорға шыққан жоқ па? Нияз осы бір ойын қызға айтпаса да, ренішті қабақпен сездірді.

Рентгеннің кол аппаратын құрып жіберіп, науқастың өкпесін қарағанда, алғашқы болжауы дұрысқа шықты: сол жақ өкпені үшінші қабырғаға дейін сарысу қаптап кеткен.

«Тамағымда бір ісік бар сияқты» деген соң, рентгеннен

кейін, науқастың тамағын көрді: ісік-жара білінбейді, кішкене тіл, тандайдың үсті қызырып, күлдіреп кеткен, баспа сияқты. Суық тиген. Әр үш сағат сайын жұз мыңнан пенициллин құй!.. Ертең емханаға жіберіп, сарысуын біртіндеп алмаса, сары төсек боп ұзақ жатады...

Нияз енді қонуға үй іздеді, председательдің өз бала-шағасы көп, екі бөлмесі лық толы, фельдшер де түні бойы укол жасап, сонда болады. Енді қайда түнейді? Фельдшер өзі біреудің үйінде пәтерде тұрады екен, оған бару және қолайсыз, ақыры, председатель бар, бәрі ақылдасып, тамақтан кейін мұғалімнің үйіне төсек салғызыды.

Бастауыш мектептің менгерушісі бірсыныра жылдан бері сабак беріп келе жатқан тәжірибесі мол егде кісі көрінеді, оның да үйі іші қоңіліне қонбады. Екі бөлмеде жалғыз кереует, оған алты жасар бала ұйықтайды екен де, өздері, он бестегі қызымен қоса, бәрі ұйлығып жерге жататын көрінеді. Ниязда да төсекті жерге салды. Жерге үйренбеген Нияз түні бойы дөңбекшіп, жөнді ұйықтай алмай тұрды. Ертемен шай үстінде сөзден сөз туып, Нияз тіл тиегін ағытты.

— Қалай ұйықтадыңыз? — деді мұғалім өзі де қарап отырмай.

— Жаман ұйықтадым. Жерге жатып көрмеген ем. Жанжағымнан жел гулеп, тыптырыши бердім.

— Үйренбекендік. Үйренген бізге жерден тынышы жок, — деді мұғалім.

Осы кезде сау етіп кешегі қарсы алған екі жігіт пен бір жас мұғалім «ассалаумәләйкум!» деп кіріп келді, үй иесінің жағары шық деуі-ақ мұн екен, жерде жасаулы ыдыс-аяқты, тағамды елең қылған олар жок, бірінен соң бірі аттап төрге барды. Аяқтарының кірі ыдыс-аяққа ұшып түсіп жатқанын, не шай құйып отырған әйелі, не мұғалімнің өзі ескермеді.

Нияз жиіркеніп, кесесін төңкере салды.

— Неге ішпедініз? Ішініз, ішініз! — деп мұғалім де, әйелі де жапақтап кесеге қарай ұмтылып еді, Нияз қолымен баса қойды.

— Жок. Мен жиіркеніп отырмын.

Отырғандар не дерін білмей, шын ба дегендей тандана қарасты Нияздың бетіне.

— Я, сендер ауылға мәдениет әкелетін көзі ашық аза-

матсындар, істейтіндерің артта қалған надандардың қылышы. Кімді тәрбиелеп, кімге үлгі боласындар?

— Не болды, доктор жолдас, сонша таусылып? — деді жана келген жастау мұғалім.

— Жаңа не істегенінді өзің сезбедін бе?

— Мен не істедім? Жазғаным азамат деп сыйлап келіп, сәлем бергенім бе?

— Қайтейін, «сорлы» десем, өзіме тиеді. Хат танитын адамға қажет медицинадан хабарың жоқ. Лас-кір етігімен тағамға қарамай үстінен аттап өтесін де, не істедім дейсін? Сенін жер басып жүрген етігінде қандай тазалық бар? Сонсон, өздерің мұғалімсіндер, жерге қалай отырып, жерде қалай тамак ішесіндер? Ауру-сырқаудың бәрі осыдан. Жердің сызы, есіктен соққан сұyk ауа алдымен жерде отырган адамға зиян!

— Баяғыдан бері қазақ жерде отырып-ақ жан сақтап келеді ғой! — деді тағы да әлгі жас мұғалім.

— Бізді құртатын осы сөз, айналайын!.. Сенің кайда оқығанынды білмейім, бірақ білімің жоқ, надан адамның сезін сөйлеп отырсын. Қазақ арасында туберкулез неге көп, сен оны білесің бе?

— Көп деп кім айтады?

— Ойбу, қарағым-ай, таласпасаңшы, сенің мына ауырып жатқан председатілінің сырқаты да — сол туберкулездің бір түрі. Егер осы ауылды рентгенмен қарап жіберсөң, кемі төртбес адам табылады.

— Таба алмайсыз! — деді жас мұғалім ерегесіп. Нияз бетіне үніле қарады да:

— Сенің өзің де сау емессін, сенен де табам! Мұғалім қарк-қарқ күлді.

— Олай болса, қазір менің аппаратымды алып келіндер, ауыл адамдарын түгел мектепке шақырындар, жарты күнімді жіберіп, барлығын қараймын!

— Бәрін бір күнде қарай алмассыз. Шынында, жаксы келдіңіз, біздің оқушы балаларды қарап беріңіз! — деді мектеп менгерушісі.

Нияз сол күні түске дейін мектепте оқушыларды тегіс рентгеннен өткізді. Мұғалімдерді де қарап, айтқандай, ерегіс-кен жас мұғалімнің өкпесінен жан-жағы жаңаған ісе бастаған очаг тапты.

Тұстес мектеп менгерушісі үйіне ет астырып, мектептен бійк стол, орындық алдырып, тамак берді.

— Сіз ішпей қоя ма деп, әдейі алдырдым! — деді ол құліп.

Нияз тарелка алдырып, еттен аздап салып ап, әдейі бөлек жеді.

— Қолмен жеудің өзі зиян екенін неге білмейсіздер? Мынау отырған жас мұғалім ауру, табакқа о да қолын сұғып бірге жейді, енді осы үйдің ішіне түгел жұқтырмай ма? Әрине, бұл әлі онша асқынған ауру емес, бірақ бір күні іштегі жара жарылып, құртын сыртқа шашқанда, майлыш күйедей жуғады.

— Солай ма еді, өзі? Біз тек ауа арқылы десек, — деді үй иесі таңданып.

— Жалғыз ғана ауа арқылы емес, ас-тағам арқылы да жуғады! Тағамды адам жейді. Ішек арқылы қанға тарайды, қан арқылы мүшелерді дертке айналдырады. — Нияз көз қызының жас мұғалімге аударып еді, ол кейін шегініп, қолын қағазға сүрте басталты.

— Пәле десейші! — Үй иесі әйел де бір басып етті.

— Мына жігіт маған алая қарайды. Білем жақтырмай отырғанын. Ал осы ертең ауруын балаларға жұқтырады... Өзі ауырып жүріп, сабак беріп жүрген мұғалім жок дейсің бе?

Жас мұғалім үн-тұн жок орнынан тұрды да, шығып жүре берді.

Үй иесі қайда баراسын деп тоқтатпақ болып оқтала бергенде, Нияз женінен тартып қалды.

— Барсын, қайтесіз. — Нияз мұғалім соңынан үнсіз қарап отырып қалды.

Я, Нияз одан осы үйдің тамағын аяп, дастарқанын қызғанып отыр дейсің бе. Қатты айтқанына іштей өзі де налиды. Эйтсе де айтпаудың өзі — қылмыс. Айту — дәрігерлік борышы.

Тұстен кейін ауыл адамдарын, балаларды мектепке тегіс жинатып алып, туберкулез туралы түсінік берді.

Туберкулез, яғни қазақ «кекірек ауру» дейтін өкпе ауруы — адам баласы жаралғаннан бері келе жатқан кәрі сырқаттың бірі. Шығыс халқы бұл аурудың жау екенін ертеде білген. Индияда үнді халқы «арам ауру» деп ат қойған, ал Мысырда бұған қарсы курес ашып, күн бұрын сақтанып, ауырмаудың шарасын іздеген. Біздің ғасырдан бұрын 460—400 жылдар өмір сүрген гректің атакты дәрігері Гиппократ өкпе ауруының

тур-сипатын аныктап, соны емдей де білген. Оның ең бірінші емі тазалық, жақсы тағам болған.

Қытайда біздің заманнан бұрынғы VI ғасырда өмір сүрген Уанг Шу-хо деген дәрігер де өзінің медицина жайындағы кітабында туберкулезді сөз қылған. Баяғыда қысада оқитын Эбу-Әли Ибн Сина, Батыста Авиценна дейді, өзінің «Дәрігерлік кітабында» туберкулездің тұқым қуалайтынын, көктемде козып, қан түкіртетінін, ауа райының оған тигізетін әсерін тегіс жазған.

Мұның жұқпалы ауру екенін XVI ғасырда Фракасторо деген дәрігер үлкен мәселе қып көтерсе де, үш ғасыр бойы дауласып, жұқпалы екеніне сендіре алмай, әуре болған. Бұл жөнінде тарихта еңбек сінірген үлкен ғалым Лаэннеку, туберкулездің түр-түрлерін ашып, аныктап, аурудан қалай айығуға болатынын ашқан да сол.

Туберкулездің құртын 1882 жылы атакты Кох дейтін ғалым тапқан. Құрт науқас адамның қақырығында болатынын, оның ауамен бірге адамның өкпесіне үйелеп, жей бастайтынын дәлелдеп айтып берген.

Содан бері медицина ғылымы туберкулезben күрес жолын тауып, адам баласын құтқаруға бар күшті жұмсап келеді.

Соның басты жолы — тазалық.

Аурудың тарихынан аздал мәлімет берген Нияз енді сол аурудан сактану жолына көшті.

— Менің кешеден бері зар қақсауымның себебі де осы. Туберкулездің құрты көзге көрінбейтін жау, көрінсе, онымен күресу, әрине, онай. Құрт науқас адамның қақырығында, түкірігінде болады. Қақырық кепсе, ауамен ұшып жүріп, басқа адамның өкпесіне үйелейді, көбіне дымқыл, қаранғы жерде бір айға дейін өлмей, тірі жатады, ал тұра түскен күннің сәулесінің өзі ол құртты бірнеше сағатта зорға өлтіреді...

Құртты ауамен бірге жұтысымен адам бір күнде ауыра қалмайды, үштен сегіз аптаға дейін организм күресіп бағады. Адам қанының ішінде карсы тұратын күреспер күштер бар, солар алдырмайды. Кейбір адам өзін таза ұстайды, тағамды жақсы іshedі; қаны да толық, көнілі де көтеріңкі, сондықтан да ол алдырмайды. Туберкулез әсіресе адамның әлсіреген, көңілсіз кезін аңдып жүріп бассалады.

Туберкулезben сиыр жиі ауырады, сиырдың сүті арқылы

адамға, балаға жұғады. Жас балалар тамағының сырты жұдырықтай болып ісіп, іріңдеп ағып жүретіні — сол сиыр туберкулезінің салдары.

Енді біз айтқан осы ауруды қазақ аулынан неге жи кездестіреміз? Тазалық жок! Жерге отырамыз! Аяқ астында туберкулез құрты қөбірек, әуелі ол киімге, содан адамға жұғады; асты қолмен жейміз, қолда кір көп, адам жұмысты қолмен істейді, тырнақ арасына кірмен бірге түрлі аурудың құрттары үйелейді де, тамак ішкенде аспен бірге адамның қанына тарайды... Ағайындар, ойланатын уақыт жетті, бәрін де сауаттысындар!.. Жерде отырып, қолмен ас ішуді қояйық!..

Сөзін бітіріп, Нияз қалтасынан орамалын алып, тершіген ернінің үстін сұртті.

— Менін сұрағым бар, — деді шеттеу тұрған жас келіншек. — Қариялар: «Орындыққа отыра алмаймыз, құйымшымызың өсіп кетті» дейді, оған не дейсіз?

— Эрине, оңай көне қоймайды. Қүрес ашу керек!

— Бұл сөзге бәрі де күлді. Жауабы көкейге онша қонымды айтылмағанын анғарып, Нияз өзі де күлді.

Осы күлкімен жұрт тарады, председательге Нияз: «Ауданда емханада емдел!» деп кенес берді де, кешке қарай санаторийге қайтты.

Аяз күшнейіп, бет шымшиды. «Газ-69» ызғытып, қарды боратып келеді. Машиналың алдыңғы фары жарқырап, жол сілтеп, бұлтартпайды. Манағы келіншектің мысқыл сөзі, жұрттың оны қоштаған мазак күлкісі Нияздың құлағынан кетпейді. Нияз осылай оп-оңай ұтылып, женеліп қалғаны ма?.. Қазакты жерден қалай көтеру керек? Я, жерден жоғары көтермей, қолмен ас ішуді жоймай, туберкулез сиякты ауруды құрту мүмкін емес.

Мүмкін, Дәмеш те жас кезінде осындағы семьяда өсіп, жұқтырып алған да, кейін организм әлсіреген кезде күш алып, қозған болар... Үкімет декрет қабылдап, қаулымен қүштесе қайтеді? Нияздың орнында коммунист дәрігер болса қайтер еді? Өз пікірін үкімет алдына, партиямыздың Орталық Комитетіне жазар ма еді? Өзін коммунистер қатарындағын деп жүрген Нияз коммунишке неге белсене кіріспейді?

Мейлі, «Дон Кихот» деп күлетіндер де табылар, құле берсін, барысымен Орталық Комитетке хат жазады!..

## II

Нияз колхоздан қайтқан күні ертеңінде алақанның аумағындай санаторий стакан ішінде қайнаған судай бұрк-сарқ етіп, артық сөз, ыза-кең асыла төгілді. Соның бәрі, кім екені белгісіз, біреудің жаңсақ айтқан сөзінен басталады. «Доктор Дарханов демалушы қызбен жүреді екен, тұлкі сатып әпепріпті!» деген өсек өрбіп-өсіп, аяғы бар жәндіктей әр үйге өзі барып кіреді. Әуел баста біреуден естідім деп Сусанна Михайловна қарамағындағы медсестраға сыйырласа керекті. Содан әрі жылжып, әрі айтуши түрлі сакқа жүгірте, құйқылжыта өзгертіп, көптіре таратады.

Медсестра жақын құрбыларына, олар әрқайсысы өз дәрігерлеріне жеткізіп, соларға қарай бір жіп тартылса, екіншісі басқа жақпен тағы тартылады: кейбір жесір медсестралардың демалып жатқандар ішінде ашиналары болады, соларға жетеді де, олар арқылы санаторийдің ішін тегіс аралайды.

«Әйелінің сайқал міnezі әуелі жүргітқа тараиды, сонсоң еріне жетеді» дейтін мәтел бар орыста, сол сияқты, өзі туралы тараған өсекті Дәмеш те кешен естіді.

Біраздан бері көңілі орнығып, бойы сергіп, жүрекке түсірген дерт дағы өше бастаған Дәмеш жайрандаш сау кезіндей емін-еркін дәурен сүре бастаған-ды, күндіз эстрадада ән айтЫп, даусын түзеп, кешке кино, биге барып, қанатын самғай серпіген. Рентген сәулесінің бірінші сеансы құр атқа мінгізгендей кыз еңсесін көтеріп тастағанын Нияз да сезген.

«Сеанстың кешегі әсері қандай болды», деп сұрағанда. Дәмеш күліп: «Дәл төбемнен жіберді, аздап басым зеңгіген сияқты көрінді өзіме!.. Түнде катты ұйықтап қалсам керек. ертеңінде денем ширап, сергек түрдым», деді. Әрине, бұл рентген сәулесінің әсері емес, көтерінкі көңілдің өзі туғызған әсер. Нияз түсінсе де, Дәмеш түсінбейді. Осы бір қуанышты, жайдары кезіне жаңағы уақыға тап бола кетті.

Алғашқыда Дәмеш бұл сөзге мән бермеді. Студент кеп айтқанда, колымен қоңыз қағып түсіргендей жиіркенішті кимыл жасады. Артынан ойлана кеп, іштей тітіркеніп, көңіліне түйткіл алды. Мұқату үшін Сусанна Михайловнаның Ниязға қарсы таратқан өсегі. Әйтпесе, байыбына жетпей тұрып жүрт аузына сөз сала ма? О кісі деп айтуга Дәмештің аузы тағы бармайды. Адамға зиян келтіретін сөзді айтудың өзі сол адам-

ның ішкі сарайының таза емес, лас, кір екенін көрсетпей ме!.. Жоқ, бұған Дәмеш көнсे де, Ниязға кеселі тиер. Ол — дәрігер, ертең дәрігерлік этиканы бұздың деп айып тақса, қайтпек? Сусанна Михайловнаның үйіне барып: «Осылай, сіздің атыңызды былғап жүр» деп Дәмеш ескертсе қайтеді?

Студентті қасына ертіп, кешке жақын Дәмеш Сусанна Михайловнаның үйіне барды. «Әмір — Дәмештің кол чемоданы» деп күлетін-ді демалушы жігіттер. Бұған Әмірдің өз мінезі себеп: аузын ашып, екі қолын ербендетіп, көзі ұйқыға кеткенише Дәмештің соңынан қалмайды, анада сөз арасында Нияздың ескертуі де осыдан туған. Бұл мысқыл сөз Дәмештің өзіне де жеткен. Дәмештің өкшесін баса кірген студентті көргенде, Сусанна Михайловнаның езу тартып мырс еткенін ол соған ұйғарды.

— Кіруге рұқсат етіңіз, Сусанна Михайловна, — табалдырықты аттай беріп, Дәмеш рұқсат сұрады.

— Пожалуйста, кіріңіз, — деді ол қарсы жүріп, төргі үйіне жібермей, сол ауызғы үйдегі бір-екі орындықты ұсынып, өзі түрегеп тұра берді.

Мұнысы — «шаруаларың болса, тезірек бітіріндер, менің уақыттың жок!» деген ишарасы. Дәмеш солай ұқты да, отырған жоқ. Басын изеп, «ракмет» айттып, әдел білдірді де, арнап келген ісіне көшті:

— Сусанна Михайловна, сіз ғапу етіңіз, келем деген ойым жоқ еді, бірақ санаторийге тараған бір қауесет сөз менің арыма тиді. Сол әдепсіз сөзді сіздің тарады деп, сіздің атыңызды коса былғап жүр жұрт! — Дәмеш көзін қадап, Сусанна Михайловнаның бет құбылысынан ішкі ой толқынын аңғарғысы келеді. Бірақ тіс қаққан әккі әйел онай сыр бере ме?! Аяғының кате басқанын Дәмеш енді сезді.

— Сөз көп, оның бәрін тере берсөң, шашың ағарады. Сөз тарамасын десен, өзіңе берік бол!

— Мен өзіме берікпін, Сусанна Михайловна! — Дәмеш «берікпін» деген сөзге леп дыбысын қоя айтты.

— Оны білсөң, маған неге келдің?

Отқа май құйғандай сөз өрши бастады. Бұл сөз де Дәмешке ауыр тиді. Буынын қатайтып, есесін жібермеуге бекінді:

— Жаман-жақсылықты өлшеп тұратын ар деген таразы бар деуші еді Аскар ағам. Сол таразының қызмет істей ме, соны білгелі кеп ем!

Сусанна Михайловнаның танауы делдиіп, өні бұзыла берді:

— Өз абыройынды өздерің ашасындар да, біреуге кеп жап дейсіндер. Ол үшін ар таразысына салудың да қажеті жок!

Студент жүзі шыдай алмай, шегіншектеп, үйден шықты, Дәмеш жүргегін ұстап, босағада сілейіп тұрып қалды. Тілі күрмеліп, не дерін білмеді.

Сусанна Михайловна теріс айналып, жоғарғы бөлмесіне қарай жүрді. Дәмештің жасқа толған көзіне Сусаннаның желкесіндегі қошқар мүйіздей түйілген шашы бұлдырап, жылан сықылды елестеді.

Дәмештің ары да, тәні де таза екенін бұл әйел біле ме? Егер Дәмеш дәрігерге көрініп, справка әкелсе, кімнің абыройы төгілер екен? «Тезірек кет бұл үйден, текке келдін!» деді іштей бір өкініш дауыс.

Дәмеш үйден аяғын сандала басып шықты...

Ертеңінде ыстығы қотеріліп, Дәмеш тәсек тартып жатып алды. Асханаға да бармады, ешкіммен тіл де катыспады. Сусанна Михайловнаның үйіне барып, катты сөзге келгенін өзі де, студент те сөз қылмады, керек десе, айтуға қорықты. Егер Нияз естісе... атай көрме!

Дәмеш женілтектік жасады, бекер барды, бұрынғы Теміртаудағы жұмыскерлер арасындағы қарым-қатынас сияқты бүклемесіз ашық та жеңіл деп ұқты. Бұл санаторийде дәрігер мен демалушылар арасында офицер мен солдат арасындағы бағынышты ереже барып түсінбеді. Сусанна Михайловна мұны тен көріп, құрметпен қарсы алғып, байыпты сөйлеспеді. Салғаннан сөзімен наизадай түйреп қарсы алуы да сол.

Азанда обходқа келген Нияз екі колын төбесіне койып сұлық жатқан Дәмешті көріп, шошып қалды. Қасына кеп, бетіне үнілді:

— Не болды, Дәмеш Сахиевна?

— Жәй, әншейін...

— Сағың сынық... Не болды? Бір жерін ауыра ма?

— Жоқ!

— Кешегі рентген сәулесін... — деп келе жатыр еді, Дәмеш қолын сілтеп, ар жағын айтқызбады.

— Жо-жоқ! Атамаңыз, одан емес!

— Енді не болды?

Дәмеш енді өзіне ызаланып, Ниязды аяды. Шын ынта-

ықыласын сала емдейді, оны бұлар бағаламайды, ойына келгенін істеп, бөгет жасайды. Кеше, бәлкім, Сусанна Михайловнаға бармаса, бүгін төсекте жатпас та еді. Нияз үрейленіп, қиналmas та еді? Женілтектік шіркін осылай жарға соғады.

— Неге үндемейсің, Дәмеш?.. Біреу ренжітті ме?

— Жәй, әншейін!

Ниязбен бірге обходқа келген студент шыдамай, алға ұмтылып: «Біз... кеше...» деп аузын аша беріп еді, Дәмеш қабағын түйіп, ернін бұртитты. Студент үндемей, коя қойды. Нияз қатал пішінде студентке бүкіл денесімен бұрылды. Көзінде «айт!» деген ызғарлы бұйрық.

Әмір қайтерін білмей, сасқалактап, мойнына дейін қызарды. Бишара бала-ай, нең бар, әкеннен бұрын дұзакқа ұмтылып! Дәмеш студенттің жаутандаған көзіне қарап, күліп жіберді. Қыз күлкісі қытықтаған студент ернін тістеп, теріс айналды. Нияз ан-тан, «осы екеуінде бір сыр бар-ау» дегендей студентке:

— Немене, ойыншық па? — деді сұстанып.

— Кеше...

— Өзім айтайын, — Демеш сәл көтеріліп, алқымын көрпесімен қымтап, Әмірге карады. — Сен бара тұр!

Әмір шығып кеткен соң, Сусанна Михайловнамен екеуінің арасында болған әңгімені түгелдей жеткізді. Бір сез жынан қосып, бір сөзді бүкпеді.

— Ең ауыры — ол кісі менің арыма тиді! — Дәмеш кезіне мөлтілдеп жас іркілді. Нияздың астыңғы ерні дір-дір етіп, кемсендей түсіп қайта басылды. Сырын сыртқа шығармай үйренген ол:

— Осы ма?.. Эх, Дәмеш Сахиевна, сені Теміртау құрышындағы құйылған жан деп есептеуші едім, актамадың, — деп калжынға айналдырды.

— Рас, актамадым!.. Үйіме қайтарыңыз? Бұл жерде енді емделіп жазыла алмаспышын.

— Не дейсің? Қайта айтшы?!

Нияздың бетіне тұра карауға Дәмештің дәті шыдамады, көзі өңменінен етіп барады, бар қиналған қасірет-мұңын, күйінішін сол көзқарастан Дәмеш анық сезеді... Жоқ, енді қайта айта алмайды!

«Енді жетер!» дегендей Нияз да шығып кетті...

Түс кезінде Дәмештің қасына жыламсырап Әмір келді. Нияз оңаша шакырып ап, тілдегенін айтып мұңын шакты.

Дәмештен шыққан беті дәрігер кабинетіне келіп, сестраны қоя береді де, Әмірді оңаша қолға алдып, уақиғаның қалай болғанын бастан-аяқ айтқызып, анықтап алады да, ұрсып, жер-жебіріне жетеді.

«Рентген сәулесімен емделіп жүргенін білесің бе, егер де нервіне тиіп, ауыртып алсақ, сыныққа сылтау таба алмай жүргендер оны «ятрогенная болезнь» демейді, «рентген сәулесінің кеселі» дейді, осыны қалай ұқпайсың?.. Жақсы, ашу үстінде барам десе де, сен дәрігерсің, тоқтатып, неге ақыл айтпадың? Неге алдып баrasың?.. Мүмкін, саған қыз ұнар да, жақсы да көрерсің, әйтсе де дәрігерлік міндептінді ұмытып кетуге хакын жок!» — деді Нияз. Студент осы сөзді айтарын айтса да, тағы да «Бұлдіріп» алғам жок па дегендей қопактап, тезірек кеткісі келген сыйнай білдірді.

Дәмеш әбден тыңдал болған соң, мәз боп күлді. Неге күлгенине түсінбеген Әмір дударланған бұйра шашын саусағымен тарап, кінәлі адамдай қипактай қарайды.

— «Ол қыз саған ұнар да, жақсы көретін боларсың» — деп Дәмеш қайталай айттып, таң қалды. «Әнеугұні студентке тегін тиіспеген екен. Қызғанады! Қызғанады ол!» — Осы бір ой Дәмеш жүргіне маздатып үміт отын жақты да, іле қайта сөнди: мұның бәрі Дәмештің үлпілдек ак қардай киялыштан сокқан ак қаласы! Нияз осынша ынтызар болатын Дәмеш кім? Әнеугі хатқа да жауап бермеді!..

— Мен үшін сөз естісін, Әмір, кешір!

Ерке қыздың шолжың сөзіне қарай студент те жауап кайырды:

— Жонымнан таспа сыйдырып алса да, шыдап бактым сен үшін!

— Таспа алдырып қайтесің, төлеуі қымбатқа түсер!

— Ақы бермегеніңмен, аярсың әлде?

— Аясаң, жігіттің құны түседі.

— Дегенмен, жанын пида қылған жігіт тегін дейсің бе? Ен болмаса, көз қырынды саларсың...

— Сен маған канынды бердің, туыссың! Туыстығынды сатқаның ба?

Студент сөздің астарын түсінді де, күлімсіреп, шығуға айналғанда, тапал қара келіншек кіріп келді.

Әмір кеткен соң, санаторийдегі естіген өсек-аянын сокты ол:

Сусанна Михайловнадан шыққан өсек демалушылар арасына түгел тарап болған, «рас па» деп бірінен-бірі сұрайды. Разия өзі талайының аузына құм құйып, бетін қайтарып тастады. Сондай сөз неге керек? Осы күні еркектің өзі өсекті қатында жақсы көретін бол алған.

Разияның өзі айран-асыр, тауықтың миындай миы бар еді, түсіне алмай-ақ қойды.

— Разияжан, өзің қалай деп ойлайсың? Менің орнымда сен болсан, қайтер едін?

— Мен бе? — деді ол, Дәмеш сұрағын өзінше түсініп, аз кідіріп, қызға ұрлана көз тастады. — Егер ол дәрігер мені айналдыrsa, көнер едім!

Мұндай сөзді күтпеген Дәмеш сасып қап, жұмған аузын аша алмай, Разияның бетіне үңіле қарады. Өз сөзіне-өзі мәз келіншек карқылдалп күліп:

— Е, сен көнбедім деші?! — деді.

Дәмеш жердің тесігі болса кіріп кеткендей. Ұят-ай! Дарақы, қараңғы әйелге не дерсін? Дәмештің беті ашылмаған қыз екенін де сезбейді. Эй, топас!.. Жок, Разияны бұл ұғыммен қоя беруге болмайды. Қалайда түсіндіріп, шындыққа көзін жеткізбесе, өсек өсе береді. Алдымен мына Разияның өзі таратады. Бір уыс қып буып тастаған ашуын күшпен басып, келіншектің жуантық, қысқа саусақтарын Дәмеш сабырлы кимылмен ұстап, сәл жымиды:

— Мен көнбедім, Разия!

— Қойши, тәйір, бұлданбай!

— Неге көнем?.. Менің өз жігітім бар. Тойым да жасаулы, күтіп тұр...

— Адам өмірде бір-ақ жасайды, ертең сол жастығынды көрге ала түскенде не табасың?

— Эх, Разия, өмірдің қызығы бір аунап тұру ма? Қате үғасың. Сен өзің жар сүйіл көрдін бе?

Разия бұл сұраққа аз бөгеліп, сәл мұнайып қалды.

— Шынын айтсам, сүйгім келеді, бірақ сүйе алмайым. Былайша қарағанда, махаббат жас басымнан жүрегімде құса бол байланып, қатып қалған тәрізді. Неге дейсің ғой? Қазір түсіндірейін. Он алты жасымда бір сака жігітке тап болдым. Қатарғы көшеде тұрушы еді, кара мұртын сылап қойып, етігін

күнде майлап, кеш болса біздің қақпанын алдын ториды да жүреді. Құндердің бір күнінде, жаздың әсем кешінде әлгі жігіт мені оңаша қолға түсіріп, жіберсінші... Қоярда-қоймай, Ертіс жағасына алып барды. Екеуіміз биік жар жиегінде отырдық. Ол маған: «Сүйем, саған үйленем!» деп бұлбұлдай сайрап, жүрегін ұсынып жік-жапар болды. Ертеңінде бақшаға апарды, түн бойы жүрдік. Оған менің бойым үйреніп, сене бастадым... Үшінші күні женгем мені ертіп бір әйелдің үйіне шақырды, шай іштік, маған шарап берді. Ішпейім деп ем, үй иесі әйелмен екеуі екі жағымнан әзәзілдей азғырып отырып алды да, зорлап ішкізді. Аздан соң басым айналып, құлап қалдым... Не болғанын ертеңінде бір-ақ аңғардым...

— Қызық екен! Сонсоң?

— Сонсоң... Бұл — 1945 жылда, соғыс біткен, бір күні әлгі жігітім ұшты-құйлі жоқ болды да кетті... Түрлі сөз тарап жүрді, анығын әлі күнге білмеймін. Тері, әскерден қашып, тығылып жүрген біреу ме, соғыс біткен соң еліне тайып отырса керек. Міне, содан бері сүю дегенді білмеймін.

— Комбайнерді неге сүймедін? Кімнен кем? Тұр десен, түрі... — дей беріп еді Дәмеш, келіншек аузындағы сөзін жұлып алғандай, киіп әкетіп, ар жағын өзі аяқтады:

— Эй, тәйір, койшы соны! Ерніmdі ісіріп, сүйе бергеннен басқа қолынан келетіні шамалы, ең ақыры, әңгіме айтып та жарытпады...

Дәмеш енді әңгімені әрі ұзатпады, «басым ауырды, тынығам» деп, теріс қарап жатып қалды...

Жапалактап қар жауды... Жазда келген Дәмеш қыстады. Міне, дәл бүгін табандаткан төрт ай — әлі емделуде. Нияз жібермейді, Дәмештің өзі де біржола жазылып кеткісі келеді. «Жетеді!» деп батыл айтпады. Асқар ол хатында: «Қал, емдел, біржола құлан-таза айық!» деп қақсай береді. «Тәуір болсан, қайтпайсың ба?» деп қынқылдаپ қоятын Қайыр еді, онын өзі өкпелеп: «Адал болайық сенің ол арадағы серуендерін маған жетіп жатыр... Бұдан да сорақысы бар, бірақ сенбеймін!.. Әйтсе де сақ бол!» деп ищарай жазыпты бүгін.

Біреу домалақ хат жазған сиякты. Кім екен? Әлде Сусанна Михайловнаның өзі ме, кім білсін...

Бұл түні Дәмеш тағы да көрер таңды көзімен атқызды: біресе Қайыр, біресе Нияз алма-кезек алдына кеп, таң атқанша айттысып шықты.

Қайыр бұрынғыдай сенімді де сыпайы емес, өктем сей-леп, Дәмешпен таласа береді.

Қайыр. Білем, шөптің басы желсіз қымылдамайды...

Дәмеш. О не дегенің?

Қайыр. Мені босқа әуре қылғаның жетпеді ме? Жоқ, мазағың ба?

Дәмеш. Қайыржан, сен кешір!.. Рас, мен сенің алдында кінәлімін... О баста сені ұнатып қана сөзімді берсем керек...

Қайыр. Сонда сүймейім дегенің бе?

Дәмеш. Мен бір адамды шын сүйген тәріздімін. Бірақ не керек, ол мені сүймейді!

Қайыр. Шыныңды айтқаныңа рақмет!.. Енді біз де өз жөнімізді табармыз.

Дәмеш. Ә, солай ма? Бәсе, сенің опасыз екенінді сезгем. Мен бұған тием деп отырмын ба? Сөз ретінде сені сынауға айтып ем... Білдім, сенің неге бойыңды аулаққа сап жургениңді. Осы тұрган Теміртау — поезбен он екі сағаттық жол. Мен жатқалы төрт ай, неге келіп кетпейсің? Өзің директорсың, рұқсат алу саған шарт па?..

Осы сөздің аяқ шенінде Нияз жетіп кеп, Қайырды сырғытып жіберіп, іс-міс жоқ, қолын ұсынды.

Нияз. Жұр менімен, Дәмеш! Қайтесің, сен сияқты ардақты жанға ие болуға мұның әлі өресі жетпейді!

Дәмеш. Нияз Базілевич, мені өлімнен құтқарып алғып қалдыңыз, ол үшін мен сіздің алдыңызда қарыздармын... Бірақ басқадай менде ой жоқ еді... Кешірініз!

Нияз. Туһ, Дәмешжан! Әнеугі хатынан жүрек сырынды жақсы түсінгем, қайтесің жасырып?

Дәмеш. Нияз Базілевич, қандай қatal адамсыз, ең болмаса көніліме неге қарамайсыз?

Осы бір үшеуінің арасындағы айтыс таң белгі бере тоқталағып, Дәмеш талықсып ұйықтап кетті. Ертеңінде көзін ашса: бөлменің іші аппақ, жап-жарық. Е, тегі, Дәмеш ұзақ ұйықтап қалған ғой, ұят-ай, қазір дәрігер обходқа келеді. Жалма-жан ұшып тұрып, терезеге көз салды: есік алды белшеден қар, қарағайлар ақ тиіннен тон жамылып, ақкіс терісінен басына бөрік киген, шықырлаған аязда сыйдырлай теңселеді. Тыска шығып, біраз сайрандап қыдырса... Айтқандай, қыскы киімі жоқ екен-ау, енді қайтті? Ағасына жазып еді әкеп бер деп, әлі хабар жоқ, неғып жатқанын.

Дәмеш әйнектен үлпілдеген ақ қарға қуана да сүйсіне қарап тұрғанда, арт жақтан біреу кеп, әкырын ғана қолын иығына салды, жұмсақ та ыстық қол. Кімнің қолы екенін Дәмеш көрмей-ақ таныды, күнде обходқа келгенде кейде еркелетіп жағынан қағып, кейде білегінен үстап, тамырдың соғысын санайтын, өкпеге перкусия<sup>1</sup> жасайтын таныс қол — доктор Дархановтың қолы...

### III

Доктор Дарханов деген атақ Көкшетау аймағына түгелдей тараған да, сол мандағы колхоз, совхоз, Шортанды, Степняк, Еңбекшілер, Қызылту, Макинка сияқты аудан, кала орталықтарынан науқастар келіп-кетіп, емделіп те жатады. Бірінің қарлығып қалған даусын шығарып, бірінің естімей қалған құлағын естіртіп, енді бірінің кеңірдегіне дәрі құйып, рентгенде қарап, науқасының диагнозын қойып, ерінбей еңбек сіңірді. Кей дәрігерлердей істеген еміне бұлданып, күбірлеп, жақтырмаған пішін білдірсе де, іштей бірдеме дәметіп құн көрмеді. Жен ұшынан «мына бір сыйлықты сізге!..» деп ұсынған адамға:

«Үкіметтің берген ақшасы жетеді!» деп бетін талай қайтарып та таstadtы. Нияз «енбекақы» деп науқас адамнан ақша алған дәрігерлермен жаңы қас, жеке адамнан ақы алудың өзі ерсі. Қол созып қайыр сұраганнан айырмасы қанша мұнын? Бұ да — ескі дүниенің, сасық қылықтың сарқыты.

Әрине, Нияз өзі бұл жайында жалғыз өзім «пионермін» деп санамайды, бүкіл совет дәрігерінің мінез-құлқы осындай: «жен ұшынан» ақы алған дәрігерсұмақты қайсы болсын жек көреді.

Кеше студент келіп: «Санаторийдің соңғы радио хабарына қарағанда, сіз жеке адамдарды емдеп ақы алатын көрінесіз!» деп күлді. Дарханов әуелі шошып кетіп: «Ақысы несі? Оны кім айтады?» деп таңырқай қарады. Артынан кезекті өсек екенін түсінген соң, қосыла күліп, «алмақ ақшасын» санады. «Сонда бір жылда ең азы — «Москвич» автомашинасын сатып алуға халім жетеді екен? Әй, шын ашық ауыз екем!».

Соңғы күлген адамның күлкісі ғана сыйымды деген емес

<sup>1</sup> Саусакпен тырсылдатып, соның дыбысынан өкпенің ауруын айыру.

пе! Күлгөнімен, Нияз ойланып қалды. Апыр-ай, біреу жан-жағынан тор құра бастады, біріне болмаса, біріне түсер деген кулық па? Жан-жағынан оқтай атқылап жатқан өсек, жаладан қайтсе құтылады? Не шара қолданса екен? Әлде Сусаннаға барып: «Мені мұқатқанда, саған орден бермес. Баяғыдай сыйлас дос болайық!» десе, не дер еді?

Мұның аты Шортанбаев сияқты жалақордан қорқып, кейін шегіну, әлсіздік, жүрексіздік емес пе? Сусанна сияқты кекшіл әйелдің сөзінен қашып, торына түспек пе? Жоқ-жоқ, мұның бәрі сынаптай толқыған бір минуттік көніл құбылысы!

Дарханов қазір бас дәрігерге барып: «Қойдыр, әйтпесе, шатақ салам!» десе... Я, курес, әдетте, осылай басталмай ма?

Күн сұып, кешегі түскен көбік қар катып қалған. Пальто-сын иығына іле сап, омбылай басып, Кравцовтың үйіне қарай жедел аяңдап келеді. Бас дәрігер орман ішінде жекелеу тұратын-ды. Үйінің алдына жақындаған бергенде, тайыншадай ақ төс қара тәбет арсылдап тап берді. Нияз бұл тәбеттің атын да білмейді, ішегін шығарып жүрер ме екен шайтан?

— Барбоска! Барбоска! Неге үресің, дос емес пе ек!.. — Нияз азғырып көріп еді, ит елемеді. Жақындаған қалды. Қашса, шаптан алыш, жарып тастамақ. Ең жақсысы — қайрат шегіп, қарсы ұмтылу!

Нияз екі алақанын шапалактап, итке қарсы тұра ұмтылып еді, ол қаймығып, кейін қашты... Осы кезде үйден Алексей Ивановичтің өзі шығып, кіргізіп алды.

— Е, доктор, тұнделетіп неғып жүрсің?

— Сонымнан Сусанна Михайловна күып келеді! Алексей Иванович Нияздың дауыс ырғағынан әзілдеп тұрғанын аңғара алмай қалды.

— Я, не деп? — Нияздың бетіне анырая қарайды.

— Үйлен деп.

Алексей Иванович енді түсінді, мырс етіп күліп жіберді.

— Үйлен десе, несі бар, той қыламын! — деді бас дәрігер қосыла әзілдеп. Өзі де қалжың десе ішкен асып жерге қоятын қуакы кісі, көнілденіп, көтеріңкі сойлеп, одан бетер екіленді. Әйеліне көзін қысып, қонақ үйіне алыш барды.

— Вера!.. Доктор шай ішетін шығар, әкел самауырды!.. Құда түсудің басы шайдан басталсын...

Нияз Кравцовтың әйелімен амандасып, қонақ үйдің тө-

ріндең көк барқытпен тысталған диванға отырды. Әзілді шақпақтай шаға біл, от тұтанады.

— Осы жасымда күйеу боп, сіздің алдынызда именіп қайтем, менен де жас дәрігерлер бар ғой.

Алексей Иванович қарқ-карқ құлді:

— Сусанна Михайловнаға келгенде қартая қаласың-ау. Жас қыздарды Бурабайға серуенге шақырасын. Өзеуреп құшасын! Қайта, жуас десенші Сусаннаны!

Нияз бас дәрігердің ашы сөзінің зәрін құлқімен қайтаруға тырысты. Бәрін естіген еken. Апыр-ай, алды-артын орап, сөзбен арбай алады. Қалай жалтарса еken?

— Мен женілдім! Жастықтың соны деп серуенге шыққан бір құнім еken, опасызың міnez тапсаныз, жазасын өзіңіз беріңіз!

Алексей Иванович айғайлап әйелін шақырды:

— Вера, бері кел!.. Женілді!.. Доптай секіріп уысыма түспей жүруші ең, ә, бәлем!.. Ха-ха. Осы үшін екеуіміз бір-бір қағысып жіберсек қайтеді?

— Қайтып ұрттамасқа ант бергенім қайда, өзіңіз білетін едіңіз ғой, Алексей Иванович!..

— Женілдім деші.

— Женілдім!

— Бәсе!.. Ал енді байыпты әнгімеге көшейік. Неге келдін?

Нияз соңғы аптада сонынан ерген сұық сөздерді, олардың демалушылар арасына дейін тарағанын түгелдей баяндады.

— Менің өмірім сіздің көз алдыңызда! Айтыңызшы, қате басқан жерім болса. Осы ұсақ-түйекті қалалы жерде сөз де қылмас еді, үлкен өмір шенберінен шетірек шығып, қарайып қалғандық па дейім.

Алексей Иванович радиокабылдағышты бұрап, Москва-дан музыка ұстады.

— Біз, немене, аралда жатырмыз ба? Бұл теорияға мен қосылмайым! Өсек, қаңқу сөз — Бұл санадағы рак сиякты ауру, ескі тұрмыстан қалған дерт деп эне бір әзірде дұрыс айттың... Бүгін маган партия ұйымының хатшысы кеп кетті, жаңағы өзің айтқан «ақша алады, кісі емдейді» деген сөзді содан естідім.

— Ол кімнен естіген?

— Білген де, арыз түскен болар. Сен партияға түсем деп жүр ме едің?

— Енді оның ауылы алыс, Алексей Иванович — Нияз мұнайып, басын изей берді.

Алексей Иванович радиоқабылдағышты тағы да бір бұрап, Алматыны ұстады. Бибігүл үзілтіп ән сап жатыр екен, екеуі үнсіз тына қалды. Әнші: «Талай қындықты бастарынан кешірген екі үлкен дәрігер орынсыз ренжіп, жабырқай ма екен?.. Тында мені, шырқа менімен бірге! Көтеріндер көңілді!» деп әндете күліп қалжындаиды. Алексей Иванович та әнші даусынан осы бір қалжынды ұққандай. Нияздың иығынан қағып:

— Сен, Нияз Базілевич, тарықпа! Осының бәрі өмір кірі, қолынды жусаң — кетеді... Әлде ойланарлықтай «сұйықтық» жасап қойып па ең? Жасырмай, шынынды айт! — деді.

Нияз Кравцовтың бетіне тұра қарады:

— Менің бұрын сіздің алдыңызда ұятты болған жерім бар ма?

— Жок!

— Онда осының бәрі «өмірдің кірі» деп мән бермеу қаншалықты ұтымды... Рентген емін қырық саққа жүгіртіп, іске алғысыз қып оны таstadtы. Осылай қол қусырып отыра береміз бе?

— Не қыл дейсің?

— Тыймайсыз ба? Кравцов күлді:

— Мән берме, айттым ғой, қолдың кірі, жуып таста деп!

— Кравцов қолын бір-ақ сілтеп, рюмкасын көтерді...

Нияз Кравцовтың үйінен кеш оралды. Талай сырдың бетін ашып, сарқа әңгімелесті. Нияз өзінің жаңа туған айдай толықсып келе жатқан жас арманына дейін алдына тартты. Кравцов тіс қаққан, өмірдің қылқөпірімен өткен кісі, ақыл беріп, тоқтау салды...

Кравцовтың үйіне тарылып, мұнайып барған Нияз, бір тірек тауып, тоқтамға келіп қайтты. Сабыр түбі — сары алтын, біреулер өсек таратты деп, бұлқан-талқаны шығып, өмірден безуге бола ма? Мұның бәрі — сонау ызғарлы жылдардың нервте қалған зардабы, қымс етсе, қай жағымнан ұрып жібереді деп үрейлене күн кешкендік. Содан бері бірнеше жыл тұракты өмір сүрді, сол бір өң мен түстің арасында шымшытырық жылдарды ұмытатындаиды да уақыт жетті. Шамасы, нерв жұқарған да, сол әлі баяғы сау қалпына келе алмай жүрген тәрізді.

«Семьяң болса жоқ, доктор Дарханов, соқа басың, жасың болса қырыкка келіп қалдың, әлі бір жиекке кеп тұрактап, ұя сала алмай, дарияның бетінде қалқып барасын! Бір кезде ғылым шынына өрлең, өмірдің кажет тасына айналсам деген үмітің бар еді, о да салақ әйел тұтатқан от сиякты бір жанып, бір сөнеді... Қазіргі өкпе ауруын рентген сәулесімен емдеу әдісі әлі шешілген жоқ, карсы адамдар көп, кім біледі немен аяктарын?»

Өмірден олай неге түнілесің, Нияз? Сен өзінді ермін деп есептейтінің қайда? Кеше өмір дариясында кемен сынбаса, апатқа ұшырамасан, толқынмен алысып, жалғыз тақтаймен жүзіп, жанталасып жиекке шықпасан, үйінде отырып, осындаі салт атты, сабау қамшы атансан, сонда ғана «бейшара» деуге болар еді сені. Курес үстінде шынықтың, өзің сиякты жастардың ауыртпалығын көтердің, замандастарына осал материалдан жасалды дегізбей, арынды сақтап, адал өмір сүргенің ерлік емес пе?!».

Ой желісін ширата-ширата Нияз қашан ұйықтап кеткенін де білмейді, ертенінде корпусқа кеп, Дәмештің палатасына кірсе, терезе алдында кешегідей көнілсіз тұр екен.

Қар каткан терезеге саусағымен: «Натура санат...» деп жазып, соған дұрыс па деп күдіктенгендей, сығалай карайды. Бұл сөзді оған кеше Нияздың өзі айтқанды. Босағада сәл кідірді де, Дәмештің бұрыла қоймағанын көрген соң, Нияз тез-тез басып қасына барды, «санаттан» кейін саусағымен үтір қойып, сонсоң әрі қарай созып, «медикус курат» деп жазды да, дауыстап:

— «Табиғат сауықтырады, дәрігер емдейді!» деп Гиппократ ақылды айтқан, Дәмеш, кешегі сезімді қайталайым: Бұрабай ауасы сені сауықтыrsa, мен емдедім!

Дәмеш күлімсіреп, бетіне сүйсіне карады.

Осы бір сәт санитарка есікті шалқайта ашып:

— Дәмеш Сахиевна, мына кісі сізді сұрайды! — деді, қасындағы еркекті алға итермелеп.

Дәмеш жалт бұрылса, босағада күлімсіреп тұрған Қайыр.

— О, Құдайым, шын сенсің бе?

Дәмеш өз көзіне-өзі сенбейді. Жүрегі дүрсіл қағып, алқымына тығылады. Атын атаяын десе, үні шыкпайды, тілі күрмеліп қалған ба, тәйір. Бұл — қас пен көздің арасындағы көніл құбылысы. Енді есін жиып, сезімін билеп алған Дәмеш

көз қығын қасындағы дәрігерге аударды. Оның да өні бұзылып, қаны ішіне тартқан, аппақ қудай. Қайырға жіті қарайды. Осы кезде Қайыр да қыз көзінің ізіне ілесе дәрігердің кім екенін аңғарып, көnlіне секем алғандай болды.

Дәмеш тұра ұмтылды, төрден есікке дейін екі-ак аттады. Бара бас сап құшақтап, басын оның қеудесіне салды. Қайыр да құшақтап, арқасынан қақты. Қыз да, Қайыр да сүйісуге талаптанбады, кол беріп, жымыңдаса жылы амандасты. Бұлар өзара шүйіркелесіп жатқанда, доктор Дарханов кетіп бара жатып, Қайырды ертіп әкелген санитаркаға:

— Қонақты менің кабинетіме жатқызарсың! — деді. Бұл сөзді Қайыр да, Дәмеш те естіді.

— Бұл кім? — деді Қайыр Нияз сонынан түйіле қарап.

— Доктор Дарханов!

— Ә, әлгі менің бакталасым екен ғой, — деді Қайыр каттырақ дауысталап, кекеп.

— Жоқ, ол сенің бакталасың емес, мені өлімнен құтқарушы асыл адам, жақсы дәрігер! — Дәмеш те турасына басты, жігіттің бетін қайтармаса, іс насырға шабуы ықтимал.

— Естідім оның қалай емдел жүргенін...

— Ех, ақылсызым! Сен мұндай деп Дәмеш ойлаған жоқты. — Оған көзін жетсе, неге келдің? — Дәмеш даусы шытынай шықты. Қайыр кате басқанын сезінгендей қызара құлліп:

— Сенің оны жақтауына қарағанда, мен осы жерде шын артық адам сияқтымын, Дәмеш! — деді.

— Көкек өз атын өзі шақырады. Күні бұрын артықпын деп айғайлап тұрса, мүмкін, о да болмай қалмас!

— Келмей жатып сырынды актарғаныңа рақмет! Ақ жүрексің!

Дәмеш енді өз мінезі тым қатал да өрескел екенін аңғарды да, жайрандай қолтықтап, Қайырды төрге апарып, орындық ұсынды.

— Екеуіміздің бітпейтін ежелгі дауымыз ғой, өкпелеме!.. Кейде керіс-тартысты да сағынатын күн болады екен, қайран заводым-ай!.. Шешін, отыр! Айта бер: завод аман ба? Не жаналық бар? Үй-іши, туыстар не халде?.. Ой-бу, қызық сенде ғой, Қайрош!

Қайыр сыртқы палтосын шешіп, киім ілгішке ілді де, жанжағына тамашалай қарап, жуыр маңда отыра коймады.

— Жалғыз өзің жатасың ба?

Дәмеш ұзын кірпігін шамдана серпіді:

— Мен туралы кейін сөйлесерміз! Әуелі сен айт: завод аман ба? Бұл бірінші сұрақ!

Ниязға ашылмай, тартына сөйлесетін Дәмеш Қайырға еркін де ерке. Ниязға деген биязы да нәзік даусы Қайырға келгенде ашық та ойнақы; Ниязға дегенде сырға толы мұнды көзі дәл қазір күлім қағып, Қайырға мысқылдай карайды. Беубеу! Екі ереккеке Дәмеш неліктен екі қырымен көрінді, соны өзі түсіне ме?

Түсінеді! Дәмеш қазір толқып, өзімен-өзі іштей таласады. Қазіргі жайдары мінезі де сол бір дау-талас ойдын шет жағасын сездірмеуден туғандай.

— Аман, аман... — деді Қайыр селкос, Дәмештен көзін алмай, бет-әлпетінен өзіне керек сырдың ізін кескендей. — Бәрі орнында. Мартен цехы — коммунистік еңбек цехы деген атақ үшін күресіп жатыр... Екінші сұрағынды айта бер.

— Сен өзің бюрократтарша сөйлейсің ғой! — Дәмеш күліп, бетіне үңіледі. Әлденеге кейіп, тарылып отырған адамның бейнесі. — Екінші сұрағым: біздің үйдің іші аман ба? Жеке-жеке аттарын атап айт!

— Атаса, Асекен қызметінде... Сәлем жолдап, киім-кешегінді тегіс беріп жіберді. Чемоданымды палатаға жібермей, санитарка алып қалды. Құрыш атан Алматыда. Үлкен баласының қолында, әлі қайтқан жоқ. Сенің уакиғанды естіпті. Жылап хат жазып жатыр... әдірісінді жібердік, өзіне де жазған болар, Ораз, Ажар... тегіс аман!.. Ал енді өзіңе көшейік, — деп Қайыр да Дәмештің хал-жайын естігениңе асыкты.

— Сұрай бер! — Дәмеш те өз істегенін өзіне қайырғысы келгендей салқын леп білдіре сөйледі.

— Сұрасам, денсаулығың қалай? Жазылдың ба?

— Баяғыдан тәуірмін. Біржола айықтым деп айта алмаймын. Немене, жазылсам, алып қайтып, той қылмақсың ба?

— Әлбетте!

— Олай ойласаң, тойдың ауылы алыс. Тегі, үмітінді біржола үзгейсін!

Қайыр сұрланып, бетіне таңдана тәнеді:

— Неге?

— Сен сау-сәләмәт адамсың... Мен жарымжанмын, саған керегім қанша?

— Сен жазылмайсың ба?

— Сен мені жазылады деп үміт етіп жүр ме едін?

— Асекең солай деген.

— Асекең айтса, түсінікті, сені ренжімесін дегені. Шындықты естігің келсе — осы! Әнеугі хатты айығады деп есеппен жазған екенсің ғой? Ауру қызды дәрігерден қызғанғанда не түседі? Онан да Теміртауға қайтып жүре бер... — Соңғы сөзді тамағы құргақсып зорға айтты Дәмеш. Толқып орнынан тұрып кетіп, терезе алдына барып, манағы Нияз екеуі жазған Гиппократтың сөзін оқыды.

Қайыр да Дәмештің қасына барды. Бұның да толқып тұрғаны белгілі, жиі-жиі дем алып, дірілдеп, Дәмештің қолына жармасты.

Дәмеш шегініп, араларын алыстаташып, қолын ақырын босатып алды.

— Немене, менен шыныңмен алыстағаның ба, Дәмеш? Есік ашылып, санитарка кіріп келді.

— Жолдас, сізге отделение бастығы өзінің кабинетін берді. Сонда барып шешініп, жуыныңыз. Нәрсесіз де сонда!

Дәмеш те сөзді ұзартпай, Қайырға кенес берді:

— Бар, бар. Жайлап... Кейін әнгімелесерміз. Киімімді мына Лушадан беріп жібер!

Қайыр «жақсы, жақсы» деп, пальтосын қарына іле сап, санитарканың сонынан ерді.

Дәмеш оның артынан үнсіз тұрып қалды: екі иығына екі кісі мінгендей, жауырыны қакпақтай, денелі де сымбатты жігіт. Шалбарының балағы соңғы модамен тарлау қып тігілген, қарәкәк костюм үстіне құйып қойғандай, мұсінін ерекше әсерлейді. Соңғы айда Қайыр бұрынғысынан да толған сияқты.

Өзі әкім, завод директоры, астында машина, жаяу журмейді. Үйіне барса, тамағы әзір, шешесі табақ-табақ ет асып, алдынан күтіп отырады. Қайыр толмағанда, кім толсын. Дәмеш ауырса, ертең басқа бір қалындық тағы да табылар, уайым жеп қайтсін...

Бірақ салғаннан Дәмештің осылай қатал да сұық қарсы алғаны әделкә жата ма? Ең болмаса бір сүюі керек еді ғой.

Жоқ-жоқ, шу дегеннен бойды аулак сап алыстатур — ең тапқан ақыл!..

\* \* \*

Нияз кешкі обходқа келсе, Қайыр қараңғы кабинеттің бір бұрышында жападан-жалғыз тығылып отыр.

Электр шамды жағып жібергенде, екі көзі жарқ етіп, тісі ырсып, қораға күш тықкан қасқыр сияқты көрінді Ниязға.

— Негіп отырсыз, шам жақпай? — Нияз шифоньерді ашып, ілулі халаттың біреуін алды да, кие бастады. Жайсыз жағдайда қолға түсіп қалған шалдуар баладай Қайыр да орнынан жедел тұрып, ашық, жуан даусымен үйді басына кетере сейледі. Нәзік те талдырмаш Нияз оның касында баладай екенін сезінді. Қайыр кабинеттің ішін тарылтып, жүргө мүлде жер қалмагандай.

— Сізді тосып отырып, қалғып қетіппін. Жол соқты дегендей...

Нияз көзін тіктеп қарап, осы отырысын дәлелдеу үшін тапқан қызыл сөз екенін ұға қойды. Тұр-әлпеті қалғыған адамға ұқсамайды.

— Менде шаруаңыз болса, қазір обход жасап келейін, сонсоң тұні бойы әңгімелессек те уақыт бар, — Нияз қалтасына стетоскопты сұға салды да, палаталарды аралады. Бірақ «я, не шағымың бар?», «халің қалай?» — деп жол-жөнекей сұрағаны болмаса, құндеғідей қастарына кеп, бір-екі күлдіргі сөз айтып, науқастардың көңлін көтермеді.. Қайырды отырызып ап, дөңгеленген карусель сияқты ойы шыр айналады.

Я, Қайырдың жаңағы отырысы — іштегі лаулаған жалын күйдіріп бара жатқан адамның отырысы. Нендей сыр бар бұл жігітте? Егер ол санаторийде тарап жүрген өсекті естіп келсе ше? Естісе, Нияздың да оған айттар жауабы дайын — қалтасында, керек жерінде суырып алады.

Палаталарды аралап, Нияз кайта оралды. Сол өзі қалдырып кеткен қалпы Қайыр терезе алдында тұр. Тізесін де бүкпеген. Тұсі сұық, манағыдан да ызгарлана түскен, есік ашылғанда жалт бұрылды.

— Жаңылмасам, сіздің атыңыз Нияз гой? — деді ол Нияз столына отырар-отырмас.

Ниязға бұл сұрақ ерсі көрінді. Сұрағына қарай жауап — Нияз қулана жауап қайтарды:

— Әкей марқұм азан шақырып осылай деп атап кеткен көрінеді.

— «Азаны бар ауылдың мазағы бар» дейтін біздің бір қарт, екінші мазақ атыңыз жоқ па?.. Мысалы, Мысықпай, Күшікпай деген сияқты...

— «Мынау да сен тұр, мен атайынның бірі ғой». Нияз бетіне таңдана қарады:

— Аузыңызға бұрын түскені, тегі, күшікті ауылдың баласысыз ба, қалай?

— Жоқ, сіздің жерде көп пе дейім. Келмей жатып етегімнен тістелеп, жүргізбей жатқанына қарағанда.

— Қайдам, бұл жерде тыныштық еді. Таяқ лақтырып, ит үркітіп жүрген өзіңіз болмасаңыз.

Күш сынасқан балуандай екеуі аздал сілкілесіп, бірін-бірі сынап қарады.

Қайыр дәрігердің қарсы алдына кеп отырды. Қанын ішіне тартқан, өңі құп-ку, тесіле қараған адамға астыңғы ерні дірдір етеді.

— Менің сізге қоятын айыбым бар!.. Ереккекше жауап беріңіз! — деді. Оның әлгі бір әзірдегі жұмсақ барқыт даусы құрғақсып, құлаққа жағымсыз естілді.

— Айып деген сөзіңіз өкпе, наз дегеніңіз бе? — Нияз сөздің зілін әлсірете, әзілге айналдыруға тырысты.

Қайыр басын шайқады:

— Жоқ! Өкпе, назды жақын адамға ғана айтуға болады! Қу сөзге сап, әңгіме желісін бұра берменіз! Мен бүгін қатты айтып, бет тырнамайын! — деді ол тағы да қатал үнмен, шабуылды қүштейтіп.

— Жігітім, алмағының бар кісідей, даусыңыз аңы шықтығой, байқаңыз, шаңыраққа қараңыз!

— Бұ да совет өкіметінің кенесесі, сондықтан бізге де шаңырақ, дәрігер жолдас, әкеніз көтеріп берген жоқ... Өзіңіз қате ұғынып, шаңырақтың кімдікі екеніне түсінбей, бейбастақтық жасап жүр екенсіз ғой.

— Егер мұндай әдепсіз тілмен сөйлейтін болсаныз, әңгімені доғарайық!

— Ғапу етіңіз, мен әдепсіз сөз айтқам жоқ сияқтымын!.. Сіз дәрігерлік этиканы сақтай біліңіз. Жұртқа қойған талапты өзіңізге де қойыңыз!

Нияз аң-тан: «Осы не деп мінеп отыр? Егер Дәмеш мынаған күйеуге шықса, сорлады екен...». Нияз толқып, буа бастаған реніш-ашуын басып, еріксіз құлімсіреді:

— Дәл басып айтқан сөзді жаным жақсы көреді, инженер жолдас. Оспақ-ишара, астарлы сөзді тек қалжың үшін айтуда болады!

Инженер құлағына дейін қызара булыға сөйледі:

— Сіз менің қалындығымды азғырып, екеуіміздің арамызға түсіп жүрсіз, оған не деп жауап бересіз?

— Дәлелініз қандай?

— Бірінші дәлелім, осы жерден сіздің мінезіңді әшкере-леп жазған жасырын хат алдым... Мейлі, ол жазған адамның аты белгісіз бола-ақ қойын, бірақ екінші дәлелім сол хатты расқа шығарғандай. Қалыңдығымның көңіл райы маған бая-ғыдай емес, салқын!

Нияз шыдай алмай, күліп жіберді:

— О святая простота!<sup>1</sup> — Нияз ракаттана сылқ-сылқ күлді. Қайыр ала көзімен жиіркене қарады да орнынан тұрды:

— Артист!

— Жоқ, інішегім, артист мен емеспін... — Нияз күлкісін кенет тыйып, бүкіл денесімен алға ұмтыла тездете сойледі:

Сен өзіңнің кім екенінді білесің бе?.. Салмақпен тында, айтып берейін. Кеше Асқар Сағатовтан хат алдым, міне, қалтамда! — Нияз бір конвертті алып, алдына қойды. — Ол сіз туралы жазған... Сабыр, сабыр етіңіз, әуелі мен айтып бола-бын... Опасыздық жасап, бір күндік нәспінің құлдығына са-тылған сіз көрінесіз. Москвадан келген қызбен бір ай қайда болдыңыз? Оған Самарқанд көлінің арғы жиегіндегі демалыс үйіне путевка алып берген кім екен?

— Хатты сізге неге жазады? — деді Қайыр қызыраңдал.

— Біздің арамызға түскісі келгені ме?

Нияз басын шайқады:

— Тайыз ойлайсыз, жігітім!.. Асқар қарындасын аяп жа-зып отыр, естіп қалып ренжіп, ауруын үдетіп ала ма деп қауіптенеді.

— Сонда Дәмештің де естігені ме? — Қайырдың даусы алғашқыдай емес, жуас та баяу.

— Элі естіген жоқ, Теміртаудағы Ліда дейтін құрбысы се-ниң сол уақиғаңды жазып жіберген екен, Асқар біліп қап, маған телефон соқты: «Хатты бермей, ұстай тұр, не боп қалға-нын кейін естисін!» деп... — Қайыр қызырып, мұрнының ұшындағы шыпшыған терін қайта-қайта сұрте берді.

— Біреуге біреу келмей ме... Несі бар екен соны көптіріп, басқаға жорып...

— Ол арасын хат жазған қыздан сұраныз! — Нияз кү-лімсіреп, безер баладай тына бастаған үлкен жігітке аяныш аралас мысқылдан қарайды.

<sup>1</sup> О, бейшаралық деген мағынада.

— Жорамал! Лидияның өзінше жасаған жорамалы! Тек мениң сізден сұрайтыным: Дәмеш біле қалмасын... Әрине, бұл хатты маған қарсы пайдалануға арыңыз бармас деп ойлаймын...

— О не деген сөзіңіз?

— Домалақ хатқа қарағанда, сіздің де дәменіз бар сияқты. Күн бұрын ескерткенім де.

— Дәмеш әлі жазылған жоқ, ол сізге де, маған да қалыңдық бола алмайды. Әуелі емдеп, еңбек сініру керек, достым.

— «Еңбек сініру керек» деп, Дәмештен мені олай алшактатпаңыз!

Нияз тағы да мырс етіп күліп жіберді:

— Қайран жастық-ай!.. Өлімге қалай қарсы тұра аласыз?

— Сіз түгіл, өлімге де бермеймін!

— Сіз сияқты инженердің айтатын сөзі емес бұл. Қолыңда құралың жоқ, өліммен қалай қүрессесің? «Бермейім» деп мына мениң айтуыма болар...

— Сөзіндің төркіні белгілі болды, дәрігер. Құрал да сіздің қолыңызда. Еңбек сініретін де сіз, сонда сізді таңдадық па?

— Ол арасын айта алмайым. Өзінен сұраңыз! Ал адалына келсек, жаны қалған күнде өзін күтетін, өзіне жаны ашитын дос керек. Ол қыз енді ер таңдамай, дос таңдауы керек!

— Ері әйеліне дос бола алмай ма екен?

— Бола алмайды. Ер эгоист, өзімшіл келеді, өз нәпсісін, өз құлқынын, өз тілегін бұрын ойлады.

Бұдан әрі екеуінің ойы аспанды шарықтап, самолет іздеңген прожектор жарығындағы айқыш-ұйқыш түсіп, сөне берді. Шынында да, манадан бергі екеуінің айтысы самолет көрмей босқа атылған зенитканың оғы сияқты. Оны екеуі де сезді...

Иле медсестра келіп, Ниязды телефонға шақырып әкетті де, Қайыр қалып қойды.

Дәлізде жүріп бұлардың даусын естіген Дәмеш дәрігер кетісімен Қайырдың қасына келіп, жанын жағасынан алды.

— Не дедің дәрігерге?

— Дәмеш!.. Еркектер арасында сөз болмай ма, қайтесін килігіп... — деп күлімсіреп, жалтарып көріп еді, Дәмеш бұлтарппады.

— Мен есік алдында тұрып, сенің саңқылдаған сөзінді

түгел естідім. Неге жасырасың? — Дәмеш бұл жолы әйел қауымының белгілі тәсілі — оспақса салды.

— Естісөң, менен неге сұрайсың?

— Жок, сенің өз аузыңнан естігім келеді!

Қайыр бір қызырып, бір бозарып, қиналып, не істерін білмеді. Қолынан бар келгені — күле берді.

— Мен одан... домалақ хат жайында сұрадым! — деп, ол өзінің домалақ хат алғанын айтты.

Дәмештің көзі бақырайып, басын шайқады:

— Эй, әй!..

Аузына түскен сөзі осы ғана болды. Дәмештің екі беті дүйлдап, теріс айналды. «Іші тар, қызғаншақ па еді Қайыр? Ертең Дәмеш қалай отасып, қалай бірге өмір сүре алады? Қарындасы Ажар осы сияқты қызғаншақ, іші тар еді, шамасы, екеуін бір қалыппен құйған-ау. Бәсе!..».

— Сен өзің түсінесің бе не істегенінді? — Дәмеш қасына қайта оралып, бетіне үңіліп, көзін іздеді, бірақ о да тұра карамай, тайсақтай берді. — «Домалақ хаттың» құнын білмейсің бе?.. Сен үшін мен қиналып, азап тартып отырмын. Өзінді өзің келемеж ғып, дәрігер алдында ұятқа баттың. Абыро-йынды төктің.

Дәмеш жылап, кабинеттен шығып кетті... Келе төсегіне етпестінен құлады.

Дәмештің жұлдызы онын тумаған, бақытсыз адам! Жастай әке-шешесінен айрылды, жұрт қолында жетім бол өсті, одан Оразбен дос бол жүріп, Қайырға тап болды. Сондағы қайыққа бірге мініп, өмір дариясында бірге жұзбек ертengі се-рігінің сиқы осы ма?.. Бар білімін, мол тәжірибесін аямай енбек сініріп емдең жүрген дәрігерге алғыс айтып, қоңілін аулаудың орнына, қызғанып, тілдейді!.. Дәмеш Қайырды ақылды, кең пейілді, алды-артын бажайлап ой жүгіртіп отыратын, ертен мемлекет басқаруга жарайтын азамат деп жүрсе... Қап, Дәмеш қалай қателескен!..

Дәмеш мінезін Қайыр түсінгендей еді: бес жыл бойы сөзін бермей, маңына жолатпай келгенін өзі біледі. «Домалак хатқа» неге сенеді? Жақсы, Дәмеш Ниязға қызықсын делік, бірақ жүрек түбінде көмүлі жатқан сол шаланы үрлеп тұтатқан дәрігер жок, «солай-ау» деп жорамал жасау Қайырдың тәрбиесіне сая ма?.. «Осыған, Демеш, өзің де айыпты емес пе екенсің» деді іштей қарсы бір дауыс. Дәмеш қалайша айыпты?

Дәмеш хатты сирек жазды — бір, келгенде сүйк қарсы алды — екі, соңсөн... Жок-жок, мұның бәрі Дәмешті Қайырдың алдына жығып беру, оған көнбейді, кінәлі оның өзі. Дәмеш жайы ең қын, халі ең ауыр кезінде ол жанын сап қайрат көрсете алмады, шет қала берді, соған көрсеткен Дәмештің қыры.

— Дәмеш! Мен... — дей беріп еді Қайыр қасына кеп жалынышты дауыспен, Дәмеш басын көтеріп, көзінің жасын сүртіп:

— Қайыр Рахимович! — деді. — Келген ізіңмен бүгін Теміртауға қайт! Сенен ақыргы қалайтын тілегім осы!..

Мені жақсы көрсөн, қайт!.. Қазір мен сенімен байыпты сөйлесе алмайым. Текке көnlін қалады!

...Қайыр бұдан соң ешкіммен тілдеспеді, ертеңінде Теміртауға қайтып кетті.

#### IV

Дәмеш пен Қайыр арасында қандай сез болғанын Нияз білмеді, тек Қайыр жайында алған өз әсерін талдап, ой-пікірін ғана топшылады.

«Есі-дерті кетіп, өз өмірін Дәмеш жолына пида қылатын шынайы мағаббат Қайырда жоқ, ол тек қызығып, құмартады, ертең Дәмеш екеуі біраз жыл жолдас боп, ыстық-сұйғы базылған соң, жалт беруі де ықтимал.

Қайыр — «бозбалашылығын», өзінің нәпсі-тілегін артық бағалайтын өзімшіл қатыбас, әйтпесе, «бозбалашылығын» жасырып, әлдекімнің қанку сезін Дәмеш пен Нияздың алдына тартпас еді.

Жарайды, бұл жастық шақтағы ағаттық болсын, Нияз оған да көнді, бірақ Дәмештің ауыр сырқатын елемей, қызғаныш туғызып, жанына тиуі — женілтектік. Шын сүйсе, жары үшін намысына тиген бір ауыз артық сөзді елең қыла ма екен кісі? Мағаббат асқақ, тәкаппар келеді, сүйе де, кешіре де біледі!..».

Осы бір ой қанат бітіргендей, Нияз көл жағалап, шаңғы теуіп зырлап келеді... «Зырла, шаңғым!».

Аппақ үлпек қар күн көзіне шағылысып, жылт-жылт етіп көзді ұялтып, жастық шақтың арман-тілегін тудырады. Үыстап ауызға сап, жегісі де келеді!..

Үйіне жақындей бергенде, Ниязды іздеп, шарқ ұрып жүрген санитарка:

— Сізді іздең жүрмін. Сағатова дем ала алмай, тұншығып...  
— деп ар жағын айта алмады. Сүйтті де, делбен қағып кейін жүгірді.

Жаңа ғана әлем биігінде қырандай шарықтаған көңілін санитарка бір-ак ауыз сөзімен атып түсірді, міне, қанатына оқтиіп, тыптырап жерде жатыр: өлімнен қалай құтқарады? Ажал шынымен-ақ алқымнан алғаны ма? Рентген сәулесін алғаннан бері өкпесінің ісігі қайта бастаған жоқ па еді? Енді не болды оған? Кешеден бері аздаپ ыстығы көтеріліп еді... Оны Нияз Қайыр келіп, нервіге тигеннің салдары деп ұққан-ды. Осыдан үш күн бұрын көргенде айыр көмекейінің жалған тілі қызыарып тұрған еді, әлде содан басталды ма бар пәле? Жығылған үстіне жұдырық, өкпе ауруына көмекей ауруы қосылса, Дәмеш сорлады десенші! Міне, ылғи осылай: елпілден «осы адамды жазсам!» деп көніл қоя емдесен, келемеждегендей ауру үстіне ауру жамайды!

Нияз сүріне-қабына үйіне кірді, шанғысын лактырып тастап, үстіндегі жемпірін шешті де, костюмін киер-кимес, пальтосын қолына алып, корпуска қарай жүгірді.

Мұндайда бір минуттың маңызы зор. Нияздың ажалмен бетпе-бет айқасып, күш сынақсан кезі аз емес. Асыққанда жақын жердің жеткізбейтін әдеті-ай осы! Корпус әлі қашық. Манағы санитарка «қазір келеді!» деп барғанда, жанталасып, ажалға қолын ербендетіп: «Әрі кет! Әрі кет!» деп жатқан науқастың екі көзі есікте бол: «Қашан, қашан келесін, дәрігер?.. Неге баптанасың?» деп қиналатынын және біледі.

Корпус табалдырығын аттай бергенде, Дархановтың кабинетінен көлендеп Сусанна Михайловна шыға келмесі бар ма! Қасында бір топ дәрігер. Нияздың жүрегі су ете түсті: «Бұл сайқал тегін жүрмеген болар!» деді іштей күбірлеп. Кейбіреуі шегіншектеп, жол берді. Сусанна Михайловна мысқыл аралас езу тартып:

— Соңғы күндері сізді қолға түсірудің өзі қыын боп кетті-ay! — деп әлденені ишаралап сөз таstadtы.

Нияз үнде меді. Қазір ши жүгіртіп, нервті қытықтایтын кезең бе... Топ алдында қаздандай басып кетіп бара жатқан сестра палатаның есігін ашты. Қырылдан екі иығынан демін алып, Дәмеш қысылып жатыр екен. Көзі бадырайып шығып барады, ерні көкпенбек, танауы делдиіп, екі иығынан демін

алады. Нияз еңкейіп, тамырын ұстады. Жоқ, жүрек әлі мықты, қатты соғып тұр.

— Істығы канша? — Нияз сестраға қарады.

— Отыз тоғыз!

Басқа дәрігерлер де науқасты қоршап алған, ентелей төнеді — ажалды жібермей бөгеп, Дәмешті аман алып қала-тындаі. Дәмеш те әрқайсысына қинала қарайды: «Неге тамашалайсындар, өлім қызық болып па?.. Өлімнен алып қала алмайтындарың бар, несіне дәрігер боп жүрсіндер?» деген сөзін Нияз айтпай-ақ ұкты.

Әзіне арналған қуаныш-жалынышын Нияз науқас көзінен ұғып, іштей қиналады.

— Не болды саған? — Нияз еңкейіп, науқасқа құлағын тосты.

Ол қолымен тамағын нұсқап, «сөйлей алмайым!» деген ым қакты. Түсінікті. Бұл тамақтан алған ісік болды, диагно-зын қою керек.

— Науқасты менің кабинетіме жеткіз, сестра! — Дәмешті қоршап тұрған дәрігерлерді Нияз көзімен бір шолып өтіп, Сусанна Михайловнаға токтады: нәлдей иілген қара қасы, тұнжыраған көк көзі іштегі толқынның тонометрі<sup>1</sup> сияқты. «Мен сені әлі де ұмытқам жоқ, кайрылғайсың, жігітім!» дегенді Ниязға бұлай сездіруінің өзі қалай? Қиналып жатқан мына адамның өмірін неге ойламайды? «Қызды осындаі хал-ге жеткізген сен, білеміз, сактан, жігітім!» деген айбары ма.

Дәмешті зембілге сап кабинетке апарды. Нияз қасына Әмірді алды да, басқа дәрігерлерді кабинетіне жібермей, қызы-ды санитаркаға сүйетіп қойып, көмекейін көрді.

Реляскоп<sup>2</sup> жарығы көмекейдің нәзік құрылышын үйге түс-кен машинаның фарындаі айнала айқын түсірді: айыр көмейі ісіп, базданып кеткен. Кенірдекке баратын дем алыс жолын ісік тұтас бітеп тастаған. Ол не сейлей алмай, не дем ала ал-май қалуы да содан. Мұны медицина тілінде «флегманозный ларингит» дейді. Қазір ісікті жарса, сарысу ағып, ауаға жол ашылар ма еді.

— Әзірлен, Әмір, жу қолынды! — Нияз шынылы шкафты ашып, қаз-қатар жатқан аспаптар ішінен Тобольдтің көмей

<sup>1</sup> Қан толқынын өлшектін аспап.

<sup>2</sup> Көмекей қарайтын аспап.

пышағын тауып алды да, стерелизаторға салып, қайната бастады. Әмір қолын сабында жуып, Дәмешті операция столының қасына отырғызы; алдына акжайма жапты, тамағына дикаин жағып, жанын кетірді. Дем ала алмай киналышп отырган Дәмеш аузын зорға ашты. Дикайнға малынған зонд көмейіне барған кезде, шашалып жөтеліп, бұлығып қалды.

— Дәмештің басын сүйей бер, Әмір!.. Шыда, айналайын, қазір дем алатын боласың!.. — Нияз жалған көмекеймен тұтаскан ісікті қаламмен сызық сызғандай Тобольд пышағымен екі жерден сызып жіберді. Қан аралас ірің акты... Дәмештің де көзі шырактай жанып, байсалды дем ала бастады...

— Сен барып тынық! — деп Әмірді қайтарып жіберіп, кабинетіне оралған Нияз әлсіреп, буындары дірілдеп, күшетканың арқасына сүйене құлады. Өні кашып, көзін жұмып үнсіз отыра берді. Арал құсындаі бірі ұшып, бірі конып құжынап жатқан ойлар, дерек таба алмай, сандалған ойлар... Сап-сая жазылып қалған Дәмешке бұл ауру қайдан тап болды? Көмекей туберкулезі рентген сәулесі әсерінен көктемдегі өртөндей көгеріп шыға келді ме?.. Өйткен күнде, бүгінгі ем шипа болмайды, қайта, өрши түседі!.. Онда не ем істейді? Стрептомициннен басқа шара бар ма?.. Дәмеш бұдан былай Ниязга сенуден қалар... Ықылас салып аянбай емдеген науқастың осылай машакаты көп. «Тағдыр әдейі мазактайды» деп Сусана Михайловна күлетін. Әлде сол рас па екен?

Бұл тұні Нияз кабинетте түнеді. Әлсін-әлі оянып, палатаға барып, әр төрт сағат сайын пенициллин ектіріп бақылап отырды, бірақ таң ата науқастың тынысы қайтадан тарыла бастады...

— Кеше стрептомицинді қай кезде бердің? — деді Нияз сестраны шақырып алыш.

— Кешкі алтыда.

— Қазір тағы да бір жарты грамм бер.

— Стрептомицин жоқ. Қалмапты!

— Қазір бар да, аптекарьді оятып, алыш кел! Мә, саған рецепт! — Тілдей қағазға рецепт жазып, сестраның қолына ұстата берді.

Іле сестра қайта оралды, аптекада стрептомицин жоқ бол шыкты, таусылған. Қап, енді қайдан алады?

Курорттың орталығы — Бурабайға жіберуге тұра келді.

Шофер оянып, он сегіз километр жерге барып, қайтып оралғанша күн тұс те болды.

Дәмештің тынысы тарылып, кешегідей қайтадан екі иығынан дем ала бастады. Пенициллин бұл жерде дәрменсіз бол шықты. Экс ювантивус<sup>1</sup> қыз көмейінің ауруы туберкулезге байланысты екені дәлелденді. Олай болса, бұған доктор Дарханов кінәлі. «Енді қалай жалтарар екенсін, жолдас, «жаңашыл» дәрігерім? — деп мазақтай күлген Сусанна даусын да Нияз естігендей.

Рентген сәулесі көмекейде жасырынып жатқан туберкулездің уын қоздырған да, ол өршіп, ісіп шыға келген.

Нияз таң атқалы аузына бір түйір ас салған емес, ерні кеуіп, тамағы құрғақсып та қалды. Тамақ ішетіндей болып жатыр ма, Дәмештің жаны қыл үстінде.

Палатаға қайта оралды. Дәмештің әдемі жұқа еріндері кезерген, көкпенбек, танауы тағы да деддие діріл қағып, қинала бастаған. Ниязға қарап: «Осы ма қолынан келгені?» деп өкпе-наз айтқандай.

Нияз шыдай алмай, палатадан қайта шықты, кезіне жас іркіліп, дәлізде терезенің сұық шынысына бетін төсеп, тұрып қалды.

Ендігі емі — трахотомия жасау! Кеңірдекті тесіп, трубка кою, сол трубка арқылы дем алдыру!.. Жоқ-жоқ, трахотомияға баруға болмайды, қыздың әдемі сымбатын бұзып, тамағының астына тыртық дақ қалдыру жарым-жан болумен бірдей. Сонда сымбатын бұзбайым деп өлімге киуға арың қалай барады, доктор!

Алырай, шофері құрғыр қайда жүр?.. Егер стрептомицин Бурабайда жоқ болса ше?.. Ой-бу, Нияз! Не ғып тұрсын, барсайшы, Дәмеш қиналып жатқанда күтың кетіп қалғаны қалай? Осының ерлік пе? Мүмкін, шофердың машинасы сыйнып, орта жолда қалған шығар. Арт жағынан салмақты басқан біреудің жүрісі естіледі, жақындалап келеді. Шофер ме? Жалт бұрылды. Асықпай-саспай, әдетінше балтана жүріп келе жатқан бас дәрігер екен.

— Қалай? — деді иегімен палатаны нұскап.

— Нашар!.. Шофер әлі жоқ!

— Кім білсін, неге кешіккенін...

<sup>1</sup> Болжаумен емдеу.

Екеуі палатаға кірді, Дәмештің баяғы қалпы, мұрны ұзарып, көзі шүнірейіп, ішіне түсіп кеткен. Бас дәрігер тамырын ұстап, жүргегінің соғысын тындарды... Қолымен тамағының астын басып, сипалап, науқастың көnlін аулайды.

— Ауыра ма? — дейді Дәмешке. Дәмеш басын изейді.

— Блокада жаса!

Блокада жасау манадан бері Нияздың ойына неғып түспелген? Есінен адасып, абыржып қалған екен!

Жалма-жан сестрадан новокайн мен таза шприц алдырып, блокада жасауға кірісті. Дәмешті қозғамай, үстіне ақ жайма жауып, дәл көмекейінің тұсына — жұтқыншақтан төмен йод жақты. Шприцке новокайнды толтырып ап, терінің арасына аз-аздан жіберіп, үлкендігі кішкене танадай, қатар-қатар үлдірете берді...

Блокаданы бітірген кезде, шофер да келіп жетті.

— Неге кешіктің осынша? — деді Нияз кабинетінде хала-тын шешіп жатып.

— Аптекарь қалаға кеткен екен, соны тостым.

Нияз оған «жүре бер» дегендей иек қақты да, сестраға «стрептомицин құй!» деп өмір беріп, бір тәулік өткенде нәр таттай үйіне зорға оралды.

Асханадан тамағын әкеп күтіп отырған Матрена Васильевна:

— Сізге не бодды, доктор?.. — деп түрін көріп шошып кетті.

— Қалжырадым... Көз іліндіріп алайын, бір сағатта оятарсың! — деп кереуетіне құлай кетті.

## V

Жасынан жылы жақта есken Сусанна Михайловна арқа-ның аязына, түтеп соққан ақ боранына шыдай алмайды. Қыс болса, үйінен ұзап кетпейді. Аяғын қалың көрпемен орап, кітап оқиды, радиодан музыка тыңдайды, сонау алыстағы жүлдиздай жарқыраған Москва, Алматы қалаларының сәнді де қызық өмірінің лебін сезініп, оңашада қиял дариясында қалқып, зәулім қалаларды аралайды, музыка ырғағына бөлсөніп, өткен өмірін есіне түсіріп, кейіне сүйінеді, кейіне құйінеді.

Соңғы аптада ертемен бір-екі сағат корпуста болып, арапап, рецептіге қол қойып, қайтып кететінді әдет қылды... «Бір күнде жұмыс бітпейді, оның сонына түсіп куалай берсен,

масақтап өсе береді, картайғаныңды да аңғармай қаласың!» деп өзін-өзі Жұсіптің алдында да ақтаған.

Осы бір кеште сол қисынды жүзеге асырғандай маздал жанған пештің аузында отты тамашалап, қолындағы «Рентгенология» журналының почта экелген жаңа санының бетін де ашқан жоқ... Құрғақ ағаш сыйырлап, лаулап жаңып, бәсендей бастады... Сусаннаның маҳаббаты да отқа ұқсас, аз күнде Нияз өз қолымен тұтатып, маздата жандырды да, енді өз қолымен су шашып, сөндіруге айналды!.. Жұсіп үрлеп, қайта маздатпақ. Пішту, әурешілік!

Сусанна Михайловна Жұсіпті мысықтай еркелетіп, арқасынан сипаса, ол мияулап аяғына оралады. Жарымжан көнілін алдағаны болмаса, екеуінін арасында құмардан шығатында жақындық жоқ. «Әйелі келгеннен бері тұсалған жорғадай жүрісінен танды, бейшара!» деп Шортанбаев келеке қылатын, сол тауып айтқан секілді. Өзінен-өзі қипақтап, бетінде бір шырмау бар адамдай тәмен қарайтынды шығарды. Әлде әйелінен жасқана ма? Айтқандай, кеше жолшыбай қалаға бара жатқанда, автобус ішінде Шортанбаевтың қалжындар: «Жұсіптің күні қараң! Балға мен төстің арасына түскен темірдей қайқаңдайды!» деген сезін қалай ұқтың? Сол сөздің бір шеті Сусаннаға тиіп, жаткан жоқ па еken? Әлде кулардың айтак сезіне еріп әйелі жанжал шығарып жатыр ма? О да болмай қалмас! Қөршісі — Шортанбаев, оның тілі — сала қулаш. Сусаннамен таласып, күндес бола алатын қандай әйел ол? Сусаннаның жалынды маҳаббатына қанатын шарпытқан Жұсіп ұясында да тұрақты жайлы қоныс табылmas.

Түскі ас кезінде келемін деген Жұсіп ымырт жабыла қашқын адамдай үрлана кірді.

Сусанна Михайловна мысқылдай бастады:

- Ит куды ма, осынша аптығып? Аңқау Жұсіп тусінбей:
- Жоқ! — деді де, сез ырғағын артынан аңғарып: — Бір қызық әңгімелеге кіріп кетіп, шыға алмай қалғаным.
- Қызық көрмей жүретін күнің бар ма, Жұсіп Хакимович?
- Сеніңіз. Шортанбаев жаңа қаладан оралды. Аупартком секретарына барып, тағы да біраз мәселені құлағына құйып, пікір тарта тамырын ұстап көріпті. — Жұсіп сыйырға көшіп, есік жаққа үрлана көз тастайды: — «Жаңашыл доктордың» сорлы қызды қалай емдегенін жыр ғып айтса керек.

— Эй, сол Шортанбаевтың тілі болмаса, қолынан іс келеді дегенге өзім сенбейім!

— Сіз оны білмейсіз, бұрын тісі батып қалған одан көбі қаймығып тұрады!.. Пәлекор, жалақор дегеннен жұрт әлі күнге қорықпай ма.

— Баяғы даңқпен күн көреді де... Я, сөйтіп, немен аяқтаған сөзін?

— Комиссия шығаратын болыпты.

— Әнеуқұні емес пе еді, комиссия келеді деп дүрліктіріп жүргені?

— Екі ойлы болған ба, қалай... Мына факті бұлтартпаса керек! — Тыста, терезе алдында біреу жүрген тәрізді, қар сықырлап, әлдекімнің ышқына өксіген даусы да естілді. Жүсіп терезеге бетін бұрып үлгермеді, әйнек шынысы шатыр-шұтыр быт-шыты шықты, жұдырықтай тас терезені тесіп өтіп, дәл Сусанна Михайловнаның алдына түсті.

Жүсіп шампан тығыннадай үйден атып шықты. Шаңқылдаған әйел даусы санаторийді басына көтерді.

— Көрсетем, кімнін күйеуіне жармасуды ол салдақыға!

— Бақтыгүл, қой енді, үйге жүр!.. Ұят болады, ойбай! — деп жалынған Жүсіптің даусы естілді.

Сусанна Михайловна тырп еткен жок, орнынан да қозғалмады. Сынған терезеден қар гулеп еніп жатыр. Жылы үйге кірген сұық ауа іле буға айнала бастады.

Жүсіптің әйелі күйеуін қызғанып, терезе сындырды. Біреу итермелеген де! Ертең бүкіл санаторийге жайылады. Сөзсіз. Нияз қандай рақаттана күлдер екен?.. Әлде итермелеген сонын өзі ме? Жок, бұған бір-ақ адам кінәлі, ол — Жүсіп, еркек емес, бозөкпе! Қатынына әлі келмесе, бөтен әйелге қырындал несі бар?

Қалай десен де, бұл — тағылық, Шығыс әйелінің мәдениет өрісі әлі де болса жетіспегені. Дәрігер дәрігерге келіп кеткенде қандай сөкеттік бар? Бас дәрігерге осы жайды Сусанна Михайловнаның күні бұрын өзі айтқаны макұл...

Ертеңіне шытырлап кербез киініп, Сусанна Михайловна өз кабинетіне қарай аяңдады. Есік алдына бара бергенде, суман етіп сайтанша Жүсіп жетіп келді. Сусанна Михайловна сыр бермей, ызбарлы үнмен бетін қайтара сөйледі:

— Бүкіл санаторийге келемеж еткеніңе ракмет! Бұрын

мұндаған сөз алдынан шығып көрмеген Жүсіп сасып, тілі күрмеліп, кейін шегінді:

— Мен... кешірім сұрайын деп келдім... Эйелім — надан!..

— Эйелі надан адамның өзі де одан алыс кетпейді.

— Тастаным! Өмірімді еш қылды. Көрмеген қорлығым жоқ!.. — Жүсіп бала сияқты аяғының басына қарап сөйлейді.

Жасық сорлы!.. Эйелінен айрылатын кісі жар салып, өз арын өзі жұрт талқысына тосып мазақ боп айрыла ма екен? Откен тұнгі терезеден саулаған аязды Сусанна ұмытпас!

— Сіздің семьяңызда, қадірлі доктор, менің шаруам жоқ!

— Неге, неге? — Жүсіп бірер сөз айтқысы кеп қипандап еді, Сусанна Михайловна тындаған жоқ, кете барды.

Сусанна Михайловна дәрігерлердің ертеңгі мәжілісіне әде-йі кешігіп барды. Алакан аумағындаған санаторийде сыр жата ма, біреу радиомен хабарлағандай түп-түгел біліп отырады. Қайдан еститінін кім білсін... Әсіресе доктор Дархановтың тілінен қаймығады, ол шағып алғанда қан шығады! Сөзін былай қойғанда, көзінің бір пәлесі бар, үніле қарағанда өңменіңнен өтеді!.. Құдай беріп, бұғін о да келмеген!

— Отделение бастықтарына қолайлы болу үшін, мәжілісі басқа бір уақытқа көшірсек қалай болады, жолдастар? — деді бас дәрігер кекетіп, Сусанна Михайловна кіріп келгенде.

— Фапу етіңіз, отделениеде тығыз жұмысым болып бөгеліп едім, — Сусанна саусақтарын жаңа көргендей сығалай қарап, қылымсі қалды.

— Доктор Дарханов... — дей беріп еді, бас дәрігерге біреуі:

— Ол кісі корпуста қатты науқастың қасында! — деді.

— Ол әлгі Сағатова гой? — Сусанна да сөзге араласты. — Халі қалай екен?

— Тәуір! Откен тұні жақсы ұйықтап шықты, — деді күзette болған дәрігер.

— Сіздің комбайннеріңіз қалай? — бас дәрігер Сусанна Михайловнаға бұрылды.

— О да тәуір! Ыстығы төмен түсті. Бірақ психикасы өте нашар, сөйлесуден қалды, бүркеніп жата береді.

Бас дәрігер кезекші дәрігердің рапортын алып, санаторийдің тұнгі хал-жайымен танысты, үйықтай алмай шыққан, өкпеден қан кеткен, ыстығы көтерілген демалушылар болды ма, кімге қандай дәрі-дәрмек керек — бәрін тындалап, әрқайсысына

бұйрық беріп, қызметтеріне таратып жіберді де, Сусанна Михайловнаны оңаша алғып қалды.

— Сапиенти сат! Я, ақылды адам түсінетіндей, Алексей Иванович! Біліп отырмын, оңаша алғып қап, «кеше не болды» демекшісіз ғой?

— Рентген табатын өкпе сырқатында таптыңыз менің ойымды, — деп жымиды бас дәрігер.

— Сізге кім жеткізсе де, кеш қалмаған, — Сусанна Михайловна маңыз бермей, күлкіге айналдырығысы келді. — Дәрігердің үйіне дәрігер кіrmесін деген заң шығарып па едіңіз, Алексей Иванович?

— Жоқ... Мен емес, дәрігерлердің әйелі жалпы жиналыста қаулы алса керек-ті, — көзін шүйіріп, қулана карайды ол.

— Оны да сізге бекіттіріп әкеткен болар?

— Әйелінен корықпайтын еркек бар ма, — Алексей Иванович сылқ-сылқ құліп, Сусаннаның жанына тигендей, — әйеліміз ақырса, өзіміз мыштай боламыз!

— Жұрттың бәрі сіздей қоянжүрек дейсіз бе? Алексей Иванович әлденені есіне түсіргендей, күлкісін тыбып, сөз желісін кенет бұрып жіберді:

— Сусанна Михайловна, ұмытып барады екем, ертен біздін санаторийге комиссия келмек.

— Комиссия? Не қылған комиссия?

— Аупартком жіберетін көрінеді, рентген сәулесімен емдеу әдісін тексермек. Соған мүше ғып біріне сізді ұсыныпты.

Сусанна Михайловнаға бұл хабар онша ұнамады: шет тұрып пікір айту қолайлы да сыпайы сиякты еді. Ниязben тіл табысам ба, қайта оралтам ба деген үміт айдалада жаркыраған тұнгі оттай жылт-жылт ететін-ді. Енді сол отты өз қолымен біржола сөндірмей ме?.. Нияздың әдісін жақтап, сол емді қолдану керек десе, қайтеді? Жоқ, оған баруға болмас! Халықты алдағанда не түседі? Онсыз «балгер» мен дәрігердің арасында айырма бола ма?

— Неге үндемейсіз? — деді Алексей Иванович Сусаннаның ойын бөліп. — Қатынасқының келмей ме?

— Әрине!.. Өзіміздің адам. Оған қарсы тұрудың өзі ла-йықсыз, кім екен комиссияға мені енгізген?

— Мен емеспін, аупартком.

\* \* \*

Нияз айнаның алдына кеп, шашын тарады. Самай шашына ақ кіріп, мәндайына әжім түскен. Шалқактау, кең мәндайының терісін саусағымен жазып сипалап, ойланып қалды: «Қырыққа келмей картайды деген осы-ау!».

Мұнайып, айнаға тесіле қарайды. Институтта жүргенде, анау бір жылдарда: «Ғалым болам, жаңадан өм ашам!» деп арман ететін. Ол балалық шактағы менменшілдік, бос қиял екен! Ғалым түгіл, жақсы дәрігер де бола алмай әлек. Профессор Штокиннің емін қолданып, науқасты емдеймін деп құлкіге ұшырады. Құлкі емей, немене, өмірде ең жақсы көретін сүйікті адамын өлтіріп ала жаздады! Әне, әлі де болса жөнді түзелген жоқ, немен тынары белгісіз...

Қабырғадағы сағат сегізді қақты. Нияз селк етіп, ой толқынынан сұнгіп шығып, Матрена Васильевнаның плитаға қойып кеткен кофесін ернің күйдіре апыл-ғұптыл ішті де, ішігінің женіне қолын сұғар-сұқпас үйден асыға шықты.

Дәл сегізде корпуста болмаса, көнілі көншімейді. Бойға сінген әдет!.. Және Дәмештің хал-жайы не болды екен? Кеше қалжырап, ерте қайтып кеткен. Дәмеш өлім аузынан қалды. Батыл кіріспегендегі, жоғалтып алатын да еді... Туберкулезбен уланған көмекей сұыққа тиіп, ісіп шығады да, дем алдырмай, тұншықтыра бастайды... Бір көмекейде екі ауру түйіседі, сол екеуін бірінен-бірін ажыратудың өзі қынға түссе, екеуіне бірдей ем табу одан бетер қын болды.

Қалың орманнаның ішінегі жалғыз аяқ соқпақпен алшаңдай басып Нияз келеді. Аппақ қар курт-күрт етіп, бетінің қабыршағы омырылып, галошты пышақтай кеседі. Көлден ескен тентек жел ағаш басында асыр сап шуылдап, бұтактарды сілкілейді. Бүгін де күн ашық, жарқырап, қар бетін жіпсіте, «көктем күнімін!» деп жар салғандай.

Нияздың көнілі де әлденеге елегізіп, әлде нені көксегендей, нені аңсайды екен жалғызсыраған жүдеу көніл? Өзі де түсінбейді. Күзде жанына еріп, Бурабайға барғандағы Дәмештің сипат-мұсіні әлі күнге дейін көз алдында: аққұба жүзі жайран қаға нұр атқан, бар қайғы-мұнын ұмытқан, өмірге мас асқан бір шак еді, көзі шүнірейген, өні бозғылт тартқан, ерні кезерген бүгінгі Дәмешке ұқсамайтын.

Қазіргі төсек тартып жатқан Дәмештің ақ маралдай секір-  
ген сол Дәмештің қатарына қайта апарса...

Халатын кие сап, өнірін жүре түймелеп, Нияз Дәмеш  
палатасына кіріп барды. Теріс қарап ұйықтап жатыр екен,  
есіктің сықырынан оянып кетіп, көзін ашты.

— Докторсыз ба?..

— Ұйықтап жатыр ма ең?

— Тұнде тағы да аунақшып...

— Ұйқы дәрісін, мединал алмап па ең?

— Үш күндей іштім, үйреніп кетермін. Бүгін қандай тұс  
көрдім десенізші, айтсам, аузыңыздың сұзы құриды.

— Тұске сенесің бе, Дәмеш?

— Сенбесем де, санасамын... Дәрігерсіз ғой, айтыңызшы,  
тұс деген не?

— Білем деу қыын. Адам баласының организмі әлі толық  
зерттелген жоқ. Эйтсе де, Павловтың айтуынша: тұс мидың  
қызметіне байланысты көрінеді. Ұйқы — мидың демалысы.  
Адам ұйықтамаса, ми күйіп кетпек. Ал сен өзің кейбір күндері  
біртіндеп оянғанда, байқағаның бар ма, ұйқы шанырактың  
түндігі сияқты. Мидың бір жақ шетінен бастап түрледі. Сондай-  
ак, кей түндері түндік теп-тегіс жабылмай, бір шеті ашық қалса,  
біреудің жөтелі, жүрісі, сөзі, не болмаса күннің күркірегені  
сияқты сыртқы өмірдің белгілері сол саңлау арқылы миға  
әсерін тигізеді. Тұс деген осы сыртқы өмір құбылыстарының  
белгілері.

— Қызық екен. Тұнде менің миымның түндігі жақсы  
жабылмай қалғаны-ау! — Дәмеш күлді.

— Қандай тұс көрдің?

— Сізді...

— Мені ме?.. О да мүмкін, мен тұнде ауа жұтам деп қыдырып  
жүріп, осы сенің терезеңің түбінен откенім бар.

— Калжыңдайсыз ғой?

— Шыным. Честное слово! Дәмеш сәл ойланып қалды.

— Мен тұсімде ән салдым. Ол не?

— Ол сенің күндізгі ойлаган ойыңның зардабы. Даусым  
баяғыдай ашыла ма, деп онаша жабырқаған да боларын...

— Доктор, мен бұрынғыдай шын ән салам ба?

— Саласын!.. Байқамайсың ба, даусың күннен-күнге

ашылып келеді. Ісігі қайта бастады. Стрептомицин шыдататын емес, хирургтың пышағындай сылиды ісікті...

Есіктен:

— Доктор, сізді бас дәрігер шақырады! — деді медсестра. Нияз кабинетіне оралса, Алексей Иванович келіп тосып отыр екен. Көңілі жабынқы, қабағы түюлі, бұрынғыдан жайдары жүзбен әзілдей қарсы ала қойған жоқ, салқын амандасты. Тағы да бір шыбын шаққандай. Нияз бас дәрігердің тегін келменгенін сезді. Мұндайда сөзді өзіне бастатпаса, Алексей Ивановичтің «Әкеңнен бұрын басынды бұғауға сұқпа» дейтін әдеті есіне түсті де, Нияз үнсіз қасына отырды.

— Нияз Базілевич! — деді ол ойланып, қолымен иегін тұтамдап ұстап. — Әрине, уәдесі бойынша аупартком бізге комиссия жіберіпті. Сен конференцияға келе ме деп тосып ем, келмедін... Ал әзірлене бер!

— Кім-кім екен комиссиясы?

— Каладан, Бурабайдан бар, бізден Сусанна Михайловна.

Нияз әлденені анғарғандай: Сусаннаның іздең жүргені осы еді, қолына түсті ме ақыры?

— Өзіңіз қатыспайсыз ба, Алексей Иванович?

— Әлбетте.

Бұдан бөтен бас дәрігер де, Нияз да сөз қатыспады, әрқайсысы өз жайымен кете барды.

Комиссияға Нияз мән беріп, жан-жағын шамасы келгенше қамтып, рентген сәулесі теориясына баса көніл бөле даярланды.

Қызметтөн ерте шықты да, үйіне кеп, тамақ жеп, аздап көз шырымын алды. Содан соң душқа барып жуынып кеп, қою, қара күрең шайды ішіп, есікті кілттеді де, столға отырды.

Ертең комиссия келеді. Ертең Нияз соңғы жылы аспанда ракетадай шарықтаған мұратына не жетеді, не быт-шыт бол көкте жанып кетеді. Ертең Нияз соңғы жылғы еңбегін таразыға түсіріп не бағасын алады, не біржола құнсыз еңбекке, бейнет азапқа айналады. Екінің бірі.

«Абайла, Нияз, асып-саспай, өз ойынды комиссияға жеткізе біл! Өз еңбегінді талдап, түсіндіре біл! Әуелі, неден бастайсың, алдымен соны айтшы өзің?» деді іштегі жанашыры.

Рентген сәулесі жайындағы білімін, мәліметін тәртіппеп, жүйеге салған Нияз ойын қағазға түсірді.

«...Рентген сәулесін көмекей нервіне ем есебінде дүние жүзінде бірінші рет қолданған совет елінің ғалымдары. Әсіресе, бұл жөнінде еңбек сіңірген профессор Штокиннің айналасы» деп жазды да, сәл мұдірді.

Бұл арада кім не десе, о десін, профессор Штокинді атамай кете алмайды, шындық қымбат.

«...Бір кездे атакты Вирховтың соңынан ерушілері рентген сәулесін дәл көмекей тұсынан жіберіп, емдең те қарады, бірақ ол шипа болмай, қайта, ауруды қоздыра түскең соң сұып, тастап кеткен. Себебі, олар адам баласы мүшелерін тұтас біткен дене деп ұқпай, бірімен-бірінің тығыз байланысты екенин, кірпік қымылы мен қабак козгалысының өзі мидың әмірінен болатынын түсінбеді; олар адам мүшелерін біріне-бірі бағынбайтын жеке-жеке клеткалар жиынтығы деп қарады. Мысалы, көмекей туберкулезін өкпе ауруынан бөліп-ап жекедара емдеді.

Еске сала кететін бір нәрсе: Батыс елінде ракқа қолданған рентген сәулесі дозасын туберкулезге де сол мөлшерде қолданып, қоздырып алғанын білеміз. Бұл да жоғарыда айтқан ойқисын жүйесінен туған қателік. Жара адам денесінің белгілі бір жеріне шығады, ол жара адам денесінің басқа мүшелеріне әсері жок деген ұғыммен рентген сәулесін тек көмекей тұсынан ғана жіберген.

Профессор Штокин рентген сәулесін көмекей тұсына қолданбай, әуелі нервке, оның түйіндеріне жіберіп, шипалы емге айналдырған.

Рентген сәулесі ауруға қалай, қандай жолмен әсерін тигізеді?

Иван Петрович Павлов теориясы бойынша, организмді билеп өмірін жүргізетін де, аурудан аман сақтап алғып қала алатын да, денедегі ауруға қарсы құресетін құштерді жұмсайтын да сол: нервтің орталығы — ми.

Ми — электр станция да, денедегі жүйке-тамырлар, нерв сабактары бүкіл қала ішіне тарам-тарам боп жарық апарып тұратын сымдар деуге болады.

Профессор Штокиннің әдісі былай: ренттен сәулесін адамның тап төбесінен жібереді. Себебі төбе — мидың ең үлкен бөлшегі жататын тұсы. Павловтың айтуынша мидың осы бір үлкен бөлшегі, нервтің неден үрейленіп, неден түршігуі керек,

соны басқарса, екінші жағынан, денедегі мүшелердің қарым-қатынасын бақылап, жаңадан катынас жолын табады, яғни денеде болып жатқан өзгерістерден хабар алғып, әмір беріп отыратын орталық, біздің тілмен айтқанда — мекеме.

Туберкулез кұрты өкпеге не көмекейге орнап, уытын жая бастағанда, сол мүшелерді билейтін нервтер түршігіп, мидың орталығына үрейлі хабар береді, бұл хабар бір-ак рет беріліп тоқтап қалмайды, толассыз түршігіп, дірілдеп: «Жау келді, көмек бер, әйтпесе, құрыдым!» деп «ойбайлайды да» жатады.

Түсінікті болу үшін, ескерте кететін бір жағдай бар: адам денесін билеп, жүргізіп тұратын нерв қызмет істегендегі, машинаның радиаторы сияқты біресе қызып, біресе суып отырады, егер екеуі тен түспеген жағдайда, ылғи қыза берсе, не суып жөнді істемей қалса, адам ауруға шалдығады, түрлі ауру осы кезде жабысады.

Бұдан туатын корытынды: егер ми организмді дұрыс басқарып, ауруға қарсы құштерді ұйымдастырса, ауру жеңіледі. Басқара алмаса, құші азайып, әлсірейді де, ауру үдей береді. Ауруға ұшыраған мүшениң адамға беретін бір хабары — шашу. Шашу тисе, нервтің көмек сұрағаны деп біл!..

Совет ғалымдарының соңғы жылдағы еңбектерін оқып отырсаң, ашық жарасы бар өкпе нервтерінен ерен өзгерістер тапқан: кейбір нервтің түбірі солып, су тимеген шөп тамырындағы катып қалса, енді біреулері тармақтанғанда өсіп, қисық өскен бұтаққа ұқсаған; нервтер жақсы істемеген соң, денеде күрес азайып, өкпе беріш-беріш боп, тары сепкендей очагтар қаптап кеткен, осы сияқты өзгерістер көмекей нервтерінен де табылған. Қырылдап, сөйлей алмай қалу да сол нервтің жақсы істемегендігінен көрінеді.

Ал осы айтқан нервке рентген сәулесінің әсері қалай тиеді, енді соған тоқтайық.

Ерте кезде рентген сәулесінің нервке әсері жок, көбірек жіберсе, қүйіп кетуі мүмкін дейтін; бұл ұшқары айтылған пікір, азғантай дозаның өзінде де рентген сәулесі нервке әсері бары дәлелденді. Сол азғантай жіберген рентген сәулесі нервтің әлсірегенін жойып, тынықтырып, жасартады, әл-қуат береді. Сол әл-қуат алған нерв қанды жақсы таратып, жараның ісігін тезірек қайтарады. Адам қанының ішінде фагоциттер

бар, олар суда ақкан салдай қанмен ағып барып, жарада үйелеген күрттармен күресіп, қырылысып жатады.

Тамыр кеңісі қан денеге жақсы тарайды да, жаңағы фагоциттерді майданға көбірек аттандырады. Жау тезірек құриды. Адам сауығады» деп Нияз жазып алып, қайта оқыды. Дұрыс! Комиссия келген соң, сөзін осыдан бастайды...»

Сол құні кешке, айтқанында, санаторийге комиссия сау ете түсті: төрт дәрігер, бесінші — аупарткомның бір қызметкері. Дәрігердің біреуі — Бурабайдың атақты хирургі, Сусанна Михайловнаның құрбылас досы, қалған екеуі қалада істейтін бейтаныс дәрігерлер де, төртіншісі Сусанна Михайловна екен.

Бас дәрігердің кабинетіне бірсыныра кісі жиналды. Комиссиядан басқа, Кравцовтың өзі санаторийдің біраз дәрігерлерін ерте келді. Олардың ішінде Нияздың отделениесінде істейтін, даусымен болса да демеу беруге келген серіктерімен қабат тамашалап, «не болар екен» деп келгендер және бар.

Нияз қундіз жазып, жүйеге салған сөзін айтып шыкты да, өзі жаңа әдіспен неше адам емдегенін, олардың жазылған жазылмағанын, кейбірінің аттарын атап мысал да келтіріп, сабырмен толық баяндады. Құн бұрын түсіріп алған өкпе рентгенографияларын ортага салды.

— Мынау Разия деген жас келіншек, жиырма алты жаста, осы санаторийге түскенде сол жақ өкпесінде сакинаның үлкедегіндей ашық жарасы бар еді. Уш ай өткеннен кейін жара бітіп, көрінбей кетті. Міне, байқайсыз ба?..

— Рентген сәулесін неше рет бердіңіз? — деді Бурабайдан келген сом денелі әйел хирург. Екілене көп сөйлейтін еді. бұл жолы да сөз қыстырмаса, іші кебетіндей, тыныш отыра алмады.

— Рентген сәулесін қалай қолданғанымды әлгіде сөзімнің bas жағында айтқам. Есінізде қалмаған екен... — Нияз да әдейі сұрады ма дегендей, тілін тартпай, қисая жауап берді. — Эйтсе де көңіліңіз қалмасын, қайталап айтайын.

— Жоқ, өйтіп бұлдансаңыз, Құдай үшін, айтпай-ақ койыныз, Нияз Базілевич! Мен комиссия мүшелерінің назарын аударам ба деп сұраған ем.

— Төрт құн аралатып колданып отырдым. Жиі беруге және болмайды, рентген сәулесі денеден тез шығып кете коймайды, жинала береді... Оны бәрініз де білесіздер.

— Менің бір сұрағым бар! — деді Сусанна Михайловна, әдетінше қызаңдаш сөйлем, тыңдағына үңіліп.

— Сұраңыз! — деді басқарып отырған аупартком қызметкери.

— Сұрасам, сіз өкпенің тесігі, кавернасы бітеді дедіңіз. Соның бітетінін немен дәлелдейсіз? Мүмкін, ол рентген сәулесінен жазылмаған болар?

Нияз бір топ рентгенография ішінен өкпенің екі суретін сұрып алды да, біреуін жұртқа көрсете ұстады.

— Ашық жараның бітуі, менімше, екі түрлі, біреуі біртіндең кішірейіп барып, көрінбей кетеді, бұл сияқты кавернаны томограмма арқылы өкпенің арғы ішінен табуға болады. Оған, міне, Қарағанды шахтерінің томограммасы күә... Ал екінші түрі — каверна іші тазаланып, біртіндең жаңадан ет өсіп бітетін көрінеді. Оған мына науқастың өкпе суреті күә! — Нияз томограммалардың бірнешеуін таратып берді.

— Қанағаттандыңыз ба, Сусанна Михайловна? — деді бастық.

— Жок! Мүмкін, ол каверналар антибиотикадан, яғни стрептомициннен, санаторийдің таза ауасынан жазылған болар? — деді Сусанна Михайловна.

— Ондай жазғыш болсаңыз, осы күнге дейін неғып қарап жүрсіз, науқастарды шетінен жаза бермей? — Нияз күлімдеп, Сусанна Михайловнаға тұра қарады. Комиссия мүшелері қамыс сыйдырын естіген құстай тына қалды. Сусанна Михайловна демеу іздегендей жан-жағына жалтақтап, абыржи қарады.

— Бұл жауап емес, мазақ! — деді аздан соң.

— Бұл әзілдің жері емес, нақтылай бер жауабынды, доктор Дарханов! — деп бас дәрігер шайып-жуған болды.

— Әзілім емес, Алексей Иванович, шыным. Сусанна Михайловнаның күдігі болған күнде, катар ізденіп байқасын... Менің сол рентген сәулесімен емделген топқа қарсы қойылған екінші бір тобым және бар. Олар — рентген сәулесінсіз тек стрептомицин, санаторийдің ауасы, асыл тамағымен емделгендер.

— Ондайыңыз болса, сөз көтермей-ак, айта салмайсыз ба? — деді бастық қағытып.

— О кісі маған сенді ме? Манағы сұрақ сенбегендіктен

туғанын байқаған боларсыз? — Нияздың беттен ала, ашына сейлеуге бел байлағанын бұл жолы жүрттый әрі анғарды.

Сусанна Михайловна орнынан ұшып тұрды:

— Бұл қалыпта комиссияның жұмысын аяқтау мүмкін емес!.. Мен кетем!

— Сабыр, Сусанна Михайловна! — деді бас дәрігер дауға араласып. — Ілгешек сөзді тоқтатып, кім қандай сұрақ қойса, соған байыпты жауап бер, Дарханов! Жок жерден кекесінге жаңың құмар-ая сенің!

— Жақсы! — Нияз енді өкпелеген балаша томсырайып, самарқау, салқын дауыспен жауап қайырды. — Менің ол карсы тобымның ішінде сол мерзімде жарасы біткен бір де бір науқас таба алмадым. Олар мыналар... — Науқастардың келгенде, кеткенде түсірген өкпе суреттерін комиссияның алдына жайып салды.

— Сонда себеп нeden дейсіз? — деді аупартком қызметкери.

— Себеп рентген сәулесінің аз дозасының шипалығында.

— Сонда ол қалай әсер етеді? Туберкулез құртын өлтіре ме? — деді ол тағы да.

— Жоқ! Туберкулез құртын рентгеннің үлкен дозасы да өлтіре алмайды, ерте кезде немістер де қолданып байқап көрғен-ді. Одан ештеңе шықпаған. Қайта, дененің бұлышық етін күйдіріп, ауруды қоздырған.

— Жарайды, оған да сенейік! Сонда, өкпе жарасына беретін әсерін әуелі өзіңіз түсінбей тұрып, қалай қолданасыз? — деді бастық.

Нияз сөз таластырмай, шыдап бақты. Нервісін қолына қамшыдай жинап алды.

— Мен әлгінде түсіндірдім бе деп ем, тілім жеткізе алмаған екен, бір мысал келтірейін: жақын арада Ленинградта профессор Семенов миына сұық тиіп ауырып жатқан бір науқастың басын аздал рентген сәулесімен емдеген екен, сарайы жақсарып, ми тамырының соғысы бұрынғы сау қалпына келген. Бұл, әрине, ми қызметі жақсаруының бір белгісі.

Дәрігердің біреуі дауыстап есінеп, үйқы шақырды. Нияз жалт бұрылып, қайсысы екенін анғара алмады. Әрине, рентген сәулесінің әсерін керек қып отырған ол жоқ, «немен біtedі» деп қызықтаған пендешілік. Осыларға сөзді қор ғып,

зарлай-зарлай кеткен есіл уақыт-ай! Жоқ, мұндай тұжырым-ға келу — астамшылық. Байқамады ма жана Нияз: көзін алмай қадала қарап: «Біз бармыз, жалғыз емессіз» деп отырған бидай өнді, ұзын бойлы дәрігер әйелді?...

— Мен қанағаттанбадым, жолдастар! — деді бастық Нияздың ойын бөліп.

— Мүмкін, медицина тілі түсініксіз болып, ұға алмай отырған шығарсыз? — Нияз жанына тие шакты. Бастық қызаңдарап, жан-жағына жаутаңдал, демеу күткендей ниет білдірді.

— О да мүмкін, біз сіз сияқты оқымысты адам емеспіз!

— Е, ондай түсінбейтініңіз бар, комиссияға неге бастық боласыз? — Нияз да ашынып, адалына көшті.

— Мейлі, мұның да сырды белгілі.

Ниязды жақтаушы дәрігерлер жымыңдасып, қопақтап қалса, Сусаннаның тілектестері біріне-бірі қарап, иықтарын қиқандатып, бет-ауыздарын тыржитты.

— Аупартком сізден бекер келісім сұрамаған! — деді бастық та кекетіп.

— Сұраса, әрине, айттар едім!

— Не деп?

— Мұрнына медицинаның ісі бармайтын адамды жіберменіз, бәрібір бұлдіреді деп...

Бастық түрегелді.

— Жолдас бас дәрігер! Мұндай жағдайда, шынында, жұмыс істеу киын. Мәжілісті жабуға тұра келеді.

— Сабыр, сабыр, жолдастар! — Бас дәрігер егес-кияс, қызба сөзді басып, төрелік айтты. — Бет тырнасуды қойып, ғылыми кенеске көшейік. Әуелі, Дарханов жолдас өз пікірін, ойдәлелін түп-түгел айтып шықсын да, сонсон, біз сұрак беріп, кезекпен сөйлейік. Эйтпесе, алып қашты сұрак қыстыра берудің өзі қолайсыз! — деп сөз ұшын бастыққа тіреді.

Іштей Алексей Ивановичке риза болды Нияз. Түсінді, кімді-кім кекетіп, аяқтан шалып отырғанын!

— Менің қолымдағы науқастардың ауру тарихын сыйдырып қарап өткеннің өзінде, нәтижесі салғаннан көзге түседі. Екі-үш ай ішінде бір курсын бітіріп, не бар, не жоқ, нәтижесін алақанға салып қарадық. Бір бергенде отыз-алпыс «Р»-дан артық бермедік.

— «Р» деген не? — деді бастық. Дәрігерлердің бірі мырс етіп күліп жіберді.

— Тс... Сұрағанның не айыбы бар, түсінгені бізге пайдалы!

— демесі бар ма, ушыктырғандай, жайбарақат сөйлейтін Алексей Иванович. Бастық не дерін білмей, сұп-сұр боп, қанын ішіне тартып, төмен тұқырайды. Комиссия басқарып несі бар екен бейшараның!

— «Р» деп рентген сәулесінің дозасын айтамыз. Мысалы, біз таразыға салған грамм, килограмм деп өлшемейміз бе, «Р» да сол сиякты, рентгеннің өлшемі... Енді түсінікті болар?

— Түсінікті! — деді бастық.

— Төрт сеанстан кейін науқастардың сарайы жақсарып, әлі кіре бастады. Профессор Семеновтың рентген сәулесі қызып тұрған миды суытып, сау қалпына келтіреді дегені расқа шықты. Үйқыға рентген сәулесі мын да бір дауа... Қолдарыныздың рентгенограммаға қараңыздар: соның көпшілігінің өкпесіндегі ісік қайтып, ашық жара кішірейіп, кейбірі бара-бара көрінбей, жоғалып та кеткен. Неше процент — бәрі мына диаграммада! — Нияз диаграмманы қабырғаға ілді. Енді жүрттың көзі Нияздан диаграммаға ауысты.

— Бұл сіздің жорамалының ғана болар? — деді Бурабай хирургі.

— Бұл профессор Штокин клиникасында дәлелденген!

— Нияз осы сөзді айтса да, іштей опық жеді. Екі ұшты ой тудыратын сөзге барып керегі не еді?

— Тағы да бір сұрак! — Бұл жолы Сусанна Михайловна-ның даусы санқылдап, құйқылжып шықты, мүмкін Ниязға со-лай естілді ме, эйтеуір, қытығына тигендей. Нияз іштей ыза-ланғаны сонша, диаграмманы нұскап, колындағы тұрған ли-нейканы столға тастай берді де, қадала қалды.

Сусанна Михайловна сұсты қалпын бұзбай:

— Профессор Штокиннің дәлелін айтып бере аласыз ба? «Айтып бере аласыз ба?». Нияз тағы да да қысылып, тығыла сөйледі. Өзінің қуырылып, бір уыс боп тұрғанына іштей на-разы, бірақ ызың қаққан домбыраның ішегіндей шертіле тар-тылған нерві шыдай алмай, сыр бере берді:

— Мен профессордың жолын қуған шәкірті болам да, оның принципіне түсінбеймін, ол қалай?

— Сөз таластырып қайтесің, тікелей жауап берे бер! — де-ді дау туып кете ме деп сезіктенген Кравцов.

— Бұл жайында профессор Штокиннің кітабы бар, онан да мен сізге соны берейін. Оқысаңыз?

Нияз, «ә, бәлем, таптым ба жайынды, енді қайтер екен-сің?» деп ерегісетін киянқы балаша, Сусаннаға жымындан көз тастады.

— Нияз, жауапты сізден күтеміз, керек жерінде профессор өзі айттар! — деді тыжырынып Бурабай хирургі.

— Бұл не, тергеу ме, сот па?.. Жоқ... Ғылыми айтысқа ұқсамай барады! — Нияз бастыққа қарап, жөн сұрады.

— Сіз алдын ала байбалам салып, айтыстың бетін басқа жаққа бұрмаңыз, әуелі дәлелді жауап қайтарыңыз, — деді бастық сөгө сөйлеп.

Осы тұста Бурабай хирургі жармаса кетті:

— Адамға опыт жасамайды, оны жақсы білесіз, коллега! Сіздің тапқан жаңа әдісіңіз дұрыс та болар, бірақ тәжірибеден туған қандай материал бар қолыңызда? — деді ол.

Нияз енді қысылды. Манадан бері ісін де, жолын да жақсылап түсіндіруге тырысып, еңбектеніп еді, соның бәрі зая кеткендей. Осал жерінен ұстады; соңғы хатында профессор Штокин: «Туберкулезben өкпесі ауырған көжектерді рентген сәулесімен емдең жатырмыз. Өзің білесің, бұл — көмекей емес, өкпе, сақтық керек қылады. Бітіре алмай жатырмын, қорытындысын жақында жіберермін» деген еді, сол қорытынды әлі күнге жоқ. Телеграмма беріп сұрату есінен де шығып кеткен. Нияздың маңдайы шып-шып терлеп қоя берді...

## VII

«Құлады, сөз жоқ құлады!» — осы бір ой тіс ауруындан мазалап, мәжіліс артынан Ниязды үйіне алыш барды. Самарқау ашылған есіктен қар бірге кіріп, жылы үйдің шырқын бұзды.

«Я, қар түгіл, бүгін үйге жау да кірер. Мейлі!». Нияз киімдерін тез-тез шешіп, бірін диванға, бірін орындық үстінен лақтыра берді...

Матрена Васильевна қандай жақсы адам еді, шіркін! Пешті жағып, үйді сынырып, тап-таза ғып жинап кеткен. Ниязды баласындан күтеді. Қарапайым еңбек адамының дәрігерді қалай

сыйлайтынын көрдің бе? Ал дәрігер дәрігерді сыйламайды! Біріне-бірі тұзак құрып, аң аулаған аңшыдай андиды. Сусана бүгін Ниязды құлатты, өшін алды!..

Үйдің іші ала көленке. Терезеден түскен ак қар жарығына пеште сөнбеген қызыл шоқтың сәулесі косылып, бөлме ішін алтын арайға бөлегендей. Нияз жалма-жан жүресінен отыра қап, пеш ішіне отын салып, қайта тұтатты. Құрғак ағаш бір-екі үрлекен соң бытырлап жана бастады.

Жаңағы бір әзірдегі айттыс-талас, дау-жанжал құлақ түбінен кетпей, сары масаның ызыңындай мазасын алады. Нияз құлағын алақанымен басып, тындармай да көрді, бірақ ызыңы кетпепді. «Доктор Дарханов адамға опыт жасайды. Баяғыда медицина институтында оқығанда не деп үйретті екен, есінде ме? Медицинаның әліпбі — тірі адамға опыт жасамайды. Сап-сая құлындағы секіріп жүрген комбайннер жігіт — бір елдің мақтанышы не халде қазір? Өз аузынан айтсын, сұранызышы. Немесе өмір гүлі, қымбат маман инженер қыз не халде жатыр, сұранызы, ары болса, өзі де жасырмас!» деген Сусанна Михайловна сөзі мен Бурабай хирургінің сөзі тайталаса, қатар жарыса келеді құлағына. Жарайды, Сусаннаның суырыла сөйлейтін жері, кезегі, оған Нияздың апшысы қуырылмайды, мейлі артық та айттар. Ал ана хирургке не жок?

«Туберкулезді рентген сәулесімен емдеу — қылмыс. Баяғыда оқып жүргенде профессордың айткан бір сөзі жадымда қалса керек. Әрдайым сол сөздің ақиқатына көзімді жеткізем де отырам: о кісі: «Рентген сәулесі — у, денені улады, ол, қайта, біріне-бірі жамалып, жинала береді» деген, сондықтан...

Хирургтің «сондықтан» деген түйін сөзін бастық әрі қарай жалғады: «Бұдан былай адамға опыт жасау тоқтатылсын!» деп мәжілісті жапты. Кравцов ше! Ол неге үндемей қалды? Нияздың бар сенгені, ақылшы тірегі, иілмейтін темірдей қатал жан,abyroyын сақтады ма, неге бір ауыз сөз көспады?.. Нияздың таны бар!

Ниязды енді қызметтөн де босататын болар, теріс емдеғен дәрігерді ұстап қайтеді?

Пештегі от сыйырлап маздай жанады. Дәл қазіргі Нияздың ойы да осы отқа ұқсайды, ашуға тұтанып, лап-лап етеді, сөндіру енді қолынан келмейтін де сияқты.

Терезе алдынан біреу өткендей, сықырлай түсіп, жақын

кеп дыбысы басыла қалды, әлдебіреу тыңдал жүр ме? Қорық-қанға қос көрінер жалғыз қурай! Бүгін кешегі заман емес, қазіргі өмірдің өрнегі де, тынысы да басқа!.. Жоқ, біреу тықылдатады. Нияз атып тұрып, есікке жақын барды.

— Бұл кім?

— Мен!

Әйелдің даусы, Дәмеш қой, ойбай-ау!

Есіктің тиегін ағытып жіберіп, ашып қап еді: ар жағында басына орамал тартқан Дәмеш тұр. Қарақат көздері: «Жатырқама, мен сені іздеп келдім!» десе, маржан тістері ақсия күлімсіреп, жылы лебіз сездіргендей.

— Вот уже не ожидал<sup>1</sup>... — Нияз сасқанынан орысшалай, кейін шегінді.

— Шошып кеттіңіз бе? — Дәмеш үйге кірсе де, босағадан әрі аса алмады.

— Жоқ!

Шошығаны шын еді, бірақ олай айтуда аузы бармады.

— Ендеше, неге қарсы алмайсыз?

Үтылғанын Нияз енді түсінді. Иығына іле салған пальтосын жедел қимылмен шешіп ап ілді де, қызды пештің аузына апарып, өзінің орнын берді, өзі басқа бөлмеден екінші бір орындық әкеп, қатар отырды.

— Қалайсың, Дәмеш? — Нияз салғаннан тамырына жармасты.

Дәмеш жымыып, үнсіз күлді:

— Дәрігердің осыдан басқа айттар сөзі жоқ па еken? Нияз да күлді:

— Болғанда қандай!.. Бірақ дәл саған айттарым басқа: төсектен тұрмаяуың керек. Оны жақсы білесің. Неге келдің? — Нияз даусын қатайтып, сұстанған болды.

— Бала кезімде бір ертегіде үш құрбы қыз сөз байлад, ауылғына келіп қонып жатқан үш жігіттің ақ отауына кіріп барса керек. Сонда, бірінші жігіт шешен еken: «Айналайын, ақылды боларсың, неге келдің деп сұрамайын, өзің айта бер» депті. Екіншісі батыр еken, ол: «Жүрегінің түгі бар қызысың, тегі, жолдас болуға жарайды екенсің» десе, үшіншісі байдың баласы еken, басын көтермesten: «Неге келдің? Өзі кел-

<sup>1</sup> Тап сені тосқан жоқ ем...

ген қызы сұрап келуші еді» депті... Сіз сол біреуі сияқты... — Дәмеш ар жағын айтпай, күлкіге жендерді.

Нияз қызаңдарап, қысылып қалды: «Мактамен бауыздады» деген осы! Қысылғанда жол табатын әдетің бар емес пе еді, Ниязжан. Бөгелме!».

— Дәрігер деген — адымы тар, мұрнының ұшынан әрі көре алмайтын сорлы халық, Дәмеш Сахиевна. Мен сол бай баласынан әрі аса алмадым. — Нияз еңкейіп тағы бір ағашты отқа салды. Тілінің ұшындағы: «Сенің денің сау болса, емдең журген науқасым болмасаң, тұнде жалғыз қасыма келе қалсан, мүмкін, сол шешен жігіттен де бетер сөз тапқан болар ем» деген ойын айта алмай қиналды. Әйтсе де зерек Дәмеш осы бір ойдың тап үстінен түсті.

— Әзіл ғой, доктор... Мені «неге келдің» деп тегін сұрамағанынызды да түсінем. Шынымды айтсам, бір сұyk хабар естіп кеп отырмын.

— Нендей хабар? — Нияз сездіргісі келмей, бұлталакқа салды.

— Менен жасырып қайтесіз... Сусанна Михайловна тірі болса, радиосыз-ак жеткізер. Әлгі бір әзірде, мен естісін дегендей, дәл есігімнің түбінде, дәлізде біреуге дауыстап айтып жатты.

— Не деп?

— «Мен айттым ғой, рентген сәулесі деген опа бермейді. Анада ақыл алғаның қандай жақсы болды. Бұғін ауданнан комиссия келіп, теріс деп тапты. Мына өзінмен көрші палата дағы қыздың халі не болғанын естіген шығарсын. Жатыр», — деді.

— Ғажап... Ол корпусқа кімге барды екен?

— Кім екенін білмедім. Еркек екеуі ұзак қенесті. Мен жана калғып бара жатыр едім, ұйқым шайдай ашылды да, жата алмадым.

Төмен салбыраған басын Нияз жоғары көтеріп, Дәмештін бетіне тұра қарады. Ала көленкеде оттай жарқыраған көзін алмай о да қадала қалды. Екеуі осы бір минут арбасып, әрқайсысы өз ойын топшылағандай:

«Шын жан ашыр досым сен бе едің, Дәмеш?» деген үнсіз сұрағына о да үнсіз жауап қайырғандай.

«Я, мен!.. Сенің жаныңды түсінетін мен ғана!».

«Шының ба! Жоқ...».

«Атама, қалтқысыз осы!».

Дәмештің ұзын кірпігі қонар құстың қанатындаған дір-дір етіп, көзінің жиегінде іркіліп тұрган бір тамшы күміс моншак жерге домалап кеткен сияқтанды. Апырай, шын жас па? Қой, неге толғанды осынша?

Дәмештің саусағын сипалап, аузына тосып, шөпілдетіп сүйе берді Нияз. Дәмеш қолын алмады.

Енді екеуі бірінің жүргегінің соғысын бірі естігендей. Я, Дәмештің емін бітіре алмады. Енді нендей амал табады? Қасында отырған сезімтал, адал жанға неге айтпайды, шерін тарқатып неге сырласпайды, күмәнін алдына жайып, неге ақыл сұрамайды Нияз?

«Дәрігер атаулының жасаған қатесі — кейде басқа бір адамның өмірін сақтап қалуға себепкер» деседі. Қазір ғой Нияз «қате жасады» деп тапты. Сол «қате» Дәмешке зиян келтірді ме? Келтіретін болса, неге емдейді, емін аяқтауға неге күмар?

Дәмешті құрбанға шалып, басқа адамды ажалға бермеймін деп Нияз айта ала ма? Жоқ! Нияз өзі осы емге сенеді. Аздаған дозада рентген сәулесі шипалы ем. Соңғы жылды емдеп, құлан таза жазып жіберген науқастары айқын қуә емес пе? Жоқ олар қуә бола алмай қалды. Иван Петрович айтқан «таксир фактыға» олар қосылмайды, тек лабораторияда қоянға, итке жасаған ем «факты» болатын сияқты. Кейде дәрігердің көзі, құлағы, жүргегі, сезімі өз бетімен жол тауып кетпей ме, онымен неге санаспайды?

Я, бүгінгі медицина әлі де көштің арт жағында сүйретіліп келеді. Аспанға кісі ұшып жатқанда, рентген сәулесінің қасиетін түсінбей, айтысу — мешеулік!

Емнің пайдасын хабарлап тұратын аппарат неге ойлап таппады еken, жұртты айтыстырмай? Жүректің соғуын жазатын аппарат бар, енді сол жүректің ішінде тұрып, радио сияқты хабар беріп, іштегі бар өзгерісті айтып отыратын аппарат, ішек-қарынның ісін көрсетіп отыратын телевизор неге шықпайды?

Мұның бәрі медицинаның ертеңгі күні. Нияз қалжыраған ба, не болса соны ойлайды. Дәмеш те үнсіз, не ойлап отыр

екен?.. Шіркін, осылай өзінді сөзсіз түсінетін жарық болса, бақыт деген сол емес пе?!

Қабыргадағы ұлken сағат қоңыраулатып, тұнгі екіні қақты.

Нияз орнынан тұрды:

— Мен корпусқа апарып тастайын, Дәмеш Сахиевна.

— Рақмет, мен өзім де жол таба алам!

— Тұн ғой... Келгеніңе рақмет, айналайын! Осы бір тұн өмірімнің ең әдемі де терең мағыналы, әсерлі тұні. Соған мағына беріп, әсерлей білген Дәмеш Сахиевнаның ақылы алдында бас иемін, — Нияз қыздың қолын қайтадан ұстап, қысып жібермеді.

— Мен сіздің жаныңызды тебірентетіндей әдемі сөз тауып айта алмап ем...

— Әдемі сөз емес, әдемі қылышыңыз асты. Бір менің басыма жетеді.

Екеуі тысқа шықты: толған ай санаторийдің дәл үстінде жарқырап, ақ, қара моншақ сепкендей жылт-жылт еткізіп, нұрын шашады. Аспан ашық. Сөне бастаған сирек жүлдyzдар: «Әй, неге сүйіспейсіңдер?» деп жымындал әзілдеген тәрізді.

Осы бір сөт тына қалған орман да, тәкаппар Көкшенің ак басы да Нияз бен Дәмешті қызықтағандай.

Бірақ сүюге Нияздың батылы бармады.

## ТӨРТИНШІ БӨЛІМ

### I

Нияз женілді. Даңқы бүкіл аймаққа жайылған дәрігердің беделі бір-ақ түсіп, «емі ем болмай, зиянға айналды». Алдамшы, сиқыршы біреу, керек десең, дәрігерлік дипломы да жоқ бол шыққан» деген қауесет шәуілдеп үрген ауыл күшітеріндегі қайда барса да Нияз соңынан қалмады. Кеше ғана бас киімін алып, иile амандастын таныстар, «дәрігер болсаң, осындаі бол, дәрігер өнері бойына дарыған» деп қызыға қарайтын дос-жарандар бүтінде, қарсы кеп қалса, бас изеп, әйтпесе, елемеген бол жүре беретінді шығарды.

Алғашқы кезде бұл сияқты өсек-аянға мән бермей бакса да, кейінірек Нияз сары уайымға салынды. Шошайып жалғыз қалу оңай тимеді.

Нияз маңында қалған жалғыз Дәмеш. Оның өзі де соңғы күндері аз сөйлеп, көп тыңдайтын әдетке көшті. Кім білсін ішінде қандай сырдың толып жатқаны!.. Соңғы бір сеансты алғаннан бері бір аптадай уақыт өтті. Сарайы жақсарып, күннен-күнгө көктем құсындар түлеп, құлпырып келеді. Сеанстың арасын үзбей, тағы да бір беріп қойса, өкпеде де өзгеріс тездер ме еді... Жоқ, қалайда Дәмеш емін тегіс алып бітірмейінше, Ниязға тыныштық жоқ. Бас дәрігерге барып жалынып, рұқсат сұраса ше? Әркімге жан керек, оған аяқ басады дейсің бе ол. Нендей амал-айла тапса екен?

Нияз көрпесін теуіп жіберіп, төсектен жедел тұрды. Сағат сегізге қарай жылжып барып қапты. Гимнастика жасады да, беті-қолын жуып, асығыс киінді.

Я, бір-ақ жол бар, ол — күрес жолы!..

Қысқы орманның сәні басқа. Семірген дуадақтың қанаты сияқты, қарағай бұтақтары қыста қарды көтере алмай, салбырап тәмен түсіп кетеді, желсіз тымық күнде маужырайды да тұрады. Әсіресе, ертемен алтын күн нұрын сепкен кезде орман іші ертегідегі сарайдай жарқырап бойынды сергітіп, таптаза тұнық ауасы әл-қуат береді. Аяқ астындағы сиқырлаған ақ қарда балаша секіріп, екі санынды шапалақтағың келеді.

Осындағы нәзік сезім билеген Нияз қалың орман ішін бойлап қалаға қарай ентелей басып келе жатты. Бір мезгілде ағаш бұтақтары кенет сілкініп қап, Нияз жағасына ақ қардан мон-

шақ қадады. Нияз басын көтерсе? биікте, бұтакта сықылықтап секіріп жүрген ақтиін. Көзі жылтылдап: «Ә, бәлем, мойныңа кар шаштым ба?» деп мазақ қылғандай.

Нияз құлімдеп, саусағымен корқытып: «Тұра-тұр, сені ме, бәлем» деп өте шығады... Я, Нияздың жауы осы тиін сиякты биікте, колын созса — жетпейді, ұрысса — сезі өтпейді, атайдын десе — оғы жоқ. Қараши, қараши, қалай секіреді, дыбысы білінбейді. Дәл Сусаннаға ұқсай ма?..

Медицинада қолға ілінбейтін, көзге түспейтін «жау» бар, оның аты — вирус. Сусаннаны итермелеп жүрген Шортанбаев сол вируске ұқсайды. Оның ісі де, сезі де білінбейді. Шортанбаев Сусаннаның өкпелегенін пайдаланып, Ниязды құлатты. Сусанна аямады.

Сусаннаның кешегі қылығы есіне түскенде, Нияз тітіркеніп, аяғын жеделдете басады. Ашу кернеп, бұлшық еттері дірілдей бастайды.

«Әй, сен кеше ғана сол Сусаннадан жақсылық көріп едің ғой, бүгін неге түнілдің?» деді іштей бір кекесін үн.

«Ол Сусанна бір басқа: «Нәзік, сезімтал, жұмсақ бұралған тал шыбық та. Ал мынау қатпар-қашар сырды бар, өзін ғана сүйетін, өмірім еш болмасын, өмір өзім үшін деген жан».

«Мені сүйсөң — доссың, сүймесөң — кассың, табан тіреп тұрысатын жерің осы» деп жеңін сыйбанып, құреске шақырған да осы. Әйелдің әйелдік қасиеті күш емес, айла-ақыл, еркекті торға түсіретін де сол. «Бір әйелдің айласы қырық есекке жүк бопты» деп неге айтты дейсін... Замана берген теңдікті дұрыс ұқпай, махаббатты заң күшіне айналдырған әйелден жаныңа рақат табарсың ба? Махаббат — сезім бұлағы. Сылдыр қақкан екі бұлактың суы қосылып қатар ақса, бірінен-бірін айыра аласың ба?

Мұның бәрі де құны бір-ақ тыындық философия. Айналаңа көз жіберсем ше, Нияз! Мұлгіген орман, жарқыраған күн, тап-таза тұнық ауа. Қектем желінің ісі келеді мұрныңа! Қыс бойғы айтыс-тартыс, қайғы-күйініш, реніш-мұнды осы мына табиғаттың бір сағаттық рақат қуанышы шайып кетпей ме?

Аудандық партия комитетінің кеңесі жаңа ашылып жатқанда, Нияз да келіп кетті. Атағы зор қадірлі мекемеде бұрын болып көрмеген, ауызғы болменің өзіне жүрексініңкіреп қипақтай кірді.

Секретаръдың көмекшісі егде тартқан қараторы әйел, Ниязды тани ма, күлімдей қарсы ап, сөзді әуелі өзі қозғады.

— Сіз... секретарьға келіп пе едіңіз? — деді ол адамды еліктіріп, өзіне қарай бейімдейтін жұмсақ дауыспен.

— Аздаған шаруам бар еді.

— Ол кісі әлгінде совхозға кетіп бара жатырмын деп үйінен телефон соқты... Әдейі келген екенсіз, сәті түспеді. Әлде, екінші секретарьға кірерсіз?

— О кім еді?

— Бұрын аудандық оку ісінің менгерушісі болған. Осы жақында аупарткомға ауысты... Жас, сыпайы әйел!

— Әйел ме өзі?

— Әйелден неге шошындыңыз? — деп көмекші мұның бетіне жымия үнілді.

Бірақ Нияз сыр бермеді. Көмекші даусының толқын ырғағын анласа да, мән бермей, салқын леппен жауап қайырды.

— Әйел ме дегенім: бұдан бұрынғы секретарь ерек сияқты еді. — «Әйел» деген соң іштей сескеніп қалғаны да шын. Сескенбей, осы шуды көтеріп, аяғына дұзак құрып жүрген әйел болғасын, қайтсін...

— Сіз барып, сөйлесіп шығыңыз... Егер келген мәселенізді шеше алмасаңыз, кейін бір оралыңыз. Бірінші секретарь қайтқан соң, түсіндіріп айтып қабылдатайын.

Нияз рақмет айтып, қатарғы бөлменің есігін ашып, кіріп барды. Манағыдай емес, бойы үйреніп қалса керекті, рұқсат сұраған даусы да ширақ шықты өзіне.

Қағілез, аққұба әйел таңдана қарсы алды. Нияз да бұрын көрмеген сияқты, ауданнан қашық жүргеннің салдары осы-ау.

Нияз секретарь алдындағы кенеппен қаптаулы креслоға отырды да, келген жайын баяндады. Аупарткомнен комиссия шығып, жаңа емін тоқтатып тастағанын қисық түсініп, кейбіреулердің пайдаланып кеткенін, өз дәлелін талдап, тегіс сөз қылды. Секретарь да сөзін бұзып килікпей, ықыласпен тыңдады.

— Сіздің бұл емініздің жайы бізде көп әңгіме болған. Білемін, — деп секретарь бір тынып алды да, күлімсірей жылы жүзбен Ниязға қарады. — Сіздің айтуыңызда, бәрі өз орнында, бүлінген ештеңе жок, солай фой? Ал сізге қарсы адамдардың сөзін тыңдасаң кісі, өліміне дейін болғанға ұқсайды. Әрине, біз...

— Ондай сезікті іс байқалса, тергеу орнына неге жібермейсіздер? — Сөз ақырын тоспастан Нияз шыр етіп, байланыса түсті.

Нияздың ашына сөйлегеніне, секретарь сәл мұдіріп, әлденені есіне түсіргендей, күлімдеп:

— Мүмкін, аяған болармыз, — деді.

— Қылмысты адамды аяуга бола ма?

— Сіз туралы бір адам маған мінездеме берген еді жақында. Сонда «шадыр, бала мінезді» дегенде сенбеп ем...

— Неге?.. Дәрігердің бәрі момын, әйел мінезді болады деп кім айтады?

Секретарь еріксіз күлді:

— Сізге қарсы шығып, арыз үстіне арыз түсіп жатудың себебі де, тегі, осы мінезінізге байланысты ма дейім.

— Ондай арызқойларға, адамның ісін қараламай, мінезін қаралап жазындар деп бекер айтпағансыз...

Бұл сөздің бір жақ ұшы секретарьдың өзіне тиіп кеткенін Нияз айтып қойған соң барып сөзді. Өзі де іштей опық жеді. Құдай атты, сөз куған пәлеге жолығады. Бірақ секретарь салмақты, ұстамды адам екен, үндемеді, сөзді басынан асырып жіберді.

— Сіз, сонымен, арыз жазушылардың пікірін қисық дейсіз бе?

— Қисық демесем, келем бе?

— Дәлелді сөз айтылмады деп тапқан көрінеді комиссия.

— Комиссия бір жақты шешті: бірінің бас араздығы болса, екіншісінің медицинадан мағлұматы жок... Сондай адамды комиссияға бастық етіп жібере ме екен?

— Хайуанға опыт жасамай тұрып, адамға жасауға болмайды деседі, оған не дәлелініз бар?

— Бар!... Менен бұрын профессор Неменов, профессор Штокин талай тексеріп, пайда-зиянын ашқан. Кітап та жазған... Комиссия мүшелері надан болғандықтан, теріс қорытынды жасайды, мен сол үшін зәбір шегем. Бұ да әділдік пе?

— Жақсы. Қазір қолма-қол кесіп жауап бере алмаймын сізге, бірақ түтелдей комиссия пікірін тағы қолдай алмайым! Бірінші секретарь келсін. Ақылдасайық! — деді секретарь сөзін түйіп.

Нияз орнынан селсоқ, керенау тұрды, манадан бері уақыт өткізіп, сөзін шығын қып, әуреге түскендері алған жауабы

осы ма? Ой-бу! Басын изеп, «хош болыңыз» деп шығып кетті. Табалдырықтан аттай бере, Нияз тандайын такылдатып, іштей опык жеді: «Қап!.. Неге салқын қоштасты Нияз. Жаңа ол айтқан жоқ па, «Комиссия қорытындысын түгелдей жақтамайым» деп... Жас адам, бірінші секретарьдан аса алмай отырған болар... Ал сыпайы қоштасқанда не істеуі керек еді? Нияз қолынан сүйіп, алдында бас июі керек пе еді?».

Қайтарда Бурабайдың автобусына отырды да, дәл санаторий тұсынан түсіп қалды. Корпуска бармады. Үйіне оралды. Көңіл жабырқау, таң атқалы аузына нәр салған жоқ, басы ауырды ма, әйтеуір, мең-зен боп, табалдырықтан аттай бергенде, еденде жатқан хатты көзі шалды. Хат жазған кісінің қолы да таныс. «Мифодий Сергеевич. Я, сәт! Бір жақсы жаңалық болғай да!».

Көк конверттің бір жак шекесінен ұстап жыртқан Нияз екінші жақ шекесінен сыйдырып бір-ақ шығарды. Төрт бүктелген бір парап қағазға өзінің көніл күйін сыйдырған.

«...Өзіме» мен «мемлекетке» дегеннін айырмасын жоғалтып алып, «өзіме» деген нәпсіге жеңдіріп өмір сүріп жүргендер аз емес. Бұ да ауру, жұқпалы ауру. Әне бір кездері, «көсем» деген сөз моды болғанда, әр кеңсе, ұйымның өз көсемсімағы табылып, соған бас иетінді, дәріптейтін-ді. Соның салдарынан «өзіме» деген нәпсі кең жайылып, бүгін де зардабын тартып жүрміз десем, мені айыпқа бұйырмассын, жас достым.

Хатымның басында бұл сияқты ағын судай сылдыраған ойдын ііріміне түсіп кетіп, малтуым тегін емес. Осыған дәлел келтіргім келді де, алысқа бармай-ақ, өз басымнан таптым. Сенің келешегіне өте қажет, ықылас қоя оқы.

Осыдан үш күн бұрын, түстен кейін клиникаға келіп, ақырғы ақ тышқандарды сойдырып, микроскоппен өкпесін қараттырдым... Лаборанткаға қолма-қол протокол жасатып, суретке түсіріп, куанышым қойныма сыймай отырғанда, институт директоры жетіп келмесі бар ма!

Ол екеуіміз бастас, құрдас болғанымызбен, тілектестігіміз, бірімізге біріміздің камкоршылығымыз да шамалы. Оның ғылымда ашқан жаңалығы жоқ, ерте кезде Қырым ауа райының ерекшелігін тексеріп, кандидат болып алған адам ғой, бізде өмір бойы кандидат бол жүргендер аз ба? Мұндайлар — ғылымда бойы өспей қалған ергежейлілер...

Эрине, ергежейлі болса, ол қалай директор бола алады

деп сен маған дау да айтарсын. Бәрі орынды сұрап, тек сен әлі жассын, бір-ақ нәрсені ескергейсін: бізде көп жағдайда, білімді де өткір кісіні директор кою қын. Ондай кісі не өзі бармайды, немесе билеп әкетеді де, карсы жағы қаймығып, үстінен арыз түсіре бастайды. Айтқанға көне беретін, дегендерінен шықпайтын көнбіс адамды апарып қойғысы келеді.

Бұл, әрине, өзіңе белгілі жеке адамның басына табыну-шылықтың қалдығы. Партияның ұзын қолы бұған да жетер әлі!

Ал осы сияқты директорлардан құтылуудың өзі және оңай емес. Комиссия кеп тексерे қалса, қолдан апарып қойған топ жақташ шыға келуі сөзсіз. «Әлді, колективтің тілін біледі, ол: жанжал шығарып жүргендер — белгілі даукестер, оларға ешкім жақпайды» деп шетінен білек сыбанып, тұрып алады. Со-лай бір рет бізде болған да!

Әрине, біздің директор есек миын жеген «сорлы» емес, өлерін біледі; екі жақтың да әпербақан қызбалыларын қолына ұстап, соларға арқа сүйеп, қарсылардың аузын аштырмай, тұқырып отыр.

Мен өзім сол директорға карсы топтың бас адамымын. Сондықтан іштей жақтырмаса да, менімен санасады: көзге жылтырап, тілінің ұшымен алдағысы келеді. Ал менің соңыма түсіп, дұзақ құрып жүрген «досымды» өзің білесің. Ол өзі де, шынында, маған «доспын» деп қүнде келіп, үйімде шайымды ішіп, «ықылас-ниетіме» риза боп жүрген адам. Сүйте тұра. маған қастық жасайды... Ол маған не үшін қас? Құншіл, ішіндегі шұбар жылан денесіне уытын жайып, шыдатпайды. Бас-қадай себепті іздестіріп таба да алмадым...

Я, бір жайды айтып, бір жайға түсіп кете берем, қартайған-ның салдары ма, қалай?

Директордың қасында «досым» бар, екеуі жетіп кеп, оңаша ортаға алды:

— Көмекей туберкулезімен қазір адам ауырмайды, ауырса да өмдеу оңай; көптен бері мәселе қойып жүргенімізді өзін білесің, сенің клиниканың қажеттігі шамалы, өкпені өмдейтін болсан, өкпе клиникасына барып істе!.. Ал үкімет ақшасын үнемдеп жатқанда, босқа қаражат шығарып қайтеміз, онан да жабайық! — деді.

Менің ызам кеп:

— Маспсыңдар өздерін, тапа-тал түсте клиниканы жаба ма екен? — дедім, сасқаным ғой.

Олар күліп, өзімді мазақ қылды:

— Клиниканы тұнде жабатын болса, қазір ымырт жабылды. Әзірлен, — деді «досым».

Өмірімде кісі боктап көрген жоқ едім. Аузыма қалай түсіп кеткенін білмеймін:

— Иттің баласы, шық! — дедім қалш-қалш етіп.

Ол сүмелек иттей мойнын ішіне тығып ап, шығып жүре берді. Енді директорды қолға алдым:

— Әлгі ме үйретіп жүрген?

— Жоқ. Міне, нанбасан, өзің оқы, денсаулық министрлігінің қол қойған қағазын алдық! — деп маған бір парапқ қағазды ұстата берді.

Оқысам: «Институттың ғылыми кеңесінің қаулысын қолдаймыз, профессор Штокиннің клиникасы жабылсын» депті... Баксым, маған көрсетпей отырғаны — қаулыны ғылыми кеңесте менсіз алған екен. Қолым дірілдеп, көзім қарауытып, жүрегім шашып, сылқ отыра кеттім. Ләм-мим дей алмадым. Ол шығып жүре берді. Сол тұні жүрегім қысып, төсек тартып жатып қалдым. Содан бері екі ай болды, жаңада ғана тұрдым. Саған көптен хат жаза алмаған себебім де осы. Бір қате менің өзімнен де болды, осыдан бұрынғы хатымда жаздым ғой, жаппақшы боп жүр деп, мен соған маңыз беріп, министрлікке барсам ше. Бұл енді өткен іс.

Клиниканы жабу — рентген сәулесімен емдептеймін деген сөз. «Достарымның» тапқан айласы осы...».

Нияз хатты столға сырғытып тастап, диванға сұлай кетті де, екі қолын төбесіне қойып, ойға шомды.

«Иә, хатында карт дұрыс ой тастайды. Мемлекеттік тұрғыдан қарау деген ниет қайда? «Өзіме» бола берсе екен, «өзімнен» аспаса екен деген ескі мінез-құлышқ, арам ниетті құртпай, адам санасында коммунизм орнату қыын. Профессор хатын келте аяқтаған. Енді не істеп жатыр?.. Әлде біржола қалжырап қойған ба? Жүрері ауыратын болса, о да болмай қалмас! Енді күш Нияздың өзіне түседі. Құресіп бақ, докторым! Жарты жолда тоқтап қалма! Өмір бақтының өзі қүресте жатқан жоқ па!» деді өзіне-өзі дауыстап, Нияз орнынан жедел тұрып.

Осы кезде есік ашылып, басқан қадамының дыбысын білдірмей Матрена Васильевна кірді. Күнде бұл кезде үйге кір-

мейтін Матрена көзін Ниязға таңдана қадайды. Оған Нияз маңыз бере қойған жоқ.

— Қорықпа! Саумын, ауырғам жоқ... Маған кофе қайнатып бересің бе? — Нияз бір ойдан екінші ойға жылжып, қалжың араластыра сөйледі.

Матрена әлденеге сезікті адамша, жан-жағына ұрлана кез тастан қойып, Нияздың қасына жақын барды:

— Сені қызметтен шығарып тастанғаны шын ба?

— Оны кім айтты?

— Жаңа Шортанбаев үйінің қасында танымайтын біреумен аузы аузына жабысып қапты... Құлағымды салсам: «Доктор Дархановқа бұл ара енді конақ үй бола алмас. Комиссия солай қаулы алды!» деп соғып тұр.

— Жоқ, Матрена, Шортанбаевқа салсан, әлдекашан мені тұрмеде шірітер еді... — Осы сөзді айтуын айтса да, «әлде, мүмкін, кешеден бері бас дәрігер бүйрық та берген болар» деген қауіп жүректің аргы түбінен басын көтеріп алды. Мейлі, Ниязға қызмет табылмай ма, сонша уайымдал... «Уайымдамай, Дәмешті, Дәмеш сияқты ем бастаған науқастарды кімге қалдырасың» деді іштей бір күнкіл.

— Қорықпа, Матрена Васильевна, қызмет табылады. Осы арадан кетсем, өзінді бірге ала кетем!..

Басына тартқан қоңыр орамалының шетінен жалбырап шығып тұрған ақ шашын саусағымен жинап жасырды да, Матрена Васильевна электр плиткасының үстіне түйе мойын шәйнекті қойып, кофе қайнатты. Тырбиған жусан өсіп тұрған төрзенің алдына кеп, тысқа көз салды. Зәулім қарағайдың басында шық-шық етіп отырған сауысқан «сенбеді, сенбеді» деп мазақ қылғандай. Я, сенбеймін! Эх, Матрена Васильевна, кейбір әйелдердің жүрегі тап сенің жүргегіндей адал да таза, мейірімді де ыстық болса... он жылдай балаңдай күтіп, әлпештеп, жалғыздық өмірді сездірмей, серік бола білдін... Я, Матрена. сен болмасаң, Нияз әлдекашан біреуге ұрынып, үйленіп көйып, өмірі зая болар ма еді? Нияз, мүмкін, Сусанна Михайловнаның уысына да ілігіп, осы күні торға түскен торғайдай шырылдап жүруі де ықтимал еді.

Матренаның осы тұрған қалпы, мұның ойында қалтарыс, бұрма бар деп кім айта алады? Жүрген соқа басы, күйеуі қайтыс болғалы мықшии, кішірейіп қалды. Санаторийге алғашқы келген жылы еңгезердей әйелді қазір танымайсың.

Матрена қажырлы адам: ортан қолдай екі ұлы бірдей соғыста каза тапқан, ол аз дегендей, күйеуі және қайтыс болды. Ниязды сол ұлдарының біріне ұқсата ма екен әлде?

— Күп-күрең, қоп-кою осы кофені ішсөн, күшіне күш қосылады! — деп буы бұрқыраған бір стақан кофені әкеп столға қойды. — Ернінді күйдіріп алма! Байқа!

Нияз екі қасық қантты салып жіберіп, араластырып, бір ұрттады да, сөз бастады:

— Матрена Васильевна, үйді кейін жинарсың, бері отыршы, ақылдасайық... Мені қызметтөн шығарады деп уайым же мейім. Ондай күш әлі біткен жок. Бірақ менің өзімнің қалуым қалай болар екен?

— Неге? Жанжалдасып па ең бас дәрігермен?

— Жок! Менің жаңа еміме қарсы. Ол емді енді қолдануға рұқсат бермей қойды.

Матрена Васильевнаның стол үстінде жатқан қоңырқай жуан саусақтары дір-дір еткен тәрізді, Нияз стақанды аузына апарып ұрттай беріп, көз қыығымен шалып қалды. О, сорлы ана, көрдің бе қасірет шегуін... Стаканың қоя сап, жүзіне үңіліп еді, бет әлпетінен ешбір өзгеріс байқалмады. Ішкі толқынды сыртқа шығармай баса біледі.

— Бұл емінді басқа жерде жүргізе алмайсың ба? — деді, даусы бұрынғыдай жұмысақ емес, сәл қаталдау естіледі Ниязға.

— Тап мұндай жағдай табу қын. Бұл жердің ауасы, күтімі, тағы басқадай емі өзге жерде табылуы екіталай.

— Онда қайда баrasың? Қал осында. Жол тап! Саған кімнің қарсы бол жүргенін білемін. «Шіңкілдек дәрігер» мен «Шортан» да.

Нияз мырс етіп күліп жіберді. «Шіңкілдек дәрігер» — Сусанна Михайловна да, «Шортаны» — Шортанбаев.

— Оны қайдан білесін, Матрена Васильевна?

— Біліп керегі не, өздері-ақ жар сап жұр.

— Олар мені шыдатар ма. Қазірдің өзінде-ақ сүріндіріп, мұрнымды қанатты.

— Сол екеуінен жеңілмекпісін? Сен түгіл, менің өзім де оларды алып ұрам.

Нияз мәз-майрам боп, рақаттана күлді. Матрена Васильевна күлмеді, қайта түсін суытып:

— Мені қисық түсінбе, әзіл үшін айтып отырғам жок. Олармен күрессем, ұстайтын жанды жерін өзім білем.

— Маған үйретпейсің бе?

— Женілсөн, маған кел!

Матрена Васильевнаның осы бір сөзі дем берді ме, әлде кофениң әсері ме, Нияздың бойына бір қуат пайда болғандай, орнынан жеңіл тұрды да, аяңдан бас дәрігердің кабинетіне барды. Дәл кіре берісте шығып келе жатқан Шортанбаевка қарсы жолықты.

— Ә, Шортанбаев жолdas, қалай, мені қызметтеп босату жайында бұйрық бердің бе?

Шортанбаев әуелі не дерін білмей, сасқалактап ыржия берді:

— О не дегеніңіз, доктор, мен... бұйрық бермеймін ғой.

— Бермесен, бергіз! Мүмкін, менің орныма өзінді тағайындарсың? — Шортанбаев кекесін екенін енді аңғарғандай, қызық көзін жыптылықтатып:

— Ат тұяғын тай басар, артыңызда келе жатқан інілеріңіз тұрганда, мені қайтесіз әурелеп... Солардың колынан келмес дейсіз бе...

— Эрине, келеді. Бірақ екі айдан соң о да ұнамай, тағы да көзін құртып жүрмесен. Сен о жағына шеберсің ғой!

Шортанбаев бұлыға қызырып:

— Байқап сөйленіз, доктор, үй артында кісі бар, — деді.

— Сол кісі естісін деп айтам! — Бас дәрігер кабинетінің есігін ашып: — Алексей Иванович, Шортанбаев жолдасты менің орныма отделение бастығы қып тағайындаңыз да, мені босатыныз. Кел бері, Шортанбаев, бас дәрігерге сол тілегінді білдір, менің көзімше!

Буаз әйелдей шертиіп кіріп келе жатқан Шортанбаевты көріп, даудың мән-жайына түсіне қойған Кравцов қолын сілтеп, «жүре беріңіз» дегендей ым қакты, ол шегіншектеп, артымен шықты.

— Неге қоя бердіңіз, Алексей Иванович?

— Жетеді. Біреудің шабынан тұртуғе жаның құмар. Артынан соңсоң таяқ жейсің...

— Таяқ жегізіп отырған бас дәрігер. Егер ол мықты болса, біреуі де ауыз сала алмас еді, үй иесі қатаң болса, иттері бір ақырғанда тымтырақай қашады...

Алексей Иванович қабағын түйіп, сұстанып:

— Сенің теңеуің қалай өзі? Бүтін ұнамайсың маған. Мен істеткендей қалай-қалай сөйлейсің?

Жаңа ғана оттай лаулап жана бастаған жанжалды ауданнан біреу телефон соғып бөліп жіберді. Нияз жақтырмады пішінде терезеге қарап, өзінің ішкі сарайына үңілді. «Біреудің шабына тұртіп, тулатып, артынан таяқ жейсін» деді-ау бас дәрігер. Осы сөздің жаны бар емес пе, Нияз! Білесің бе сен өзің соңғы кездे ашынып бара жатқаныңды? Ақиқат, адалдық деңгенді жақсы көрерсін, бірақ әдет, сый-сияпат бар, оны ұмытуға бола ма? Біреудің кемшілігін тұра бетіне басу, мысқылдан, жарасына тиу қаншалықты келісімді қасиет?.. Ақиқат, адалдықты жұрт сыйлайды, бірақ жақсы көре ме екен?» деді іштей бір егес-талаң үн, сөйтті де, өзіне-өзі «былшыл» деп дауыстап жауап қайырды. Телефонда біреумен дауласып отырған бас дәрігер, сөзге араласып тұр деп ұғып, көзін алайта қарайды. Телефон құлағын іле сап:

— Кәне, айтшы? Ол қалай «былшыл» болады, — деп сұстанып еді, «сізге арналған сөз емес» деп, Нияз ант ішіп зорға құтылды. Бірақ сене қоймаған сияқты, немқұрайды тындады.

— Ал не айтасың? Мен қазір қалаға жүрем, — деді ол, ылғи асығып-үсігіп жүретінін білетін Ниязға.

— Асықсаңыз, ауыз ауыртып қайтем, кейін... — орнынан қозғала беріп еді:

— Отыр, — деді Кравцов салмақпен. — Не қыл дейсің?

— Мына бір хаттың сзызып қойған жерін ғана оқыңыз деймін. Кравцов қалтасынан көзілдірігін алдып, ұзак оқыды.

Профессордың қолын шығара алмады ма, жоқ, әр сөзіне мән беріп, түсініп оқыды ма, әйтеуір, аздан соң үн-тұн жоқ, Нияздың өзіне қайырып берді.

— Ал не дейсіз?

— Кешігіп келген хат, бұл — бір де. Екінші — мұның бәрі жеке адамға арналған хат, занды документ емес. Комиссия қабылдамайды, қайырып тастайды.

— Сонымен, медицинаға онша жаны ашымайтын комиссия қорытынды жасады деп, рентген сәулесімен емдеуді қоямыз ба?

— Қоймағанда?

— Оған сіз де көнесіз бе?

— Аупартком бұйырып отырса, көнбекенде амал қанша!

— Барып неге түсіндірмейсіз? Сіздің беделіңіз бар, атыңыз бар.

— Түсінбесе ше?

- Онда маған көмектесіңіз, Алматыға дейін қуамын.
- Сөз түйініне енді жеттік. Саған мен кума дедім бе?
- Ақыл беріңіз, демеп жіберіңіз!
- Ақыл сұрасаң, сен бұл арада ештеңе бітіре алмайсың.

Сол айтқан Алматына бар!

- Мен Алматыдан келгенше, рентген емін тоқтата тұрмақшысыз ба?
- Енді қайтеміз?
- Емделіп жүрген бір-екі адамға рұқсат етерсіз? Кравцов жымиып бетіне үнілді:
- Экеңнен бұрын дұзаққа басыңды сұқпа.

## II

Кей жайларда сырқатқа шалдықтыратын да, емдең жаза-тын да адамның көніл қуйі. Дәрі де сол. Соңғы айлар ұнжыр-ғасы түсіп, көзінің алды көгеріп, қаншама сыланып-сипанса да өні кірмей жүрген Сусанна Михайловна комиссияның мәжілісінен кейін құстай түлеп шыға келді. Мандай әжімі тара-лып білінбей, көк көзі нұр атып, әлдекімнің жанын қытық-тағандай, бұрын ағаш-ағаштың арасымен жасырына ұндеңей жүрсе, енді санаторийді қақ жарып, саңқылдап сөйлеп, кыр көрсетеді.

Оны жалғыз өзі ғана сезбей, басқалардың да ангаратынын және түсінеді. Соңдықтан да әдейі көрер көзге ашық істейді. Кеше Нияз жалт беріп, іргесін аулақ салғанда, Сусаннаны қо-лымен көрсетіп, «тастап кетті» дегендерден бүгін өшін алғы-сы келеді. «Қап, ақымақ болдым-ау, бекер қол үзген екем» деп, Нияздың өкінгенін, күйінгенін өз құлағымен естімей-ақ, жүрт арқылы жетсе де риза. «Сен де осындай қатығез бе едің, Сусан-на? Ол қыздың жазығы не?» деді жүрек түбінен бір мейірім-ді дауыс, қарсылық білдіріп. Бірақ Сусанна Михайловнаның оған да жауабы дайын: «Ол кеше Ниязды тартып алғанда, мені ойлап па? Дүние кезек — бүгін сен, ертең мен! Алды-артыңды ойлап, біреудің кимасына қол сұқпа. Өзімдікі дегенді жіберме!...».

Я, ол екеуі соңғы күндері Сусаннаның көзіне түсуден кал-ды. Доктор Дарханов ертенгі конференцияға да қатыспайды, Сусанна бүгін бас дәрігерге:

- Отделение бастықтарына қатыспауға да болатын көрі-

неді, мен ертең келмей-ақ қойсам қайтеді? — деп Ниязды тұстап, көкей сөз тастағанда, Кравцов қап-қара боп түтігіп:

— Ұялсаңы солай деуге! — деп зекіп таstadtы. Мұндай жауапты құтпеген Сусанна сасып, қызарандап қалды.

Артынан конференциядан қайтып келе жатқанда ол сөздің мағынасын жолшыбай Жүсіп түсіндірді:

— Сорлап жүрген адамның соңына неге түсे бересіз дегені...

Бұл сөзді естігенде, Сусаннаның төбесі көкке еki-ақ елі тимеді.

— Оның сорлағанын Кравцовтың да мойындайтын күні бар екен-ау?

— Жаңы ашиды да!

— Әлбетте!.. Кеше азанда доктор Дарханов біздің Шортанбаевқа тиісіп, екеуі қызылкенірдек болып қалса керек. Оны маған Шортанбаевтың өзі айтты. Азулы қасқыр емес пе, сол бетінде ауданға барып арыз беріп, соған бүтін Кравцовты шақырып әкетті.

— Е, «досы» үшін қиналып отыр де!..

Екеуі Сусанна Михайловнаның кабинетіне кірді де, есіктің тиегін салып, ішінен бекітіп алды.

— Комиссияда отделение бастығы сен болсын деп ұсыныс жасаған ем...

— Дархановтың орнына ма?

— Я. Өз орнымды ұсынды деп пе ең? — Сусанна жымыып, әзіл таstadtы.

— Жоқ, істей алам ба?

— Бәлсінбе!.. Бер жағын, тіліңнің ұшы ғана ғой айттып отырған! — Сусанна күлді.

— Эй... Дархановты Кравцов ала қоймас!

— Партияға кір деп мен саған баяғыда айтқан ем!.. Партияда болсаң ғой, аупартком да сені қолдайды.

— Ала ма мені? Эйелім күнде жанжал шығарып, абырайымды төгіп отырғанда.

— Қойды, тіл алатын болды дегенің қайда?

— Бірер апта тыыш жүрсе, сабындаі айнып қайта бұзылады.

— Біреу бұзатын болар?

— Кім дейсіз?

— Мысалы, Дарханов. Оның студент көмекшісі.

— Эмір ме? Ол — адал жігіт! Айтыс-қағыста жұмысы жоқ. Дархановынды білмеймін. Я, бақылап, байқаса да артық болмайды екен-ау, өзі!

— Енді қалай! Сенің әйелінді Дархановпен сөйлесіп тұр деп жақында осы кім айтты маған?.. Тоқта... Шортанбаев...

«Тұқым ектік, енді өзі өсе берер» дегендей, Сусанна Михайловна Жүсіпті шерменде ғып қойды да, есікті ашып жіберіп, тосып тұрған бір науқасты кіргізе қойды. Қолынан ұстағысы кеп, мөлие қарап, жақынданай түсіп ынтықкан Жүсіпті тағы да қарамай қаптырды.

\* \* \*

Соңғы күндері Жүсіптен Сусанна біржола алыстады, әйелі терезесін сындырганнан бері сылтауратып, үйіне де жолатпайды, келсе, не құлыптаулы жабық та, не қонағы отырады, әйтеүір, қабылдамай қайтарады. Не біржола ат қүйріғын кесісп тұнілдіріп кетпейді де, не жарытып махабbat ләззатына қандырмайды, ұзын арқан, кен тұсаумен дәмелендіріп, сонынан ертеді де жүреді. Әлде Жүсіпті ұнатпай ма? Осы бір сұрақты бірінші тапқан адамдай Жүсіп таңданып, өз ойына үніле қарады, бұдан бұрын неғып ойына келмеген?

Әлде Жүсіптің әйелінен сескеніп, тайқақси бере ме? Бақтығулдің кім екенін Сусанна білмейді, Жүсіп адам сияқты ұғындырып айтқан да емес. «Бактығұл — бұған масыл, иығына артқан жүк. Не тең түсіп, ойына ортақ бола алмайды, не үйіне береке беріп, сәнін келтірмейді. Әуелде Жүсіп өз ықтиярымен үйленді ме оған. «Ой-бай, тілінді алады, жаны ашиды, серік болады, аяғына тұсау салмайды, жуас» деп шешесі емес пе басын бұзаудай байлаған?! Жуастан жуан шығады, Жүсіпті бүкіл санаторийге құлкі қылды. Я, Сусаннаның айтқаны келіп шынға айналып, біреу қолтығына су бүркіп жүрмесін? Ниязбен әңгімелесіп тұрғанын көрген кісі бар деді-ау?».

Жүсіп қызметін шала-шарпы аяқтап, үйіне жетуге асықты. Бақтығұл еден жуып жатыр екен, оған қараған Жүсіп жоқ, асыға басып, аяғын сұртпестен, табанының ізін баттита түсіріп кіріп барды. Бақтығұл, «мынаған не болған-ай» дегендей, аңырайып бетіне қарады.

— Күйеуінің тілін алмаған әйелдің көретін күні осы? Бұл үйде кімнің қожа екенін біліп қой! — деді Жүсіп шақшиып.

— Не бопты-ей, тілін алмай, кай шаруаң бұлініп, істелмей қалып еді?

— Шаруа, шаруа!.. Сенікі «шаруадан» келеді. Құдай маған осындай қатын берген соң, амалың қанша.

Жүсіп теріс қарап, қолына бірінші түскен кітаптың бетін ақтарып, томсырайып тұра берді.

— Құдайың бергені бар, онсыз да кем емессін. Өкінбе!

— Кім, ол кім? Кімге таңып тұрысын тағы да? — Жүсіп ерсілеу айғай сап жібергенін өзі де түсінді, Шортанбаевтың үйі жағынан күбір-күбір сез естілді. Бақтыгүл өршелене бастаған соң, Жүсіп тағы да шу шығарып алам ба деп қаймықты да, даусын бәсендетіп, сыр тарта сөйледі:

— Саған кімнің дем беріп жүргенін білем!

— Білсең, айта ғой.

— Дарханов! Ол менің қасым... Сен оған менің үстімнен өсек тасисың!

— Ерегестірдің бар ғой... қазір барам да, осы сөзінді түгелдей жеткізем!

— Көп өсегінің бірі болар, қайтер дейсін!

— Эй, сенде ес бар ма? Кімнің желігі бұл? Ол кісімен тіл қатысып көрген емен. Ал сактан! — Бақтыгүл қолындағы үй жуып жатқан шүберегін былып еткізіп жерге бір соғып, тұра жөнелді. Жүсіп төрден есікке бір-ақ секірді де, қарынан ұстай ап, жұлқып кейін тартты.

— Бармайсың!

— Ә, қорықтың ба?

— Кімнен? Дархановтан ба? Жүр, мен саған қорыққанның әкесін танытайын! Жүр, өзім апарайын!

— Жүрсен, жүр!

Екеуі есіктен жұлқына қатар шығып, Нияздың үйіне қарай егесе аяңдады. Қарсы келген студент, бұлардың өндөрін көріп, зәресі ұшты ма, құшағын кере кес-кестеп жібермей тұрып алды.

— Не болды-ей сен екеуіне? — деді ол таңданып.

— Мынадан сұра! — Жүсіп Бақтыгүлді көрсетті.

— Сұраса, айтам!.. Нияз ағайды маған таңып... Жүсіп қып-қызыл бол, ыршып түсті:

— Жала жабуын көрдің бе?.. Осындай қатынмен өмір сүр дейсіндер? — Жүсіп жыларман болып, қапаланып, аузына сез түспей булықты. Тепсініп, бұрынғыдан бетер айғай сала бастаған Бақтыгүлді білегінен қаттырақ қысып, «Көшеде дауыстама, ұят!» деп, Әмір үйіне қарай итермеледі. Жүсіпке көзін

қысып, даусын қатайтып: «Жүр үйге, сенің де сазайынды берейін!» деді.

Жұсіп пен Әмір қатар оқымаса да, бір институтты бітірген, аралас та сырлас замандас. Кейде шекісіп қап, артынан татуласып, құрбы ғой, бірінің сөзіне бірі құлак асатын.

Үйге кіргізіп ап, есікті мықтап жапты да, екеуін Әмір тергеуге алды:

— Не жетпейді?.. Жұрттың қаңку сөзі шығар деп, сенбей журуші едім. Бүгін, міне, үстеріңнен шықтым. Кәне, қайсын кінәлісін?

Бақтыгүл өзеурей бастап еді, Жұсіп еркектік қылып, ақырып жіберді:

— Токта!.. Көрдің бе, міне, сөйлетпейді де!

— Жарайды, әуелі сен-ақ сөйле! Еркек неме! Есінде болсын, сотқа барғанда, сөзді әуелі Бақтыгүлге береді, — деп Әмір қалжындал алды.

— Мен сөйлесем: аяғымды кия бастырмайды, маған таңбайтын әйелі болсайшы осында, Сусанна Михайловнадан бастап, санитарға дейін менің ашынам. Қыз күнінде тәп-тәуір еді, жыл сайын бұзылып барады, нақұрыс!

— Өзің нақұрыс! — деді Бақтыгүл кайтадан өршеленіп.

— Мені Нияз ағаймен байланыстысын деп шу көтерген өзің емес пе? Әмірдің алдында тұлқіше бұландаисын!

— Өтірік!

— Сен бұл сөзді қайдан таптың? — деп Әмір Жұсіптің өзіне жабысты.

— Естідім.

— Кімнен? — Енді Бақтыгүл тап берді оған.

— Нен бар? Көрген адам айтты. Өзің біліп тұрсың, кімнін сонда кез келгенін!

— Тфу, арсыз! — деп ашулы Бақтыгүл жерге түкірді.

— Эй, сен біз екеуімізді төбелестіруге әкелдің бе? Жок, жетеді! Мен енді осы үйден біржола кетем! — Жұсіп бұртандалп есікке қарай бұрыла беріп еді, Әмір колынан ұстай алды:

— Токта! Отыр, көкайыл катынға ұқсамай! Осы уақиға алдымен кінәлі өзің!.. Мен сенен қорықпаймын, көзінді бақырайтпа!.. Мен ертең Алматыға кететін қазақпын. Практикам бітті. Қайтып мұнда оралам ба, жок па, бірақ достық ақылымды айту — маған парыз.

Әмірдің бұлай өктем, сөге сөйлегені Жұсіпке ұнай қой-

мады. Ақыл айтып, кісімситін кім өзі бұл! Жүсіп енді тала-са сөз жарыстырды:

— Уай, ақылшым-ай!.. Кімсің сен?

— Мен бе?.. Мен ертөнгі дәрігер, бүгінгі коммунистін. Сен ақылыңмен қамти алмайтын дүниені мен бірден танып, бұрын көрем, оны білесің бе?

— Сен өйтіп партияның билетімен мактанба! Айрылып қаларсың!

Әмір күліп, Жүсіптің иығына қолын салды:

— Арындаған аттай ерінді мойныңа алғанда қайда баразын? Оナン да зер сала тыңдасайшы.

— Мынаған сөз ұқтырам деп ауыз ауыртып түрғаның-ай, Әмір! — деді тағы да көлдененңен киліккен Бактыгүл.

Жаңа ғана басыла бастаған дау керосин құйған оттай қайтадан лап етіп, лаулай түсті. Жүсіп те кірпідей жиырылып, сөз шоқпарын ала жүгірді. Халінің мүшкіл екенін, бекер араға түскенін енді сезген Әмір жаңа тәсілге көшті.

— Бактыгүл! — деді Әмір, даусын катайтып, еріксіз бағындырып. — Бізге шай қой! Мә! — калтасынан ақшаны сұрып ап, ұстата берді. — Бір жартылық әкел! — деді. Сөйтті де, өзі радиокабылдағышты бұрап, Алматыдан музыка ұстады — «кол ұстасып келе жатыр екі жас!» деп бұлбұлдай сайраған баяғы Бибігүл. — Черт возьми, адам тәрізді музыка да тыңдай алмаймыз! Әміріміз ұрыс-керіспен босқа өтеді осылай! — деп Әмір қынжылып, жолдасына қыр көрсетіп тұра берді. Ызадан булықкан Жүсіп Әмірге «отыр» деп айтуға да жарамады, диванға сылқ етіп жата кетті.

— Көрдің ғой, не жазығым бар?.. Осының әлегінен бей-саят қадам басудан да қалдым! — Жүсіптің қолы дірілдеп, шылымын әрен тұтатты.

— Сен жазығым жоқ деме!.. Бар!.. Қазір Бактыгүл жокта мен көзіңе шұқып айтайын.

Әмір орындықты Жүсіптің қасына әкеп, жайлана отырды да, сөзін сабактады. Жүсіптің суқаны сүймесе де, тістеніп, еріксіз мойынсұнды. Тыңдамасқа шамасы да жоқ, Әмірдің мінезі шадыр, жағадан алып, ұрып кетуден тайынбайды. Әнебір әзірде ағаш ішінде ерегескеңде ойын-шынды аралас алып соғып, езгілеп кеткені бар. Өзі боксер, қойып жіберсе, үнің де шықпай қалады.

— Сен Бақтыгүлдің де, өзінің де нервінді істен шыға-

рыпсың. Бір ауыз сөзге келмей, қалшылдан түре келесіндер, өмір ме бұл?.. Сен өзің дәрігерсің, сөзден күшті у жок, азы сөз денеге жайылса, сырқатқа шалдықтырады, ал жылы сөз — шипа, дәрі, емдеп жазады, осыны қалай түсінбейсің. Ең болмаса, сен үндемесейші!..

— Мен оған тиістім бе?

— Токта, токта! Келістік қой жана, әуелі мен сөйлеймін деп. Анада өзің бір рет қақпанға түстің, енді ол саған сенбейді. Енді сен оның ынғайыңа көше отырып, біргіндеп, қақпалай түзеп алмасаң, түзелмestey ғып біржола бұзасың. Бір күні емханаға алып барасың әлі. Сен енді Сусанна Михайловнаға жолама! Байланыспа! Саған ол опа бермейді.

— Сусанна Михайловна жайында байқап сөйлеңіз!

— Ақымақ! — деді Әмір, бар жігерін осы бір сөзге жұмсал. Жүсіп басын көтере беріп еді, қолымен қеудесінен итеріп қап, шалқасынан түсірді. — Сен бұлінетіндег не айттым мен? Жата түр, мен тоқтаған кездे көтерілерсің... Осыдан үш жыл бұрын Сусанна Михайловна мен доктор Дархановтың арасы қандай жақсы болғанын естіп пе ең?

— Ал естісем ше?

— Естісең, бүгін қандай? Сонына түсіп, ақыры бәлен жылғы еңбегін, міне, жоққа шығартты.

— Сенің мактаулы Дархановың Михайловнаға не істемеді, оны білесің бе?

— Не істепті?

— Уай дегенің, «не істепті?» — Жүсіп келемеж дауыска салды. — Қашып жүргендеге, паналатып, түрмеден алып қалғанда істегені осы ма, жер қып кетіп отыр...

— Токта, достым! Біріншіден, сен өзің не сөйлеп, не қойғаныңа есеп бересің бе? Доктор Дарханов оның үстінен арыз жазған жок, бір ауыз жаман сөз таратқан жок, қызметіне кесел келтірген жоқ. Не істепті? Айталық, келісе алмады. Тындашы өзің, ол қыз емес қой, масқара қылды дейтін. Жасы келген сақа әйел. Айталық, Дархановтың семьясы болса еken немесс Михайловнаның семьясы боп, екі ортасына Дарханов түсіп бұзса... Мысалы, сенің семьяңды ол әйел бұзайын деп отыр қазір...

Жүсіп атып тұрды:

— Мен оған үйленсем кайтесің?

— Үйленсөң, ақымақсың! Бірақ ол — ақылды әйел. Сен

сияқты еркекті маңына да жуытпайды. Сені қайтсін-ей. Баласымен жастысың. Сені ол біраз пайдаланды, Дархановқа қарсы салды, енді сіріңкесі таусылған қораптай лақтырып тастайды.

Жұсіп сылқ етіп қайта жатты.

— Осының бәрін сен қайдан білесің, ақылшым?

— Мен білем. Сен білмейсің ол әйелді, Жұсіп. Соқырсың.

Ол жас кезінде Польшада өскен, біз көрмеген, білмеген өмірден татқан дәм сүйегіне дейін сіңіп қалған. Мен соғыс жылдары ол жақта болғам, білем... Сен доктор Дархановпен бекер қырғи қабак боласың? Бұл жайында екеуіміз талай айтыстық, бірақ есінде болсын, оның үш жақсы қасиеті бар: бірінші — медицинаны Сусанна Михайловнадан артық білмесе, кем білмейді. Ізденіп, талпынып жүрген дәрігер, екінші — өте жақсы адам, қазак баласына тән күндеу, өсек, жала сияқты то-лып жатқан жат қылыштардан ада, үшінші — қолынан келсе, біреуге өз білімін беруге әзір тұрады, үйретуден қашпайды да жалықпайды. Әрине, адам болған соң, кемшілігі болмай қоймайды. Оның өзім білетін үш кемшілігі және бар. Бірінші — оның тілі абы, шаяндай шағып алады, содан өзі таяқ жеп жүрсе де елемейді.

— Екіншісі?

— Кісіге сене қоймайды. Орынсыз жерде тартынып, сескеніп қалады. Бұл — бір кездегі жеке адамға табынушылық әсерінен туған орынсыз сақтығы. Үшіншісі — жасы болса келіп қалды, әлі семья құра алған жоқ. Бұл — оның басындағы трагедия. Оған, әрине, өзі де кінәлі емес, мен бір оңаша сөйлескенімде, саған өтірік, маған шын, жылады ғой ол. Көзінен жасы сорғалап жылады. Бір кезде семьясын бұзып алған да, енді соны қайта құра алмай, сорлап жүр. Семья құру оңай дейсін бе? Оның басына түскен сенің басына түскен жоқ, сен көкіп жүрсің!

Тыстан Бақтығул кіріп кеп, стол үстіне тағам әзірлей бастады.

Әмір Бақтығулді құшақтап:

— Қайран Бақтығулдей жарым болса, армансыз өтер едім, Жұсіп. Кел, отыр, біріншіден, менің жолым болуына, аманесен баруыма, екіншіден, сендердің тату-тәтті тұруларыңа көтерейік.

Бақтығул де жаны қалмай, столға ен қымбат хрусталь бокалдарын әкеп, шарабын шыптылдата қүйді...

### III

Көктемнің келіп қалғанын Дәмеш шатырдан білінген бірен-саран тамшыдан аңғарды. Күннің көзі шакырайып, терезе алдындағы қалың қардың бетін тілмен жалағандай жалтыратып, кей жерлерін ойып, опырып, төмен түсірген.

Көкшенің биік құзын мұнар басып, таудан соққан жылы желдің дымқыл иісі ашық фортинадан ауық-ауық мұрынға келеді.

«Алақай-ай, көктемнің жетіп-ак қалғаны ма!». — Дәмештің жүргегі бүгін аласұра лепіріп, әлденені қөксегендей еді, бесе.

«Тоқта, Дәмеш, өміріңнің өткеніне қуанғаның ба? Жарты жылдай санаторийде жаттың, не бітірдің, не таптың? Есінде қалған әдемі бір кезеңі бар ма?».

«Е, не бітірмедім? Емделдім... Жүрек сырына үңіліп, кімді аңсадым, кімді жек көріп, кімді сүйдім, соны ұқтым, ол аз ба?».

«Сүйгенің — сағым, қиял, тапқаның және белгісіз. Ауруыңнан біржола айықтың ба, соны айта аласың ба, ең ақыры?».

Дәмеш өзімен-өзі іштей таласып, қай жағына берілерін білмей, сыртқа шықты. Корпус алдында құшағың жетпейтін жуан, басына қарасаң, төбенен киімін түсетін биік кәрі карағай бұтағында құйрығын қайқытып бір тиін отыр екен, Дәмешті көрді де, шық-шық етіп, бұтақтан бұтаққа секіріп, «мені қуып жет» деп келемеж қылғандай.

Санаторийде өткен алты айына Дәмеш дәл мына тиіндей секірсе де қуып жете алmas. «Өтті де кетті белгісіз, ізсіз бір өмір».

«Неге олай дейсің, Дәмеш. Жүргінді жана таныған жоксың ба? Сен ауырмасаң, Ниязға кездесер ме едің? Ес білгелі көрсем-ау деп көксеген арманың емес пе еді? Неге өкінесің өткен күніңе?.. Ауыртып ап, жарымжан қүйде кез келтіргені — мазақтың бір түрі... Ауру — махаббатқа масыл, оны неге түсінбейсің?».

Дәмеш қарағай арасына кірді, енді ешкім бөгет жасамайды, бүгін өзінен-өзі жауап алып, үкім шығарады.

«Жетеді жүгенсіз кеткенің. Кеше үйіннен хат алдың. Сонда Асқардың не дегені есінде ме?».

«Есімде! Ол: «Қайырдан бір сұық хабар естідім, сол распа, қалқам... Біздің тұқымда женілтек, көрсекзызар жок еді. Өзің

біл, ойлан... Құрышпай атан да саған өкпелі, оның да хатын бірге салдым, оқып, өзің қорытынды жасай берерсін» депті. Ал шал астарлап, Аскардан да қатал айтқан сияқты ма, қалай:

«...Әкең мен шешенің ақылын саған Құдай қоса берді деп іштей дәмеленіп, шүкірлік қып, бір жалғызыға сыйынып та жүретінмін. Қайырдың шешесі жазған хатын оқығанда, жер жарық болса, кіргендей едім. Қартайғанда ақымак қылғаның жаныма қатты батады. Я, сөзден сөз тудады, сөз куған пәлеге ұшырайды. Мен Ақмаралдың ежелгі сөзі шығар деп сене қойғам жок, асылында, өзің біл... Осы күнге дейін сенен жасырып келген менің де бір қылмысым бар. Туған еліме барып, демалудың орнына, Алматыда төсек тартып жатып алғам. Басыма қан құйылып, қол-аяғым тартылып қалған. Уайымдап, жудеп кетер деп саған әдейі жаздырмағам. Сөйтсем, сен де қатерге ұшыраған көрінесің. Қазір мен жүруге жарадым, енді сен жазыл. Саған деген ақ тілеуім осы, балам...».

Қайран ата, аз сөзben көп сырды шертеді. Хатты басқа біреу жазса да, сөз саптасы, ой орамы қарттың өзіне ұқсайды. Ал осы хаттан кейін не дейсің, Дәмешім?».

Кешеден бері жауап іздең таппай қойған жок па Дәмеш. Осы хаттардың жазылуына себепші, әрине, Қайыр. Егер ол байыбына жетпей, сырын шашпаса, Асқар да, шал да күні бұрын байбалам салар ма еді? Әлбетте, ол әуелі Ақмарал шешейге жеткізген де, ол ағаш аттың басына мінгізіп, кәрі жынына басқан... Неткен ұшқары едің, Қайыр. Дәмеш, осы сенің кейде логикаң қызық. Алыстан сағынып қалындығына келген Қайырды құшақтап, жылы жүзбен қарсы алудың орнына, қуып жібересін де, енді оны айыптайсың. Қайырдың орнында сен болдың, сенен: «Неге тез қайттың?» деп сұраса, не дер едің? Бұл қайғыны ішіне қалай сыйдырысын?

Жақсы, солай-ақ болсын, Дәмештің өзі сүйе ме сол Қайырды?

Бір кезде қызықты да, елікті де, бірак алаңсыз беріліп сүймегенін Ниязға кездескен соң түсінсе, қайтесін?

«Нияз үшін өл десе, өлер ме едің?» деп сұрашы Дәмештен, алды-артына қарамастан, ешбір іркелмesten, «иә» дер еді. Соңғы күндері Нияздың жанына батқан шатақтар, өсек сөздер Дәмештің де үйкисын шайдай ашып, берекесін кетірmedі ме?

Мүмкін Нияз жақсы көрер, бірақ ауру Дәмешпен өмір

сүріп, бір тұру оған қаншалыкты қолайлы. Сау еркек аурұ әйелді жақтыра ма. Ал егер Нияз: «Сені сүйем, өмірге бірігіп ұя салайық» деген сөзді айта қалса, не деп жауап берер едін? Ниязбен бақытты тұрмыс құра алуыңа көзің жете ме? Нияздың мінезі қандай осы? Бір көрмеге жігіттің қайсы болсын сыр алдырмайтынын білесің гой.

Ертең ол ашуқор, бір сөзге келмей дірілдеп, көзін алайтса, не басқан ізінді андитын қызғаншақ боп, жанжал шығарып, басынан қику кетпесе, немесе тыын санаған сараң болып, күнде ұрсысып, нервінді жесе, соған көнер ме едің, Дәмеш!

«Көнем» деді Дәмеш дауыстап. Сол бір сәт өзінің ағаш ішінде селтиіп жалғыз тұрғанын, даусының шығып кеткенін анғарып, күліп жіберді.

Басын көтеріп, жоғары қараса, ағаш бұтағында елендеп тиін отыр. Дәмештің соңынан еріп, сөзін теріп, ойына дұзак құрып жүрген манағы тиін емес пе екен? Дәмеш жақындей беріп еді, «шық-шық» етіп қарагайдан қарагайға секіріп, көзден ғайып болды.

Дәмештің жаңағы киялды да осы тиінге ұқсап жоқ бол кеткеннің қай жағы.

«Шын-ау, о тоба, Ниязга несіне сонша өліп-талады? Нияз да жас емес, сақа жігіт, бұрын бір рет үйленген, баласы да бар дей ме, онысы өз алдына бір жүк. Сусанна Михайловнамен де ашына болып, енді сол үшін ана қатын есеп айырысып жүрсе керек» деді іштей бір аңы үн. Жоқ-жоқ, тыңдамайды. Жетеді азғырғаның!

Дәмеш құлағын баса, санаторийге қарай жүгірді, елбелендей, корпусқа жақындей бергенде, сайтандай қарсы алдынан тапал келіншек шыға келді.

— Дәмеш, сені доктор Дарханов іздеп жатыр! — деп ана-дайдан айғайлап, бүкіл орманды жаңғыртты.

— Көнілді көрінесің, Разия, комбайндерден тағы хат алдың ба? — Әзілдеп, комбайндерден алған бұрынғы бір хатын ишаралады.

— Комбайндерден іс шықпайды. Қайтесің қажап! — деп ол тарқылдап күлді.

— Денсаулығы қалай екен, білдің бе?

— Тәуір дейді... Әлі де жататын сияқты. Сен өзің көнілін неге сұрамайсың барып?

— Менің де көптен далаға шыққаным осы. Дәрігер көрсө, ұрсызы да мүмкін.

— Арқаңды тосып, даярлана бер!.. Дүреленесің.

— Мен үшін сен тоссан қайтеді? Құрбым едің, алты ай дәмдес болған... Разия, осы сен сап-саусың, неге жүрсің, үйіңе қайтпай?..

— Мен құштар деп пе ең? Жібермейді!.. Әбден жазылуың керек дейді Дарханов.

Бұлар корпусқа кіре бергенде, ар жағынан дәлізде жүрген Дарханов көріп қалды.

— Дәмеш Сахиевна! Сені тоса-тоса құдер үзіп қойып ем. Айтқандай, кім рұқсат берді саған қызыруға?

Дәмеш күмістей сылдыраған әдемі жас даусымен корпусты саңғырата көнілді жауап қайырды:

— Кеше өзініз орманда жолығайық дегенініз қайда? Өзіл сөздің астарына Нияз әуелі түсіне алмай, шын көріп, көзі бакырайып, кейін шегінді.

— Мен бе?

— Ақталып керегі не? Сол свиданиядан оралдым. Қыз әзіліне түсіне алмағандай Нияз қайтып жауап қайырмады. Дәмешті қолтығынан ұстап, кабинетіне алып барды.

Нияздың үстінде күнде киіп жүретін арзанқол сұр шұбар костюмі емес, қара бостон костюм, ақ көйлек, қара галстук; сауық кешіне баратындағы киінген, тап-таза; столына барып халатсыз отырып, қарсысындағы орындықты Дәмешке ұсынып, көзін алмай, ойланғанда да жақын жақын да болса, алыс. Соның алысына сапар шегіп барады. Саусактарын айқастырып, Нияз иегіне тіреді.

Сөзді Дәмешті неге іздегенінен бастады. Тұнгі сағат екіде Алматыға жүреді. Баяғы ертегіде жоқ іздеген жігіттей, екі жолдың айырмасында қайда баарын білмей тұр: бір жол бар алыс, алыс та болса, жақын, бір жол бар жақын, жақын да болса, алыс. Соның алысына сапар шегіп барады. Кім біледі, жоғын таба ала ма, әлде әуре боп, сүмірейіп қайта орала ма...

Ұзак жүрмейді, шаруасы бітсе, тез оралады, мұнда емдеп жүрген науқастар балапандай аузын ашып қалып барады, соның бірі — Дәмеш. Рентген сәулесінің сеансын түгел қабылдап бітіре алмады, Нияздың бар өкініші осы.

Дүниеде мейірімді адам аз ба. Рентген техникпен келісіп, «қылмыска» барды. Нияз оралғанша, ол ұрлап рентген сәулесінің қалған екі сеансын бермек. Онда да мойын нервінің төменгі түйіне аз-аздап екі жағынан кезек береді.

— Қылмыска барып қайтесіз... Ертең біліп қойса...— Нияз

Дәмештің ойын бұл ақылы ерсі көрінді, бірақ осы ойын қаншама жұмысақ үнмен білдірдім десе де, сөзі сәл ашылау шыкты:

— Мен мұны қылмыс деп санамайым! — деді Нияз, Дәмештің ұзын кірпіктеріне сүйсінгендей күмарта қарап.

— Ең абзалы, мені қайтарып жіберсеніз... сізге кесел келтірмеймін!

— Сенің емің аяқталған жоқ, емінді бітірмей қайтарып жіберсем, міне, қылмыс деп осыны айтады.

— Менің емің де, жырым да біткен болар.

— Жырың жаңа басталды! — Нияз езу тартып күлімсіреді.

— Жырды айтушы кім?

— Айтушы ақын-доктор Дарханов! — деді де, лезде түсін сұбытып, орнынан турегеліп, колын созды. — Дәмеш Сахиевна, сабыр етіңіз! Кенет кездескен жағдай сенің еміне аздап кедергі болды, әйтпегендеге, әлдекашан үйге қайтатып едің!

— Ол үшін сізден кешірім сұраймын! — Кінәлі мен өзім. Суық су ішіп қойған ем!

— Дақасы жоқ, айналайын! — Нияз Дәмештің саусағын ұстап, қысып жібермейді.

Дәмештің де бойына у тарағандай, денесі балқып, буыны босай берді.

— Хош!..

— Қашан жүресіз?

— Осы арадан түнгі сағат он екіде аттанам!

— Мен келіп шығарып салайын, рұқсат етсеңіз.

— Иә... Жоқ... Өзің біл, айналайын!

— Сіз де сондай жасық па едіңіз?

Нияз жауап орнына Демештің қолын сүйді.

\* \* \*

Түнгі сағат он екіге он бес минут қалғанда Дәмеш Нияздың үйіне кіріп барды. Столды жағалай бес адам отыр екен. Дәмештің көзіне бұрын түскен Нияздың қасындағы Алексей Иванович Кравцов, бурыл шашты, орақ тұмсық, екі иығына екі кісі мінгендей келісті кісі, жұрттың бәрінен еңсесі биік, Алатау шынындау «мен мұндалап» анадайдан шақырады.

Сол жағында — студент Әмір Қазакбаев, оған таяу Нияздың медсестрасы Варвара Платоновна, бет пішіні денесінен сай кішкентай, сүйегі ұсақ, сүйкімді әйел... Нияз бен Матрена Васильевнаның арасында бір орын бос.

Босағадан әрі аттамай тамашалап қараған Дәмешке Нияз жүргттан бұрын ұмтылып, киімін шешіндірді.

— Жоғары шық, жолдас инженер! Менің қасыма кел! — деді бас дәрігер, тегі, Дәмештің келуі жайында бұрын сөз болғанға ұқсайды. Нияз пальтосын іліп жатқанда, Әмір ұшып тұрып, Дәмешті құшақтай икемдеп, Кравцовтың қасына апарды.

— Нияз екеуіміздің ортамызға отырмасаң, мына студентке сенуге болмайды. Кезін көрмейсің бе, «мені сүй» деп мәлдіреп жалынып тұрғанын? — деп жүргтты қыран-топан күлдіріп алды.

Дәмештің аддындағы бокалға Нияз шыпылдата «Есік» аталған рислинг құйды да, бокалып жоғары кетере түрегелді:

— Біз әлгінде Дәмеш Сахиевнаны күтіп-күтіп, денсаулығы үшін сыртынан бір тост көтеріп едік...

— Мен үшін бе? — Дәмеш қызара күлімдеп, жан-жағына көз тастады...

— Әлбетте, сіз үшін. Сол тостымызды енді өз көзінше қайталап айтсақ деймін! — Қызып алған Алексей Иванович Нияздың сөзін бөлді.

— Айтыңыз, айтыңыз, пожалуйста! — деді Әмір оның пікірін колдан.

— Дәмеш Сахиевна сияқты казақтың оқыған сұлу қызы сау болсын, бойдак жүрген дәрігерлердің біріне тиіп алсын! — дедік.

Дәмеш өзі бас болып күлкіге көк сигнал беріп, жол ашты.

— Алексей Иванович, сіз демалуға келген қыздардың бәрін шетінен қүйеуге берсеніз, дәрігер жетпес! — деді Дәмештің өзі қуланып.

— Маған сөз бермейтін болдыңдар ма? — деп Нияз шулаған жүртқа өзінің тосып тұрғанын ескертті.

— Сенің де сөзің таусылмайды-ақ екен. Шортанбаевқа қосақтап қояр ма еді өзінді! — деді Алексей Иванович тағы әзілдеп. Бұл жолы Ниязға тие ме деп біразы әдел сақтап, бір-азы жартылай күлді.

— Дәмеш Сахиевна біздің санаторийға келген демалушы десек, сөз қадірін білмегендік болар еді! Дәмеш Сахиевна — еліміздің мандаіына қадаған жұлдызы, сол жұлдыздың өмір-ге нұрын шашып жарқырай беруін тілесек!

Осы бір сөз ұнады ма, жок, думан-шу өзінің сау кезіндегі

жастық шағын есіне түсірді ме, Дәмеш жаны рақат тауып, екі бетті оттай дуылдал, рухтана бастады.

Бокалын әрқайсымен жеке-жеке соғыстырып, шарапты асықпай ұрттаң жұта берді. Медицина тобының ортасында бірінші болуы ғой, ашық, жайдары халық көрінді Дәмешке. Кейбір топта ұят, әдепсіздік болып саналатын сөздер бұлардың арасында сол мағынасында айтыла берді, оған мән берген ешқайсысы жоқ. Адам денесінің кейбір аттары қазақша, орысша өрескел көрінсе, латынша атап еркін сөйлеседі. Елемейді, еттері өліп кеткенге ұқсайды. Газеттен оқып қай театрда, қандай пьеса қойылады деген сиякты, өзара шіміркенбестен еркін сез қылады. Қызы-келіншек аралас осындаі топта жасакып артық сезге бара алмаса, бұлар «Варвара Платоновнаның іші томпиып қалыпты, ертең баланың кіндігін Кравцов кеседі» деген сөзді Дәмештің көзінше медицина тілімен сез қылады. Дәмешке ерсі көрінеді-ау деп ескермейді де.

Сөз арасын Дәмеш білдірмей бұрып жіберді:

— Кайсысымен әңгімелессен де: «Дәрігер» өз алдына бір каста<sup>1</sup>, олар өз арасына бөтен адамды жуытпайды. Жолаған адам өзі мезі боп қашып кетеді» деуші еді, алайда сіздерге қарап, сүйкімді де жайдары жандар-ау деген түйінге келдім. Қымбатты Алексей Ивановичтың өзі бүгіннен гөрі ертенгінің адамына ұқсайды. Я, бұдан сіздің санаторий адамдары коммунизмге алдымен баратын, «путевкасы» қалтасындағы адамдар деп ұғып жүрменіздер... Жолшыбай: «Кәне, немен бара жатырсыз, көрсетіңізші!» десе, кулық-сүмдықтан басқа жүгі жоқтар да аз емес сиякты.

— Мысалы? — деді Алексей Иванович.

— Көзге шұқып қайтеміз! Өзіңіз де сезіп отырған шығарсыз. Кейбір дәрігерлер ескіліктің көлеңкесінде әлі шырмалып жүр. Пациент пен дәрігердің арасын жақыннатпауга тырысады. Біздің заман пациентті кешегі революциядан бұрынғы әр таптан құралған пациент емес, өз қасындағы құрбы-құрдасы, дос-замандасы. Мен сондай дос-дәрігерлер үшін тост көтерем!.. Соның бірі — Дарханов жолдас үшін көтерем!..

— Ура! — деді студент, екі көзін Дәмештен айырмай.

— Бәрімізден сен астың! Кел, төңкере көтерейік! — деді Алексей Иванович.

<sup>1</sup> Ерекше топ.

— Жақсы сөз — жарым ырыс! Лебізінен айналайын, рақмет, — деп Нияз бокалын столға қоя сап, Дәмештің көлін сүйді де, шарабын дем алмастан қағып салды.

## IV

Тұн... Поезд зырлап барады. Анда-санда тұнық тұнді қак жарып айғай сап: «Байқа, жол кеспе!» деп ескертіп те кояды. Жұмсақ вагон терезесіне бетін тақап жабысып қалған Нияз поезбен жарысқан телеграф бағаналарынан көзін алмайды.

Нияздың өмірі бүгінде дәл осы поезд сияқты зымырап барады. Іліксен — іліктің, ілінбесен — орта жолда қалғаның. Алда-жалда ондай күн туса, алақаныңды жай да, қайыр сұра. «Мен келдім» деп кеше ғана әлемге жар сала шыңғырып туған адам, сол өмірден қайыр сұраса, анадан туып керегі не? Әрине, жақсылық өзі кеп аузыңа түспейді, диханшы тәрізді өзің егіп, өзің жинап аласың! Соған күшің де, ебің де жете ме?

Нияздың күші жетсе де, ебі жетпей сорлап жүргенін шығарып саларда Алексей Иванович та, Дәмеш те қатты ескертіп, осы жолы: «Байқа, біреуді шағып алып, маңдайыңды тасқа соғып жүрме! Тіліңе қарауыл қой!» деген жоқ па?

Олардың кеңесі — жаны ашығандық, достық қамқорлық. Жұлдызы онынан тумаса, жалынып-жалпайып, пенде бол соғзін өткізе ала ма? Батыл айтқанда, Нияз кайыр сұрамай, өмір поезына ілесіп келеді дей алар ма? Ауыз толтырып айтарлық не бітірді? Катардағы дәрігердің бірі, шама-шарқынша адам емдейді, білімін аяп, керенау еңбек істеген жері жоқ, бар ынтасымен қызмет етіп тырысып жүр. Еліміздің көп дәрігерлерінің санында бар, бұдан артық не керек?

Сен осы «дәрігерлер атаулы жаңадан ем тауып, герой атансын» деп ұғасың ба? Өзіңе деген талап-талғамды киыннатып, күшайте түссен? Сөз білмеген сөзді өзіне тигізеді.

Ниязды олай ұқпа! «Дәрігер болсан, баяғы институтта алған біліммен рецепт жазып: «Күніне үш рет тамағынды шай!» деп самарқау емдеме, ізден, әр наукасқа еңбек сіңір, өнерлі дәрігер атан!» деген принципті қолдайды Нияз. Клиникалық медицинаның атасы Боткин не деді, есінде ме: «Ауруды емдеме, адамды емде!» деген жоқ па? Әр адамның организмі әр қиын, біріне қонған ем екіншісіне қонбауы да ықтимал, ендеше, оған жаңа бір тәсіл тап!..

Рентген сәулесімен емдеуге Нияз медицина ғылымына

бір жаңалық ашып, атаққа ие болам деп құлшынбайды. Айта берсөң, бұл өмнің өз авторы бар, ол — профессор Штокин, Нияз болса сол «жаңа емді» іске асырушы ғана...

Қасына Әмір келіп тұрды. Практикасын бітіріп, бұз да Алматыға қайтып барады.

— Бүгін Ақмолаға мемлекет басшылары келетін көрінеді, естідіңіз бе? — деді ол вагон ішінде естіген сөзін қайталап.

Нияз ойланып қалды. Ақмоладан түсіп, ертеңінде обкомға жетіп барып: «Өте қажет те манызды сөзім бар!» десе... Жақсы, қабылдады делік, сонда не демек?

«Рентген сәулесінің аз дозасы пайдалы, соны туберкулез ауруына қолданып көріп ем, қарсы шықты, рұқсат бермей қойды!».

«Кім ол кедергі жасап отырған? Аупартком секретары ма?».

«Жоқ!».

«Енді кім?».

Токта, әнеугі екінші секретарьдың атын неге атамайды? Е, ол қарсы болды ма? Бірінші секретарьсыз шеше алмаймын, тексерейік деген жоқ па? Енді кім? Бас дәрігер өзіннің досың, іштей жаны ашып, бірге уайымдайды. Жоқ, комиссия бастығының атын атайсың ба? Ой, тәйір, оған ауыз ауыртып не керегі бар, ол — орындаушы, аупартком секретары «тек!» десе болды, орнынан ұшып кететін қанбак емес пе. Енді кім? Әлде Шортанбаев па?

«Медицинадан хабары жоқ, Шортанбаев қалай қарсы бола алады?» десе, Нияз не демек? Олай болса, Қырымдағы институт директорының күдігін қайда коясың?.. Я, күдік те, қарсылық та, сенбеушілік те табылады.

Сол комиссияны басқарып келген жігіттің өзі іштей Ниязға тілекtes емес екеніне көзің анық жетті ме? Ол — Шортанбаев пен Сусанна Михайловнадан сескенсе, қаймықса қайтесің! Әрірек үңілсөң, аупартком секретарының өзі солардың сөзінен қашады. Ертең обкомға, ЦК-ға арыз жазса, басымыз дауда қалады, онан да пәлесінен аулақ деп, сенің сөзіңе мән бермейді. Кеше ғана жалақорлардың сөзі өтімді боп, талайды зар қақсатқан, содан зәрезеп болған жүрт арыздан осы күнге шейін қорқады. Арыз жазушының сөзіне құлак қойып, соны дұрысқа шығаруға бейім тұрады. Табынушылықтан қалған әдettің бірі...

Арыз жазушы жалғыз болса бір сәрі, ондайдың қасында атқосшылары, көтермешілері бірге жүрмей ме? Әне бір жылдар айғай-шуға үйреніп қалған қаныпезер Шортанбаев тіміс-кілеп Сусанна Михайловнаны тауып ала қойды. Себебі ол Ниязға қарсы.

— Мезгіл жаңа адам жасайық дейді, соған сен сенесің бе, Әмір?

Нияздың манадан бері ойға шомып тұрғанын сезген Әмір тандана қойған жоқ, бұл — сол ішкі толқынның сырт бейнесі.

— Неге сенбейім. Әбден сенем!

— Адам баласы жарапаннан бергі қалыптаскан жала, өсек, күншілдік сияқты сезімдерді қалай жоя аласың?

Әзілдеп тұр ма дегендей, Әмір Нияздың бетіне үнілді.

— Мұның бәрі Павлов айтқан шартты рефлекс, жасынан басқаша тәрбиеленсе, оның бәрі құритын рефлекстер.

— Сонда Сусанна Михайловна мен Шортанбаевтың шартты рефлексін қалай түземексін?

Әмір сәл ойланып мұдіріп қалды.

— Біздің бас дәрігер өте жұмсақ кісі, соларды жиылыска сап немесе жеке шақырып алып ұрысса, мыштай боп жүрер еді. Олар дәндеп алған. Бойға сінген әдет, дау кумаса, ішкені ас болмайды.

— Қалай ұрсады, ертенінде жоғарғы орынға арыз ала жүгіріп, бастықтың өз басын дауға салсын, — Нияз қалтасынан орамалын алып, бетін сұртті.

— Рас, жалакорлардың арызын тыңдамау керек!.. Сон-сон, Құдайға шүкір, мұндаилар көпшілік емес.

— Көпшілік болмағанымен, осылардың саясатқа әлі де әсері бар...

— Мен таптым, — деді Әмір жайрандал. — Оларға қарсы өзіміздің санамызда иммунитет<sup>1</sup> жасап алуымыз керек.

— Таптың. Тыңдамау деген — сол иммунитет. — Нияз күлімдел, арқасынан қақты.

Сол күні таң ата бұлар Ақмола станциясына кеп тоқтады.

Нияз пальтосын иығына іле сап, вагоннан түссе, вокзал басы қаптаған машина, ығы-жығы халық.

Газет сататын киоскі аузында бір топ қазақ әңгімелесіп тұр екен, Нияз аяңдал қастарына барды. Киімдері әдемі, өз-

<sup>1</sup> Қарсы күш мағынасында айтылған сөз.

дері қызара бөрткен, бірін-бірі іліп-қағып, өзіл отын жағады. Нияз дауыстап сәлем берді. Айыр сакал, қызыл бет, москал қазақ сәлемін әндете алып шүйіркелесе кетті:

— Мемлекет басшыларын тосып тұрмыз. Поезд қазір келуі керек, Павлодар жақтан... Иә, өзініз қай жақтан келесіз? — деді әлгі үсті-үстіне бастырмалатып.

— Дәрігермін. Бурабайдан Алматы барамын.

— Ойбай-ау, әлгі біздің комбайнерді білетін боларсызы ау?.. Құдай атқыр, бір дәрігер емдеймін деп өлтіріп тастай жаздаған дей ме?

— Фамилиясын білмейсіз бе? — Нияздың түсі бұзылып кеткен болу керек, айыр сақалдың қасындағы жұка өнді талдырмаш жігіт бүйірден тұртіп қалды:

— Бос сөзге жаңың құмар-ау, Осеке, біздің дәрігерлер баяғының балгері деп тұрсың ба?

— Мен жанымнан шығарыптын ба, тәйірі. Өзі хат жазыпты үйіне... Шырағым, оның аты — Әшім. Әкесінің аты — Байжанов.

Дәл сол Нияздың өзі емдеген комбайнер боп шықты. Нияздың жаман аты бүкіл елге жайылды деген осы. Қазір фамилиясын айтса, сол «Құдай атқыр» дәрігердің өзі екен деуі хак. Не деп жауап қайырса екен. «Білмеймін» деп көлін бір-ак сілтесе... Білмеймін деген бір сөз, білем деген көп сөз. Шашағынан ұстаған қазақ суыртпақша тарқатып алуды опонай.

— Әшімді білем. Оны емдеген «Құдай атқыр» дәрігер мына мен.

Жігіттердің көздері аларып, қымсынып қалды, айыр сақал қызараптап, көзін жыпылықтата берді. Нияз енді күлімдеп:

— Әшім тәуір, жақында біржола сауығып қайтады.

— О, бәрекелді, шырағым, өзі бір жақсы көретін жігітіміз еді. Өткен жылы мына Қазыбектің еккен жүгерісін жинаған да сол. Бір гектар жерден пәленбай центнер алып, бүкіл Қазақстанға аты жайылған. Сонда қар түскенше жинап, сұық тисе керек-ті.

— Ендеше, биыл тағы да жинайды.

— Аузыңа май, шырағым. Менің жаңағы айткан сөзімді көңіліне алып қалма, біздің ауылға солай деген өсек тарағаны рас. Эй, өсек жүрген жерден сайтанның өзі қашады деуші еді

менің әкем. Екі ортада арандаپ қала жаздадым-ау! — деп айыр сақал ақтала сөйледі.

— Көніліме алып қайтейін, қаңқу сөздің бірі де. Бірақ дәрігерлер адамға ауру жамауға құмар емес, емдең жазуға құмар екені есінізде болсын. Кейде колынан келмей қалатыны болады. Машина екеш машина да жөндеуге жарамай қалатын кезі болмай ма, ақсақал?

— Элбетте, шырағым!

«Алматы — Свердлов» поезы қазір жүреді» деп радиодан жар салды. Қап, Нияздың сұрайтын сөздері бар еді.

— Ал, хош болыңыздар, туыстар, қадірлі қонақтарымызды жақсылап қарсы алындар!

— Рақмет, шырағым.

Нияз поезға міне бергенде, Қазыбек деп таныстырған жұқа өнді жігіт:

— Әшімге сәлем айтыңыз! — деп қолын бұлғады. Нияз Алматыдан өзімен бірге оқыған досы, медицина институтының доценті Қамардың үйінде отырып, Қазыбектің осы бір қоңыр даусын радиодан тағы да естіді. Тың өлкесінде жүгері өсіргендердің маңдай алды, жұлдызы бол, Ақмоладан сөз сөйледі ол:

«Мен, — деді ол, — жүгері егудің тамаша тәсілін таптым. Маған соны жинауға көмектескен досым Әшімге сұық тиіп, ауырып қап еді, жақында емдең жүрген дәрігерімен кездесіп едік, ол «сауығып қайтады» деп уәдесін берді».

Нияз селк етіп, ішіп отырған асын қоя койды.

— Саган не болды, Нияз? Бір жерің шаншып кетті ме? — деді Қамар, досына үніле қарап.

Қазыбектің жаңағы сөзін естіген Сусанна Михайловна, Шортанбаев не демек? «Әшімді емдеуші дәрігер ол емес, оның емін кисық деп біз токтатқанбыз. Өтірік, алдау, көзбояушылық, «Дарханов — алаяқ» деп не арыз, не газетке мақала жазса, Нияз «айтпадым, жалған» дей алмайды... Сонда қалай ақталады?

Көнілі жабырқап, ұнжырғасы түсіп кеткенін үй иесі сезді де, кабинетіне оңаша алып барып, ұзак сырласты.

Досымен айрылысқалы он бес жылдай уақыт өткен; содан бері ол ысылып, байсалды ғалым болған. Сөйлеген сөзі нық, жүріс-тұрысы маңғаз.

Микробиология кафедрасына Ниязды алып қаламыз деп жүргенде, профессор командировкаға кетіп қап, бұл іске таныстық араласып, Қамарды алып қалған-ды. «Ыбылжыған Қамарды алсандар, жарыған екенсіндер», — деп Нияз іштей мысқылдап, әскерге кете барған. Ол кезде студенттер де, де-канат басшылары да Ниязды артық бағалап, оған көп үміт артатын. Сол Қамар, міне, енді доцент, ғылым кандидаты. Қаланың қақ ортасында дуниеге толы үш бөлмелі үйі, сұлу әйелі, екі баласы бар, жеке меншікті машинасы және бар.

Нияз «бақытты» деп осы Қамарды айттар еді. Адаспай, бұл-тактамай, өмірдің қиғаш соқпағына түспей, өзіне деген сара жолын тауып ап, сонымен тұра жүру бақыт емес пе?.. Өмірдің қиғаш, бұрма соқпактарына түсіп кетіп, Нияз құсап адаспаған да, күшін зая кетірмей, ғылымға сактаған. Нияз осы ренттен сәулесінің өзіне қанша уақыт, қанша күш жұмсап отыр. Жемісті аяқтай ма, жоқ па? Осы ойын Нияз жасырмай, досының алдына тартты. Қамар сөзін бөлмей, бар ықыласпен тыңдал болған соң, жынысып отыра берді. Неге жымияды? «Женілtek едің, қадамыңың сәтсіздігін өзіннен гөр» дегені ме? Әлде «айтқаныңың бері шын, қайтесін бақыт қонбаса» деп іштей жаны аши ма?

— Мен қазір қысылып кеп отырмын. Не жәрдемің бар беретін? — Нияз манадан бері өзі сөйлейді, досында әлі үн жоқ. Ишек-қарның актарды, кім білсін, арқаға қағып, өтірік күліп шығарып сала ма?

Қамардың әлі үндейтін түрі жоқ, сасқанда адамның салмағы кетіп, женілтек болатыны несі екен? Я, жығылған үстіне жұдырық, өзімде де бар, сол қазактарға неге бардым екен шошандап?.. Нияз радиодан естіген әлгіндей хабарын қоса жеткізді.

Қамар әлі сөз қатар емес. Қалың тарғыл халатына оранып алған, жұмсақ креслода шалқайып жатыр, көзін бір жұмып, бір ашады. Әлден соң:

— Қыын екен, достым, қыын! — деді маңғазданып. — Рентген сәулесі дегенді қайдан тауып алып ен?

«Қайдан тауып алғаны қалай? Мынау не дейді өзі? Доцент жолдас не деп малтасын езіп отыр?». Тілінің ұшына оралған осы бір сөзді Нияз айтып қала жаздады, қопақтап, өзін-өзі зорға ірікті.

— Қыын болса, қайтесің әуре боп... тағы да бір амалы табылар. — Досының пікірін білді де, әңгіме желісін Нияз шорт үзді.

— Басқа бір оңай, даусыз тақырыпты алып айналсуың керек, ондай диссертация қорғайтын ойың болғанда... — деп тағы бір басып өтті.

Өйдейт дегенің! Оңай, даусыз диссертация қорғаудың рецептін көрдің бе, женелдің асты, ауырдың үстімен өмір сүр дегені ме мұнысы?

— Бұл диссертация қорғайын деп алған тақырыбым емес еді, Қамар, сенсеп... Қорғайының деген тіптен ойым да жоқ! — Нияз күлген болды. — Біз медицинаның Павлов айтқан қара жұмыскеріміз.

— Қорғамаймын десен, басынды катырып, шатасып нең бар?

«Е, сенген қойым сен болсан... Осыдан жәрдем сұрап келген мен де қалжыраған екем». Іштегі осы бір ызалы сөзді айта алмай тілін тістей зығырданы қайнаған Нияз мысқылға көшті. Қонақ хакы дегеді жинап қойды:

— Шет қакпайда күн көретіндер шатаспай жүруші ме еді. Сендерше басқан қадамын санауга ақылы жете береді дейсің бе?

Қамар әуелі қарқылдалап күлді де, сөз мәніне кейінірек түсініп қабағын шытып, кербезденіп орнынан тұрды.

— Менің сөзіме шамданып қалғаның қай жағысың, — деп жымиды да, касына кеп арқасынан қақты. — Ұйықта, утро мудренеек вечера<sup>1</sup>, ертең ақылдасайық. — Сейтті де, дауыстап әйелін шақырып, төсек салдырды.

Нияз ұйықтамай, дөңбекшіп біраз жатты. Кабинет қабырғалары толған портреттер, көзін ашса болғаны, бір бұрыштан Павлов пен Боткин, енді бір бұрыштан Мечников пен Рентген көздерін бақырайтып қарайды да тұрады. «Ә, сен осында жасық па едің?» деп қынжылыс білдіре ме, қайтеді. «Түсінбейтінің бар, Рентгеннің суретін неге ілесің, достым!» деді Нияз күбірлеп, көзі ілініп бара жатып...

<sup>1</sup> Орыс мәтелі: кештен гөрі ертеңгі ақылды ал деген мағынада.

Таңертен ерте тұрды да, Нияз жуынып, үйдің іші әлі ұйықтап жатқанда есікті білдірмей ашып, шыкты да кетті.

Қала әлдеқашан оянған. Көше толған халық, сан-сапалақ ағылған машина.

Нияз кең көшениң бойымен жаяу жүріп келеді. Алматыға келмегелі көп жыл болған, бір кезде асыр салған аяулы қаласын сағынып қалса керек. Алыста жүргенде аңсаған Ала-тауы күн сәулесімен шағылысып, күмістей жылтырайды. Мұнарланып, қар басқан биік шыны ой-киялын шарықтатып, тынысын кенейтіп, еңсесін көтерді. Иығына басқан уайым-қайғы, күнделік өмірдің тапшылығынан туған реніші заматта есінен шығып, көңілін асқақтатып, алға жетектеді.

Досының тұндегі сөзінен кейін пайда болған жарымес ойлары, дүниеден торыққан пейілі өзгеріп, денесіне күш-куат біткендей Нияз аяғын жігерлене басты.

«Жоқ, женелдім деп қол көтеруге болмайды, мен өзімді большевикпін деп санаймын, коммунист алған бағытынан тая ма? Таласам, тартысам! Өмірдің оңай жолымен жүріп көрген пенде емеспін Қамар достым секілді. Ұйқысы ашылмаған доцент жата берсін, мен министрлікті аралап, қол ұшын созатын жан іздейін» деп қасынан өтіп бара жатқан кісілерді тандандыра құбірлеп, үш этажды әдемі ак үйдің алдына кеп токтады.

Ал Нияз, мықты бол, енді саған үлкен сын! Бірінші этажды аралап, министрдің кабинетін ұшырата алмай, екінші этажға көтеріліп, зорға тапты. Ауызғы бөлмеде шашын қошқар мүйізден желкесіне түйген, сорайған ұзын бойлы, арықша ак келіншек машинка басып отыр екен. Нияздың бетіне де кара-мады, алдындағы «Олимпия» машинкасына үніліп, жұмыс басты қалып білдірді.

— Министр жолдастың кірейін деп ем, аз уақытқа! — Нияз байқайын дегендей, дәл басып айтпай, немкүрайды сөйледі.

— Министр бүтін қабылдамайды! — деп әлгі әйел кесіп қайырды жауапты, машинкадан басын алмай.

«Қабылдамайдысы қалай?.. Әлде қалада жоқ па екен?»

— О кісі командировкада ма?

— О кісініз кім?

— Министр жолдасты айтам!

— Не шаруаңыз бар еді?

— Арызым бар.

— Не жайында?

— Гапу етініз, мен өзіне айтсам ба дейім.

— Егер қызметке орналасу жайында болса, кадр бөліміне барыныз... Министр бұл жайында қабылдамайды.

— Емдеу мәселесі болса, қабылдар ма еді?

— Жоқ, оның да басқаратын бөлімі бар.

— Сонда министр не істейді?

— Не істейтінін сізден сұрамайды.

Көмекші әйелдің даусы дірілдеп, қабағы түйіліп; «кімсің өзін тексеретін» дегендей, Нияздың бетіне таңдана сонда бір-ак қарады.

Нияз жымиды:

— Мен Орталық Комитеттен келсем, қайтесіз?

— Манадан бері солай демейсіз бе? Министр жолдас бір сағаттан кейін оралады, қазір Министрлер Советінде.

Нияз енді жиіркене қарады:

— Кешірініз, сізге Орталық Комитетген келдім деп кесіп айтқам жоқ, «егер келсем, қайтесіз» дедім... Мен ауданнан келген қатардағы көп дәрігердің бірімін.

Көмекші әйел бұл жолы да жылымады, қайта, бұрынғыдан бетер қатайып алды:

— Министр бөлім бастықтары шешпей, кісі қабылдамайтынын, дәрігер болсаныз, білуініз керек.

Нияздың бойын ыза кернеп, шыдамынан айрыла бастады.

— Егер министрдің тек өзі ғана шеше алатын мәселе болса да қабылдамай ма?

— Жоқ.

Діңкесі құрып, Нияз дәлізге шыкты. Не деуге болады мына әйелге? Төрешілдікті қоздыратын осылар, қызғышша қорғап.

Нияз есік алдына тұрып-тұрып, емдеу бөлімі бастығының кабинетін ашты. Оның да ауызғы бөлмесінде «сақ құзеті» отыр екен, о да біраз тексеріп: «Кімсін? Не мәселемен барасын?» деп діңкесін құртып әуре қылды; қызметкерлері болса керек, біреу кіріп, біреу шығып, көпкө дейін босатпады... Ақыры сағат бірге тақап калғанда бөлім бастығы кабинеттен өзі шыкты. Көмекшісіне:

— Мен министрге бара жатырмын, — деді де, Ниязға караған да жоқ, кете берді.

— Көрдіңіз бе, қолы тимейді. Күндеғісі осы, — деп көмек-

ші әйел бір көтеріліп қалды. — Түстен кейін келініз. Енді тұс-кі тамақтан кейін оралады.

Ертенгі тоғыздан сағат бірге дейін бөлім бастығының есі-гін құзетіп, ақыры асханаға барып Нияз тамақ ішті. Таң атқа-лы нәр татып отырғаны осы. Жұрттан бұрын министрге кіріп, мәселесін шешіп алмак бол, ертенгі шайды тастанап, асығып-үсігіп келе қалған жоқ па. Министр түгіл, бөлім бастығына кіре алмады.

«Қой, тағы да біреулер киіп кетер, тамақты тез-тез ішіп, тосып отырып, ере кіrmесе болмас». Осы ойымен Нияз асын ішер-ішпес официанткамен есеп айырысып, апыл-ғұптыл жүгі-ріп қайта оралса, есік жабық. Әлі ешқайсысы жоқ. Дәлізде бір диван тұр екен, соған отырды да, демалды. Көзі ілініп қалғып кеткен бе, ерсілі-қарсылы өтіп жатқан қызметкерлер оя-тып жіберді. Өзі жолдан келсе, түнде жөндеп ұйықтай ал-маса... Нияз қалғымай, кім қалғысын.

Атып тұрып, кіріп барса, көмекші әйел келген екен:

— О кісі Министрлер Советіне мәжіліске кетті, — деп қарап отыр.

— Қашан?

— Мана, тұскі аска кетерінде министрдің кабинетінен телефон соққан.

— Енді қайтем?

— Ертең келініз.

Салы суға кетіп, Нияз көшеге шыкты. Досының үйіне қайтып баруға арланды. Ықыласы да түспеді. Енді қайда түнейді? Ең жақсысы мейманхана еді, онда орын жоқ. Өзінде де бар, Қамарға телефон соғып, «келіп тұрмын» деп...

«Менің пәтеріме түсейік» деп осынша жабысқанда, Әмір-мен бірге кетіп қалатын кісі емес пе? «Досым» бар деп аузын толтырып, арқа тұтып барғандағы қол созғанының сиқы ке-шегі: «Рентген сәулесі деген шатаққа басынды қайдан тық-ты?» деп қарап отыр...

Тоқта, сол Әмір: «Менің пәтерім Тоқаш Бокин көшесін-дегі 16-үй» демеп пе еді?

Кездесе кеткен таксиді ұстай алып мінді де, Тоқаш Бокин көшесін іздеді Нияз.

— Ондай көшені естіп отырғаным осы, — деді шофер күлліп.

— Бұл қалаға жаңадаған келіп пе едініз?

— Жок, Құдайға шүкір, бес-алты жыл болды.  
— Сонда ондай көше жоқ болғаны ма?  
— Бар шығар, бірақ қаланың ешкім бармайтын бір шетін-дегі қалтарыс қараңғы көше де.

— Олай болмауы керек. Бокин осы қалада Октябрь революциясын орнатушылардың бірі. Орталық көшенің біріне ие болуға еңбегін сінірген кісі.

— Естігем. Ол жайында роман да оқыдым. Бірақ сондай көше бар деп сізден ғана естіп отырымын.

— Тоқтат машинаны. Сұрайық!

Шофер машина әйнегінен басын сұғып, бір жас жігітті тоқтатты:

— Тоқаш Бокин көшесін білесіз бе? Ол иығын қиқандатып:

— Жок! — деп келте жауап қайырып, өте берді.

— Әне бір карттан сұрайық, — Нияз көшениң екінші бетінде қалталактап бара жаткан шалды қолымен нұскады.

Шал да білмейтін боп шықты.

— Жок, енді милиционерден сұрамасақ, қаланы шыр айналғанымен таба алмаймыз, — деді де, шофер Комсомол көшесімен тарта берді. Машина зырлап Декхан көшесіне барған шакта, бір милиционер кезікті.

— Алған беттерініз дұрыс, КИЗ-ді білесің бе? Жаңадан қала салып жатқан жер. Сол — КИЗ жакта, түкпірде бір жарты көше бар, біреу-міреу жөн сілтер тағы да, — деді милиционер.

Қаланың онтүстік шетінде үш-төрт этажды тас үйлер шенберлене дөңгеленіп салына берген: бір шенберден өтсөң, екінші шенбердегі үйлерге кіретін какпаны іздеуін керек. Дөңгелене салынған бір кала. Ішінде магазин, асхана, шаштараз сияқты адам өміріне қажет мекемелердің бәрі бар.

Нияз оқып жүргенде бұл жақ бос дала еді, сол күндерде ауызға ілінетіні ботаника бақшасы болатын. Енді ол қаланың ортасында қалған.

Машина шыр айналып, әрі шолақ, әрі қараңғылау тастақ көшеге келгенде, «Осы Тоқаш Бокин» деді бір кемпір.

16-үйдің алдына кеп, акшасын төлеп, машинасын қайырып жіберді де, Нияз қакпа алдында есін жинап, аз-кем тұрып қалды. Машинаны неге коя берді? Алда есуасым-ай. Егер ол мұнда жок болса, адресін ауыстырып алса...

Сөйтіп тұрғанда, ар жағынан Әмірдің өзі шықты:

— Негып кірмей тұрсыз, доктор?

Нияз кешкі салқын ауага көкірегін тосып, үйге кірмей, есік алдында отырып, бүгінгі сергелденді баяндады.

— Басқа министрлітерде де осындай төрешілдік пе еken?

— Нияз таңданып, жатырқап, жақтырмай сұрады.

— Барып көргенім жок, олай болмауға тиіс. Министрдің өз басы жақсы адам дейтін.

— Министр сол көмекшісінің құлағын бұрап қойса, құрдай жорғалар еді. Басынып алған да.

— Кейбір кеңсе бастықтарын көмекшілерді билейді деп естігенім бар. Мұның бәрі жеке адамға табыну заманынан қалған сарқыт. Сол жүктен әлі де құтыла алмай жүргендер ғой, күні санаулы, қайтесін өкпелеп...

Ертеңінде шайын шала ішіп, Нияз тағы да министрлікке барды. Бөлім бастығы әлі келмеген. Нияз: «Әй, бәлем, бүгін қолыма түсерсің-ау» деп кіжініп, терісіне сыймайды.

Сағат жылжып онға барғанда, сонында екі кісісі бар бөлім бастығы кіріп келді. «Натаң Израилович... Василий Федорович, пожалуйста!» деп ақ бас екі шалдың алдынан есік ашып, өзінен бұрын енгізді.

Нияз көмекші әйелге қарап еді, о да жымындал: «Көрдің бе, қолы босамайды» дегендей ым қакты.

— Бұлар кім? — Қарап отырғанша, таныса берейін деген ниетпен Нияз ақырын сөз тартты.

— Білмейсіз бе?.. Медицина институтының профессорлары...

Ұмытып қалмаса, бұрын Нияз оқығанда мұндай профессорларды көрген жок еді. Кім білсін, одан бері талай заман өтті, бірі келіп, бірі кетіп жаткан кезең, келген де бір жактан.

Енді бір сәтте, қонырау шылдырап, бастық шақырып алған көмекші қайта шықты.

— «Бір адам жіберме» деді... Біздің Семен Осипович кандидаттық диссертация қорғайын деп жүр, соған келген сеқілді, — деді көмекші мақтаныш аралас сарында.

Үкімет қызметін атқарудың орнына, өз кара басының қамын ойлад, таң атпай институтқа барып, ақ бас екі шалды безек қактырып машинамен әкеледі, жұмысты тоқтатып койып, диссертация талқылайды. Ғажап!

Сағат он екіге таянғанда әлгі екі профессорды есікке шейін шығарып сап, қайта оралды да:

— Мен қазір министрдің орынбасарына барамын... — деп бөлмесінің есігін жапастан әрі етіп кетті.

Нияз сұп-сұр боп, орнынан жедел тұрды:

— Келемеж бе, не өзі бұл?.. Барының да айтыңыз, мені қабылдастын, әйтпесе, жанжал шығарам!

Осы сөзді айтуы-ақ мұн екен, көмекші сып етіп есікті жа-ба-маба бастыққа кірді. Сәл бөгеліп қайта оралды:

— Кіріңіз, тек көп ұстаманыз!

— Неше минут ұстарымды өзім білем. Нияз бастықтың кабинетіне жүлкіна кірді. Мұның ашырақ шыққан даусын бастық та естіп елендеп, құлағын түріп қалған, көзін алмай тесіреиे қарады.

— Не айтайын деп ең? — деді тарғыл дауыспен. Нияз екі қүннен бері жаттап алған сөзін шашыратпай, тиянақтап айтып берді. Бастық мұның сөзін бөлген жоқ, үнсіз тыңдады. Әбден болған соң, көзін шүйіріп:

— Бұл қыын екен, — деп бір тынды. Аумаған кешегі Қамардың сөзі. Бірінің бірі аузына түкірген бе? Нияз шошуға айналды. Сөз арасының іркіліп қалғанын пайдаланып, Нияз: «Шешпесеніздер, ақыры дауға айналады» деген ескерту де жасады. Бірақ оған мызғыған бастық жоқ — маса шаққан күр-лы көрсе, бұйырмасын.

— Келешегі шамалы,abyroй әпермейтін емді қорғаудың өзі қалай болар екен...

Нияз шыдай алмады:

— Келешегі бар ем деп нені айтасыз? Рецептімен үлесті-ретін ұнтақ па?

— Клиникалық медицина дегенді ұмытпаңыз, дәрігер жолдас, ол саған балгер емес, — деді бастық өңін сұтыып.

— Сіз мені балгер деп отырсыз ба? — Нияз жағадан ала, ашына сөйледі.

— Болмасаңыз да, ісіңіз балгерге ұқсайды. Нияз ашуын басып, әдеттегі мысқылына көшті:

— Егер бұлай ұқсаныз, сіздің өреніз де белгілі болды. Адасып келген екем!

Бастық шамданып, булығып қалды:

— Осы күні не көп, жол таба алмай, бейсауат жүрген «жанашыл данышпандар» көп. Соның бірі боларсыз.

— Қөргеннен жазбайтын соқырдан сақтасын Құдай. Адас-сан да іздең жүріп адас, өкініші жоқ, — Нияздың дауыс ыр-

тағы өзгеріп, аңы сөздерін нәштей түседі. Оны өзі сезбеді, дәл осы сәт ушықтырмаяу керек-ақ еді.

— Кім соқыр? — Кезегі келгендей, бастық тап берді. — Балағаттап, тіл тигізуге келдің бе?

Нияз тағы да құлімсіреп, ойын жалғады:

— Біздің заманда көзі кемтар, санасты ашық адам — соқыр емес, ол сау адамның қатарында еңбек істейді, ал Құдай сана бермесе, міне, соқыр сол. Ондайлар ешкімге жол да бермейді, қасындағы адамдарды итермелеп, біріне-бірін соқтырып түбіне жетеді.

— Тарт тілінді! Кімсің сен, жөн айтатын?! — деп бастық ақырып жіберді.

— Ақырмандыз!.. Маған неге ақырасыз? — Нияз тістене сөйлеп, қасына төніп барды.

Бастық сескеніп, шалқая берді:

— Немене, төбелесесіз бе?

— Кімге ақырасыз?

Бастық білдірмей столдың астындағы звонокті басып қалса керек, ауызғы үйден көмекші әйел жетіп кеп, төніп тұрған Ниязды көріп, айғай салды:

— Мұның не бейбастақ!

Торға түскенін Нияз енді сезді: әйелге бір ауыз өз айтса болды, акты жасап, милиционер шакыруы да мүмкін. Үн-тұн жоқ шығып және кете алмайды. Бойындағы бар салмағын сала, баяу да қатал үнмен бастыққа төнді:

— Шық деңіз көмекшінізге! Эйтпесе, төбелес болады! Енді төбелес болмайтынына көзі жеткен бастық:

— Бара тұр!.. Есікті жауып қой! — деді көмекшісіне. Әйел кеткен соң, Нияз орнына отырып, демін алды.

— Өзін бір қақар екенсің, — деді бастық ашыны басып.

— Мен тубинститутқа жіберейін, егер дәлелдей алмасаң, менен рақым күтпе! — Блокнотынан бір парап қағаз жыртып ап, тез-тез жазды да, Нияздың қолына ұстата берді.

— Институттан қорытынды әкел... Содан соң сөйлесеміз.

Нияз қағазды алды да, басын изеп, қоштасып шығып кетті. Ауызғы үйдегі көмекші әйел алая қарап қалды.

Сол күні кешке Нияз пәтеріне келіп, басынан кешкен уақығасын Әмірге тағы баяндал, екеуі тұні бойы құлді. Сөзден сөз туып кетіп, басқа әңгіме араласады, аздан соң бастықтың көмекшісін шақырғаны қайтадан естеріне түсіп, тағы да кү-

леді. Бірақ ақырғы күлгөн адам орынды күлді. Құлуғе әлі ерте, Нияз. Ертең ашылып жүрмесін... Бастық не деп берді қағазды: «Дәлелдей алмасаң, рақым күтпе» деген жок па! Мұның ар жағында зіл жатыр, түсінбейсің бе?

Осы қаупін ол Әмірге жеткізіп, екеуі ақылдасып байқады. Институтка барғанда, опыт істеп байқар дейсін бе, әуелі өзі баяндама жасар, түсіндірер, әркім сөйлер, сонаң соң барып корытынды шығарар. Нияз соған даярланса қайтеді. Ашық күресте дәлелдеп неге бермейді? Әрине, болады, бірақ ол үшін жактаушы, өзінді ұйып тындаушы, қолтықтаушы болмай, құлап қалмай ма?

Әмір білмейтін және бір жай бар, ол фтизиатрлер рентгенге өте сак, жек көреді. Тап солардың ортасынан қолдаушы табу қыын...

Ертенінде Нияз тау басындағы тубинститутқа барып, директорына жолықты. Ол: «Жазған еңбегің болса, тастап кет, қарап, пікір айттайық» деді. Нияз: «Жазғаным жок еді, ауызша баяндама жасап, талқыға салам ба деген ниетім бар» деп жалтармаға басты. Директор көнбеді. «Отыр да жаз... Содан кейін кел!» деп қайырып жіберді. Әркімнің іс әдісі әр қылыш. Баяндама жасатса, неси кетеді? Менсінбегені беп-белгілі. «Уақыт алып қайтеміз, жазып әкелсе, пікір айтармыз. Ар жағын өзі біледі, не қылса, о қылсын» деген ой.

Егер ол көңіл бөліп, іс шығады десе, ғылыми қызметкерінің бірін шакырып ап: «Таныс, соңсоң маған баянда» демей ме?

Нияз пәтеріне оралып, өзімен бірге әкелген материалын корытып, қағаз бетіне түсіруге кірісті. Баяғы комиссияның алдына тартқан рентгенограмма, диаграммалары тағы да көрегіне жарады. Екі күн әуре бол, ақыры бітіріп, машинкаға берердің алдында Әмірге оқыды. Ол:

— Еге, нағыз ғылыми мақала, корытынды қандай ғажап... Енді сенбей көрсін, — деп куана айғайлап, үйді басына көтерді.

Нияз куанбады. Қиуы қашкан қаңсыған құбідей сенімі қайтып киыспады.

— Сен кәдімгідей үміт артып тұрсың-ау. Осыдан іс шығатынына, адальымды айтсам, көзім жетпейді. Неге дейсің ғой? Жақсы, болжап көрейік: мен апарып бердім, директор бір қызметкеріне қарап шық деп табыс етті. Ол оқып, ертенінде

жақтырмай, қисық пікір жазды... Сонан соң оны министрліктегі әнеугі бастыққа өз қолыммен апарып берем бе?

— Иә, қын екен, — деді Әмір ойланып.

— Енді сен де қын дедің бе?.. Кеше ғой, бастық осы сөзді айтты деп, екеуіміз бір түн ыза боп, тақпаған кінәміз қалмады... Осылай болатынын білген ол ақылды шығар мүмкін?

— Сонда не іstemекшісіз?

— Осыны жыртып тастанап, Бурабайға қайтсам деймін. Нияз қағаздарын бүктеп-бүктеп жыртуға ынғайланғанда, Әмір қолынан жұлып алды:

— Асығам деп құлкі болмаңыз... Ойланайык!

Екеуі кешке жақын опера театрына барып, «Ер Тарғынды» көрді. Ниязды жас шағында әкесі туған жеріне алып барған, сонда ол армансыз асыр салып, Қабырғатөбеде асық ойнаған, құсы қанқылдап, жағасына үя салған айдын көл Бозшада жұмыртқа теріп, табиғаттың көркем суретіне жаңын бөлеген кезеңін, міне, көз алдына елестете есіне түсіріп, казактың сырлы әндері тағы да бір сүйсіндірді.

Нияз әкесінің туған елі үшін не істеді? Тырнактай пайда келтірді ме? Өсті, ұядан ұшты, қайтып оралмай да койды. Қазір сол арадан «Ертіс — Қарағанды» каналы өтеді, сол аймақтың ауа райы өзгереді. Жаз болса — анызак, қызыл жел құладуз даланы қуартып, қыс болса, боран-шашынды үдетіп, сақылдаған сары аяз бет қараттырмайтын, енді теңіздің лебі соккан жылы да жұмсақ көгалды алқапқа айналады. Нияз соған неге бармайды, құрылышы ерлерді неге емдемейді?

Әне, тауда жалғыз қалған Тарғын ариясы «бар, еліңе бар» деп итермелеп, көнілді бұзғандай.

Осы бір ой Нияздың жаңына шаншудай қадалды. Операдан қабағын шытып, қобалжып шықты.

— Бурабайды Сусаннаға, Алматыны Қамарға қалдырып, каналға кету керек, — Нияздың қатты толқығанда құбірлеп сөйлеп кететін әдеті, бұл жолы да қасында Әмір келе жатқанын байқамады.

— Каналға? Қайдағы канал? — деді Әмір таңданып. Нияз күлді де, операдан алған өз әсерін әңгімеледі.

— Тапқан ақыл, мені де ала кетініз. Ертең бітірген соң, мен де сұранам... Менің де туған жерім емес пе, — деді Әмір шабыттанып.

— Сен де сол жерде туып па ең?

— Я, мен Екібастұзда туғам!

— Менің әкемнің туыстары бәрі, Ереймен тауының маңында тұрады.

Нияз осы бір ойын жәшікке сап, кілттеп қоя алмады, денсаулық министрлігінің кадр бөліміне барып, сұранып кетпекші болып, ертеңінде кешірек оянып, кітап оқып жатқан-ды. Әлгі бір әзірде кеткен Әмір асығып-үсігіл жетіп келді.

— Ура... эврика!<sup>1</sup>.. — деді ол екі қолын жоғары көтеріп айғайлап.

— Әй, не таптың, достым?

— Сіз жеңдіңіз, доктор?

— Я?

— Не бересіз ақысына?

— Қалағаныңды ал!

— Қалағаныңды дейсіз бе? Шын айтасыз ба?

— Мен жеңсем, немді аяйын.

— Онда, маган Дәмешке хат жазуға рұқсат етесіз ғой.

— О не дегенің... Жазба деуге менің хақым бар ма?

— Ehe, ділмәрлықты қойыңыз... Айтқандайын, — Әмір орындыққа аттай мініп ап, Нияздың қасына жақын отырды.

— Сізді Дәмеш сүйеді, соны білесіз бе?

Нияз төмен қарап, басын шайқады. Әмір оны өзінше түсінді.

— Сүймейді дейсіз бе?

— Дәмеш сүйсе де, менің оны суюге хақым жоқ.

— Неге?

— Ол менен жас та көрікті. Әлі тұрмыс құрып көрмеген адап жан. Мен жүрген бір сұр бойдақ, ертең оған өзіндей кіршіксіз таза махабbat тауып бере алмасам, обалына қалмайым ба?

Әмір күлді:

— Тап сізден мұндан махабbat күтпеген ем.

— Енді қандайын күтіп ен?

— Екі адам бірін-бірі жақсы көрсе, не істейді, әдетте.

Үйленбей ме?.. Мен соны күткем.

Бұл жолы Нияз күлді:

— Сую дегенді Дәмеш қалай түсінеді екен, білдің бе? Жоқ... Гәп сонда. Жас адам әлдебір шабыттың әсерімен қы-

<sup>1</sup> Таптым.

зыққан да болар, оны шынайы махаббат деп ұфу қате!.. Бұл философияға кейін бір оралармыз. Көне, шүйіншінді алып, айтпайсың ба, не жақсылық әкелдің?

— Я, айтқандайын, — деп Әмір негізгі әңгімесіне оралды.  
— Әлгіде институттың алдында профессор Әлмұхановқа кез болғаным... Білуші ме едіңіз оны?.. Рентгенология кафедрасын баскарады. Денсаулық министрлігінің бас рентгенологы... жасы нешеде екенін білесіз бе? Отыз төртте... Бізде рентгенологиядан сабак берген. Есіме сіз түсіп, тоқтатып, амандасып, айтпайын ба кеп: «осылай да осылай» деп...

— Я, ол не деді?

— «Маған алып кел» деді, және де «мен оны білем» деді.

Нияз таңданып, ой жүгіртті: «Әлмұханов дейді? Жоқ, мұндай фамилияны бұрын естіген жоқ. Білем деуі қате».

— Қашан барамыз?

— Сағат үшке министрлікке алып кел деді. Қазір сағат...

— О, әлі ерте.

Сағат үшке дейін Нияз тағат таппады. Мүмкін, оған Қамар айтқан болар... «Өкпелеп кетіп қалды, кеше бір кереуетте жатып, бір кеседен су ішкен жігіт еді, тар кезенде кол созбағаным ұят болды-ау» деп өкінген болар. Я, адам мінезі қалай тез өзгереді дерін бар ма? Кешегі дос, бүгін мұрның шүйіріп, паңданып, сөйлеуге де ерінеді. Әмір жемісі алақанына оңай түскен ғой, маңдайынан тер, көзінен сорасын ағызып барып ие болса, тәубесі есіне түсіп: «Кеше мен өзім де осылай таршылық көріп ем, болысайыншы» демес пе еді... Жоқ, көзінің еті өсетін соншама кім ол, Қамардың жайы белгілі.

Я, мұнысы кісілік... мүмкін, тіпті ол емес, манағы бастық болар: «Осындаш шадыр біреу жүр, өзімді ұрып кете жаздағы. Сөйлесші» деген. Эй, тегі, сол бастық болар... Екеуі бір мекемеде істейтін көрінеді. Я, содан басқа кім дейсін. Егер ол айтса, Әлмұханов та жөнді жіби қоймас.

Қыран ой әртарапты шарлап, дел-сал боп, Нияз Әмірді ертіп сағат үште министрлікке барды.

Барса, о да келіп тосып отыр екен, Нияздың өзі тәрізді қағылez келген, жұқа өнді, әдеміше жігіт, Нияздың қолын қаттырақ қысып, кішіпейіл, жақсы ілтипатпен қарсы алды.

— Сіздің атыңызды мен Москвада естідім. Келгеніме екіақ құн болды. Бүгін мына... — деп Әмірдің фамилиясын ұмытып қап, бетіне карады.

— Қазақпаев, — деді Әмір, есіне сап.

— Я, Қазақпаев кез боп, осында жүр деді... — Профессор сыпайы күлімсіреп, Ниязға жақсы көзімен қарады. — Москвада кімнен естідім дейсіз ғой? Профессор Штокинмен кездестім. Ол кісі СССР Денсаулық министрінің ғылыми советтіне арыз жазып, солар шақыртып алдырған көрінеді. Сол мәжіліске Москвадағы рентгенология институтының басты қызметкерлерін тегіс қатыстырыды. Олар мені де ерте барды... Ондай қызық ғылыми мәжілісті бұрын-соңғы көргенім жок. Ылғи ақ бас шалдар, медицина ғылымының ақыл-ой иелері жиналды.

Профессор Штокин да өте қажырлы, өткір адам ба деп қалдым, жалғыз өзі, әй, айтысып, таласпасын ба кеп!.. Штокин жарты сағаттай баяндама жасады, өкпе туберкулезін рентген сәулесімен емдеудің кисынын, өзі тапқан әдісін, клиника жағдайында қалай іске асырды, тәжірибе жүзінде қандай жаңалықтар ашты, — осыған тоқтап, соның бір бөлімінде сізді де атап өтті. Жалғыз Қырым ғана емес, Бурабай жағдайында да осы емнін өзіне жол тапқанын айтты...

— Маған Москваға барам деп жазған жок еді...

— Құні бұрын ойлады дейсіз бе барамын деп, арыз бойынша шақыртып алған да...

— Я сонан соң? — Әмір ынтығып, тұртпектей бастады.

Штокиннің баяндамасынан кейін сұрақ басталды. Алдымен рентгенология институтының қызметкерлері қытықтап, жанына тиер сайқал сұраптар қойды. Рентгенолог дегенимен, бәрі бірдей рентген сәулесіне ілтифатпен қарамайтыны белгілі ғой. Кейбіреуі істеп жүрсе де, соны жек көріп, «құбыжық» санайды. Рентгенологтар ішінде Павлов — Неменов ізіндеғілер аз да емес, әйтсе де локалистер, баяғы Вирховтың теориясын жақтаушылар әлі де табылады... Солар тұстұс жағынан қасқырша тартқылап, жүлкүлап бақты. Әсіресе, «Рентгенология» журналының хатшысы шығып: «Сіз сол рентген сәулесімен емдеген адамдардың ұрығын тексердіңіз бе, тұқымы өсе ме екен, жок па? — демесі бар ма. Қандай кикар сұрақ, көрдің бе?

— Я, Штокин не деді?

Әмірдің сұрағы Нияздың есіне комбайнерді түсірді. Жүрек лупілдеп, екі беті дуылдай бастады.

— Өкпесі жазылған бір науқасымның әйелі бір жылдан

кейін егіз бала тапты. Биологиялық тексеріс осы емес пе? — деп Штокин құлімдеп жауап қайырды хатшыға.

— Ал оның баласы кім бол туатынына көзін жетті ме? — деді тағы әлгі.

— Оған тәжірибеден өткен актышқандар жауап береді: мынау суретте — «Лиля», міне бір жорғалап бара жатқан — «Веди», ал эне бір кішкентай соның баласы — «Сильва». Сап-сау, — деп бірнеше суреттерді алдарына жайып салды. Фалымдар ду құліп: «Онда зиян болмай, пайда болғаны да», — деп қалжындастып алды. Айтыс қызып, пікір екі жарылды. Жартысынан көбі: бір-екі фактіге қарап шешу қын, белгілі уақыт өткеннен кейін рентген сәулесі денеге қалайда бір зиян тигізуі мүмкін, асықпайық, әбден тексеріп барып, жер-жерге таратайық дегенді қолдады...

«Қын» — осы бір сөз екі күннен бері Нияздың алдынан қара мысықтай жорғалап, кес-кестей береді. Су толқынындаі лықып келіп қалған ойды Нияз кейін серпіп, назарын Әлмұханов сөзіне аударды.

— Сонымен, мен де сөйлемдім. Сөзімде Штокинды қолдап, Қазақстанда осы әдісті сынап көремін деп уәде бердім... Сізді өзім іздемекші ем, кездескеніңіз өте жаксы болды!..

— Сонымен, нендей түйінге келді ғылыми совет? — Әмір тағы асыкты. Оған керегі түйіні.

— Апыр-ай, қадірлі профессор, өзініз маған ертегідегі жолда кездескен Қыдыр ата тәрізді көрініп отырысыз... Маған осы түйіннен артық түйіннің керегі де жоқ, Әмір, — Нияз Әлмұхановтың колын қысып, сүйсінген ықыласын білдірді.

— Түйін сол — бірнеше институтта, атап айтканда, Москва, Киевте осы әдіс тексеріліп, сыналсын деп қаулы алды... — деп профессор ар жағын ұзартпай, сөзін аяқтады.

Профессорға Нияз қуана қарап, тағы да жылы сөздер айткысы келеді, бірақ бұрын мақтап үйренбегендіктің салдары ма, кім білсін, тілі бар болғыр икемге келмеді, дегенмен жүрек — кен, аңқылдаған ашық жан, соны сезсе жетеді.

Профессорды министрге шақырып кетіп, бір күн өткен соң бұл мәселеге олар қайта оралды. Әлмұхановты бұл жолы Нияз өз материалымен таныстыруды. Профессор асықпай, бір сағат кеңесіп, рентгенограммаларды қарап шығып, риза болды. Кейбір өкпенің суреттеріне қайта-қайта үңіліп, тамашалап, қалтқысыз ашық мақтап, еңбегін жоғары бағалады. Әлде-

біреулердегі тартынып, анда-санда астарлы сөз тастанап, көбірек сынап, «жалпы алғанда» деп көніл жұбатқан жоқ. «Талабың таси берсін, жемісті бір істің тетігі қолында, әрі қарай терендете бер... Менің саған берер кенесім: бізге қызметке кел де, осы проблеманды аякта, мынау ісің кандидаттық диссертация корғауға татиды... Жазған мақаланды бастырам...» деген-ді профессор. Нияз мұндай өз өмірінде бұрын естімеген жылы сөздерді естіді.

Нияздың төбесі көкке екі-ақ елі жетпеді, қуанып, алдында отырған акжарқын әдеміше жас профессорды сүйіп-сүйіп алғандай.

Әкелік камқорлық жасаған адамның алдында тартынып, сыр сактауға бола ма?

Рентген сәулесі тамақтың безін пышактай сылып алатынын, көмекей туберкулезін емдең жүріп, ойда жоқта осы бір емге тап болғанын, қазақ ауылында тамақ безі жиі кездесетінін айтып, Нияз ой салды.

Профессор сағатына қарады да:

— Кәне, менің кафедрама келесіз бе? — деді күлімден.

— Ашық айтайын ба, профессор?

— Элбетте.

— Айтсам, осы Алматыдан гөрі «Ертіс — Қарағанды» каналына барып істесем бе деген бір ой түсті.

— Мына проблемаңызды қайтесіз? Аяktамайсыз ба?

— Сіз кафедраңызда бір аспирантқа жүктөрсіз де, сол істер. Профессор сақ-сақ күліп, стол үстіндегі қағаздарын жинап, портфеліне сала бастады.

— Фапу етініз, нешедесіз?

— Қырыққа келіп қалдық, дәлдеп айтқанда, отыз сегізdemін.

— Кей адам жастық орбитасынан қырыққа келгенше шыға алмай, айналсоқтай беретін көрінеді, ой-қиялды тұрақтамай, кесек іске бара алмай, «әлі ерте» деп кезек күтіп, өмірдің өткенін де білмей қалатын сияқты. Ал кейбіреулер жастықтың орбитасынан алысқа ұшатын ракета сияқты ерте боса-нып, ерте өмір сүреді.

— Мысалы, сізді алсак, — Нияз реті келген сөзді сақтап тұра алмады.

Профессор тағы күлді.

— Тауып кеттіңіз... Енді квит-квит<sup>1</sup>. — Профессор бұл мәселеге қайтып оралмады, қоштасып: — Мақаланы біздің журналға беріп кетіңіз. Бастырамын. Рентген сәулесімен емдеуге рұқсат керек болса, ғылыми советтен алып берейін. Кеткенше хабарласарсыз, — деп есіктен өзінен бұрын Ниязды шығарды.

## VI

Нияз Бурабай станциясына кешкі сағат онда келіп түсті.

Профессор Әлмұханов жұмысын ерте бітіріп берсе де, қайтуға асықпап еді, бас дәрігерден: «Тезірек қайт» деген телеграмма алды. «Әлде не боп қалды?» деп тыптырып жата алмады. Науқастарының біреуі катты ауырып жатыр ма, кім білсін...

Станция басынан такси ұстап, санаторийге карай зырлап келеді.

Әлде Дәмеш ауырып, соған әбігер ме? Дәмеш! Осы бір ат аздан бері Нияз көnlінің «серігіне» ұқсайды, ертеден-кеш киялында шарықтап айнала береді, айнала береді. Аспанга қараса — соны көреді, көзін жұмса — көз алдында тұрады, қай күні кеп конар екен касына? Ол әлі белгісіз.

«Сізді сүйеді!» деді-ау Әмір. Ол қайдан сезген? Қыздың Әмірмен сырласпағанына Нияз бәс тігеді. Әбден емделіп, құлан таза жазылсын, оған дейін Дәмешке өмір жайында сөз айтудың өзі обал емес пе! Ал ертең ол сәті түсіп, емделіп жазылды, сонда Нияз Теміртауға қайтарып қоя бере ме? Қайырмай не істейді, күштеп ұстай ма?.. Қыз жиырма жетіде, Нияз отыз сегізде.

— Он жас көптік қыла ма?

— Еркек пен әйел жасында осындай айырма болу әбден занды.

— Ертең ол жас шақтағы ойын-сауықты көксеп, Нияздың тынышын ала бастаса қайтеді?

— Отыздың ішіндегі ерек қартайып тұр ма?

— Әнеукүні профессор Әлмұханов: «Сен жастықтың орбитасынан шықпайтын ракета сияқты еркексін» дегені қайда?

— Әне бір шофердің алдындағы айнаға қарашы, түрінен кісі қоркатын.

<sup>1</sup> Есеп айырыстық, алашақ-берсешегіміз жоқ деген мағынада.

— Несі бар? Манңдайым кере қарыс, мұрным түп-түзу, бетім сопақ, тек көзімде ғана мұнлы бір шер бар. Қалжырағандық болар!..

Нияз өзімен-өзі айтысып-таласып отырып, санаторийге қалай жеткенін де сезбеді.

Бұл кеткенде қалың қар жатқан-ды, бір аптада қалай еріп кеткен? Үйінің маңайы құп-құргақ. Матрена Васильевна үйінде болар-ау, кілтті қайда тастанды екен?

Есікті тартып еді, ашылмады. Кім алушы еді мұны. Чемоданды дәлізге тастанды да, өзі аяндап корпуска барды.

Әдетте, осы кезде шуласып, бірімен-бірі сапырылыса арасып жататын демалушылар жым-жырт, бірінің дыбысы білінбейді. Палаталардағы репродуктордан жан тербететін нәзік музыка ғана естіледі.

Нияз сағатына қараса, он бірден кеткен. Ереже бойынша сестра он бірде музыканы тоқтатып, «Жайлы жатып, жаксы тұрыңыз!» деуі керек. Құзетші дәрігер не бітіріп жүр, бақыламай?

Нияз өзі барда, күнде кешке корпусқа бір соғып, кезінде ескертіп, кейбіреулерін тәртіпке шақырып, ұрыпта алатын. Отделение бастығы жок, мейлі, не қылса да еріктері дей ме?.. Тан атсын, сонсоң Нияз сазайын тартқызар.

Дәмеш палатасының алдына аяғы еріксіз апарды. Үйықтап қалған да болар Дәмеш? Құлағын тікті. Әлгі бір нәзік музыканың үні сол палатадан да шығады. Есікті ашса, «Дәмеш жатқан жок, біреуді тосқандай, киінген қалпы, қолымен басын сүйеп, қарсы қарап отыр. Ниязды танып атып тұрып, жүгіре ұмтылды. Қасына кеп, Нияздың көзінен көзін алмай, оның мандай шашын қолымен сипап, үнсіз тұрып қалды. Әдемі қарақат көзі мөлтілдеп құмарта қарайды, жұқа еріндері жыбырлап, «Сүйші мен!» дегендеги икемделе береді.

Нияз ұшқыр сезімді тежемей, қапсыра құшактап, өзіне қарай сәл қыса тартып еді, қыз қеудесіне құлап тұсті. Бірақ Нияз бойын ширатып, ернін тістеп, тартына қалды. Сүймеді. Арқасын алаканымен аймалап, иығынан қақты.

— Жалғызысырадың ба?

Нияздың қеудесіне басын төсеген қалпы, Дәмеш балаша «аға!» деді.

— Кімді күтіп отырдың жаңа?

— Сізді?

— Менің келетінімді қайдан білдің?

— Жүрегім сезді.

Нияз құліп, қыздың қолынан ұстап, жетектеп кереуетінің қасына аларды. Дәмеш өз қылығына ұялды ма, жоқ, берген жауабын ерсі тапты ма, бетін алақанымен басып, назды қылышқа білдірді. Екі жүрек қатар соғып, көзбен сырласқаны болмаса, әлі бет ашысқан жоқ, емдеуші дәрігерін қыз қанша жаксы көргенімен, қеудесіне басын салып, құшағында дірілдеу — казақ қызына үйлеспейтін қылышқа. Қыз жігіттің иемденген қалындығы болса, бір сәрі. Я, осы жайлар қыз есіне түсіп, ұялғандай.

— Дәмеш, мен де сені сағындым. Жүзінді көрсетші! Нияздың даусы нанымды шықты, Дәмеш бетінен қолын алғып, мұның жүзіне «шының ба» дегендей қадала қарай-ды: келемеж-мазақ, алдау-арбау ниетімен айтылса, бет әлпетіне бір дақ тусер деген адамдай. Нияз да көзін алмай, сағыныш-куанышын осы бір сәт жеткізіп бақты. Дәмеш бетінің ұшы қызарып шыға келді, бұл денеде тасыған канның бірден бір белгісі еді.

— Телеграмма неге бермедініз?.. Сізді Алексей Иванович асыға күтіп жүр, — Дәмеш санаторий жаңалықтарымен таныстыра бастады.

— Иә. Мені қоруге қайсысы ынтық бола кипты?

— Кім дейсіз, ескі достарыңыз ғой, сізді бір апта көрмегесін сағындып, телеграмма жіберіп журген...

Нияз әлденені сезгендей елегізе қалды.

— О, кісі менің жүгерішіге айткан сөзімді оқыған болар?

— Оқығанда қандай! Бүкіл санаторийға айғай сап: «Міне, алаяқ деген осы» деп азан-қазан ғып, абыроныңызды судай төкті. — Дәмеш жиіркене сөйлеп, ұнатпаған пішін білдірді.

— Маған тағатын айбы не?

— «Комбайнерді қисық емдел, ауруға шалдықтырады да, енді беті бері қарай бастағанда ие бола кеткенін көрдің бе? Шындалап келсе, комбайнер оның отделениесінің науқасы да емес, «менің ауруым» деп қалай айтады» депті.

— Шайтан! — Нияз сұрланып, алдында түрған стақанды итеріп таставады. — Тап осылай дерін біліп ем! — Дәмешке жол оқиғасын тегіс баяндады.

— Сол сөзді айтқан күнде, не бүлініп кипты? Санаторийде басшы дәрігерлердің бірісіз, бір кезде емдегеніңіз де шын. Несі бар айтса? — Дәмеш те шын қапаланды.

— Жарайды, бір реті келер... Комбайнер қалай өзі?  
— Жок, сіз бір реті келер деменіз! Менің естуімше, тағы да арыз жазып жатса керек!  
— Жаза берсін... Комбайнер қалай?  
— Жаксы, тұрып жүр.  
— Өзің ше? Манадан бері «ескі досты» сөз қылғанша, жаңа досты сөз қылсаң болмай ма?  
— Қайдам, «Ескі бір дос жаңаның екеуіне татиды» дейтін орыс мақалы бар, — Дәмеш күлді. Күлкісі қандай әдемі, даусы бұлақтың суындаі сылдырайды. Осы бір таңғажайып күлкіні жұта берсен, жұта берсен, шөлің қанар еді...

— Сеансты бітірдін бе?  
— Біреуін ғана алдым. Оның өзін де біреу келіп қап, шала алған сияқтымын... Кім екені белгісіз, айтеуір, бас дәрігерге жеткізіп, ол мені шакырып, техник екеуіміз танып кеттік... Енді өзіңіз айтыныз. Жолыңыз болды ма? Манадан бері сұрақты сіз қойдыныз! — деді Дәмеш.

Нияз сол күні тұнде Дәмешке айтқан әңгімесін бас дәрігердің үйіне барып, оятып ап, оған да баяндады.

— Дегенмен, киын-ау!.. — деді өзін-өзі ертеңінде тұс кезінде, үйқысын қандырып тұрған Нияз. Айтарын айтса да, шошынып, «тфу!» деп жиіркеніп жерге түкірді. Қайдан аузына түсті осы сөз? Әнеугі алматылық «достарынан» жұқты ма?

Нияздың өмір бойы ұлғатында жоқ сөз. Қиыннан қорқып, кейін шегінген кез Ниязда болған емес. Басты жоғары көтеріп, алға ұмтыла бергені қайда? Қиын кезеңнің біреуін кеше ғана басынан кешірді, дүниеде мейірімді адам аз ба: жол тапты, бүгін, міне, тоқтатып тастаған жаңа емін қайта бастағалы отыр.

Алексей Иванович: «Сен жендім деп әлі мақтанба, алдыңда талай қыр бар, содан аса аласың ба? Шортанбаев пен Сусанна ертең сениң рұқсат қағазыңды естісе, облысқа, Москвага шабуына шек келтірме, ол — хақ», — деді.

Алексей Иванович бас дәрігер емес пе! Ол екеуін шақырып ап, «қойындар!» деп ұрсып, бетін неге кайтармайды, осылай көне бере ме? Қөнбекенде ше? «Арыз жазба!» деп айтудың өзі ертең айып бол тағылса, қайтеді? Тағылғанда не істейді?

Қиын!.. «Тфу» аузына тағы да түсті. Жок, бұлармен құрессіті қүшайтпесе, аяғынан шала беруі даусызы. Тәуекел, Нияз бетінен қайтқан емес, кара қылды қақ жарған әділ болуға

тырысады. Жалтақтап сүрген өмірдің мәні де, сәні де жок, ондай өмірден ауыздың дәмі кірмей, су татиды да тұрады.

Жолшыбай асханаға кіріп, шеф-повардан бір стакан кофе ішіп әлденіп ап, корпуска қарай аяндады.

— Ассалаумағаләйкум! — деді біреу, кенет әндептіп ағаш арасынан шыға келіп.

Нияз тани кетті. Шахтер шал, екі беті нарттай қып-қызыл, жасарып толысқан, кутындалп келіп қолын қысты.

— Көмір іісін сағынған жоқсыз ба, ақсақал? — Нияз сыр тартпақ бол, әзіл араластыра, үйіне қайту жәйін сөз қылды...

— Қарағым, сенсек, сағынып-ак жүрмін. Амалсыздың күні... Қайтармайсың ба, жата беруші ме едім, кәрі кемпіріміз бар еді. Тастан кетсе...

— Кәрісі кетсе, жасы бар...

— Осында алты айдың ішінде талай сырға қанық бол жатырмын, әй, сол жастарыңнан өзімнің кемпірім артық... Біздің столда бір тапал қара келіншек отыратын-ды. Көзің жамандық көрмесін, бір сорлы баланы жындандырып жіберді.

Нияз шалдың сөзіне мәз бол, еріксіз құледі.

— Кімді, ақсақал?

— Комбайнер бала ше?.. Жақсы кез келдің, доктор, сол бала біреудің айтағына еріп, үстінен киянат сөздер айтады. Жақында газетте, өзінің ауылдас бір серігі Әшімді мактаған ба, содан бері әбден бұзылып, не қиын сөзге барды. Мен оған: «Кой, қарағым, күнәлі болма, дәрігер сені әдейі кемтар қылды дейсің бе» деп ақыл айтып та көрдім, құлағына кіріпшықпайды.

Комбайнер тағы да Нияздың алдынан шықты ма? Кінәлі Нияздың өзі, ол жігіттің наразы болатын жөні де бар. Соның орнында Нияздың өзі болсыншы, қалай жанжал көтерер екен? Емдей бастады да, ыстығы көтерілгесін, Сусанна Михайловнадан сескеніп, тастан кетті. Емін неге аяқтамады? Егер Сусанна Михайловна қарсы болса, өз отделениесіне неге көшіріп алмады? Бұл — кешірілмейтін қате, дерігердің қатесі деп осыны айтады!

Нияз тындалп келеді деп жобалаған шахтер біраз әңгіменің басын қайырды. Корпуска жақындаған бергенде токтап, Нияз шалдың әңгімесін бөлді:

— Сонда не деп кінә тағады? Қазір ыстығы төмен түсті, сарайы жақсы, келген кезден тәуір болмаса, төмен емес

саулығы... Өкпемді жазбады дей ме? Емге бармай, тастап кеткен өзі емес пе?

Шал таңдайын тақылдатып, басын шайқап қояды.

— Ойбай-ау, естімеп пе едіңіз?.. Оның бір құпия сырғы тағы бар.

— Я?

Дәрігердің жанына шал таяу кеп сыйырлады:

— Белінен айрылып қалты... Соны рентген сәулесін алғаннан болды дейді өзі. Дәрігердің біреуі солай деген бе? Жатқан бір шатақ.

Нияз комбайнердің сырғына енді қанды: бәсе, неге тап-тап береді десе, әлдекім өшіктіреді-ау деген түйінге келуші еді, рас боп шықты.

— Белі жоқ екенін қайдан білген ол?

— Әлгінде айтпадым ба? Тапал келіншек есуас қып жіберді деп. Сол құрғыр менсінбеген бе, бір құпиясы бар, әйтеуір.

Ниязды құлкі қысып қинаса да құлмеді, шал сеніп айтып түрғасын, әдепсіздік болар деп, өзін-өзі тежеп, шалға құлімсіреп қарайды.

— Елде өз әйелімен қалай күн көрді екен?

— Жоқ, Құдай, үйленбеген жас жігіт. Сары қарын келіншекті алмақшы боп, екеуі біраз әуре-сарсанға түскен.

— Рақмет, ақсақал!.. Сіз маған өте құпия сырды аштыңыз. Екеуіміздің арамызда ғана қалсын! — Нияз шахтердің қолын қысып, кабинетіне барды.

Варвара Платоновна әзірлеп отырған бірнеше науқастардың тамақтарын қарап, дәрі-дәрмек жазып беріп, палаталарына қайтарды да, Лушаны жіберіп, тапал келіншекті шақыртып алдырды.

Келіншектің өзі сүйкімді де қылышты екен: доп-домалак, денесі тығыршықтай, тырс-тырс етіп көйлегіне сыймай тырсып, көзді қызықтырады, мөлт-мөлт еткен қой көзін төңкөріп, ақсия құліп, сыйыла сейлейді.

Бұл Дәмештей емес, бұған ашық айта беруге болатын әйел екенін Нияз түсінді. Әдетте, дәрігердің сөзіне емделіп жүрген науқастар не десе де өкпелемейді, «әкесінің зекіп айтқан ақылы» сияқты ұғынады да, кек сақтамайды. Сол әдетпен Нияз әнгіменің дәл шоқтығынан ұстады.

— Өзің көктемдегі totыдай құлпырып кетіпсің ғой, Рания! Бәсе, жігіттер, неге ынтызар боп жүр десем.

Разия сиқырлы күлкісін араластыра әзілдеді:

— Фашық жігіт ләйім өзіңіз сияқты болсын да! — деді өзіне тап беріп.

— Мен бе?.. Менің әкемдей, көркіне көз тоятын жігіт қойол!

— Өкеніз сізден артық па еді? — Тағы да сиқырлы күлкіге сап арбай бастады.

— Әзілді қой, Разия, мен саған қуда түскелі отырмын... Сенің өмір тарихынды білем. Сен екеуін жақсы тұрмыс құрып кетулерін де ықтимал...

— Күйеуге шығып, тұрмыс құрудан қашпаймын, егер өзініз сияқты басы бос, сұр бойдақ біреу кездессе. Хи-хи...

— Жап-жас. Қолыңа қаршыға қып ұстайсың, — Разияның түсі қонырқай тартып, кенет өзгерді, іштегі сырдың көленексі басқандай.

— Кімді ишарап отырғаныңызды түсіндім... Оның маған бір тыынға керегі жок!

— Неге? — Нияз да асығыс сұрап қалды. Жоқ, тәсілді өзгерпесе, бұл келіншек асau аттай тулап, маңына дарытпай қояр. — Сенің кімді тұспалдалап отырғаның маған белгісіз. Ал менің айтып отырғаным — біреудің жалғыз баласы, көрікті де ақылды. Өзі қадірлі еңбек адамы. Басқан қадамы — ақша.

— О кім? — деді Разия, Нияз құрған торға қайта оралып.

— Разияжан, сен өзің білесің, мен біреуді масқаралап тәлекек етуді жек көрем. Сондықтан сен менің сөзімді теріс бұрмай, дұрыс ұққайсың. Сені Әшімнің алам дегені рас па?

Разия сұп-сұр боп, атып тұрды:

— Келемежініз бе? Сезіп ем, соны ишарап, жапсырғыныз келіп отырғанын? Жоқ-жоқ, атамаңыз!

Нияз түсін суытып, даусын қатайтып, бұйрық берді:

— Отыр!.. Көргенсіздік жасама!

Разия су сепкендей басылып, жұп-жұмсақ боп қайта отырды.

— Шын ба?

— Шын.

— Сен неге көнбедің?

Разияда үн жоқ, көзін төмен түсіріп, жерге қарап қымсынып, қыбылжықтай берді.

— Ұялма, мен дәрігермін, маған жасырмай айта беруге болады.

— Ерек сияқты болмаса, оның несіне қызығам, — Разия айтарын айтса да, өзі мырс етіп күліп жіберді.

Нияз күлмеді.

— Оны қайдан білдің?

— Білмесем, айтам ба?

— Кәне, жасырма, тегіс айт!

Разия бетін басып, сылқ-сылқ күлді.

— Екеуің уәде берісіп, ағаш ішіне бардындар, сонсон?..

— Қызық екенсіз, дәрігер... Қалай айтам? Өзінен сұраңыз!

— Кілт сенің қолында. Жасырма!

— Апыр-ай, күштейсіз тіпті.

— Я, ол құшактап сүйіп, қасына жатты. Сонсоң?

— Ұзак жаттық, бір кезде үн-тұн жоқ тұрып жүре берді.

Сол...

— Ұмтылып, талпынды ма өзі?

— Әуелгі кезде ерек сияқты қабілеті бар еді. Артынан ұнжырғасы түсіп кетті.

— Рақмет, айналайын, ашық сырласқаныңа!.. Ал сенен бір тілегім бар: сен оның жанына тиетіндей қалжындан сөйлемдің бе? Есіңе түсірші? — Нияз ауру тарихын толтырғандай, тәп-тіштей қазбалап, Әшімнің психикасына жара түсірген себепті іздейді.

— Келемеждең... Артық сөз айтқан емеспін.

— Енді түсінікті!

Құрмелеп байланған істің бір ұшын Нияз тапқандай: «Рентген сәулесі еркектің белін кетіреді» деген біреудің қауесет сөзін естіген де, соны көңіліне алып, келіншекке жекпеп-жек келгенде түйткіл үрейі бойын билеп кеткен.

— Разия, сен мені дұрыс түсін, қалқам. Осы бір жағдайға екеуіміз ғана кінеліміз.

— Қалайша? — деді Разия жұлып алғандай.

— Біз оны тар жерде тастап кеттік. Қол созбадық. Ал шын мәнінде ол сап-сау, жап-жас жігіт. Жаңағы өзің айтқан жағдай әркімнің басында болуы мүмкін. Ол үрейден туады... Екеуін-нің араң қалай қазір? Содан кейін бардың ба?

— Ол іле ауырып қалды... Мен бір рет барып ем, селсок, сөйлескісі келмеді. Содан кейін баруды қойдым...

— Қате болған, барып, өзіңе бойын үйретуің керек еді... Сен оған хат жаз. «Мен осылай еліме кетем, қоштасайын деп ем» де... Сөйтіп, өзін не қалаға, не Бурабайға алыш бар да, аздап

шарап ішкіз, қыздыр, сонсоң: «Кәне, баяғы уәде қайда» де... Ар жағын өзің түсінесің ғой, зерек баласың... Екі-үш күндей бойынды үйретіп бақ: құшакта, сүй, жанына жат... Уәде ме?

Разия жымып, қымсынғандай.

— Маған оның керегі не?

— «Керегі несі» қалай?.. Ол сені жақсы көреді. Оған мен кепіл. Қасындағы бір жолдасы жаңа келіп айтып кетті.

Разияны азғырып қоя берді де, дәл түскі ас кезінде, Сусанна Михайловнаның үйіне кеткен мезгілін аңдып тұрып, Варвара Платоновнаға Әшімді рентген кабинетке шақыртып алдырды. Әшім «бармаймын» деп қиқаңдал көрген екен, тиянакты сестра көнбейді. «Бүкіл дәрігерлер жиналып отыр» деп алдап алышп келген.

Рентген кабинеттің іші қап-каранғы, неше дәрігер барын Әшім көре ала ма, айнаның алдына кеп тұра қалды.

— Жарық бер, — Нияз экранның диафрагмасын кішірейтіп, өкпені көз аумағында жарықпен сүзіп шықты. Беріш-беріш боп қатып қалған очагтар, тек сол жақ өкпенің жоғарғы жақ шетінде бір кішкенелеу очагтың жан-жағы ісінген екен, соның ізі ғана қапты, әлі білініп тұр, уакасы жоқ, күтініп жүрсе, құлан таза боп айығады.

— Сүйінші, Әшім, өкпен жазылышты. — Осы сөздің оған әсері зор екенін Нияз біледі. Науқас дәрігерге сенгіш. Сол сенімді еппен пайдалана білсе, таптырмайтын ем сол.

Әшімнің қуанғаны даусынан сезілді.

— Сусанна Михайловна, рас па? — деді Ниязға сенбеген адамдай.

— Маған сенбей тұрсың ба, Әшім?.. — Нияз техниктің атын атап, өкпесін суретке түсір деп бұйрық берді. Алдында сестраның айтқаны есінде: «Кәне, коллегалар, бәрің де шыға тұрындар, менің Әшіммен онаша сөйлесетін әңгімем бар» деп, жоқ дәрігерлерді кабинеттен «шығарды», сондағысы жалғыз Варвара Платоновна ғана.

Техник Әшім өкпесін суретке басып алған соң, оны да шығарып жіберіп, Әшімді онаша алышп қалды.

— Сен сауығыпсың! Ертең еліңе барып комбайнер бол істеуіңе бөгет жоқ. «Мені доктор Дарханов ауыртты» деп үстімнен сөз таратып, балағаттап жүргенінді және білем. Сен өзіңе өзің ауру жамап алышп жүрсің. Мұндай дозада рентген сәулесі еркектің беліне әсер етпейді. Менің осыдан бір жыл

бұрын емдеген науқасымның биыл егіз баласы бар, кеше Алматыда көрдім. — Нияз профессор Штокиннің сөзін әдейі кайталап, өз басынан кешкен окиғасындай жеткізді, бәлен айтты деу сенімсіз фой. Әшім әуелі, бұл қайдан білді дегендей таңырқап, одырая қарады. Нияз ашы да қатал сөздің құрсауына сап, кыса бастады, «енді бұлтартпа, Нияз!» — Сені біреу әдейі итермелеп, шапқа түртеді, сен оған сенесің. Маған неге сенбейсің? Алты аласы, бес бересім жоқ. Мен саған неге жамандық ойлаймын. «Бар өмірімді науқас адамды емдеуге бағыштадым. Егер әділ жолдан тайсам, өкпе мен жүрек тыңдайтын құлағым керен боп, жара сылитын қолым шолақ боп кесіліп қалсын!» деп он сегіз жасымда мединститутқа түскенде ант берген. Бұл ауыр сөз емес пе!..

— Доктор, мен неге масқара болдым, олай десеніз? — деді Әшім жыламсырап.

— Біреудің қисық сөзі көніліце қонып қап, дәл қысылтаянға келгенде сол сөз есінде түсіп, үрей билеп әкеткен, соның шырмауынан әлі қүнге дейін шыға алмай жүрсің. Бұдан былай сезіктенбе, өзінді жайбаракат ұста, бәрі өз қалпына түседі, — деп Нияз орнынан тұрып, кетуге ынғайланды. Әшімнің сұрақтары әлі көп болу керек, орнынан самарқау көтерілді.

— Рентген сәулесінің әсерінен еркектің белі кетеді деген сөзді үлкен дәрігердің өз аузынан естігем, — Әшімнің көзі бадырайған, сасқан адамның кейпі. «Қайсыңа сенем, басым дал болды» деп уайымдал, жәрдем сұрағандай.

— Улken дәрігер болса да, байыбына жетпей, қате айтқан. Белінен айрылу үшін рентген сәулесі дәл осы тұстан көп дозамен жіберілуі керек... Ал хош, — Нияз есікті ашып, Әшімді өзінен бұрын шығарды, сыртта тосып тұрган техникке: — Әшім өкпесінің суретін өзіме әкеп бер, — деді.

Науқасқа бұдан артық сөз айтсан, сөз қадірі кетеді; сана-сы болса, ойланып, өзі де түсінеді. «Сусанна Михайловна менімен өш, сондықтан ол сені айдал салады» деп науқасқа қалай сыр шашады.

## VII

Санаторий колективі Нияздай сырын ішке түйіп қалмады, екі жарылып, бірі Дарханов жағына ашық шықты да, енді жартысы Сусанна мен Шортанбаев сөзін қолдап, күннен-күнге шиеленісе бастады. «Дарханов білімді, жақсы дәрігер, жа-

надан ем ашыпты, оны Алматыда қабылдап, сый-құрмет көрсетіпті, күншіл дәрігерлер еken көре алмай жүрген» деген сөз бүкіл Бурабай аймағына жайылды, газетсіз, радиосыз, ауыздан ауызға тарап, дәрігердің беделін қырдан қырға асырып, Степняк, Кекшетау, Ақмола, Қызылжарға дейін жетті.

Арбасына қымыз бер койын салып ала келген қазактарды да көрді: «Қарағым, мынау елдің дәмі, татшы, казақ атаңын асы ғой» деп жалынғаны да болды немесе құлактамағын көрсеткен соң: «Айыпқа бұйырманыз, уақытыңызды кетірдіңіз» деп жүз сом ақшаны қолына қыса сала, тұра қашқандар да табылды; азырак ұяты барлар: «Рақмет, доктор, емініз конып, тәуір болым, сыйға сый, сыраға бал, міне бір жібек көйлекті балам шет елге барғанда әкеп еді» деп қағазға орап тастай бергендерін де көрді. Бірак Дарханов солардың бірін алмады: «Мемлекет берген жалақым өзіме жетеді, керек десеніз, кас-самда бес мың сом ақшам бар, ракмет, мені сыйласаныз, алып кетіңіз» деп қолынан ұстап, өзіне тықпалай беріп жібергенін қасындағы сестрасы Варвара Платоновна талай көрген. Науқас адамды қабылдамай және отыра алмайды, алыс жерден іздең келгендегі бос қайтару — совет дәрігеріне жат кылыш. Сол халықтың каражатымен оқып, дәрігерлік диплом алған жок па? Енді қалай аяиды емін. Дархановтың стипендиясыз алты жыл оқып, институт бітіргенін көрер ем...

Кейде науқас адамдар шығып кеткенде, Варвара Платоновна әйелдік істеп: «Қылыш сұраганда... орасан қатты екенсіз, сол көйлекте не тұр, ала салмай. Сізге жарасушы еді...» деп азғыратын-ды. Жок, Дарханов кейбір дәрігерлер сиякты өз халқын өзі үрлай алмайды. Жен ұшынан «ақы» алған дәрігер тамағын ішіп, көйлегін киіп жүріп, түнде әкесінің қалтасына түскен бала сиякты, сонда ол әкесінің терлеп-тепшіп тапқан еңбекақысын үрлайды... Жок, атай көрме, Варвара!

Әрине, Варвара үйіне барған соң механик күйеуіне, көршісінің әйеліне «доктор алмады» деп, бір жағы, мақтаныш, бір жағы, іштей өкінішпен айтса, енді арасына күн салып, ол сөз «алды» болып, әуелі Шортанбаевқа, одан Сусанна Михайловнаға да жетеді.

Сонан соң әр үйдің босағасынан жыландағы сумандап жылжып шықкан өсек аудан орталығына да қарай аяндайды... «Әй, тантып жүр де!» деп қолды бір-ақ сілтеп, мән бермейтін тек Алексей Иванович қана.

Дархановтың беделі асқан сайын, Сусанна Михайловна ашынып, тұс-тұс жақтан қақпан құра бастады. Өсіреле, ғылыми совет берген рұқсаты түн үйкесін төрт бөлді: «Жалған... Алматыда жүргендердің бәрі миғұла боп кетпесе, көрер көзге қалай береді, дұрыс деп қалай айта алады. Мүмкін емес» деп іштей қүйінеді. Бір күні Жұсіпке: «Ғылыми советте» Дархановтың туысқаны істейтін болуы керек, сондай біреу көмектеспесе, рұқсат қағаз ала алмайды» деп тұспалдаған, екі күн өткен соң, сол сөзі өзгеріп, Сусанна Михайловнаға басқа түрде жетті. Осындай өсекпен қатар шын сөздер де араласа тарауды: «Доктор Дархановты рентгенология кафедрасына осынша шақырғанда қалмапты, міне жігіт!» деген бас дәрігердің мадақ сөзін Жұсіп өз құлағымен естіді. Содан бері іштей тар-тыс-таласқа түсіп, бірсесе Ниязды қолдан: «Өзіміз болсақ, қалып-ақ қояр едік» десе, енді бір кез: «Осы санаторийде не табам деп жүр, басы айналған сорлы! Әлде отделение бастықтығын Жұсіпке қимай ма? Ол кетсе, Жұсіптен басқа кісі де жоқ!» деп толқып, өсек сөзге онша илан да қоймады.

«Дархановтың білімді дәрігер екені анық, мұның іскерлігі, адаммен тіл табыса білетін қабілеті, шіркін, өз бойыма бітер ме еді? Кім не десе, о десін, Жұсіптің бір бүкпесі ішінде болғаны жөн: ертең оны шақыртып әкетсе, Кравцов «кімді қоямыз» деп алдымен Ниязбен ақылласпай ма? Әрине, Алматыға жоғарылап бара жаткан досымен санаспай бола ма, ертең о жақтағы арқа сүйері. Сондықтан да Кравцов Нияз сөзін жықпайды. Ендеше, Ниязбен аса өштесе берудің кажеті қанша. Сусанна Михайловна өзі де ақысын жіберетін емес, соңғы кездे Жұсіптен жеріп, Шортанбаевты іш тарта бастаған сияқты. Қын адам-ау Сусанна.

Жұсіптің адал жүрегінде көктемгі гүлдей бүршік атып келе жатқан махаббатын табанымен басып өсірмей қойған да сол әйелдің өзі. Құмартып, ынтызар боп жақындаған сайын, қаша береді. Кейде Жұсіп ыза болғанда, Нияздың қолтық астына кіріп ап, Сусаннаға қарсы күрес ашсам ба деп те ойлайды. Білсін кімді мазақ қылатынын...».

Күн жексенбі. Жұсіп көлге қарай сынаптай толқыған осы бір ойдың әуенімен аяндал келеді. Бақтығул баласын ертіп моншага кеткен, жана журналдарды оқып, Жұсіп үйде қалған болатын. Отыра алмады. Көл сұық, суға тұсуге ерте. Мұздың өзі еріп біткеніне әлі бір-ақ апта. Көкшениң басында ағарған қар, көлден қара сұық жел еседі.

Көл жиегінде қайық сүйреп жүрген Ниязды Жұсіптің көзі анадайдан шалды. Құмға кіріп кеткен ауыр қайықты суға түсіре алмай әлек. О да Жұсіпті таныды білем, қолын бұлғап шақырып алды.

— Коллега, итерісп җіберші, — деді күңгірлекен барқыт даусы Жұсіпті еріксіз бағындырып.

Жұсіп барып итерісп, қайықты суға түсірісті.

— Ерте емес пе, асығып қайда барасыз?

— Сағынып қаппын. Қалай десеніз де, біздің жақта қыс ұзақ. Алматыда мартта болдым, сонын өзінде жаз шықты, жыпжылы... Отыр, «Махаббат» аралына барып қайтайық.

Жұсіп бас тартпады, екінші ескекті ұстады. Нияз құлшына есіп, лезде жеткізді «Махаббат» аралына.

Қары кеткен арал жүні түскен түйедей арса-арса. Өткен жылғы қураған жусан, миуа сабактары сорайып аяғына орлады. Қуыс тастың арасынан жұмыртқаны жарып шығып келе жатқан балапандай ақсары қызғалдақ та басын қылтитады. Нияз еңкейіп жұлып ап, иіскейді... Екінші тастың түбінен көкшілдеу қызғалдақ және көрінеді.

— Букет жасамақсыз ба? — Жұсіп әлденеге жорығандай астарлай сұрайды.

— Мүмкін, біреуге сыйлауым да ықтимал. Бірақ гүлді түсінетін адам аз өмірде, «туу, жақсы екен» деп таңдайын қағып кете барады. Тап осы гүлден ақынның жақсы өлеңін оқығандай немесе жан тербетер нәзік музыка естігендей ләzzат алатын адамдар бар. Мысалы, маған қолыма ұстап таңдану не бір жақсы киім кигендей, әйтпесе, жақсы фильм көргендей көнілімді көтеріп, қиялымға қанат бітіреді. — Бала кезінде жазғытүрм әр тастың түбіне бір сығалап гүл ізден үйренгенін әнгімеледі Нияз. — «Ұяда не көрсөң — ұшқанда соны алады» дей ме? Жастай әркім әр нәрсеге үйір болып, машықтана бастайды: біреу сөзге, біреу пәлеге дегендей, мысалы, біздің Шортанбаев жас кезінде немен шұғылданды деп сұраушы болса, мен жаңылмай айтар ем. — Нияз Жұсіпке қарап күледі. Нияз сөзінің әзілді астарын Жұсіп те жақсы түсінеді.

— Білем, пәле қуып үйренген демекшісіз ғой? Көкейінде-гісін тапқан соң, Жұсіп сөзі Ниязға ұнағандай сылқ-сылқ күледі. Бір ауыз сөз араларын жалғайтын дәнекер болғандай.

— Сен менің ішіме кіріп шыққандай айттың-ау, Жұсіп... — Нияз сандық тасқа отырды. — Аз-кем демалайық, тізенді бүк!

— Жорамалым емес, шынымның өзі осы, Нияз Базілевич. Бір күні ол екеуіміз бір үйде қонақта болып, қызып ап, сырласканда, ол бастан кешкен өмірінің бір кезеңін байқамай айтып қалды... Сонысы есіме түссе, осы күнге дейін төбе шашым тік тұрады.

— Оның кім екенін мен бір көргенде-ақ аңғарғам. Адамға жылды жүзбен тұра қарай алмаған кісіден жақсылық күтпес... Иә, айта бер, — деді Нияз, онша құмарта қоймаған ниет білдіріп.

— Бұл өзі отызыншы жылдары нағыз өтірік белсенді болып, елдің ішін күйзелтсе керек, әрине, «мен солай едім» деп өзі айтпайды, бірақ әңгімесінен байқап қалдым. «Өкіл боп бір ауылға барсам, — дейді, — шетінен кулак, бірі астық бермейді. Ақырын бақылап жүріп білсем, елді азғыратын сол ауылдағы Қайыrbай дейтін дәулетті жігіт екен. Кигені — тұлкі тымак, жеккені — қос қара ат, кашава шана... Қаламен екі ортада ызығытады да жүреді. Ауласы толған бидай деп естідім де, мойнына жиырма пүт астық салдым. Ол едірейіп жетіп келіп: «Немене, құртасың ба, жиырма пүт түгіл, екі пүт астығым жок, өзіміз аш отырғанда» деді шақ-шақ етіп. Қорқам ба оның едірейгенінен, айылымды да жиғам жок: «Үш күннің ішінде табасын... Таппасан — астық үшін қолындағы малынды сыптырып ап, өзінді қалаға табыс етсем...» дейді Шортанбаев. Жігіт сасып, он пүттү зорға табады. Онда да көрші поселкедегі тамыр-таныс орыстардан қарызға сұрап алады. Үш күн өткен соң, Көжекен не істейді деңіз: қаладан милиция шақыртып, Қайыrbайдың бар малын сыптырып алып, өзін айдатып жібереді...

— Кулак деп айдатады ғой?

— Қайдағы құлак, еті тірі, кәдімгі әлді жігіт те ел ішіндегі.

— Сонан соң?

— Сонан соң... Айтпақшы, қос қара атты шанасымен өзіне алып қалады... «Бір күні, — дейді ол, — қантардың сақылдаған аязы, ызығытып келе жатсам, жол үстінде бір нәрсе қарайады. Байқасам, үш жасар бала жолға түсіп ап кетіп барады. Шанаңдан түсे сала көтеріп алып, қасқыр ішігімнің қойнына тығып жіберіп, сөйлесейін десем, тіл білмейді. Елсіз жерде бұл не қылған бала деп жан-жағыма қарап тұрса, кейінрек жол жиегінде бірдене ағарады. Жетіп барсам, Қайыrbайдың келіншегі өліп жатыр, қолымды қойнына тығып жібердім: жып-

жылы, жаңа ғана жан тапсырған екен. Өзінің өлетінін біліп, үш жасар баласын жолға салып қоя берген» деп иманың қасым болатын бір жайды айтып, мені шошындырғаны бар.

Нияз айбат шегіп, санын бір соқты:

— Ой, лағнат-ай... Малын тартып ап, бала-шағасын аштан қырғанын қараши... Бәсе, сиқы сондай, қанішер адам бұл!.. Кейін ғой, колхозда бастық боп, талайды зар қақсатқан!

— Атамаңыз! Өзі айтып отырса, бір бейкүнә, бейшара адам. Оның бәрін бай-құлаққа істеген революционер кісі бол отырады.

— Мұндай сұм ана бір жылы кімді жазықсыз зар жылат-пады дейсін, — деді Нияз.

— Соғыс жылдары мұның қолын кім қақты дейсіз. Еркектері соғыста жүрген сорлы әйелдердің үнін шығармай, тала-йына тізесін батырған болар.

— Иә, құлағыма тигені бар: бастық боп тұрып, колхоз мүлкін жеп, содан күйлса керек. Бұл өмірде кисық жараптандар адамның бірі. Сонау ұлы күресте толқынмен қалқып шығып, содан бері сүйретіле берген — қашан құларын. Сөзге үйір Сусанна Михайловна оған сай...

Жұсіп Нияздың әр сөзіне қарауыл қойып бақты: бұрын бұлай шешілмейтін еді, Жұсіптен сыр тартпақ па, жок, әдейі Сусаннаға жеткізсін деп сөз бастады ма?

— Сусанна Михайловнаға жеткізсін деп отырғам жок, олай ұқпа! — деді ол Жұсіптің ойының үстінен түсіп. — Мен жөнінде келінгे жапқан бір жалаңды Әмірге айтқанды. Тоқта, әуелі тындал ал да, сонсоң сөйле. Егер сенер болсан, сениң әйелінмен осы күнге дейін оңаша сөйлеспек былай тұрсын, «камансың ба... хош болдан» бетен сөз айтып көрген пенде емеспін. Бұл — бір. Екінші — сениң қарадан-қарап жүріп, жазықсыз менімен ұстасып алғаныңа және түсінем.

Жұсіп қызырып, ойда жокта мәндейшін тасқа ұрып алғанына өкінеді. Арапта барып не ақысы бар. Бармаймын десе, зорлаушы ма еді. Аз мұдіріп, ойын жинақтап алған Нияз тағы да алқымнан алды.

— Сусанна Михайловнаны сенен жаксы да, бұрын да білем. Қақпанына түскен еркектің жан дүниесіне қол сұғып, бұза бастайды. Сен онымен дос боп жүрсін, бірақ есінде болсын, жаныңда дақ түсірмей қоймайды. Абайла, жассын!

Жұсіп іштей Нияз сөзіне ұйып қостаса да, сылқ етіл құлап

кетуге ар-намысы бармады. «Абайла». Не істейді Сусанна Жұсіпке?

— Осы күнге дейін үйленбей жүргенізді, мүмкін, Сусанна Михайловнадан көрерсіз?

Жұсіп әзіл араластырам десе де, дөрекі шықты, Нияз оны сезіп қалғандай.

— Жоқ, — деді ол кулімсіреп, — одан да, өзімнен де көрмеймін... Өмірдің бір бұлтарыс арнасына түсіп кетіп, шыға алмай жүрмін. Саған ерсі ме осы күнге дейін үйленбеуім?

— Ерсі. Бірсыныра жасқа келдіңіз, әлі бойдақсыз... Біздің халықта сирек кездесетін жай.

Нияз кекете күлді:

— Қазақ байыса, катын алады. Осы күні катын тастанап, аузы күйіп, үйлене алмай жүргендер аз ба? Менің жанымға бататын бойдақтығым емес, сенің өз жайың, — деді шімірікпестен Нияз.

«Мынау не дейді-ей. Бұдан артық басынғандық бола ма? Осы шірікті Жұсіп құлағын салпіттып тыңдалап отыра бере ме?».

— Не демекшісіз? — Даусы дірілдеп, іштегі толқынның лебін тағы да сездіре сөйлемеді.

— Үйлі-барандысың, Сусанна Михайловнаның саған көрегі қанша? Бүкіл санаторийге атағың жайылды. Ондай семья құрғаннан менің бойдақ қүнім артық. «Өз көзі алдындағы келдекті көрмей, біреудің көзіне түскен шөпті көреді» дейді орыс мәтелі.

Жұсіп ашуланып, атып тұрды:

— Ақылыңыз өзінізге, маған үйретпеніз!

— Мен үйретпегендеге, саған кім үйретеді, сөздің байыбына жетпей дір-дір етесің... — Ал екеуіміз осы аралда төбелестік. Бірімізді біріміз суға батырдық... Сонан соң?

Нияздың салмақты, байыпты мінезі Жұсіпке әсерін тигізгендей:

— Жоқ сіз тілдемей сөйлеу дегенді әсте білмейсіз, шапқа тұртесіз, — деп Жұсіп қайыққа қарай бұрылды. — Қара жел өтіп барады, қайыққа мінейік.

Қайық жүзіп келеді. Ойының ұшын жоғалтып алғандай Нияз кайтып үндемеді. Жұсіп өзінің орынсыз қызарапдан, бой көрсеткеніне әрі ұялып, әрі өкініп келеді. Жұсіптің өзі бастаған жоқ па сөзді — бойдақ жүргенің келіспейді демеді ме. Бұда оның намысына тиетін сөз шығар әлде?

Жиекке жетті. Екейі қайықтан үнсіз тұсті. Ағаш ішімен тіке тартып, Нияз үйіне қарай беттеді. Оны тастап Жұсіп бөлек кете алмады. Жол Нияз үйінің қасынан өтеді...

Нияз үйінің алдында әрлі-берлі біреу жүр. Бойшаң, қара былғары пальтосы бар, жас адам. Енді бір-екі қадам аттағанда, кім екенін шырамытты: комбайнер Байжановқа ұксайды. Жақын келді, соның өзі, Ниязды көріп, арсаландап кеп қол берді.

— Мен сізді тосып тұрғаным, — деді ол Ниязға.

— Қуанышың қойныңа сыймаған адам сияқтысың... — Нияз да арқасынан қағып, басынан аяғына дейін шола қарады.

— Мен, — деді ол, Жұсіпке көз қырығын тастап, қырындан даусын бәсендетіп, — акымақ болған екем... Сөзіңіз шынға шықты. Кешіріңіз, — деді ол қызырып, тұтыға.

— Көзің жетті ғой?

— Әбден!

— Ендігәрі сөзге еруші болма! Бар, түскі тамактан құр қаласың, — деп Нияз арқасынан итермелеп, қуып жіберді.

Кетейін десе, қоштаспай кетудің ретін таптай қипақтап тұрған Жұсіпті Нияздың көзі шалып:

— Көрдің бе? — деді ербелендереп бара жатқан комбайнерді иегімен нұқсап. — «Рентген сәулесінен еркек белінен айрылады» деген біреудің сөзіне сеніп, шын жоғалтып ала жаздапты, енді «қателестім, кешір» деп жүр.

Жұсіп қып-қызыл бол, төмен қарады. Осы ойдын тұқымын бірінші сепкен Жұсіптің өзі болатын. «Рентген сәулесімен емделгеннен бері сарайым жақсарды» дегенде осы жігіт, Сусаннаның қасында отырған Жұсіп: «Түбінде зар қақсан жүрмесен» деген-ді. «Беліннен айрылып қалма, мұның соған әсері бар!» деп Сусанна қоштай күлген-ді. Сол кезде Жұсіп маңыз бермей, Сусаннаға жағыну үшін бе, не қызыл сөзге құмарлық па, айта салған-ды. Бірақ Нияз еміне әдейі қарсы істеген әрекеті емес-ті...

Комбайнер, тегі, кім айтқанын жеткізген де болар. Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам, Нияз үйінің есігін аша беріп, іле қайта бұрылып, Жұсіпке айғай салды:

— Ертенгі күнді ұмытпа! Коммунизм қырка астында! Сол күнге өзінді өзің даярламасан, орта жолда қаласың, досым.

Сусанна Михайловнаның есігі ашық екен, Жұсіп қағар-қақпас ырымын ғана жасап, екі рет нұқып қап, кіріп барды.

Сусанна Михайловна көк теңбіл бүлдан тігілген кең қолтық, жанқалтасы бар халат тәрізді көйлегін киіп, үйінің ішін жинап жұр екен. Жұсіпті көріп, жан сүйсіндіретін мінезіне сала бұралып, әндете сөйлеп, жайдары қабылдады. Жұсіп: «Берілмеймін, тілдеп ұрсаң, Ниязбен араздығын қойдырам... Біреудің сонынан түсіп, қудалау бүгінгі өмірге үйлеспейді» деп қаншама кіжініп келсе де, Сусанна Михайловна арбай бір қарағанда-ақ бұзаудай томпандаپ, сонынан еріп жүре берді... Қылжалактап, біресе Сусаннаның киімін мактап, біресе кескін-тұлғасын суреттеп, өзі білетін тандаулы сөздерін аямай жұмсал бакты. Ерігіп отырған сақа әйел жас жігітті күшікше арсаланаңдатты.

— Қолымды қарашы, пеш жағам деп бүлдіріп алғанымды, — деп Жұсіп ұнататын салалы да жіңішке саусақтарын әдейі алдына жайды. Жұтып қойғандай осы бір сиқырлы саусақ Жұсіптің шашын тарап, жағынан сипаса, жүрегі лұпілдеп, үзіліп кете жаздайтын-ды. Сол саусақтары тағы да кезінің алдында, ұстай ап құшырлана сүйді.

— Сен әйеліңнен рұқсат алдың ба? Жок, өз бетінмен келдің бе? — деп қолын сәл қозғап, өзіне қарай тартты.

— К черту!..

Ар жағын айтқызыбай, Сусанна алақанымен оның аузын ба-са қойды...

— Тсс... тағы да терезе сынып қап жүрер, — деп келемеждей күлді. Жұсіптің қаны тасып, аласұрып, алқындыра бастады. Жұсіп қуатының тасып келе жатқанын сезген Сусанна түсін сұбытып, бойын аулаққа сала қойды.

— Маған керегің бар еді, жаксы келдің, — деді жап-жана жібектей үлбіреп отырған әйел даусы күрт өзгеріп, катайып.

— Біздің заманда лирика көленкеде, ай жарығының астында ұрланып қана күн көреді, күндіз, күн шуақтағы өмірде проза үстем. Лирика керек болса, кешке жақын хабарлас, — деді ерні бұртиып, қабағы түсе бастаған Жұсіптің сиқын көргенсін көңілін жұбатқаны ма, жок, берген уәдесі ме, айласын тауып, тағы да өзіне қаратып ала қойды. — Шортанбаев маған кеше бір қағаз әкеп берді. Соны оқып шық та, қосылсан, қолынды қой. — Столының тартпасын ашып, көк сиямен жазылған төрт парақ қағазды ұсынды.

— Шортанбаев осы үйге жиі қатынасатын болған ба? — «Не дер екен» деп, Жұсіп бетіне үңілді.

Сусаннаның жіңішке де ұзын қабағы жиырылып барып жазылды.

— Е, Шортанбаевтай еркек әлі туған жоқ, — деп сақылдай күлді.

Жұсіп ернін тістелеп, іштей тынды.

— Өзім де солай ұғып ем.

Шортанбаевтың кім екенін осы қағазды оқыған соң түсінесің, — деп Жұсіптің әлгі бір ұшқары сезіне басқа бір үфым берді. Жоғары бір мекемеге Нияздың үстінен жазылған арыз екен: «Доктор Дарханов пара алады... Дәрігер емес, балгер... Жаңа әдіспен емдеймін деп бірнеше адамды мүгедек қылған... Алматыға барып тамыр-танысы арқылы дүдәмал қағаз әкеп, жұртты алдаң отыр... Совет дәрігерінің этикасын бұзып, өзі емдең жүрген науқас әйелдерді айналдырып, бұзады...

Санаторияның бас дәрігері Дархановтың досы, соның айтқанын істейді... Бұл жайында аудандық партия комитетіне талай арыз түскен еді, шара қолданбай, басып тастап отыр...».

— Таңбаған бәлесі жоқ, арыздың аяғына «Шортанбаев» деп қол қойған.

Жұсіп оқып болды да, бұктеп-бұктеп, тізесіне қойды.

— Сіз өзіңіз де қол қоятын боларсыз?

Жұсіптің бұл сұрағынан Сусанна Михайловна сасқалактап, неге екені белгісіз, күмілжи жауап қайырды.

— Э... Мен бе?.. Мен... Керек дейсің бе?.. Жұсіптің танауы делдиip, көзі ежірейіп, іштегі ашуы қайнаған сүттей көпіршіп жоғары көтеріле бастады. Арыз ішінен бір мысқал шындық таба алмады, — кілең киянат, жала, өсек. Анада Варвара Платоновна Жұсіпке: «Мұндай таза да ақылды адамды өз басым көргем жоқ, біреу бірдеме әкелсе, ашуланып, күып жібереді» дегені қайда? Сол Варвара енді қалай куә болады? Ертең комиссия кеп тексерсе, арт жағы ашылып қалмай ма? Комбайндерді бақытсызыдыққа ұшыратты дейді. Атасының басы. Жаңа ғана Дархановқа не дегенін Жұсіп өз құлағымен естіген жоқ па? Бұл да өтірік! Рентген жайына келсек, Дархановты Алматыға шақырып жатқаны, диссертация корғайын деп жүргені жалған ба екен?

Жын ұрған ба, өтірікті тізе бергені несі. Әлде, «келсін, тексерсін, бірі болмаса, бірі шындыққа айналар» деген далбай ма? «Бәрінен де комиссияны шақырту қыын» демеп пе еді бір сезінде Шортанбаев ағай. Сол тәсілді қолданған да. Бұл адыра қалған әдіс емес пе?

Жүсіптің үн-тұн жоқ толқып отырганынан сезіктенді ме, Сусанна Михайловна шыбжындағы: «Жаңың аши ма... Ә, достасып қалып па едіңдер?» деп кекете сөйлеп, алдынан олай бір, бұлай бір өтті, Жүсіп мызғымады, маңдай астынан тұқырая қарап, мелшиіп отыра берді. Сусанна сықылықтап күліп, Жүсіптің иығынан артыла, стол үстінен бірдеме алған болып, тырсыған қеудесін де тигізіп, жаңын қытықтап бақты. «Жоқ, Жүсіп аяғыңа киіп тастайтын башмақ емес, байқа, Сусанна! Сенің-ақ ызаң өтіп еді, жыртып-жыртып лактырып жіберсем бе екен?».

— Осы күнге дейін сізге еріп, Дархановқа қиянат жасағынма тап қазір қатты өкінем... Гапу етініз, мен мұндай лас қағазға қол қоймаймын, — деп Жүсіп салмақпен орнынан тұрды да, аңырая қарап қалған Сусаннаға басын бір шұлғып кете барды.

## VIII

Радио қойнына сыймайтын қуаныш экелді. Юрий Гагарин космосқа ұшып, жерді бір айналып, қайтадан келіп қонды. «Тарихта бірінші рет адам космосқа жол салды... Атыңдан айналайын, ардақты адам!» деп ақындар өлең жазып, митингте халық қол шапалақтады.

Радионың алдында тұрған Нияз қол шапалақтап, есі шыға қуанғаннан қасындағы сестраны сүйіп алды. Осы кезде біреу есікті ашып қап, жаба қойған-ды, оған назар аударған Нияз жоқ, мақтаныш сезімі қеудесін кере кабинетінен шығып, корпус алдында топталған демалушылардың қолдарын қыса құттықтап, жоғын тапқан баладай алақайлап, қуанған мінез білдірді.

«Я, коммунизм орната алмаймыз деп енді кім айтады? Фаламат техника, күш, ақыл, шеберлік, ерліктің сайысқан жері осы. Ертеңгі күнім белгілі, эне, қырқа астында соған жетем деген нысана.

Ақыл мен ойдың ең биік шыны, асқар белі осы. Жақында айға, одан Темірқазыққа, Шолпанға ұшып жететініне енді күмән бар ма? Табиғатты адам өзіне бағындырып, үстемдік құра бастады.

Я, достарым, келиңдер, ертеңгі күнді қиялға сап, арман етіп көрейікші!

Дүние жүзі халқының тарихында техника басқа ғылым

салаларына да жетекші болған. Естерінде бар ма, электрмен қабат радио түрмисқа енді, одан медицинада рентген ашылды... Бұгін енді жүрек жүрісін, адам миының ісін, ішек-қарының ас қорытатын процесін өлшейтін аспаптар жасалды, қазір ел түрмисы ғана емес, медицинаға да атом кіре бастады.

Ракты жазатын ем бұгін-ертең табылатынына шек келтірмейніз... Қазір әркімнің үй төрінен телевизор орын алды, өртең ол медицинаға да келіп кіреді, дәрігерлер науқастардың халжайын телевизор арқылы біліп, хабар алатын күні де алыс емес.

Бұл сияқты кеменгер техника адамның ой-сезімін кеңейтіп, ақыл өрісін биіктетіп, алға сүйрейді, мақсат, міндет күндейдік нәпсінің құлдығынан құтқарылып, әрқайсымызды өртенгі күнмен ұштастырады.

Осы бір кішірек санаторийде көп адамның басына күндік нәпсіден туған, кісі қадірін кетіретін, өртенгі үрпаққа жат көрінетін ниет, мінез-қылықтар — коммунизм адамына үйлеспейтін сонау әдеттер біртіндеп жоғалуына да техника себеп болады...».

— Ура!.. — Нияз балаша уралап, тағамның дәмін көруге асханаға барды.

Бұл сол күнгі түске дейінгі оқиға еді. Түстен кейін кабинетіне келіп отыр еді, екі көзі мөлтілдеп жасқа толған Дәмеш кірді.

Нияз: «Не боп қалды, үйінен бір жаман хабар алды ма?» деп көніліне секем алды.

— Мені санаторийден бұгін шығарыныз, кетем! — деді Дәмеш бетін орамалмен басып.

— Не болды, Дәмеш?

— Қазір бұйрық беріңіз, маған кешкі поезга билет әкеп берсін... Бір күн қалмаймын, жетеді...

— Дәмеш, ақылды емес пе ең, қандай маса шақты сені?

— Маса емес, ара!

— Ара? — Нияз бұл кімнің аты екенін біле қойды. — Екеуде оңаша әңгімелескенде өзінің бір айтқаны есіне түсті. «Сусана Михайловнаның тілі арадай шығады, өштесе шақкан жерінен қан шығарады» деген... — Я, ол не қылмайсың дейді саған?

— Біз түскі тағамнан кейін, екі-үш әйел төбешік басындағы беседкада өзара Гагаринді әңгіме қып отыр ек, қасымызға

кеп: «бұғін біздің елде бакытты екі әйел бар, бірі — Гагариннің әйелі де, екіншісі — Варвара Платоновна». «Е, ол не, Гагариннің туысы ма екен?» деді қасымдағы бір әйел. «Әйелге туыстан да артық кім жақын!» деді ол құліп. Біреуіміз: «Күйеу, жар!..» деп ек, ол: «Ендеше, ол бұғін... — деп сұқылықтап құлді де: — Доктор Дархановпен сүйісіп жатқан жерінен ұсталды» деп маған қарады.

Мен де шыдамай: «Сіз маған айтып тұрсыз ба?» дедім.

«Е, кімді тотитса, соған арналған сөз» деп жүре берді. Бұл не мазақ, доктор?.. Осыдан кейін осы санаторийде қалай қал дейісіз маған?

Нияз басын екі қолымен шенгелдей ұстап, тұқырайып, не дерін білмей, зығырданы қайнап отырып қалды. Адам баласының ен шат-шадыман ғажайып қуанышына теріс мағына беру оп-оңай екен-ау...

— Дәмеш, отыр... — деп Нияз есін жинап, оны қасына отырғызып, Варвараны неге сүйгенін баяндады. — Сонда біреу есік ашып қап еді, кім екен десем...

— Жок, Сусанна Михайловна менен де, сенен де кешірім сұрамаса, мен де кетем... — Нияз ашулы қалпы, Дәмешті палатасына жіберді де, өзі конторға барды. Алексей Иванович жаңа ғана Сусанна Михайловнамен әңгімелесіп, сөзін бітіріп, шығуға ыңғайланып жатыр екен, шамасы, жаңағы өсекті оған да жеткізген сияқты.

— Сіз кетпей, тұра тұрыңыз, — деді Нияз есікке қарай жақындай берген Сусаннаға. — Алексей Иванович! — даусы қалтырап шыққанын Нияз өзі де анғарды. — Сусанна Михайловна жаңа Сагатованың көзінше мені балағаттап, жала жапқан. Оған тілі тиген. Көзінізше кешірім сұратыңыз! Әйтпесе...

— Әйтпесе, дуэльге шақырасыз ба? — деді Сусанна Михайловна кекетіп.

Қап, ұтылды-ау: мысқылдай, жанын қажай сөйлейтін тәсілінен айрылып қалған соң, женіле бастағанын қарашы.

— Әйтпесе, мен бұл жерде тұрмаймын. Кетем!

— Сабыр, коллега, бір ауыз сөзге кеп өлтірейік бірімізді біріміз, — деді Кравцов, Нияз сөзінің мәнін азайтып, қылыштай өткір мәселенің жүзін қайтарып.

— Мен не деп балағаттапын сізді? — деді Сусанна Михайловна, есіктен қайта оралып.

— Варвара Платоновнаны сүйгенім анық, бірақ... — Нияз ар жағын айттып ұлгермеди, Сусанна Михайловна өршеленіп:

— Мен осыны ғана айттым, басқа не деппін? — деді Алексей Ивановичқа жүгіне сөйлеп.

— Менің не үшін сүйгенімді біліп айттыңыз ба? Сусанна Михайловна сақылдап, келемеждей күлді:

— Сүйгесін бәрібір емес пе. Не үшін суюші еді? Алексей Иванович, Донжуан доктордың сүйісін, мүмкін, сіз түсінерсіз?

Нияз дірілдеп, стол үстінде түрған сия жұтқышты қаттырақ қыса бастады. Шенберден шығып кетіп, жаман сөз айттып қалмауға тырысып-ақ бакты.

— Сізде жүрек жок. Жақсылыққа қуана білмейтінің де сондықтан. Сізге адамның жақсы мінезі ерсі де құбыжық көрінетіні де сондықтан...

Сусанна Михайловна шыдай алмады, сұп-сұр боп, Ниязды тындармай, қосарлана:

— Алексей Иванович, өзі де танбай тұрғой, ар жағын шеше жатарсыз, мен кеттім, — деп есікті тарс жауып, шыға жөнелді.

Нияз үшып тұрып, сия жұтқышты еденге соқты.

— Сіз бас дәрігерсіз, Азамат соғысының геройы Алексей Иванович Кравцов басыңызбен, осы мыстанның өсегін тыңдайсыз!.. Сіз мұны не айтады деп, кім деп тыңдайсыз?

— Массың ба, доктор, жоқ, есіңнен айрылдың ба, не деп тұрсың? — Алексей Иванович та қоразданып, тік келді.

— Осыларды басындырып жібергенсіз. Айтпайтын өсегі жоқ, істемейтін бұзықтығы жоқ! Неге жүгендесіз? Сіз емес пе партияның осындағы өкілі! Не істеп, кімді қорғап отырсыз, — деп Нияз өшін бас дәрігерден алды.

— Түсінбейім сені. Неге сүйесің оны?

Басынан біреу үрып жібергендей, көзі бадырайып, Нияз не дерін білмей, сасып қалды. «Неге сүйесің дейді. — Эй-эй! Осы күнге шейін Нияздың кім екенін білмей келген бе, Кравцов? Көзін шел басқан... Я, егер бас дәрігер мықты болса, мұндай өсектер тармақтанып өспес те, орын теппес те еді».

— Қымбатты Алексей Иванович, сіз бен біздің дәм-сұмыздың таусылған жері осы екен. Ертеңнен бастап мені қызметтен шықты деп санаңыз... Сіз жұмсақ адамсыз, сондықтан сізben жұмыс істесу қын. Шортанбаев сияқтылар басынып алған... Сіздің орныңызда басқа біреу болды ғой, Шортанбаев-

ты әлдеқашан қып шығып, Сусанна Михайловналарды тәртіпке шақырады. Мен кетем, бірақ әлгілерден таяқ жейсіз, қашан айтты деменіз, — деп Нияз жалт бұрылып, шығып кетті..

Дарханов сол бетінде аяңдап корпус алдында екі кісінің құшағы жетпейтін қартан қарағай түбіндегі сандық тасқа отырды. Тас сұық екен, орындыққа ауысты. Тыптырышып, мазасыздынып, орын таппағандай.

«Қыын екен» деді-ау әлгінде Дәмеш те. Әрине, өмір асфальті жол емес, ағызып өте шығатын. Кедір-бұдыр, тастақ, бұлтарысы көп, соған шыдамай бола ма? Ең оңайы табиғаттың піскен жемісін алым жеудің өзі күш. Дүниеде бос жатқан қажетсіз не бар, бірі үшін бірі жаралған занды да жүйелі, әрқайсысы өз орнында.

Ал Дарханов жолдас, сен қыындыққа төзе алмай, қашып барасың. Осының өзі замандастарыңа, құрбы-құрдасыңа тән мінез бе? Жоқ, олай деп ұқпа, оның қате! Осы аз өмірінің ішінде Дарханов күрестен қажып, «қыын» деп айтқан жері жоқ, әне бір күні қапылыста аузына түсіп қалып, кейін өзі қатты өкінген-ді.

Дархановтың мұнысы көпірме қызыл сөз, Алматыға барып, профессор Әлмұхановтың рентгеноология кафедрасында диссертация қорғаудың айласы. Арын актау, жаласын біреуге арта сап, өзі мұнтаздай боп шыға кеп, жүртшылыққа жақсы көрінуі...

Жоқ-жоқ. Мұның бәрі ертегідегі әзәзілдің азғырған сөзі. Доктор Дарханов Алматыға бармайды, бұл ниетін Әлмұхановка да сездірген, қазір чемоданын қолына ұстап, «Ертіс — Қарағанды» каналына барады. Қалған өмірін сол каналда өткізеді, бар білімін туған еліне, халқына жұмсайды, қалған өмірін түгел соларға сарп етеді. Ел ішінде бүлік сап жатқан жаудың бірі — туберкулез құртымен күреседі. Жә, егер Дархановтың орнында коммунист дәрігер болса, санаторийді тастап кете алар ма еді? Неге кетпейді, «өндіріске барам» десе, партияның өзі рұқсат бермей ме! Олай болса, Дархановтың қате жасамағаны да. Я, жасамаған.

Уайда. Жаңа тапқан емің қайда? Оны кімге тастап кете-сің? Сен кеткен соң, о да адыра қалмай ма? Қаншама қарсы шығып, түрлі әрекет жасаса да, көп адамға шипасы тиген жоқ па, талай сырқатты емдел, жазған жоқсың ба! Адам баласына тигізген жақсылық — шарапат емей, немене бұл? Қолынды қалайша бір-ақ сілтемексін?

Бұған да жауабы толық: доктор Дарханов бастады, аз да болса үлесін қости; бұл емнің жиынтық-түйінін қорытып, профессордың қолына табыс қылды, ол журналға баспақ, енді осы емді кім де кім әрі қарай терендетем десе, еркінде.

Сусанна Михайловна, Шортанбаев тәрізділермен итше ырылдасып, алды-артын аңдытып істеген істе мән жоқ, достым. Нервті қоздыру! Ертең тағы да комиссия келеді, оған тағы өз түсінігінді жазып, уақыт кетіру керек, кітап оқып, адам емдеудің орнына, «арыз куып» жүргеннің несі жақсы?

Бас дәрігер жағдай туғыза алмайды, өсек-аяңға тыйым сала алмайды, сазайын тартсын. Енді бас дәрігерді жолға салам, Шортанбаевты ауыздықтаймын, санаторийді түзеймін деп жүргенде уақыт өтіп кетсе, ертең өкініші қымбатқа түседі.

Есінде болсын, достым: бастық жуас, момын болса, айтысталас, өсек-жала жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай өсіп шығады. Асылы, бір орында көп істеген «кәрі» бастықтарды ауыстырып, орнына батыл да мықты жастарды қою — ең тапқан ақыл.

Сенінше, ақырында Алексей Иванович кінәлі боп шықты ма...

Айтартымды айттым, ендігісін өзің біл!»

Нияз іштей елдекіммен ерегесе корпусқа кірді де, жұмыстан босатылуын етініп, бас дәрігердің атына арыз жазып, санитаркадан конторға беріп жіберді.

Ертеңінде бүкіл отделениеге обход жасап, рентгенде қарап, жазылған-сауыққандарын үйді-үйіне біржола қайтуға рұқсат берді. Шахтерге: «Енді жер астында іstemей-ак, жеңіл-желпі жұмыс істеуіне болады» деді.

Тапал келіншек о да айығып, жазылған екен.

Сол жазылғанның бірі боп Дәмеш те ілінді. Нияз рентгенде қарап, өкпесіндегі инфильтрат — ісіктің жазылған орнынғана тапты, оған сенбей, томограмма жасатты. Өкпені әрбір бес сантиметр сайын қудалап отырып, тексертіп шығып еді, екінші суретінде ісіктің қалдығы табылды. Қанында да үрей тудыратындағы өзгеріс білінбеді... Эбден жинақтап, қорытқан соң, Демешті шақырып алды:

— Еңбегім жанды, Дәмеш Сахиевна! Өкпен жазылды! Дәрігерлер тілінде «клинический» деп атайды, қалай десе де жазылдың. Эрине, бұрынғы сау өкпедей емес, сақ болмаса, жараның қайта ашылып кетуі ықтимал... Енді ол өз қолындағы іс, сонымен, құттықтап қолынды қысуға рұқсат ет! — Қа-

сына кеп қолын соза бергенде, Дәмеш шап беріп мойнынан құшактап аймалап, ернімен ернін іздеді. Екеуі ұзак сүйісті. Әлден соң естерін жинады. Қан ішінде асыр салған бездің әуенімен сүйісіп қап, артынан бірінен-бірі ұялып, сөз таба алмай теріс қараған жок, әрқайсысы іздегенін тапқан адамдай біріне-бірі қуана қарап, болашағының қамын ойлады.

— Менің арыз бергенімді естідің бе, Дәмеш? Қыз басын шүлғиды.

— Кәне, қайда барамыз?.. Менің жеке басымның жарасы жеңіл еді. Енді сені де қоса ойлауға тұра келеді, солай емес пе?

Дәмеш күлмің қағып, жүзі нұрланып, баяу дауыспен:

— Әлі де шек келтіріп отырсыз ба? — дейді.

«Туу, Нияз-ай! «Солай емес пе» деген сөздің қанша қажеті бар? Олақсың, махабbat сырына медицинадай қанық емессің әлі де! Дәмеш беріле, құмарлана кімді сүйеді, кімге сүйгізеді — осы құнғе дейін ұқпадың ба қыз мінезін».

— Жок, жаным, сөздің реті... — Енді байқап сөйлемесе, әкпелетіп алып жүрер. — Кәне, өзің айтшы, Дәмеш?.. Алматыға кафедраға шакырғанда бармап ем...

— Өзіңіз біліңіз. Сіз қайда барсаңыз, мен де сонда барам. Енді мен жер серігі сиякты сізben бірге айналам да жүрем... Қайда баруды қазір шешіп қайтеміз. Теміртауға — менің үйіме барамыз әуелі! Сонсоң жата-жастана көрерміз! — деді Дәмеш, батыл да тыннан жол тауып...

Бұдан кейінгі күндер жол әзірлігі маңында жел диірмен канатында айналды... Қиім-кешек, дүниенің жәшіккесі сап, аузын шегелеп, станцияға апарып тапсыру... билет алу... санаторийден алған мебель-заттарды өзіне қайыру — толып жатқан іс. Ақыры бәрін тындырып, кешкі сағат алтыда станция басына жүрмек боп, тамак даярлап, пәлен жыл бірге істеген дос-жарандарынан қоштасуға келгендеріне бір-екі рюмка шарап ішкізіп, қайтара берді. Әсіресе, қайта-қайта қолын қысып, «ракмет» айтып, ризалық білдірген біраз жыл өзімен бірге істеген жолдас дәрігерлері, серіктері болды. Демалушылар да лек-легімен келіп-кетіп жатты. Шахтер шал мен комбайнер де келіп, қастарында тапал келіншек бар, ракмет айтып, қош айтысып кетті. Шахтер де сол күні сол поезден жүреді екен. Комбайнер келіншекке үйленіп, алып қайтуға көлік тосып қалыпты...

Санаторийдің жауапты қызметкерлерінен үш-ақ адам келмей қалды: бірі — бас дәрігер, досына әкпелеті, басын да сұқпады. Ендігі екеуі — Сусанна Михайловна мен Шортан-

баев. Бәрі тарады. Матрена Васильевна үшеуі қалып, өзара ақылдасты.

— Бізбен бірге барасың ба, жоқ, қаласың ба? — Нияз шын қимайды, жалғыз еді, қалай тастап кетеді?

— Иә, Матрена Васильевна, жүрініз, бізге ана болыныз!  
— деп Дәмеш те қостады.

Матрена Васильевна жымып, езу тартып:

— Әуелі, өздерін орналасындаршы, сонсоң менің баруым оңай, — деді.

— Біз шақырғанда тағы да сылтау тауып, қалып қоярсыз?  
— деді Дәмеш.

— Жоқ, мына бокалды Матренаның қалмауы үшін ішегік. Егер қалып қойса, аузыңнан осы шарап қайта төгілсін, — деді Нияз.

— Қарғыс сияқты еken сөзін... — деп күлді Матрена Васильевна.

Үшеуі бокалдарын мәз-мейрам қағысып, көтере бергенде, есікті қақпай шалқайта ашып, почташи карт хат әкеп берді Ниязға.

Профессор Штокиннің хаты. Москваға дейін барғанын, рентгенология институтында, министрліктің ғылыми советінде баяндама жасағанын қысқаша айтып кеп, өз ренішін білдіріпті: «Кеше Москва мен Киевтің туберкулез институтынан хабар алдым: «Ғылыми советтің тапсырмасын орындан алмайсыз, себебі рентген сәулесімен емдейтін аппарат жоқ, жағдайымыз келмейді» депті. Бұл не, мойын жар бермеу ме, әлде сенбеушілік пе... Енді не істерімді білмей, дағдарып отырымын: күресті басынан қайта бастаймыз ба, жоқ, жабулы казан жабулы қоямыз ба?.. Я, достым, қайткен күнде де жасыма-йық, алға, алға қарай ұмтылайық. Пер аспера ад астра — через трудности к звездам. «Қыындықты аттап, аспандағы жұлдызға қолынды соз» дегенді есіне сақта!..».

Нияз хатты оқып болып, ойға шомып, ұзак тұрып қалды. Сырттан такси де асықтырып, «тосып тұрмын, тезірек» дегендей сигнал берді. Осы бір сәт сол сигнал «тездет, алға зымыра, кеш қалма!» деген өмірдің даусы сықылды естілді Ниязға...

Иә, жолың болсын, доктор! Барған жерінде партия қатарына енерсің, мүмкін?

*Алматы — Ялта, 1960—62 жж.*

## МАЗМУНЫ

Өмірлік шығарма өзегі .....	3
Бірінші бөлім .....	5
Екінші бөлім .....	105
Үшінші бөлім .....	204
Төртінші бөлім .....	262

“ҚАЗАҚТЫҢ 100 РОМАНЫ” сериясы

*Зейін ШАШКИН*

**ДОКТОР ДАРХАНОВ**

*Роман*

*Баспаңың бас директоры*

*Әшірбек Қөпіш*

*Өндіріс бастығы*

*Карлығаш Оспанова*

*Суретшісі*

*Санат Қасымбеков*

*Арнауы редакторы*

*Гүлжан Мұзафарова*

*Корректоры*

*Айжан Салникова*

*Компьютерде қалыптаган және  
техникалық редакторы*

*Румилям Жарипова*

ИБ №943

Басуга 29.09.2010 берілді. Пішімі 84x108 1/<sub>32</sub>.

Есептік баспа табагы 20,5. Офсеттік  
басылым. Гарнитурасы “Times New Roman”.

Таралымы 2000. Тапсырыс №4670

“Өнер” баспасының мекенжайы:

050009, Алматы қ., Абай даңғылы, 143; Баспалар уйі, 2-қабат.

Тел: 8 (727) 395-52-06; 395-52-08; 395-52-00

E-mail: Oner@mail.kz; Oner2006@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-601-209-127-4



9 786012 091274



